И. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

7

БҮКІЛОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ
(большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА–ЭНГЕЛЬСА–ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И. В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва · 1947

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И. В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы · 1949

Қазақша аудармасын

КК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған

КК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

И. В. СТАЛИН

7

ТОМ

1925

АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталиннің Шығармаларының жетінші томына 1925 жылдың ішінде жазылған шығармалар кіреді.

Бұл дәуірде жұмысшы табы мен шаруалар большевиктер партиясының басшылығымен халық шаруашылығын қалпына келтіру ісін аяқтап келіп еді. Советтер елі социалистік индустрияландыру дәуіріне көшті, большевиктік партияның XIV съезі осы ұранмен өтті. Еліміздің даму сыйпаты, перспективалары туралы мәселе, Совет Одағында социализм тағдырлары туралы мәселе сол кездің өзінде-ақ партия алдына практика мәселесі болып қойылды.

«РК(б)П XIV конференциясы жұмыстарының қорытындылары жөнінде», «Сұрақтар мен жауаптар», «Октябрь, Ленин және біздің дамуымыздың перспективалары», «БК(б)П XIV съезіне Орталық Комитеттің саяси есебі» деген шығармаларында және басқаларында И. В. Сталин капиталистік қоршау жағдайларында большевиктік партияның ССРО-да социализм жеңісіне бастаған сара жолын барлық жағынан бірдей дәлелдейді және троцкистер мен зиновьевші-

лердің — капитализмді жаңғыртушылардың — капитулянттық жолын әшкерелейді.

Жұмысшы табының шаруалармен одағын нығайту, еңбекшілер бұқарасы мен жастарды тәрбиелеу және социалистік қоғам орнату ісіне белсене қатнастыру мәселелері: ««Дымовка» туралы», «Пролетариат пен шаруалар туралы мәселе жөнінде», «Деревнядағы комсомол активі туралы», «Комсомолдың міндеттері туралы», «Пролетарлық студенттердің Бүкілодақтық бірінші конференциясына», «Шығыс халықтары Университетінің саяси міндеттері туралы» деген еңбектерінде, үгіт-насихат бөлімдері қызметкерлерінің кеңесіне қатнасушылармен 1925 жылы 14 октябрьде өткізген әңгімесінде және баска еңбектерінде баяндалады.

Жетінші томға капитализмнің азырақ тұрақтаған жағдайларындағы шетел коммунист партияларының хал-жайы мен міндеттеріне арналған мына мақалалары мен сөйлеген сөздері енді: «Халықаралық жағдай және компартиялардың міндеттері жөнінде», «Чехословакия компартиясы туралы», «Югославиядағы ұлт мәселесі жөнінде», «Германия Коммунист Партиясының перспективалары туралы және большевиктендіру туралы» және «Ме—рт жолдасқа хат».

РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында 1925 жылы 19 январьда сөйленген сөз, үгіт-насихат бөлімдері қызметкерлерінің кеңесіне қатнасушылармен 1925 жылы 14 октябрьде өткізілген әңгіме, «Комсомольская Правда» редакциясының мүшелеріне арналған хат және Д—ов, Ме—рт және Ермаковский жолдастарға жазылған хаттар бірінші рет жарыялanып отыр.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы
Маркс — Энгельс — Ленин Институты

1925

ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕР МЕН ШАРУА ӘЙЕЛДЕР, ИЛЬИЧТІҢ ӨСИЕТТЕРІН ЕСТЕ ҰСТАҢДАР, ОРЫНДАҢДАР!

Бұдан бір жыл бұрын, арамыздан кетіп бара жатып, еңбекшілердің ұлы көсемі және ұстазы, біздің Ленин, бізге өсиеттер қалдырды, коммунизмнің түпкілікті жеңуіне жететін жолымызды көрсетті. Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер, Ильичтің осы өсиеттерін орындаңдар! Өздеріңнің балаларыңды осы өсиеттердің рухында тәрбиелеңдер!

Ленин жолдас бізге — барлық күшті салып жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайтып отырыңдар деп өсиет қалдырып кетті. Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер, осы одақты нығайтыңдар!

Ленин жолдас еңбекшілерге — жұмысшы табының ішкі және сыртқы буржуазияға қарсы күресінде оны қолдап отырыңдар деп үйретіп кетті. Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер, осы өсиетті есте ұстаңдар! Жаңа өмір жасап жатқан жұмысшы табының өкіметін қолдап отырыңдар!

Ленин жолдас бізге — бүкіл езілгендердің көсемі коммунистік партияның туын жоғары ұстаңдар деп үйретіп кетті. Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер,

осы партияның төңірегіне топталыңдар, — ол сіздердің партияңыз!

Партиямен бірге жаңа өмір жасап жатқан жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдерге жол кең ашылсын деп Ильичтің қайтыс болуына жыл толған күні партия ұран тастап отыр.

И. Сталин

1925 жылы 5 январьда жазылған

„Работница" журналында басылған.
№ 1, январь, 1925 ж.

МҰҒАЛІМДЕР СЪЕЗІНЕ[1]

Халық мұғалімдерінің сапы еліміздің социализм негізінде жаңа өмір жасап жатқан еңбекшілерінің ұлы армиясының ең қажетті бөлімдерінің бірі болып табылады.

Жұмысшы табы социализмге қарай кетіп бара жатқан жол тек мына ретте ғана жеңісті болады: сан миллиондаған шаруалардың еңбекші бұқарасы жұмысшы табымен аяғын дәл басып сол жолмен жүргенде ғана, еңбекшілер бұқарасына жұмысшы табының басшылық етуі бұлжымастан жүзеге асырылып отырғанда ғана жеңісті болады.

Мұндай басшылық болмайынша пролетариат диктатурасы болмайтындығын, ал мұндай диктатура болмайынша еліміздің азат, тәуелсіз ел бола алмайтындығын село мұғалімі жақсы білуге тиіс.

Село мұғалімі өз халқына, оның азаттығы мен тәуелсіздігіне шын қызмет етем десе, онда ол шаруа-

лар бұқарасын жұмысшы табымен байланыстыратын буындардың бірі болуы керек — міне село мұғалімінің басты міндеті осы.

И. Сталин

6 январь, 1925 ж.

„Учительская Газета“ № 2,
10 январь, 1925 ж.

«ҚРАСНАЯ МОЛОДЕЖЬ»[2] ЖУРНАЛЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Сталин жолдас редакция мүшелерімен жасаған әңгімесінде журналдың міндеттеріне тоқтала келіп, мына төмендегілерді айтты:

Партияда жоқ пролетарлық студенттерді Совет өкіметі мен коммунистік партияның жұмысына тартуды журнал өзінің негізгі міндеті етіп қоюға тиіс. Бұған журналдың өзі іс жүзінде нағыз советтік студенттік журнал болғанда ғана қолы жетеді. Жоғарғы оқу орындарының, Халық ағарту комиссариаты органдарының, т. б. жұмысында, әрине, әлі де бірсыпыра кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктерді жұрттың бәрінен де гөрі жақсы білетін студенттер оларды үнемі ашып, сынап отыруға тиісті, бәріміз күш салып өзіміздің жұмысымызды жақсарту үшін ол кемшіліктерді көрсетіп отыруға тиістіміз. Сондықтан партияда жоқ пролетарлық студенттердің ішінен таңдаулы адамдарды журналға қатысуға кең тарту қажет. Бұл оның жұмыс істеуіне, өсуіне көмектесетін өзінің төл журналы екенін студенттер сезуге тиісті.

Журналдың кейбір бөлімдерінің міндеттерін айта келіп, Сталин жолдас мына төмендегілерді атап көрсетті:

Журналдың саяси бөлімдерінде партия мен Совет өкіметі жұмысының негізгі мәселелерін ғана жазып отыру керек. Бұл жөнде басқа журналдармен қосарланудың керегі жоқ. Біздің Одақта әрбір баспасөз органының жалпы жұмыста өзінің белгілібір орны болуға тиіс: «Студенттер тұрмысы», «Әдебиет», «Ғылым мен техника» бөлімдері айтарлықтай өріс алуға тиіс. Атап айтқанда: студенттердің өздері белсене қатыса алатын және өздерін көрсете алатын бөлімдер өріс алуға тиіс. «Жоғарғы мектеп реформасы» бөлімінде кейбір мәселелерді тексеріп шешуге мұғалімдермен және профессорлармен қатар студенттерді де тарту қажет.

«Студенттерге жақындай түсейік» деген ұранды жүзеге асыра отырып, журнал өзінің міндетін жақсы орындайды және совет студенттерінің нағыз төл органы бола алады.

„Красная молодежь" журналы, № 1 (5), январь, 1925 ж.

РК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ОРТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ПЛЕНУМЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[3]

17 январь, 1925 ж.

Жолдастар! Орталық Комитет Секретариатының тапсыруы бойынша айтысқа қатысы бар істер туралы және айтысқа байланысты алынған қарарлар туралы мен кейбір қажетті хабарларды білдірмекшімін. Амал не, біз Троцкийдің көтерген сөздері туралы мәселені оның қатысуынсыз талқылауға мәжбүр болып отырмыз, өйткені сырқаттанғандығы себепті оның пленумға келе алмайтыны жайында бүгін хабар алып отырмыз.

Өздеріңіз білесіздер, жолдастар, айтыс Троцкийдің сөз көтеруіне, оның «Октябрь сабақтарына» байланысты басталды.

Айтысты Троцкий бастады. Айтыс партияға еріксіз таңылды.

Троцкийдің көтерген сөзіне партия негізгі екі айыптаумен жауап берді. Бірінші — Троцкий ленинизмді ревизиялауға әрекеттенеді; екінші—Троцкий партия басшылығын негізімен өзгерттіруге әрекеттенеді.

Троцкий өзін ақтау үшін партия тарапынан қойылған осы айыптаулар жөнінде ешнәрсе айтқан жоқ.

Өзін ақтау үшін оның неліктен ешнәрсе айтпағанын білу қыйын. Әдетте мынадай түсінік беріледі: ол ауырып қалды, сондықтан, өзін ақтау үшін бір нәрсе айтуға мүмкіндігі болмады делінеді. Бірақ бұған, әрине, партия кінәлі емес. Троцкийдің партияға жасаған әр шабуылынан кейін, оның ыстығы көтерілетін болса, онда бұған партия кінәлі емес.

Кәзірде Орталық Комитет Троцкийдің мәлімдемесін алды (15 январьда Орталық Комитетке жазған мәлімдеме), мұнда: мен сөз көтергенім жоқ, сондықтан айтысты тереңдетпеу үшін, мәселені шиеленістірмеу үшін өзімді ақтау жөнінде ешнәрсе айтқаным жоқ делінген. Мұндай түсініктің дәлелділігіне, әрине, сенуге де, сенбеуге де болады. Мен өзім сенбеймін. Біріншіден, оның партияға қарсы көтерген сөздері қарым-қатнастарды шиеленістіретінін Троцкийдің түсінгеніне көп болды ма? Ал бұл шындықты Троцкий дәл қашан түсінді екен? Троцкий партияға қарсы бірінші рет сөз көтеріп отырған жоқ қой және оның сөз көтеруі шиеленістіру туғызғанына ол бірінші рет таңданып немесе өкініп отырған жоқ қой. Екіншіден, егер ол партия ішіндегі қарым-қатнастардың нашарламауының щынымен қамын ойлайтын болса, онда ол партияның басшы ұйтқысына қарсы бағытталған және арамыздағы қарым-қатнастарды нашарлататын, шиеленістіретін «Октябрь сабақтарын» неге шығарды? Міне сондықтан да Троцкийдің бұл түсініктерін мен мүлде дәлелсіз деп есептеймін.

Троцкийдің мен жоғарыда айтқан 15 январьдағы Орталық Комитетке жазған және Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелеріне үлестіріп берілген мәлімдемесі туралы бірнеше сөз айта кетейін. Партияның нұсқауы бойынша қандай қыз-

мет орнына болса да отыруға әзірмін, әңгіме өзімнің ілгеріде сөз көтеруім туралы болып отырғандықтан өзім жөнінде қойылатын қандай бақылауды болса да қабылдауға әзірмін, сондықтан істің пайдасы үшін Революциялық соғыс советінің председателі қызметінен өзімді тезірек алуды мен әбден қажет деп есептеймін деген Троцкийдің мәлімдемесін ең алдымен атап көрсетіп, еске алу керек болады.

Мұның бәрін, әрине, еске алу керек.

Ал істің мәніне келетін болсақ, онда екі мәселені: «перманенттік революция» туралы және партия басшылығын өзгерту туралы мәселені атап көрсету керек. Троцкий: егер менің жеке себептермен тегінде Октябрь революциясынан кейінгі жерде «перманенттік революция» формуласына қайта оралуыма тура келген болса, оған мен кәзіргі саяси міндеттерді ашу ретінде емес, тек өткенді еске түсіру ретінде, Партия тарихы ретінде ғана қайта оралдым дейді. Бұл өте маңызды мәселе, өйткені лениндік идеологияның негіздерін қозғап отыр. Мен Троцкийдің бұл мәлімдемесін түсінік бергендік деп те, өзін ақтағандық деп те тануға болмайды деп есептеймін. Мұнда өз қателерін мойындағандықтың ізі де жоқ. Мұның өзі сылтауратып мәселеден жалтарғандық. «Перманенттік революция» теориясының өзі Партия тарихына қатысты бір нәрсе деу не деген сөз? Мұны қалай түсіну керек? Партия тарихы — партиялық документтерді сақтаушы ғана емес, сонымен қатар оларды түсіндіруші. Онда кезінде күші болған, ал кейіннен күшін жоғалтқан документтер бар. Онда партия үшін басшылық маңызы болған, әлі де сондай маңызы болып келе жатқан документтер бар. Онда сонымен қатар мүлде теріс сыйпаты, теріс маңызы бар документтер де бар, ал партия ол доку-

менттермен келісе алмайды. Троцкий өзінің «перманенттік революция» теориясын қай документтердің қатарына қосады? Дұрыс документтердің қатарына қоса ма, әлде теріс документтердің қатарына қоса ма? Бұл туралы Троцкий өзінің мәлімдемесінде ешнәрсе айтпаған. Ол бұл мәселеден жалтарып кеткен. Ол одан сырт айналып өте шыққан. Сондықтан ленинизмді ревизиялауды деген айыптау күшінде қала береді.

Бұдан әрі Троцкий былай дейді: XIII съезд шешкен мәселелер жөнінде Орталық Комитетте де, Еңбек және Қорғаныс Советінде де бірде-бір рет сөз көтерген емеспін, әсіресе ел алдында, бұрын шешіліп қойылған мәселелерді тікелей немесе жанамалай қайта көтеретін белгілібір ұсыныстар жасаған емеспін, дейді. Бұл дұрыс емес. Троцкий XIII съезде не туралы айтты? Кадрлардың жарамсыздығы және партия басшылығын негізімен өзгерту қажеттігі туралы айтты. Енді ол «Октябрь сабақтарында» не туралы айтып отыр? Партияның негізгі ұйтқысының жарамсыздығы және оны өзгерту қажеттігі туралы айтып отыр. «Октябрь сабақтарының» қортындысы осындай. «Октябрь сабақтары» осы қортындыны дәлелдеу үшін шығарылды. «Октябрь сабақтарының» мақсаты осында болып отыр. Сондықтан партия басшылығын негізімен өзгертуге әрекеттенеді деген айыптау күшінде қала береді.

Сондықтан Троцкийдің мәлімдемесі бүтіндей алғанда сөздің шын мағнасындағы түсінік емес, дипломатиялық айла-шарғылардың жыйнағы және партия көптен шешіп қойған ескі таластарды қайта жаңғыртқандық болып табылады.

Партия Троцкийден мұндай документті талап еткен жоқ.

Партия өзінің бұрынғы немесе кәзіргі басшылары-

нан дипломатиялық айла-шарғыны талап етпей, өздерінің қателерін адал мойындауды талап ететінін Троцкий, сірә, түсінбеген болар, ал менің мұны ешбір уақытта оның түсінгеніне күмәнім бар. Өз қателерін ашық мойындауға, сірә, Троцкийдің батылы жетпеген болар. Партияның өз күші мен хасиетін біле білу сезімі артқандығын, партия өзін қожамын деп білетінін, партия бізден, егер мұны жағдай талап етсе, өзінің алдында бас ие білуімізді талап ететіндігін ол түсінбеген. Троцкий осыны түсінбеген.

Троцкийдің сөз көтеруіне біздің ұйымдарымыз қалай қарады? Сіздер бұл мәселе жөнінде жергілікті ұйымдардың бірсыпыра қарарлары бар екенін білесіздер. Ол қарарлар «Правда»да басылған. Оларды үш категорияға бөлуге болар еді. Бұл қарарлардың бір категориясы Троцкийді партиядан шығаруды талап етеді. Басқа бір категориясы Троцкийді Революциялық соғыс Советінен түсіріп, Саяси Бюродан шығаруды талап етеді. Қарарлардың үшінші категориясы Троцкийді Революциялық соғыс Советінен түсіріп, оны Саяси Бюрода шартпен қалдыруды талап етеді; бұл категорияға Москвадағы, Ленинградтағы, Оралдағы, Украинадағы жолдастардың бүгін Орталық Комитетке жіберген қарарының соңғы жобасы да кіреді.

Троцкийдің сөз көтеруі туралы мәселе жөніндегі қарарлардың негізгі үш тобы осындай.

Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясына осы қарарлардың арасынан бірін таңдап алу қалып отыр.

Айтысқа қатысы бар істер туралы сіздерге хабарлайын дегенімнің бәрі осы еді.

И. Сталин. Троцкизм туралы.
М., 1925

РК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

19 январь, 1925 ж.

Мен Фрунзе жолдастың ұсынысын барынша қуаттау үшін сөз алдым. Менің ойымша, бұл арада бізге үш нәрсе туралы қау ы алуға тура келеді.

Біріншіден, 5 млн. сом жаңа қаржы бөлу, барлығы 405 миллион сом қаржы бөлу жөніндегі Фрунзе жолдастың ұсынысын қабылдау керек.

Екіншіден, Фрунзе жолдасты Революциялық соғыс Советінің председателі қызметіне бекіту туралы қаулы алу керек.

Үшіншіден, жаңа Революциялық соғыс Советіне адамдар жағынан барынша көмек көрсетуге партияны міндеттеу керек.

Біздің шаруашылық органдардың мұқтаждарының біраз өсе түсуіне байланысты, шаруашылық-мәдени мұқтаждарының біздің мүмкіндіктерімізден арта бастап отырғандығына байланысты, соңғы уақытта бізде армия жөнінде кейбір жойымпаздық ниет пайда болғанын айтуға тиістімін. Бізде армияны аз-аздап тежей түсіп, оны милиция дәрежесіне түсіру керек дейтін жолдастар бар. Әңгіме милициялық система тура-

лы болып отырған жоқ, бейбітшілік армия туралы, армияны соғыс шиеленістеріне дайын тұруға қабілеті жоқ жәй милицияға айналдыру туралы болып отыр.

Мен барынша үзілді-кесілді түрде осы жойымпаздық ниетті батыл жою керек деуге тиістімін.

Неге? Неге десеңіз соңғы уақытта халықаралық жағдай негізімен өзгеріп келеді. Бізге жаңа шиеленісулерді алдын ала білдіретін жаңа алғышарттар жетіліп келеді, сондықтан біз оған дайын тұруға тиістіміз. Интервенция туралы мәселе қайтадан шұғыл мәселе болып отыр.

Бұл не деген фактылар?

Біріншіден, Шығыста отарлық қозғалыс пен жалпы азаттық қозғалысының күшеюі. Индия, Қытай, Египет, Судан — бұлар империализм үшін өте маңызды базалар. Онда отарлық қозғалыс ұлғайып келеді және ұлғая бермекші. Бұл мәселе ұлы державалардың билеп-төстеуші топтарын біздерге қарсы, Советтерге қарсы өшіктірмей тұра алмайды, өйткені Шығыстағы осы құнарлы жерге түскен ұрықтардың жетілетінін, жеміс беретінін олар жақсы біледі. Сөз жоқ, олар жеміс береді.

Екінші факт: Солтүстік Африкада, Марокко мен Тунис ауданында шиеленісу толысып келеді. Осыған байланысты күштерді жаңадан топтастыру, империалистер арасындағы жаңа соғыс шиеленістеріне жаңадан дайындық жасау жүріп жатыр. Мароккода Испанияның жеңіліс табуы[4]; Францияның Мароккоға қол созып отырғандығы; Францияның Мароккода күшеюіне Англияның төзе алмайтындығы; Туниске қол созу үшін Италияның жаңа жағдайды пайдалануға әрекет етіп отырғандығы; басқа мемлекеттердің бұған жол бермейтіндігі; Англия мен Франция Балкан елдерін-

де, Австро-Венгрияның ыдырауы нәтижесінде құрылған жаңа мемлекеттерде қалайда өз ықпалын қамтамасыз етуге тырысып, бір бірімен жарысып отырғандығы, — осының бәрі де өткен соғыстың тарихынан өзімізге мәлім фактыларға ұқсайды, өткен соғыстың алдындағы фактыларға ұқсайды. Албанияда болған уақыйғаның өзі кездейсоқ нәрсе емес[5], мұның өзі осы бір жапырақ жерге өз ықпалын жүргізу үшін ұлы державалардың жүргізген күресі. Осының бәрі де Қыйыр Шығыста басталып отырған шиеленістерге байланысты және Солтүстік Африкада ашылып отырған жаңа перспективаларға байланысты бүкіл Европада күштерді дайындау, оларды қайта топтастыру жүріп жатқанын көрсетеді. Осының бәрі де жаңа соғыстың алғышарттары болып табылады. Ал жаңа соғыс біздің елімізді ілмей кете алмайды.

Үшінші факт: Англияда жұмысшылар арасындағы революциялық ниеттің күшеюі. Мұның өзі — бірінші дәрежелі маңызы бар факт. Англия — Европада үстем ел. Англия кәсіпшілер одағының Бас советі мен Жұмысшы партиясы арасында бастала бастаған екіге жарылушылық, Англиядағы Жұмысшы партиясының ішінде басталып, өршіп келе жатқан араздық — мұның бәрі де онда революциялық бір нәрсенің, жаңа бір нәрсенің туып келе жатқандығын көрсетеді. Мұның өзі Англияның билеп-төстеуші топтарын әбігерлендіріп отыр. Мұның өзі оларды Советтік Россияға қарсы өшіктірмей тұра алмайды, өйткені Англиядағы қозғалыс Россиямен достасу ұранымен өсіп келеді.

Төртінші факт: жоғарыда өзім айтқан алғышарттарға байланысты, соғыс алғышарттарының жетіліп келе жатқандығына байланысты және соғыстың, әрине, ертең немесе арғы күні емес, бірақ бірнеше жыл-

дан кейін болмай қоймайтындығына байланысты, соғыстың ішкі, революциялық кризисті Шығыста да, Батыста да шиеленістірмей қоймайтындығына байланысты — осыларға байланысты біздің барлығына дайын тұруға тиісті екеніміз туралы мәселенің алдымызға қойылмауы мүмкін емес. Менiңше, Батыста революциялық қозғалыстың күштері зор, олар өсіп келеді, олар өсе бермекші, ол күштер кей жерде буржуазияны аударып тастауы мүмкін. Бұл осылай. Бірақ ол күштердің баянды болуы өте қыйын болады. Мұны лимитрофтардың, мәселен, Эстонияның, Латвияның мысалдары айқын көрсетіп отыр. Айналамыздағы елдерде шиеленісулер бола қалғанда армиямыз туралы мәселе, оның күші туралы, оның дайындығы туралы мәселе қауырт мәселе ретінде алдымызға сөзсіз қойылады.

Мұның мәнісі осындай жағдайда біз біреулерге қарсы белсене аттануға тиіспіз деген сөз емес. Бұл дұрыс емес. Біреу болмаса біреуден осындай ой туатын болса — мұның өзі дұрыс емес. Біздің ұранымыз бұрынғыша бейбітшілік ұраны болып қала бермек. Ал егер соғыс бастала қалса, онда бізге қол қусырып қарап отыруға тура келмес, — бізге соғысқа аттануға тура келер, бірақ басқалардан соң аттануға тура келер. Сөйтіп біз соғысқа аттанғанда таразының табағына шешуші тасты, таразының табағын басып кететін тасты салу үшін аттанамыз.

Бұдан шығатын қортынды: барлығына әзір тұру, армиямызды дайындау, оны киіндіру, үйрету, техниканы жақсарту, химияны, авиацияны жақсарту, сөйтіп жалпы айтқанда Қызыл Армияны тиісті дәрежеге көтеру, халықаралық жағдай бізден осыны талап етіп отыр.

Міне сондықтан да мен соғыс ведомствосының талаптарын батыл және үзілді-кесілді қолдауға тиістіміз деп ойлаймын.

Бірінші рет басылып отыр

«РАБОЧАЯ ГАЗЕТАҒА»[6]

Ұстазымыз, көсеміміз Ильичті есте ұстап, жақсы көріп, оқып-үйреніңдер.

Ішкі, сыртқы жаулармен Ильичше күресіп, жеңіп отырыңдар.

Жаңа өмірді, жаңа тұрмысты, жаңа мәдениетті Ильичше жасаңдар.

Жұмыстағы кішкентай нәрседен ешқашан да бастартпаңдар, өйткені кішкентайдан ұлы нәрсе құралады, — Ильичтің маңызды өсиеттерінің бірі осы.

И. Сталин

„Рабочая Газета" № 17,
21 январь, 1925 ж.

Д – ОВ ЖОЛДАСҚА ХАТ

Д—ов жолдас!

Кешігіп жауап беріп отырмын: уақыттың жеткіліксіздігінен мезгілінде жауап бере алмадым.

1) Менінше, Сіз мақаланы[7] дұрыстап оқымаған көрінесіз, әйтпесе Сіз онан Ильичтің мақаласынан алынған, «социализмнің бір елде жеңуі туралы» айтатын цитатты қалайда тапқан болар едіңіз.

2) Егер мақаланы ойланып оқып шықсаңыз, әңгіме социализмнің **толық** жеңіп шығуы туралы емес, жалпы жеңіп шығуы туралы болып отырғанын, яғни помещиктер мен капиталистерді қуу, өкіметті қолға алу, империализмнің шабуылын тойтарып, социалистік шаруашылықты орната бастау туралы болып отырғанын түсінер едіңіз, — осының бәріне пролетариат бір елде толық жетісе алады, бірақ олардың қайта орнамауына «бірнеше елдердің пролетарларының бірлесіп күш жұмсауының» нәтижесінде ғана толық кепілдік бола алады.

Басқа елдердің пролетарлары тарапынан нағыз тілектестік болып, бірақ бірнеше елдерде революция жеңіп шықпай тұрғанда Россияның жеңіп шыққан

пролетариаты «кертартпа Европаға қарсы төтеп бере алмайды» деген сеніммен Россияда Октябрь революциясын бастау ақмақтық болар еді. Бұл марксизм емес, нағыз кәдімгі оппортунизм, троцкизм, не десең соның бәрі болады. Егер Троцкийдің теориясы дұрыс болған болса, онда Ильичтің: нэп Россиясын социалистік Россияға айналдырамыз, бізде «социалистік қоғамды толық орнатып шығу үшін керекті нәрсенің бәрі» бар (қараңыз: «Кооперация туралы»[8]) деп айтқандары дұрыс болып шықпаған болар еді.

3) Сіз, мүмкін, жарияланған мақала «Алғысөздің» бір бөлімі екендігіне көңіл аудармаған боларсыз. Егер Сіз осыған көңіл аударған болсаңыз, «Алғысөзді» түгел алып қарау керектігін түсінген де болар едіңіз деп ойлаймын.

4) Біздің саяси практикамыздағы ең қауіпті нәрсе — жеңіп шыққан пролетарлық елді әрекетсіз бірдеме деп қарауға, басқа елдердің жеңіп шыққан пролетарларының тарапынан жәрдем болғанға дейін бір орында тұра беруге ғана қабілеті бар бірдеме деп қарауға әрекеттенушілік болып табылады. Россияда совет құрылысының бес — он жыл өмір сүруі ішінде Батыста революция бола қоймайды делік; осы уақыт ішінде біздің Республика нэп жағдайларында социалистік экономиканы құрып жатқан Советтік Республика болып өмір сүреді делік*, — сонда Сіз осы бес — он жыл бойы біздің еліміз социалистік шаруашылықты ұйымдастырумен айналыспай, қара суды сапыра

* Бұл екінші жорамалды мен толық дәлелім болғандықтан айтып отырмын, өйткені біздің Республиканың күші өсіп келеді және өсе бермек, ал батыстық жолдастардың қолдауы артып келеді және арта бермек.

береді деп ойлайсыз ба? Социализмнің бір елде жеңіп шығуын теріске шығару теориясының мейлінше қауіптілігін түсіну үшін осы сұрауды қоюдың өзі де жеткілікті.

Бірақ мұның өзі — бұл жеңіс толық, түпкілікті болады деген сөз бе? Жоқ, олай деген сөз емес (менің «Алғысөзімді» қараңыз), өйткені, әзірге капиталистік қоршау тұрғанда, әрқашан да соғыс интервенция қаупі бола бермекші. Бірақ сөйтсе де мұның өзі жеңілу емес, социализмнің жеңуі екенін жұрттың бәрі де көріп отыр. Сөйтіп бұл жеңіс сонымен қатар басқа елдерде революцияның жеңіп шығуының алғышарты болады — бұған күмәндануға негіз бола қоймас.

Меніңше, капиталистік дамуы, айталық, Англиядан немесе Америкадан гөрі, мешеулеу елдерде пролетарлық революцияның болуына негіз жоқ дейтін социал-демократиялық ескі теориядан кейбір жолдастар әлі арылмаған көрінеді.

5) Ильичтің «Ағымға қарсы»[9] деген жыйнағындағы кейбір мақалаларды, оның «Пролетарлық революция»[10] және «Балалық ауру»[11] деген кітапшаларын, сонымен қатар оның «Кооперация туралы» деген мақаласын тағыда оқып шығуға кеңес беремін.

Коммунистік сәлеммен *И. Сталин*

25 январь, 1925 ж.

Бірінші рет басылып отыр

«ДЫМОВКА» ТУРАЛЫ

РК(б)П Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мәжілісінде сөйленген сөз[12]

26 январь, 1925 ж.

Орталық мәселе болмаса да, ең алдымен Сосновский туралы мәселеге келейік. Жұрт оны: баспасөздің бір жерінде ол бүкіл совет аппаратын, тіпті совет системасын іріп-шіріген деді-мыс деп айыптап жүр. Мен оның айтқандарын оқығаным жоқ, Сосновскийдің бұл туралы қай жерде жазғанын ешкім де көрсеткен жоқ. Егер ол Советтер системасын іріп-шіріген деп бір жерде айтқан болса, онда ол контрреволюционер болған болар еді.

Оның кітабы мынау. Мұнда былай делінген: «Украин деревнясын әбден жақсы білмегендіктен, мен Дымовканың барлық украин деревняларына қаншалықты ұқсас екені жөнінде пікір айта алмаймын. Бұл жөнінде Советтік Украинаның жайына менен гөрі жетік адамдар пікір айтсын. Алайда, мен Дымовканы — әсте ерекшелік емес деп те айта аламын. Жергілікті баспасөзден, қызметкерлермен әңгімелесуден, шаруалармен кездесуден, қолыма түскен кейбір документтерден менің байқағаным: «дымовкашылдықтың» элементтері басқа селоларға да жайылған».

Бұл өте жұмсақ айтылған сөз, мұнда советтік системаның немесе бүтіндей совет аппаратының ешқандай ыдырауы туралы сөз де болып отырған жоқ. Сондықтан комиссияның немесе жеке жолдастардың Сосновскийге таққан айыптары дұрыс емес. Мұны мейлі губерниялық комитет, мейлі округтік комитет, мейлі комиссия немесе жеке кісілер тақсын — бәрібір, бұл ешнәрсемен дәлелденілмеген нәрсе, бұған документтер жоқ.

Қайта, мен бұл арада Сосновскийдің сіңірген еңбегі бар екенін атап кеткім келеді. Бұл туралы ешкім ешнәрсе айтқан жоқ. «Праводаның» еңбегін, Сосновскийдің еңбегін, Демьян Бедныйдың еңбегін, — күнделікті өмірдің бір тарамын алып, бүкіл елге көрсетуге олардың батылдығы жеткенін — осы еңбегін сөзсіз атап кету керек. Олардың асыра сілтегендігі туралы емес, осы туралы айту керек.

Сосновский асыра сілтеді деседі. Ал ресмилік жағына қарай жалпы бойұрушылық болып отырған реттерде, кейбір жерлерде олқылықтар болып, оның өзі барлық жұмысты бүлдіріп отырған реттерде, мұндай реттерде асыра сілтеңкіреп жіберу керек те. Сөзсіз керек. Мұның өзі лажсыз нәрсе. Бұдан пайдадан басқа ешбір зиян көрмейміз. Әрине, кейбіреулерді ренжітерсің, бірақ бұдан іс ұтып шығады. Ал кейбір жеке адамдарды онша-мұнша ренжітпейінше біз істің бетін түзей алмаймыз.

Мұндағы негізгі мәселе, меніңше, біреудің селолық тілшіні өлтіріп кеткендігінде емес, бізде тіпті Дымовка бар екендігінде де емес, — мұның бәрі де өте жаман нәрсе, бірақ мәселенің негізі мұнда емес. Оның негізі мынада: кейбір жерлердегі деревнядағы, болыстағы, аудандағы, округтегі біздің жергілікті қызмет-

керлеріміз тек Москваға ғана қарайды, шаруаларға бет бұрғысы келмейді, Москвамен жарасудың жеткіліксіздік ететінін, онымен қатар шаруалармен жараса білу керек екенін түсінбейді. Деревнядағы жұмысымыздың негізгі қатесі, негізгі қауіпті жері міне осында.

Қызметкерлердің бірсыпырасы: деревня туралы жаңа сөздер сөйлеу біздің орталықта сән болып алды, мұның өзі — сыртқы дүние үшін жүргізіліп жатқан дипломатия, бізде деревнядағы саясатымызды жақсартуды тілейтін елеулі, табанды ниет болмаса керек деп жүр. Мен мұны ең қауіпті нәрсе деп есептеймін. Қызметкерлерімізді деревняға, шаруаларға жаңаша қарауға дағдыландыру ісін қатты қолға алғанымызға біздің жергілікті жерлердегі жолдастардың сенгілері келмесе, егер олар мұны аңғармаса, бұл жұмысқа сенгілері келмесе, — онда мұның өзі үлкен қауіпті нәрсе. Жергілікті қызметкерлердің осы пиғылын жою керек, бағыттың өзін басқаша кілт бұру керек, сөйтіп, жұрт деревня жөніндегі біздің саясатымызға елеулі, өте қажетті нәрсе деп қарайтындай ету керек, — кәзір бізге керегі міне осы.

Біздің үш одақтасымыз бар: революция жасауға асықпай отырған халықаралық пролетариат; өте баяу қыймылдап отырған отарлар және шаруалар. Төртінші одақтасымыз туралы, яғни дұшпандарымыздың лагеріндегі дау-жанжалдар туралы мен кәзір айтып та отырғаным жоқ. Халықаралық революция қашан қозғалады — мұны айту қыйын, бірақ оның қозғалуы шешуші іс болмақ. Отарлар қашан қозғалады — мұны да айту қыйын, — мұның өзі өте келелі, өте қыйын мәселе, кесіп ешнәрсе айта алмайсың. Ал енді шаруалармен біз кәзір жұмыс істеп жатырмыз, — бұлар біз-

дің үшінші одақтасымыз, ол бізге дәл бүгінгі таңда-ақ тікелей көмек беріп отырған, армия, астық, т. б. беріп отырған одақтасымыз. Біз осы одақтасымызбен, яғни шаруалармен, тізе қосып іс істеп жатырмыз, біз социализмді солармен бірге орнатысып жатырмыз, жақсы болсын, жаман болсын, әйтеуір солармен бірге орнатысып жатырмыз, сондықтан да біз осы одақтасымызды дәл кәзір, әсіресе кәзір бағалай білуіміз керек.

Міне сондықтан да біз кәзір шаруалар туралы мәселені жұмысымыздың алдыңғы қатарына қойып отырмыз.

Біздің саясатымыздың кәзіргі бағытының жаңа бағыт екенін, социализмді орнату ісінде саясатымыздың деревня жөніндегі жаңа беталысын көрсететін бағыт екенін айту керек. Жолдастар осыны түсінгісі келмейді. Егер осы негізгі нәрсені түсінбесе, — бізде ешбір жұмыс алға баспайды, бізде ешқандай социалистік құрылыс болмайды. Ал біздің жолдастар осы негізгі нәрсені ұмытып, былайша айтқанда, өздерінің белгілібір мекемелік пікірлерімен әуестеніп жүр: Москваға «барын жайып салу» керек, бізде істің бәрі де оп-оңды-мыс, олқылықты жасыру керек, сынның керегі жоқ, өйткені ол жергілікті өкімет орнының, жергілікті қызметкерлердің беделін түсіреді дейтін пікірлерімен елігіп жүр, — осындай әңгімелер орын алып жүр, сондықтан мен ең елеулі қауіптің негізі осында деп білемін. Мұны жою керек, күнделікті өмірдің бір тарамын, ол қаншалықты ұнамсыз болғанымен, көпшілікке көрсетуден қорықпау керек екендігін жолдастарға айту керек болады. Біздің жолдастардың деревняға бет бұруын мына мағнада жүргізуге тиістіміз: олар тек қана Москваға қарап отырмай, өздері қыз-

мет етіп отырған шаруаларға қарай бет бұра білетін болсын, олар олқылықты жасырмай, қайта, өздерінің қателерін ашуға, ол қателерді жеңуге және кәзірде партияның белгілеген жолымен жұмыс жүргізуге бізге көмектесетіндей болсын.

Екінің бірі (мен бұл жөнінде талай рет айтқан да болатынмын): не біз өзіміздің жұмысымызды жақсарту үшін партияда жоқ шаруалармен бірге, жергілікті жерлердегі өзіміздің совет, партия қызметкерлерімен бірге өзімізді өзіміз сынайтын боламыз; не шаруалардың наразылығы бірте-бірте жыйнала келіп, көтерілістер түрінде жарып шығатын болады. Жаңа жағдайлар негізінде, нэп тұсында, жаңа Тамбов немесе жаңа Кронштадт[13] оқыйғасының болуы мүлде ғажап нәрсе емес екені естеріңізде болсын. Закавказье, грузин көтерілісі[14] зор сақтыққа үйретті. Егер біз өзіміздің олқылықтарымызды жеңе білмесек, әйгілеп аша білмесек, сырттан қарағанда ісімізді оп-оңды тәрізді етіп көрсететін болсақ, мұндай көтерілістердің келешекте де болуы мүмкін.

Міне сондықтан мен бұл арада жұмысымыздағы олқылықтарды әшкерелейтін жеке жазушылардың кемшіліктері туралы және бір нәрсеге әуестенулері туралы емес, олардың сіңірген еңбектері туралы айту керек деп ойлаймын.

Бұл арада мен біздің жазушыларымыз, тілшілеріміз туралы мәселеге көшуге тиістімін. Мен деревнядағы біздің құрылыс жұмысымызды түзету ісінде, біздің кемшіліктерімізді табу ісінде, демек, совет жұмысын түзету және жақсарту ісінде жұмысшы тілшілері мен село тілшілері негізгі тіректеріміздің бірі бола алатын дәуірге жеттік деп ойлаймын. Біздер, бәлкім, бәріміз бірдей мұны түсінбеспіз, бірақ менің үшін

жұмысымызды жақсартудың дәл осы жағынан басталуға тиісті екені анық. Өзінің көпшілігі сезгір, жалынды шыншыл, қайткенде де біздің кемшіліктерімізді әшкерелегісі келетін, түзеткісі келетін осы адамдар, оқтан қорықпайтын адамдар, — міне осы адамдар, менінше, біздің кемшіліктерімізді табу ісінде және жергілікті жерлердегі біздің партиялық, советтік құрылыс жұмысымызды түзету ісінде негізгі тіректеріміздің бірі болуға тиіс.

Міне сондықтан біздің баспасөз қызметкерлерін жамандамау емес, осы жолдастардың айтқандарына құлақ қойып отыру керек. Біздің құрылыс жұмысымыздың кемшіліктерін тікелей көрсететін кейбір барометр болып табылатын осылар арқылы біз аса көп нәрселерді ашып, түзете алған болар едік.

Орталық Бақылау Комиссиясы жөніндегі мәселеге келетін болсақ, менінше, Орталық Бақылау Комиссиясы жалпы алғанда дұрыс қарар алды, — бәлкім, тек кей жерін түзетіп, қайта редакциялау ғана керек болар еді.

Баспасөз бетінде Дымовка туралы мәселені баяндағанда, мұның бәрінің қайдан шығып отырғанын жолдастар түсінетіндей етіп баяндау керек. Мәселе село тілшісінің өлтірілгенінде емес, тіпті округтік комитеттің немесе губерниялық комитеттің секретарын ренжітіп алмауда да емес, мәселе деревнядағы біздің социалистік құрылыс жұмысымызды жақсарту ісін жолға қоюда болып отыр. Негізгі мәселе осы. Әңгіме осы жөнінде болып отыр.

И. Сталин. Шаруа мәселесі. М. — Л., 1925

ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

РК(б)П Москва ұйымының губерниялық XIII конференциясында сөйленген сөз[15]

27 январь, 1925 ж.

Жолдастар! Мен партияның кәзір шаруалар жөнінде жүргізіп отырған саясатының негіздері туралы бірнеше ауыз сөз айтқым келеді. Шаруалар туралы мәселенің кәзіргі кезеңде өте-мөте ерекше маңызы бар екендігіне күмән келтіруге болмайды. Бірсыпыра адамдар тіпті қызып кетіп, жаңа заман — шаруалар заманы туды десіп жүр. Енді біреулер «деревняға бет бұру» деген ұранды қалаға сырт беру деп түсініп жүр. Кейбіреулер тіпті саясаттық нэп деп айтуға дейін барып жүр. Бұл, әрине, бос сөз. Мұның бәрі, әрине, қызып кетушілік. Алайда, егер осы қызып кетушілік реттерінен көңілді басқа жаққа аударатын болсақ, онда бір-ақ нәрсе қалады, атап айтқанда: шаруалар туралы мәселенің кәзіргі кезеңде, дәл кәзір өте-мөте ерекше маңыз алып отырғандығы қалады.

Неге? Қайдан осылай болып отыр?

Бұған екі себеп бар. Мен негізгі себептер туралы айтып тұрмын.

Бізде шаруалар мәселесінің кәзіргі кезеңде өте-мөте ерекше маңыз алып отырғандығының бірінші

себебі — Совет өкіметі одақтастарының ішінен, пролетариаттың бүгінгі таңдағы барлық негізгі одақтастарының ішінен, — ал мұндай одақтастары, меніңше, төртеу, — шаруалар біздің революцияға кәзірден-ақ тікелей көмек бере алатын бірден-бір одақтасы болып табылады. Тікелей көмек беру туралы дәл кәзір, кәзіргі кезеңде, әңгіме болып отыр. Қалған одақтастардың бәрінің де, зор келешегі бола тұрса да, революциямыздың ұлы резерві бола тұрса да, сөйтсе де, амал не, кәзір біздің өкіметімізге, біздің мемлекетімізге тікелей көмек көрсетуге шамасы келмейді.

Бұл қандай одақтастар?

Бірінші одақтас, біздің негізгі одақтасымыз — жете дамыған елдердің пролетариаты. Алдыңғы қатарлы пролетариат, Батыс пролетариаты, — ең ұлы күш, бұл біздің революцияның, біздің өкіметіміздің неғұрлым сенімді, неғұрлым маңызды одақтасы. Бірақ, амал не, істің жайы, жете дамыған капиталистік елдердегі революциялық қозғалыстың күйі мынадай: Батыс пролетариаты бізге кәзір тікелей және шешуші көмек көрсете алмайтындай болып отыр. Біз оның жанама жәрдемін, оның моральдық жәрдемін көріп отырмыз, ол жәрдемнің тіпті бағасын айтып жеткізе алмайсың, оның, бұл жәрдемнің, маңыздылығы сонша, — оған баға жетпейді. Бірақ дегенмен мұның өзі кәзір бізге керек болып отырған тура және тікелей көмек емес.

Екінші одақтас — отарлар, жете дамыған елдер езіп отырған жартусыз дамыған елдердегі езілген халықтар. Бұл — біздің революциямыздың ең ұлы резерві, жолдастар. Бірақ ол тым баяу қозғалып келеді. Ол бізге тура көмек беруге келе жатыр, бірақ, сірә, жақында келе қоймас. Нақ сондықтан да біздің социалистік құрылысымызда, өкіметті нығайту ісінде,

социалистік экономиканы жасау ісінде бізге дәл кәзіргі кезде тура көмек беруге оның шамасы жоқ.

Біздің үшінші одақтасымыз, қолға ұстауға келмейтін, тұлғасыз, бірақ әбден маңызды одақтасымыз бар. Бұл — капиталистік елдердің арасындағы дау-жанжалдар мен қайшылықтар, бұлардың белгілі бейнесі жоқ, бірақ бұлар біздің өкіметімізге, біздің революциямызға сөзсіз зор жәрдем болып табылады. Мұның таңқаларлық нәрсе болып көрінуі мүмкін, бірақ мұның өзі — факт, жолдастар. Егер 1917 жылы империалистік соғыс кезінде капиталистік елдердің негізгі екі коалициясы өзара бірімен бірі кескілескен күрес жүргізбеген болса, егер олар бір бірінің мықтап алқымынан алмаған болса, Совет өкіметіне қарсы күресуге бос уақты болмай өзді-өзімен әлек болып жатпаған болса, — ол кезде Совет өкіметінің төтеп беруі екіталай болған болар еді. Біздің дұшпандарымыздың арасындағы күрес, дау-жанжалдар мен соғыстар, — мұның өзі, тағыда айтамын, біздің ұлы одақтасымыз болып табылады. Осы одақтастың жайы қалай? Оның жайы мынадай: дүниежүзілік капитал соғыстан кейін, бірнеше дағдарыстарды басынан кешіріп, жөнделе бастап отыр. Мұны мойындау керек. Жеңіп шыққан негізгі елдер — Англия мен Америка — енді тек өз елінде ғана капитал ісін азды-көпті дұрыс жолға қоюға материалдық мүмкіншілік алып қойған жоқ, сонымен қатар Францияны, Германияны және басқа капиталистік елдерді қуаттандыруға да материалдық мүмкіншілік алып отыр. Бұл — бір жағынан. Ал істің бұл жағы мынаған әкеліп соғады: капиталистік елдердің арасындағы қайшылықтар әзірге олардың тікелей соғыстан кейінгі күшті қарқынмен дамығанындай дамымайды. Мұның өзі — капитал үшін пайдалы, мұның

өзі — біздер үшін зиянды. Бірақ бұл процестің басқа да жағы, екінші жағы бар. Ал оның екінші жағы мынада болып отыр: капитал әзірге қаншалық бір шама тұрақты қалып орната алса да, өзара қарым-қатнастардың екінші жағындағы қайшылықтар, алдыңғы қатарлы қанаушы елдер мен артта қалған қаналушы елдердің, отарлардың, тәуелді елдердің арасындағы қайшылықтар барған сайын шиеленісе, тереңдей түсіп отыр, капиталдың «жұмысын» бөтен, «күтпеген» жағынан бүлдіру қаупін туғызып отыр. Египет пен Судандағы кризис, — сіздер бұл жөнінде газеттерден оқыған боларсыздар, — одан кейін Қытайдағы қайшылықтардың кәзіргі «одақтастарды» араздастырып, капиталдың күшін астан-кестен етуі мүмкін толып жатқан түйіндері, Солтүстік Африкадағы қайшылықтардың бірқатар жаңа түйіндері, онда Испанияның Мароккодан айрылып қалайын деп отырғандығы, оған Францияның қол созып отырғандығы, бірақ Францияның оны ала алмайтындығы, өйткені Францияның Гибралтарды бақылауына Англияның жол бермейтіндігі, — осылардың бәрі де көбінше соғыс алдындағы дәуірді көзге елестететін және халықаралық капиталдың «құрылыс жұмысына» қауіп туғызбай қоймайтын фактылар.

Қайшылықтардың өршуінің жалпы балансындағы тиімді, тиімсіз жақтары осындай. Бірақ бұл салада капиталдың тиімді жақтары тиімсіз жақтарынан әзірге басым болып отырғандықтан және капиталистер арасындағы соғыс соқтығыстарын бүгін-ертең күтуге болмайтындықтан үшінші одақтасымыз жөніндегі істің жайы әлі де болса оны біздің тілегеніміздей болмай отырғандығы айқын нәрсе.

Ендігі қалып отырғаны төртінші одақтасымыз —

шаруалар. Олар біздің қасымызда, біз олармен бірге тұрамыз, жаңа өмірді солармен бірге жасасып жатырмыз, жақсы болсын, жаман болсын әйтеуір солармен бірге жасасып жатырмыз. Бұл одақтас, өздеріңіз білесіздер, оншама берік одақтас емес, шаруалар капиталистік жолмен дамыған елдердің пролетариатындай сенімді одақтас емес. Бірақ дегенмен олар одақтас, және олар бүгінгі таңдағы барлық одақтастардың ішіндегі дәл кәзір бізге тура көмек көрсетіп отырған және көрсете алатын, сол көмегінің төлеуіне бізден де көмек алып отырған бірден-бір одақтас.

Міне сондықтан шаруалар туралы мәселе дәл кәзіргі кезеңде, революциялық кризистер мен өзгеде кризис атаулының өрістеп етек алуы біраз баяулап отырған кезде, шаруалар туралы мәселе өте-мөте ерекше маңыз алады.

Шаруалар мәселесінің өте-мөте ерекше маңызы болуының бірінші себебі осындай.

Кәзіргі кезеңде шаруалар туралы мәселені саясатымыздың негізгі мәселесі етіп қоюымыздың екінші себебі — социализмнің негізі және өкіметіміздің негізі болып отырған біздің өнеркәсібіміз, ішкі рынокке, шаруалар рыногіне сүйенеді. Біздің индустриямыз мейлінше дамыған кезде, біздің ішкі рынокті меңгерген кезімізде, сөйтіп біздің алдымызға сыртқы рынокті жеңіп алу мәселесі қойылған кезде істің қалай боларын мен білмеймін. Ал келешекте бұл мәселе біздің алдымызға қойылады, — бұған күмәнданбауларыңызға болады. Бізден гөрі анағұрлым тәжрибелі капиталдан Батыстағы сыртқы рыноктерді тартып алуға келешекте мүмкіншілік аламыз деп есептеуге бола қояр ма екен. Ал Шығыстағы рыноктерге келсек, Шығыспен екі арадағы қарым-қатнастарымызды на-

шар деп санауға болмайды, онсын бұл қарым-қатнастар жақсара бермек, — мұнда біз анағұрлым қолайлы жағдайларға ие боламыз. Тоқыма өнімі, қорғаныс заттары, машиналар, және басқалары, капиталистермен бәсекелесе отырып, біздің Шығысты жабдықтайтын негізгі өнімдеріміз болмақ, бұған күмән жоқ. Бірақ мұның өзі біздің өнеркәсібіміздің болашағына қатысты нәрсе. Осы кезде өзіміздің шаруалар рыногінің тіпті үштен бірін де сарқа пайдалана алмаған өнеркәсібіміздің кәзіргі жайына келсек, онда кәзір, осы кезеңде, біздегі негізгі мәселе ішкі рынок туралы мәселе, ең алдымен, шаруалар рыногі туралы мәселе болып табылады. Кәзіргі кезеңде шаруалар рыногі біздің өнеркәсібіміздің дәл негізгі базасы болып табылады, дәл сондықтан біз, өкімет ретінде және пролетариат ретінде, шаруалар шаруашылығының халін барынша жақсарта беруді, шаруалардың материалдық күйін жақсарта беруді, шаруалардың зат сатып аларлық күшін көтеруді, пролетариат пен шаруалар арасындағы қарым-қатнастарды жақсарта беруді, Ленин айтқан ұштастыруды, бірақ әлі де болса өзіміз дұрыстап жолға қоя алмай келе жатқан ұштастыруды жолға қоюды көздейміз.

Біз, партия ретінде, кәзіргі кезеңде шаруалар туралы мәселені бірінші кезекке қоюға тиісті екенімiздің, шаруалар жөнінде ерекше зейінділік, ерекше қамқорлық жасауға тиісті екеніміздің екінші себебі міне осыдан туып отыр.

Біздің партияның шаруалар туралы мәселе жөніндегі саясатының алғышарттары осындай.

Бар қырсық, жолдастар, мынада: біздің жолдастардың бірсыпырасы бұл мәселенің әбден маңыздылығын түсінбей жүр немесе түсінгілері келмей жүр.

Екінің бірінде жұрт былай деседі: Москвада біздің басшыларымыз шаруалар туралы сөз сөйлеуді сән етіп алған. Мұның өзі жәй айтылатын сөз болу керек. Мұның өзі — дипломатия болу керек. Бұл сөздер сыртқы дүниеге арналып айтылса болғаны — Москваға керегі осы. Ал біздің ескі саясатты жүргізе беруімізге болады. Біреулер осылай деседі. Басқа біреулері — шаруалар туралы сөйленіп жүрген сөздер — бос сөздер ғой деседі. Егер москвалылықтар кеңселерде отырып алмай, жергілікті жерлерге келсе, олар шаруалардың кім екенін және салықтардың қалай жыйналатынын көздерімен көрер еді деседі. Осындай сөздерді есітуге тура келеді. Менің ойымша, жолдастар, біздің алдымызда тұрған барлық қауіптердің ішіндегі ең елеулі қауіп — өзіміздің алдымызда тұрған міндеттерді біздің жергілікті қызметкерлердің түсінбейтіндігі болып табылады.

Екінің бірі:

Не жергілікті жерлердегі біздің жолдастар шаруалар туралы мәселенің әбден маңыздылығын түсінетін болады, — онда олар біздің құрылыс жұмысымызға шаруаларды тарту ісін, шаруалар шаруашылығын жақсарту және ұштастыруды нығайту ісін шындап қолға алатын болады; не жолдастар мұны түсінбейтін болады, — онда мәселе Совет өкіметінің сүрінуімен аяқталуы мүмкін.

Жолдастар мені біреулерді қорқытып отыр деп ойламай-ақ қойсын. Жоқ, жолдастар, қорқытатын дәнеңесі жоқ, қорқытудың орны да жоқ. Мәселе өте елеулі мәселе, сондықтан оған байсалды адамдарша қарау керек.

Москваға келгенде, жолдастар көбінесе «барын жайып салуға» тырысады, — біздің деревняда істің

бәрі де оп-оңды деседі. Осы жылтырауық оңдылықтан кейде жүрегің айныйды. Ал шындығында іс оп-оңды болып тұрған жоқ, болуы да мүмкін емес, бұл айқын нәрсе. Кемшіліктердің бар екені айқын нәрсе, сыннан қорықпай оларды ашу керек, ал сонан кейін ол кемшіліктерді түзету керек. Мәселе былай қойылып отыр ғой: не біз, бүкіл партия, өзімізді партияда жоқ шаруалар мен жұмысшыларға сынататын боламыз, не біздерді көтерілістер арқылы сынай жөнелетін болады. Грузин көтерілісінің өзі — сын еді. Тамбов көтерілісі — бұл да сын еді. Кронштадтағы көтеріліс — сын емей немене? Екінің бірі: не біз істі чиновниктерше оп-оңды деп көрсетуден, іске чиновниктерше қараудан бас тартып, сыннан қорықпайтын боламыз, өзімізді партияда жоқ жұмысшылар мен шаруаларға сынататын боламыз, бұлар біздің қателеріміздің зардабын бастарынан кешіріп отыр ғой; не біз мұны істемейтін боламыз да, наразылық жыйнала, өсе келіп, көтерілістер арқылы сын өршитін болады.

Қәзіргі ең үлкен қауіп мынада: біздің жолдастардың бірсыпырасы жағдайдың қәзіргі кездегі осы ерекшелігін түсінбей жүр.

Бұл мәселенің — шаруалар туралы мәселенің — троцкизм туралы мәселемен, осында сіздерде талқыланған мәселемен белгілібір байланысы бар ма? Күмәнсіз бар.

Троцкизм дегеніміз не?

Троцкизм дегеніміз — біздің революцияның күшіне сенбеушілік, жұмысшылар мен шаруалар одағының ісіне сенбеушілік, ұштастыру ісіне сенбеушілік. Қәзіргі кезде біздің негізгі міндетіміз неде? Біздің міндетіміз, Ильичтің сөзімен айтқанда, нэп Россиясын социалистік Россияға айналдыру болып табылады.

ұштастыруды жүзеге асырмай тұрып, бұл міндетті жүзеге асыруға бола ма? Жоқ, болмайды. Жұмысшылар мен шаруалардың ұштасуын, одақ болуын осы одаққа сенбеушілік теориясын, яғни троцкизм теориясын талқандамай тұрып, жүзеге асыруға бола ма? Жоқ, болмайды. Қортынды айқын: кімде-кім нэпте жеңіп шыққысы келсе, ол адам идеялық ағым ретіндегі троцкизмді құртуға тиіс.

Революция алдында октябрьде Ильич жиі-жиі былай деген еді: барлық идеялық дұшпандардың ішінен меньшевиктер ең қауіпті дұшпан болып табылады, өйткені олар Октябрьдің жеңуіне сенімсіздік туғызуға тырысады. Сондықтан, — деді ол, — меньшевизмді талқандамайынша, Октябрь жеңісіне жетуге болмайды. Меніңше, сол кездегі, Октябрь дәуіріндегі меньшевизм мен кәзіргі нэп дәуіріндегі троцкизмнің арасында кейбір ұқсастық бар. Меніңше, коммунизмдегі барлық идеялық ағымдардың ішінен осы кездегі, Октябрь жеңгеннен кейінгі, нэптің кәзіргі жағдайларындағы ең қауіптісі троцкизм деп есептеу керек, өйткені ол біздің революцияның күшіне сенімсіздік, жұмысшылар мен шаруалар одағының ісіне сенімсіздік туғызуға, нэп Россиясын социалистік Россияға айналдыру ісіне сенімсіздік туғызуға тырысады. Сондықтан, троцкизмді талқандамайынша, нэп жағдайларында жеңіске жетуге болмайды, бүгінгі Россияны социалистік Россияға айналдыруға болмайды.

Партияның шаруалар жөніндегі саясаты мен троцкизмнің арасындағы байланыс осындай.

„Правда" № 21,
30 январь, 1925 ж.

ГЕРМАНИЯ КОММУНИСТ ПАРТИЯСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БОЛЬШЕВИКТЕНДІРУ ТУРАЛЫ

ГКП мүшесі Герцогпен әңгіме

1-ші сұрақ (Герцог). Сіз Германияның демократиялық-капиталистік республикасындағы саяси және шаруашылық қатнастарын жұмысшы табы неғұрлым таяу арада өкімет үшін күрес жүргізуге тиіс болады деп ойлайсыз ба?

Жауап (Сталин). Егер әңгіме істің беталысы туралы болмай, мерзімі туралы болып отырса, бұл сұрауға нақты кесіп жауап беру қыйын болған болар еді. Қәзіргі ахуалдың 1923 жылғы ахуалдан халықаралық жағдайлары жағынан да, ішкі жағдайлары жағынан да елеулі өзгешелігі бар екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Біракта, мұның өзі, сыртқы жағдайда болуы мүмкін елеулі өзгерістердің себебінен, ахуалды таяу уақыттың ішінде революция пайдасына шұғыл өзгертіп жіберуі мүмкін. Халықаралық жағдайдың тұрақсыздығы бұл болжаудың әбден ықтимал болып шығуына кепіл болып табылады.

2-ші сұрақ. Қәзіргі экономикалық жағдайдың және күштердің қәзіргі арасалмағының себебінен пролетариаттың көпшілігін өзімізге қаратып алу үшін (саяси өкіметті жеңіп алу алдындағы өте маңызды міндет

ретінде барлық елдердің компартияларына Лениннің қойған талабы) бізге неғұрлым ұзақ уақыт дайындық дәуірі керек бола ма?

Жауап. Әңгіме экономикалық жағдай туралы болып отырғандықтан, мен мәселені қолымдағы жалпы мәліметтердің тұрғысынан ғана қарап бағалай аламын. Меніңше, Дауэстің жоспары[16] кәзірдің өзінде-ақ кейбір нәтижелер берді, оның нәтижелері жағдайды біршама тұрақтандырды. Герман өнеркәсібіне американ капиталының енгізілуі, валютаның тұрақталуы, неміс өнеркәсібінің бірсыпыра маңызды салаларының жақсартылуы, — мұның өзі герман экономикасын әстеде негізімен жөндегендік емес, — ақырында, жұмысшы табының материалдық күйінің біраз жақсартылуы, — осының бәрі Германияда буржуазияның позицияларын белгілі дәрежеде нығайтпай қоймады. Бұл, былайша айтқанда, Дауэс жоспарының «тиімді» жағы.

Бірақ Дауэс жоспарының белгілібір дәуірде сөзсіз сезілуге тиісті және осы жоспардың «тиімді» нәтижелерін бұзуға тиісті тағыда «тиімсіз» жақтары бар. Дауэс жоспары герман пролетариаты үшін капиталдың екі бірдей, ішкі және сыртқы, қыспақ болып табылатындығы күмәнсіз. Неміс өнеркәсібін кеңейту мен осы өнеркәсіп үшін сыртқы рыноктер көлемінің ықшамдалуы арасындағы қайшылықтар, Антантаның шамадан тыс талаптары мен герман халық шаруашылығының осы талаптарды қанағаттандыра аларлық бар мүмкіндіктері арасындағы алшақтық, — осының бәрі пролетариаттың, ұсақ шаруалардың, қызметкерлер мен интеллигенцияның тұрмыс күйін сөзсіз нашарлата отырып, дүмпуге өкіметті қолға алу жолындағы пролетариаттың тікелей күресіне әкеліп соқтырмай қоймайды.

Бірақ бұл жағдайды герман революциясының бірден-бір қолайлы шарты деп есептеуге болмайды. Бұл революцияның жеңіп шығуы үшін, оның үстіне, компартия жұмысшы табының көпшілігінің өкілі болуы қажет, оның жұмысшы табы ішінде шешуші күш болуы қажет. Социал-демократияның әшкереленілуі, талқандалынуы қажет, оның жұмысшы табы ішіндегі болмашы ғана азшылық дәрежесіне түсірілуі қажет. Мұнсыз пролетариат диктатурасы туралы ойлауға да болмайды. Жұмысшылар жеңіп шыға алу үшін оларды бір ғана мақсат рухтандыруға тиіс, оларды жұмысшы табының көпшілігі күмәнсіз сенетін бір ғана партия бастауға тиіс. Егер жұмысшы табы ішінде күші бірдей бәсекелесуші екі партия болса, онда тіпті сыртқы жағдайлар қолайлы болған күннің өзінде де берік жеңістің болуы мүмкін емес. Мұны пролетариаттың жеңіп шығуының ең қажетті шарты ретінде Октябрь революциясына дейінгі дәуірде өте-мөте қатты талап еткен бірінші адам Ленин болып еді.

Германиядағы ішкі кризис пен компартия күштерінің батыл өсуі Германияның сыртқы жаулары лагеріндегі елеулі шиеленістермен бір кезде болатын жағдайды революция үшін неғұрлым қолайлы жағдай деп есептеуге болар еді.

Менің ше, 1923 жылғы революциялық дәуірде осы шиеленістердің болмауы әлдеқайда теріс роль атқармай қойған жоқ.

3-ші сұрақ. Сіз Германия Коммунист Партиясы жұмысшылардың көпшілігін өз соңына ертуге тиіс дедіңіз. Бұл мақсатқа жұрт күні бүгінге дейін тым аз көңіл бөліп келді. ГКП-сын жұмысшыларды өзіне тартып, үнемі өсіп отыратын күші бар осындай жігерлі

партияға айналдыру үшін Сіздің ойыңызша не істеу керек?

Жауап. Кейбір жолдастар партияны нығайтып, оны большевиктендірудің мәнісі — басқа пікірдегілердің барлығын партиядан қуып шығу деген сөз деп ойлайды. Бұл, әрине, дұрыс емес. Жұмысшы табының нақтылы мұқтаждары үшін жүргізетін күнделікті күресінің барысында ғана социал-демократияны әшкерелеуге және оны жұмысшы табының ішіндегі болмашы ғана азшылықтың роліне түсіруге болады. Социал-демократияны планетарлық мәселелер негізінде емес, жұмысшы табының өзінің материалдық және саяси жағдайын жақсарту үшін жүргізетін күнделікті күресі негізінде масқара етіп әшкерелеу керек, оның бер жағында жалақы туралы, жұмыс күні туралы, пәтерүй жағдайлары туралы, қамсыздандыру туралы, салықтар туралы, жұмыссыздық туралы, қымбатшылық туралы, және басқа мәселелер шешуші болмағанмен елеулі роль атқаруға тиіс. Социал-демократтардың опасыздығын аша отырып, оларға күн сайын осы мәселелер негізінде соққы беріп отыру керек, — міндет осындай.

Бірақ, егер күнделікті практика мәселелері Германияның халықаралық және ішкі жағдайы туралы негізгі мәселелермен байланыстырылмаған болса, сөйтіп осы күнделікті жұмыстың бәрі революция тұрғысынан, пролетариаттың өкіметті жеңіп алуы тұрғысынан партияның барлық жұмысында көрсетіліп отырылмайтын болса, бұл міндет толығынан жүзеге асырылмас та еді.

Ал мұндай саясатты өз партиясын күшейту үшін социал-демократияның барлық және қандай да болмасын кемістіктерін пайдалануға тәжрибесі жететін

және кейбір табыстарға бола революциялық дамудың перспективаларын естен шығармауға теориялық даярлығы жететін басшылар кадры басқарған партия ғана жүргізе алады.

Жалпы алғанда компартиялардың, оның ішінде герман компартиясының да басшы кадрлары туралы мәселенің большевиктендіру ісіндегі келелі мәселелердің бірі болып табылатындығы, көбінесе, осыдан.

Большевиктендіру ісін жүргізу үшін, ең болмағанда, кейбір негізгі шарттарды орындау қажет, оларсыз компартияларды большевиктендіру тегінде мүмкін де емес.

1) Партия өзін парламенттік сайлау механизмының шылауымын деп қарамауы керек, ал социал-демократия асылында өзін осылай деп қарайды, кейбір анархо-синдикалистік элементтердің кей кездерде айта беретініндей өзін кәсіпшілер одағының тегін қосалқысымын деп те қарамауы керек, — пролетариаттың таптық ұйымының **жоғарғы** формасымын, кәсіпшілер одақтарынан бастап парламенттік фракцияға дейінгі пролетарлық ұйымдардың барлық былайғы формаларын **басқаруға** міндетті жоғарғы формасымын деп қарауы қажет.

2) Партия, әсіресе оның басшы элементтері революциялық практикамен тығыз байланысты революциялық марксизм теориясын толық меңгеруі қажет.

3) Партия ұрандар мен директиваларды жаттап алынған формулалар мен тарихи теңгермелер негізінде жасап шығармай, барлық елдердің революцияларының тәжрибесін міндетті түрде есепке ала отырып, революциялық қозғалыстың ішкі және халықаралық нақтылы жағдайларына мұқыят анализ жасау нәтижелерінде жасап шығаруы қажет.

4) Партия осы ұрандар мен директивалардың дұрыстығын бұқараның революциялық күресінің қызу жүріп жатқан кезінде тексеруі қажет.

5) Партияның барлық жұмысы, әсіресе партия ішінде социал-демократиялық дәстүрлер әлі жойыла қоймаған болса, жаңа, революциялық негізде, партияның әрбір қадамы мен оның әрбір қыймылы табиғи түрде бұқараны революцияшылдандыруға жеткізуін жұмысшы табының қалың бұқарасын революция рухында әзірлеп, тәрбиелеуге жеткізуін көздеген негізде қайта құрылуы қажет.

6) Партия өзінің жұмысында асқан принциптілікті (сектанттықпен шатастырмау керек!) бұқарамен мейлінше байланыс, үйлесім болуымен (артта қалушылықпен шатастырмау керек!) сәйкестіре білуі қажет, мұнсыз партияның бұқараны үйретуі былай тұрсын, тіпті бұқарадан үйренуі де мүмкін емес, бұқараны бастап, оны партия дәрежесіне дейін көтеруі былай тұрсын, тіпті бұқараның үніне құлақ қоюы да, оның зәру мұқтаждықтарын болжап білуі де мүмкін емес.

7) Партия өзінің жұмысында келісімге келмейтін революцияшылдықты (революциялық авантюризммен шатастырмау керек!) мейлінше икемділікпен және әдіскерлікпен (бейімделе кетушілікпен шатастырмау керек!) үйлестіре білуі қажет, мұнсыз күрес пен ұйымның барлық формаларын партияның меңгеруі, пролетариаттың күнделікті мүдделерін пролетарлық революцияның негізгі мүдделерімен байланыстыруы және өзінің жұмысында жарыя күресті құпыя күреспен ұштастыруы мүмкін емес.

8) Партия өзінің қателерін жасырмауы, сыннан оның қорықпауы, оның өз кадрларын тура өз қателері үстінде жақсарта білуі, тәрбиелей білуі қажет.

9) Партия алдыңғы қатарлы жауынгерлердің таңдаулы элементтерін, революцияшыл пролетариаттың мақсаттарын нағыз шын білдіруші болуға жете берілген және пролетарлық революцияның ленинизм стратегиясы мен тактикасын қолдана білетін нағыз көсемі болуға тәжрибесі жететін элементтерін негізгі басшы топқа саралап ала білуі қажет.

10) Партия барынша тұтастыққа жетуді мақсат ретінде еске ала отырып, өз ұйымдарының әлеуметтік құрамын үнемі жақсартып отыруы және іrткішіл оппортунистік элементтерден өзін тазартып отыруы қажет.

11) Партия идея жағынан ынтымақты болу негізінде, қозғалыс мақсаттарының айқындығы, практикалық қыймылдардың бірлігі негізінде және қалың партия көпшілігі тарапынан партияның міндеттеріне саналы көзқарас болуы негізінде жасақталған пролетарлық темір тәртіпті шыңдап шығаруы қажет.

12) Партия өз қаулы-қарарлары мен директиваларының орындалуын үнемі тексеріп отыруы қажет, мұнсыз ол директивалар пролетарлық қалың бұқараның партияға деген сенімін жоғалтуға ғана қабілетті бос уәделерге айналу қаупіне ұшырайды.

Осындай және осы тәрізді шарттар болмайынша большевиктендіру дегеніміз бос сөз болып шығады.

4-ші сұрақ. Сіз өз сөзіңізде Дауэс жоспарының тиімсіз жақтарымен қатар ГКП-ның өкіметті жеңіп алуының екінші шарты болып табылатын жағдай: социал-демократиялық партияның бұқара алдында толық әшкереленген болып шығуы және жұмысшы табы арасында бұдан былай оның елеулі күш болудан қалуы дедіңіз. Шын фактыларды еске алғанда, бұған жететін жол әлі қашық жатыр. Бұл арада партия та-

рапынан жүргізіліп жатқан жұмыстың кәзіргі әдістерінің кемшіліктері мен нашарлықтары айқын көрініп отыр. Оларды қалай жоюға болады? Социал-демократия, — түгелінен сатылып кеткен, іріп-шіріген партия, — дәнеңе де жоғалтпағаны былай тұрсын, қайта екі миллионға жуық дауыс алған 1924 жылғы декабрьдегі сайлаудың нәтижелерін сіз қалай бағалайсыз?

Жауап. Бұл арада әңгіме герман компартиясы жұмысының кемшіліктерінде болып отырған жоқ. Бұл арада әңгіме ең алдымен мынада: американ заемдары және американ капиталының енгізілуі мен валютаның тұрақталуы жағдайды біраз жақсартып, Германияның жағдайымен байланысты ішкі және сыртқы қайшылықтарды негізімен жою мүмкін деген жалған үміт туғызды. Герман социал-демократиясы осы жалған үміттің арқасында, ақбоз атқа мінгендей болып, кәзіргі рейхстагқа дік ете түсті. Вельс енді сайлауда өзінің жеңіп шыққанына қоразданып отыр. Бірақ ол, сірә, басқаның жеңісін өзінің иемденіп отырғанын түсінбейтін болар. Жеңген герман социал-демократиясы емес, Морган тобы. Вельс тек Морган қызметшілерінің бірі ғана еді және сол қызметші күйінде қалды да.

„Правда" № 27,
3 февраль, 1925 ж.

МЕ – РТ ЖОЛДАСҚА ХАТ

Құрметті жолдас Ме—рт!

Сіздің 20 февральда жазған хатыңызды алдым. Ең алдымен менің сәлемімді қабылдаңыз. Ал енді іске көшейік.

1) Сіз Герцогпен өткізілген әңгіме* жөніндегі мәселені тым ұлғайтып жіберіпсіз (тек Сіз ғана емес). Мен оны қуып шыға алмадым, өйткені оның партия мүшесі болғандығынан ғана емес, сонымен қатар оның маған Гешке жолдастың хатымен келгендігі себепті де мен оны қуып шықпаймын, Гешке жолдас бұл хатында менің Герцогпен әңгімелесуімді жалынып сұрапты. Бұл хаттың көшірмесін мен Сізге жіберемін. Хаттың немісше түп нұсқасын мен ГКП Орталық Комитетіне жіберіп те қойдым. Гешке жолдастың жазба өтініші тұрғанда, Герцогпен әңгіме өткізудің бір өзінен ғана РК(б)П Орталық Комитетінің Брандлерге бет бұрып отырғандығы немесе бет бұруға ниеті болғаны туралы қортынды жасау дегеннің өзі — тіпті түймедей нәрседен түйедей нәрсе жасау емес, жоқ нәрседен түйедей нәрсе жасау, сөйтіп құр далаға лағу деген сөз.

* Осы томның 36—43-беттерін қараңыз. *Ред.*

Егер РК(б)П Орталық Комитеті Сіздің немесе ГКП Орталық Комитетінің басқа да мүшелерінің РК(б)П Орталық Комитеті Брандлер — Тальгеймерге[17] іш тартып отыр, солшылдардан оңшылдарға бет бұрып отыр деп шүбәланатындықтарыңды білсе, онда ішек-сілесі қатып күлер еді.

2) Сіздің герман компартиясы зор табыстарға жетті деуіңіз өте дұрыс. Брандлер мен Тальгеймердің заманы өтіп бара жатқан және жаңа типті басшылар кейінгі кезекке ығыстырып отырған ескі типті басшылар қатарына қосылатындығында күмән жоқ. Әдебиетшілер мен ескі «көсемдердің» ішінен толып жатқан ескі басшылардың тозғындау процесі біздің Россияда да болған. Ол процесс революциялық кризистер дәуірінде күшейіп, күштердің жыйналу дәуірінде баяулап отырды, бірақ ол әрқашан да болып отырды. Луначарскийлер, Покровскийлер, Рожковтар, Гольденбергтер, Богдановтар, Красиндар, т. т., — кейіннен екінші кезекке шығып қалған бұрынғы көсем-большевиктердің менің жадыма бірінші түскен мысалдары осындай. Мұның өзі өркендеп өсіп келе жатқан жігерлі партияның басшы кадрларының жаңарып отыруының қажетті процесі. Брандлерлер — Тальгеймерлер мен әлгі соңғы жолдастардың айырмашылығы, айта кетсек, мынада: Брандлерлер мен Тальгеймерлердің, басқаларын былай қойғанда, социал-демократиялық ескі жүгі бар, ал жоғарыда аталған орыс жолдастар мұндай жүктен аулақ еді. Ал бұл айырмашылықтың Брандлерге — Тальгеймерге жағымды болмай, жағымсыз болып отырғанын көріп отырсыздар. ГКП-ның Брандлерлер мен Тальгеймерлерді сахнадан ығыстырып, айдап шыға алғандығы, — осы фактының бір өзі-ақ ГКП-ның өсіп, алға басып келе жатқанын,

елеулі табысқа жетіп отырғанын көрсетеді. Мен хатыңызда Сіз мүлде дұрыс жазып отырған ГКП-ның күмәнсіз табыстары туралы сөз де қозғамаймын. Енді РК(б)П Орталық Комитетінде герман компартиясының даму тегершігін кейін бұруға жоба жасап отырған адамдар бар деп ойлау, — мұның аты РК(б)П Орталық Комитеті туралы тым жаман пікірде болу деген сөз. Байқаңыз, жолдас Ме—рт...

3) Сіз ГКП-ның ұстаған бағыты туралы айтасыз. Оның ұстаған бағыты — мен саяси бағыты туралы айтып отырмын — күмәнсіз дұрыс. Шындығында, РК(б)П мен ГКП арасындағы жақындық, достық (жолдастық қана емес) қатнастарды осымен ғана түсіндіруге болады, бұл қатнастар туралы хатыңызда Сіз өзіңіз айтып отырсыз. Бірақ бұдан біз ГКП-ның немесе РК(б)П-ның саяси жұмысындағы кейбір жеке қателерін бүркеп қалуға тиістіміз деген сөз шыға ма? Әрине, ондай сөз шықпайды. ГКП Орталық Комитеті немесе РК(б)П Орталық Комитеті жеке қателерден аман деп айтуға бола ма? ГКП Орталық Комитетінің істеген ісін (Бермат[18] ісін жете пайдаланбағандығын, парламент президентін сайлау туралы мәселе жөнінде коммунистік фракцияның Пруссия парламентіндегі әйгілі дауыс беруін, Дауэс жоспарына байланысты салықтар туралы мәселені, т. б.) **шінара** сынау ГКП Орталық Комитетінің ұстаған **жалпы** бағытына толық қосылатындығымызбен сыйыспайды деп айтуға бола ма? Әлбетте, олай деп айтуға болмайды. Егер біз, айталық, Коминтерн Атқару Комитетінде бір бірімізбен кездескенде өз партияларымыздың жеке қателеріне көз жұматын болсақ, «толық бірауыздымыз», «ісіміз оңды» деп масайрап, барлық істе де бір бірімізге бас изеп отыратын болсақ, біздің партияларымыз не бол-

мақ? Менiңше, мұндай партиялар ешқашан да революцияшыл партия бола алмас едi. Мұндай партиялар революцияшыл партия емес, шiрiмеген өлексе болған болар едi. Менiңше, өздерi РК(б)П Орталық Комитетiне барлық iсте де әрқашан бас изеп отыруға дайын болғандықтан кейбiр немiс жолдастар кейде бiзден де ГКП Орталық Комитетiне бастан-аяқ бас изеп отыруды талап ететiн сияқты. Мен осы бiр бiрiмiзге өзара бас изеушiлiкке үзiлдi-кесiлдi қарсымын. Сiздiң хатыңызға қарағанда Сiз де бұған қарсы көрiнесiз. Мұныңыз ГКП үшiн жақсы нәрсе.

4) Мен басқа пiкiрдегi жолдастардың бәрiн де айдап шығу саясатын ұстауға үзiлдi-кесiлдi қарсымын. Мен мұндай саясатқа қарсы болғанда басқа пiкiрдегiлердi аяйтындығымнан қарсы емеспiн, мұндай саясаттың партия iшiнде қорқыту режимiн, үрейлендiру режимiн, өзара сын мен iс бастау рухын жоятын режим туғызатындығы себептi қарсымын. Партия көсемдерiн сыйлаудың орнына, олардан қорқатын болса, мұның өзi жақсы емес. Партия көсемдерiнен қорқып қана коймай, сонымен қатар оларды партия iшiнде сыйлап, олардың беделiн мойындайтын болса ғана, тек сонда ғана олар шын көсем бола алады. Мұндай көсемдердi туғызу қиын iс, мұның өзi ұзақ уақытты керек ететiн iс, оңай iс емес, бiрақ өте қажет iс, өйткенi мұнсыз партия нағыз большевиктiк партия болып атала алмайды, ал партияның тәртiбi саналы тәртiп бола алмайды. Менiңше, немiс жолдастар осы өзiнен өзi айқын шындыққа қарсы болып, қателесiп отыр. Троцкий мен оның пiкiрлестерiн әйгiлеу үшiн бiздер, орыс большевиктерi, троцкизм негiздерiне қарсы большевизм негiздерiн жақтап мейлiнше қызу түрдегi принциптiк-түсiндiру науқанын өрiстеттiк, ал РК(б)П Ор-

талық Комитетінің күші мен салмағын еске алғанда, өзіміздің бұл науқанды жүргізбей-ақ қоюымызға болатын еді. Бұл науқан керек болды ма? Сөзсіз керек болды, өйткені осы науқан үстінде біз партияның жүз мыңдаған жаңа мүшелерін (және мүше еместерді) большевизм рухында тәрбиеледік. Оппозицияның алдын алу қажеттігін немесе оған қарсы жазалау шарасын кең түрде жүргізетін принциптік-түсіндіру науқанымен толықтыру қажеттігін біздің неміс жолдастардың сезбей отырғандығы, осынысы арқылы партия мүшелері мен партия кадрларын большевизм рухында тәрбиелеу ісін қыйындатып отырғандығы әбден қайғылы нәрсе. Брандлер мен Тальгеймерді қуып жіберу қыйын іс емес, — бұл оңай іс. Бірақ брандлершілдікті жеңу деген — қыйын және үлкен іс, мұнда жазалауды қолданудың жалаң өзімен тек істі бүлдіріп алуға болады, — мұнда оның негізін тереңінен қопару керек, жұрттың ақыл-ойын айтарлықтай серпілту керек. РК(б)П әрқашан да қайшылықтар арқылы, яғни коммунистік емес ағымдармен күресіп отыру арқылы дамыды, сөйтіп тек осы күресте ғана ол нығайып, шын кадрларды шыңдап шығарып отырды. ГКП алдында да нақ сол қайшылықтар арқылы даму жолы, коммунистік емес ағымдармен, әсіресе социал-демократиялық дәстүрлермен, брандлершілдікпен, тағыда сол сыяқтылармен шын, айтарлықтай және ұзақ күресу арқылы даму жолы тұр. Бірақ мұндай күрес үшін жазалаудың жалаң өзі жеткіліксіздік етеді. Міне сондықтан да мен ГКП Орталық Комитетінің ішкі партия саясатын неғұрлым икемді ету керек деп ойлаймын. ГКП бұл жөніндегі кемшіліктерді түзете алатындығына мен күмәнданбаймын.

5) Кәсіпшілер одағының жұмысы жөнінде Сіздің

айтқаныңыз мүлде дұрыс. Германияда кәсіпшілер одағының ролі Россиядағыдай емес. Россияда одақтар партиядан соң пайда болды және олар, асылында, партияның көмекші органдары болды. Германияда, жалпы алғанда Европада бұлай емес. Онда партия одақтардың арасынан шықты, одақтар бұқараға ықпал ету жөнінде партиямен барынша-ақ бәсекелесті, көбінесе партияның аяғына ауыр тұсау болды. Егер Германиядағы немесе жалпы алғанда Европадағы қалың бұқарадан қандай ұйымды өздеріңе бір табан жақын деп санайсыңдар, партияны ма әлде кәсіпшілер одағын ба деп сұрасаң: олардың партиядан гөрі өздеріне одақтар жақын деп жауап беретіні күмәнсіз. Жаман болсын, жақсы болсын, бұл әйтеуір факт: Европада партияда жоқ жұмысшылар одақтарды капиталистермен күресуде (жалақы, жұмыс күні, қамсыздандыру, т. с.) өздеріне көмектесетін негізгі қамалымыз деп есептейді, ал партияны олар қажет деп есептесе де, оны екінші кезектегі, көмекші нәрсе деп бағалайды. «Әсіре солшылдардың» кәзіргі кәсіпшілер одағына қарсы сырттан жүргізіп отырған тікелей күресін қалың жұмысшылар бұқарасы өздерінің ондаған жыл бойы жасаған, енді келіп «коммунистердің» бұзғысы келетін өздерінің негізгі қамалдарына қарсы жүргізілген күрес деп бағалайтындығы осыдан болып отыр. Осы ерекшелікті есепке алмау — Батыстағы коммунистік қозғалыстың барлық ісін селге кетіру деген сөз. Ал бұдан екі қортынды шығады:

біріншіден, Батыста кәсіпшілер одағын игеріп алмайынша, жұмысшы табының миллиондаған бұқарасын игеруге болмайды,

ал, екіншіден, осы кәсіпшілер одағының ішінде жұмыс жүргізбейінше және онда өз ықпалыңды ны-

ғайтпайынша, кәсіпшілер одағын игеріп алуға болмайды.

Міне сондықтан біздің жолдастардың кәсіпшілер одағы ішінде жұмыс жүргізуіне ерекше көңіл аудару керек.

Әзірге барлық айтарым осы. Тура айтып, тік кеткенім үшін маған ұрыспаңыз.

И. Сталин

28. II. 25 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ

Езілгендердің ұлы қозғалысының бірде біреуі адам баласы тарихында еңбекші әйелдердің қатысуынсыз өткен емес. Барлық езілгендердің ішіндегі әбден езілген еңбекші әйелдер азаттық қозғалысының ұлы жолынан ешқашан да сырт қалған емес және сырт қала алмайды да. Құлдардың азаттық қозғалысы азап шегуші жүздеген, мыңдаған даңқты, қаһарман әйелдер шығарғаны жұртқа мәлім. Крепостнойларды азат ету жолында күресушілердің қатарында ондаған мың еңбекші әйелдер болды. Езілген бұқараның барлық азаттық қозғалыстарының ішіндегі ең күшті қозғалыс болған жұмысшы табының революциялық қозғалысы өз туы астына миллиондаған еңбекші әйелдерді тартқан таңқаларлық нәрсе емес.

Халықаралық әйелдер күні — жұмысшы табы азаттық қозғалысының жеңілмейтіндігінің белгісі және ұлы болашағының хабаршысы.

Еңбекші әйелдер, жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер жұмысшы табының ұлы резерві болып табылады. Бұл резерв халықтың тең жартысы болып та-

былады. Әйелдер резерві жұмысшы табын жақтай ма әлде оған қарсы бола ма, — пролетарлық қозғалыстың тағдыры; пролетарлық революцияның жеңуі немесе жеңілуі, пролетарлық өкіметтің жеңуі немесе жеңілуі осыған байланысты. Сондықтан пролетариаттың және оның алдыңғы қатарлы отряды коммунист партиясының бірінші міндеті: әйелдерді, жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдерді буржуазия ықпалынан құтқару жолында, жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің саяси сауатын ашып, оларды пролетариат туы астына ұйымдастыру жолында батыл күрес жүргізу болып табылады.

Халықаралық әйелдер күні еңбекші әйелдер резервін пролетариат жағына шығарудың құралы болып табылады.

Бірақ еңбекші әйелдер тек резерв болып қана қоймайды. Олар — жұмысшы табының дұрыс саясаты тұсында — жұмысшы табының буржуазияға қарсы қимыл жасаушы нағыз шын армиясы бола алады, болуға тиіс те. Еңбекші әйелдер резервінен жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің армиясын, пролетариаттың ұлы армиясымен қол ұстасып қиймыл жасаушы армиясын, шыңдап шығару керек, — жұмысшы табының екінші және шешуші міндеті міне осында.

Халықаралық әйелдер күні жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдерді жұмысшы табының резервінен пролетариаттың азаттық қозғалысының қиймыл жасаушы армиясына айналдырудың құралы болуға тиіс.

Халықаралық әйелдер күні жасасын!

И. Сталин

„Правда" № 56, 8 март, 1925 ж.

РК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕН — ГОМИНДАННЫҢ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ

Россиялық Коммунист Партиясының Орталық Комитеті Гоминдан[19] көсемінің және Қытай халқынын бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы, Қытай мемлекетінің бірлігі мен дербестігі жолындағы Қытай жұмысшылары мен шаруаларының ұлт-азаттық күресін ұйымдастырушының қайтыс болғанына сіздермен бірге қайғырады.

Россиялық Коммунист Партиясының Орталық Комитеті Сун Ят-сеннің ұлы ісі Сун Ят-сенмен бірге өлмейтініне, Сун Ят-сеннің ісі Қытай халқының жауларына қорқыныш туғызып, Қытай жұмысшылары мен шаруаларының есінде сақталатынына күмәнданбайды.

Россиялық Коммунист Партиясының Орталық Комитеті: империализмнен азат болу жолындағы ұлы күресте Гоминдан Сун Ят-сеннің туын жоғары ұстайды деп сенеді, Гоминдан осы туды империализм мен оның Қытайдағы агенттерін толық жеңіп шығуға дейін абыроймен алып бара алады деп сенеді.

Сун Ят-сен қаза болды, — Сун Ят-сеннің ісі жасасын, Сун Ят-сеннің өсиеттері жасай берсін, нығая берсін!

Россиялық Коммунист Партиясы
Орталық Комитетінің секретары

И. Сталин

13 март, 1925 ж.

„Правда" № 60,
14 март, 1925 ж.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ КОМПАРТИЯЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӨНІНДЕ

Халықаралық жағдай саласында шешуші маңызы бар бірсыпыра құбылыстардың ішінен мына төменгі фактыларды атап кету керек:

1. Күмән жоқ, соғыстан кейінгі дағдарыстың батпағынан капитал қармалап шыға алды. Бірсыпыра капиталистік елдерде валютаның тұрақтануы, жеке елдерде дүниежүзілік сауданың өсіп, өндірістің кеңеюі Европа мен Азия елдеріне капитал шығару, әсіресе ағылшын-американ капиталын шығару, енгізу, — осының бәрі де капиталдың «құрылыс жұмысының» табыстарын көрсетеді. Бұл «жұмыс» ағылшын-американ одағының басшылығымен жүріп жатқаны жұртқа мәлім. Германияны «дауэстендіру» дейтінді, яғни соғыс интервенция әдісінен финанс интервенциясы әдісіне, Германияны финанс жағынан құлдыққа салу әдісіне көшуді әлгі «жұмыстың» ең маңызды нәтижелерінің бірі деп санау керек.

2. Тағыбір күмәнсіз нәрсе — Европа орталығында, Германияда, революциялық өрлеу дәуірі енді аяқталды. Қозғалыс қызып, тасқындап жоғары өрлейтін, ал

партияның ұрандары қозғалыстан кейін қалып қоятын, бұқара өз бетімен жаңа право туғызып, жарыялылықтың шеңберін бұзатын және ескі құрылысқа шабуыл жасайтын революцияның өрлеу дәуірі, — осы дәуір Германияда өтіп болды. Германиядағы жұмысшы қозғалысы шабуыл жасау дәуірінен күш жыйнау дәуіріне, коммунизм ұранымен пролетарлық армияны құрастыру және үйрету дәуіріне енді. Бұл жағдайдың елеулі маңызы болмай коймайтындығын дәлелдеп жатудың керегі бола қоймас. Сондықтан да мұның өзі жаңа жағдайды тез түсініп, революция дайындау жұмысын жаңаша бастау үшін барынша айқын айтылуға тиіс.

Буржуазия үшін **тиімді** маңызы бар фактылар осындай, өйткені ол фактылар капиталдың осы кезеңдегі күші мен табыстарына айғақ болып отыр.

Бірақ бұл фактылармен қатар капитализм үшін **тиімсіз** маңызы бар тағыда бірсыпыра фактылар бар.

1. Күмән жоқ, капитализмнің күшеюімен қатар капиталистік топтардың арасындағы қайшылықтар өсуде, капитализмді әлсірететін және іріп-шірітетін күштер өсуде. Мұнай үшін, Қанада үшін, зат өткізу рыноктері үшін, т. т. үшін Англия мен Америка арасында болып жатқан күрес; шығыс рыноктері үшін ағылшын-американ одағы мен Жапония арасында болып жатқан күрес; Европада ықпалын жүргізу үшін Англия мен Франция арасында болып жатқан күрес; ақыр аяғында, құлдыққа түскен Германия мен үстемдік етуші Антанта арасында болып жатқан күрес, — осының бәрі де жалпы жұртқа мәлім фактылар; бұл фактылар капитал табыстарының тұрақты емес екендігін, капитализмнің «айығу» процесінің өзінде оның ішкі

әлсіздігі мен іріп-шіруінің алғышарттары бар екендігін көрсетеді.

2. Индияда, Қытайда, Египетте, Индонезияда, Солтүстік Африкада, т. б. ұлт-азаттық қозғалысы өсіп, нығаюда, мұның өзі капитализмнің тылын әлсіретеді. Егер империализмнің «айығуы» отарлар мен тәуелді елдерде ықпал жүргізу саласын кеңейтуді керек ететін болып, ал бұл елдердің империализмге қарсы күресі күмәнсіз күшейіп отырса, онда империализмнің бұл саладағы табыстарының тұрақты бола алмайтыны айқын нәрсе.

3. Европада кәсіпшілер одағы қозғалысының бірлігі жолында жүріп жатқан күрес және Амстердам бірлестігінің[20] дағдарысы. Кәсіпшілер одағы қозғалысының бірлігі жолында ағылшын кәсіпшілер одағының жүргізіп жатқан күресі, Совет кәсіпшілер одағының бұл күресті қолдауы, кәсіпшілер одағы қозғалысының бірлігі жолындағы күрестің кәсіпшілер одағын жарғыштау бағытын жүргізіп отырған Амстердамның контрреволюциялық билеуші тобына (Удегест, Зассенбах, Жуо, т. с.) қарсы күреске айналдырылуы, — осылардың бәрі де Амстердам бірлестігінің терең дағдарысты басынан кешіріп отырғанын көрсететін фактылар. Ал Амстердам дағдарысы дегеніміз не нәрсе? Амстердам дағдарысы дегеніміз — буржуазиялық өкіметтің тұрақсыздығы, өйткені Амстердам кәсіпшілер одағының бюрократиясы осы өкіметтің бір бөлшегі және тірегі болып табылады.

4. Совет Одағының экономикалық өсуі. Күмән жоқ, буржуазиялық жазушы-сымақтардың өнеркәсіпті жөндеу Советтер қолынан келмейді деген өсектері толық күйреді. Күмән жоқ, интервенция мен блокададан кейінгі соңғы екі жылдың ішінде Совет Одағының

өнеркәсібі қайта өрлеп, нығайып алды. Күмән жоқ, жұмысшылардың материалдық және мәдени халі осы қысқа мерзім ішінде айтарлықтай көтерілді. Күмән жоқ, мұның өзі бұдан былай да жақсара бермекші. Капиталистік елдердің жұмысшыларын революцияшылдандыру үшін қәзір осы жағдайлардың бәрінің де шешуші маңызы бар. Меніңше, Батыс жұмысшылары Россияны білуге қәзіргідей ешқашан да көңіл қойған емес. Неге? Неге десеңіз, олардың құлағына Совет Одағы деп аталатын жұмысшы мемлекетіндегі советтік жұмысшылардың **жаңа тұрмысы туралы** хабарлар жетіп жатыр, сондықтан олар осы хабарлардың растығын тексеріп білгілері келеді. Бағыттарының алалығына қарамастан ондаған, жүздеген жұмысшылардың Европадан Россияға келіп, оның әрбір түкпірін байқап қарау фактысы, — осы факты Батыс жұмысшылары арасында Россияға көңіл қоюдың ай сайын күмәнсіз арта түсетіндігін көрсетеді. Күмән жоқ, Россияға осылай ағылып келе берушілік арта бермекші. Сөйтіп Россияда өнеркәсіптің дамуындағы әрбір қадамның, онымен қатар капиталистік елдерде дағдыда бола беретін жұмысшылардың күйін нашарлатуға емес, қайта жақсартуға жасалған қадам болатынына олардың көздері жеткен кезде, — сол кезде олар өздеріне, Батыс жұмысшыларына, өз елінде жұмысшы мемлекетін орнатуға уақыт жеткендігін түсінетін болады. Міне сондықтан Совет мемлекетінің өмір сүруінің бір өзі-ақ империализм үшін қатты қауіп болып табылады. Міне сондықтан жарық дүниеде Совет мемлекеті өмір сүріп, дамып отырғанда империализмнің ешбір табыстарының тұрақты болуы мүмкін емес.

Буржуазия үшін **тиімсіз** маңызы бар фактылар осындай, өйткені ол фактылар революциялық қозға-

лыстың күшіне және оның таяу болашақтағы ықтимал табыстарына айғақ болып отыр.

Тиімді және тиімсіз осы қарама-қарсы бағыттардың күресі кәзіргі халықаралық жағдайдың негізі мен мазмұны болып отыр.

Пацифизм дейтін нәрсе қарама-қарсылықтың осы күресінде туып, қайта солып қалды, гүлденіп үлгірмеді, өзінен «заман» да, «ғасыр» да, «дәуір» де жасай алмай кетті. Оның өзі келісімпаздардың үміттерін де, контрреволюционерлердің қауіптерін де ақтай алмады.

Ал осы күресте Пуанкаре мен Юздың, Макдональд пен Эррионың «даңқты» атақтары құрып кетті.

Осы бағыттардың қайсысы басым болып шығады: тиімділері ме әлде тиімсіздері ме?

Күндердің күнінде капитализм үшін тиімсіз, революция үшін қолайлы бағыттардың женетіндігіне күмән болмауға тиіс, өйткені өзін жегідей жеп отырған қайшылықтарды шешу империализмнің қолынан келмейді, өйткені ол қайшылықтардың кейіннен қайта ашылып, күйретуші жаңа күшпен құлаш сермеуі үшін империализмнің оларды уақытша арылту ғана қолынан келеді. Бірақ **кәзіргі** кезеңде капитализм үшін тиімді, қолайлы бағыттардың басым болып отырғандығы да күмәнсіз.

Бүгінгі таңдағы халықаралық жағдайдың ерекшелігі осында.

Осылардың нәтижесінде біз Европа мен Америкада қайдағыбір тыныштық дәуірінің орнағанын көріп отырмыз, бұл тыныштық дәуірін отарлардағы ұлттық-революциялық қозғалыс «бұзып» отыр, оны Совет Одағының өмір сүруі, өркендеуі, күшеюі оны «күңгірттендіріп» отыр.

Буржуазия үшін **мұның өзі тыныс алу,** үсті-үстіне

шет елге капитал шығару, онан әрі байый түсу, отарларда езгі мен қанауды күшейту, Совет Одағына қысым жасауды күшейту, контрреволюцияның барлық күштерін ағылшын-американ капиталының төңірегіне топтау болып табылады.

Капиталистік елдердің пролетариаты үшін мұның өзі күштерді жыйнау дәуірінің туғанын, «бостандықтар» системасымен алмасып отыратын жазалау системасы жағдайларында коммунизм ұранымен пролетариат армияларын құрастыру, үйрету дәуірінің туғаны болып табылады.

Отарлар үшін мұның өзі ұлттық езгі мен қанауға қарсы күрестің күшеюі, империализмнен азат болу жолындағы күрестің күшеюі болып табылады.

Совет Одағы үшін мұның өзі өнеркәсіпті онан әрі өркендетуге, еліміздің қорғаныс қабілетін күшейтуге, барлық елдердің революциялық күштерін империализмге қарсы топтауға бар күшті салу болып табылады.

Коммунистік партиялардың бұдан туатын міндеттері мынадай:

1. Буржуазия лагеріндегі қайшылықтар атаулының бәрін оның күштерін ыдыратуға және әлсіретуге, пролетариаттың позицияларын күшейтуге сарқа пайдалану керек.

2. Отарлар мен тәуелді елдердің ортақ жауға қарсы, империализмге қарсы бағыттаған ұлттық-революциялық қозғалысын барынша қолдау үшін алдыңғы қатарлы елдердің жұмысшы табын әлгі қозғалыспен жақындастырудың нақтылы формалары мен әдістерін белгілеу керек.

3. Кәсіпшілер одағы қозғалысының бірлігі жолында күрес жүргізу ісін алға бастырып, ақырына дейін жет-

кізу керек, бұл істің өзі жұмысшы табының миллиондаған бұқарасын игеріп алудың ең дұрыс құралы екенін есте ұстау керек. Өйткені кәсіпшілер одағын игеріп алмайынша пролетариаттың миллиондаған бұқарасын игеріп алуға болмайды, ал кәсіпшілер одағының ішінде жұмыс істемейінше, онда ай сайын, жыл сайын жұмысшылар бұқарасының сеніміне ие болмайынша кәсіпшілер одағын игеріп алу мүмкін емес. Мұнсыз пролетариат диктатурасын орнатамын деп ойламаса да болады.

4. Ұсақ шаруалар үшін күресу пролетариат диктатурасына бара жатқан партияның кезекті міндеті болып табылатындығын есте сақтай отырып, буржуазиялық мемлекеттің бюрократиялық машинасы мен құдіреті күшті трестердің тонаушы қымбат бағалары арқылы жанышталған ұсақ шаруалармен жұмысшы табын жақындастырудың нақтылы формалары мен әдістерін белгілеу керек.

5. Совет Одағы барлық елдердің революциялық қозғалысының тірегі болып табылатындығын, Совет Одағын сақтап қалу және күшейту жұмысшы табының дүниежүзілік буржуазияны жеңіп шығуын жеделдететінін есте сақтай отырып, Совет өкіметін қолдап отыру керек, империализмнің Совет Одағына қарсы интервенциялық әрекеттерін бұзып отыру керек.

„Правда" № 66,
22 март, 1925 ж.

Қол қойған: И. Сталин

ЧЕХОСЛОВАКИЯ КОМПАРТИЯСЫ ТУРАЛЫ

Коминтерн Атқару Комитетінің чехословакиялық комиссиясындағы сөйленген сөз[21]

27 март, 1925 ж.

Жолдастар! Егер кейбір жолдастардың іске әкеліп шатастырған кейбір ұсақ нәрселері мен жеке адамдар жөніндегі жағдайларды былай қойсақ, онда Чехословакия компартиясындағы алауыздықтарды төмендегі 9 мәселеге әкеп тіреуге болар еді:

1) Чехословакия компартиясында кризис бар ма?

2) Кризистің негізгі себебі қандай?

3) Кризистің сыйпаты қандай, яғни қауіп қайдан туып отыр, солдан ба әлде оңнан ба?

4) Қауіптердің ең күрделісі қайсысы — солшылдық қауіп пе әлде оңшылдық қауіп пе?

5) Оңшылдық қауіптің басқадан да гөрі нақтылы қауіп болатын себебі не?

6) Күрестің нәтижесінде нағыз большевиктендіру ісіне жету үшін және кризистен шын құтылу үшін оңшылдық қауіпке қарсы күресті қалай жүргізу керек?

7) Большевиктендіру ісінің Чехословакия компартиясындағы таяудағы міндеті қандай?

8) Коммунистік Интернационалдың ұлттық секциялар жөніндегі праволары туралы.

9) Крейбих жолдас туралы және жікке бөліну қаупі туралы.

Чехословакия компартиясында кризис бар ма? Я, бар. Мұны екі жақ та мойындап отыр. Бұл жөнінде олардың арасында алауыздық жоқ. Шмераль жолдас, бұдан да әрі кетті, ол әдетте, кейбір жолдастардың ойлайтынынан гөрі кризис тереңірек дегенді айтты.

Кризистің негізгі себебі қандай? Кризистің негізгі себебі революциялық өрлеу дәуірінен толастау дәуіріне көшумен байланысты туып отырған қыйыншылықтар болып табылады деп Шмераль жолдастың айтуы өте дұрыс. Жаңа бағыт алуды талап ететін өткелді дәуір әдетте партия ішінде белгілібір кризис туғызады. Қәзіргі уақытта Чехословакияда да істің жайы осылай болып отыр.

Кризистің сыйпаты қандай және қауіп қайдан туып отыр, солдан ба әлде оңнан ба? Бұл арада да Шмераль жолдас дұрыс айтып отыр, ол — қауіп екі жақтан да — солдан да, оңнан да туып отыр деп дұрыс айтады. Негізгі талаптарға зыян келтіріп, жеке талаптарды асыра бағалау, парламенттік қызметті және кәсіпшілер одақтарындағы жұмысты асыра бағалау қаупі бар. Бұл — оңшылдық қауіп, өйткені бұл буржуазияға бейімделуге әкеп соғады. Екінші жағынан, жеке талаптарды, парламенттік қызметті, кәсіпшілер одақтарындағы жұмысты және басқаларды жете бағаламаушылық қаупі бар. Бұл — солшылдық қауіп, өйткені бұл бұқарадан қол үзуге және сектанттыққа әкеп соғады. Шмераль жолдастың қарама-қарсы екі уклонның осы күресінде орталық позицияны ұстағысы келуі толығынан заңды тілек болып табылады. Кемшілік тек оның осы позицияда тұра алмаған оңшылдардың соңынан еріп кеткендігінде болып отыр.

Осы қауіптердің қайсысы неғұрлым күрделі болып саналады, солшылдық қауіп пе әлде оңшылдық қауіп пе? Мен Шмераль жолдас бұл мәселені түсінген жоқ қой деп ойлаймын. Ол өзінің сынын, ең алдымен, солшылдарға қарсы бағыттап отыр, ол басты қауіп осында деп ойлайды. Ал оның бержағында, фактылар басты қауіп солдан емес, оңнан туып отырғандығын көрсетеді. Шмераль жолдас осыны түсінбеді, міне оның бірінші қатесі осында.

Қазіргі жағдайда оңшылдық қауіптің ең күрделі қауіп болатын себебі не? Мұның үш түрлі себебі бар.

Біріншіден. Өрлеуден толастауға көшу өзінен өзі, өзінің жаратылысы бойынша, оңшылдық қауіптің туу мүмкіншіліктерін арттырады. Егер өрлеу солшылдық қауіпті негізгі қауіп ретінде туғыза отырып, революциялық иллюзияларды туғызатын болса, онда толастау, мұның керісінше, оңшылдық қауіпті негізгі қауіп ретінде туғыза отырып, социал-демократиялық, реформистік иллюзиялар туғызады. 1920 жылы, жұмысшы қозғалысы көтеріліп келе жатқан кезде, Ленин ««Солшылдықтың» балалық ауруы» туралы кітапша жазды. Лениннің нақ осы кітапшаны жазған себебі не? Неге десеңіз ол кезде солшылдық қауіп ең елеулі қауіп болды. Менің ойымша, егерде Ленин тірі болған болса, онда ол қазір «Оңшылдықтың кәрілік ауруы» туралы жаңа кітапша жазған болар еді, өйткені қазір, толастау дәуірінде, келісімпаздық иллюзиялар өсуге тиісті кезде, оңшылдық қауіп ең елеулі қауіп болып табылады.

Екіншіден. Чехословакия компартиясының кем дегенде 70 проценті бұрынғы социал-демократтар болып отыр, бұл туралы Шмераль жолдас баяндап өтті. Мұндай партияда социал-демократиялық әдеттің қай-

талануы мүмкін ғана болып қоймай, сонымен қатар сөзсіз болып отыратындығын дәлелдеп жату керек бола қоймас. Бұл жағдайдың оңшылдық қауіпті тереңдетпей қоймайтындығы айтпаса да түсінікті.

Үшіншіден. Чехословакия мемлекеті чехтардың ұлттық жеңісінің мемлекеті болып табылады. Чехтар өзінің ұлттық мемлекетін қазірдің өзінде үстемдік етуші ұлт ретінде алып отыр, онда жұмысшылар әзірге жаман тұрмайды: жұмыссыздық жоқ, ұлттық мемлекеттің идеясына масайраушылық толығынан болып отыр. Осылардың бәрі Чехословакиядағы таптар арасында ұлттық бейбітшілік орнату иллюзияларын туғызбай қоймайды. Бұл жағдайдың өзі оңшылдық қаупін туғызып, күшейте түсетіндігі айтпаса да түсінікті. Оңшылдар мен солшылдар арасындағы келіспеушіліктің ұлттық бағыт бойынша болу себебін, словактар мен немістер (езілген ұлттар) сол жақта болып, ал чехтардың, — қарама-қарсы жақта болу себебін дәл осыдан іздеу керек. Шмераль жолдас мұндай бөлінушіліктің қауіпті екендігі туралы айтты. Бұл, әрине, дұрыс. Бірақ, егер Чехословакия мемлекетінің жоғарыда көрсетілген ұлттық ерекшеліктерін және чехтардың үстемдік жағдайын еске алатын болсақ, мұндай бөлінушіліктің толығынан түсінікті болып табылатындығы да дұрыс.

Чехословакия компартиясындағы оңшылдық қауіпті ерекше күрделі қауіп ететін негізгі себептер осындай.

Чехословакия компартиясындағы оңшылдық қаупімен күресті қалай жүргізу керек? Бұл сұрау біздерді алауыздықтардың шын мәніне әкеп тірейді. Бұл қауіпке қарсы күрес нағыз үзілді-кесілді және аяусыз

болуға тиісті сияқты еді. Бірақ чех коммунистерінің күресі мұның керісінше болып шықты. Шмераль жолдас оңшылдық қауіппен күресіп отыр ма? Я, күресіп отыр. Бірақ ол күрескенде былай күресіп отыр: оңшылдарды жоюдың орнына сайып келгенде оның күресі оңшылдарды мадақтау, қуаттау, солшылдардың соққыларынан қорғау болып шығып отыр. Бұл біраз таңқаларлық нәрсе, бірақ бұл факт, жолдастар. Шмераль жолдастың екінші және негізгі қатесі осы.

Қортындысын өздеріңіз шығарыңыздар.

1. Крейбих жолдастың троцкизмді жақтайтын мақаласы бар екендігі факт. Бұл документтің партия адамдарының арасында белгілі екендігі және оның қолдан-қолға көшіп жүргендігі факт. Троцкизмнің қауіпті екендігін ашып алуға және кадрларды большевизм рухында тәрбиелеуге партия мүмкіншілік беру үшін бұл документті жұртқа әйгілеп, жұмысшылардың көз алдында оның авторына соққы беру қажет еді, идея жағынан соққы беру қажет еді. Өйткені троцкизм коммунизмдегі оң қанат емей, оңшылдық қауіп емей немене? Осы жағдайда Шмераль жолдас қалай етті? Ол Крейбих жолдастың троцкизмі туралы мәселені бүкіл партияның ісі етудің орнына алғанда мәселені бүркемелеген, мәселені елеусіз қалдырып, партияның құпыя ісіне айналдырып, дағдылы «ұғыныспаушылықтарды» шешу тәртібі бойынша оны жабулы қазан жабулы күйінде «шеше» салған. Бұдан троцкизм мен Крейбих жолдас ұтты. Партия ұтылды. Оңшылдармен күресудің орнына оңшылдарды қорғау болып шықты.

2. Үш кәсіпшілік одағының — транспортшылардың, ағаш өңдеушілердің және құрылыс жұмысшыларының кәсіпшілік одақтарының — кейбір басшылары одақтар-

дың партиядан толық тәуелсіздігін талап ететін әйгілі документті басып шығарғандығы белгілі. Бұл документтің Чехословакия одақтары ішінде толып жатқан оңшыл элементтердің бар екендігін көрсетуші нәрсе болып табылатындығы белгілі. Бұл документті партия алдында тексеріп шешіп, партиядан кәсіпшілер одақтарының қол үзіп кету қаупінен оны сақтандыру керек еді. Осы жағдайда Шмераль жолдас қалай етті? Ол бұл мәселені де алғанда бүркемелеген, бұл документті жыйнап алып, сөйтіп оны партия бұқарасынан жасырып қойған. Оңшылдар да аман қалған, «партияның беделі» де қанағаттандырылған. Осыны оңшылдарға қарсы күрес деп атайды!

3. Парламенттің коммунистік фракциясының арасында оңшыл элементтердің бар екендігі белгілі. Партияның Орталық Комитетіне өздерін қарсы қоюға тырысып, бұл элементтердің партия басшылығынан тіпті шығып кетуге тырысатындығы да белгілі. Бұл элементтерге қарсы күресу әсіресе кәзіргі уақытта, әсіресе толастаудың кәзіргі жағдайларында өте қажетті нәрсе болып табылады. Шмераль жолдас осы қауіппен қалай күресіп отыр? Коммунистік фракцияның оңшыл элементтерін әшкерелеудің орнына, ол оңшыл элементтерді қорғауына алады, сөйтіп партиялық басшылықты мойындау туралы солқылдақ қарар арқылы, жасырын ішкі күрес нәтижесінде, партияның өмір сүруінің төртінші жылында қабылданған қарар арқылы оларды аман алып қалып отыр. Тағы да: оңшылдар ұтты, партия ұтылды.

4. Ақырында, Бубниктің ісіне келейік. Мен мынаны айтуға тиіспін жолдастар: толастау дәуірі дегеніміз ешқандай бой көрсету болмайтын дәуір емес. Толастау дәуірі дегеніміз пролетарлық армияларды құрып,

оларды үйрету дәуірі, оларды революцияға дайындау дәуірі болып табылады. Бірақ пролетарлық армияларды тек бой көрсетулердің барысында ғана үйретуге болады. Соңғы уақытта Чехословакияда өмір сүрудің қымбаттауы осындай бой көрсетулер үшін қолайлы шарттардың бірі болып табылады. Чехословакия компартиясының жағдайды пайдаланып, жақында өмір сүру қымбатшылығы негізінде бірсыпыра демонстрациялар өткізгені белгілі. Қәзірде партиядан шығарылған оңшыл коммунист Бубниктің де жағдайды пайдаланғандығы және партияның тылына соққы беріп, жұмысшылардың бой көрсетулерін болдырмай тастауға тырысқандығы белгілі. Оңшылдардың тылдан жасайтын соққысынан партияны сақтау үшін Шмераль жолдас не істеді? Бубник жөніндегі «жағдайды» пайдаланып, партияның көз алдында оңшылдардың бүкіл тобын осы іс арқылы аяусыз әшкерелеудің орнына Шмераль жолдас оңшылдар туралы принциптік мәселені Бубниктің жеке басына байланысты іске айналдырды, ал Бубниктің жалғыз еместігін, оның одақтарда да, парламенттің коммунистік фракциясында да, баспасөздерде де жақтастарының бар екендігін бүкіл дүние жүзі біледі. Азғантай шығын арқылы (Бубникті партиядан шығару) ол Чехословакия компартиясының негізгі мүдделеріне зиян келтіріп, оңшылдар тобын талқандалудан аман сақтап қалды. Ал, мұны Шмераль жолдас оңшылдармен күресу тактикасы деп атайды!

Шмераль жолдас бұл тактиканы «нәзік», «сыпайы» тактика деп атайды. Бұл тактиканың шынында да нәзік тактика болуы мүмкін, бірақ ол тактиканың оңшылдарға қарсы келісімге келмейтін күрес жүргізу жөніндегі большевиктік тактикамен ешбір қатысы

жоқ, — бұл жөнінде ешқандай күмән болуы мүмкін емес. Шмераль жолдас орыстың: «қай жер нәзік болса, сол жерден үзіледі», деген мақалын ұмытып отыр. Ол күйреуге ұшырамауды нәзіктіліктің қамтамасыз ете алмайтындығын ұмытқан. Мұның нақ осылай болып шыққандығы жұртқа мәлім, өйткені бұл оңшылдар жөнінде жүргізілген «нәзік» тактика бірінші сында үзіліп, күйреді, өйткені осы тактика бойына сіңіп дағдыланған Бубниктің тобы чех пролетариатының жақындағы бой көрсетуін болдырмай қоя жаздады. Шмераль жолдастың «нәзік» тактикасының қортындысында — оңшылдар күшейіп, Бубник сатқындық жасады. Міне сондықтан мен Шмераль жолдастың «нәзік» тактикасын оңшылдарды сақтап қалу тактикасы, кризисті терендету тактикасы, партияны жою қаупін туғызатын тактика деп ойлаймын.

Революцияшыл партия ретінде ескі социал-демократия неліктен апат болды? Шындығында, оның апат болған себебі — Каутский және оның серіктері іс жүзінде оңшылдарды бүркемелеу және оларды аман алып қалу жөнінде «нәзік» тактика қолданды, Эд. Бернштейнмен және оның серіктерімен «бірлесу және тату болу» жөнінде «сыпайы» тактика қолданды. Ақырында бұдан не шықты? Бұдан шыққаны сол: соғыстың нақ болар алдындағы ауыр жағдайда оңшыл социал-демократтар жұмысшыларды дұшпанға сатып кетті, «ортодокстар» оңшылдардың тұтқындарына айналды, ал социал-демократия бүтіндей «жанды өлексе» болып шықты. Егер сіздер Шмераль жолдастың «нәзік» тактикасын коммунизмдегі оңшыл топтарға қарсы аяусыз күресудің большевиктік тактикасымен тезінен және үзілді-кесілді өзгертпесеңіздер, менімше, күндердің күнінде Чехословакиядағы компартия да

нақ осы жағдайға ұшырайды. Мен мұнымен Шмераль жолдасты социал-демократтармен қатар қойғым келмейді. Сөз жоқ, ол коммунист, тіпті, мүмкін, тым жақсы коммунист болар. Бірақ мен мынаны айтқым келеді: егер ол өзінің «нәзік» тактикасынан безбейтін болса, онда ол социал-демократизмге сөзсіз барып қосылады.

Чехословакия компартиясының таяудағы міндеті қандай?

Оның таяудағы міндеті: «әсіресолшыл» уклондармен күресе отырып, оңшылдарды мүлде жеке дара қалдыру, сөйтіп оларды біржолата жою мақсатымен оңшылдық қауіпке қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізуде болып отыр. Оңшыл топтарды толығынан жою үшін партияның шын революцияшыл элементтерінің барлығын біріктіру — партияның міндеті осындай, кризистен шығудың жолы осындай. Мұнсыз Чехословакия компартиясын большевиктендіру туралы ойлауға да болмайды.

Әрине, мұнан оңшылдардың барлығын бірдей жалпалама партиядан міндетті түрде шығару керек деген қортынды шықпайды. Партиядан шығару оңшылдармен күресуде шешуші құрал емес. Негізгі мәселе — принциптік күрес үстінде оңшыл топтарды идеялық және моральдық жағынан талқандауда болып отыр, ал бұл күреске партияның қалың бұқарасын тарту керек. Бұл — партияны большевизм рухында тәрбиелеудің басты және маңызды құралдарының бірі. Партиядан шығару, егер ол нағыз қажет болған күнде, дұшпанның идея жағынан талқандалуының табиғи нәтижесі ретінде қолданылуға тиіс. Бұл жөнінде солшылдар Чехословакияда елеулі қате жіберді, олар Бубникті партиядан шығаруда асығыстық жасады: Бубник

жөніндегі «жағдайды» әбден пайдаланып, оны оңшылдардың жаппай бой көрсету туралы мәселе жөніндегі принциптік позициясымен байланыстырудың орнына, сөйтіп оңшылдардың шын бейнесін әшкерелеудің орнына олар партиядан шығаруға асықты, сөйтіп оңшылдарға қарсы осы негізде бұдан әрі шабуыл жасауға өздерінің барлық жолын кесіп тастады.

Коминтерннің праволарына және оның ұлттық партиялардың ісіне араласуына келетін болсақ, онда мен бұл праволарды қысқартуды жақтаған жолдастардың кейбіреулеріне мүлде қосылмаймын. Олар Коминтернді жұлдыздардан жоғары тұрған ұйымға, жеке партияларда болып жатқан нәрселерге немқұрайды қарайтын және оқыйғаларды шыдамдылықпен тіркеп отыратын ұйымға айналдырғысы келеді. Жоқ, жолдастар, Коминтерн жұлдыздан жоғары тұрған ұйым бола алмайды. Коминтерн — пролетариаттың жауынгер ұйымы, ол жұмысшы қозғалысымен өз өмірінің барлық тамырлары арқылы байланысты, сондықтан ол революцияшыл элементтерді қуаттай отырып және олардың дұшпандарымен күресе отырып, жеке партиялардың ісіне араласпай отыра алмайды. Әрине, партиялардың өзінің ішкі автономиясы болады, партия съездері ерікті болуға тиіс және орталық комитеттер съездерде сайлануға тиіс. Бірақ осыдан келіп Коминтерннің басшылық ету правосын, демек, партиялардың ісіне араласу правосын жоққа шығару, — коммунизмнің жауларына қызмет ету болады.

Ақырында, Крейбих жолдас туралы. Менің ойымша, оның сөзінің бәрі кейбір адамды екіге жарылу қаупімен қорқытуға арналды. Брюн оңшылдарына тимеңіздер, — деді ол, — әйтпесе жаман болады, олармен күреспеңіздер, әйтпесе жік туады. Қайтеміз, көре-

міздағы. Тек Крейбих жолдас біздерді қорқытпай-ақ қойсын, бәрібір қорқыта алмайды. Біздердің талайды көрген адамдар екенімізді оның білмеуі мүмкін емес, сондықтан екіге жарылудан қорқып біз беріле қоймаймыз. Ал, егер ол қорқытудан іске көшетін болса, — онда бұл істе басқа ешкім емес, оның тек өзі ғана зәбірленетіндігін мен оған кесіп айтамын.

Қорытайын. Кризис партияда бар. Кризистің себептері күмәнсіз нәрсе. Басты қауіп оңшылдық болып отыр. Осы қауіпке қарсы үзілді-кесілді және келісімсіз күрес жүргізу керек — міне міндет осы. Оңшылдарды әбден жою үшін партияның барлық революциялық элементтерін біріктіру керек — кризистен шығудың жолы осы.

Партияны нығайтып, оны большевиктендіру үшін және оны болуы мүмкін «шиеленістердің» барлығына да «әрқашан дайын» ету үшін толастау дәуірін пайдалану керек, өйткені жаңа революциялық өрлеуге жол ашып, «күйеудің сап ете қалатын» «күні де, сағаты да белгісіз».

„Правда“ № 72,
29 март, 1925 ж.

ЮГОСЛАВИЯДАҒЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ

Коминтерн Атқару Комитетінің югославиялық комиссиясында сөйленген сөз

30 март, 1925 ж.

Жолдастар! Менің ойымша, большевиктерде ұлт мәселесі қойылысының негізгі мәнін Семич онша толық түсінбеген. Большевиктер ұлт мәселесін Октябрьге дейін де, Октябрьден кейін де, революция туралы жалпы мәселеден ешуақытта да бөліп қараған емес. Ұлт мәселесіне большевиктік көзқарастың негізгі мәні — большевиктер ұлт мәселесін қашанда революциялық болашақпен тығыз байланысты етіп қарап келді.

Семич Лениннен цитата келтіріп, Ленин ұлт мәселесінің белгілі түрде шешілуін конституцияға жазып баянды етуді жақтады дейді. Мұнымен, ол, Семич, Ленин ұлт мәселесін конституциялық мәселе деп, яғни революция мәселесі емес, реформа мәселесі деп есептеді-мыс дегенді айтқысы келген болар. Бұл мүлде дұрыс емес. Ленин конституциялық иллюзияларға ешқашан да шалдыққан жоқ және шалдығуы да мүмкін емес. Бұған көз жеткізу үшін оның шығармаларын қараса болғаны. Егер Ленин конституция туралы айтса, онда ол ұлт мәселесін шешудің конституциялық жолын емес, революциялық жолын айтқан болатын, яғни

ол конституцияны революция жеңісінің нәтижесі деп қараған болатын. Біздің ССР Одағында да Конституция бар, жәнеде ол ұлт мәселесінің белгілі түрде шешілгенін көрсетеді. Біракта, бұл Конституция буржуазиямен келісім жасау нәтижесінде емес, жеңімпаз революция нәтижесінде жарыққа шықты.

Семич бұдан әрі Сталиннің ұлт мәселесі жөнінде 1912 жылы жазылған[22] белгілі кітапшасына сүйенеді, ол одан өз айтқандарының дұрыс екендігін жанамалап болса да дәлелдейтін бірдеме табуға тырысады. Бірақ бұл сүйену нәтижесіз болып шықты, өйткені ол ұлт мәселесіне өзінің «конституциялық» көзқарасын азынаулақ болса да дәлелдейтін цитата таппағаны былай тұрсын, тіпті жәй ғана ішарат та тапқан жоқ және таба алмайды да. Мұны дәлелдеу үшін мен Сталиннің кітапшасының белгілі жерін Семичтің есіне түсіргім келеді, кітапшаның бұл жерінде ұлт мәселесін шешудің австриялық методы (конституциялық) орыс марксистерінің методына (революциялық) қарсы қойылады.

Ол жері мынау:

«Австриялықтар «ұлттар бостандығын» ұсақ реформалар арқылы, ақырын аяңмен жүзеге асырғысы келеді. Мәдени-ұлттық автономияны, практикалық шара ретінде ұсына отырып, олар негізгі өзгеріске, демократиялық-азаттық қозғалысқа әсте сүйенбейді, мұны олар келешекте мақсат етпейді. Ал орыс марксистері «Ұлттар бостандығы» туралы мәселені мүмкін болатын негізгі өзгеріспен, демократиялық-азаттық қозғалыспен байланыстырады, өйткені реформаларға сүйенуге олардың дәлелі жоқ. Ал мұның өзі Россиядағы ұлттардың мүмкін болатын тағдыры жағынан қарағанда істің жайын мәнді түрде өзгертеді».

Түсінікті болар.

Ал мұның өзі Сталиннің жеке өзінің көзқарасы

емес, бұл ұлт мәселесін революция туралы жалпы мәселемен тығыз байланысты етіп қарап келген және солай қарайтын орыс марксистерінің ортақ көзқарасы.

Орыс марксизмі тарихында ұлт мәселесі қойылысының екі кезеңі болды деп қысылмай айтуға болады: бірінші, яғни октябрьге дейінгі кезеңі, екінші, яғни октябрь кезеңі болды. Бірінші кезеңде ұлт мәселесі буржуазиялық-демократиялық революция туралы жалпы мәселенің бір бөлігі ретінде, яғни пролетариат пен шаруалар диктатурасы туралы мәселенің бір бөлігі ретінде қаралды. Екінші кезеңде, ұлт мәселесі кеңейіп, отарлар туралы мәселеге айналған кезде, ұлт мәселесі мемлекет ішіндегі мәселеден дүниежүзілік мәселеге айналған кезде, — міне бұл кезде ұлт мәселесі пролетарлық революция туралы жалпы мәселенің бір бөлігі ретінде, пролетариат диктатурасы туралы мәселенің бір бөлігі ретінде қаралды. Көріп отырсыздар, бірінші кезеңде де, екінші кезеңде де бұл мәселеге нағыз революциялық көзқарас болды.

Менінше, осының бәрін Семич өзі әлі де толық түсінбеген сықты. Оның ұлт мәселесін конституциялық негізге түсіруге, яғни оны реформа мәселесі ретінде қарауға әрекет етуі осыдан шығады.

Бұл қатеден Семичтің екіншібір қатесі шығады, оның бұл екінші қатесі сол — ол ұлт мәселесін шындығында шаруа мәселесі ретінде қарағысы келмейді. Бұл аграрлық мәселе емес, шаруа мәселесі, өйткені бұл екеуі екі басқа нәрсе. Ұлт мәселесін шаруа мәселесімен бірдей деп қарауға болмайтындығы өте дұрыс, өйткені ұлт мәселесі шаруа мәселелерінен басқа тағы ұлт мәдениеті, ұлт мемлекеттілігі және басқадай мәселелерді қамтыйды. Бірақ сонымен қатар ұлт мәселесінің негізі, оның ішкі мәні қалай дегенмен де

шаруалар мәселесі болатындығы да күмәнсіз. Шаруалар ұлт қозғалысының негізгі армиясы болып табылатындығын, шаруалар армиясы болмайынша ұлт қозғалысы күшті болмайтындығын және бола алмайтындығын нақ осымен түсіндіруге болады. Ұлт мәселесі **шындығында** шаруалар мәселесі болып табылады дегенде нақ осыны айтады. Меніңше, Семичтің бұл ережені қабылдағысы келмеуінде ұлт қозғалысының ішкі қуатын жете бағаламаушылық және ұлт қозғалысының халықтық, революциялық терең сыйпаты бар екендігін түсінбеушілік жатыр. Бұл түсінбеушілік пен бұл жете бағаламаушылық үлкен қауіп болып табылады, өйткені бұл практика жүзінде қозғалыстың ішіндегі, айталық, хорваттардың ұлт бостандығы жолындағы қозғалысының ішіндегі потенциалды күштерді бағаламаушылық, бүкіл Югославия компартиясы үшін елеулі шиеленістер туғызатын бағаламаушылық болып табылады.

Семичтің екінші қатесі осында.

Семичтің Югославиядағы ұлт мәселесін халықаралық жағдайдан және Европада болуы мүмкін перспективалардан байланыссыз алып түсіндіруге әрекеттенуін де күмәнсіз қате деп есептеу керек. Қазіргі кезде хорваттар мен словендер арасында теуелсіздік алу үшін айтарлықтай халық қозғалысы жоқ дегенге сүйеніп, Семич ұлттардың бөліну правосы туралы мәселені жалпы мәселе ең болмағанда маңызы жоқ мәселе болып табылады деген қортындыға келеді. Әрине, бұл дұрыс емес. Егер тіпті бұл мәселе қәзіргі кезде маңызды емес деген пікірге келісқеннің өзінде де, **егер соғыс басталса**, немесе соғыс бастала қалған кезде, **егер Европада революция бола қалса**, немесе ол бола қалған кезде, бұл мәселе толығынан маңызды мәселе бо-

ла алады. Ал егер империализмнің жаратылысы мен дамуын еске алсақ, онда соғыстың сөзсіз басталатындығына және **олардың** өздерінің де қайткенде де қым-қыйғаш ұрысатындығына, күмәндануға болмайды.

1912 жылы, біз, орыс марксистері, ұлттық программаның бірінші жобасын жазған кезде, бізде Россия империясының бірде бір шеткері аймағында тәуелсіздік жолындағы ауызға аларлықтай қозғалыс әлі жоқ болатын. Алайда, біз ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы, яғни әрбір ұлттың бөліну және өзалдына мемлекет болып өмір сүру правосы туралы пунктті өз программамызға енгізуді қажет деп таптық. Неге? Неге десеңіз біз сол кездегі бар нәрсеге ғана сүйеніп қойғанымыз жоқ, сонымен қатар халықаралық қарым-қатнастардың жалпы системасында дамып келе жатқан және болғалы келе жатқан нәрселерге де сүйендік, яғни біз онда тек сол кезбен ғана санасып қоймай, келешекпен де санастық. Жәнеде, егер белгілібір ұлт бөлінуді талап етсе, онда орыс марксистері мұндай ұлттардың әрбіреуінің бөлінуге правосы болуын қамтамасыз ету жолында күресетіндігін біз білдік. Семич өзінің сөзінде бірнеше рет Сталиннің ұлт мәселесі жөніндегі кітапшасына сүйенді. Ал Сталиннің бұл кітапшасында өзін өзі билеу және тәуелсіздік жөнінде былай делінген:

«Европада империализмнің өсуі — кездейсоқ нәрсе емес. Европаның шеңбері капитал үшін тар болды, сондықтан капитал жаңа рынок іздеп, арзан жұмысшылар іздеп, өзіне орын тауып орналасатын жерлер іздеп басқа елдерге ұмтылып отыр. Ал мұның өзі сыртқы шиеленісушілік пен соғысқа соқтырады... Ішкі және сыртқы жағдайлар қыюласқанда — Россиядағы белгілібір ұлт өзінің тәуелсіздігі туралы мәселені алға қойып, шешуді керек деп табарлықтай болып қыюласуы әбден мүмкін. Мұндай реттерде кедергі жасау, әрине, марксистердің ісі емес».

Бұл 1912 жылы жазылған болатын. Бұл қағыйданың кейіннен, соғыс кезінде де, соғыстан соң да, әсіресе Россияда пролетариат диктатурасы жеңгеннен кейін түгелдей дәлелденілгенін сіздер білесіздер.

Әсіресе кәзірде, ұлттық-революциялық қозғалыс езілген елдерде терең орын теуіп отырғанда және Россияда революция жеңіп отырғанда мұндай мүмкіншіліктер жалпы Европада және әсіресе Югославияда барынша есепке алынуға тиіс. Сонымен қатар Югославияның толығынан тәуелсіз ел емес екендігін, оның белгілі империалистік топтармен байланысты екендігін, демек, күштердің Югославиядан тыс жүргізіп жатқан үлкен әрекеттерінен оның кете алмайтындығын да еске алуға тура келеді. Сондықтан егер сіздер Югославия партиясы үшін ұлттық программа жасайтын болсаңыздар, — ал әңгіме бұл жағдайда дәл осы туралы болып отыр, — онда программаның тек кәзіргі кездегі бар нәрсеге ғана негізделіп коймай, сонымен қатар халықаралық қатнастардың нәтижесінде дамып және сөзсіз болып отыратын нәрселерге де негізделуге тиіс екендігін есте ұстау керек. Міне сондықтан меніңше ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселені кейінге қалдыруға болмайтын, маңызды, мәселе деп есептеу керек.

Енді ұлт программасы туралы айтайық. Югославиядағы советтік революция туралы қағыйда, буржуазияны құлатпайынша, революция жеңбейінше ұлт мәселесі азды-көпті қанағаттанарлық түрде шешіле алмайды дейтін қағыйда ұлттық программаның бастама пункты болуға тиіс. Әрине, басқаша болуы да мүмкін. Мәселен, соғыстан бұрын Норвегия Швециядан бөлінгенде осындай өзгешелік болды, бұл туралы Ленин өз мақалаларының бірінде[23] толық айтады. Бірақ бұл

соғыстан бұрын және бірден-бір қолайлы жағдайлар болған кезде болды. Соғыстан кейін және әсіресе Россияда советтік революция жеңгеннен кейін мұндай жағдайлардың болуы мүмкін бола қоймас. Қалай дегенмен де мұндай мүмкіншіліктердің болуына кәзірде үміттің аз қалғандығы соншалық, тіпті оны жоққа тән деуге болады. Ал егер бұлай болатын болса, онда біздің жоққа тән маңызы бар нәрсеге сүйеніп программа жасай алмайтындығымыз анық. Міне сондықтан революция туралы қағыйда ұлттық программаның бастама пункты болуға тиіс.

Сонсоң. Ұлттық программаға ұлттардың мемлекет болып бөлінуге дейін өзін өзі билеу правосы туралы арнаулы пункт міндетті түрде енгізілуге тиіс. Мен кәзіргі уақыттағы ішкі жағдайлар мен халықаралық жағдайлар кезінде мұндай пунктты қабылдамай болмайтындығын жоғарыда айтқан болатынмын.

Ақырында, программада Югославиядан бөлінуді қажет деп таппайтын Югославияның басқа ұлттары үшін ұлттық-территориялық автономия беру туралы арнаулы пункт те болуға тиіс. Мұндай комбинация шығарылып тасталуға тиіс деп ойлайтындардың ойы дұрыс емес, ол теріс. Белгілібір жағдайларда, Югославияда советтік революцияның жеңу нәтижесінде, біздің Россияда болғаны сыяқты, кейбір ұлттардың бөлінгісі келмеуі барынша мүмкін нәрсе. Мұндай жағдай үшін, Югославия мемлекетінің совет құрылысы негізінде автономиялық ұлттық мемлекеттердің федерациясына айналуын еске ала отырып, программада автономия туралы пункттің болуы қажет екендігі түсінікті.

Сонымен, бөлінгісі келетін ұлттар үшін бөліну

правосы болсын, ал Югославия мемлекеті ішінде қалғысы келетін ұлттар үшін автономия правосы болсын.

Ұғыныспаушылықтардан аулақ болу үшін бөліну **правосын** бөліну **міндеті,** бөліну борышы деп түсінуге болмайтындығын айтуға тиістімін. Ұлт бұл правоны бөліну жөнінде пайдалана алады, бірақ оның мұны пайдаланбауына да болады, ал егер ол мұны тілемесе, онда оның өз ісі жәнеде мұнымен есептеспеуге болмайды. Кейбір жолдастар бөліну правосын міндетке айналдырып жүр, сөйтіп, мәселен, хорваттардың **қайткен күнде де** бөлінуін талап етеді. Бұл позиция дұрыс емес, сондықтан оны тастау керек. Правоны міндетпен шатастыруға болмайды.

„Большевик" журналы, № 7,
15 апрель, 1925 ж.

ДЕРЕВНЯДАҒЫ КОМСОМОЛ АКТИВІ ТУРАЛЫ

РК(б)П Орталық Комитеті Ұйымдастыру Бюросының мәжілісінде сөйленген сөз

6 апрель, 1925 ж.

Жолдастар! Бірінші міндет — жастар одағын өзінің негізгі пролетарлық ұйтқысымен, бүкіл Одаққа басшылық ететін ұйтқымен қамтамасыз ету болып табылады. Баяндамашы бұл мәселе жөнінде ештеме айтқан жоқ. Бұған таңқалуға да болмайды, өйткені әңгіме пролетарлық ұйтқы туралы емес, деревнядағы комсомол жұмысы туралы болып отыр. Бірақ бұл пролетарлық ұйтқыны қамтамасыз ету ісінің комсомолдың негізгі міндеті болып қалуына кедергі жасамайды. Меніңше бұл бағыттағы жұмыс комсомолда азды-көпті ойдағыдай жүріп жатыр. Асырмай айтқанның өзінде — жұмысшы жастарды комсомолға тарту ойдағыдай жүріп жатыр, сонымен қатар бүкіл жұмысшы жастарының кемінде оннан тоғызын Одақтың қамтыйтың уақыты алыс емес деуге болады.

Екінші міндет — пролетарлық ұйтқыға жататын қызметкерлерді осы ұйтқының күштері арқылы жастардың шаруа бөліміне шын басшылық беруді қамтамасыз ету үшін Одақтың түйінді пункттері мен негізгі аудандарына дұрыс орналастыру болып табыла-

ды. Мен жастардың шаруа бөлімінің сан жағынан Одақтың пролетарлық бөлімінен артық екендігін еске аламын. Мен жастардың пролетарлық күштерін Совет Одағының барлық уездері мен болыстарына бірдей етіп бөлу үшін ол күштердің жеткіліксіз екендігін еске аламын. Сондықтан бұл күштерді шаруа жастарына басшылық жасауды бірден-бір оңай қамтамасыз етуге болатын пункттерге орналастыру қажет. Комсомол бұл міндетті де бірінші міндет сияқты етіп ойдағыдай орындап келді деп мен ойламаймын. Алайда бұл міндетті орындау жөніндегі жұмысты комсомол бар жігерімен жүргізуде, ал ол жұмыс жақын уақыттың ішінде өзінің нәтижелерін кешіктірмей береді деп ойлауға негіз бар.

Үшінші міндет — деревняда комсомолды шаруа жастарының көптеген активімен қамтамасыз ету, бұл активті саяси жағынан тәрбиелеу, оны деревняда пролетарлық саясатты жүргізуші ету, сөйтіп оны шаруалардың еңбекші бұқарасымен пролетариатты байланыстырушы цементке айналдыру болып табылады. Бұл іс қыйын және өте күрделі іс. Бұл міндетті қысқа мерзім ішінде шешу ешбір мүмкін емес. Бұл міндетті орындап шығу үшін комсомолдың пролетарлық ұйтқысы бар жігерін салып, үлкен күш жұмсауы керек. Бірақ оны қалай болғанда да шешу керек. Өйткені мұнсыз комсомолды нығайту да, жұмысшылар мен шаруалардың арасындағы ұштасуды қамтамасыз ету де мүмкін емес.

Бірақ комсомолды шаруалар активімен қалай қамтамасыз ету керек, бұл активті қалай тәрбиелеу керек және оның деревняда пролетарлық саясатты жүргізе алуына қалай жету керек?

Деревнядағы ұялардың секретарьларының өзі ком-

сомолда 27 мың адамнан кем емес деседі. Ұялардың секретарьларынан басқа тағыда кооперацияда, Советтерде, шаруа комитеттерінде, мәдени мекемелерде және басқаларда белсенді комсомол қызметкерлері бар деседі. Осының барлығын бірге қосқанда комсомолдың деревнядағы активі кемінде 100 мың болуға тиіс деседі. Осының бәрі дұрыс па — оны айту қыйын. Ал егер осының бәрі дұрыс болса, онда бұл активті шебер пайдаланған күнде оның керемет істер жасауға қаблеті бар ұлы күш болып шығатындығын айтуға тиіспін. Партияның осы кезде деревнядағы активінің саны анағұрлым кем болып отырғандықтан бұл жағдай онан сайын маңызды болып отыр.

Сонымен міндет мынада болып отыр: **осы толып жатқан активті қалай тәрбиелеу керек, оны қалай еткенде деревняда пролетарлық саясатты сөз жүзінде емес, іс жүзінде жүргізушіге айналдыру керек.**

Мен бұл жерде толық жауап беремін деп ойламаймын. Кішкентай сөзде толық жауап беруге ешқандай мүмкіншілік жоқ. Бірақ бұл міндетке дұрыс кірісу үшін қажетті кейбір негізгі шарттарды кішкентай сөзде де толығынан атап өтуге болады. Бұл қандай шарттар? Бұл шарттар кем дегенде сегіз.

Біріншіден. Деревнядағы жастар активінің Совет өкіметінің кедейлер пайдасына шығарылған декреттерін түсіндіретін көпшілік қолды кітапшалармен және мағлұматнамалармен жабдықталуы қажет. Бұл активтің осы декреттерді жатқа білуі, оларды кедейлерге түсіндіре білуі және кулактардың озбырлықтарына қарсы кедейлердің мүдделерін осы декреттердің негізінде қорғай білуі қажет. Меніңше, осы декреттерді білмеушілік және деревнядағы «әкімдердің» оларды үнемі бұза беруі деревнядағы бүгінгі таңдағы тәртіп-

тердің негізгі қырсықтарының бірі болып табылады. Деревнядағы комсомол активі революциялық заңдылықты қорғауға тиіс. Ол деревняда кедейлерді бар күшін салып қорғауға тиіс. Сөз жоқ, бұл міндет жай ғана міндет және қарапайым міндет. Совет декреттеріне байланысты бұл жай ғана және күнделікті міндетті жүзеге асырудан гөрі, дүниежүзілік революция туралы мылжыңдау әлде қайда жеңіл екендігі күмәнсіз. Бірақ бұл міндетті жүзеге асырмайынша, ешқандай ұштастырудың мүмкін емес екендігі де күмәнсіз.

Екіншіден. Деревнядағы жастар активінің агрономияның бастапқы негіздері жөнінде жазылған түсінікті кітапшалармен жабдықталуы қажет. Бұл активтің ауыл шаруашылығын үйренуі, оны жақсарту жөніндегі шараларымен танысуы және шаруаларға бұл саладан қажетті түсініктер бере білуі қажет. Шаруа комсомолға көбіне жеңіл-желпі, мысқылдап қарайды. Мұның бұлай болатын себебі шаруа оны шаруашылықтан қол үзген, надан, жалқау деп санайды. Осыдан келіп — комсомолды шаруашылықпен жақындастырып, байланыстыру міндеті туады. Комсомолдың белсенді мүшесі ауыл шаруашылығымен қоян-қолтық араласқанда ғана, шаруа шаруашылығын көтеру жөнінде, оны жақсартып, нығайту жөнінде пайдалы кеңестер беруге үйренсе ғана шаруа оған сеніп, оны сыйлайды. Бұл іс, әрине, жеңіл іс емес және тіпті іш пыстыратын іс болуы да мүмкін. Бірақ бұл оның шаруалардың сеніміне жету жөніндегі қажетті іс болуына кедергі жасамайды.

Үшіншіден. Деревнядағы комсомол активінің ауылшаруашылық салығы туралы, жергілікті бюджет туралы, елдің финансылық хал-жайы туралы жазылған түсінікті кітапшалармен жабдықталуы қажет. Са-

лық пен жергілікті бюджет — кәзір деревнядағы бірінші іс болып отыр. Осы негізде кәзіргі уақытта есепсіз көп қыянаттар істеліп жүр. Кедейді ренжітпейтіндей етіп, ал кулакты салық ауыртпалықтарынан босатпайтындай етіп салықтарды қалай бөлу керек; жергілікті бюджет бойынша түскен ақшаларды қалай жұмсау керек және нақ қандай мұқтаждыққа жұмсау керек; осы негізде істеліп жүрген қыянаттарды әшкерелеп, оларды қалай жою керек, — осының бәрі комсомолдың белсенді мүшесі көңіл бөлмей кете алмайтын мәселелер. Мұндағы міндет — осы істің бәріне араласып, еңбекші шаруаға көмек көрсету болып табылады. Бұл іс те жеңіл іс емес және тіпті адам тартарлық та іс емес. Бірақ мұндай іс болмайынша деревняда ешқандай совет құрылысы болмайды және бола да алмайды.

Төртіншіден. Деревнядағы комсомол активінің совет құрылысы, Советтердің жандануы және селоны, болысты, ауданды, уезді және сондайларды басқару ісіне шаруаларды тарту мәселелері жөнінде жасалған түсінікті мағлұматнамалармен жабдықтау қажет. Комсомолдың белсенді мүшесі, жергілікті Советтердің праволары мен міндеттері туралы, Советтер жөнінде шаруалардың праволары мен міндеттері туралы, сайлау системасы туралы, сайлаулардың өту тәртібі және сондайлар туралы ережелерді жатқа білуі қажет. Мұндағы міндет — партия мен Совет өкіметінің деревнядағы саясатын шаруаларға түсіндіру, бұл саясаттың адал және шын ниетпен жүзеге асуын қамтамасыз ету болып табылады. Мұнысыз шаруалар арасында сенімге ие болу туралы, шаруа активін көбейту туралы, деревняда пролетарлық демократия орнату туралы ойлауға да болмайды.

Бесіншіден. Деревнядағы комсомол активін ауылшаруашылық, кредит және тұтыну кооперациялары туралы, артельдер мен жалпы бірлестік шаруашылықтар туралы жазылған түсінікті кітапшалармен жабдықтау қажет. Комсомолдың белсенді мүшесінің деревняда кооперативтік қоғамды орнату ісіне шаруаларды тарта білуі қажет. Бұл іс барынша қыйын және күрделі іс, бірақ деревняні социалистік құрылысқа жұмылдыру үшін өте-мөте қажет іс. Қазірде ауылшаруашылық және кредит кооперациясының шаруалар үшін бірінші дәрежелі маңызы бар. Мұндағы міндет — кооперацияны шаруалардың өзіне тән, жақын ісіне айналдыру болып табылады. Сонымен қатар шаруалардың кедей топтарының құрал-саймандарының жоқтығы деревняда ерекше жағдай туғызатындығын бұл жағдайдың мемлекеттің кредит мекемелері тарапынан белгілі көмек болған күнде, деревняда артельдер мен бірлестік шаруашылықтар құруға мүмкіншілік туғызатындығына көңіл аудару керек. Міндет мынада болып отыр: бұл арада шаруалардың кедей топтарына тиісті жеңілдікпен кредит алуға мүмкіншілік беру керек. Комсомолдың белсенді мүшесінің осындай өте маңызды мәселелерге көңіл аудармауына болмайды.

Алтыншыдан. Деревнядағы комсомол активінің деревнядағы мәдениет құрылысы жөніндегі — оқу-үйлерінің өркендеуі, сауатсыздықты жою және сондайлар жөніндегі қажетті нұсқаулармен және материалдармен жабдықталуы керек. Мұндағы міндет — комсомолдың белсенді мүшесі деревнядағы Советтер мен жалпы мәдени күштерінің совет мәдениетін орнату жөніндегі шын көмекшісі болуға тиіс.

Жетіншіден. Деревнядағы комсомол активінің қолдарында комсомолдардың праволары мен міндеттері

туралы, комсомол мен партия арасындағы, Советтер мен комсомол арасындағы қарым-қатнастар туралы нақтылы нұсқаулар болуы керек. Комсомолдың белсенді мүшесі өзіне партия мен Совет өкіметінің деревнядағы көмекшісімін деп карауы қажет. Деревняда өктемдік жүргізу, Советтерге сайлау жүргізу уақытындағы жүгенсіздіктер, партия, кооператив, совет ұйымдарының ісін өздері істеуге тырысушылық, дінге қарсы насихат деп аталатын насихатты жүргізуде бұзақылық істер істеу, — міне мұның бәрі комсомол туына кір келтіретін және комсомол атағына мүлде лайықсыз істер ретінде дереу лақтырылып тасталуға және жойылуға тиіс. Мұндағы міндет — осы оңбағандықтарға қарсы аяусыз күрес жүргізу және комсомол мен партия-совет органдары арасында дұрыс қарым-қатнастар орнату болып табылады.

Сегізіншіден. Деревнядағы комсомол активінің жұмысшылар мен шаруалар одағы туралы, осы одақтың мәні мен маңызы туралы, пролетариат диктатурасы туралы, коммунизм негіздері туралы, ақырында, Октябрь революциясының тарихы туралы және бұрын, помещик пен патша тұсында, шаруалардың қалай тұрғандығы туралы, олардың кәзірде қалай тұратындығы және ұштастыруды нығайтып, социализмді орнатқан жағдайда қалай тұратындығы туралы жазылған түсінікті кітапшалармен жабдықталуы қажет. Комсомолдың белсенді мүшесінің шаруаның соқыр-сеніміне тіпті де ыңғайланбауы керек. Бұл соқыр-сенімдермен есептесу және оларға ыңғайлану — бұл екеуі екі түрлі нәрсе. Ол шаруамен коммунист тілінде сөйлесе білуге тиіс. Ол социализмнен тысқарғы жерде шаруаға күн көру жоқ екендігіне нақтылы фактылар арқылы шаруаның көзін жеткізе білуге тиіс.

Қомсомолдың деревнядағы активін саяси жағынан тәрбиелеп, оны деревняда пролетариат саясатын жүргізуші ету үшін орындалуға тиіс шарттар осындай.

Қомсомолдың Орталық Комитетінің міндеті — осы шарттардың жүзеге асуын оңайлату және олардың жүзеге асуын бақылап отыру болып табылады.

Деревняда комсомолдың қатты өсу қаупі туралы сөз қылып жүр. Шаруа жастарының комсомолға ағылып кіруі туралы сөз қылып жүр. Мұнда біраз қауіп бар екендігінде күмән жоқ. Бірақ, сонымен қатар, егер комсомол жоғарыда қойылған міндеттерді абroймен орындап шыға алатын болса, онда комсомолдың бұл қауіптен қорықпауға тиіс екендігі де күмәнсіз. Деревняда 100 мың комсомол активі бар — бұл күш үшін шаруа жастарының комсомолға қандай ағылып кіруі болса да қауіпті бола алмайды. Барлық іс — осы активті саяси жағынан тәрбиелеу жөнінде қажырлы жұмыс жүргізуде болып отыр. Барлық іс — осы активтің жұмысын жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайту ісіне шеберлікпен бағыттауда болып отыр. Барлық іс — жаңа совет құрылысына шаруаларды тарту үшін осы активті пайдалануда болып отыр.

Сонымен жалпы комсомолдың және әсіресе комсомол Орталық Комитетінің кезекті міндеттері: а) негізгі басшылық ететін күш ретінде комсомолда пролетарлық ұйтқыны қамтамасыз ету; б) бұл ұйтқының белсенді күштерін осындайлық басшылық ету тұрғысынан Совет Одағының негізгі аудандарына орналастыру; в) деревнядағы жастар активін деревняда пролетарлық саясатты қамтамасыз ету рухында тәрбиелеу болып табылады.

Осы міндеттерді алға қоя отырып және оларды

күнделікті жұмыс үстінде орындай отырып, деревняда комсомолдың жолында тұрған қауіптерден қорықпауға болады.

„Правда“ № 86,
15 апрель, 1925 ж.

ПРОЛЕТАРЛЫҚ СТУДЕНТТЕРДІҢ БҮКІЛ ОДАҚТЫҚ БІРІНШІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА[24]

Үндеу

Жолдастар! Сіздердің өкілдеріңіз маған партияның және партия жұмысының пролетарлық студенттер арасындағы міндеттері туралы айтуды ұсынды.

Осы жөнінде сіздерге бірнеше сөз айтуға рұхсат етіңіздер.

Қәзіргі кезеңдегі жағдайдың ерекшелігі мынада болып отыр: еліміздің пролетариаты социалистік құрылыс үшін қажетті жағдайды өздері жасап алды. Бір елде, капиталистер мен помещиктерді жеңіп, қуып шыққан елде социализмді құруға болмайды деу дұрыс емес. Пролетариат диктатурасы бар, орасан көп қоры бар және барлық елдердің пролетарларының көмегін пайдаланып отырған ел — міне мұндай ел социализмді құра алады және құруға тиіс. Лениннің — еліміздің «толық социалистік қоғам құру үшін» барлық мүмкіншіліктері бар деуі дұрыс. Қәзіргі кезеңнің ерекшелігі сол: социализмді құру жөнінде біз қәзірдің өзінде ілгері қарай елеулі қадамдар жасап үлгірдік, сөйтіп социализмді иконадан күнделікті практикалық жұмыстың қарапайым нәрсесіне айналдырдық.

Осы құрылыс жұмысында пролетарлық студенттердің ролі қандай болуға тиіс?

Оның ролі, бірінші дережелі болмағанның өзінде, күмәнсіз маңызды роль. Жоғарғы оқу орындары мен коммунистік жоғарғы оқу орындары, жұмысшы факультеттері мен техникумдар — бұлар шаруашылық пен мәдениет жөнінде командирлер дайындайтын мектептер. Медиктер мен экономистер, кооператорлар мен педагоктер, кеншілер мен санақшылар, техниктер мен химиктер, ауылшаруашылық қызметкерлері мен жолшылар, мал дәрігерлері мен орман-тоғайшылар, электриктер мен механиктер, — осының бәрі жаңа қоғамды орнату жөніндегі, социалистік шаруашылық пен социалистік мәдениетті орнату жөніндегі келешектегі командашылар. Жаңа командирлер болмайынша жаңа армияны құруға болмайтындығы сияқты, жаңа командирлер болмайынша жаңа қоғамды да құруға болмайды. Жаңа командирлердің артықшылығы мынада: олар бір топ байлардың мүдделерін көздеп еңбекшілерді қанау үшін емес, бір топ қанаушылар тобына қарсы еңбекшілерді азат ету үшін жаңа қоғам құратын адамдар. Бар әңгіме мынада: жоғарғы оқу орындарының студенттері — жұмысшылар мен шаруалар, партиядағылар мен партияда жоқтар — өздерінің осы құрметті ролін түсінетін болсын және оны қорыққандықтан емес, ар-ұят үшін саналы түрде орындайтын болсын.

Сонымен, партияның бірінші міндеті — пролетарлық студенттердің социалистік шаруашылық пен социалистік мәдениеттің саналы құрылысшысы болуына жету болып табылады.

Бірақ еңбекшілер бұқарасының тікелей көмегі болмайынша, жалғыз ғана командирлердің күштерімен

жаңа қоғам орнатуға болмайды. Социализм орнату үшін жаңа командирлердің бір ғана білімдері жеткіліксіз болады. Бұл үшін оның үстіне бұл командирлерге еңбекшілер бұқарасы сеніп, оларға көмек беріп отыруы қажет. Капитализм тұсында құрған ескі командирлердің ерекше сыйпаты мынада: олар шаруалар мен жұмысшылардан қол үзген болатын, олар өздерін еңбекшілер бұқарасынан жоғары қоятын, ол осы бұқараның сенімін де, көмегін де бағаламайтын, осының нәтижесінде оларда мұның екеуі де жоқ болатын. Біздің ел үшін бұл жол мүлде жарамсыз жол. Жаңа шаруашылық пен жаңа мәдениетті құру жөніндегі жаңа командирлердің, шындығында, жаңа болып аталатын себебінің өзі сол: олар команданың ескі жолдарынан шұғыл және біржолата қол үзуге тиіс. Бұқарадан қол үзбеу керек, қайта олармен тығыз байланыс жасау керек; өзін бұқарадан жоғары қоймау керек, қайта оларды соңынан ертіп, бұқараның алдында болу керек; бұқарадан бөлектенбеу керек, қайта олармен қосылып, бұқараның көмегіне, сеніміне жету керек, — жаңа командирлердің шаруашылыққа басшылық етуінің жаңа жолдары осындай. Бұл жолдардан тыс ешқандай социалистік құрылыстың болуы мүмкін емес.

Сонымен партияның екінші міндеті — пролетарлық студенттерді өздерін еңбекші бұқараның айрылмастай бір бөлімі деп қарайтын ету, студенттерді өздерін қоғам қайраткерлері деп қарайтын ету және өздерін нағыз қоғам қайраткерлерінше ұстайтын ету болып табылады.

Ақырында, студент-коммунистер туралы жеке арнап айтайық. Студент-коммунистердің ғылымдарға үлгіруі шамалы деседі. Олар бұл жөнінде партияда жоқ-

тардан недәуір артта қалып отыр деседі. Студент-коммунистер «жоғарғы саясатпен» айналысуды жақсы көреді, сөйтіп уақытының үштен екісін «дүниежүзілік мәселелер туралы» ұшы-қыйырсыз айтыстарға жібереді деседі. Осының бәрі рас па? Менің ойымша, рас. Ал, егер бұл рас болса, онда бұдан, ең кем дегенде, екі қортынды туады. Біріншіден, бұлай болғанда коммунист-студенттер социалистік құрылыстың жаман басшысы болу қаупі туады, өйткені ғылымдарды меңгермейінше, социалистік қоғамды құруға басшылық етуге болмайды. Екіншіден, жаңа командирлер дайындап шығару ісінің жаңа адамдардан жаңа смена болуды керек етіп отырған ескі профессорлардың қолындағы монополия болу қаупі туады, өйткені ғылымды меңгергісі келмейтін немесе меңгере білмейтін адамдардан жаңа смена мен жаңа ғылыми қызметкерлерді дайындауға болмайды. Осының бәрі бүкіл социалистік құрылыс ісіне тікелей қауіп туғызбай қоймайтындығы айтпаса да түсінікті. Мұндай жағдаймен келісуге бола ма? Әрине келісуге болмайды. Сондықтан студент-коммунистер және жалпы совет студенттері өздеріне кезекті міндет етіп айқын және анық түрде мынаны қоюы керек: ғылымды меңгеріп, ескі профессорлардың орнына жаңа совет адамдарынан жаңа смена дайындау керек. Мен мұнымен студенттер саясатпен айналыспауға тиіс дегенді тіпті де айтқым келмейді. Тіпті де олай дегім келмейді. Мен тек коммунист-студенттердің саяси жұмысты ғылымды меңгеру ісімен ұштастыра білуге тиіс екендігі туралы ғана айтып отырмын. Бұл екеуін ұштастыру қыйын деседі. Бұл, әрине, дұрыс. Бірақ, коммунистер қай кезден бері қыйыншылықтан қорқатын болды? Біздің құрылыс жолындағы қыйыншылықтардың өзі ол қыйыншы-

лықтармен күресу, оларды жеңу үшін болып отырады.

Мұның үстіне тағы бір жағдайды еске алу керек. Меніңше, біздің еліміздің революциялық тәжрибелері мен дәстүрлері бар, мұнда ой-пікірдің тоқырап, жылжымай қалуына қарсы күресушілік бар, міне бұл елде ғылымдардың көркеюі үшін тамаша қолайлы жағдайлар жасайды. Қапиталистік мектептің ескі профессорларына тән мещандық топастық пен тоғышарлықтың ғылымның аяғына тұсау болып табылатындығына күмәндануға бола қояр ма екен. Осындай кемшіліктерден сау жаңа адамдар ғана толық және еркін ғылыми творчествоға қабілетті болатындығына күмәндануға бола қояр ма екен. Бұл жөнінде біздің еліміздің тұсаулардан бос ғылымдардың негізі мен тірегі болуға зор келешегі бар. Меніңше, біз кәзірдің өзінде-ақ осы жолға түсе бастадық. Бірақ, егерде коммунист-студенттер ғылым дамуының сара жолынан сырт қалса, бұл қайғылы және лайықсыз болған болар еді. Міне сондықтан ғылымды меңгеру ұранының ерекше маңыз алып отырғандығы осыдан.

Сонымен, партияның үшінші міндеті — пролетарлық студенттерді, ең алдымен, коммунист-студенттерді, ғылымды меңгерудің қажет екенін түсінетін ету және оны меңгеретін ету, — болып табылады.

Сәлемімді қабыл алыңыз. ***И. Сталин***

15/IV—1925 ж.

„Правда“ №87,
16 апрель, 1925 ж.

РК(б)П XIV КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ

РК(б)П Москва ұйымының активіне жасалған баяндама

9 май, 1925 ж.

Жолдастар! Меніңше, партиямыздың XIV конференциясында[25] қабылданған қарарларды бұл жерде толығынан талдап жатудың қажеті жоқ. Мұның өзі көп уақыт алған болар еді, тіпті мұның керегіде жоқ. Меніңше, осы қарарларда бастан-аяқ айтылған негізгі бағыттарды атап өтумен қанағаттануға болар еді. Мұның өзі қабылданған қарарлардың негізгі қортындыларын баса көрсетуге бізге мүмкіншілік берген болар еді. Ал мұның өзі, өз ретінде, осы қарарларды келешекте де зерттеп үйрену ісін жеңілдеткен болар еді.

Егер қарарларды алып қарайтын болсақ, онда бұл қарарларда қозғалған әртүрлі мәселелерді негізгі алты топқа қорытуға болар еді. Мәселелердің бірінші тобы — халықаралық жағдайға қатысты мәселелер. Мәселелердің екінші тобы — капиталистік елдердің компартияларының кезекті міндеттеріне қатысты мәселелер. Мәселелердің үшінші тобы — отар елдер мен тәуелді елдердің коммунистік элементтерінің кезекті міндеттеріне қатысты мәселелер. Мәселелердің төртінші тобы — кәзіргі халықаралық жағдайға байланысты

еліміздегі социализмнің тағдырларына қатысты мәселелер. Мәселелердің бесінші тобы — партиямыздың деревнядағы саясатына және партия басшылығының жаңа жағдайлардағы міндеттеріне қатысты мәселелер. Ал, ақырында, алтыншы тобы — барлық индустриямыздың негізгі өзегіне, атап айтқанда — металл өнеркәсібіне қатысты мәселелер.

I

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Негізінен алғанда үстіміздегі кезеңнің сыйпатын айқындайтын халықаралық жағдайдағы жаңалық пен ерекшелік неде болып отыр?

Соңғы дәуірде ашылып, халықаралық жағдайға әсерін тигізген жаңалық мынада болып отыр: Европада революцияның тасуы қайта бастады, біраз толастау дәуірі басталды, бізде капитализмнің уақытша тұрақтауы деп аталатын нәрсе басталды, мұнымен қатарма-қатар Совет Одағының шаруашылық дамуы мен саяси қуаты артты.

Революцияның қайтуы, толастау дегеніміз не? Мұның өзі дүниежүзілік революцияның аяқталуының басы дүниежүзілік пролетарлық революцияның жойылуының басы емес пе? Ленин былай деген болатын: біздің елімізде пролетариат жеңіп шыққаннан кейін жаңа заман басталды, дүниежүзілік революция заманы, дау-жанжалдар мен соғыстарға, шабуылдар мен шегінулерге, жеңістер мен жеңілістерге толы заман, капитализмнің негізгі елдерінде пролетариаттың жеңіп шығуына апаратын заман басталды деген болатын. Егер Европада революцияның тасуы қайта бастаған болса, онда бұдан Лениннің жаңа заман туралы қа-

ғыйдасы, дүниежүзілік революция заманы жөніндегі қағыйдасы сонымен күшін жояды екен деген мағна шыға ма? Бұдан, сонымен Батыста пролетарлық революция болмайды екен деген мағна шыға ма?

Жоқ, ондай мағна шықпайды.

Дүниежүзілік революция заманы дегеніміз — революцияның жаңа кезеңі, бірсыпыра жылды қамтыйтын, бәлкім, пешеме ондаған жылдарды да қамтыйтын тұтас бір стратегиялық дәуір. Осы дәуірдің ішінде революцияның қайтатын да, тасыйтын да кездері болады және болуға тиіс.

Біздің революция өзінің дамуында екі кезеңнен, екі стратегиялық дәуірден өтіп, Октябрьден кейін үшінші кезеңге, үшінші стратегиялық дәуірге кірді. Бірінші кезең (1900—1917 жылдар) 15 жылдан аса созылды. Ол кезең патша өкіметін құлату, буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңіп шығу мақсатын көздеді. Бұл дәуірдің ішінде революцияның талай-талай қайту, тасу кездері болғанын көрдік. Біз 1905 жылы революцияның тасығанын көрдік. Бұл тасу революцияның уақытша жеңілуімен аяқталды. Сонан кейін біз революцияның бірсыпыра жылға созылған (1907—1912 жылдар) қайту дәуірін көрдік. Бұдан әрі біз Лена уақыйғалары (1912 ж.) арқылы басталған жаңа тасуды көрдік, бұл тасу кейін соғыс уақытында жаңа қайтумен ауысты. 1917 жыл (февраль) жаңа тасу туғызды, бұл тасу халықтың патша өкіметін жеңіп шығуымен, буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңіп шығуымен аяқталды. Әрбір қайтудан соң жойымпаздар революцияның біткен жері осы деп сендірмек болды. Алайда революция, бірсыпыра қайту, тасу кездерінен өтіп, 1917 жылғы февральда жеңіске алып келді.

Революцияның екінші кезеңі 1917 жылдың февральнан басталды. Ол кезең: империалистік соғыстан шығу, буржуазияны құлату, пролетариат диктатурасының жеңіп шығу мақсатын көздеді. Бұл кезең немесе бұл стратегиялық дәуір небәрі 8 айға созылды. Бірақ мұның өзі барып тұрған революциялық кризистің 8 айы болды, бұл кезде, соғыс пен күйзеліс революцияны асықтырып, оның жүрісін әбден тездетті. Дәл сондықтан революциялық кризистің осы 8 айы дағдыдағы конституциялық дамудың ең болмағанда 8 жылына барабар бола алады және болуға тиіс. Ілгеріде өткен стратегиялық дәуір сияқты, бұл стратегиялық дәуір де, мұны революция ісіндегі тоғышарлардың ұғынатынындай, тікелей жоғары көтерілетін жаппай өрлеумен сыйпатталмайды, қайту, тасу кезеңдерінің болуымен сыйпатталады. Бұл дәуірде біз июль демонстрациясы күндерінде революциялық қозғалыстың аса зор тасығанын көрдік. Біз, бұдан әрі, большевиктердің июльдегі жеңілісінен кейін революцияның қайтуын көрдік. Бұл қайту корниловшылдықтан кейін қолма-қол жаңа тасумен, Октябрь революциясының жеңісімен аяқталған тасумен ауысты. Бұл дәуірдегі жойымпаздар июль жеңілісінен кейін революция толығынан жойылды деп былшылдады. Алайда революцияның бірсыпыра сынақтар мен қайтуларды басынан кешіріп, пролетарлық диктатураның жеңіп шығуымен аяқталғандығы жұртқа мәлім.

Октябрь жеңісінен кейін біз үшінші стратегиялық дәуірге, революцияның үшінші кезеңіне кірдік, бұл кезең дүние жүзі көлемінде буржуазияны жеңу мақсатын көздеді. Бұл дәуірдің қаншалық ұзаққа созылатынын айту қыйын. Қалай болғанда да, оның ұзаққа созылатындығы күмәнсіз, сонымен бірге оның өзінің

тасулары мен қайтулары болатындығы да күмәнсіз. Дүниежүзілік революциялық қозғалыс кәзіргі кезеңде революцияның қайту дәуіріне кірді, ал бұл қайту төменде өзім айта кететін бірсыпыра себептерден келіп, тасумен ауысуға тиіс, бұл тасу пролетариаттың жеңіп шығуымен аяқталуы мүмкін, тіпті жеңіспен аяқталмай, жаңа қайтумен ауысуы да мүмкін, бұл қайту, өз ретінде, революцияның жаңадан тасуымен ауысуға тиіс. Басымыздан кешіріп отырған дәуірдегі жойымпаздар орнаған тыныштықты дүниежүзілік революцияның біткен жері деседі. Бірақ олар қателесіп отыр, бұрын, революциямыздың бірінші, екінші кезеңі дәуірлерінде, революциялық қозғалыстың әрбір қайтуын революцияның талқанданылуы деп қараған кезде, олар нақ осылай қателескен болатын.

Революцияның әрбір кезеңі ішіндегі, әрбір стратегиялық дәуірдің ішіндегі толқулар осындай.

Осы толқулар нені көрсетеді? Ол толқулар Лениннің дүниежүзілік революцияның жаңа заманы туралы қағыйдасының өз маңызын жойғандығын немесе жоюы мүмкіндігін көрсете ме? Әрине, көрсетпейді! Ол толқулар революцияның дағдыда тікелей жоғары көтеріле беретін үздіксіз өрлей беру жолымен дамымай, бұраң жолдар арқылы, шабуылдар мен шегіністер арқылы, тасу, қайту жолдар арқылы дамыйтындығын ғана көрсетеді, бұл жолдар дамудың барысында революция күштерін шыныктырып, революцияның түпкілікті жеңіп шығуын дайындап отырады.

Революцияның қайта бастаған дәуірінің тарихи мәні, басымыздан кешіріп отырған толастау дәуірінің тарихи мәні осындай.

Бірақ революцияның қайтуы мәселенің бір ғана жағы. Мәселенің екінші жағы мынада: Европада ре-

волюцияның қайтуымен қатар біз Совет Одағының шаруашылық дамуының қаулап өсіп келе жатқанын, оның саяси күшінің арта түсіп отырғанын көреміз. Басқаша айтқанда, біз тек капитализмнің тұрақтауын ғана көріп отырғанымыз жоқ. Біз мұнымен қатар совет құрылысының тұрақтауын да көріп отырмыз. Сонымен, біз екі бірдей тұрақтауды: капитализмнің уақытша тұрақтауын және совет құрылысының тұрақтауын көріп отырмыз. Осы екі тұрақтаудың арасында уақытша аздаған тепе-теңдік орнап отыр — басымыздан кешіріп отырған халықаралық жағдайдың ерекше сыйпаты осындай.

Ал тұрақтау дегеніміз не? Мұның өзі тоқырау деген емес пе, ал егер тұрақтау дегеніміз тоқырау болатын болса, онда оны совет құрылысына қолдануға бола ма? Жоқ. Тұрақтау дегеніміз тоқырау емес. Тұрақтау дегеніміз белгілібір жағдайды бекіндіріп, одан әрі дамый беру деген сөз. Дүниежүзілік капитализм кәзіргі жағдай негізінде бекініп қана қойған жоқ. Ол өзінің ықпал жүргізу саласын кеңейтіп, өзінің байлықтарын арттырып, алға басып барады, ілгері қарай дамып барады. Капитализм дамый алмайды, өзінің «Империализмінде»[26] Ленин ұсынған капитализмнің іріпшіру теориясы капитализмнің дамуын болғызбайдымыс деу дұрыс емес. Ленин өзінің «Империализм» жөніндегі кітапшасында: капитализмнің өсуі капитализмнің прогрестік түрде іріп-шіритінін теріске шығармайды, қайта оның солай болатынын шамалайды, оның солай дамуын дайындайды деп толық дәлелдеді.

Сонымен, біз екі бірдей тұрақтау бар екенін көріп отырмыз. Бір полюсте капитализм тұрақтап, қол жеткен жағдайын бекіндіріп, әрмен қарай дамуда. Екінші

полюсте совет құрылысы тұрақтап, жеңіп алған позицияларын өзіне бекітіп, жеңіске қарай алға басуда.

Кімді кім жеңеді — мәселенің түйіні осында.

Бір тұрақтау не себепті екінші тұрақтаумен қатарма-қатар кетіп барады, осы екі полюс қайдан шығып отыр? Оның себебі, дүние жүзінде бұдан былай енді бірыңғай және бәрін қамтыйтын капитализм жоқ. Оның себебі, дүние жүзі екі лагерьге — ағылшын-американ капиталы бастаған капитализм лагеріне және Совет Одағы бастаған социализм лагеріне жарылды. Оның себебі, халықаралық жағдай барған сайын осы екі лагерьдің арасындағы күштердің арасалмағымен белгіленетін болады.

Сонымен, кәзіргі кезеңге ерекше тән нәрсе: капитализм мен совет құрылысының тұрақтанғандығы ғана емес, сонымен қатар капиталға біраз пайдалы, демек, революциялық қозғалысқа біраз зиянды болатын осы екі лагерь күштерінің уақытша біраз тепе-тең түскендігі, өйткені кәзіргі орнаған толас, революциялық өрлеуге қарағанда, социализм үшін, уақытша болғанның өзінде де, тиімсіз екендігі күмәнсіз.

Осы екі тұрақтаудың арасында қандай айырмашылық бар? Тұрақтаудың бірі қайда апарады, ал екіншісі қайда апарады?

Капитализм жағдайларындағы тұрақтау капиталды уақытша күшейте отырып, мұнымен бірге капитализм қайшылықтарын: а) түрлі елдердің империалистік топтары арасындағы; б) әрбір елдің жұмысшылары мен капиталистері арасындағы; в) барлық елдердің отар халықтары мен империализмнің арасындағы қайшылықтарды қалай да шиеленістірмей қоймайды.

Ал совет құрылысы жағдайларындағы тұрақтау социализмді күшейте отырып, мұнымен бірге: а) елі-

міздің пролетариаты мен шаруаларының арасындағы; б) езілген елдердің отар халықтары мен пролетариат арасындағы; в) барлық елдердің жұмысшылары мен пролетариат диктатурасының арасындағы қайшылықтарды қалай да жеңілдетіп, өзара қарым-қатнастарды жақсартпай қоймайды.

Мәселе мынада: жұмысшы табын қанауды күшейтпейінше, еңбекшілердің көпшілігі аштықтың аз-ақ алдында күн елтпейінше, отар елдер мен тәуелді елдерді езуді күшейте түспейінше, дүниежүзілік буржуазияның түрлі империалистік топтары арасындағы дау-жанжалдар мен қақтығыстары болмайынша капитализм дамый алмайды. Ал совет құрылысы мен пролетариат диктатурасы болса, жұмысшы табының материалдық және мәдени хал-жайының үздіксіз көтерілуі жағдайында ғана, Совет елінің барлық еңбекшілерінің тұрмыс-халі үздіксіз жақсарып отырған жағдайда ғана, барлық елдер жұмысшыларының прогрестік түрде жақындасуы мен бірігуі жағдайында ғана, отар елдер мен тәуелді елдердің езілген халықтарын пролетариаттың революциялық қозғалысы төңірегіне ұйымдастырған жағдайда ғана дамый алады.

Капитализмнің даму жолы дегеніміз еңбекшілердің орасан көпшілігінің қайыршылануы мен аштықтың аз-ақ алдында күн елту жолы, осы еңбекшілердің болмашы ғана бір тобын пара арқылы өзіне қарату, тойындыру жолы.

Пролетариат диктатурасының даму жолы дегеніміз, оның керісінше, еңбекшілердің орасан көпшілігінің тұрмыс-халін үздіксіз көтеру жолы.

Дәл сондықтан капитализмнің дамуы капитализмнің қайшылықтарын шиеленістіретін жағдайларды ту-

ғызбай қоймайды. Дәл сондықтан бұл қайшылықтарды шешуге капитализмнің шамасы келмейді.

Әрине, егер капиталистік елдер арасында отарлар үшін болатын дау-жанжалдар мен соғыстарға бастап әкелетін капиталистік дамудың әркелкілігі туралы заң болмаған болса; егер капитализм артта қалған елдерге, арзан шикізаты мен арзан жұмысшылары бар елдерге капитал шығармай-ақ дамый алатын болса; егер «метрополиялардағы» капиталистік жолмен жыйналған қорлардың басы артықтары шетке капитал шығаруға жұмсалмай, егіншілікті айтарлықтай дамытуға және шаруалардың материалдық күйін жақсартуға жұмсалатын болса; егер, ақырында, осы басы артық қорлар бүкіл жұмысшы табы бұқарасының тұрмыс дәрежесін көтеруге тұтынылатын болса, — онда жұмысшы табын қанаудың күшеюі туралы, капитализм жағдайларында шаруалардың қайыршылыққа айналуы туралы, отар елдер мен тәуелді елдерде езушіліктің күшеюі туралы, капиталистер арасындағы дау-жанжалдар мен соғыстар туралы сөз де болмаған болар еді.

Бірақ онда капитализм капитализм болмас еді.

Бар әңгіме мынада: осы қайшылықтардың барлығын шиеленістірмейінше сөйтіп, сайып келгенде, капитализмнің құлауын оңайлататын жағдайларды көбейтпейінше, капитализм дамый алмайды.

Бар әңгіме мынада: пролетариат диктатурасы, оның керісінше, барлық елдердің революциялық қозғалысын жоғарғы сатыға көтеретін және пролетариаттың түпкілікті жеңіп шығуын даярлайтын жағдайларды жасамайынша, ілгері қарай дамый алмайды.

Екі тұрақтаудың арасындағы айырмашылық осындай.

Міне сондықтан капитализм тұрақтауы ұзаққа да бара алмайды, берік те бола алмайды.

Қапитализмнің тұрақтауы туралы мәселені нақтылы түрде қарастырып шығалық.

Қапитализм тұрақтауының көрінісі нақтылы неде?

Біріншіден, Германияны тонаудың әдістері мен мөлшері туралы Америка, Англия және Франция уақытша өзара келісімге келгендігінен көрінді. Басқаша айтқанда, өздері Германияны дауэстендіру деп атайтын өзара келісімге келе алды. Бұл келісімді пәлендей тыянақты келісім деп атауға бола ма? Жоқ, болмайды. Оның себебі, біріншіден, ол келісім қожайынсыз, яғни герман халқынсыз жасалды; екіншіден, оның себебі, бұл келісім герман халқын екі жақтап езу, ұлт буржуазиясының езуі және шетел буржуазиясының езуі болып табылады. Германия сияқты мәдениетті ұлт, герман пролетариаты сияқты мәдениетті пролетариат революциялық дүмпу көтеруге бірсыпыра елеулі әрекеттер жасамайынша екі бірдей бұғауға көнеді деп ойлау — мұның аты кереметке сену деген сөз. Шындығында, тіпті Гинденбургті президент етіп сайлау[27] сияқты кертартпалықтың өзі-ақ Антантаның Германияға қарсы жасаған уақытша келісімінің тыянақсыз, күлкі боларлықтай тыянақсыз екендігіне күмән қалдырмайды.

Екіншіден, капитализмнің тұрақтауы ағылшын, американ және жапон капиталының Қытайда, халықаралық капиталдың осы кеңбайтақ рыногінде ықпал жүргізу саласын белгілеу жөнінде, оны тонаудың әдістері жөнінде уақытша келісім жасай алғандығынан көрінді. Бұл келісімді пәлендей тыянақты келісім деп есептеуге бола ма? Тағыда болмайды. Біріншіден, оның себебі: келісушілер тонаудан үлес алу үшін

қырқ пышақ болып өзара ұрысып жатыр және алда да ұрыса бермек; екіншіден, оның себебі: бұл келісім қытай халқының сыртынан жасалды, қытай халқы шетел тонаушыларының заңдарына бағынғысы келмейді және бағынбайды. Қытайда революциялық қозғалыстың өсуі шетел империалистерінің қулық-сұмдықтарынан дәнеңе шықпайтынын көрсетіп отырған жоқ па?

Үшіншіден, капитализмнің тұрақтауы алдыңғы қатарлы елдердің империалистік топтарының «өз» отарларын тонау, езу ісіне өзара бір-бірінің кіріспеуі жөнінде уақытша келісе алғандығынан көрінді. Осы келісімді немесе осы келісім әрекетін пәлендей тыянақты деп есептеуге бола ма? Жоқ, болмайды. Біріншіден, оның себебі, империалистік топтардың әрқайсысы басқалардың отарларының бір пұшпағын өз пайдасына жырып алуға тырысады және тырыса бермекші; екіншіден, оның себебі, империалистік топтардың отарлардағы қысымы мен езу саясаты тек осы отарларды шындап, революцияшылдандыратын болады, сөйтіп революциялық кризисті шиеленістіреді. Империалистер Индияны «жуасытуға», Египетті ауыздықтауға, Мароккоңы момақан етуге, Үнді-Қытайдың, Индонезияның қол-аяғын матауға әрекеттенуде, айла-шарлар мен қулық-сұмдықтар атаулының бәрін қолданып бағуда. Бұл жөнінде олардың кейбір «нәтижелерге» жетуі де мүмкін. Бірақ осы қулық-сұмдықтардың ұзаққа бармайтынына және бара алмайтынына күмәндануға бола қоймас.

Төртіншіден, капитализмнің тұрақтауы алдыңғы қатарлы елдердің империалистік топтарының Совет Одағына қарсы бірыңғай майдан ашу жөнінде келісу-

ге әрекет жасап бағуынан көрінуі мүмкін. Бұл келісімді бірдеме етіп жасай алар да делік. Түрлі түсті тәсілдер атаулының бәрін пайдаланып, Софияда болған қопарылысқа[28], т. с. байланысты сұрқыя әрекеттерді де пайдалана отырып, олар бірыңғай майдан тәрізді бірдемені жасай алар да делік. Сонда біздің елімізге қарсы жасалған келісімді, немесе осы саладағы тұрақтауды, пәлендей тыянақты, пәлендей нәтижелі бола алады деп есептеуге дәлел бар ма? Меніңше, мұндай дәлел жоқ. Неге? Неге десеңіз, біріншіден, капиталистердің бірыңғай майдан ашу, бірлесіп шабуылға аттану қаупі бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде бүкіл елді Совет өкіметінің төңірегіне топтандыратын және Совет өкіметін, мәселен, «14 мемлекеттің» шабуыл жасаған кезіндегіден де, зор дәрежеде берік қамалға айналдыратын зор құрсау жасаған болар еді. Жұртқа әйгілі Черчилльдің 14 мемлекет шабуылы туралы қорқытуын еске түсіріңіз. Бүкіл еліміздің Совет өкіметінің төңірегіне империалистік жыртқыштарға қарсы бірігуі үшін осылай деп қорқытудың бір өзі-ақ жеткілікті болғаны өздеріңізге мәлім. Неге десеңіз, екіншіден, Совет еліне қарсы жорық жасау дұшпандардың тылында толып жатқан революциялық түйіндерді сөзсіз шешеді, империализмнің қатарынірітіп, аздырады. Ал мұндай түйіндердің соңғы уақыттың ішінде әбден көбейгендігіне, бұлардың империализмге ешбір жәйлі тимейтіндігіне, — бұған күмән бола қоймас. Неге десеңіз, үшіншіден, біздің еліміз кәзірдің өзінде жалғыз емес, өйткені оның Батыс жұмысшылары мен Шығыстың езілген халықтары сияқты одақтастары бар. Совет

Одағына қарсы соғыс ашу империализмнің дәл өз жұмысшылары мен өз отарларына қарсы соғыс ашуы болып табылатындығына күмәндануға бола қоймас. Егер біздің елімізге дұшпандар шабуыл жасай қалса, біздің қол қусырып қарап отырмайтындығымызды, дүние жүзінің барлық елдерінде революциялық арыстанды даяр тұрғызуға өзіміздің барлық шараны қолданатындығымызды дәлелдеп жатпасам да болады. Бұл жөнде біздің онша-мұнша тәжрибеміз бар екенін капиталистік елдердің басшыларының білмеуі мүмкін емес.

Капитализм тұрақтауының тыянақты бола алмайтындығын, бұл тұрақтау капитализмнің жеңілуіне бастап әкелетін жағдайлардың туғандығы болатынын, ал совет құрылысының тұрақтауы, мұның керісінше, пролетариат диктатурасын нығайтуға, барлық елдердің революциялық қозғалысын көтеруге және социализмнің жеңіп шығуына бастап әкелетін жағдайлардың үздіксіз өскендігі болатынын көрсететін фактылар мен пікірлер осындай.

Екі бірдей тұрақтаудың, капиталистік тұрақтау мен советтік тұрақтаудың, осы принциптік қарама-қарсылығы шаруашылық пен басқару тәртібінің екі системасының арасындағы, капитализм системасы мен социализм системасы арасындағы, қарама-қарсылықтың көрінісі болып табылады.

Кімде-кім осы қарама-қарсылықты түсінбесе, ол адам кәзіргі халықаралық жағдайдың негізгі мәнін ешқашан да түсіне алмайды.

Кәзіргі кезеңдегі халықаралық жағдайдың жалпы сыйпаты осындай.

II

ҚАПИТАЛИСТІК ЕЛДЕРДІҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯЛАРЫНЫҢ КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

Мәселелердің екінші тобына көшемін.

Қапиталистік елдердің коммунистік партияларының жағдайындағы ерекшелік пен жаңалық кәзіргі кезеңде мынада: революцияның тасу дәуірі революцияның қайту дәуірімен, толастау дәуірімен ауысты. Міндет мынада: басымыздан кешіріп отырған толастау дәуірін коммунистік партияларды нығайту үшін, оларды большевиктендіру үшін, оларды кәсіпшілер одағына сүйенетін шын мәнісіндегі бұқаралық партияларға айналдыру үшін, пролетарлық емес таптардың еңбекші элементтерін және, ең алдымен, шаруаларды пролетариаттың төңірегіне ұйымдастыру үшін, ақырында, пролетарларды революция рухында, пролетариат диктатурасы рухында дайындау үшін пайдалану керек.

Мен Батыстың коммунистік партияларының алдында тұрған кезекті міндеттердің барлығын тізбектеп айтып жатпаймын. Егер осыған байланысты қарарларды, әсіресе Коминтерннің кеңейтілген пленумының большевиктендіру туралы қарарын[29] оқысаңыздар, бұл міндеттердің нақтылы дәл неде екенін түсіну сіздерге қиын болмайды.

Менің негізгі міндетке, Батыстың коммунистік партияларының негізгі міндетіне тоқталғым келеді, ал ол міндетті айқындап алу басқа кезекті міндеттердің бәрін де шешіп алу ісін жеңілдетеді.

Бұл нендей міндет?

Бұл міндет мынада: Батыстың коммунистік партиялатын кәсіпшілер одағымен нық біріктіру керек.

Бұл міндет мынада: кәсіпшілер одағы қозғалысының бірлігі жөніндегі науқанды өрістетіп, ақырына дейін жеткізу керек, барлық коммунистердің сөзсіз, міндетті түрде кәсіпшілер одағына кіруі керек, жұмысшыларды капиталға қарсы бірыңғай майданға біріктіру жөнінде онда үздіксіз жұмыс жүргізіп отыру керек, сөйтіп кәсіпшілер одағына сүйенуге коммунистік партияларға мүмкіндік беретін жағдайлар туғызу керек.

Осы міндетті жүзеге асырмайынша коммунистік партияларды шын мәнісіндегі бұқаралық партияларға айналдыру да, пролетариаттың жеңіп шығуына қажетті шарттарды даярлау да мүмкін емес.

Батыстағы кәсіпшілер одағы мен партиялар — біздің Россиядағы партия мен кәсіпшілер одағындай емес. Батыстағы кәсіпшілер одағы мен партиялардың арасындағы қарым-қатнастар біздің Россияда орнаған қарым-қатнастарға әлдеқайда сәйкес келмейді. Бізде кәсіпшілер одағы партиядан соң, жұмысшы табы партиясының төңірегінен шықты. Партия мен оның ұйымдары жұмысшы табының тек саяси күресін ғана емес, сонымен қатар экономикалық күресін де, қала берді ұсақ, өте ұсақ ереуілдерін де көптен басқарып келе жатқан кезде бізде әлі кәсіпшілер одағы болмаған еді. Бізде кәсіпшілер одағының сол кездегі кейбір жерлердегі бастамаларына қарағанда біздің партияның февраль революциясына дейін жұмысшылар арасында асқан зор беделі болғанын, көбінесе, осымен түсіндіруге болады. Шын мәнісіндегі кәсіпшілер одағы бізде тек 1917 жылғы февральдан кейін ғана шықты. Сөйтіп Октябрь алдында бізде жұмысшылар арасында зор беделі болған, қалыптасқан кәсіпшілер ұйымдары болды. Ленин сол кездің өзінде-ақ: кәсіпшілер одағы сияқты тірегіміз болмайынша пролета-

риат диктатурасын жеңіп алу да, ұстап тұру да мүмкін емес деген болатын. Бізде кәсіпшілер одағы өкіметті қолға алғаннан кейінгі жерде, әсіресе нэп жағдайларында барынша күшті өрістеді. Қәзір біздің күшті кәсіпшілер одағымыз пролетариат диктатурасының негізгі тіректерінің бірі болып табылатындығы күмәнсіз. Біздің кәсіпшілер одағының даму тарихындағы ең бір ерекшелік нәрсе — олар партиядан соң, партия төңірегінде және партия мен ынтымақты түрде шығып, дамып нығайды.

Европаның батысында кәсіпшілер одағы бұдан мүлде басқаша жағдайда дамыды. Біріншіден, онда кәсіпшілер одағы жұмысшы табы партиясының шығуынан көп бұрын шығып, нығайды. Екіншіден, онда кәсіпшілер одағы жұмысшы табы партиясының төңірегінде дамыған жоқ, ал, қайта, жұмысшы табы партияларының өзі кәсіпшілер одағынан шықты. Үшіншіден, күрестің жұмысшы табы үшін ең жақын экономикалық саласын, былайша айтқанда, кәсіпшілер одағы көптен билеп алғандықтан, партиялардың, көбінесе, парламенттік саяси күреспен айналысуына тура келді, ал мұның өзі олардың жұмысының сыйпатына, жұмысшы табы алдындағы олардың салмағына әсер етпей қоймады. Сөйтіп онда партиялар кәсіпшілер одағынан соң шыққан себепті, кәсіпшілер одағының партиялардан көп бұрын туғандығы себепті, дәл сондықтан олар, шынында, пролетариаттың капиталға қарсы күресінде оның негізгі қамалдары болған себепті, — дәл сол себепті, кәсіпшілер одағына арқа сүйемеген дербес күш ретінде, партиялар кейінгі қатарға шығып қалды.

Ал бұдан шығатын қортынды: егер коммунистік партиялар революцияны ілгері апара алатын шын мә-

нісіндегі бұқаралық күш болғысы келсе, олар кәсіпшілер одағымен нық бірігіп, соларға арқа сүйеуге тиіс.

Батыстағы жағдайдың осы ерекшелігін есепке алмау деген —мұның аты коммунистік қозғалыс ісін сөзсіз селге кетіру деген сөз.

Онда, Батыста, осы ерекшелікті түсінгісі келмейтін, «кәсіпшілер одағынан тайып тұр» деген антипролетарлық, антиреволюциялық ұранмен әлі күнге әуестеніп жүрген кейбір жеке «коммунистер» әлі де болса бар. Батыстағы коммунистік қозғалысты осы «коммунистер» мен осылар тәрізді «коммунистер» зияндағандай ешкім де зияндай алмайтынын ашып айту керек. Бұл адамдар кәсіпшілер одағын жау лагері деп есептеп, оларға сырттан «шабуыл жасауды» ойлайды. Олар мұндай саясат тұсында жұмысшылардың бұл адамдарды жаудың нақ өзі деп бағалайтынын түсінбей жүр. Кәсіпшілер одағы жаман болсын, жақсы болсын, әйтеуір бұқара жұмысшы оларды өз жалақысын, жұмыс күнін, т. б. сақтап қалуға өзіне көмектесетін қамалдары деп есептейтінін олар түсінбей жүр. Олар мұндай саясаттың жұмысшы табының миллиондаған бұқарасы арасына коммунистердің енуін жеңілдетпей, қайта оған кедергі болатынын түсінбей жүр.

«Сіздер менің қамалыма шабуыл жасап отырсыздар, — деп айтуы мүмкін орта бұқара жұмысшы мұндай «коммунистерге», — маған коммунизмді тред-юнионизмнен жақсы деп дәлелдеген болып, сіздер менің ондаған жыл бойына жасаған ісімді талқандағыларыңыз келеді. Қайдан білейін, сіздердің коммунизм жөнінде теория жағынан айтып жүргендеріңіз мүмкін дұрыс та шығар, — мен сияқты жәй жұмысшы сіз-

дердің теорияларыңызды қайдан түсінсін, — бірақ мен бір нәрсені білемін: менің өзімнің кәсіпшілер одағы сияқты қамалдарым бар, сол қамалдар мені күреске жетеледі, сол қамалдар мені — жаман болсын, жақсы болсын — капиталистердің озбырлықтарынан қорғап келді, сондықтан кімде-кімнің осы қамалдарды талқандағысы келсе, ол адам менің өзімнің жұмысшы ісімді талқандайды. Менің қамалдарыма шабуыл жасауды тоқтатыңыздар, кәсіпшілер одағына кіріңіздер, онда бес жыл, тіпті одан да көп уақыт жұмыс істеп көріңіздер, кәсіпшілер одағын жақсартуға, нығайтуға көмектесіңіздер, ал мен сіздерді байқап көрейін, сіздер қандай жігіттер екенсіздер, егер сіздер шынымен жақсы жігіттер болып шықсаңыздар, мен, әрине, сіздерді қолдаудан бас тартпаймын», т. т.

Батыстың кәзіргі орта бұқара жұмысшы кәсіпшілер одағына қарсыларды осындай немесе осыған жуық ниетпен қарсы алады.

Кімде-кім Батыстағы орта жұмысшының мінезқұлқындағы осы ерекшелікті түсінбесе, ол адам біздің коммунистік партиялардың осы кезеңдегі жағдайларынан ешнәрсе түсінбейді.

Батыстағы социал-демократияның күші неде?

Оның күші мынада: ол кәсіпшілер одағына арқа сүйеп отыр.

Батыстағы біздің коммунистік партиялардың әлсіздігі неде?

Олардың әлсіздігі мынада: олар кәсіпшілер одағымен әлі нық біріккен жоқ, ал осы коммунистік партиялардың кейбір элементтерінің кәсіпшілер одағымен біріккілері келмей отыр.

Сондықтан Батыстың коммунистік партияларының кәзіргі кезеңдегі негізгі міндеті мынада: кәсіпшілер

одағы қозғалысының бірлігі жөніндегі науқанды өрістетіп, оны ақырына дейін жеткізуі керек, барлық коммунистердің түгелінен кәсіпшілер одағына енуі керек, онда жұмысшы табын капиталға қарсы ұйымдастыру ісінде шыдамдылықпен үздіксіз жұмыс жүргізуі керек, сөйтіп коммунистік партиялардың кәсіпшілер одағына арқа сүйенуіне жетуі керек.

Коминтерннің кеңейтілген пленумының Батыс коммунистік партияларының кәзіргі кезеңдегі кезекті міндеттері туралы қарарларының мәні осындай.

III

ОТАР ЕЛДЕР МЕН ТӘУЕЛДІ ЕЛДЕРДІҢ КОММУНИСТІК ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

Мәселелердің үшінші тобына көшемін.

Бұл саладағы жаңалық төмендегідей:

а) капитализмнің тұрақтауының көмегімен алдыңғы қатарлы елдерден мешеу елдерге капиталды көптеп шығарудың нәтижесінде отар елдерде капитализм әлеуметтік-саяси жағдайлардың ескі формаларын талқандап, жаңа формаларын туғыза отырып, тез қарқынмен дамып келеді және дамый бермекші;

б) бұл елдерде пролетариат қатты қарқынмен өсіп келеді және өсе бермекші;

в) отарларда революциялық жұмысшы қозғалысы мен революциялық кризис өсіп келеді және өсе бермекші;

г) осыған байланысты ұлт буржуазиясының белгілі топтары, неғұрлым бай және неғұрлым күшті топтары өсіп келеді және өсе бермекші, олар империализмнен гөрі өз еліндегі революциядан көбірек қор-

қып, өз елін империализмнен азат етуден гөрі империализммен келісуді артық көріп отыр, сөйтіп өз отанын (Индия, Египет, т. б.) сатып кетіп отыр;

д) осылардың бәрінің себебінен бұл елдерді империализмнен азат ету ісі келісімпаз ұлттық буржуазияға қарсы күрес жүргізу үстінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін;

е) бірақ бұдан мынадай қортынды шығады: өнеркәсіп жағынан дамыған және дамып келе жатқан отарларда жұмысшылар мен шаруалардың одағы туралы, пролетариаттың гегемониясы туралы мәселе келелі мәселе болуға тиіс, өйткені ол 1905 жылы Россиядағы бірінші революция алдында да сондай келелі мәселе болған еді.

Осы уақытқа дейін әңгіме былай болып келді: Шығыс туралы әңгімелегенде әдетте жұрт оны біртұтас және бірыңғай Шығыс деп әңгімелейтін. Кәзір біртұтас, бірыңғай Шығыстың енді бұдан былай жоқ екендігі, кәзір капиталистік жолмен дамыған және дамып келе жатқан отарлар, артта қалған және артта қалып келе жатқан отарлар бар екендігі жұрттың бәріне айқын, бұл отарлар жөнінде ешқандай бірыңғай өлшеу болуы мүмкін емес.

Осы уақытқа дейін ұлт-азаттық қозғалысын жұрт былай түсініп келді: оны отар елдер мен тәуелді елдердің барлық ұлттық күштерінің — ең реакцияшыл буржуалардан бастап ең революцияшыл пролетарларға дейінгі күштерінің жаппай майданы деп қарап келді. Енді ұлттық буржуазия революциялық және антиреволюциялық қанат болып екіге жарылғаннан кейін ұлттық қозғалыстың бейнесі біраз басқаша түрге айналып отыр. Ұлттық қозғалыстың революциялық элементтерімен қатар енді буржуазиядан келісімпаз,

реакцияшыл элементтер де туып келеді, бұлар өз елін азат етуден гөрі империализммен келісуді артық көреді.

Отар елдердің коммунистік элементтерінің бұдан туатын міндеті: пролетариаттың бастауымен империализмнен азат болу жолындағы шын революциялық күресті жүргізу үшін империализм мен «өз» буржуазиясының келісімпаз элементтерінің одағына қарсы буржуазияның революциялық элементтерімен, ең алдымен шаруалармен нық бірігу керек.

Қортынды біреу: бірсыпыра отар елдер кәзір өздерінің 1905 жылына жақындап келеді.

Міндет: отар елдер жұмысшыларының алдыңғы қатарлы элементтерін ұлғайып өсіп келе жатқан революцияны басқара алатын бірыңғай коммунистік партияға ұйымдастыруда болып отыр.

Отар елдердегі ұлғайып келе жатқан революциялық қозғалыс туралы 1922 жылдың өзінде-ақ Ленин былай деген болатын:

«Осы күнгі бірінші империалистік қырғында «жеңіп шыққандардың» кішкентай, тым кішкентай Ирландияның өзін де жеңуге шамасы келмейді, тіпті финансы мен валюта мәселелеріндегі өз араларында туған шатасушылықты да жеңуге шамасы келмейді. Ал Индия мен Қытай тасқындап жатыр. Бұл арада— 700 миллионнан астам адам бар. Бұлар — сол маңайдағы, дәл өздері сияқты азиялық елдерді қоса есептегенде, — жер бетіндегі халықтың тең жартысынан көбі. Ол елдерде 1905 жыл жақындап келеді, тоқтатып болмастай, барған сайын тез жақындап келеді, — ал оның мынадай мәнді, зор айырмашылығы бар: 1905 жылы Россиядағы революция оқшау (ең болмағанда, бас кезінде) өткен еді, яғни революцияға бірден басқа елдерді тартпаған еді. Ал Индия мен Қытайдағы өсіп келе жатқан революция кәзірдің өзінде-ақ революциялық күреске, революциялық қозғалысқа, халықаралық революцияға тартылып келеді, тартылды да» (Қараңыз: XXVII том, 293-бет).

Отар елдер өздерінің 1905 жылының қарсаңында тұр — қортынды осындай.

Коминтерннің кеңейтілген пленумының отар мәселесі жөнінде қабылдаған қарарларының мәні осындай.

IV

СОВЕТ ОДАҒЫНДАҒЫ СОЦИАЛИЗМНІҢ ТАҒДЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ

Мәселелердің төртінші тобына көшемін.

Бұған дейін мен біздің партия конференциясының тікелей Коминтернге қатысы бар қарарлары туралы айттым. Енді біз Коминтернге де, РК(б)П-ға да тіке қатысы бар және, сөйтіп, сыртқы мәселелер мен ішкі мәселелер арасындағы жалғастырушы буын болып табылатын мәселелерге көшеміз.

Капитализмнің уақытша тұрақтауы еліміздегі социализмнің тағдырларына қалай әсер етуге тиіс? Бұл тұрақтау еліміздегі социалистік құрылыстың ақыры немесе ақырының басы емес пе?

Өзге елдерде капитализм азды-көпті ұзақ дәуір бойы сақталатын жағдайда, техника-экономика жағынан артта қалған біздің елімізде тегінде өз күшімізбен социализм орнатуға бола ма?

Капиталистік қоршау жағдайында, оның үстіне кәзіргі кезде тұрақтанған капиталистік қоршау жағдайында, интервенция қаупінен құтылуға, ал олай болса, елімізде ескі тәртіптердің қайта орнамауына толық кепілдік туғызуға бола ма?

Бұл мәселелердің барлығы да халықаралық қатнастар жөніндегі жаңа жағдайға байланысты біздің алдымызға ылажсыз қойылатын мәселелер және бұл

мәселелерден орағытып өтіп, оларға дәлме-дәл, айқын жауап бермей кете алмаймыз.

Біздің елімізде қайшылықтардың екі тобы бар. Қайшылықтардың бір тобы — пролетариат пен шаруалар арасында болып отырған ішкі қайшылықтар. Қайшылықтардың екінші тобы — социализм елі болып отырған біздің еліміз бен капитализм елі болып отырған барлық өзге елдердің арасындағы сыртқы қайшылықтар.

Қайшылықтардың осы екі тобын жеке-жеке алып қарайық.

Пролетариат пен шаруалар арасында кейбір қайшылықтардың бар екенін, — мұны, әрине, бекер деуге болмайды. Бұл қайшылықтың әбден реалдылығын түсіну үшін ауылшаруашылық азықтарына баға қою саясатына байланысты, лимиттерге байланысты, фабрикаттардың, т. б. бағасын төмендету науқанына байланысты бізде не болғанын және кәзір не болып жатқанын еске түсірсе-ақ болады. Біздің алдымызда негізгі екі тап: пролетариат табы мен жеке меншікшілер табы, яғни шаруалар табы тұр. Сондықтан бұлардың арасында қайшылық та болмай қалмайды. Мәселенің түйіні мынада: пролетариат пен шаруалар арасындағы осы қайшылықтарды біз өз күшімізбен жеңе аламыз ба. Социализмді өз күшімізбен ғана орнатуға бола ма? — дегенде, мұнымен жұрт: еліміздегі пролетариат пен шаруалардың арасындағы қайшылықтарды жоюға бола ма, әлде болмай ма? — дегісі келеді.

Ленинизм бұл сұрауға: я, біз социализмді орната аламыз, және біз оны шаруалармен бірге, жұмысшы табының басшылығы арқасында, орнатамыз деп жауап береді.

Мұндай жауап беруге негіз, дәлел болып отырған не?

Мұндай жауап беруге дәлел мынау: пролетариат пен шаруалардың арасында қайшылықтардан басқа дамудың негізгі мәселелері жөнінде ортақ мүдделер бар, бұл ортақ мүдделер осы қайшылықтардан басым болып отыр, қайткенмен де, басым бола алады және жұмысшылар мен шаруалар одағының базасы, негізі болып табылады.

Бұл ортақ мүдделер неде?

Әңгіме мынада: егіншіліктің дамуының екі жолы — капиталистік жолы мен социалистік жолы бар. Оның капиталистік жолы қала мен село буржуазиясының жоғарғы топтарын байыту үшін шаруалар көпшілігін қайыршыландыру арқылы болатын дамуды көрсетеді. Оның социалистік жолы, мұның керісінше, шаруалар көпшілігінің әл-ауқатын үнемі көтеру арқылы болатын дамуды көрсетеді. Пролетариат та, әсіресе, шаруалар да, дамудың екінші жолмен, социалистік жолмен, баруына тілектес. Өйткені бұл жол шаруаларды қайыршылықтан, аштықтың аз-ақ алдында күнелтуден құтқаратын бірден-бір жол болып табылады. Шаруашылықтың негізгі тарауларын өз қолында ұстап отырған пролетариат диктатурасы екінші жолдың, социалистік жолдың жеңуі үшін барлық шараларды қолданатынын айтпай-ақ қойсақ та болады. Екінші жағынан, дамудың екінші жолмен баруына шаруалардың жан-тәнімен тілектес екендігі өзінен өзі түсінікті.

Пролетариат пен шаруалар мүдделерінің бір жерден шығуы осыдан, бұлардың мүдделерінің бір жерден шығуы олардың арасындағы қайшылықтарды басып кетеді.

Міне сондықтан да ленинизм: біз толық социалистік қоғамды шаруалармен бірге, жұмысшылар мен шаруалардың одағына сүйене отырып орната аламыз, орнатуға тиістіміз дейтіндігі осыдан дейді.

Ленинизмнің: пролетарлар мен шаруалардың ортақ мүдделеріне сүйене отырып, біз пролетариат пен шаруалар арасындағы қайшылықтарды өз күшімізбен жеңе аламыз, жеңуге тиістіміз дейді.

Бұл іске ленинизм осылай қарайды.

Бірақ жолдастардың барлығы бірдей, сірә, ленинизмге қосылмайтын көрінеді. Мәселен, пролетариат пен шаруалар арасындағы қайшылықтар туралы мәселе жөнінде Троцкий былай дейді:

> «Халқының басым көпшілігі шаруалар болып отырған артта қалған елдегі жұмысшы үкіметінің хал-жайындағы қайшылықтар **тек*** халықаралық көлемде, пролетариаттың дүниежүзілік революциясы майданында ғана шешіледі» (Троцкийдің «1925 жыл» деген кітабына жазған алғысөзін қараңыз).

Басқаша айтқанда, еліміздегі ішкі қайшылықтарды, пролетариат пен шаруалар арасындағы қайшылықтарды өз күшімізбен жеңуге, сарқуға біздің күшіміз жетпейді, бұл біздің қолымыздан келмейді, өйткені тек дүниежүзілік революцияның нәтижесінде ғана және тек дүниежүзілік революция негізінде ғана біз осы қайшылықтарды сарқа алатын көрінеміз және, ақырында, социализмді орната алатын көрінеміз.

Бұл қағыйданың ленинизмге ешбір қатысы жоқ екендігін айтпай-ақ қойса да болады.

Нақ сол Троцкий онан әрі былай дейді:

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

«Европа пролетариаты қолма-қол мемлекеттік жәрдем көрсетпейінше Россияның жұмысшы табы өкіметті өз қолында ұстап тұра алмайды және өзінің уақытша үстемдігін ұзақ мерзімді социалистік диктатураға айналдыра алмайды. Бұған бір минут те күмәндануға болмайды» (Троцкийдің «Біздің революция» дегенін қараңыз, 278-бет).

Басқаша айтқанда, Батыс пролетариаты өкіметті өз қолына алып, бізге мемлекеттік жәрдем көрсеткенше өкіметке азды-көпті ұзақ дәуір ие болып тұру жөнінде ойламасақ та болады.

Онан соң:

«Мәселен, революцияшыл Россия кертартпа Европаға төтеп беріп тұра алар еді... деу үмітсіздік болады» (Троцкийдің шығармаларын қараңыз, III том, I бөлімі, 90-бет).

Басқаша айтқанда, біз, бақсақ, социализмді орната алмайтындығымыз былай тұрсын, әуелі қысқа мерзімге болса да «кертартпа Европаға төтеп бере алмайтын» көрінеміз, бірақ та төтеп бермек түгіл, кертартпа Европаның біздің елімізге жан таласа жасаған бірсыпыра шабуылдарын біздің тойтарып та тастағанымыз бүкіл дүние жүзіне мәлім.

Ақырында:

«Россияда социалистік шаруашылықтың шын мәнісінде өркендеуі, — дейді Троцкий, — Европаның басты-басты елдерінде пролетариат **жеңгеннен кейін ғана*** мүмкін бола алады» (мұны да содан қараңыз, 93-бет).

Анық шығар.

Жолдастар, мен бұл цитаттарды келтіргенде, оларды Лениннің шығармаларынан алынған цитаттарға қарсы қойып салыстыру үшін, сөйтіп сіздерге, капиталистік мемлекеттер қоршаған пролетарлық дикта-

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

тура елінде толық социалистік қоғам орнату мүмкіндігі туралы мәселенің негізгі мәнін ұғуға мүмкіншілік беру үшін келтірдім.

Енді Лениннің шығармаларынан алынған цитаттарға көшейік.

Ленин 1915 жылы империалистік соғыстың кезінде-ақ міне былай деп жазды:

> «Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі — капитализмнің даусыз заңы. Олай болса, социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін. Бұл елдің жеңіп шыққан пролетариаты капиталистерді экспроприациялап, өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып, қалған капиталистік дүниеге **қарсы** тұрар еді, басқа елдердің езілген таптарын өзіне тарта отырып, олардың арасында капиталистерге қарсы көтеріліс туғыза отырып, қажет болған жағдайда қанаушы таптарға, олардың мемлекеттеріне тіпті әскери күшпен қарсы шығар еді»... Өйткені «социалистік республикалар артта қалып қойған мемлекеттермен азды-көпті ұзақ уақыт табан тіреп күреспейінше, ұлттардың социализмде еркімен бас қосуы мүмкін емес» (қараңыз: XVIII том, 232—233-беттер).

Басқаша айтқанда, айналасын капиталистер қоршаған пролетарлық диктатура елі, бақсақ, пролетариат пен шаруалар арасындағы ішкі қайшылықтарды өз күшімен сарқып қана коймайды, мұның үстіне ол социализмді орната алады және орнатуға тиіс, өзінде социалистік шаруашылық ұйымдастыра алады, айналасындағы елдердің пролетарларына олардың капиталды құлату жолындағы күресінде жәрдем көрсету үшін қарулы күш бере алады.

Социализмнің бір елде жеңіп шығуы туралы ленинизмнің негізгі қағыйдасы осындай.

1920 жылы Советтердің VIII съезінде, елімізді электрлендіру мәселесіне байланысты айтқан сөзінде,

Ленин, бірсыпыра басқа түрде болса да, дәл осыны айтады:

«Коммунизм дегеніміз — Совет өкіметі, оның үстіне бүкіл елімізді электрлендіру деген сөз. Олай болмағанда еліміз ұсақ шаруалы ел болып қала береді, сондықтан біз мұны айқын ұғып алуымыз керек. Біз жержүзілік көлемде ғана емес, сонымен қатар еліміздің өз ішінде де капитализмге қарағанда анағұрлым әлсізбіз. Бұл барлығымызға белгілі. Біз мұны ұқтық, сондықтан біз істі шаруашылықтың базасын ұсақ-шаруалы базадан ірі өнеркәсіпті базаға айналдыруға дейін жеткіземіз. Еліміз электрлендірілген кезде ғана, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және транспорт қазіргі заманның ірі өнеркәсіпті техникалық базасымен құралданған кезде ғана, тек сол кезде ғана біз **түпкілікті*** жеңіп шығамыз» (қараңыз: XXVI том, 46—47-беттер).

Басқаша айтқанда, Ленин елімізде социализм орнатудың техника жағындағы қыйыншылықтарын әбден түсінеді, бірақ ол бұдан «Россияда социалистік шаруашылықты шын мәнінде көтеру Европаның маңызды-маңызды елдерінде пролетариат жеңіп шыққаннан кейін ғана мүмкін болады», — деген сорақы қортынды әсте жасамайды, қайта «түпкілікті жеңіске», яғни социализмді толық орнатуға қол жеткізу үшін біз бұл қыйыншылықтарды өз күшімізбен жоя аламыз деп есептейді.

Ал бір жыл өткеннен кейін, 1921 жылы, Ленин міне былай дейді:

«Шаруалармен 10 — 20 жылдай дұрыс қарым-қатнас орнатсақ (өсіп келе жатқан пролетарлық революциялар ұзақ уақытқа созылған күннің өзінде де) **жержүзілік көлемде*** жеңуіміз қамтамасыз етілген болады» (««Азық-түлік салығы туралы» деген кітапшаның жоспары мен конспекті», 1921 ж. — қараңыз: XXVI том, 313-беті).

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Басқаша айтқанда, Ленин елімізде социализм орнатудың саясат жағындағы қыйыншылықтарын әбден түсінеді, бірақ ол бұдан «Европа пролетариаты қолма-қол мемлекеттік жәрдем көрсетпейінше Россияның жұмысшы табы өкіметті өз қолында ұстап тұра алмайды» деген қате қортынды эсте жасамайды, қайта, шаруалар жөнінде дұрыс саясат ұстасақ, біз социализмді толық орнату мағнасында «жержүзілік көлемдегі жеңіске» әбден жете аламыз деп есептейді.

Шаруалар жөнінде дұрыс саясат ұстау дегеніміз не? Шаруалар жөнінде дұрыс саясат ұстау дегеніміз — мұның өзі елімізде социализм орнату ісіне басшылық етуші партия болғандықтан бүтіндей және толығымен бізге, тек қана бізге байланысты нәрсе деген сөз.

Өзінің кооперация туралы мақалаларында Ленин 1922 жылы мұнан да гөрі айқын түрде осыны айтады:

> «Шынында да, барлық ірі өндіріс құрал-жабдықтары мемлекеттің билігінде болуы, мемлекеттің өкімет билігі пролетариаттың қолында болуы, бұл пролетариаттың сан миллион ұсақ, майда шаруалармен одақ жасауы, шаруаларға осы пролетариат басшылығының қамтамасыз етілуі, т. т., — міне осының бәрі кооперация арқылы, бұрын саудагершіл деп өзіміз жақтырмай келген кооперация арқылы, қазіргі нэп тұсында да белгілібір жағынан нақ солай жақтырмауға правомыз бар кооперация арқылы, тек осы кооперация арқылы ғана **социалистік қоғамды толық орнатуға қажетті нәрсенің барлығы емес пе?*** Бұл әлі социалистік қоғамның орнатылғандығы емес, бірақ бұл соны орнатуға **қажетті және жеткілікті нәрсенің барлығы»*** (қараңыз: XXVII том, 392-бет).

Басқаша айтқанда, бізде пролетариат диктатурасы тұсында, бақсақ, ішкі қыйыншылық атаулының

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

бәрін де жеңе отырып, социалистік қоғамды толық орнатуға керекті шарттардың барлығы да бар, өйткені біз бұл қыйыншылықтарды өз күшімізбен жеңе аламыз және жеңуге тиістіміз.

Анық шығар.

Еліміздің экономика жағынан басқаларға қарағанда артта қалғандығы социализмді орнатуға мүмкіндік бермейді деген қарсы пікірді Ленин соққының астына алып, оны социализммен сыйыспайтын қайдағыбір жоқ нәрсе деп тойтарып тастайды:

> «Батысевропалық социал-демократияның дамып келе жатқан кезінде олардың жаттап алған дәлелі, — дейді Ленин, — ұшы қыйыры жоқ шаблонды дәлел болып табылады; бұл дәлел бойынша: біз социализм орнататындай дәрежеге жеткеніміз жоқ, бұлардың ішіндегі түрлі «ғалым» мырзалардың айтуынша, бізде социализм үшін объективтік экономикалық алғышарттар жоқ сыяқты» (қараңыз: XXVII том, 399-бет).

Олай болмаған күнде октябрьде өкіметті қолға алудың және Октябрь революциясын жасаудың керегі болмаған болар еді. Өйткені түрлі себептерден, социалистік қоғамды толық орнатудың мүмкіндігі мен қажеттігі болмаса, онда Октябрь революциясын жасаудың да мәні болмас еді. Кімде-кім бір елде социализм орнатудың мүмкін екенін бекерге шығаратын болса, ол адам Октябрь революциясының заңдылығын да сөзсіз бекерге шығаруы керек. Ал мұның керісінше: кімде-кім Октябрьге сенбесе, ол адам капиталистік қоршау жағдайларында социализмнің жеңуі мүмкін екенін мойындамауы керек. Октябрьге сенбеушілік пен еліміздегі социалистік мүмкіншіліктерді мойындамаушылықтың арасында толық және тікелей байланыс бар.

«Революция барлық елдерде басталмай тұрып, өкіметті колға алмау керек еді деп сендірмек болатын, өздерін өте ақылдымыз деп санайтын, айта берсең өздерін социалистерміз деп атайтын ақылгөйлердің, әрине, бар екенін мен жақсы білемін, — дейді Ленин. — Осылай деуімен олар революциядан өздерінің іргесін аулақ салатындығын және буржуазия жағына шығатындығын сезбейді. Еңбекшілер табы халықаралық көлемде революция жасағанға дейін күте тұру керек деу — мұның аты бәрінің де күткен қалыпта қатып қалуы керек деген сөз болады. Мұның өзі — мағнасыз нәрсе» (қараңыз: XXIII том, 9-бет).

Қайшылықтардың бірінші тобының, ішкі қайшылықтардың жайы, капиталистік қоршау жағдайларында социализм орнатудың мүмкіншілігі туралы мәселенің жайы осылай болып отыр.

Енді қайшылықтардың екінші тобына, сыртқы қайшылықтарға, социализм елі болып отырған біздің еліміз бен капитализм елдері болып отырған барлық өзге елдердің арасындағы қайшылықтарға көшейік.

Бұл қайшылықтар неде?

Бұл қайшылықтар мынада: капиталистік қоршау болып отырған жағдайда, капиталистік елдердің интервенция жасау қаупі де болуға тиіс, ал мұндай қауіп болып отырған жағдайда, елімізде капиталистік тәртіптердің жаңғыру қаупі, қайта орнау қаупі де болуға тиіс.

Бұл қайшылықтарды бір ел толық жеңе алады деп есептеуге бола ма? Жоқ, болмайды. Өйткені бір елдің күш салуы, тіпті бұл ел пролетарлық диктатура елі болып отырғанның өзінде де, оны интервенция қаупінен толық құтқару үшін оның бір өзінің күш салуы жеткіліксіз болады. Сондықтан интервенцияны болдырмауға толық кепілдік жасау, олай болса, социализмнің толық жеңіп шығуы тек халықаралық көлемде

ғана, бірнеше ел пролетарларының бірлесіп күш салуының нәтижесінде ғана, немесе — ең жақсысы — бірнеше ел пролетарларының жеңіп шығуының нәтижесінде ғана мүмкін нәрсе.

Социализмнің түпкілікті жеңіп шығуы дегеніміз не?

Социализмнің түпкілікті жеңіп шығуы дегеніміз — интервенция жасау әрекеттерінен, олай болса, капиталистік тәртіптерді жаңғырту әрекеттерінен де құтылуға толық кепілдік туғызу деген сөз, өйткені капиталистік тәртіптерді жаңғыртуға пәлендей елеулі әрекет жасау сырттан мықтап көмек көрсетілгенде ғана, халықаралық капитал көмек көрсеткенде ғана орын алуы мүмкін. Сондықтан біздің революциямызды барлық елдердің жұмысшыларының қолдауы, ал әсіресе осы жұмысшылардың ең болмағанда бірнеше елдерде жеңіп шығуы тұңғыш жеңіп шыққан елде интервенция мен жаңғыртушылық әрекеттерінен құтылуға толық кепілдік туғызудың қажетті шарты, социализмнің түпкілікті жеңіп шығуының қажетті шарты болады.

«Біздің Совет республикамыз, — дейді Ленин, — барлық капиталистік дүниенің жалғызілік шетаймағы болып тұрған уақытта, бұл уақытқа дейін... түрлі-түрлі қауіптер құрыйды екен деп ойлау мүлде адам күлерлік қиялшылдық, утопизм болар еді. Әрине, мұндай негізгі қарама-қарсылықтар қалып отырған жағдайда, — қауіптер де қалады, сондықтан бұлардан ешқайда да қашып құтыла алмайсың» (қараңыз: XXVI том, 29-бет).

Онан соң:

«Біз тек мемлекет ретінде ғана өмір сүріп келе жатқанымыз жоқ, сонымен қатар **мемлекеттер системасында** да өмір сүріп келеміз, сондықтан Совет республикасының империалистік мемлекеттермен қатар ұзақ уақыт өмір сүруі мүмкін емес. Ақыр аяғында бұлардың екеуінің бірі жеңіп шығады» (қараңыз: XXIV том, 122-бет).

Міне сондықтан Ленин былай дейді:

«Түпкілікті жеңіп шығу тек жержүзілік көлемде ғана және барлық елдердің жұмысшылары бірлесіп күш салғанда ғана болады» (қараңыз: XXIII том, 9-бет).

Қайшылықтардың екінші тобының жайы осындай болып отыр.

Кімде-кім бір елдің күшімен жеңуге әбден болатын қайшылықтардың бірінші тобын бірнеше елдердің пролетарларының күшімен шешілетін қайшылықтардың екінші тобымен шатастырса, ол адам ленинизмге қарсы өте сорақы қателік істейді, ол адам не шалағай, не түзелмейтін оппортунист.

Социализмнің бір елде жеңіп шығуы туралы мәселе жөнінде бір жолдастың биыл январь айында маған жазған хаты осындай былықтың кейбір үлгісі бола алады. Ол күмәнданып былай деп жазады:

«Сіз Ленин теориясының мәнісі... **социализм бір елде жеңіп шыға алады** дегенде дейсіз. Амал не, мен Ленин шығармаларының тиісті жерлерінен социализмнің бір елде жеңіп шығуы туралы нұсқаулар, таба алмадым».

Әңгіме, әрине, оқушы жастардың арасындағы тәуір жолдастардың бірі деп өзім есептеп жүрген осы жолдастың «Ленин шығармаларының тиісті жерлерінен социализмнің бір елде жеңіп шығуы туралы нұсқаулар таба алмағандығында» емес. Бұл жолдастың осы нұсқауларды оқып, ақырында, тауып та алатын кезі болады. Әңгіме оның осы ішкі қайшылықтарды сыртқы қайшылықтармен шатастырып, ақырында осы былықтан шыға алмай малтыққандығында. Сіздерді осы жолдастың хатына қайырған менің жауабыммен таныстырғаным, бәлки, артық болмас деп ойлаймын. Ол міне:

«Әңгіме социализмнің **толық** жеңіп шығуы туралы емес, жалпы жеңіп шығуы туралы болып отыр, яғни помещиктер мен капиталистерді қуу, өкіметі қолға алу, империализмнің шабуылын тойтарып, социалистік шаруашылықты орната бастау туралы болып отыр, — осының бәріне пролетариат бір елде толық жетісе алады, бірақ олардың қайта орнамауына «бірнеше елдердің пролетарларының бірлесіп күш жұмсауының» нәтижесінде ғана толық кепілдік бола алады.

Басқа елдердің пролетарлары тарапынан нағыз тілектестік болып, бірақ бірнеше елдерде революция жеңіп шықпай тұрғанда Россияның жеңіп шыққан пролетариаты «кертартпа Европаға қарсы төтеп бере алмайды» деген сеніммен Россияда Октябрь революциясын бастау ақмақтық болар еді. Бұл марксизм емес, нағыз кәдімгі оппортунизм, троцкизм, не десең соның бәрі болады. Егер Троцкийдің теориясы дұрыс болған болса, онда Ильичтің: нэп Россиясын социалистік Россияға айналдырамыз, бізде «социалистік қоғамды **толық** орнатып шығу үшін керекті нәрсенің **бәрі**»* бар (қараңыз: «Кооперация туралы») деп айтқандары дұрыс болып шықпаған болар еді...

Біздің саяси практикамыздағы ең қауіпті нәрсе — жеңіп шыққан пролетарлық елді әрекетсіз бірдеме деп қарауға, басқа елдердің жеңіп шыққан пролетарларының тарапынан жәрдем болғанға дейін бір орында тұра беруге ғана қабілеті бар бірдеме деп қарауға әрекеттенушілік болып табылады. Россияда совет құрылысының бес — он жыл өмір сүруі ішінде Батыста революция бола коймайды делік; осы уақыт ішінде біздің республика нэп жағдайларында социалистік экономиканы құрып жатқан Советтік Республика болып өмір сүреді делік, — сонда Сіз осы бес — он жыл бойы біздің еліміз социалистік шаруашылықты ұйымдастырумен айналыспай, қара суды сапыра береді деп ойлайсыз ба? Социализмнің бір елде жеңіп шығуын теріске шығару теориясының мейлінше қауіптілігін түсіну үшін осы сұрауды қоюдың өзі де жеткілікті.

Бірақ мұның өзі — бұл жеңіс толық түпкілікті болады деген сөз бе? Жоқ, олай деген сөз емес... өйткені, әзірге капиталистік қоршау тұрғанда, әрқашан да соғыс интервенция қаупі бола бермекші». (1925 жылғы январь.)

---

* Курсив барлық жерде менікі. **И. Ст.**

Партиямыздың XIV конференциясының белгілі қарарының тұрғысынан қарағанда еліміздегі социализмнің тағдырлары туралы мәселенің жайы осындай болып отыр.

V
ПАРТИЯНЫҢ ДЕРЕВНЯДАҒЫ САЯСАТЫ

Мәселелердің бесінші тобына көшемін.

Партияның деревнядағы саясатын түсіндіретін XIV конференцияның қарарларына көшуден бұрын деревнядағы өз кемшіліктерімізді біздің партияның сынға алуына байланысты буржуазиялық баспасөздің көтерген шуы жөнінде бірнеше сөз айтқым келеді. Өз кемшіліктерімізді ашықтан-ашық сынағандығымызды Совет өкіметінің әлсіздігінің белгісі, оның ыдырауы мен азып-тозуының белгісі болып табылады деп жұрттың бәрін бірдей сендіргісі келіп, буржуазиялық баспасөз мәз-майрам болып, беталды лағып отыр. Бұл шудың бәрінің де бастан-аяқ жалған, өтірік шу екенін айтпасақ та болады.

Өзара сын біздің партияның әлсіздігінің белгісі емес, қайта оның күшінің белгісі. Өмірмен біте қайнаған, жеңіске бет алған күшті партия ғана дәл өз кемшіліктерін аяусыз сынай алады, осындай партия ғана бүкіл халық алдында мұндай сынға жол беріп келді және әрқашан да жол бере бермекші. Халықтан шындықты жасыратын партия, әлеуметтен және сыннан қорқатын партия — партия емес, құруға бет алған суайттардың сұрқыя тобы. Буржуа мырзалар бізді өз өресімен өлшейді. Олар әлеуметтен қорқады, халықтан шындықты жасыруға жан сала тырысады, өз кемшіліктерін ісіміз оңды деген әсем жамылғымен

бүркемелейді. Міне сондықтан олар біздерді де, коммунистерді, халықтан шындықты жасыруға тиіс деп ойлайды. Олар әлеуметтен қорқады, өйткені олар онша-мұнша елеулі өзара сынға, өз кемшіліктерін оншамұнша еркін сынауға жол берсе-ақ болғаны, буржуазиялық құрылыстан ешнәрсе қалмайды. Міне сондықтан олар, егер біздер, коммунистер, өзара сынға жол берсек, мұны біздің қоршауда қалғандығымыздың, екіталай күйде екендігіміздің белгісі деп ойлайды. Олар, құрметті буржуалар мен социал-демократтар, бізді өз өресімен өлшейді. Дәурені өтіп бара жатқан, құруға бет алған партиялар ғана әлеуметтен, сыннан қорқуы мүмкін. Біздер оның қай-қайсысынан болса да қорықпаймыз, қорықпайтын себебіміз — біздің партиямыз жоғары өрлейтін, жеңіске бет алған партия. Міне сондықтан да кәзір бірнеше ай бойына жүріп жатқан өзара сын партиямыздың әлсіздігінің белгісі емес, қайта оның асқан зор күшінің белгісі, оның ыдырауының емес, қайта нығаюының құралы болып табылады.

Ал енді партияның деревнядағы саясаты туралы мәселелеге көшейік.

Ішкі және халықаралық сыйпаты бар жаңа жағдайға байланысты деревня жөнінде қандай жаңа жағдайларды көрсетіп өтуге болар еді?

Меніңше, негізгі төрт фактыны көрсетіп өтуге болар еді:

1) халықаралық жағдайдың өзгеруі мен революцияның баяу қарқыны, бұл жағдайлар шаруаларды социалистік құрылысқа қатыстыру үшін, социализмді шаруалармен бірге орнату үшін ұзақ болса да ауыртпалығы кемдеу жолдарды таңдауға мәжбүр етіп отыр;

2) деревняның шаруашылық жағынан өсуі мен

шаруалардың жіктелу процесі, бұлар соғыс коммунизмінің деревнядағы қалдықтарын жоюды керек етіп отыр;

3) шаруалардың саяси белсенділігі; деревняда басшылық етудің және әкімшілік жүргізудің ескі әдістерін өзгертуді талап ететін саяси белсенділігі;

4) Советтердің қайта сайлаулары, бұлар еліміздің толып жатқан аудандарында **орташалардың кедейлерге қарсы болып кулактар жағында болып шыққандығының** күмәнсіз фактысын ашып берді.

Осы жаңа фактыларға байланысты, партияның деревнядағы негізгі міндеті неде?

Кейбір жолдастар, деревняның жіктелу фактысына сүйеніп партияның негізгі міндеті — деревняда тап күресін қоздыру деген қортындыға келеді. Мұның өзі дұрыс емес. Мұның өзі бос мылжың. Кәзір біздің басты міндетіміз мұнда емес. Мұның өзі — бұрынғы меньшевиктік энциклопедиядан алып, меньшевиктік ескі әндерге қайта басу деген сөз.

Кәзіргі басты нәрсе әсте де деревняда тап күресін қоздыруда емес. **Кәзіргі басты нәрсе — орташаларды пролетариат төңірегіне ұйымдастыруда, оларды қайтадан пролетариатқа қаратуда болып отыр.** Кәзіргі басты нәрсе — шаруалардың негізгі бұқарасымен нық бірігуде, оның материалдық және мәдени дәрежесін көтеруде, сөйтіп осы негізгі бұқарамен бірге социализмге қарай ілгері алға басуда болып отыр. Басты нәрсе — социализмді шаруалармен бірге, міндетті түрде шаруалармен бірге орнатуда, міндетті түрде жұмысшы табының басшылығы арқылы орнатуда болып отыр, өйткені жұмысшы табының басшылығы құрылыс жұмысының социализмге апаратын жолмен жүретіндігінің негізгі кепілі болып табылады.

Қәзір партияның негізгі міндеті осында.

Ильичтің бұл жөнінде нэп-тің енгізілу кезінде айтқан және осы уақытқа дейін өзінің күшін толық сақтаған сөздерін еске түсіру артық болмас:

«Мәселенің барлық түйіні мынада: ендігі жерде басы байтақ, күші мығым қалың бұқарамен, нақ шаруалармен бірге ілгері басу керек» (қараңыз: XXVII том, 272-бет).

Ал онан әрі:

«Шаруа бұқарасымен, қарапайым еңбекші шаруалармен нық бірігу керек, сөйтіп біздің ойлаған қарқынымыздан өлшеусіз, адам айтқысыз ақырын қарқынмен, бірақ оның есесіне бізбен бірге күллі бұқара шынымен қозғалатындай етіп, ілгері қозғала бастау керек. Сонда бұл қозғалыстың кезінде кәзір біздің қиялымыз да жете алмайтын дәрежеде тездеуі пайда болады» (қараңыз: XXVII том, 231—232-беттер).

Осыған байланысты деревняда біздің алдымызда негізгі екі міндет тұр.

1) Біріншіден, шаруа шаруашылығының советтік шаруашылық дамуының жалпы системасына енгізілуіне жетісу керек. Бұрын былай болатын еді: біз қатарма-қатар екі процестің болғанын көрдік — қала өз жолымен, деревня өз жолымен жүрді. Капиталист шаруа шаруашылығын капиталистік даму системасына енгізуге тырысты. Бірақ дамудың бұл системасына енгізу шаруалар бұқарасын қайыршыландыру, шаруалардың жоғарғы қабатын байыту арқылы істелді. Бұл жолдың революция туғызатын болып шыққандығы жұртқа мәлім. Пролетариат жеңіп шыққаннан кейінгі жерде шаруа шаруашылығын советтік шаруашылық дамуының жалпы системасына енгізудің жолы мынадай: шаруалар көпшілігінің әл-ауқатын бірте-бірте, бірақ үздіксіз көтеру негізінде, яғни революцияға дейін шаруаларды капиталистердің бастап келген жә-

не сонымен жүруге шақырып келген жолына қарама-қарсы жолмен халық шаруашылығын алға апара алатын жағдайларды жасау керек.

Ал шаруа шаруашылығын шаруашылық құрылыс системасына қалай енгізу керек? Кооперация арқылы енгізу керек. Кредит кооперациясы, ауылшаруашылық кооперациясы, тұтыну кооперациясы, кәсіпшілік кооперациясы арқылы енгізу керек.

Социалистік құрылыстың жалпы системасына шаруа шаруашылығының ақырындап, бірақ мықтап енуінің жолдары мен салалары осындай.

2) Екінші міндет — деревнядағы әкімшілік жүргізудің, басшылық етудің ескі әдістерін жою жолын, Советтерді жандандыру жолын, Советтерді шын мәніндегі сайлалмалы органдарға айналдыру жолын, деревняға совет демократиясының бастамаларын қолдану жолын бірте-бірте, бірақ үздіксіз жүргізуде болып отыр. Ильич пролетарлық диктатураны еңбекшілер көпшілігі үшін демократияның жоғарғы түрі деген болатын. Ильич демократияның бұл жоғарғы түрін өкіметті пролетариат қолға алғаннан кейін ғана және осы өкіметті нығайтуға біз мүмкіншілік алғаннан кейін ғана енгізуге болады деген болатын. Сонымен қазір енді Совет өкіметін нығайтудың және совет демократиясын қолданудың осы кезеңі басталды. Біз осы жолмен абайлап, аспай-саспай жүруге тиістіміз, сөйтіп жұмыс үстінде партия төңірегіне партияда жоқ шаруалардан толып жатқан белсенділер құруымыз керек.

Егер бірінші міндет, шаруа шаруашылығын шаруашылық құрылыстың жалпы системасына енгізу міндеті, социализм орнату жолында бізге шаруаларды пролетариатпен бірге ортақ іске жегуге мүмкіншілік

беретін болса, ал екінші міндет, деревняда совет демократиясын қолдану, Советтерді жандандыру міндеті, біздің мемлекеттік аппаратымызды қайта ұйымдастыруға, оны халық бұқарасымен байланыстыруға, пролетариат диктатурасы қоғамынан бірте-бірте коммунистік қоғамға өтуді жеңілдететін жағдайларды жасау үшін аппаратты мінсіз және адал етуге, орамды және арзан етуге бізге мүмкіншілік беруге тиіс.

Біздің партияның XIV конференциясының партиямыздың деревнядағы саясаты туралы мәселе жөнінде қабылдаған қарарларының негізгі бағыттары осындай.

Осыған сәйкес партия басшылығының деревнядағы әдісі де өзгеруге тиіс.

Біздің партия ішінде былай дейтін адамдар бар: нэп болып отырғандықтан, ал капитализм уақытша тұрақтай бастағандықтан біздің міндетіміз айналаны түгел аяғынан тік тұрғызу үшін партия ішінде де болсын, мемлекеттік аппаратта да болсын барынша қысымдау саясатын жүргізу болып табылады дейтін адамдар бар. Мен бұл саясатты теріс және апатқа ұшырататын саясат деуге тиістімін. Қазір бізге керегі барынша қысымдау емес, бізге керегі саясатта да, ұйымдастыру жұмысында да барынша орамды болу, саяси басшылық етуде де, ұйымдастыру жағынан басшылық етуде де барынша орамды болу. Мұнсыз қазіргі қиын жағдайларда біз тізгінді қолымызда ұстап тұра алмаймыз. Басқару тізгіні партияның қолында болу үшін және партияның толық басшылығын қамтамасыз ету үшін бізге барынша орамдылық керек.

Онсын. Деревняда коммунистер әкімшілік жүргізудің тұрпайы формаларынан бас тартуы қажет. Шаруалар жөнінде жалаң ғана бұйрық бере беруге бол-

майды. Шаруалар үшін түсініксіз мәселелерді оларға шыдамдылықпен түсіндіріп отыруға үйрену керек, шаруаларды сендіре білуді үйрену керек, мұндай іске уақытты да, күшті де аямау керек. Бұйрық беріп, сонымен жұмысты бітіру, әрине, анағұрлым жеңіл және оңай нәрсе, біздің болыстық атқару комитеттердің кейбір председательдері екінің бірінде осылай етеді. Бірақ оңай, жеңіл нәрсенің бәрі бірдей жақсы бола бермейді. Осы жуырда болыстық ұялардың бірінің секретары болыста газет болмағандығының себебі туралы губком өкілінің қойған сұрауына былай деп жауап берген көрінеді: «Бізге газеттің керегі не? Газетсіз тынышырақ та, жақсы да, әйтпесе мужиктер оны оқып алады да қай-қайдағыны сұрай беретін болады, ал сонсын олардан құтыла алмай, әуре-сарсаң боласың да жүресің». Ал осы секретарь коммунист деп есептеледі! Оның коммунист емес, тек сор екенін дәлелдеп жатудың керегі бола қоймас. Әңгіме мынада: кәзір «әуре-сарсаңсыз» ешбір басқарып болмайды, әсіресе газетсіз басқарып болмайды. Егер біз деревняда партия мен Совет өкіметінің басшылық етуін тұрақтатқымыз келсе, осы шынайы шындықты ұғынып, біліп алуымыз керек.

Онсын. Бүгінгі таңда басшылық ету үшін қожалық ете білу керек, шаруашылықты біле, түсіне білу керек. Ендігі жерде «дүниежүзілік саясат» туралы, Чемберлен мен Макданальд туралы бір ғана бос мылжыңмен алысқа бара алмайсың. Бізде шаруашылық құрылыс дәуірі басталды. Сондықтан кімде-кім шаруашылықты жақсы түсінсе, кімде-кім шаруашылықты өркендету жөнінде мужикке пайдалы кеңес бере білсе, кімде-кім шаруашылық құрылыс ісінде мужикке көмек ете білсе, сол адам басшылық ете алады.

Шаруашылықты зерттеп үйрену керек, шаруашылықпен араласу керек, шаруашылық құрылыстың барлық тетігін біле білу керек — кэзір коммунистердің деревнядағы міндеті осындай. Мұнсыз басшылық етемін деп ойламаса да болады.

Ендігі жерде ескіше басшылық етуге болмайды, өйткені шаруалардың саяси белсенділігі көтерілді, сондықтан бұл белсенділікті советтік түрге айналдыру керек, ол белсенділік Советтерден тысқары емес, Советтер арқылы көрсетілуі керек. Кімде-кім деревняда Советтерді жандандырып, партияның төңірегіне шаруалар активін ұйымдастырса, сол адам басшылық ете алады.

Бүгінгі танда ескіше басшылық етуге болмайды, өйткені деревняның шаруашылық белсенділігі көтерілді, сондықтан бұл белсенділікті кооперация түріне айналдыру керек, ол белсенділік кооперациядан тысқары емес, кооперация арқылы көрсетілуі керек. Кімде-кім деревняға кооперативтік қоғамдарды орната білсе, сол адам басшылық ете алады.

Партия басшылығының деревнядағы нақтылы міндеттері жалпы алғанда осындай.

VI

МЕТАЛЛ ӨНЕРКӘСІБІ ТУРАЛЫ

Партиямыздың XIV конференциясы қозғаған мэселелердің ақырғы тобына көшемін.

Біздің шаруашылық басшылығымыздағы жаңалық пен ерекшелік неде?

Ол мынада: біздің шаруашылық жоспарларымыз шаруашылығымыздың шын дамуынан артта қала бастады, олар жеткіліксіз болып шығып отыр және ша-

руашылықтың шын өсу дәрежесіне көбінесе ілесе алмай отыр.

Бұл фактының айқын көріністерінің бірі біздің мемлекеттік бюджетіміз болып табылады. Бюджетіміздің кіріс статьяларының өзіміздің сметалық жорамалдарымызда ескерілмеген шапшаң өсуі себепті жарты жыл ішінде мемлекеттік бюджетімізді өзіміздің үш рет өзгертуге тиіс болғанымыз сіздерге мәлім. Басқаша айтқанда, біздің сметалық жорамалдарымыз бен біздің бюджеттік жоспарларымыз мемлекеттік кірістердің өсуіне ілесе алмай қалды, осының нәтижесінде мемлекеттік кассада артық ақша болып шықты. Мұның аты — еліміздің шаруашылық өмірінің беретін өнімдері тоқтаусыз жоғары өрлеп, біздің финанс мамандарының қандай да болсын барлық ғылыми жоспарларының астан-кестеңін шығарып отыр деген сөз. Мұның аты — біз өте күшті шаруашылық еңбек өрлеуін, мәселен, азамат соғысынан кейін мұның Америкада болғанынан асып түспесе, онан кем түспейтін шаруашылық еңбек өрлеуін басымыздан кешіріп отырмыз деген сөз.

Шаруашылығымыздың өміріндегі бұл жаңа құбылыстың анағұрлым айқын көрінісі деп біздің металл өнеркәсібінің өсуін есептеуге болады. Өткен жылы металл өнімі соғыстан бұрынғы ақшамен есептегенде 191 млн. сом болды. Өткен жылдың ноябрінде 1924/25-жылға арналған жылдық жоспар соғыстан бұрынғы ақшамен есептегенде 273 млн. сомға жасалған болатын. Бұл жоспар металл өнеркәсібінің іс жүзіндегі өсу қарқынына сәйкес келмегендіктен осы жылдың январында ол өзгертіліп, 317 миллион сомаға дейін жеткізілді. Бұл кеңейтілген жоспар осы жылдың апрелінде тағыда жарамсыз болып шықты, сон-

дықтан оны 350 миллион сомға дейін жеткізуге тура келді Қәзір жұрт бізге бұл жоспар да жеткіліксіз болып шықты дегенді айтып жүр, өйткені оны бұдан әрі кеңейтуге, 360—370 миллион сомға дейін жеткізуге тура келіп отыр.

Басқаша айтқанда, металл өнеркәсібінің өнімі, өткен жылдың өнімімен салыстырғанда, осы жылы екі есе дерлік өсті. Мен жеңіл өнеркәсібіміздің орасан зор өскендігі туралы, транспорттың, отын өнеркәсібінің, т. б. өскендігі туралы айтып та тұрғаным жоқ.

Мұның бәрі нені көрсетеді? Мұның бәрі социализмнің негізгі базасы болып табылатын индустрияны жолға қоюда өзіміздің кәзірдің өзінде-ақ дамудың кең жолына шыққанымызды көрсетеді. Жалпы алғанда бүкіл индустрияның негізгі өзегі болып табылатын металл индустриясына келетін болсақ, мұның жемíссіз дәуірінен өттік, сондықтан біздің металл өнеркәсібіміздің жоғары шарықтап, әбден гүлденуіне барлық негіз бар. Біздің еліміз металл елі бола алады және болуға тиіс деп Дзержинский жолдас дұрыс айтты.

Еліміздің ішкі дамуы үшін де, халықаралық революция үшін де бұл фактының зор маңызы бар екенін дәлелдеп жатудың керегі бола қоймас.

Ішкі даму тұрғысынан қарағанда, металл өнеркәсібіміздің дамуы, оның өсуінің маңызы өте зор екендігі күмәнсіз, өйткені оның өзі бүкіл индустриямыздың және бүкіл шаруашылығымыздың өсуін көрсетеді, өйткені металл өнеркәсібі жалпы өнеркәсіптің негізгі базасы болып табылады, өйткені металл өнеркәсібі күшті дамымайынша жеңіл өнеркәсіпті де, транспортты да, отынды да, электрлендіру ісін де, ауыл шаруашылығын да аяғынан тік бастыруға болмайды,

Металл өнеркәсібінің өсуі жалпы алғанда бүкіл индустрияның, жалпы алғанда халық шаруашылығының өсуінің негізі болып табылады.

Ауыр индустрия деп көбінесе металл индустриясын түсіне отырып, Ленин «ауыр индустрия» туралы міне былай дейді:

«Россияны аман сақтап қалатын нәрсе: шаруа шаруашылығында егіннің жақсы шығуы ғана емес — бұл әлі жеткіліксіз — және шаруаларға тұтыну заттарын жетістіріп тұратын жеңіл өнеркәсіп күйінің жақсы болуы ғана емес, — бұл да әлі жеткіліксіз, — булармен қатар бізге ауыр индустрия да керек. Ал мұны жақсы күйге келтіру үшін көп жыл жұмыс істеу керек болады».

Ал онан әрі:

«Ауыр өнеркәсіпті аман сақтап қалмайынша, оны қалпына келтіріп алмайынша біз ешқандай өнеркәсіп жасай алмаймыз, ал онсыз біз тегінде өз алдымызға жеке ел де бола алмай құрыймыз» (қараңыз: XXVII том, 349-бет).

Біздің металл өнеркәсібі дамуының халықаралық маңызына келетін болсақ, оның маңызын өлшеусіз зор деуге болады. Өйткені пролетариат диктатурасы тұсында металл өнеркәсібінің бұлай қаулап өсуі — пролетариаттың тек ескіні қыйратуға ғана емес, сонымен қатар жаңаны жасауға да қабілетті екендігінің, жаңа өнеркәсіпті және адамды адам қанау болмайтын жаңа қоғамды жеке өз күшімен жасауға оның қабілетті екендігінің тікелей дәлелі емес пе? Ал мұны кітап арқылы емес, іс жүзінде дәлелдеу — мұның өзі халықаралық революция ісін сөзсіз және үзілді-кесілді ілгері қозғау деген сөз. Батыс Европа жұмысшыларының біздің елімізді қадірлеп ағылып келушілігі — кездейсоқ нәрсе емес. Бүкіл дүние жүзінде революциялық қозғалыстың дамуы үшін оның өте зор үгіттік

және практикалық маңызы бар. Жұмысшылардың біздерге келіп алып, біздің фабрикалар мен заводтардың әрбір түкпірін байқап көруі, — бұл жағдайдың өзі олардың кітаптарға сенбейтіндігін, пролетариаттың жаңа өнеркәсіп салуға, жаңа қоғам жасауға қаблетті екендігіне өз тәжрибесімен көзін жеткізгісі келетіндігін көрсетеді. Ал бұған олардың көзі жеткен кезде халықаралық революция ісінің алып адыммен ілгері бастырылатындығына шүбәланбауларыңызға болады.

«Халықаралық революцияға, — дейді Ленин, — біз кәзір әсеріміздің денін шаруашылық саясатымыз арқылы тигізіп отырмыз. Жұрттың бәрі де, дүние жүзіндегі барлық елдердің еңбекшілері, ешбір алансыз және ешбір асырмай айтқанда, тегісінен Советтік Россия республикасына қарап отыр... Осы майдандағы күрес бүкіл дүниежүзілік көлемге көшіріліп отыр. Біз бұл міндетті шешсек — халықаралық көлемде **сөзсіз және түпкілікті** ұтқанымыз. Сондықтан шаруашылық құрылысындағы мәселелердің маңызы біз үшін ерекше зор болып отыр. Бұл майданда біз жайлап, бірте-бірте, — тездетуге болмайды, — бірақ үздіксіз жоғарылаумен және ілгері басумен жеңуіміз керек»* (қараңыз: XXVI том, 410—411-беттер).

Жалпы алғанда индустриямыздың жекелеп алғанда металл өнеркәсібіміздің өсуінің халықаралық маңызы осындай.

Кәзір бізде 4 миллионға тарта индустрия пролетариаты бар. Бұл, әрине, аз, бірақ пролетариат жауларына қорқыныш туғызып, социализм орнату үшін және еліміздің қорғаныс күшін жасау үшін бұл дегенмен бір қыруар күш. Бірақ біз осымен тоқтап қала алмаймыз және тоқтауға тиіс емеспіз. Бізге 15—20 миллион индустрия пролетарлары керек, еліміздің негізгі аудандарын электрлендіру, кооперативтік ауыл

---

* Барлық жерде курсив менікі **И. Ст.**

шаруашылығы және жете дамыған металл өнеркәсібі керек. Міне сонда бізге ешқандай қауіп қорқынышты болмайды. Міне сонда біз халықаралық көлемде жеңіп шығамыз.

XIV конференцияның тарихи маңызы атап айтқанда оның осы ұлы мақсатқа жететін жолды айқын белгілеп бергендігінде болып отыр.

Ал бұл жол дұрыс жол, өйткені бұл жол Лениннің жолы, бізді түпкілікті жеңіске жеткізетін жол.

Партиямыздың XIV конференциясы жұмыстарының қортындылары жалпы алғанда осындай.

„Правда" №№ 106 және 107;
12 және 13 май, 1925 ж.

ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ САЯСИ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университеті студенттерінің жыйналысында сөйленген сөз

18 май, 1925 ж.

Жолдастар! Ең алдымен, сіздерді Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетінің өмір сүргеніне 4 жыл толуымен құттықтауға рұхсат етіңіздер. Шығыс үшін коммунистік кадрлар дайындаудың қыйын жолында сіздердің Университетіңіздің мейлінше табыстарға жетуін тілейтіндігім айтпасада түсінікті.

Ал енді іске көшейік.

Шығыс еңбекшілері Университетінің құрамына анализ жасайтын болсақ, онда бұл құрамның біраз екіжақтылау екенін көрмеуге болмайды. Бұл Университет Шығыстың ең кемінде 50 ұлты мен ұлттық топтарының өкілдерін біріктіреді. Университеттің оқушылары, олардың бәрі — Шығыстың ұлдары. Бірақ бұл анықтама айқын және аяқталған ештеңе бере қоймайды. Әңгіме мынада: Университет оқушыларының арасында дамудың мүлдем екі басқа түрліше жағдайларын көрсететін негізгі екі топ бар. Бірінші топ — бізге **советтік** Шығыстан, буржуазияның өкіметі жойылған, империалистік қанау құлатылған, өкімет басында жұмысшылар тұрған елдерден келген адамдар. Оқушылардың екінші тобы — **отар және тәуелді елдерден** бізге келген адамдар, капитализм әлі де болса

үстемдік етіп отырған, империализмнің езгісі өзінің барлық күшін сақтап қалып отырған, империалистерді қуып шығып, тәуелсіздікті әлі де жеңіп алу керек болып отырған елдерден келген адамдар.

Сонымен, біздің алдымызда түрліше өмір сүріп отырған және түрліше жағдайларда дамып отырған екі Шығыс тұр.

Оқушылар құрамының бұл екіжақты сыйпатының Шығыс еңбекшілері Университетінің жұмысына әсерін тигізбей қоймайтыны айтпаса да түсінікті. Бұл Университеттің бір аяғымен совет топырағын, ал екінші аяғымен — отар және тәуелді елдердің топырағын басып тұрған себебі де нақ осы.

Осыдан келіп Университеттің қызметінде екі бағыт болып отыр: бір бағыттың мақсаты — Шығыстың совет республикаларының мұқтаждарын өтей алатын кадрлар дайындап шығару, ал екінші бағыттың мақсаты — Шығыстың отар және тәуелді елдерінің еңбекші бұқарасының революциялық қажеттігін өтей аларлық кадрлар дайындап шығару.

Шығыс еңбекшілері Университетінің алдында тұрған екі түрлі міндеттер де осыдан шығады.

Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетінің бұл міндеттерін жеке-жеке алып қарайық.

I

ШЫҒЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ КОММУНИСТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ШЫҒЫС СОВЕТ РЕСПУБЛИКАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ

Отар және тәуелді елдерге қарағанда, бұл елдердің, бұл республикалардың өмір сүруі мен дамуында қандай ерекше өзгешеліктер бар?

Біріншіден, бұл республикалар империалистік езгіден құтылған.

Екіншіден, олар буржуазиялық тәртіптердің саясында емес, Совет өкіметінің саясында ұлт ретінде дамып, қалыптасуда. Бұл тарихта болып көрмеген факт, бірақ сонда да бұл факт.

Үшіншіден, олар өнеркәсіп жағынан аз дамығандықтан өздерінің дамуында Совет Одағының өнеркәсіптік пролетариатының қолдауына бүтіндей және толық сүйене алады.

Төртіншіден, отарлық езгіден азат болғандықтан, пролетариат диктатурасының қорғауында болғандықтан және Совет Одағының мүшесі болғандықтан, бұл республикалар еліміздің социалистік құрылысына қосыла алады және қосылуға тиіс.

Негізгі міндет — бұл республикалардың жұмысшылары мен шаруаларының еліміздегі социализм құрылысына қосылу ісін жеңілдету, бұл қосылуды алға бастырып, тездете алатын алғышарттарды жаңағы республикалардың өмір сүруінің ерекше жағдайларына сәйкестіре отырып жасап, дамыту болып табылады.

Осыдан, советтік Шығыстың белсенді қызметкерлерінің алдында тұрған мынадай кезектегі міндеттер келіп шығады:

1) Шығыстың совет республикаларында, шаруаларды жұмысшы табының төңірегіне топтастыру үшін негіз ретінде, өнеркәсіп ошақтары құрылсын. Бұл істің кәзірдің өзінде-ақ басталғандығын және бұл істің Совет Одағының шаруашылық жағынан өсуіне қарай алға баса беретінін сіздер білесіздер. Бұл республикаларда әртүрлі шикізаттардың болуы осы істің дер

кезінде ақырына дейін жеткізілетіндігіне кепіл болып табылады.

2) Ауыл шаруашылығы, бәрінен бұрын, жер суландыру ісі өркендетілсін. Бұл істің де алға бастырылғандығын сіздер білесіздер, басқаны айтпағанның өзінде Закавказье мен Түркстанда осылай болып отыр.

3) Шығыстың совет республикаларын советтің шаруашылық құрылысының жалпы системасына қосудың ең дұрыс жолы ретінде шаруалар мен майдагерлердің қалың бұқарасын кооперативтендіру ісі жоғары көтеріліп, алға бастырылсын.

4) Советтер бұқараға жақындастырылып, олар құрамы жағынан ұлттық советке айналдырылсын және сонымен, еңбекші бұқараға жақын және түсінікті ұлттық-совет мемлекеттігі орнатылсын.

5) Ұлт мәдениеті дамытылсын, жергілікті адамдардан советтік-партиялық және кәсіпшілік-техникалық кадрлар дайындау үшін ана тілінде жалпы білім де, кәсіпшілік-техникалық білім де беретін курстар мен мектептер кең өрістетілсін.

Бұл міндеттерді орындау — Шығыстың совет республикаларында социалистік құрылыс ісін оңайлатудың нақ өзі болып табылады.

Совет Шығысының үлгілі республикалары туралы сөз етіп жүр. Ал үлгілі республика дегеніміз не? Үлгілі республика дегеніміз — осы міндеттердің бәрін адал және шын ниетімен орындап отыратын, сол арқылы көршілес отар және тәуелді елдердің жұмысшылары мен шаруаларын азаттық қозғалысқа ұмтылдыратын республикалар.

Жоғарыда мен Советтерді ұлттардың еңбекші бұқарасына жақындастыру туралы, — Советтерді ұлттық Совет ету туралы жоғарыда айттым. Ал бұл не

деген сөз және ол практикада қандай болып шығады? Менің ойымша, Түркстанда жақында аяқталған ұлттық межелеуді[30] советтерді бұқараға осындай жақындатудың үлгісі деп санауға болар еді. Буржуазия баспасөзі бұл межелеуде «большевиктік қулық» бар деп жүр. Ал оның бержағында, мұның «қулық» емес екендігі, қайта Түркпенстан мен Өзбекстанның қалың бұқарасының өздеріне жақын және түсінікті өз өкімет органдарын құруға қатты талпынуы екендігі анық. Революцияға дейінгі заманда бұл екі елдің екеуі де, «дәулеттілер өкіметінің» қанаушылық қулық-сұмдықтарына жайлы орын болып, әртүрлі хандықтар мен мемлекеттерге тілгіленіп бөлінген еді. Енді Өзбекстан мен Түркпенстанның еңбекші бұқарасын өкімет органдарына жақындастырып, олармен тұтастыру үшін, бұл тілгіленген бөлшектерді тәуелсіз мемлекеттерге **қайта біріктіруге** мүмкіндік туған мезгіл жетті. Түркстанның межеленуі — ең алдымен, бұл елдердің тілгіленген бөлшектерін тәуелсіз мемлекеттер етіп **қайта біріктіру** болып табылады. Кейіннен бұл мемлекеттердің Совет Одағына оның тең праволы мүшесі болып кіргісі келді, мұның өзі большевиктердің Шығыстың қалың бұқарасының өте терең талаптарының кілтін таба білгендігін ғана көрсетеді, ал Совет Одағының әртүрлі ұлттардың еңбекші бұқараларының дүние жүзіндегі бірден-бір ерікті бірігуі екендігін ғана көрсетеді. Польшаны қайта біріктіру үшін буржуазияға толып жатқан соғыстар ашу керек болды. Ал Түркпенстан мен Өзбекстанды қайта біріктіру үшін коммунистерге тек бірнеше ай түсіндіру насихат жұмысын жүргізу ғана керек болды.

Басқару органдарын, бұл арада Советтерді, әртүр-

лі ұлттардың еңбекшілерінің қалың бұқарасымен міне осылай етіп жақындастыру керек.

Большевиктік ұлт саясатының бірден-бір дұрыс саясат екендігінің дәлелі міне осында.

Онан соң, мен Шығыстың совет республикаларында ұлт мәдениетін көтеру туралы айттым. Ал ұлт мәдениеті дегеніміз не? Оны пролетариат мәдениетімен қалай сыйыстыру керек? Бізде мәдениет екеу — буржуазиялық және социалистік мәдениет, ұлт мәдениетінің ұраны еңбекшілердің санасын ұлтшылдық уымен уландыруға тырысатын буржуазияның реакцияшыл ұраны деп Ленин соғысқа дейін-ақ айтпап па еді?[31] Ұлт мәдениетінің құрылысын, ана тілінде мектептер мен курстардың дамуын және жергілікті адамдардан ұлт кадрларының дайындалуын социализм құрылысымен, пролетариат мәдениетінің құрылысымен қалай сыйыстыру керек? Бұл арада өте алмастай қайшылық жоқ па? Әрине, жоқ! Біз пролетариат мәдениетін құрудамыз. Бұл әбден дұрыс. Сонымен қатар, өзінің мазмұны жағынан социалистік болған пролетариат мәдениеті, социалистік құрылысқа тартылған әртүрлі халықтарда тілдің, тұрмысының, тағы тағылардың өзгешелігіне байланысты түрліше формалар мен әдістер арқылы жарыққа шығып отыратындығы да дұрыс. Социализмге бара жатқан жалпы адам баласының мәдениеті өзінің мазмұны жағынан пролетарлық, формасы жағынан ұлттық мәдениет болады. Пролетариат мәдениеті ұлт мәдениетін жоймайды, қайта оған мазмұн береді. Осының керісінше, ұлт мәдениеті пролетариат мәдениетін жоймайды, қайта оған форма береді. Өкімет басында буржуазия отырған кезде ұлт мәдениетінің ұраны буржуазиялық ұран болып, ал ұлттардың қалыптасуы буржуазиялық тәртіптердің

саясында болып отырды. Өкімет басына пролетариат келген соң ұлт мәдениетінің ұраны пролетарлық ұран болды, ал ұлттардың қалыптасуы Совет өкіметінің саясында бола бастады. Әртүрлі екі жағдайдың мұндайлық принципті айырмашылығын түсінбеген адам, ленинизмді де, ұлт мәселесінің мазмұнын да ешуақытта түсінбейді.

Социализм дәуірінде басқа тілдердің бәрі құрып бітумен бірге, жалпы адам баласының бір тілінің жасалуы туралы сөз қылып жүр (мәселен, Каутский). Мен барлығын бірдей қамтыйтын біртұтас тіл болады дейтін бұл теорияға онша сенбеймін. Тіпті тәжрибенің өзі мұндай теорияны жақтамай, қайта оған қарсы болып отыр. Осы уақытқа дейін былай болып келді: социалистік революция тілдердің санын кемітпеді, қайта көбейтіп отырды, өйткені ол адам баласының ең төменгілерін сілкіндіріп және оларды саяси майданға шығарып, бұрын белгісіз болған немесе аз белгілі болған толып жатқан жаңа ұлттарды жаңа өмірге оятады. Бұрынғы патшалық Россияда ең кемінде 50 ұлт пен ұлттық топ бар деп кім ойлаған? Алайда, Октябрь революциясы, ескі бұғауларды үзіп және толып жатқан ұмыт болған халықтар мен аз халықтарды жарыққа шығарып, оларға жаңа өмір, жаңа даму берді. Осы кезде Индияны тұтас бір бүтін нәрсе десіп жүр. Бірақ Индияда революциялық сілкініс болған күнде, бұрын белгісіз болған, өзінің ерекше тілі бар, өзінің ерекше мәдениеті бар ондаған ұлттардың жарыққа шыға келетіндігіне күмәндануға бола қояр ма екен. Ал егер әртүрлі ұлттарды пролетариат мәдениетіне қосу туралы әңгіме болатын болса, онда, бұл қосу осы ұлттардың тілі мен тұрмысына сәйкес форма-

ларда болатындығына күмәндануға бола қояр ма екен.

Жақында мен бурят жолдастардан хат алдым, олар жалпы адам баласының мәдениеті мен ұлт мәдениетінің қарым-қатнастарының күрделі және қыйын мәселелерін түсіндіруді сұрайды. Ол хат мынау:

«Біз үшін аса күрделі және өте қыйын болып отырған мына мәселелерді түсіндіруіңізді қатты өтініп сұраймыз. Коммунистік партияның түпкі мақсаты — жалпы адам баласының біртұтас мәдениетін жасау. Біздің автономиялы жеке республикаларымыздың шеңберінде дамып отырған ұлттық мәдениеттер арқылы жалпы адам баласының біртұтас мәдениетіне көшу қалай болмақ? Жеке ұлттық мәдениеттердің өзгешеліктерінің (тіл, тағы басқалары) ассимиляциялануы қалай болуға тиіс?»

Жоғарыда айтылғандар бурят жолдастардың үрейленген сұрауына жауап бола алар еді деп ойлаймын.

Бурят жолдастар жалпы адам баласының пролетарлық мәдениетін құру жолында жеке ұлттардың ассимиляциялануы туралы мәселе қояды. Сөз жоқ, кейбір ұлттардың ассимиляция процесіне ұшырауы мүмкін және тіпті, қалай да, ұшырайтын болады. Мұндай процестер бұрын да болған. Бірақ әңгіме мынада: бір ұлттардың ассимиляциялану процесі толып жатқан еті тірі және дамудағы ұлттардың бұған қарама-қарсы күшею және даму процесінің болуын жоймайды, қайта соны болдырады, өйткені жеке ұлттардың ассимиляциялануының жеке процесі ұлттар дамуының жалпы процесінің нәтижесі болып табылады. Нақ сондықтан кейбір жеке ұлттардың болуы мүмкін ассимиляциялануы мынадай барынша дұрыс қағыйданы: жалпы адам баласының пролетарлық мәдениеті халықтардың ұлттық мәдениетінің болуын тілеп, оны қоректендіріп отырады, сондай-ақ халықтардың

ұлттық мәдениеті жалпы адам баласының пролетарлық мәдениетін жоймайды, қайта толықтырып байытады деген қағыйданы бәсеңдетпейді, қайта соны дәлелдейді.

Шығыстың совет республикаларының белсенді қызметкерлерінің алдында тұрған кезекті міндеттер жалпы айтқанда осындай.

Бұл міндеттердің сыйпаты мен мазмұны осындай.

Бұл міндеттердің орындалуын алға бастыру үшін және Шығыстың көпшілігі шаруа елдері болып отырған совет республикаларын Совет Одағындағы социализм құрылысына қосу ісін оңайлату үшін шаруашылықтың күшті құрылысының кәзіргі дәуірін және шаруаларға беріліп отырған жаңа жеңілдіктерді пайдалану қажет.

Партияның шаруалар жөніндегі жаңа саясатында бірсыпыра жаңа жеңілдіктер (қысқа мерзімді аренда, жалдама еңбекке жол беру) берумен қатар кейін шегінудің де кейбір элементтері бар деседі. Бұл дұрыс па? Я, дұрыс. Бірақ біз бұл шегіну элементтеріне күштің орасан көпшілігі партия мен Совет өкіметінің жағында қалып отырған **кезінде** жол беріп отырмыз. Орныққан валюта, дамып келе жатқан өнеркәсіп, дамып келе жатқан транспорт, нығайып келе жатқан кредит системасы, ал бұл системаның жәрдемімен, жеңілдік кредит арқылы, ешбір апатсыз-ақ, халықтың қандай жігін болса да күйзелтуге немесе жоғары сатыға көтеруге болады, міне осылардың барлығы пролетариат диктатурасының қолындағы резервтер, осылардың негізінде майданның бір участогіндегі шегінудің кейбір элементтері бүкіл майданда шабуыл жасау дайындығын тек жеңілдете түседі. Нақ сондықтан партияның шаруаларға беріп отырған кейбір жа-

на жеңілдіктері кәзіргі кезеңде шаруалардың социалистік құрылысқа қосылу ісін қыйындатпай, қайта жеңілдете түсуге тиіс.

Шығыстың совет республикалары үшін бұл жағдайдың қандай маңызы болуы мүмкін? Мұның тек мынадай маңызы болмақ: бұл жағдай осы республикалардың белсенді қызметкерлерінің қолына жаңа құрал береді, бұл құрал совет шаруашылық дамуының жалпы системасымен бұл елдердің ұштасуын жеңілдетіп тездетеді.

Партияның деревнядағы саясаты мен совет Шығысының белсенді қызметкерлерінің алдында тұрған ұлттық кезекті міндеттердің арасындағы байланыс осындай.

Осымен байланысты Шығыс халықтары Университетінің Шығыстың совет республикалары жөніндегі міндеті бұл республикаларға керекті кадрларды жоғарыда көрсетілген кезекті міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін бағытта тәрбиелеу болып табылады.

Шығыс халықтарының Университеті өмірден қол үзіп кете алмайды. Ол өмірден тыс тұрған мекеме емес және ондай мекеме бола алмайды. Ол өз тіршілігінің барлық тамырлары арқылы нақтылы өмірмен байланысты болуға тиіс. Осылай болғандықтан, ол Шығыстың совет республикаларының алдында тұрған кезекті міндеттерден ауып кете алмайды. Міне сондықтан Шығыс халықтары Университетінің міндеті — бұл республикалар үшін тиісті кадрлар тәрбиелеуде ол республикалардың кезекті міндеттерін ескеру болады.

Сонымен қатар совет Шығысының белсенді қызметкерлерінің практикасында екі уклон бар екенін

есте тұту керек, совет шығысы үшін нағыз кадрлар мен нағыз революционерлер тәрбиелеп шығару үшін бұл Университеттің ішінде ол уклондарға қарсы күрес жүргізу қажет.

Бірінші уклон жеңіл-желпі қараушылықта болып отыр, жоғарыда мен айтып өткен міндеттерге жеңіл-желпі қараушылықта болып отыр, шаруашылық құрылыстың Совет Одағының орталығына толық түсінікті және қолдануға болатын, бірақ шеткері аймақтар деп аталатындардың даму жағдайларына мүлде үйлеспейтін үлгілерін қалай болса солай қондыра салуға тырысуда болып отыр. Бұл уклонға жол беріп жүрген жолдастар екі нәрсені түсінбейді. Олар орталықтағы және «шеткері аймақтардағы» жағдайлардың бірдей емес екенін және бір-біріне әлде қайда ұқсас емес екенін түсінбейді. Олар, мұның үстіне, шығыстың совет республикаларының өздері біркелкі емес екенін түсінбейді, бұлардың кейбіреулері, мысалы Грузия мен Армения, ұлттық қалыптанудың жоғары сатысында тұрғанын, бұлардың екіншілері, мысалы Чечен мен Кабардин, ұлттық қалыптанудың төменгі сатысында тұрғанын, бұлардың үшіншілері, мысалы Киргизия, осы екі шеткеріліктің арасында орта қалыпта тұрғанын түсінбейді. Бұл жолдастар, жергілікті жағдайларға бейімделмейінше, әрбір елдің бүкіл барлық ерекшеліктерін құнттап есептемейінше күрделі ешнәрсе құруға болмайтынын түсінбейді. Бұл уклонның нәтижесі бұқарадан қол үзу және солшыл сөзуарлыққа айналып азғындау болып табылады. Шығыс халықтары Университетінің міндеті — кадрларды осындай жеңіл-желпі қараушылыққа қарсы келісімсіз күрес жүргізу рухында тәрбиелеу болып табылады.

Екінші уклон, мұның керісінше, жергілікті ерекше-

ліктерді асыра көрсетуде болып отыр, Шығыстың совет республикаларын Совет Одағының өнеркәсіпті аудандарымен байланыстыратын ортақ және басты нәрсені қалыс қалдырып, социалистік міндеттерді елемей, өрісі тар және таяз ұлтшылдықтың міндеттеріне бейімделуде болып отыр. Бұл уклонға жол беріп жүрген жолдастар өз елінің ішкі құрылысының қамын аз ойлайды, олар бұл дамуды істің табиғи барысына беріп қоя беруді артық көреді. Олар үшін басты нәрсе — ішкі құрылыс емес, «сыртқы» саясат, өз республикасының шекарасын кеңейту, іргелес республикалармен кергілесу, көршілерінен үзіп-жұлып артық олжа түсіруге тырысу, сонымен, өз елінің буржуазиялық ұлтшылдарына жағыну болады. Бұл уклонның нәтижесі социализмнен қол үзу және кәдімгі буржуазиялық ұлтшылдарға айналып азғындау болады. Шығыс халықтары Университетінің міндеті — кадрларды осындай астыртын ұлтшылдықпен рахымсыз күрес жүргізу рухында тәрбиелеу болып табылады.

Шығыс халықтары Университетінің Шығыстың совет республикалары жөніндегі міндеттері осындай.

II

ШЫҒЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ КОММУНИСТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ШЫҒЫСТЫҢ ОТАР ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ЕЛДЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ

Екінші мәселеге, Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетінің Шығыстың отар және тәуелді елдері жөніндегі міндеттері туралы мәселеге көшейік.

Бұл елдердің Шығыстың совет республикаларына қарағанда өмір сүруі мен дамуының ерекше өзгешеліктері қандай?

Біріншіден, бұл елдер империализм езгісінде өмір сүріп, дамып отыр.

Екіншіден, екі жақтап қанаудың, ішкі (өз буржуазиясының) және сыртқы (бөтен империалистік буржуазияның) қанаудың болуы бұл елдерде революциялық кризисті шиеленістіріп, тереңдетеді.

Үшіншіден, бұл елдердің кейбіреулерінде, мысалы, Индияда, капитализм толып жатқан жергілікті пролетарлар табын азды-көпті болса да туғызып, қалыптандыра отырып, қатты қарқынмен өсіп келеді.

Төртіншіден, революциялық қозғалыстың өсуімен байланысты мұндай елдердің ұлттық буржуазиясы революцияшыл (ұсақ буржуазия) және келісімпаз (ірі буржуазия) болып екіге бөлінеді, бұлардың біріншісі революциялық күресті жүргізе береді, ал екіншісі империализммен одақ жасасады.

Бесіншіден, мұндай елдерде империалистік одақпен қатар басқа одақ, жұмысшылардың революцияшыл ұсақ буржуазиямен жасаған одағы, империализмнен толық азат болу мақсатын көздейтін антиимпериалистік одақ құрылып келеді.

Алтыншыдан, мұндай елдерде пролетариат гегемониясы туралы және қалың бұқараны ұлттық келісімпаз буржуазияның ықпалынан құтқару туралы мәселе барған сайын толғағы піскен мәселеге айналып келеді.

Жетіншіден, бұл жағдай мұндай елдердің ұлт-азаттық қозғалысының Батыстың алдыңғы қатарлы елдерінің пролетарлық қозғалысымен ұштасу ісін едәуір жеңілдетеді.

Бұдан, ең кем дегенде, үш қортынды шығады:

1) Жеңімпаз революциясыз отар және тәуелді елдерді империализмнен азат ету мүмкін емес: тәуелсіздікті тегін ала алмайсың.

2) Ұлттық келісімпаз буржуазияны битарап қалдырмайынша, ұсақ буржуазиялық революцияшыл бұқараны бұл буржуазияның ықпалынан босатпайынша, пролетариат гегемониясы саясатын жүргізбейінше, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы элементтерін өз алдына коммунистік партияға ұйымдастырмайынша революцияны алға бастыру, капиталистік жағынан дамыған отарлар мен тәуелді елдердің толық тәуелсіз болуына жету мүмкін емес.

3) Бұл елдердің азаттық қозғалысы мен Батыстың алдыңғы қатарлы елдерінің пролетарлық қозғалысының арасында нақтылы ұштасу болмайынша отар және тәуелді елдерде баянды етіп жеңу мүмкін емес.

Отар және тәуелді елдердің коммунистерінің негізгі міндеті — өздерінің революциялық жұмысында осы қортындыларға сүйену болып табылады.

Осы жағдайлармен байланысты, отарлар мен тәуелді елдердің революциялық қозғалысының кезекті міндеттері қандай?

Қәзіргі кезде отарлар мен тәуелді елдердің өзгешелігі сол — бұдан былайғы жерде біртұтас және бәрін қамтыйтын отарлық Шығыс дүниеде жоқ. Бұрын отарлық Шығысты біртұтас және бірыңғай бір нәрсе деп түсінетін еді. Қәзірде бұлайша түсіну шындыққа жанаспайды. Қәзіргі уақытта бізде отар және тәуелді елдердің, ең кем дегенде, үш категориясы бар. Біріншіден, Марокко сыяқты, өз пролетариаты жоқ немесе өз пролетариаты жоққа тән және өнеркәсіп жағынан мүлде мешеу қалған елдер. Екіншіден, Қытай мен Египет сыяқты, өнеркәсіп жағынан аз дамыған және басқалардан пролетариаты аз елдер. Үшіншіден, Индия сыяқты, капиталистік жағынан азды-көпті дамы-

ған және азды-көпті толып жатқан ұлттық пролетариаты бар елдер.

Бұл елдердің барлығын бірдей деп санауға ешқандай мүмкіндік жоқ екені анық.

Ұлттық буржуазияның революцияшыл және келісімпаз партиялар болып екі бөлінуге әлі негізі болмай отырған Марокко сыяқты елдерде коммунистік элементтердің міндеті — империализмге қарсы тұтас бір ұлттық майдан жасау үшін барлық шараларды қолдану болып табылады. Мұндай елдерде коммунистік элементтерді тұтас бір партия етіп шығару ісі империализмге қарсы күрес үстінде ғана істелуі мүмкін, әсіресе империализмге қарсы жеңімпаз революциялық күрестен кейін осылай болуы мүмкін.

Ұлттық буржуазиясы қәзірдің өзінде революцияшыл және келісімпаз партиялар болып екі бөлінген, бірақ буржуазияның келісімпаз бөлегі империализммен әлі де болса тұтаса қоймаған, Египет немесе Қытай сыяқты елдерде коммунистер енді империализмге қарсы тұтас бір ұлттық майдан құруды өзіне мақсат етіп қоя алмайды. Мұндай елдерде коммунистер тұтас бір ұлттық майдан құру саясатынан жұмысшылар мен ұсақ буржуазияның революцияшыл одағын жасау саясатына көшуге тиіс. Мұндай елдерде бұл одақ тұтас бір партияның, жұмысшы-шаруа партиясының формасында болуы мүмкін, біракта бұл ерекше партия **іс жүзінде** екі күштің — коммунистік партия мен революцияшыл ұсақ буржуазия партиясының одағы болуға тиіс. Бұл одақтың міндеттері: ұлттық буржуазияның жартыкештігі мен табансыздығын әшкерелеу және империализмге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу болып табылады. Егер коммунистік партияның аяқ қолын байламайтын болса, егер коммунистік партия-

ның үгіт пен насихат жұмысының ерікті өрісін тарылтпайтын болса, егер коммунистік партияның төңірегіне пролетарларды топтастыруға кедергі болмайтын болса, егер коммунистік партияның революциялық қозғалысқа іс жүзінде басшылық ету ісін оңайлататын болса, онда мұндай екі құрамы бар партия керек те, тиімді де. Егер осы шарттардың бәріне сай келмейтін болса, онда мұндай екі құрамды партия керексіз де, тиімсіз де болады, өйткені ол коммунистік элементтердің буржуазия арасында бытырап кетуіне ғана, коммунистік партияның пролетарлық армиядан айырылып қалуына ғана әкеліп соғуы мүмкін.

Индия сияқты елдерде істің жайы біраз басқаша. Индия сияқты отарлардың өмір сүру жағдайындағы негізгі және жаңа нәрсе — ұлттық буржуазияның революцияшыл және келісімпаз партиялар болып екіге бөлінуінде ғана емес, ең алдымен, бұл буржуазияның келісімпаз бөлегінің империализммен негізінен келісіп үлгіргендігінде. Буржуазияның бұл ең бай және ықпалды бөлегі империализмнен гөрі революциядан көбірек қорқып, өзінің туған елінің мүдделерінен гөрі өз қалтасының қамын көбірек ойлап, революцияның мейірімсіз жауларының лагеріне біржолата кетеді, өзінің туған елінің жұмысшылары мен шаруаларына қарсы империализммен одақ жасайды. Бұл одақты қыйратпайынша, революцияның жеңісіне жету мүмкін емес. Бірақ, бұл одақты қыйрату үшін, ұлттық келісімпаз буржуазияға қарсы шабуылды үдету керек, оның сатқындығын әшкерелеп, еңбекшілер бұқарасын оның ықпалынан құтқару керек және пролетариаттың гегемониясына қажетті жағдайларды үздіксіз дайындап отыру керек. Басқаша айтқанда, әңгіме мынада:

Индия сыяқты отарларда пролетариатты азаттық қозғалыстың көсемінің ролін атқаруға дайындау керек, мұндай құрметті орнынан буржуазияны және оның жаршыларын бірден бірге ығыстыра беру керек. Антиимпериалистік революцияшыл одақ жасау керек, бұл одақта пролетариаттың гегемониясын қамтамасыз ету керек — міндет осы. Бұл одақ формалық жағынан тұтас бір платформамен байланысқан біртұтас жұмысшы-шаруа партиясының формасында бола алады, бірақ әрқашан осылай бола беруі шарт емес. Мұндай елдерде коммунистік партияны өз алдына дербес партия ету коммунизмнің алдыңғы қатарлы элементтерінің негізгі ұраны болуға тиіс, өйткені пролетариат гегемониясын тек коммунистік партия ғана дайындап, жүзеге асыра алады. Ал коммунистік партия, ұлттық келісімпаз буржуазияны битарап қалдырып, империализмге қарсы күресте қала мен селоның ұсақ буржуазиясының миллиондаған бұқарасын соңына ерту үшін буржуазияның революцияшыл қанатымен ашық одақ жасай алады және жасауға тиіс.

Осыдан, капиталистік жағынан ілгері дамыған отар және тәуелді елдердегі революциялық қозғалыстың мынадай кезекті міндеттері келіп шығады:

1) Жұмысшы табының таңдаулы элементтерін коммунизмнің жағына шығарып алу және коммунистік дербес партиялар құру.

2) Ұлттық келісімпаз буржуазия мен империализмнің одағына қарсы жұмысшылардың, шаруалардың және революцияшыл интеллигенцияның ұлттық-революцияшыл одағын құру.

3) Бұл одақта пролетариаттың гегемониясын қамтамасыз ету.

4) Қала мен селоның ұсақ буржуазиясын ұлттық

келісімпаз буржуазияның ықпалынан құтқару жолында күрес жүргізу.

5) Азаттықты қозғалыстың алдыңғы қатарлы елдердегі пролетарлық қозғалыспен ұштасуын қамтамасыз ету.

Шығыстың отар және тәуелді елдерінің белсенді қызметкерлерінің алдында тұрған кезекті міндеттердің үш тобы осындай.

Егер бұл міндеттерді кәзіргі халықаралық жағдайдың тұрғысынан алып қарайтын болсақ, бұл міндеттер ерекше күрделі сыйпат алады және ерекше маңызды болып шығады. Кәзіргі кезде халықаралық жағдай революциялық қозғалыстың уақытша толастау дәуірінің болып отырғандығымен сыйпатталады. Ал толастау дегеніміз не, кәзіргі кезде мұның қандай мағынасы болмақ? Бұл, Батыстың жұмысшыларына, Шығыстың отарларына, ең алдымен, барлық елдердің революциялық қозғалысының туын көтеруші болып отырған Совет Одағына қарсы қысымның күшейгендігін ғана көрсетеді, Совет Одағына қарсы осындай қысым жасауға империалистердің қатарында кәзірдің өзінде-ақ дайындық басталғанына күмандануға болар ма екен. Эстониядағы көтеріліспен[32] байланысты жала жабу науқаны, Софиядағы дүмпумен байланысты Совет Одағына зұлымдық жасап пәле жабу, буржуазия баспасөзінің біздің елге қарсы жалпы жорық жасауы — осының бәрі шабуылға дайындалу кезеңі. Бұл — тоғышарларды Совет Одағына қарсы жорық жасауға дағдыландыруды, интервенцияға керекті моральдық алғышарттар жасауды көздеп, қоғамдық пікірді алдын ала дайындау болып табылады. Бұл өтірік-өсек пен жаланың науқанынан не шығарын, империалистердің үлкен шабуыл жасауға барар, бармай

сын, — біз алдағы уақытта көре жатармыз. Ал бұл жорықтар отарларға ешбір жақсылық бермейді, бұған күмәндануға негіз де жоқ шығар деп ойлаймын. Сондықтан империализм тарапынан болуы мүмкін соққыға революцияның біріккен күштерінің қарсы соққысын әзірлеу мәселесі бүгінгі күнгі ең күрделі мәселе.

Сондықтан да отарлар мен тәуелді елдердегі революциялық қозғалыстың кезекті міндеттерін бұлжытпай орындаудың кәзіргі кезде ерекше маңызы бар.

Шығыс халықтары Университетінің отар және тәуелді елдер жөніндегі бүкіл осы жағдайларға байланысты міндеті қандай? Оның міндеті — бұл елдердің революциялық дамуының барлық өзгешеліктерін есепке алып, бұл елдерден келген кадрларды жоғарыда айтылған әртүрлі кезекті міндеттердің орындалуын қамтамасыз етерлік бағытта тәрбиелеу болып табылады.

Шығыс халықтары Университетінде отар және тәуелді елдерден бізге келген оқушылардың әртүрлі 10 шамалы топтары бар. Бұл жолдастардың жарық сәуле мен білімге ынты-зар болып отырғандығы жұрттың бәріне мәлім. Шығыс халықтары Университетінің міндеті — осы оқушылардан ленинизм теориясымен қаруланған, ленинизмнің практикалық тәжрибесімен қамтамасыз етілген, отар және тәуелді елдердің азаттық қозғалысының кезекті міндеттерін қорыққанынан емес, ар-намыс үшін орындай алатын нағыз революционерлер шыңдап шығару болып табылады.

Сонымен қатар отарлық Шығыстың белсенді қызметкерлерінің практикасында екі уклон бар екенін есте тұту керек, нағыз революцияшыл кадрлар тәрбие-

леп шығару үшін бұл уклондарға қарсы күрес жүргізу қажет.

Бірінші уклон азаттық қозғалыстың революциялық мүмкіншіліктерін жете бағаламауда болып отыр және, бұл елдердің даму жайына, даму дәрежесіне қарамастан, отарлар мен тәуелді елдерде бәрін тегіс қамтыйтын біртұтас ұлттық майдан құру идеясын асыра бағалауда болып отыр. Бұл — оңшыл уклон, мұның революциялық қозғалысты төмендететін және коммунистік элементтерді буржуазияшыл ұлтшылдардың жалпы әуенінде тоздырып жіберетін қаупі бар. Бұл уклонға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу шығыс халықтары Университетінің тікелей міндеті болып табылады.

Екінші уклон азаттық қозғалыстың революциялық мүмкіншіліктерін асыра бағалауда және империализмге қарсы жұмысшы табының революцияшыл буржуазиямен одақ жасау ісін жете бағаламауда болып отыр. Жақында қателік істеп өз елі үшін Совет өкіметінің ұранын көтерген Явадағы коммунистерде осы уклон бар сияқты. Бұл — солшыл уклон, мұның бұқарадан қол үзу және коммунистік партияны сектаға айналдыру қаупі бар. Бұл уклонға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу — Шығыстың отар және тәуелді елдері үшін нағыз революцияшыл кадрлар тәрбиелеудің қажетті шарты болып табылады.

Шығыс халықтары Университетінің советтік және отарлық Шығыстың халықтары жөніндегі саяси міндеттері жалпы айтқанда осындай.

Шығыс халықтарының Университеті бұл міндеттерді абыроймен орындап шығады деп сенеміз.

„Правда" № 115,
22 май, 1925 ж.

«КОМСОМОЛЬСКАЯ ПРАВДА» РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ БАРЛЫҚ МҮШЕЛЕРІНЕ[33]

Жолдастар! «Комсомольская Правданың» зор маңызы болғандықтан, осы газеттегі кейбір мақалалар туралы өзіміздің алғашқы пікірлерімізді сіздерге айтқымыз келеді.

1) Стецкийдің «Жаңа экономикалық саясаттың жаңа кезеңі» деген мақалаларының кейбір жерлері күмән туғызады деп санаймыз. Бұл мақалаларда, расында, жұмсартылып айтылып, «байыңдар» деген ұран қолданылып отыр. Бұл ұран біздікі емес, бұл теріс ұран, бұл ұран толып жатқан күдіктер мен ұғыныспаушылықтар туғызады, сондықтан «Комсомольская Правданың» жетекші мақаласында оған орын болмауға тиіс. Біздің ұран — социалистік қор жыйнау ұраны. Деревняның әл-ауқатын көтеру жолында тұрған әкімшілік кедергілерді біз алып тастаймыз. Бұл операция қор жыйнаудың қандайын болса да, жеке капиталистік қор жыйнауды да, социалистік қор жыйнауды да сөзсіз жеңілдетеді. Бірақ жекеше қорлануды өз ұранымыз етіп қоямыз деп партия әлі ешуақытта да айтқан емес. **Өзіміздің** социалистік қорлану туралы ұранымызды біздің халық шаруашылығының сис-

темасына қолдануды жеңілдету үшін біз нэп-ке жол беріп, жекеше қорлануға рұхсат етіп отырмыз. Біздің кейбір жолдастардың бұл мәселені талас мәселе деп тануы мүмкін. Бірақ онда — «байыңдар» деген ұран туралы мәселені талас мәселе, ал мұндай ұранды жақтайтын мақалалар айтыс ретінде басылуға тиіс деп тура айту керек. Екінші жағынан, «Комсомольская Правданың» айтыс органы емес екендігі, қайта оның, ең алдымен, оқушыға партияның жалпы қабылдаған ұрандары мен қағыйдаларын беріп отыратын дұрыс орган екендігі анық.

Қысқасы, мәселеге қалай қарасаң да, формальдық тұрғыдан қарасаң да, яки іс мәнінің тұрғысынан қарасаң да Стецкийдің мақаласын бұл пунктте қанағаттанарлық емес деп есептеу керек. Бұдан былай сақтаныңқыраған дұрыс болар еді.

2) Стецкийдің мақалаларында деревнядағы капиталистік емес даму туралы белгілі пункт те онша қолайлы емес. Бұрын капиталистік емес даму жолы туралы айтуға болатын еді. Кәзірде, социалистік және капиталистік даму элементтерінің арасында күрес іс жүзінде басталып, барынша күшейіп отырғанда, социалистік даму жолы туралы айту дұрысырақ болған болар еді. Әйтпесе дамудың екі жолынан басқа, капиталистік және социалистік даму жолынан басқа, тағы үшінші жол бар деген пікір туып қалуы мүмкін, — бұл дұрыс емес және, қайткен күнде де, — адам сенерлік емес.

3) Менінше Слепковтың «Лениндік мұра туралы» деген мақаласының мына бір ұйымдастыру-саяси жұмысында коммунистер мен комсомолдарға шаруалар-

дың партияда жоқ активімен бәсекелесуге тура келеді дейтін әйгілі жері де дұрыс емес сыяқты. Біз осы уақытқа дейін партия төңірегінде осындай активті құру туралы, оны тәрбиелеу туралы мәселе қойып келдік, жәнеде бұл дұрыс деп есептелетін еді. Енді Слепков коммунистер мен комсомолдардың партияда жоқ активпен, әлі құру керек болып отырған активпен бәсекелесуі туралы жаңа мәселе қойып отыр. Бұл дұрыс емес, жәнеде бұл Советтерді жандандыру керек деген ұран бойынша жүргізіліп отырған біздің барлық науқанымызбен сәйкеспейді. Бұл активпен бәсекелеспеу керек, қайта оны құрып, тәрбиелеу керек.

4) Марксизмнің көрнекті теоретиктерінің коммунизм туралы, пролетариат диктатурасы туралы, Октябрь революциясы туралы жазылған, сонымен қатар қала мен деревнядағы комсомол активінің практикалық жұмысына тікелей қатысы бар шаруашылық пен басқару жұмысының әртүрлі салалары жөнінде жазылған түсінікті кітапшалары сыяқты «Комсомольская Правдаға» қосымшалар беріп отыру системасын ұйымдастырса жақсы болған болар еді. Кішкентай кітапшалар болып шыққан осындай қосымшалар кейін келе белсенді комсомол үшін кішкене кітапхана болып шыққан болар еді, ал мұның комсомол активін тәрбиелеу үшін өте зор маңызы болған болар еді.

5) «Комсомольская Правдадағы» мақалалардың стилін оңайлатса, қызметкерлерді **Ильичтің** жазғаны сыяқты оңай етіп, сөйлемді қысқа етіп, мүмкіндігі болғанынша шетел терминдерін қоспай жазуға міндеттесе жақсы болған болар еді. Тым болмағанда «Комсомольская Правдаға» қосымша етіп шетел сөз-

дерінің кішкентей сөздігін беруге болар еді, немесе, егер тіпті шетел сөздерінсіз болмайтын болса, онда тым болмаса, мақалалардың текстінде тиісті түсініктер беруге болар еді.

И. Сталин
В. Молотов
А. Андреев

Москва қаласы, 2 июнь, 1925 ж.

Бірінші рет басылып отыр

СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

Свердлов университетінде сөйленген сөз

9 июнь, 1925 ж.

Жолдастар! Мен сіздердің қағаз жүзінде қойған сұрақтарыңызға жауап беремін. Мен ол сұрақтарды сіздердің хаттарыңызда келтірілген реті бойынша аламын. Өздеріңізге мәлім, бұл сұрақтар он.

Бірінші сұрақтан бастайық.

I

Егер Совет Одағына алдымыздағы 10—15 жыл ішінде Батыс пролетариатының әлеуметтік революциясы көмектеспесе, пролетариат диктатурасы жағдайында жұмысшы табының шаруалармен ұштасуын нығайтуға қандай шаралар мен қандай жағдайлар себеп болуға тиіс?

Меніңше, бұл сұрақ сіздердің қағаз жүзінде қойған басқа сұрақтарыңыздың барлығын қамтыйды. Сондықтан менің жауабым да жалпы жауап болады, сондықтан да оның оншалық толық сыйпаты болмайды. Бұлай болмаған күнде қалған сұрақтарға жауап ретінде айтатын ешнәрсе қалмаған болар еді.

Менінше, партияның XIV конференциясының қарарлары бұл сұраққа толық жауап береді. Олар, осы қарарлар, ұштасуды нығайтудың негізгі шарты шаруалар жөнінде дұрыс саясат қолдану болып табылатындығын көрсетеді.

Ал сонда шаруалар жөнінде дұрыс саясат қолдану дегеніміз не?

Ол саясат — шаруашылық жолында, әкімшілік-саяси жолында және мәдени-ағарту жолында істелетін бірсыпыра шаралардан, ұштасуды нығайту ісін қамтамасыз ететін шаралардан құралады.

Шаруашылық саласынан бастайық.

Ең алдымен соғыс коммунизмінің деревнядағы қалдықтарын жою қажет. Онан соң, фабрикаттар мен ауылшаруашылық өнімдерінің бағалары жөнінде дұрыс саясат қолдану қажет, ол саясат өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының тез өсуін қамтамасыз ететін және «қыйғаштықты» жоятын саясат болу керек. Сонымен қатар ауылшаруашылық салығының жалпы сомасын азайту қажет, сөйтіп оны жалпы мемлекеттік бюджеттің негізінен жергілікті бюджеттің негізіне біртіндеп көшіру қажет. Шаруалардың миллиондаған бұқарасын кооперативтендіру қажет, ең алдымен ауылшаруашылық және кредит кооперациясы жолымен кооперативтендіру қажет, өйткені бұл шаруа шаруашылығын социалистік құрылыстың жалпы системасына қосудың құралы болып табылады. Деревняны тракторлармен барынша қамтамасыз ету қажет, өйткені бұл ауыл шаруашылығын техника жағынан революцияландырудың құралы мен деревняда мәдениет-техника ошақтарын құрудың жолы болып табылады. Ақырында, электрлендіру жоспарын жүргізу қажет, өйткені бұл деревняны қаламен жақындастырудың және

олардың арасындағы қарама-қарсылықты жоюдың қуралы болып табылады.

Партияның устайтын жолы осындай, егер ол қаланың деревнямен уштасуын шаруашылық жолымен қамтамасыз еткісі келсе нақ осы жолмен журуге тиіс.

Ауылшаруашылық салығын мемлекеттік бюджеттің негізінен жергілікті бюджеттің негізіне көшіру туралы мәселеге сіздердің көңілдеріңізді аударғым келеді. Бул сіздерге ғажап нәрсе болып көрінуі мумкін. Солай бола турса да, ауылшаруашылық салығының жергілікті салық сыйпатына айналып келе жатқандығы және будан былайда удайы айналатындығы факт. Мәселен, ертеде, будан екі жыл бурын бізде ауылшаруашылық салығының мемлекеттік бюджетіміздің табыстарының негізгі немесе негізгі дерлік статьясы болғандығы белгілі. Ал кәзірде ше? Кәзірде ол мемлекеттік бюджеттің болмашы бір бөлегі болып отыр. Мемлекеттік бюджет кәзір екіжарым миллиард сом болып отыр, ал ауылшаруашылық салығы кәзірде және быйылғы жылы көп дегенде 250 — 260 миллион сом бере алады, бул өткен жылғы сомадан 100 миллион сом кем. Көріп отырсыздар, бул онша көп емес. Ал мемлекеттік бюджет неғурлым көп өссе, бул салықтың ондағы улесі соғурлым көп төмендейді. Екіншіден, ауылшаруашылық салығының осы 260 миллионынан 100 миллион жергілікті бюджетке туседі. Бул барлық салықтың уштен бірінен көбірегі. Муны немен тусіндіруге болады? Муны, кәзіргі барлық салықтарға қарағанда ауылшаруашылық салығының жергілікті жағдайларға жақынырақ екендігімен, оның бәрінен гөрі жергілікті мұқтаждықтарға пайдалануға ыңғайлырақ екендігімен тусіндіруге болады. Жергілікті бюджеттің жалпы өсе беретіндігіне кумәндануға бола

қояр ма екен. Сонымен қатар оның, ең алдымен, жергілікті жағдайларға барынша ыңғайласуды талап ететін ауылшаруашылық салығының есебінен өсе беретіндігі де күмәнсіз. Бұл барынша мүмкін нәрсе, өйткені мемлекеттік табыстардың негізгі салмағы басқадай түсімдерге, мемлекеттік кәсіпорындарынан түсетін түсімдерге, көлденең салықтарға, тағы сондайларға кәзірдің өзінде-ақ ауысып отыр және жалпы ауыса бермек.

Міне сондықтан ауылшаруашылық салығын жалпы мемлекеттік бюджеттің негізінен жергілікті бюджеттің негізіне көшіру ұштасуды нығайту тұрғысынан қарағанда кезі келгенде мүмкіндігі бар және толығынан қолайлы нәрсе болып шығуы мүмкін.

Әкімшілік-саяси жағынан ұштасуды қамтамасыз ету жөніндегі шараларға көшейік.

Мемлекеттік аппаратты оңайлату, арзандату және моральдық жағынан күшейту үшін, бұл аппараттан бюрократизм мен буржуазиялық іркіттің элементтерін аластау үшін, мемлекеттік аппаратты миллиондаған бұқарамен толық жақындастыру үшін қала мен деревняда советтік демократия орнату керек және Советтерді жандандыру керек — партияның ұстайтын жолы осындай, егер ол әкімшілік-саяси құрылыс жолымен ұштасуды нығайтқысы келсе нақ осы жолмен жүруге тиіс.

Пролетариат диктатурасы өзімен өзі болған мақсат емес. Диктатура дегеніміз — социализмге жетудің құралы мен жолы. Ал социализм дегеніміз не? Социализм дегеніміз — пролетариат диктатурасы бар қоғамнан мемлекетсіз қоғамға өту болып табылады. Бірақ бұл өтуді жүзеге асыру үшін диктатурасы бар қоғамды коммунистік қоғамға айналдыруды іс жүзінде қам-

тамасыз ететін бағыт пен жол бойынша мемлекеттік аппаратты қайта құруға даярлау қажет. Советтерді жандандыру ұраны, қала мен деревняда советтік демократия орнату ұраны, жұмысшы табы мен шаруалардың ең жақсы элементтерін елді тікелей басқару жұмысына қатыстыру ұраны нақ осы мақсат үшін қызмет етеді. Мемлекеттік аппаратты түзету, оны шын мағнасында қайта құру, онан бюрократизм мен іріту элементтерін аластау, оны қалың бұқараға жақын және туысқан ету, — осының бәрі бұқараның өздері мемлекеттік аппаратқа үнемі және белсене көмек етпейінше істелуі мүмкін емес. Бірақ, сонымен қатар, жұмысшылар мен шаруалардың ең жақсы элементтерін басқару органдарына тартпайынша, мемлекеттік аппараттың еңбекші бұқараның ең барып тұрған «төменгі жіктерімен» тура және тікелей байланысты болуын жүзеге асырмайынша бұқараның белсенді түрде және үздіксіз көмек етуі де мүмкін емес.

Советтің мемлекеттік аппаратының буржуазия мемлекетінің аппаратынан қандай өзгешелігі бар?

Оның өзгешелігі ең алдымен мынадай: буржуазиялық мемлекеттік аппарат бұқарадан жоғары тұрады, ол осының салдарынан адам өте алмайтын бөгет арқылы халықтан бөлектеніп отырады және өзінің рухы жағынан да ол қалың бұқараға мүлде жат. Ал оның бержағында советтің мемлекеттік аппараты бұқарамен **бірігіп** отырады, өйткені ол, егер өзін нақ советтің мемлекеттік аппараты етіп сақтағысы келсе, бұқарадан жоғары тұра алмайды, және жоғары тұруға тиіс емес, өйткені ол, егер еңбекшілердің миллиондаған бұқарасын шын қамтығысы келсе, бұл бұқараға жат бола алмайды. Советтің мемлекеттік аппараты-

ның буржуазия мемлекетінің аппаратынан принциптік өзгешеліктерінің бірі осы.

Ленин бір кезде өзінің «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?», деген кітапшасында былай деген болатын: большевиктер партиясының 240 мың мүшесі байларға қарсы кедейлердің мүдделерін көздеп, елді сөзсіз басқара алар еді, өйткені кедейлерге қарсы байлардың мүдделерін көздеп, елді басқарып келген 130 мың помещиктерден олар ешбір кем емес. Кейбір коммунистер осыған сүйеніп, мемлекеттік аппаратқа партияның бірнеше жүз мың мүшесі болса болғаны, жәнеде орасан үлкен елді басқару үшін осының өзі толығынан жеткілікті деп ойлайды. Осы тұрғыдан қарап, олар кейде партияны мемлекетпен бір деп есептеуден де таймайды. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Бұл Лениннің пікірін бұрмалау болады. Большевиктер партиясының 240 мың мүшесі туралы айтқанда, Ленин советтің мемлекеттік аппаратындағы кіретін адамдардың саны мен оның жалпы өрісі осымен бітеді немесе осымен бітe алады деп тіпті де айтқысы келген жоқ. Қайта ол, мемлекеттік аппараттың құрамына, партия мүшелерінен басқа, сол кезде, Октябрь алдында, большевиктерді жақтап дауыс берген тағы бір миллион адамды қосқан болатын, сөйтіп, бізде өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды бірден он есе өсіруге құрал бар, яғни, мемлекетті басқарудың күнделікті жұмысына еңбекшілерді қатыстыру арқылы оны, ең болмағанда, 10 миллионға дейін жеткізу құралы бар, деген болатын.

«Бұл 240 000 адам, — дейді Ленин, — өздерін жақтайтын кәзірдің өзінде кемінде бір миллион ересек адамның дауысына ие болып отыр, өйткені партия мүшелерінің саны мен партияны жақтап берілген дауыс санының арашамасы нақ осындай екен-

дігін Европаның тәжрибесі және Россияның тәжрибесі, мысал үшін айтатын болсақ, Питер думасының августағы сайлаулары ашып көрсетті. Міне, бізде кәзірдің өзінде бір миллион адамы бар «мемлекеттік аппарат» бар, бұл адамдар социалистік мемлекетке идея жағынан берілген адамдар, ал олар әр айдың 20 сында көп ақша алып тұру үшін берілген адамдар емес.

Ол ол ма, біздің мемлекеттік аппаратымызды, бірден, әпсатта он есе арттырып жіберетін «керемет құралымыз» бар, капиталистік мемлекеттің ешқайсысында да бұл құрал болған емес және болуы мүмкін де емес. Бұл тамаша іс — еңбекшілерді, кедейлерді мемлекетті басқару жөніндегі күнделікті жұмысқа тарту деген сөз» (қараңыз: XXI том, 264—265-беттер).

Ал бұл «еңбекшілерді, кедейлерді мемлекетті басқару жөніндегі күнделікті жұмысқа тарту ісі» қалай жүргізіледі?

Бұл іс Советтердің, шаруашылық органдарының, фабрика-завод комитеттерінің, мәдениет мекемелерінің, партия ұйымдарының, жастар одағы ұйымдарының, әртүрлі кооператив бірлестіктерінің, тағы және сондайлардың төңірегінде құрылатын бұқаралық іс бастағыш ұйымдар арқылы, түрлі-түсті комиссиялар мен комитеттер, кеңестер мен делегат жыйылыстары арқылы жүргізіледі. Біздің партияның, советтердің төменгі ұйымдарының төңірегінде, төменгі мәдениет ұйымдарының, кәсіпшілер одақтарының, ағарту ұйымдарының, комсомол ұйымдарының, армия ұйымдарының, әйелдер бөлімінің және түрлі-түсті басқа ұйымдардың төңірегінде партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалардың миллиондаған бұқарасын қамтыйтын, өздігінен шығып құмырсқаның илеуіндей быққыған ұйымдардың, комиссиялар мен кеңестердің бірдемелер істеп жататынын, осы құмырсқаның илеуіндей ұйымдардың өздерінің көзге түспейтін күнделікті жұмыстары арқылы, айқай-шусыз, ыждаһатты жұмыстары ар-

қылы Советтердің тіршілігі мен негізін, Совет мемлекетінің күш алатын негізін жасайтындығын біздің жолдастар кейде байқамайды. Біздің совет және партия органдарының төңірегіндегі осы миллиондаған ұйымдар болмаса, Совет өкіметінің өмір сүріп, дамуы, ұлы елді меңгеріп, басшылық ету ешбір мүмкін болмаған болар еді. Советтің мемлекеттік аппараты тек Советтерден ғана құралмайды. Советтің мемлекеттік аппараты осы сөздің терең мағнасында айтқанда Советтерден құралады, оған қосымша — барлық түрлі-түсті бипартиялық бірлестіктер мен партиялық бірлестіктердің миллиондаған ұйымдарынан құралады, бұлар Советтерді ең барып тұрған «төменгі жіктермен» байланыстырады, мемлекеттік аппаратты миллиондаған бұқарамен біріктіреді және мемлекеттік аппарат пен халық арасындағы кедергі бөгет сияқтының барлығын да қадам басқан сайын жойып отырады.

Міне біз өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды «он есе ұлғайтуға» осылай тырысуға тиіспіз, сөйтіп оны еңбекшілердің миллиондаған бұқарасына жақын және туысқан етуге, онан бюрократизмнің қалдықтарын аластауға, оны бұқарамен біріктіруге тиіспіз және сонымен пролетариат диктатурасы бар қоғамнан коммунистік қоғамға өту ісін даярлауға тиіспіз.

Советтерді жандандыру және советтік демократия орнату жөніндегі ұранның мәні мен маңызы осындай.

Ұштасуды нығайту үшін, партияның әкімшілік-саяси жұмысы жөніндегі негізгі қажетті шаралар осындай.

Мәдени-ағарту жұмысы саласындағы ұштасуды қамтамасыз ету жөніндегі шараларға келетін болсақ, онда олар туралы айтатын нәрселер шамалы, өйткені бұл шаралар анық, жалпыға мәлім шаралар, сондықтан да олар түсіндіріп жатуды тілемейді. Мен бұл

жөнінде жуық арада істелетін жұмыстың негізгі бағытын ғана атап өткім келеді. Бұл негізгі бағыттың өзі бүкіл ел көлемінде, бүкіл Одақ бойынша жалпыға міндетті бастауыш білім беру жұмысын жүргізу үшін қажетті жағдайларды даярлауда болып отыр. Мұның өзі, өте үлкен реформа, жолдастар. Мұны жүзеге асыру тек мәдениет майданында ғана емес, сонымен қатар саяси және шаруашылық майдандарында да ұлы жеңіс болып табылады. Бұл реформаның өзі елімізді адам айткысыз өрлету үшін тіреніш негіз болуға тиіс. Бірақ ол жүз миллиондаған сом ақша керек етеді. Оны жүргізу үшін толып жатқан, жарты миллионға жуық, мұғалімдер мен мұғалім әйелдер армиясы керек болатындығын көрсетсек те жеткілікті. Бірақ, егер біз елімізді мәдениеттіліктің жоғарғы сатысына көтеруді шын ойлайтын болсақ, онда біз ешнәрсеге қарамастан осы реформаның іске асуын жуық арада қамтамасыз етуге тиістіміз. Ал біз мұны істейміз, жолдастар. Бұл күмәнсіз нәрсе.

Сіздердің бірінші сұрақтарыңызға берілетін жауап осындай. Енді екінші сұраққа көшейік.

II

Капитализмнің тұрақтауымен байланысты — егер бұл тұрақтау ұзаққа созылатын болса — біздің партиялық азғындауымызға қандай қауіптер бар?

Бізде мұндай қауіптер жалпы бар ма?

Мұндай қауіптердің, болуы мүмкін және тіпті нақтылы қауіптердің, бар екені күмәнсіз. Олар бізде тұрақтауға байланыссыз-ақ болып отыр. Тұрақтау оларды тек неғұрлым елеулі етіп отыр. Бұл қауіптердің өзі,

егер олардың басты-бастыларын алатын болсақ, меніңше үшеу:

а) өз еліміздің құрылыс ісінде социалистік болашақты жоғалту қаупі және осыған байланысты жойымпаздықтың туу қаупі;

б) халықаралық революциялық болашақты жоғалту қаупі және осыған байланысты ұлтшылдықтың туу қаупі;

в) партиялық басшылықтың төмендеу қаупі және осыған байланысты партияның мемлекеттік аппараттың шылауына айналу қаупі.

Бірінші қауіптен бастайық.

Бұл қауіптің айрықша белгілері мыналар: біздің революцияның ішкі күштеріне сенбеу; жұмысшылар мен шаруалардың одағына сенбеу; осы одақ ішінде жұмысшы табының басшылық роліне сенбеу; «нэптік Россияны» «социалистік Россияға» айналдыру ісіне сенбеу; біздің елімізде социалистік құрылыстың жеңуіне сенбеу.

Бұл — жойымпаздық пен азғындаушылықтың жолы, өйткені ол Октябрь революциясының негіздері мен мақсаттарын жоюға, пролетарлық мемлекеттің буржуазиялық-демократиялық мемлекет болып азғындауына әкеп соғады.

Мұндай «ой-өрістің» қайнар бұлағы, оның партия ішінде шығатын негізі жаңа экономикалық саясат жағдайларында, біздің халық шаруашылығының өз ішінде капиталистік және социалистік элементтердің жанталасып күресуі жағдайларында партияға буржуазиялық ықпалдың күшеюі болып табылады. Капиталистік элементтер күресті тек экономика саласында ғана жүргізіп қоймайды. Олар күресті пролетариаттың идеология саласына көшіруге тырысады, сөйтіп

партияның онша тұрақты емес отрядтарын социалистік құрылыс ісіне сенбеушілік ауруына, біздің құрылыс жұмысының социалистік болашақтарына скептикалық көзбен караушылық ауруына ұшыратуға тырысады, оның бержағында олардың тырысулары мүлде нәтижесіз қала береді деп айтуға болмайды.

«Біздерге, артта қалған елге, толық социалистік қоғам орнату қайда, — дейді осы сияқты ауруға ұшыраған «коммунистердің» біреулері, — бізге еліміздің өндіргіш күштерінің жағдайы бұл сияқты утопиялық мақсаттар қоюға мүмкіншілік бермейді, құдай сақтап әйтеуір аман қалсақ болғаны, біздерге әлі социализм қайда, бірдеме етіп құрылыс жұмысына кірісе тұрайық, кейін көре жатармыз...».

«Біз Октябрь революциясын жасаумен өзіміздің революциялық міндетімізді орындап шықтық, — дейді екінші біреулері, — енді барлығы халықаралық революцияға байланысты, өйткені алдымен батыс пролетариаты жеңіп шықпайынша біз социализм орната алмаймыз, ал, тура айтатын болсақ, революционерге Россияда енді істейтін ешнәрсе қалған жоқ»... 1923 жылы, герман революциясының қарсаңында, біздің оқушы жастардың бір бөлегінің: «революционерге Россияда істейтін ешнәрсе қалған жоқ, кітапты тастап, революция жасау үшін Германияға кету керек», деп кітапты тастап, Германияға кетуге дайын болғандығы белгілі.

Көріп отырсыздар, «коммунистердің» осы екі тобының екеуі де, біріншісі де, екіншісі де, құрылысымыздың социалистік мүмкіншіліктерін жоққа шығару жағында, жойымпаздық жағында болып отыр. Олардың арасындағы айырмашылық мынада болып отыр: біріншілері өздерінің жойымпаздығын «өндіргіш күш-

тердің» «ғылыми» «теориясымен» бүркемелейді (жақында оларды Милюковтің «Последние Новости»[34] газетінде «байсалды марксистер» деп атап, мақтауы тегін емес), ал екіншілері жойымпаздықты дүниежүзілік революция туралы солшыл және «керемет-жойқын революцияшыл» сөздермен бүркемелейді.

Шындығын алып қарайық. Айталық, Россияда революционерге істейтін ешнәрсе қалған жоқ делік; айталық, басқа елдерде социализм жеңіп шыққанға дейін біздің елде социализмді құруға болмайды, мүмкін емес делік; айталық, алдыңғы қатарлы елдерде социализмнің жеңіп шығуы әліде 10—20 жыл кешігеді делік, — сонда осындай жағдайларда біздің шаруашылығымыздағы капиталистік элементтер, еліміз капиталистік қоршауда болып отырған жағдайларда әрекет етіп отырған элементтер шаруашылығымыздың социалистік элементтеріне қарсы жанын сала күресуін тоқтатуға келіседі, сөйтіп дүниежүзілік революцияның жеңіп шығуын қол қусырып күтеді деп ойлауға бола ма? Мұндай ойдың барынша қыйсынсыз екендігін түсіну үшін осы сұрауды қойса болғаны. Ал егер бұл ой жарамсыз болып шығатын болса, онда біздің «байсалды марксистер» мен «керемет-ғажап революционерлерге» істейтін не қалады? Анығында, оларға бірақ нәрсе: босқа сенделу, стихиялыққа салыну және кәдімгі буржуазиялық демократтарға айналып, біртелеп азғындау ғана қалды.

Екінің бірі: не біз өз елімізді пролетарлық революцияның базасы деп қараймыз, Ленин айтқандайын, толық социалистік қоғамды орнату үшін керекті нәрселердің бәрі бар деп есептейміз, — ал олай болса біз, өзіміздің халық шаруашылығындағы капиталистік элементтерді толық жеңеміз деп сеніп, мұндай қоғам-

ды орната аламыз және орнатуға тиістіміз де; не біз өз елімізді революцияның базасы деп есептемейміз, социализмді орнату үшін керекті нәрселер жоқ деп есептейміз, социалистік қоғамды орната алмаймыз деп есептейміз, — ал олай болса, басқа елдерде социализмнің жеңіп шығуы ұзаққа созылған жағдайда, біздің халық шаруашылығындағы капиталистік элементтердің жеңіп шығатындығына, Совет өкіметінің ыдырайтындығына, партияның азғындайтындығына көнуге тиіспіз.

Осы екеуінің бірі болуға тиіс.

Міне сондықтан біздің құрылысымыздың социалистік мүмкіншіліктеріне сенбеушілік жойымпаздық пен азғындаушылыққа әкеп соғады.

Міне сондықтан әсіресе кәзіргі уақытта, әсіресе капитализмнің уақытша тұрақтау жағдайларында, жойымпаздықтың қаупіне қарсы күресу партиямыздың кезекті міндеті болып табылады.

Екінші қауіпке көшейік.

Бұл қауіптің айырықша белгілері мыналар: халықаралық пролетарлық революцияға сенбеу; оның жеңіп шығуына сенбеу; отарлар мен тәуелді елдердің ұлт-азаттық қозғалысына скептикалық көзбен қарау; басқа елдердің революциялық қозғалысының көмегінсіз біздің еліміздің дүниежүзілік империализмге қарсы шыдап тұра алмайтын болғандығын түсінбеу; бір елде социализмнің жеңуі түпкілікті жеңіп шығу бола алмайтындығын түсінбеу, өйткені революция тым болмаса бірсыпыра елдерде жеңіп шыққанға дейін ол ел интервенция қаупінен құтылмайды; интернационализмнің ең негізгі талабын түсінбеу, бұл негізгі талап бойынша социализмнің бір елде жеңуі өзімен өзі болған мақсат емес, қайта басқа елдердегі револю-

цияны дамытып, қолдау жөніндегі құрал болып табылады.

Бұл жол — ұлтшылдық пен азғындаушылық жолы, пролетариаттың интернационалдық саясатын толығынан жоюдың жолы, өйткені осы ауруға шалдыққан адамдар біздің елімізді дүниежүзілік революциялық қозғалыс деп аталатын біртұтас қозғалыстың бір бөлегі деп қарамайды, қайта осы қозғалыстың басталуы мен аяқталуы деп қарайды, сөйтіп біздің елдің мүдделері үшін басқа елдердің бәрінің мүдделері құрбан етілуге тиіс деп есептейді.

Қытайдың азаттық қозғалысын қолдау керек пе? Не үшін қолдау керек? Қауіпті болмай ма? Бұл бізді басқа елдермен араздастырмай ма? Бізге басқа «алдыңғы қатарлы» державалармен бірге Қытайда «ықпал жүргізу саласын» белгілеп, өз пайдамызға Қытайдан бірдеме алып қалу артық емес пе еді? Бұлай істеу пайдалы да, қауіпсіз де еді ғой... Германиядағы азаттық қозғалысын қолдау керек пе? Екі талай нәрсеге баруға бола ма? Версаль шарты жөнінде Антантамен келісіп, оның есесіне өзімізге бірдеме саудаласып алып қалу жақсы емес пе еді?.. Персиямен, Туркиямен, Ауғаныстанмен достықты сақтау керек пе? Мұның құны өтеле ме? Ұлы державалардың белгілі біреулерімен бірге «ықпал жүргізу саласын» қайтадан алу жақсы болмас па еді? Және тағы сондайлар.

Октябрь революциясының сыртқы саясатын жоюға тырысатын және азғындаудың элементтерін жаятын жаңа типті ұлтшылдық «ой-өріс» осындай.

Егер бірінші қауіптің, жойымпаздық қаупінің шығар бұлағы — ішкі саясат жолымен, біздің халық шаруашылығының капиталистік және социалистік элементтерінің күресу жолымен партияға буржуазиялық

ықпалдың күшеюі болып табылатын болса, онда бұл екінші қауіптің, ұлтшылдық қауіптің шығар бұлағы — сыртқы саясат жолымен, капиталистік мемлекеттердің пролетариат диктатурасы мемлекетіне қарсы күресу жолымен партияға буржуазиялық ықпалдың күшеюі деп есептеу керек. Капиталистік мемлекеттердің біздің мемлекетке көрсетіп отырған қысымының зор екендігіне, біздің сыртқы саясат жолындағы қызметкерлеріміздің осы қысымға қарсы барлық уақытта бірдей шыдап тұра алмайтындығына, істің шиеленісіп кету қаупі көбіне кедергісі кем жолға, ұлтшылдық жолға түсуге елігушілікті туғызатындығына күмəндануға бола қояр ма екен.

Екінші жағынан, бірінші жеңіп шыққан ел тұрақты интернационализм негізінде ғана, Октябрь революциясының сыртқы саясаты негізінде ғана дүниежүзілік революциялық қозғалыстың ту көтерушісінің ролін сақтай алатындығы, ал сыртқы саясаттағы кедергісі кем жол мен ұлтшылдық жолының бірінші жеңіп шыққан елді оқшаулап, ыдырату жолы болып шығатындығы анық.

Міне сондықтан халықаралық революциялық болашақты жоғалту ұлтшылдық пен азғындау қаупіне əкеп соғады.

Міне сондықтан сыртқы саясаттағы ұлтшылдық қаупіне қарсы күресу партияның кезекті міндеті болып табылады.

Ақырында, үшінші қауіп туралы.

Бұл қауіптің айрықша белгілері мыналар: партияның ішкі күштеріне сенбеу; партия басшылығына сенбеу; мемлекеттік аппараттың партия басшылығын əлсіретуге, одан құтылуға тырысуы; партия басшы-

ғы болмайынша пролетариат диктатурасы болмайтындығын түсінбеу.

Бұл қауіп үш жақтан болып отыр.

Біріншіден. Басқарылуға тиісті таптар өзгеріп отыр. Жұмысшылар мен шаруалар кәзірде соғыс коммунизмі кезіндегі жұмысшылар мен шаруалар емес. Бұрын жұмысшы табы азғындап, бытырап кеткен еді, ал шаруалар азамат соғысында жеңілген күнде помещиктер қайтып келеді деген қорқынышта болған болатын, ал партия бұл дәуірде істерді жауынгерлікпен басқарып отырған бірден-бір топтасқан күш болды. Кәзір бізде жағдай басқаша. Соғыс енді жоқ. Демек, еңбекші бұқараны партияның төңірегіне жыйнайтын соғыс қаупі де жоқ. Пролетариат қайтадан қалпына келіп, мәдениет жағынан да, материалдық жағынан да жоғары көтерілді. Шаруалар да жоғары көтеріліп, дамыды. Екі таптың да саяси белсенділігі өсіп отыр және өсе бермек. Енді соғыс кезіндегідей басқаруға болмайды да. Біріншіден, басшылық етуде барынша икемді болу қажет. Екіншіден, жұмысшылар мен шаруалардың тілектері мен мүдделеріне өте-мөте қамқорлық жасау қажет. Үшіншіден, жұмысшылар мен шаруалардың ішінен жақсы адамдарды, осы таптардың саяси белсенділігінің өсуінің нәтижесінде озат шыққан адамдарды партияға ала білу қажет. Ал бұл шарттар мен қасиеттердің бірден бола қоймайтындығы белгілі. Партияға қойылып отырған тілектер мен партияның кәзіргі кездегі қолында бар мүмкіншіліктердің арасында сәйкессіздік осыдан болып отыр. Партия басшылығының нашарлау қаупі, партия басшылығын жоғалтып алу қаупі де осыдан болып отыр.

Екіншіден. Соңғы дәуірде, шаруашылық жағынан даму дәуірінде, мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық

ұйымдардың аппараты недәуір өсіп, нығайды. Трестер мен синдикаттар, сауда мен кредит мекемелері, әкімшілік-саяси және мәдениет-ағарту ұйымдары, ақырында, кооперацияның барлық түрлері — недәуір өсіп, ұлғайды, олар жүз мыңдаған жаңа адамдарды, ең алдымен партияда жоқ адамдарды өзіне тартты. Бірақ бұл аппараттар тек өзінің құрамы жағынан ғана өсіп отырған жоқ. Олардың күші мен салмағы да өсіп отыр. Ал олардың маңызы неғұрлым көп өссе, олардың партияны қыспаққа алуы соғұрлым сезіле түседі, олар партия басшылығын нашарлатуға соғұрлым көп тырысады, олардың партияға қарсылық көрсетуі соғұрлым күштірек болады. Бұл аппараттардың ішінде күштерді қайта топтап, басшы адамдарды дұрыстап орналастыру қажет, сөйтіп олар жаңа жағдайда партия басшылығының болуын қамтамасыз ете алатын болуы керек. Бірақ осының бәрін бірден жасай қою мүмкін емес екендігі белгілі. Осыдан келіп мемлекеттік аппаратты партиядан ажырату қаупі туып отыр.

Үшіншіден. Жұмыстың өзі де бұрынғыдан қыйындап, жіктеліп кетті. Мен осы кездегі құрылыс жұмысы туралы айтып тұрмын. Деревняда да, қалада да жұмыстың толып жатқан салалары мен бөлімшелері құралып, дамыды. Осымен сәйкес басшылық жұмысы да неғұрлым нақтылы болып отыр. Бұрын «жалпы» басшылық туралы әңгіме болатын еді. Қазірде «жалпы» басшылық дегеніміз бос мылжың сөз болып отыр, өйткені ол ешқандай басшылық емес. Қазірде басшылық нақтылы, айқын болуға тиіс. Осыдан бұрынғы дәуір теория мен практиканың барлық мәселелері жөнінде жауап беруге дайын тұрған, білгішсінген қызметкердің типін шығарды. Қазірде білгішсінген қыз-

меткердің бұл ескі типі жұмыстың белгілібір саласын меңгеруге тырысатын қызметкердің жаңа типіне орын беруге тиіс. Шын мәнісінде басшылық ету үшін істі білу керек, істі адал ниетпен, шыдамдылықпен, табанды түрде үйрену керек. Ауыл шаруашылығын білмейінше, кооперацияны білмейінше, бағалардың саясатымен таныс болмайынша, деревняға тікелей қатысы бар заңдарды білмейінше деревняда басшылық етуге болмайды. Өнеркәсіпті білмейінше, жұмысшылардың тұрмысымен әбден таныспайынша, жұмысшылардың тілектері мен мүдделеріне құлақ аспайынша, кооперацияны, кәсіпшілер одақтарын, клуб жұмысын білмейінше қалада басшылық етуге болмайды. Бірақ осының бәрін бір дегеннен істеп тастауға бола ма? Амал не, болмайды. Партия басшылығын тиісті дәрежеге көтеру үшін еңалдымен партия қызметкерлерінің мамандығын көтеру керек. Енді қызметкердің сапасы бірінші орында тұруға тиіс. Бірақ партия қызметкерінің сапасын салған жерден көтеріп жіберу онша оңай емес. Амал не, істі білудің орнына асығыс әкімшілік жүргізудің ескі әдеттері партия ұйымдарында әліде болса қалып отыр. Партия басшылығы деп аталатын басшылықтың кейде ешкімге керегі жоқ бұйрықтардың адам күлерлік түрде былығуына, ешкімге және ешнәрсеге қатысы жоқ сөз жүзіндегі құрғақ «басшылыққа» айналып азғындайтындығын шынында осымен түсіндіруге болады. Партия басшылығының нашарлауы мен төмендеуінің елеулі қауіптерінің бірі осында болып отыр.

Партия басшылығын жоғалту қаупінің партияны ірітуге және азғындауға әкеп соғады дейтін себептердің жайы жалпы алғанда осындай.

Міне сондықтан осы қауіпке қарсы үзілді-кесілді күресу партиямыздың кезекті міндеті болып табылады.

Сіздердің екінші сұрақтарыңызға беретін жауап осындай.

Үшінші сұраққа көшейік.

III

Тап күресін қоздырмай, кулактарға қарсы күресті қалай жүргізуге болады?

Менінше, бұл сұрақ шала сұрақ, сондықтан да дұрыс қойылмаған. Әңгіме қандай тап күресі туралы болып отыр? Егер әңгіме деревнядағы жалпы тап күресі туралы болып отырса, онда оны пролетариат тек кулактарға ғана қарсы жүргізіп қана қоймайды. Ал пролетариат пен шаруалардың арасындағы қайшылықтарды бүтіндей алғанда ше, — мұның формасы барынша ерекше болғанымен, бұл тап күресі емей не? Пролетариат пен шаруалардың кәзіргі уақытта біздің қоғамның негізгі екі табы болып отырғандығы, бұл таптардың арасында қайшылықтардың бар екендігі рас емес пе? — шынында бұл қайшылықтарды шешуге болады және, сайып келгенде, оларды жеңуге болады, бірақ дегенмен бұлар осы екі таптың арасында күрес туғызатын қайшылықтар болып табылады.

Егер қала мен деревнянің арасындағы, пролетариат пен шаруалардың арасындағы қарым-қатнастарды алатын болсақ, менің ойымша біздің елдегі тап күресінің негізгі үш майданы бар:

а) фабрикаттар мен ауылшаруашылық өнімдеріне мөлшерлі бағалар белгілеу жолында, салық мәселесін, және сондайларды бір қалыпқа келтіру жолында бүкіл

пролетариат (мемлекет болып) пен шаруалардың арасындағы күрес майданы;

б) ауылшаруашылық өнімдеріне саудагерлік бағалардың болуын жою жолында, салық ауыртпалығының негізгі салмағын кулактарға аудару және сондайлар жолымен, бүкіл пролетариат (мемлекет болып) пен кулактардың арасындағы күрес майданы;

в) кулактар мен деревня кедейлерінің, ең алдымен батрактардың арасындағы күрес майданы.

Көріп отырсыздар, бұл майдандар өздерінің салмағы жағынан да, өздерінде жүріп жатқан күрестің сыйпаты жағынан да бірыңғай бола алмайды. Сондықтан осы майдандардағы тап күресінің формаларына біздің казқарасымыз да бірыңғай емес, әртүрлі болуға тиіс.

Мәселені жақынырақ алып қарайық.

Бірінші майдан. Пролетариат (мемлекет болып) біздің өнеркәсібіміздің нашарлығымен және ол үшін қарыз алудың мүмкін емес екендігімен есептесе отырып, оны шетел өнеркәсібінің бәсекелесуінен қорғайтын және біздің бүкіл халық шаруашылығының, сонымен қатар ауыл шаруашылығының да пайдасы үшін оның дамуын тездете алатын бірсыпыра негізгі шаралар белгіледі. Бұл шаралар мыналар еді: сыртқы сауда монополиясы, ауылшаруашылық салығы, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың мемлекеттік формалары, бүтін халық шаруашылығының дамуын жоспар негізіне салу. Осының бәрі — өнеркәсіптің, транспорттың, кредиттің негізгі салаларын национализациялау негізінде жүргізілді. Өздеріңіз білесіздер, бұл шаралар өздерінің жеткізуге тиісті болған нәрселеріне жеткізді, яғни өнеркәсіп заттары бағаларының құлдыйлап төмендей беруіне де, ауылшаруашылық өнім-

дері бағаларының тоқтаусыз көтеріле беруіне де тоқтау салды. Екінші жағынан, шаруалардың бәрі бірдей өнеркәсіп заттарын сатып алып, өз шаруашылығының өнімдерін рынокке өткізіп отыратын болғандықтан, — олар бұл заттарды мүмкіндігінше арзан бағамен алып, ал өз өнімдерін мүмкіндігінше қымбат бағамен сатуды тәуір көретіндігі анық. Сондай-ақ шаруалар ауылшаруашылық салығының мүлде болмауын, немесе оның, тым болмағанда, минимумға дейін жеткізілуін тілер еді.

Міне пролетариат пен шаруалар арасындағы күрес үшін негіз дегендеріңіз осы болады.

Жоғарыда көрсетілген негізгі шаралардан мемлекет бас тарта ала ма? Жоқ, бас тарта алмайды. Өйткені қазіргі уақытта бұл шаралардан бас тарту біздің өнеркәсібімізді қыйрауға, пролетариаттың тап ретінде талқандалынуына, біздің еліміздің өнеркәсіп жағынан ілгері дамыған капиталистік елдердің аграрлық отарына айналуына, біздің бүкіл революциямыздың апатқа ұшырауына әкеп соққан болар еді.

Шаруаларды түгелімен алғанда олар біздің мемлекетіміздің осы негізгі шараларын жоюды тілей ме? Жоқ, тілемейді. Өйткені қазіргі уақытта бұл шараларды жою капиталистік даму жолының жеңуі болып шығады, ал капиталистік даму жолы дегеніміз ат төбеліндей байлардың, ат төбеліндей капиталистердің баюы үшін шаруалар көпшілігінің қайыршылыққа айналуы арқылы даму жолы болып табылады. Шаруалар өздерінің қайыршылыққа ұшырағанын тілейді деп, олар еліміздің отарға айналуын тілейді деп, біздің халық шаруашылығының социалистік даму жолының жеңуін олар барынша тілемейді деп айтуға кімнің батылы барады?

Міне пролетариат пен шаруалар арасында одақ болу үшін керекті негіз дегендеріңіз осы болады.

Бұдан біздің өнеркәсіп органдарымыздың монополияға сүйеніп, шаруалардың негізгі бұқарасының мүдделеріне зиян келтіріп және өнеркәсіптің өзіне де зиян келтіріп өнеркәсіп заттарының бағаларын қымбаттата беруіне болады деген мағна шыға ма? Жоқ, мұндай мағна шықпайды. Мұндай саясат ең алдымен өнеркәсіптің өзіне зиян келтірген болар еді, ол біздің өнеркәсібіміздің кешегі қалпынан, жылы жерде тұрып өсетін өсімдіктей болған қалпынан, ертең болуға тиісті қалыпқа, күшті және қуаты мол өнеркәсіпке айналдыруына мүмкіндік бермеген болар еді. Фабрикаттардың бағаларын төмендету үшін және еңбек өнімділігін көтеру үшін біздің жүргізіп отырған науқанымыз осыдан шығады. Бұл науқанның айтарлықтай кең табысқа жетіп отырғандығын сіздер білесіздер.

Сонымен қатар бұдан біздің дайындау орындарымыздың монополияға сүйеніп, ауылшаруашылық өнімдері бағаларының төмендеуін пайдаланып, оларды біздің бүкіл халық шаруашылығымыздың мүдделеріне зиян келтіретін етіп, оларды шаруалар үшін күйзеліс бағаға айналдыруына болады деген мағна шыға ма? Жоқ, мұндай мағна шықпайды. Мұндай саясат ең алдымен өнеркәсіпті апатқа ұшыратқан болар еді, өйткені ол, біріншіден, жұмысшыларды ауылшаруашылық өнімдерімен жабдықтауды қыйындатқан болар еді, екіншіден, біздің өнеркәсіптің ішкі рыногін мүлде аздырып-тоздырып, оған іркі салған болар еді. «Қыйғаштық» дегендерге қарсы біздің жүргізіп отырған науқанымыз осыдан шығады. Бұл науқанның кәзірдің өзінде-ақ қолайлы нәтижелер бергендігін сіздер білесіздер.

Ақырында, бұдан біздің жергілікті немесе орталық органдарымыздың ауылшаруашылық салығы туралы заңға сүйеніп және өздерінің салық жыйнау правосын пайдаланып, бұл заңды қарсы шығуға болмайтын бір нәрсе деп карауына болады, өз практикасында, Тамбов губерниясының кейбір аудандарында болғаны сыяқты, салық төлеушілердің күші аздарының қамбаларын бұзуға дейін, үйлерінің төбесін ашуға дейін баруына болады деген мағна шыға ма? Жоқ, мұндай мағна шықпайды. Мұндай саясат шаруаларды пролетариатқа, мемлекетке ешбір сенбейтін еткен болар еді. Партияның ауылшаруашылық салығын азайту жөніндегі, бұл салыққа азды-көпті болсын жергілікті сыйпат беру жөніндегі, өзіміздің салық жөніндегі ісімізді жалпы тәртіпке келтіру жөніндегі, салықтарды жыйнау негізінде кей жерлерде болған өрескелдіктерді жою жөніндегі соңғы шаралары осыдан туып отыр. Бұл шаралар кәзірдің өзінде-ақ күткен нәтижелерді беріп отырғандығын сіздер білесіздер.

Сөйтіп, біз біріншіден, негізгі мәселелер жөнінде пролетариат пен шаруалардың мүдделерінің ортақ екендігін, халық шаруашылығының социалистік даму жолының жеңіп шығуына олардың екеуінің де тілектес екендігін көріп отырмыз. Осыдан келіп жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туады. Екіншіден, біз күнделікті мәселелер жөнінде жұмысшы табы мен шаруалардың мүдделерінің арасында қайшылық бар екендігін көріп отырмыз. Осыдан келіп бұл одақтың ішінде күрес туады, бірақ бұл күрес өзінің салмағы жағынан мүдделердің ортақтығымен білінбей кетеді және бұл күрес ол келешекте, жұмысшылар мен шаруалар тап болудан қалған кезде — олар тапсыз қоғамның еңбекшілеріне айналған кезде жойылуға тиіс.

Үшіншіден, жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы осы қайшылықтарды жұмысшылар мен шаруалар одағын сақтап, нығайту шеңберінде, одақтастардың екеуінің де мүдделерін сақтай отырып шешуге бізде құралдар да бар және біз оның жолын да білеміз. Ал біздің қолымызда мұны шешудің тек жолдары мең құралдары ғана болып отырған жоқ, сонымен қатар біз оларды кәзірдің өзінде-ақ нэптің және капитализмнің уақытша тұрақтауының қыйын жағдайында нәтижелі етіп қолданып отырмыз.

Бұдан біз осы майданда тап күресін қоздыруға тиіспіз деген мағна шыға ма? Жоқ, мұндай мағна шықпайды. Қайта мұның керісінше! Бұдан тек мынадай ғана қортынды шығады: бұл майдандағы күресті біз барынша бәсеңдетуге тиіспіз, оны келісімдер және өзара бітісулер арқылы реттеуге тиіспіз және оны қайткен күнде де ашынған формаларға дейін, соқтығысуларға дейін жеткізбей реттеуге тиіспіз. Ал біз мұны істеп жатырмыз. Өйткені бізде бұл үшін барлық мүмкіншілік бар. Өйткені бұл арада мүдделердің қайшылығынан гөрі мүдделердің ортақтығы күштірек және тереңірек.

Көріп отырсыздар, бұл майданда күрес жүргізу шарттары үшін тап күресін қоздыру ұраны мүлде жарамсыз нәрсе.

Екінші майдан. Мұнда майданға шығушылар пролетариат (Совет мемлекеті болып) пен кулактар. Тап күресінің формалары бірінші майдандағы күрес жағдайларында қандай өзгеше болса, тап күресінің формалары мұнда да сондай өзгеше.

Ауылшаруашылық салығына табыс бойынша салынатын салықтың анық белгіленген сыйпатын беруді көздеп, мемлекет бұл салықтың негізгі салмағын

кулактарға аударып отыр. Кулактар бұған жауап ретінде «өтірік, шынын араластырып» айтып, құтылып кетуге тырысады және салықтың ауыр салмағын орташалар мен кедейлерге аудару үшін өзінің бар күшін және өзінің деревнядағы бар ықпалын пайдаланады.

Өмірдің қымбатшылығына қарсы күресіп және жалақының тұрақты болуын сақтауға тырысып, мемлекет экономикалық сыйпаты бар шаралар қолдануға тырысып отыр, бұл шаралар ауылшаруашылық өнімдеріне ең сыйымды, әділетті бағалар белгілеуге, шаруа шаруашылығының мүдделеріне толығынан сай келетін бағалар белгілеуге жеткізуге тиіс. Кулактар бұған жауап ретінде кедейлер мен орташалардан өнімдерді сатып алып, көп етіп қор жыйнап, оларды өздерінің қамбаларында сақтап, рынокке шығармай отыр, ондағы мақсаты — өнімдердің бағаларын қолдан әдейі қымбаттату, ол бағаларды саудагерлік бағалардың дәрежесіне дейін жеткізу, тек содан кейін ғана саудагерлік жолмен шамадан тыс пайда табу мақсатымен оларды рынокке шығарып сату. Сіздер білетін шығарсыздар, еліміздің кейбір губернияларында кулактар быйылғы жылы астықтың бағасын барынша көтеріп қымбаттатып жіберді.

Бұл майдандағы ерекше және азды-көпті жасырын формалары бар тап күресі осыдан келіп шығады.

Бұл майдандағы күрес жағдайларына тап күресін қоздыру ұранын толығынан қолдануға болатын сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл дұрыс емес. Өйткені біз бұл арада да тап күресін қоздыруды тілемейміз. Өйткені біз бұл арада күресті қоздырмай-ақ және оған байланысты шиеленісулерді болғызбай-ақ іс істей аламыз және істеуге тиістіміз.

Біз Советтерді жандандыра аламыз және жандан-

дыруға тиіспіз, орташаларды өз жағымызға шығарып, Советтердің өз ішінде кедейлерді ұйымдастыра аламыз және солай етуге тиіспіз, ондағы мақсат шаруалардың негізгі бұқарасына салық жөнінен жеңілдік беру, салықтың негізгі салмағын іс жүзінде кулактарға аудару болады. Бұл бағытта шаралар қолданылып жатқандығын, жәнеде олардың кәзірдің өзінде-ақ қолайлы нәтижелер беріп отырғандығын сіздер білесіздер.

Біз азық-түлік рыногіне әсер ету үшін, қажет болған кезде іске араласу үшін, бағаны еңбекші бұқараға қолайлы дәрежеде ұстау үшін, сонымен кулактардың саудагерлік құлық-сұмдықтарын болдырмау үшін біз мемлекеттің қарамағына жеткілікті азық-түлік қорын ұстай аламыз және ұстауға тиіспіз. Бізде быйылғы жылы бұл іске ондаған миллион пұт астық кеткенін сіздер білесіздер. Бұл негізде біздің толығынан қолайлы нәтижелерге жеткендігімізді сіздер білуге тиіссіздер, өйткені біз Ленинград, Москва, Донбасс, Иваново-Вознесенск және басқа аудандарда астықтың арзан бағасын сақтап қана қоймай, сонымен қатар арзан бағамен бұрынғы астық қорларын рынокке шығаруға мәжбүр етіп, бір қатар аудандарда кулактарды тізе бүктірдік.

Әрине, бұл арада іс тек біздерге ғана байланысты емес. Кейбір жағдайларда тап күресін қоздыруды кулактардың өздері бастап, оны шыңына жеткізіп ашындыруға тырысуы, оған тонаушылық немесе көтерілістік бой көрсетулердің формасын беруге әрекеттенуі барынша мүмкін нәрсе. Бірақ онда күресті қоздыру ұраны біздің ұранымыз болмайды, кулактардың ұраны, демек, контрреволюциялық ұран болады. Сонымен қатар, онда Совет мемлекетіне қарсы бағытталған бұл

ұранның барлық зиянын кулактардың өздері шешуіне тура келетіні күмәнсіз.

Көріп отырсыздар, бұл екінші майдандағы күресті қоздыру ұраны біздің ұранымыз емес.

Үшінші майдан. Мұнда майданға шығушы екі күш бар: бір жағынан, кедейлер, ең алдымен, батрактар, екінші жағынан, кулактар. Мұнда мемлекет формалдық жағынан алып қарағанда араласпайды. Көріп отырсыздар, бұл майдан мұның алдындағы майдандар сияқты онша кең емес. Екінші жағынан, бұл майданда тап күресі өте айқын және ашық болып отыр, мұның алдындағы майдандарда тап күресі жасырын және азды-көпті бүркеулі болатын.

Мұнда әңгіме жалданушыларды немесе жартылай жалданушыларды кәсіп иесі кулактардың тікелей қанауы туралы болып отыр. Сондықтан партия бұл арада күресті бәсеңдету, жұмсарту саясатымен айналыса алмайды. **Бұл арада біздің міндетіміз кедейлердің күресін ұйымдастыру, сөйтіп кулактарға қарсы осы күреске басшылық ету болып табылады.**

Бұл — осылай ету арқылы біздің тап күресін қоздыруға кірiскендігімізді көрсетпей ме? Жоқ, бұл оны көрсетпейді. Күресті қоздыру дегеніміз күресті ұйымдастырып, оған басшылық ету ғана емес. Күресті қоздыру дегеніміз сонымен қатар тап күресін әдейі ушықтырып, әдейі өршіту болып табылады. Кәзір, бізде пролетариат диктатурасы болып отырғанда және бізде партия ұйымдары мен кәсіпшілер одақтарының ұйымдары барынша өз еркімен жұмыс істеп отырғанда осы жасанды шаралардың қажеті бар ма? Әрине, қажеті жоқ.

Сондықтан тап күресін қоздыру ұраны бұл үшінші майдан үшін де жарамсыз ұран.

Үшінші сұрақтың жайы осылай.

Көріп отырсыздар, деревнядағы тап күресі туралы мәселе онша оңай мәселе емес, ал ә дегенде бұл мәселе оңай болып көрінуі мүмкін.

Төртінші сұраққа көшейік.

IV

Жұмысшы-шаруа үкіметі — іс жүзіндегі үкімет пе әлде үгіттік ұран ба?

Сұрақтың тұжырымы меніңше біраз тұрпайылау сияқты.

Жұмысшы-шаруа үкіметі — іс жүзіндегі үкімет пе әлде үгіттік ұран ба? — деген тұжырымды қалай түсіну керек. Сонда, партия шындыққа жатпайтын, тек қайдағы бір айлалы маневрдің мақсаттары үшін керекті ұрандарды да беретін болғаны ма, ал мұның бұл жерде неге «үгіт» деп аталып отырылғаны белгісіз. Сонда, партия ғылыми негізі жоқ және ғылыми негізі болуы мүмкін емес ұрандарды да беретін болғаны ма. Бұл дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Мұндай партия аз уақыт өмір сүріп, сонсоң сабынның көбігіндей жоқ болып кетуге тұратын партия болар еді. Онда біздің партиямыз, ғылыми саясат жүргізіп отырған пролетариат партиясы болмай, саяси оқиғалардың үстінде қалқып жүрген бос көбік болған болар еді.

Біздің үкіметіміз өзінің сыйпаты жағынан, өзінің программасы мен тактикасы жағынан жұмысшы, пролетариат үкіметі, коммунистік үкімет болып табылады. Бұл жөнінде ешқандай теріс ұғынушылықтар мен ешқандай шүбәланушылықтар болмауға тиіс. Біздің үкіметтің бірден екі программасы: әрі пролетарлық

программасы, әрі тағыда бір басқа программасы болуы мүмкін емес. Оның программасы және оның практикалық жұмысы пролетарлық, коммунистік болып табылады, сөйтіп осы мағнада біздің үкімет, сөзсіз пролетарлық, коммунистік үкімет болып табылады.

Бұдан біздің үкімет сонымен қатар жұмысшы-шаруа үкіметі болып табылмайды деген сөз шыға ма? Жоқ, ондай сөз шықпайды. Біздің үкімет өзінің программасы бойынша және өзінің жұмысы бойынша пролетариат үкіметі бола отырып, сонымен бірге жұмысшы-шаруа үкіметі болып табылады.

Неге?

Неге десеңіз, біздің жағдайларымызда шаруалардың негізгі бұқарасының түпкілікті мүдделері пролетариаттың мүдделеріне бүтіндей, толық сай келеді.

Неге десеңіз, осының нәтижесінде шаруалардың мүдделері пролетариаттың программасында, Совет үкіметінің программасында толық көрсетіліп отырады.

Неге десеңіз, Совет үкіметі жұмысшылар мен шаруалардың одағына, осы таптардың түпкілікті мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылып отырған одағына сүйенеді.

Ақырында, неге десеңіз, үкімет органдарының құрамына, Советтердің құрамына жұмысшылардан басқа шаруалар да кіреді, олар жалпы ортақ жауға қарсы күресіп, жұмысшылармен бірге, жұмысшылардың басшылығымен жаңа өмір жасап жатқан шаруалар.

Міне сондықтан «жұмысшы-шаруа үкіметі» деген ұран құр бос «үгіттік» ұран болып табылмайды, қайта социалистік пролетариаттың революциялық ұраны, коммунизм программасында өзінің ғылыми негізі бар ұран болып табылады.

Төртінші сұрақтың жайы осындай.

Бесінші сұраққа көшейік.

V

Біздің шаруалар жөніндегі саясатымызды кейбір жолдастар шаруалар үшін демократияны кеңейткендік және еліміздегі өкіметтің сыйпатын өзгерткендік деп түсіндіріп жүр. Бұлай түсіндіру дұрыс па?

Біз іс жүзінде деревняда демократияны кеңейтіп отырмыз ба?

Я, кеңейтіп отырмыз.

Бұл — шаруаларға жеңілдік бергендік болып табыла ма?

Сөз жоқ, жеңілдік бергендік болып табылады.

Бұл жеңілдік үлкен бе және біздің елдің Конституциясының шеңберіне сыя ма?

Меніңше, бұл арадағы жеңілдік онша үлкен емес, сондықтан ол біздің Конституцияны иненің жасуындай да өзгертпейді.

Бұлай болғанда біз нені өзгертеміз, жәнеде атап айтқанда жеңілдік неде болып отыр?

Біз деревнядағы жұмыс практикасын өзгертеміз, өйткені ол дамудың жаңа жағдайларында мүлде қанағаттанарлық болмай отыр. Біз деревняда орын теуіп қалған тәртіптерді өзгертеміз, өйткені олар ұштасу ісіне кедергі жасап, партияның шаруаларды пролетариаттың төңрегіне топтастыру жөніндегі жұмысының берекесін кетіріп отыр.

Осы уақытқа дейін іс былай болып келді: бірқыдыру аудандарда деревняны кішкене бір топ адамдар басқарып келді, ал ол адамдар деревня халықтарынан гөрі уезбен, губерниямен көбірек байланысты болды.

Бұл жағдай мынаған әкеп соқты: деревня басқарушылары көбінесе жоғарыға, уезге қараумен болып, төменге, деревня халқына тіпті аз зер салды, олар өздерін деревня алдында, сайлаушылар алдында жауаптымыз деп білмей, қайта уез бен губерния алдында жауаптымыз деп білді, олар, анығында «жоғары» мен «төменнің» тұтас бір тізбек екендігін және егер тізбек төменнен үзілсе, онда бүкіл тізбектің апат болуға тиіс екендігін түсінбеді. Осының нәтижесінде, бір жағынан, басқарушылардың бақылаусыз болуы, бетімен кетушілігі, озбырлығы болған болса, екінші жағынан, деревняда наразылық пен реніш болды. Енді деревнядағы мұндай тәртіптер үзілді-кесілді және біржолата тоқтатылады.

Осы уақытқа дейін іс былай болып келді: бірқыдыру аудандарда деревнядағы Советтердің сайлаулары шын сайлау болмай, қайта өкіметтен айрылып қалам ба деп қорқатын басқарушылардың азғантай тобының толып жатқан қулық-сұмдықтары мен қысымы арқылы «депутаттарды» өткізудің кеңселік бос әрекеті болып келді. Осының нәтижесінде былай болып шықты: Советтер бұқараға жақын және туыс органдардан бұқараға жат органдарға айналу қаупіне ұшырады, ал жұмысшылардың шаруаларға басшылық ету ісі, пролетариат диктатурасының осы негізі мен қамалы негізсіз қалу қаупіне ұшырады. Осылай болғандықтан партия Советтердің қайта сайлауын жүргізуге мәжбүр болды, оның бержағында қайта сайлау бірқыдыру аудандардағы сайлаулардың ескі практикасының соғыс коммунизмінің қалдығы екендігін, ол практика басынан аяғына дейін зиянды және шірік практика ретінде жойылуға тиіс екендігін

көрсетті, мұны сіздер білесіздер. Енді деревнядағы сайлаулардың мұндай практикасы жойылады.

Жеңілдік берудің негізі, деревняда демократияны кеңейтудің негізі осында.

Бұл жеңілдік тек шаруаларға ғана керек емес. Оның пролетариатқа да керектігі аз емес, өйткені ол пролетариатты күшейтеді, деревняда оның беделін көтереді, шаруалардың пролетариатқа сенімін нығайтады. Жалпы алғанда жеңілдіктер мен келісімдердің негізгі көздеген мақсаты — сайып келгенде пролетариатты күшейтіп нығайту болып табылатындығы белгілі.

Қазіргі кезеңде осы жеңілдіктердің шектері қандай?

Бұл жеңілдіктердің шектерін РК(б)П XIV конференциясы мен ССР Одағы Советтерінің III съезі[35] белгіледі. Олардың онша кең емес екендігін және жаңа ғана мен айтқан шеңбер көлемінде болатындығын сіздер білесіздер. Бірақ бұл — олар ғасырлар бойы бұлжымай осы күйінде қалады дегендік емес. Қайта олар біздің халық шаруашылығының өсуіне қарай, пролетариаттың шаруашылық және саяси қуатының нығаюына қарай, Батыс пен Шығыста революциялық қозғалыстың дамуына қарай, Совет мемлекетінің халықаралық позицияларының күшеюіне қарай сөзсіз кеңейіп отырады. Ленин 1918 жылы «қанаушылардың қарсылығының тоқталуына қ а р а й советтік конституцияны **б а р л ы қ** халыққа қолданудың» (қараңыз: XXII том, 372-бет) қажет екендігі туралы айтқан болатын. Көріп отырсыздар, бұл арада әңгіме Конституцияны **барлық** халыққа, оның ішінде буржуазияға да қолдану туралы болып отыр. Бұл 1918 жылы мартта айтылған болатын. Осы уақыттан Лениннің өліміне дейін бес жыл өтті. Біракта, бұл қағыйданы жүзеге асырудың уақыты жеткендігі туралы осы дәуірдің ішінде

Ленин бір рет те ләм-мем деген емес. Неге? Неге десеңіз бұлай етіп кеңейту үшін уақыт әлі жетпеген еді. Бірақ бұл уақыттың бір кезде, Совет мемлекетінің ішкі және халықаралық позициялары біржолата нығайған кезде әйтеуір бір жететіндігіне күмән болуға мүмкін емес.

Міне сондықтан, біз келешекте демократияның бұдан әрі кеңейе түсетінін алдын ала біле отырып, алайда кәзіргі уақытта демократия жағынан болатын жеңілдіктерді РК(б)П XIV конференциясы мен ССР Одағы Советтерінің III съезі белгілеген шеңберде қалдыру керек деп есептейміз.

Бұл жеңілдіктер елдегі өкіметтің сыйпатын өзгерте ме?

Жоқ, өзгертпейді.

Олар пролетариат диктатурасы системасына оны әлсірету мағнасында өзгерістер енгізе ме?

Титтей де, ешқандай дәрежеде де өзгертпейді.

Советтердің жанданып, шаруалардың ішінен жақсы адамдардың іске тартылуы пролетариат диктатурасын әлсіретпейді, қайта нығайта түседі. Демократияның кеңеюі нәтижесінде пролетариаттың шаруалар жөніндегі басшылығы сақталып қана қоймайды, қайта пролетариат төңрегінде сенім жағдайын туғызып, тағыда жаңадан күш алады. Ал әңгіме диктатура системасында пролетариат пен шаруалардың қарым-қатнастары туралы болып отырған кезде, пролетариат диктатурасындағы басты нәрсенің өзі осы ғой.

Пролетариат диктатурасы деген ұғымы зорлық деген ұғыммен толық қамтылады, дейтін жолдастардікі дұрыс емес. Пролетариат диктатурасы дегеніміз тек **зорлық** қана емес, сонымен бірге пролетарлық емес таптардың еңбекші бұқарасына **басшылық ету,** соны-

мен бірге капиталистік шаруашылықтан гөрі типі жағынан жоғары, капиталистік шаруашылықтан гөрі еңбек өнімділігі артық социалистік шаруашылықты құру болып табылады. Пролетариат диктатурасы дегеніміз: 1) **капиталистер мен помещиктер жөнінде** заңмен тежелмеген зорлық, 2) пролетариаттың **шаруалар жөніндегі** басшылығы, 3) **бүкіл қоғамда** социализм орнату. Пролетариат диктатурасы ұғымын бұрмалауға бел байламайынша, диктатураның осы үш жағының бір де біреуін алып тастауға болмайды. Тек осы үш жақты түгелдей бірге алғанда ғана бізге пролетариат диктатурасының толық және әбден аяқталған ұғымын береді.

Партияның советтік демократия жөніндегі жаңа бағыты пролетариат диктатурасы системасына нашарлататындай ешнәрсе енгізе ме?

Жоқ, енгізбейді. Қайта мұның керісінше! Жаңа бағыт пролетариат диктатурасы системасын нығайта отырып, тек істі жақсартады. Егер әңгіме диктатура системасындағы **зорлық** элементі туралы болып отырса, ал зорлықтың көрінісі Қызыл Армия болып табылатын болса, онда деревняда совет демократиясын орнату Қызыл Армияның жағдайын жақсарта түсетіндігін, оны Совет өкіметінің төңрегіне топтастыратындығын дәлелдеп жатудың керегі болар ма екен, өйткені бізде армияның көпшілігі шаруалар болып табылады. Егер әңгіме диктатура системасындағы **басшылық** элементі туралы болып отырса, онда Советтерді жандандыру ұраны пролетариаттың бұл басшылық етуін тек жеңілдете түсетіндігіне, шаруалардың жұмысшы табына сенімін нығайта түсетіндігіне күмәндануға бола қояр ма екен. Егерде әңгіме диктатура системасындағы **құрылыс** элементі туралы болып отырса,

онда партияның жаңа бағыты социализм құрылысын тек жеңілдете түсетіндігін дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен, өйткені ол ұштасуды нығайту үшін қолданылып отыр, ал ұштасу болмайынша социалистік құрылыстың болуы мүмкін емес.

Қортынды біреу: қазіргі жағдайда шаруаларға жеңілдіктер жасау пролетариатты күшейтеді және оның диктатурасын нығайтады, ал елдегі өкіметтің сыйпатын иненің жасуындай да өзгертпейді.

Бесінші сұрақтың жайы осындай.

Алтыншы сұраққа көшейік.

VI

Капитализмнің тұрақтауына байланысты Коминтерндегі оңшыл уклонға біздің партия жеңілдіктер жасай ма, ал егер жасаса, — мұның өзі нағыз қажетті тактикалық маневр болып табыла ма?

Әңгіме сірә, Чехословакия коммунистік партиясы туралы және осы партияның оңшыл элементтеріне қарсы Шмераль мен Заподоцкий жолдастардың тобымен болған келісім туралы болып отырған шығар.

Меніңше, біздің партия Коминтерндегі оңшыл уклонға ешқандай жеңілдіктер жасаған жоқ. Қайта, Коминтерннің Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумы[36] басынан аяғына дейін Коминтерннің оңшыл элементтерін бөлектеу негізінде өтті. Коминтерннің Чехословакия коммунистік партиясы туралы қабылдаған қарарын, большевиктендіру туралы қарарын оқып шығыңыз, сонда сіз Коминтерннің негізгі нысанаға алғаны коммунизмдегі оңшыл элементтер болғандығын оп-оңай түсінесіз.

Міне сондықтан Коминтерндегі оңшыл уклонға біз-

дің партияның жеңілдіктер жасауы туралы сөз қылуға болмайды.

Шмераль мен Запотоцкий жолдастар, шынын айтқанда, оңшылдар емес. Олар оңшылдардың платформасын, брюндықтардың платформасын жақтамайды. Олар, дұрысында, оңшылдарға қарай ауыңқырап, лениншілдер мен оңшылдардың арасында толқушылар. Коминтерннің Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумында олардың әрекеттерінің ерекшелігі мынада болды: олар, бір жағынан, біздің сынымыздың ықпалымен және, екінші жағынан, оңшылдар туғызып отырған жікке бөліну перспективасынан қауіптеніп, бұл жолы біздің жағымызға, лениншілдер жағына ауды, олар оңшылдарға қарсы лениншілдермен одақтас болуға міндеттенді. Бұл олардың беделін көтереді. Бірақ олар лениншілдер жағына ауытқып отырғанда, олар оңшылдарға қарсы лениншілдерге жеңілдік жасап отырғанда, толқушыларды қарсы алуға бізді тиіс емес еді деп, жолдастар, ойлай ма? Егерде біздердің арамызда большевиктік тактиканың жалпыға мәлім шындықтарын түсінуге қаблетсіз адамдар болып шықса, онда бұл өрескел және қайғылы нәрсе болған болар еді. Чехословакия коммунистік партиясы туралы мәселеде Коминтерн саясатының бірден-бір дұрыс саясат болып шыққандығын практика кәзірдің өзіндеақ көрсеткен жоқ па? Шмераль мен Запотоцкий жолдастар лениншілдермен бірігіп оңшылдарға қарсы осы күнге дейін күресіп жүрген жоқ па? Чехословакия партиясындағы брюндықтар кәзірдің өзінде шеттетілген жоқ па?

Ұзақ уақытқа ма? — деп сұрауы мүмкін. Ұзақ уақытқа ма, мұны мен, әрине, білмеймін, — мен сәуегейлік жасай алмаймын. Қалай дегенмен де, шмераль-

шылдар оңшылдарға қарсы күресіп отырған кезде шмеральшылдармен келісім де бола беретіндігі, сонымен қатар егер шмеральшылдардың кәзіргі позициясы өзгере қалса, онда олармен жасалған келісімнің де күші жойылуға тиіс екендігі айқын. Бірақ кәзір мәселе тіпті де мұнда емес. Кәзір мәселе — оңшылдарға қарсы бұл келісімнің лениншілдерді **күшейтіп**, оларға толқушыларды соңынан ертуге **жаңа мүмкіншілік** беретіндігінде болып отыр. Кәзір басты нәрсе нақ осында болып отыр, Шмераль мен Запотоцкий жолдастарда тағы қандай толқулардың болатындығында емес.

Ленишілдер әрбір солшыл байбаламшы мен долыны жақтауға міндетті, лениншілдер барлық жерде және барлық нәрсе жөнінде коммунистердің ішіндегі ант ішкен солшылдар болып табылады деп ойлаушы адамдар бар. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Біз жұмысшы табының коммунист емес партияларымен салыстырғанда солшылдармыз. Бірақ біз «барлығынан солшылырақ» болуға ешқашан да міндеттенген емеспіз, мұны бір кезде марқұм Парвус талап еткен болатын, бірақ ол бұл үшін сол кезде-ақ Лениннен сыбағасын алған болатын. Коммунистердің ішінде біз — солшылдар да, оңшылдар да емеспіз, — біз тек лениншілдерміз. Ленин екі майданда, коммунизмдегі солшыл уклонға қарсы да, оңшыл уклонға қарсы да күрес жүргізген кезде, өзінің не істегенін білетін. Лениннің тамаша кітапшаларының бірі «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» туралы тақырыпта бостан-бос жазылған жоқ.

Меніңше, егерде жолдастар осы соңғы жағдайға деркезінде көңіл бөлген болса, олар маған алтыншы сұрақты бермеген болар еді.

Алтыншы сұрақтың жайы осындай.

Жетінші сұраққа көшейік.

VII

Деревнядағы партия ұйымдарының нашарлығын пайдаланып, жаңа бағытпен байланысты деревняда антисоветтік үгіттің идеология жағынан қалыптасу қаупі жоқ па?

Я, мұндай қауіп бар. Советтерді жандандыру ұранымен Советтердің сайлауларын жүргізу жергілікті жерлерде сайлау жөніндегі үгіттің бостандығы болып табылатындығына күмәндануға бола қояр ма екен. Ашылған саңлауға кіріп алып, Совет өкіметіне тағы бір зиян келтіріп қалу үшін антисоветтік элементтердің мұндай қолайлы жағдайды бос жібермейтіндігі айтпаса да түсінікті. Осыдан келіп деревняда антисоветтік үгіттің күшейіп қалыптасу қаупі туып отыр. Кубаньда, Сибирьде, Украинада болған қайта сайлаулар тарихының фактылары мұны ашықтан-ашық көрсетіп отыр. Сөз жоқ, бір қыдыру аудандардағы біздің деревня ұйымдарының нашарлығы бұл қауіпті күшейтіп отыр. Сонымен бірге, империалистік державалардың интервенттік әрекеттерінің де ол қауіптің күшеюіне дем беретіндігі күмәнсіз.

Бұл қауіп немен қоректенеді, оның негіздері қайда?

Мұндай негіздер, ең болмағанда, екеу.

Біріншіден, соңғы уақытта деревняда кулактың пайдасына кейбір өзгеріс болғандығын, бірсыпыра аудандарда орташаның кулакқа қарай бет бұрғандығын антисоветтік элементтер сезеді. Қайта сайлауларға дейін мұны тек болжап білуге ғана болатын еді. Бұл ой қайта сайлаулардан кейін талассыз факты болып

шықты. Деревнядағы антисоветтік үгіттің идеология жағынан қалыптасу қаупінің бірінші және басты негізі осында.

Екіншіден, бірқыдыру аудандарда біздің шаруаларға жасаған жеңілдіктерімізді біздің әлсіздігіміз деп бағалады. Қайта сайлауларға дейін бұған күмәндануға болатын еді. Қайта сайлаулардан кейін бұл жөнінде күмән болмауға тиіс. Осыдан келіп деревняның ақгвардияшыл элементтерінің: «бұданда гөрі қыса түс!», деген ұраны шығып отыр. Деревнядағы антисоветтік үгіттің күшею қаупінің, онша мәнді болмағанмен, екінші, негізі осында.

Коммунистер ең алдымен мынаны түсінуге тиіс: **деревнядағы кәзіргі кезең орташалар үшін күресу кезеңі болып табылады, орташаларды пролетариаттың жағына шығарып алу партияның деревнядағы ең маңызды міндеті** болып табылады, бұл міндетті орындап шықпайынша антисоветтік үгіттің қалыптасу қаупі күшейе түседі, ал партияның жаңа бағыты ақгвардияшылардың пайдасына ғана кетуі мүмкін.

Коммунистер, екіншіден, мынаны түсінуге тиіс: кәзірде партияның Советтер, кооперация, кредит, ауылшаруашылық салығы, жергілікті бюджет, тағы сондайлар жөніндегі жаңа саясаты негізінде ғана орташаларды өзіне қаратып алуға болады, әкімшілік жолымен қысым жасау шаралары істі тек бүлдіріп, апатқа ұшыратуы мүмкін, біздің саясатымыздың дұрыс екендігіне орташаның экономикалық және саяси шаралар арқылы көзін жеткізу керек, орташаны үлгі арқылы ғана, көрсетіп көзін жеткізу арқылы ғана «алуға» болады.

Оның үстіне коммунистер мынаны түсінуге тиіс: жаңа бағыт антисоветтік элементтерді жандандыру

үшін емес, қайта Советтерді жандандыру үшін, сөйтіп шаруалардың негізгі бұқарасын іске тарту үшін енгізіліп отыр, жаңа бағыт антисоветтік элементтерге қарсы үзілді-кесілді күресуді жоймайды, қайта соны керек етеді, ал егер антисоветтік элементтер шаруаларға берілген жеңілдіктерді біздің әлсіздігіміздің белгісі деп бағалап және оларды контрреволюциялық мақсаттарға пайдаланып, «бұдан да гөрі қыса түс» дейтін болса, — онда оларға Совет өкіметінің мықты екенін міндетті түрде дәлелдеу керек, оларды көптен бері зарығып күтіп отырған түрме туралы ескертіп айту керек.

Менінше, егер біздің осы міндеттеріміз түсініліп, іс жүзіне асырылатын болса, онда деревнядағы антисоветтік үгіттің идеология жағынан қалыптасып, күшею қаупі түбірінен сөзсіз жұлынады.

Жетінші сұрақтың жайы осындай.

Сегізінші сұраққа көшейік.

VIII

Партияда жоқтардың ықпалының күшеюіне байланысты Советтерде бипартиялық фракциялардың қалыптасу қаупі жоқ па?

Бұл жағдайда қауіп туралы шартты түрде ғана айтуға болады. Егер коммунистердің ықпалы әлі жетпеген жерде азды-көпті ұйымдасқан партияда жоқ адамдардың ықпалы өссе, мұнда қауіпті ештеме жоқ. Мәселен, қаладағы кәсіпшілер одақтары жөнінде және деревнядағы бипартиялық азды-көпті советтік бірлестіктер жөнінде әңгіме осылай болып отыр. Қауіп партияда жоқтардың бірлестіктері өздерін партияның

орнына қою туралы ойлана бастаған кезден басталады.

Бұл қауіп қайдан шығып отыр?

Біздің жұмысшы табында мұндай қауіптің білінбейтіндігі немесе білінбейді дерлік екендігі ерекше нәрсе. Мұны немен түсіндіруге болады? Мұны мынамен түсіндіруге болады: бізде жұмысшы табында партияның төңрегіне жыйналған партияда жоқ жұмысшылардың көптеген активі бар, олар партияға сенім туғызып, партияны жұмысшы табының миллиондаған бұқарасымен байланыстырып отырады.

Мұндай қауіптің шаруалар арасында өте-мөте күшті екендігінің де ерекшелігі кем емес. Неге? Неге десеңіз шаруалар ішінде партия әлсіз, партияны ондаған миллион шаруалармен байланыстыра алатын партияда жоқ шаруалардың көптеген активі партияның қолында әлі болмай отыр. Ал оның бержағында, партияда жоқ активтің қажет екендігі басқадан да гөрі шаруалар арасында қатты сезілетін сыяқты.

Қортынды біреу: партияда жоқ шаруалар бұқарасының партиядан қол үзу және алыстау қаупін жою үшін партия төңрегіне шаруалардың партияда жоқ көптеген активін құру керек.

Бірақ мұндай активті әпсәтте немесе бір-екі ай ішінде құра қоюға болмайды. Оны тек белгілі бір уақыт өткеннен кейін, жұмыс үстінде, Советтерді жандандыру үстінде, кооперативтік қоғамды құру үстінде ғана ұйымдастырып, шаруалардың басқа бұқарасынан жекелеп шығаруға болады. Бұл үшін партияда жоқ адамға коммунистің көзқарасының өзін өзгерту керек. Бұл үшін коммунист партияда жоқ адамға өзімен тең адам деп қарауы қажет. Бұл үшін коммунист партияда жоқ адамға туысқандық сеніммен қарап үйренуі

қажет. Партияда жоқ адамға сенімсіздік болып отырғанда, онан сенімділікті талап етуге болмайды. Партияда барлар мен партияда жоқтардың арасындағы қарым-қатнас «өзара сенімділік» қарым-қатнасы болуға тиіс, деген болатын Ленин. Лениннің бұл сөздерін ұмытуға болмайды. Партияда барлар мен партияда жоқтардың өзара сенуіне жағдай жасау керек — партия төңрегіне шаруалардан партияда жоқтардың көптеген активін құру үшін жағдай дайындауда ең алдымен қажетті нәрсе міне осы.

Ал мұндай өзара сенім қалай туады? Әрине, бұл бірден және бұйрықтар арқылы тумайды. Ол, Ленин айтқандайын, партияда барлар мен партияда жоқтардың «өзара тексерісуі» арқылы ғана, күнделікті практикалық жұмыс үстінде өзара тексерісу арқылы ғана туады. Партияның бірінші тазалауы дәуірінде партияда барлар, партияда жоқтар арқылы тексерілді, ал бұл партияға керемет үлкен сенім туғызып, партия үшін қолайлы нәтижелер берді. Ленин бұл жөнінде сол кездің өзінде-ақ, бірінші тазалаудың партияда барлар мен партияда жоқтардың өзара тексерісуі жөніндегі сабақтары жұмыстың барлық салаларына қолданылуға тиіс, деген болатын. Меніңше, Лениннің осы айтқан ақылын еске түсіретін және оны іс жүзіне асыру үшін шаралар қолданатын уақыт жетті.

Сөйтіп, партияда барлар мен партияда жоқтардың күнделікті практикалық жұмыс үстінде өзара сынасып, өзара тексерісіп отыруы қажет, бұл олардың арасында өзара сенім жағдайын жасаудың құралы болуға тиіс, — егер партия миллиондаған партияда жоқтардың партиядан алыстау қаупін жойғысы келсе, егер ол деревняда өз ұйымдарының төңрегіне шаруа-

лардан партияда жоқтардың көптеген активін құрғысы келсе, онда партияның жүруге тиісті жолы осы.

Сегізінші сұрақтың жайы осындай.

Тоғызыншы сұраққа көшейік.

*

XI

Шынында шетел көмегінсіз ірі өнеркәсіптің негізгі капиталын қайта жабдықтап, оны әжептәуір кеңейте аламыз ба?

Бұл сұрақты екі түрлі түсінуге болады.

Не бұл арада совет өнеркәсібі дамуының болмай қоймайтын шарты ретінде өмір сүріп отырған капиталистік мемлекеттер тарапынан кредиттер арқылы Совет мемлекетіне дереу көмек берілуі айтылып отыр, ал онда — сұрақтың мұндай қойылысына сәйкес бір түрлі жауап беруге болар еді.

Не социалистік шаруашылықты құрудың болмай қоймайтын шарты ретінде Батыс пролетариатынан болашақта, ол жеңіп шыққаннан кейін Совет мемлекетіне берілетін көмек айтылып отыр, ал онда — басқаша жауап беруге тура келер еді.

Ешкімді ренжітпеу үшін, мен бұл сұрақтың мүмкіндігі бар екі түрлі түсінігіне де жауап беруге тырысамын.

Бірінші түсініктен бастайық.

Капиталистік қоршау жағдайларында сырттан кредиттер болмайынша советтік ірі өнеркәсіптің дамуы мүмкін бе?

Я, мүмкін. Бұл іс үлкен қыйыншылықтармен байланысты болады, сонымен қатар ауыр сынды бастан кешіруге тура келеді, бірақ біз қалай дегенмен де, осы қыйыншылықтардың бәріне қарамастан, өз еліміз-

ді индустрияландыру ісін сырттан кредиттер болмаса да жүргізе аламыз.

Тарих осы уақытқа дейін күшті өнеркәсіптік мемлекеттердің құрылуы мен дамуының үш жолын басынан кешірді.

Бірінші жол — бұл отарларды басып алып, тонау жолы. Мәселен, Англия осылай дамыды, ол жер жүзінің барлық бөліктерінде отарлар басып алып, өз өнеркәсібін күшейту үшін екі ғасыр бойы олардан «қосымша капитал» сығып алып келді, сөйтіп, ақыраяғында, «дүние жүзінің фабрикасына» айналды. Бұл даму жолының біздер үшін жарамсыз екендігін сіздер білесіздер, өйткені отарлар басып алу және тонау совет құрылысының негізгі қасиетімен үйлеспейді.

Екінші жол — бұл соғыста талқандау және контрибуциялар алу жолы, бұл бір елдің екінші ел жөнінде жүргізетін жолы. Мәселен, Германия жөнінде осылай болды, ол франко-пруссия соғысы дәуірінде Францияны талқандап және онан 5 миллиард контрибуцияны қағып алып, сонсоң ол соманы өз өнеркәсібінің арнасына құйды. Бұл даму жолының да совет құрылысының негізгі қасиетімен үйлеспейтіндігін сіздер білесіздер, өйткені мұның бірінші жолдан шындығына келгенде ешбір айырмашылығы жоқ.

Үшінші жол — бұл капиталистік дамыған елдердің капиталистік артта қалған елде кіріптар ететін концессиялар ашу жолы және оған кіріптар ететін қарыздар беру жолы. Мәселен, патшалық Россия жөнінде осылай болды, ол кіріптар ететін концессиялар ашуға рұхсат беріп және Батыс державаларынан кіріптар ететін қарыздар алып, сонымен жартылай отар болып өмір сүрудің бұғауын киді, бірақта бұл Россияның, сайып келгенде, өнеркәсіп жағынан дербес даму жо-

лына келешекте тырмысып шығу мүмкіншілігін жойған жоқ, әрине, бұл азды-көпті «сәті түскен» соғыстардың көмегінсіз және, әрине, көрші елдерді тонаусыз болған жоқ. Совет елі үшін бұл жолдың да жарамсыз екендігін дәлелдеп жатудың керегі бола қоймас: өйткені біз барлық елдердің империалистеріне қарсы үш жыл соғыста қан төккенде азамат соғысын жеңіспен аяқтағаннан кейін екінші күні империализмнің құлдығына ықтыярымызбен бару үшін қан төккеніміз жоқ.

Осы даму жолдарының әрбіреуі күнделікті өмірде міндетті түрде таза күйінде және басқа жолдардан қайтседе жеке дара жүзеге асырылады деп ойлау теріс болар еді. Шындығында жеке мемлекеттердің тарихында бұл жолдар жыйы-жыйы бір-бірімен ұласып, бірін-бірі толықтырып отырды, сөйтіп олардың жымдасуының үлгілерін берді. Мәселен, Солтүстік Америка Құрама Штаттарының тарихы жолдардың осылай жымдасуының үлгісі болып табылады. Бұл жағдайды мынамен түсіндіруге болады: дамудың түрлі жолдарының, олар бір-бірінен қаншама өзгеше болғанымен, кейбір ортақ сыйпаттары бар, бұл сыйпаттар оларды өзара жақындастырып, олардың жымдасуын мүмкін етеді: біріншіден, бұл жолдардың бәрі **капиталистік** өнеркәсіптік мемлекеттердің құрылуына әкеп соғады; екіншіден, олардың бәрі мұндай мемлекеттер құрылуының **болмай қоймайтын шарты ретінде** белгілібір тәсілдер арқылы алынатын «қосымша капиталдардың» сырттан келуін көздейді. Бірақ осының негізінде оларды өзара шатастырып, бір жерге қоса салу, үш даму жолының өнеркәсіптік капиталистік мемлекеттердің құрылуының қайткенде де түрлі үш методы болып табылатындығын түсінбеу, бұл жолдардың әрбірінің осы

мемлекеттердің сыйпатына өзінің ерекше өзгешеліктер енгізетіндігін түсінбеу барынша теріс болған болар еді.

Егер елді индустрияландырудың ескі жолдары Совет мемлекеті үшін жарамсыз болса, ал кіріптарлық шарттары жоқ жаңа капиталдардың келіп құйылуы әлі де болмайтын болып отырса, онда Совет мемлекетінің не істеуіне тура келеді?

Совет мемлекетінің жаңа даму жолына, басқа елдердің әлі түгел басынан кешірмеген жолына, сырттан келетін кредиттерсіз ірі өнеркәсібін дамыту жолына, шетел капиталының міндетті түрде молынан келіп құйылуынсыз елді индустрияландыру жолына, — «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақалада Лениннің белгілеген жолына түсуге тура келеді.

«Біз — дейді Ленин, — мынадай мемлекет орнату үшін тырысуға тиістіміз: бұл мемлекетте жұмысшылар шаруаларға басшылық ететін болу керек, шаруаларды өздеріне сендіруі керек және барынша үнемді болып, өздерінің қоғамдық қатнастарынан ысырапшылдықтың қандайының болса да ізін қалдырмай жоюы керек.

Біз өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды мейлінше ұқыпты үнемшілікке жеткізуге тиістіміз... Егер біз жұмысшы табының шаруаға басшылық етуін сақтасақ, онда біз мемлекетімізде шаруашылықты үнемдеуді аса күшейтудің арқасында әрбір үнемделген азынаулақ жыйнақты өзіміздің ірі машиналы индустрияны дамыту үшін және электрлендіру үшін сақтауға мүмкіндік аламыз... Бернелеп айтқанда, — дейді одан әрі Ленин, — біз бір аттан екінші атқа, атап айтқанда, күйзелген шаруа еліне арналған үнемшілдіктің атынан, шаруаның, мужиктің көтерем атынан, — пролетариаттың өзі іздеп отырған, іздемей отыра алмайтын атына, ірі машиналы индустрияның, электрлендірудің, Волховстройдың және сондайлардың атына тек сонда ғана ауысып міне аламыз» (XXVII том, 417-бетін қараңыз).

Біздің елдің кәзірдің өзінде-ақ түсіп отырған жолы

және өзінің ірі өнеркәсібін дамытып, пролетариаттың қуатты индустриялық мемлекетіне айналуы үшін оның жүруге тиісті жолы осындай.

Бұл жолдың буржуазия мемлекеттері жүрмеген жол екенін мен айтып өттім. Бірақ бұдан пролетариат мемлекті үшін бұл жол мүмкін емес деген мағна тіпті де шықпайды. Бұл арада буржуазия мемлекеттері үшін мүмкін емес нәрсенің бәрі немесе мүмкін емес дерлік нәрсенің бәрі — пролетариат мемлекеті үшін толығынан мүмкін болып шығады. Мәселе мынада: бұл жөнінде пролетариат мемлекетінің қолындағы бар артықшылықтар буржуазия мемлекетінде жоқ, тіпті олардың алда да болмауы мүмкін. Национализацияланған жер, национализацияланған өнеркәсіп, национализацияланған транспорт пен кредит, монополизацияланған сыртқы сауда, мемлекет реттеп отырған ішкі сауда, — осының бәрі еліміздің индустриясын дамыту үшін пайдалануға болатын «қосымша капиталдардың» шығатын жаңа негіздері болып табылады, бұлар буржуазия мемлекетінің бірде бірінде әлі болып көрген емес. Өнеркәсібімізді дамыту үшін осы және осылар сияқты жаңа байлық көздерін пролетариат өкіметі кәзірдің өзінде-ақ пайдаланып отырғанын сіздер білесіздер. Бұл жолда біздің недәуір маңызы бар кейбір табыстарымыздың бар екендігін сіздер білесіздер.

Міне сондықтан буржуазия мемлекеттері үшін мүмкіндігі жоқ даму жолы, оның қаншама қыйыншылықтары мен сындарының болуына қарамастан, пролетариат мемлекеті үшін толығынан мүмкін жол болып отыр.

Оның үстіне мынаны айта кету керек: кәзіргі кезде ауыр шартсыз сырттан капиталдың молынан келіп

құйылуының болмауы қайдағы бір мәңгілік және табжылмай тұра беретін нәрсе емес. Елімізге кәзірдің өзінде-ақ капитал сырттан шамалы келе бастағанын өздеріңіз білесіздер. Біздің халық шаруашылығының өсуі мен нығаюына қарай бұл молынан келіп құйылудың күшейе беретіндігіне күмәндануға негіз бола қояр ма екен.

Сұрақтың бірінші түсінілуінің жайы осындай.

Сұрақтың екінші түсінілуіне көшейік.

Европаның негізгі елдерінде социализм алдын ала жеңіп шықпай тұрып, Европаның жеңген пролетариаты тарапынан техника мен жабдықтар арқылы тікелей көмек бермейінше біздің елде социалистік шаруашылықты құру мүмкін бе?

Бұл сұраққа көшпестен бұрын, сөзімнің бас жағында, демекші, өзім жауап берген сұраққа көшпестен бұрын осы сұрақпен байланысты бір өте-мөте таралып жүрген түсініспеушілікті түсіндіргім келеді. Бұл түсініспеушілік мынада болып отыр: кейбір жолдастар «ірі өнеркәсіптің негізгі капиталын кеңейту және қайта жабдықтау туралы» мәселені елімізде социалистік шаруашылықты құру мәселесімен бірдей деп қарауға бейім. Осылайша бірдей деп қараумен келісуге бола ма? Жоқ, болмайды. Неге? Неге десеңіз, бірінші мәселе өзінің көлемі жағынан екінші мәселеден кішкентай. Неге десеңіз, өнеркәсіптің негізгі капиталын кеңейту туралы бірінші мәселе халық шаруашылығының **бір бөлегін** ғана — индустрияны ғана қамтыйды, ал социалистік шаруашылықты құру туралы мәселе халық шаруашылығын **тегіс** қамтыйды, яғни индустрияны да, ауыл шаруашылығын да қамтыйды. Неге десеңіз, социализмді орнату проблемасы дегеніміз бүтіндей халық шаруашылығын ұйымдастыру проблемасы,

индустрия мен ауыл шаруашылығын **дұрыс сабақтастыру** проблемасы болып табылады, ал өнеркәсіптің негізгі капиталын кеңейту туралы мәселе керек десе, тікелей айтқанда, бұл проблеманы қозғамайды. Айталық өнеркәсіптің негізгі капиталы кәзірдің өзінде-ақ қайта жабдықталып, кеңейтіліп жатыр, делік, бірақ бұл — социалистік шаруашылықты құру проблемасы осы арқылы кәзірдің өзінде-ақ тіпті де шешілді дегендік емес. Социалистік қоғам дегеніміз индустрия мен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің өндірістік-тұтыну серіктігі болып табылады. Егер осы серіктікте шикізат пен азық-түлік беретін және өнеркәсіп заттарын алып сіңіріп отыратын ауыл шаруашылығымен өнеркәсіп байланыстырылмаса, егер өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы осылайша біртұтас халық шаруашылығы болып шықпаса, — онда мұнан ешқандай социализм болмайды.

Міне сондықтан өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өзара қарым-қатнасы туралы мәселе, пролетариат пен шаруалардың өзара қарым-қатнасы туралы мәселе социалистік шаруашылықты құру проблемасының негізгі мәселесі болып табылады.

Міне сондықтан ірі өнеркәсіптің негізгі капиталын кеңейту және қайта жабдықтау туралы мәселені социалистік шаруашылықты құру туралы мәселемен бірдей деп қарауға болмайды.

Сонымен, басқа елдерде социализм алдын ала жеңіп шықпайынша, Батыстың жеңген пролетариаты тарапынан техника мен жабдықтар арқылы тікелей көмек болмайынша біздің елде социалистік шаруашылықты құруға мүмкін бе?

Я, мүмкін. Жәнеде оны құрудың мүмкіндігі былай тұрсын, тіпті оның құрылуы қажет, ол құрылмай қал-

майды. Өйткені біз социализмді кәзірдің өзінде-ақ құрып жатырмыз, национализацияланған индустрияны дамыта отырып және оны ауыл шаруашылығымен ұштастыра отырып, деревняда кооперация орната отырып және шаруа шаруашылығын советтік дамудың жалпы системасына енгізе отырып, Советтерді жандандыра отырып және мемлекеттік аппаратты халықтың миллиондаған бұқарасымен біріктіре отырып, жаңа мәдениет орната отырып және жаңа қоғамшылдықты орната отырып социализм құрып жатырмыз. Күмән жоқ, бұл жолдағы қыйыншылықтар — адам айтқысыз көп-ақ, бізге әлі де бірсыпыра сындарды басымыздан кешіруге тура келеді. Күмән жоқ, егерде Батыста социализм жеңіп шығып, деркезінде көмек етсе, мәселе негізінен жеңілдейді. Бірақ, біріншіден, Батыста социализм жеңісі, біздің оны тілейтініміздей онша тез «істелмейді», екіншіден, бұл қыйыншылықтарды жеңуге болады, жәнеде бұл қыйыншылықтарды кәзірдің өзінде біздің жеңіп келе жатқанымыз белгілі.

Мен осының бәрі жөнінде сөзімнің басында айтып өттім. Бұдан бұрын мен бұл туралы Москва активіне жасаған баяндамамда* да айтқан болатынмын. Ал бұдан бұрын бұл жөнінде «Октябрь жолында» деген кітапшаға жазылған менің «Алғысөзімде» айтылған болатын. Біздің елде құрылыстың социалистік мүмкіншіліктері бар екенін бекер деу партияны азғындатуға әкеп соғатын жойымпаздық болып табылады деген болатынмын. Кәзірде бұдан бұрын бірнеше рет айтылғандарды тағы да қайталап жатудың керегі болар ма екен. Сондықтан мен сіздерді Ленин шығар-

---

* Осы томның 95—141-беттерін қараңыз. *Ред.*

маларына сілтеймін, сіздер одан бұл жөнінде жеткілікті материалдар мен қағидалар табасыздар.

Мәселенің тарихы жөнінде және оның партия үшін кәзіргі кезеңде маңызы туралы тек бірнеше сөз айтқым келеді.

Егер 1905—1906 жылдардағы айтыстарды есептемесек, онда бір елде социализмді орнату туралы мәселе партияда 1915 жылы империалистік соғыс кезінде алғаш рет қойылған болатын. Сол кезде Лениннің әуелі «социализмнің жеке алынған капиталистік бір елде жеңу мүмкіндігі» (қараңыз: XVIII том, 232-бет) туралы қағыйданы бірінші рет тұжырымдағаны белгілі. Бұл — буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға бұрылыс дәуірі еді. Лениннің осы қағыйдасы жөнінде Троцкийдің сол кездің өзінде-ақ былай деп таласқаны белгілі: «мәселен, революцияшыл Россия кертартпа Европаға төтеп беріп тұра алар еді... деп үміттенуге болмайды» (қараңыз: Троцкий шығармаларының III томы, I бөлім, 90-бет).

Октябрь революциясы мен азамат соғысынан кейін, құрылыс мәселелері күн тәртібіне қойылған кезде, 1921 жылы социализмді құру туралы мәселе партияда қайтадан көтерілді. Бұл — «жаңа экономикалық саясатқа» қарай бетбұрысты кейбір жолдастардың социалистік міндеттерден шегіну деп, социалистік құрылыстан шегіну деп бағалаған дәуір еді. Ленин өзінің «Азық-түлік салығы туралы»[37] деген кітапшасында «жаңа экономикалық саясатқа» бетбұрысты сол кезде: индустрияны шаруа шаруашылығымен ұштастырудың қажетті шарты деп, социалистік экономиканың негізін салу шарты деп, социализмді ойдағыдай құрудың жолы деп бағалағаны белгілі. Бұл — 1921 жылдың апрелінде болған еді. Троцкий бұған берілген

жауап сыяқты етіп 1922 жылдың январында өзінің «1905 жыл» деген кітабына жазған алғысөзінде біздің елде социалистік құрылыс туралы мәселе жөнінде қарама-қарсы қағыйда ұсынып, былай дейді: «халқының басым көпшілігі шаруалар болып отырған артта қалған елдегі жұмысшы үкіметінің хал-жайындағы қайшылықтар тек халықаралық көлемде, пролетариаттың дүниежүзілік революциясының майданында шешіле алады».

Бұдан бір жылдан соң (1922 жылы) Моссоветтің пленумында Лениннің «нэптік Россиядан социалистік Россия болады» деп айтқаны және Троцкийдің «Бейбітшілік программасына» жазған соңғысөзінде «Россияда социалистік шаруашылықтың шын мәнісінде өркендеуі Европаның басты-басты елдерінде пролетариат жеңгеннен кейін ғана мүмкін бола алады» деп айтқан сөздері тағыда бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Ақырында, тағы бір жылдан соң, өзінің қайтыс болуының азақ алдында «Кооперация туралы» (май 1923 ж.) деген мақаласында Ленин осы мәселеге тағы қайтып оралады, ол онда: біздің Совет Одағында «социалистік қоғамды толық орнату үшін қажетті нәрселердің бәрі» бар деген болатын.

Мәселенің қысқаша тарихы осындай.

Біздің елде социализм құру проблемасы біздің партия практикасының өте маңызды проблемаларының бірі болып табылатындығы осы тарихи анықтаманың өзінен-ақ көрініп отыр. Егерде оны біздің практиканың өте маңызды мәселесі деп есептемеген болса, онда Ленин бұған қайта-қайта оралмаған болар еді, мұны дәлелдеп жатудың керегі бола қоймас.

Бұдан кейін біздің экономиканың дамуы, онда со-

циализм элементтері мен капитализм элементтерінің арасындағы күрестің шиеленісуі, әсіресе капитализмнің уақытша тұрақтауы біздің елде социалистік құрылыстың мүмкіндігі туралы мәселенің маңызын тек өршітіп, күшейте түсті.

Партия практикасы тұрғысынан қарағанда бұл мәселенің маңыздылығы не де?

Мұның маңызды болатын себебі ол біздің құрылысымыздың болашағы туралы мәселені, бұл құрылыстың міндеттері мен мақсаттары туралы мәселені қозғайды. Не үшін құрып жатқанды білмейінше, шын мәнісінде құрылыс жасауға болмайды. Қозғалыстың бағытын білмейінше, бір қадам да ілгері басуға болмайды. Болашақ туралы мәселе біздің, өзінің алдына айқын және нақтылы мақсат қойып үйренген партиямыздың өте маңызды мәселесі болып табылады. Біз социалистік құрылыс жеңіп шығады деп есептеп, социализм үшін құрып жатырмыз ба, әлде «бүкіл дүние жүзінде социалистік революцияның болуын күту арқылы» буржуазиялық демократияға негіз салу үшін көзді жұмып, бір жайы болар деп құрып жатырмыз ба, — қәзір негізгі мәселелердің бірі осында. Бұл өте айқын сұраққа айқын жауап болмайынша, шын мәнісінде жұмыс істеуге және құрылыс жасауға болмайды. Жүздеген, мыңдаған партия қызметкерлері, кәсіпшілер одақтары мен кооперация қызметкерлері, шаруашылық пен мәдениет қызметкерлері, әскер қызметкерлері мен комсомолдар бізге сөз салып, бізден былай деп сұрайды, біздің партиядан былай деп сұрайды: істі неге қарай бағыттау керек, не үшін құру керек? Сондықтан егер басшылар бұл сұрауға айқын және нақтылы жауап бере алмаса немесе жауап бергісі келмесе, бұлаң құйрыққа салып, жұртты Понтий-

дан Пилатқа сілтейтін болса, біздің құрылысымыздың социалистік болашақтарын интеллигенттік сарыуайымға салса, бұл ондай басшылардың бишаралығын көрсетеді.

Айта кететін бір нәрсе, ленинизмнің ұлы маңызының өзі мынада: ол көзді жұмып, бір жайы болар дейтін құрылысты мойындамайды, ол болашақсыз құрылыс болады деп ойламайды, ол өз жұмысымыздың болашақтары туралы мәселеге айқын және нақтылы жауап береді, ол елімізде социалистік шаруашылық құру үшін біздің қолымызда барлық мүмкіншіліктер бар, біз толық социалистік қоғам құра аламыз және құруға тиіспіз дейді.

Социалистік шаруашылықты құру мүмкіншілігі туралы мәселенің жайы осындай.

Социалистік шаруашылықты сөзсіз құруға бізге мүмкіншілік бола ма — бұл екінші мәселе. Бұл тек бізге ғана байланысты емес. Бұл біздің елдің сыртындағы жауларымыз бен достарымыздың күштері мен әлсіздігіне де байланысты. Біз оны құрамыз, құрғанда егер оны құруға бізге мүмкіншілік берсе, егер «тыныстау» дәуірін созуға бізге мүмкіншілік болса, егер елеулі интервенция болмаса, егер интервенция жеңімпаз болып шықпаса, егер, бір жағынан, халықаралық революциялық қозғалыстың күші мен қуаты, екінші жағынан, біздің өз еліміздің күші мен қуаты, интервенцияның елеулі әрекетін болдырмайтын етуге айтарлықтай жеткілікті болса біз оны құрамыз. Мұның керісінше, егер интервенция жеңісті болып бізді талқандап кетсе, біз оны құра алмаймыз.

Тоғызыншы сұрақтың жайы осындай.

Ақырғы сұраққа көшейік.

X

Капитализмнің тұрақтауына және дүниежүзілік революцияның ұзақ уақыт болмауына байланысты біздің партиялық және советтік құрылыстың алдында тұрған ең үлкен қыйыншылықтарды, әсіресе партия мен жұмысшы табының, жұмысшы табы мен шаруалардың өзара қатнастары жөніндегі ең үлкен қыйыншылықтарды көрсетіңіз.

Мұндай қыйыншылықтар, олардың басты-бастыларын айтатын болсақ, менің есебімше бесеу. Капитализмнің тұрақтауының ролі сол, ол бұл қыйыншылықтарды бір шама күшейтеді.

Бірінші қыйыншылық. Бұл — шетел қарулы интервенциясының қаупіне байланысты қыйыншылықтар. Бұдан біздің алдымызда интервенцияның тікелей қаупі болып отыр, империалистер біздің елге интервенция жасауға кәзірдің өзінде-ақ дайын және оны жасау толық қолынан келеді деген сөз шықпайды. Бұл үшін империализмнің сондай қуатты, ең кем дегенде, мәселен, соғыс алдында болғанындай қуатты болуы керек, ал шынына келгенде онда мұндай қуаттың жоқ екені мәлім. Кәзіргі кезде Мароккода болып отырған соғыс[38] және Қытайдағы интервенция[39], келешектегі соғыстар мен интервенциялардың осы репетициялары империализмнің күшінің нашарлап қалғанын айқын көрсетіп отыр. Демек, сөз тікелей интервенция туралы болып отырған жоқ, әзірге капиталистік қоршау болып отырғанда — жалпы интервенция қаупінің бола беретіндігі туралы болып отыр, ал әзірге интервенцияның қаупі болып отырғанда — біз қорғаныс мүдделері үшін жыл сайын жүз миллиондаған сомды шығын етіп жатқан армия мен флотты сақтауға мәжбүр

боламыз. Ал армия мен флотқа жыл сайын жүз миллиондаған сом жұмсау дегеніміз не? Бұл — мәдениет пен шаруашылық құрылысына жұмсалатын қаржыларды осыған сәйкес азайту деген сөз. Интервенция қаупі болмаса, біздің осы сомаларды, тым болмағанда олардың үлкен бөлегін, өнеркәсіпті күшейтуге, ауыл шаруашылығын жақсартуға, мәселен, жалпыға міндетті бастауыш білім беру реформасын енгізуге, т с. жұмсай алатындығымыз айтпаса да түсінікті. Құрылыс жұмысы саласындағы қыйыншылықтар, интервенция қаупіне байланысты қыйыншылықтар осыдан туып отыр.

Бұл қыйыншылықтың басқа қыйыншылықтардың барлығынан ерекше өзгешелігі сол — оны жеңу тек бізге ғана байланысты емес, оны біздің елдің және басқа барлық елдердің революциялық қозғалысының бірлескен күші арқылы ғана жоюға болады.

Екінші қыйыншылық. Бұл — пролетариат пен шаруалар арасындағы қайшылықтарға байланысты қыйыншылықтар. Мен деревнядағы тап күресі туралы мәселені талдағанда бұл қайшылықтар жөнінде айтқан болатынмын. Бұрын айтылған нәрсені қайталаудың ешқандай қажеті жоқ. Бұл қайшылықтар егіншілік өнімдері мен өнеркәсіп заттарының бағалары туралы саясат жөнінде, ауылшаруашылық салығы, деревняны басқару, т. с. жөнінде болып отыр. Бұл арада қауіп үштасу мәселесін бүлдіруде және шаруаларды пролетариаттың басқару идеясын болдырмауда болып отыр. Бұл қауіпке байланысты қыйыншылық осыдан туып отыр.

Бұл қыйыншылықтың алдыңғы қыйыншылықтан ерекше өзгешелігі сол — мұны өзіміздің ішкі күштеріміз арқылы жеңуге болады. Бұл қыйыншылықты жеңу

үшін қажетті жол — деревняда жаңа бағыт ұстау жолы болып табылады.

Үшінші қыйыншылық. Бұл — біздің Одақ ішіндегі ұлттық қайшылықтарға, «орталық» пен «шеткері аймақтар» арасындағы қайшылықтарға байланысты қыйыншылықтар. Бұл қайшылықтар «орталық» пен «шеткері аймақтардың» дамуының шаруашылық және мәдени жағдайларының бірдей еместігі негізінде, соңғылардың біріншіден артта қалуы негізінде дамыйды. Егер бұл саладағы саяси қайшылықтарды кәзірдің өзінде-ақ жеңілді деп есептеуге болатын болса, онда мәдени, әсіресе, шаруашылық қайшылықтары жаңа ғана жыйналып, қалыптасып келеді, сондықтан оларды әлі жеңу керек. Бұл арада екі түрлі қауіп бар: бір жағынан, Одақтың орталық мекемелерінің, ұлттық республикалардың мүдделеріне қажетті қамқорлық жасағысы келмейтін немесе жасай білмейтін орталық мекемелердің ұлыдержавалық менмендігі мен чиновниктік зорлық-зомбылық жасауы, ал екінші жағынан, республикалар мен облыстардың «орталық» жөнінде ұлттық сенбеушілікте және ұлттық тұйықтықта болуы. Ұлт мәселесі жөніндегі қыйыншылықтарды жеңудің жолы — осы қауіптерге, әсіресе олардың біріншi қаупіне қарсы күресу болып табылады.

Бұл қыйыншылықтың ерекше өзгешелігі сол: екінші қыйыншылық сыяқты мұны да Одақтың ішкі күштерімен жеңуге болады.

Төртінші қыйыншылық. Бұл — мемлекеттік аппараттың партиядан қол үзу қаупіне, мемлекеттік аппаратқа партияның басшылық етуінің нашарлау қаупіне байланысты қыйыншылықтар. Партиялық азғындаушылықтың қауіптері жөніндегі мәселені талдағанда бұл қауіп туралы мен айтқан болатынмын. Бұрын ай-

тылғандарды қайталап жатудың қажеті бола қоймас. Бұл қауіпті мемлекеттік аппараттағы буржуазиялық-бюрократтық элементтер дәріптеп жүр. Бұл қауіп мемлекеттік аппараттың өсуі арқылы және оның салмағының өсе түсуі арқылы күшейіп, шиеленіседі. Бұл жөніндегі міндет мынау: мемлекеттік аппаратты мүмкін қадерінше қысқарту, одан бюрократизм элементтері мен буржуазиялық іріткі салушы элементтерін үнемі қуып отыру, партияның басшы күштерін мемлекеттік аппараттың түйінді пункттарына орналастыру, сөйтіп оны партия басшылығымен қамтамасыз ету.

Бұл қиыншылықтың ерекше өзгешелігі сол — үшінші қиыншылық сияқты мұны да өз күштеріміз арқылы жеңуге болады.

Бесінші қиыншылық. Бұл — партия ұйымдары мен кәсіпшілер одақтарының жұмысшы табының қалың бұқарасынан, осы бұқараның мұқтаждары мен тілектерінен біртіндеп қол үзу қаупінде болып отыр. Бұл қауіп партия органдары мен кәсіпшілер одақтарының бірсыпыра ұйымдарында, соның ішінде ұялар мен фабрика-завод комитеттерінде де, бюрократтық элементтердің озбырлығы нәтижесінде шығып, өршіп отыр. Бұл қауіп соңғы уақытта «деревняға бет бұрылсын» деген ұранға, біздің ұйымдардың көңілін қаладан деревняға, пролетариаттан шаруаларға аударған ұранға байланысты күшейді, сонымен бірге жолдастардың көбі деревняға бет бұра отырып, пролетариатқа сырт беруге болмайтындығын, «деревняға бет бұрылсын» деген ұранның пролетариат арқылы ғана және пролетариаттың күштері арқылы ғана жүзеге асырылатындығын, жұмысшы табының тілектеріне немқұрайды қараушылық партия ұйымдары мен кәсіпші-

лер одағы ұйымдарының жұмысшы бұқарасынан қол үзуін тек тереңдете түсетіндігін түсінбейді.

Бұл қауіптің белгілері қандай?

Мұның белгілері, біріншіден, біздің партиялық-кәсіпшілік ұйымдардың жұмысшы табының қалың бұқарасының мұқтаждары мен тілектеріне зер салмауы және жете көңіл бөлмеуі; екіншіден, жұмысшыларда өздерінің кім екендігін түсіну және өздерінің үстем тап екенін сезетін сезімі көтерілгендігін түсінбеушілік, партия ұйымдары мен кәсіпшілер одағы ұйымдарының тарапынан болатын бюрократтық-кеңсешілдік көзқарастарды жұмысшылардың түсінбейтіндігін және жек көретінін түсінбеушілік; үшіншіден, жете ойланбаған бұйрықтармен жұмысшыларға баруға болмайтындығын, қазірде ауыр салмақтың бұл «шараларда» емес, қайта бүкіл жұмысшы табын партияға сенетін етуде екендігін түсінбеушілік; төртіншіден, жұмысшылар арасында алдын ала жұмыс науқанын жүргізбейінше, кең көлемде өндірістік кеңестер өткізбейінше, жұмысшылар бұқарасына қатысы бар азды-көпті кең шаралар (мәселен, тоқыма ауданында үш станокта жұмыс істеуге көшу), жүргізуге болмайтындығын түсінбеушілік болып табылады.

Осының бәрінің нәтижесінде — бірсыпыра партия ұйымдары мен кәсіпшілер одағы ұйымдары жұмысшы табының қалың бұқарасынан қол үзіп отыр, кәсіпорындарында дау-жанжалдар болып отыр. Жақында тоқыма ауданында болған дау-жанжалдардың біздің партия ұйымдары мен кәсіпшілер одағы ұйымдарының бірсыпырасында осы кемшіліктердің бар екендігін ашқандығы мәлім.

Біздің құрылыс жолдарындағы бесінші қыйыншылықтың ерекше сыйпаттары осындай.

Бұл қыйыншылықтарды жеңу үшін, ең алдымен біздің партия ұйымдары мен кәсіпшілер одағы ұйымдарын нағыз бюрократтық элементтерден құтқару керек, фабрика-завод комитеттерінің құрамын жаңғыртуға кірісу керек, өндірістік кеңестерді міндетті түрде жандандыру керек, партия жұмысының ауыр салмағын өндірістік ірі ұяларға аудару керек және оларды партияның жақсы қызметкерлерімен қамтамасыз ету керек.

Қәзіргі міндет мынау: жұмысшы табының мұқтаждары мен тілектеріне көбірек көңіл бөлініп, зер салынсын, біздің партия ұйымдары мен кәсіпшілер одағы ұйымдарының практикасында бюрократтық формализм аз болсын, жұмысшы табының таптық қасиетін сезуіне көбірек көңіл бөлініп, зер салынсын.

Оныншы сұрақтың жайы осындай.

„Правда" №№ 139, 141, 142 және 145; 21, 24, 25, және 28 июнь, 1925 ж.

Я. М. СВЕРДЛОВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТКЕ

Негізгі және профессиялық курстердің екінші кезегінің бітіріп шығу күніне

Свердлов университеті бұқараға басшылық ету жөнінде партияның басшы қызметкерлерін дайындау ісінде күшті құралдарының бірі болып табылады.

Свердлов университеті өмір сүргеннен бері партияға белсенді қызметкерлердің толып жатқан отрядтарын беріп үлгірді, бұлар социалистік құрылыстың барлық майдандарында жұмыс істеп жүр.

Кәзірде университет партия жұмысына тағыда 214 студенттің отрядін беріп отыр, — бұлардың көпшілігі жұмысшылар.

Партияның алдында құрылыстың қыйын міндеттері тұрған кезде бұл отрядтың істейтін жұмысы жемісті болу үшін — бұл отряд біздің жай-күйіміздегі кейбір жаңа жағдайларды, кәзіргі кезде шешуші маңызы бар жағдайларды есте сақтауы қажет.

Бұл қандай жағдайлар?

Бұл, біріншіден, мынадай факт: еліміздің негізгі таптары, пролетариат пен шаруалар, кейінгі кезде біргалай өзгерді, саяси жағынан да, шаруашылық жағынан да неғұрлым белсенді болды, солай болғандықтан

партия тарапынан өздеріне жаңа көзқарастың болуын талап етіп отыр. Қәзір бізде азғындаған жұмысшы табы жоқ, — қәзір бізде әбден қалыптасқан, топ-толық, мәдениет және саяси жағынан өсіп жетілген пролетарлар табы бар, міне осылай болғандықтан ол партия тарапынан неғұрлым икемді және неғұрлым ойланылған басшылықтың болуын талап етеді. Шаруалар туралы да дәл осыны айтуға болады. Қәзір бұл ескі шаяндар тыйтығына жеткен және бұрынғы помещиктік жерден айрылып қаламын деп үрейленген немесе азық-түлік салғыртының кедергілерінен соққы жеген ескі шаруалар емес. Қәзір бұл мәдениет жағынан өскен, помещик пен азық-түлік салғырты туралы ұмытып үлгірген, арзан товарлар болуын және астық бағасының қымбат болуын талап ететін, Советтердің жандануы туралы партия ұранын сарқа пайдалана білетін жаңа шаруалар. Қәзіргі шаруалар жөнінде барынша икемділік жасау керек, — қәзірде партиядан талап етілетін нәрсе осы. Партияның қәзіргі міндеті — шаруаларды пролетариаттың жағына қайтадан шығарып алу болып табылады.

Бұл, екіншіден, мынадай жағдай: бірсыпыра аудандарда орташалар кулактармен одақтас болып шықты. Бұл бірде-бір минут ұмытуға болмайтын негізгі факт. Пролетариат диктатурасы дегеніміз, жұмысшылар мен шаруалардың одағы тұрғысынан қарағанда, пролетариаттың шаруаларға басшылық етуі болып табылады. Ал шаруаларға басшылық ету дегеніміз не? Шаруаларға басшылық ету дегеніміз шаруалардың негізгі бұқарасының жұмысшы табына және оның партиясына сенімін толығынан қалпына келтіру болып табылады. Мұндай сенім болмайынша пролетарлық басшылық та болмайды, мұндай басшы-

лықсыз пролетариат диктатурасы да болмайды. Сондықтан партияның және партия қызметкерлерінің міндеті — шаруалардың негізгі бұқарасының жұмысшы табына толық сенімін қалпына келтіру жолында жұмыс жүргізу болып табылады.

Бұл, үшіншіден, мынадай жағдай: соңғы уақытта біздің партия қызметкерлері «деревняға бет бұрылсын» деген ұранға салынып жұмысшылар туралы аздап ұмыта бастады, деревняға бет бұра отырып, біздің қалаға және, ең алдымен, пролетариатқа сырт бере алмайтындығымызды ұмытып кетті. Бұл да бірде-бір минут ұмытуға болмайтын жаңа факт. Соңғы уақытта жұмысшы табының өз күші мен өз қасиетіне сенімі ерекше күшейгендігін ұмытпау керек. Бұл елімізде үстем тап болып отырған таптың өзінің қожалық сезімінің артқандығын көрсетеді. Бұл біздің бүкіл жұмысымыздағы орасан зор табыс, жолдастар, өйткені жұмысшы табы өзін тек жұмыс істейтін ғана тап деп танымай, сонымен бірге басқарушы тап деп те таныйды, міне мұндай тап керемет нәрселер істей алады. Ал бұдан шығатын қортынды мынау: пролетарлар табының қожайын екендігін мұндайлық сезетіндігімен коммунистердің арасынан кімде-кім өз жұмысында санаспайтын болса, ондай коммунист жаңа жағдайдан ешнәрсе түсінбеген болып шығады, ол қатты айтқанда коммунист емес, ондай адам сөзсіз мерт болады. Сондықтан, «деревняға бет бұрылсын» деген ұран туралы айтқанда сонымен қатар мынаны да есте ұстау керек: бұл ұранды жүзеге асыратын негізгі тап жұмысшы табы болады, жұмысшы табы еліміздің нағыз жетекші күші болуына қарай бұл ұранды соншалықты жүзеге асыруға болады. Сондықтан да партияның кезекті міндеті — жергілікті жерлердегі біздің партия

қызметкерлерінің, ақырында, жұмысшы табының барлық тілектерінің бәріне де, материалдық тілектеріне де, мәдени тілектеріне де барынша зер салып, барынша тыңғылықты түрде қараудың өте қажет екендігін түсінуінде болып табылады.

Сіздердің бітіріп шығушылар отрядының міндеті — осы жағдайлардың бәрін жергілікті жерлерде жұмыс істегенде есепке алып отыру болады.

Сіздердің бұл міндетті орындай алатындығыңызға мен шүбәланбаймын.

Алдағы жұмыста сіздердің толық табысқа жетулеріңізге тілектес болуға рұхсат етіңіздер.

Коммунистік сәлеммен ***И. Сталин***

„Правда" № 132,
13 июнь, 1925 ж.

ТАҒЫ ДА ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ

Семичтің мақаласы жайында

Семичтің кәзір, югославиялық комиссияда болған айтыстан кейін, өз мақаласында РК(б)П-ның Коминтерндегі делегациясының позициясына толығынан әбден қосылып отырғандығын тек құттықтауға ғана болады, бірақ осыған сүйеніп, югославиялық комиссиядағы айтысқа дейін немесе сол айтыстың кезінде, бір жағынан, РК(б)П делегациясының, екінші жағынан, Семичтің арасында талас болған жоқ деп ойлау теріс болар еді. Сірә, Семич ұлт мәселесі жөніндегі алауыздықтар туралы дәл осылай ойлауға бейім сияқты, ол бұл алауыздықтарды түсініспеушілік етіп көрсетуге тырысатын сияқты. Бірақ, амал не, ол қатты қателеседі. Ол өзінің мақаласында, онымен екі арадағы айтыс «бірсыпыра түсініспеушіліктерге» негізделіп отыр, ол түсініспеушіліктер оның югославиялық комиссиядағы «толық аударылмаған бір» сөзінен туып отыр дегенді айтады. Басқаша айтқанда, бұл жерде, Семичтің сөзін белгісіз бір жағдаймен толық аудармаған бөтен біреу айыпты болып шығады. Мен ақиқаттық үшін Семичтің бұл айтқаны мүлде шындыққа

жатпайды деуге мәжбүр болып отырмын. Әрине, Семич өзінің бұл айтқанын растап, өзінің югославиялық комиссияда сөйлеген сөзінен цитат келтірсе, жақсы болар еді; оның бұл сөзі Коминтерннің архивында сақтаулы. Бірақ ол мұны белгісіз бір жағдайме ісетеген жоқ. Сондықтан бұл онша қолайлы болмағанымен, аса қажетті істі Семичтің орнына амалсыздан маған істеуге тура келеді.

Семичтің қазіргі позициясының күңгірт жерлері қазірдің өзінде де, ол РК(б)П делегациясының позициясына толық қосылып отырған кездің өзінде де, көп болып отырғандықтан да мұны істеу өте қажет.

Мен өзімнің югославиялық комиссиядағы сөзімде («Большевиктің»[40] 7-номерін қараңыз)* үш мәселе жөніндегі алауыздықтар туралы айттым: 1) ұлт мәселесін шешу жолдары туралы мәселе жөнінде, 2) қазіргі тарихи замандағы ұлт қозғалысының әлеуметтік ішкі мазмұны туралы мәселе жөнінде және 3) ұлт мәселесінде халықаралық жағдайдың ролі туралы мәселе жөнінде айттым.

Бірінші мәселе жөнінде мен — Семич «большевиктерде ұлт мәселесі қойылысының негізгі мәнін онша толық түсінген жоқ», ол ұлт мәселесін революция туралы жалпы мәселеден бөліп қарайды, онымен ол ұлт мәселесін конституция мәселесіне айналдыратын жолға түседі, дегенді айттым.

Осының бәрі дұрыс па?

Семичтің югославиялық комиссияда сөйлеген сөзінің (30-март, 1925 ж.) мына бір жерлерін оқып төрелігін өздеріңіз беріңіздер:

---

* Осы томның 73—80-беттерін қараңыз. *Ред.*

«Ұлт мәселесін конституциялық мәселе деп есептеуге бола ма? Ең алдымен мәселені былайша бір теория жүзінде қойып көрейік. Айталық, Х деген мемлекетте А. В. және С сияқты үш ұлт тұрады дейік. Бұл үш ұлт бір мемлекетте тұруға тілек білдірген екен дейік. Бұлай болғанда, сөз не туралы болмақ? Әрине, сөз бұл мемлекеттің ішіндегі ішкі қарым-қатнастарды тәртіпке салу туралы болмақ. Демек, бұл конституциялық мәселе болады. Мұндай теориялық жағдайда ұлт мәселесі конституциялық мәселе болып шығады... Егер біз мұндай теориялық жағдайда ұлт мәселесін конституциялық мәселе деп қарайтын болсақ, ол уақытта халықтардың бөлініп кетуге дейін өзін өзі билеуі конституциялық мәселені шешудің шарты болып табылады деу керек, мен мұны үнемі баса көрсетіп келдім. Конституциялық мәселені мен тек осы тұрғыдан ғана қоямын».

Меніңше, Семичтің сөзінің бұл жерлеріне бұдан әрі түсінік берудің қажеті жоқ. Анығында, ұлт мәселесін пролетариат революциясы туралы жалпы мәселенің тұлғалы бір бөлегі деп қарайтын адам ұлт мәселесін конституциялық мәселе деп таный алмайды. Жәнеде мұның керісінше: ұлт мәселесін пролетариат революциясы туралы жалпы мәселеден бөлектейтін адам ғана, міне сондай адам ғана ол мәселені конституциялық мәселе деп таный алады.

Семичтің сөзінде, ұлттың өзін өзі билеу правосына революциялық күрессіз жету мүмкін емес деп көрсетілген. Семич былай дейді: «Мұндай праволарға тек революциялық күрес арқылы ғана жетуге болатындығы түсінікті. Бұл праволарға парламенттік жолмен жету мүмкін емес, тек бұқараның революциялық қыймылдары арқылы ғана жетуге болады». Бірақ «революциялық күрес», «революциялық қыймылдар» дегеніміз не? «Революциялық күрес» пен «революциялық қыймылдарды» үстем тапты құлатумен, өкімет билігін басып алумен, ұлт мәселесін шешудің шарты болып отырған революцияның жеңуімен бірдей деп

санауға бола ма? Әрине, болмайды. Ұлт мәселесін шешудің негізгі шарты ретінде революцияның жеңуі туралы сөз қылу бір басқа да, ұлт мәселесін шешуге «революциялық қыймылдар» мен «революциялық күресті» шарт етіп қою мүлдем екінші басқа. Реформалар жолының, конституциялық жолдың «революциялық қыймылдар» мен «революциялық күресті» ешбір жоққа шығармайтынын көрсете кету қажет. Белгілібір партияның революциялық және реформистік сыйпатын анықтағанда, шешуші нәрсе деп өзімен өзі болған «революциялық қыймылдарды» санамай, партияның сол «революциялық қыймылдарды» арнап қолданатын, пайдаланатын саяси мақсаттар мен міндеттерді санау керек. Жұртқа мәлім, орыс меньшевиктері 1906 жылы, бірінші Дума қуылғаннан кейін, «жаппай ереуіл» және тіпті «құралды көтеріліс» ұйымдастырайық деп ұсыныс жасады. Бірақ мұнысы олардың меньшевик болып қала беруіне ешбір бөгет жасаған жоқ. Өйткені олар ол кезде осының бәрін не үшін ұсынды? Әрине, олар мұның бәрін патша өкіметін талқандау үшін, революцияның толық жеңіп шығуын ұйымдастыру үшін жасаған жоқ, реформа жасату мақсатымен, «конституцияны» кеңейттіру мақсатымен, «жақсартылған» Дума шақырту мақсатымен патша үкіметіне «қыр көрсету» үшін жасады. Өкімет билігін үстем таптың қолында тұрғанда ескі тәртіптерді реформалау үшін «революциялық қыймылдар» жасау — бұл бір басқа, бұл конституциялық жол. Ескі тәртіптерді қыйрату үшін, үстем тапты құлату үшін «революциялық қыймылдар» жасау — бұл екінші басқа, бұл революциялық жол, бұл революцияның толық жеңу жолы. Бұл екеуінің арасында түпкілікті айырма бар.

Міне сондықтан мен — Семичтің ұлт мәселесін конституциялық мәселе деп есептей отырып, «революциялық күреске» сүйенуі менің Семич «большевиктерде ұлт мәселесі қойылысының негізгі мәнін онша толық түсінген жоқ» деген сөзімді бекерге шығармайды, қайта дұрыстайды деп ойлаймын, өйткені ұлт мәселесін бөлек алып қарамай, революцияның жеңуі туралы мәселемен бірге байланыстыра отырып, революция туралы жалпы мәселенің бір бөлегі ретінде қарау керек екенін ол түсінбеді.

Бұл пікірді жақтағанда мен Семичтің бұл мәселе жөніндегі қатесі туралы белгілібір жаңа пікір айттым ғой деп ешбір ойламаймын. Тіпті де олай емес. Семичтің бұл қатесі туралы Мануильский жолдас Коминтерннің V конгресінде-ақ[41] айтқан болатын, ол былай деген болатын:

> «Өзінің «Марксизм негізінен қарағанда ұлт мәселесі» деген кітапшасында және Югославия коммунист партиясының органы «Радникте» жарияланған бірсыпыра мақалаларында Семич коммунистік партияның практикалық ұраны есебінде конституцияны қайта қарау жолындағы күресті ұсынады, яғни ұлттардың өзін өзі билеуі туралы бүкіл мәселені бірыңғай конституция мәселесіне айналдырады» (V конгрестің стенограммасының 596—597-беттерін қараңыз).

Нақ осы қате туралы югославиялық комиссияда Зиновьев те айтқан болатын, ол былай деген:

> «Семичтің келешекті тануында азғана нәрсе — революция жетпейтін көрінеді», ұлт мәселесі «конституциялық мәселе емес, революциялық мәселе» екені жетпейтін көрінеді («Правданың» 83-номерін қараңыз).

РК(б)П-ның Коминтерндегі өкілдерінің Семичтің қатесі туралы бұл айтқандарының бәрі кездейсоқ, негізсіз болуы мүмкін емес. Отсыз түтін болмайды.

Семичтің бірінші, негізгі қатесінің жайы осындай.

Оның басқа қателері тікелей осы негізгі қатеден шығады.

Екінші мәселе туралы мен өз сөзімде («Большевиктің» 7-номерін қараңыз) Семич «ұлт мәселесін шын мәнісінде шаруа мәселесі деп қарағысы келмейді» дегенді айттым.*

Бұл дұрыс па?

Семичтің югославиялық комиссияда сөйлеген сөзінің мына бір жерін оқып, төрелігін өздеріңіз беріңіздер:

«Югославиядағы ұлттық қозғалыстың әлеуметтік мәні қандай?», — деп сұрайды Семич. Сөйтіп бұған сол сөзінде былай деп жауап береді: «Бұл қозғалыстың әлеуметтік мазмұны, бір жағынан, Сербия капиталының, екінші жағынан, кроат пен словен капиталының арасындағы бәсеке күресте болып отыр» (Семичтің югославиялық комиссиядағы сөзін қараңыз).

Словен және кроат буржуазиясының Сербия буржуазиясымен бәсеке күресі бұл арада белгілі роль атқармай қоймайды, — бұған, әрине, күмәндануға болмайды. Бірақ сондай-ақ ұлттық қозғалыстың әлеуметтік мәнін әртүрлі ұлттардың буржуазиясының бәсеке күресінде деп білетін адамның ұлт мәселесін шын мәнісінде шаруа мәселесі деп қарай алмайтындығы да күмәнсіз. Қазірде, ұлт мәселесі жергілікті және мемлекет ішіндегі мәселеден дүниежүзілік мәселеге, отарлар мен тәуелді ұлттардың империализмге қарсы күресі туралы мәселеге айналған кезде ұлт мәселесінің мазмұны неде болады? Қазірде ұлт мәселесінің мазмұны отарлардың қалың бұқарасы мен тәуелді ұлттардың финансылық қанауға қарсы, үстем

* Осы томның 75-бетін қараңыз. *Ред.*

ұлттың империалистік буржуазиясының бұл отарлар мен бұл ұлттарды саяси құлдыққа түсіруіне және мәдениет жағынан артта қалдыруына қарсы күресінде болып отыр. Ұлт мәселесі осылайша қойылып отырғанда әртүрлі ұлттардың буржуазиясының өзара бәсеке күресінің қандай маңызы болуы мүмкін? Сөз жоқ, шешуші маңызы болмайды, кейбір жағдайларда тіпті ауызға аларлық та маңызы болмайды. Бұл жерде әңгіме ең алдымен, бір ұлттың буржуазиясы бәсеке күресте екінші ұлттың буржуазиясын жеңетіндігі туралы немесе жеңе алатындығы туралы болып отырған жоқ, әңгіме үстем ұлттың империалистік тобының отарлар мен тәуелді ұлттардың негізгі бұқарасын, ең алдымен, шаруалар бұқарасын қанап, езіп отырғандығы туралы, бұл топтың езіп, қанау арқылы оларды империализмге қарсы күреске тартатындығы, оларды пролетариат революциясының одақтасына айналдыратындығы туралы болып отыр, бұл барынша анық нәрсе. Егер ұлт қозғалысының әлеуметтік мәнісі тек әртүрлі ұлттар буржуазиясының бәсеке күресі болатын болса, ол уақытта ұлт мәселесін шын мәнісінде шаруа мәселесі деп қарауға болмайды. Жәнеде мұның керісінше: егер ұлт мәселесін шын мәнісінде шаруа мәселесі деп қарайтын болса, ол уақытта ұлт қозғалысының әлеуметтік мәнісі әртүрлі ұлттар буржуазиясының бәсеке күресінде деп тануға болмайды. Бұл екі ережені бірдей деп қарауға ешбір мүмкіншілік жоқ.

Семич Сталиннің 1912 жылдың аяғында жазылған «Марксизм және ұлт мәселесі» деген кітапшасының бір жеріне сүйенеді. Бұл кітапшаның ол жерінде: «өрлеп келе жатқан капитализм жағдайларында ұлт күресі буржуазиялық таптардың өз арасындағы

күресі болып табылады» делінген. Бұл сөзді келтіргенде, сірә, ол, кәзіргі тарихи жағдайлардағы ұлт қозғалысының әлеуметтік мәнісін сыйпаттап айтқан өз ережесін дұрыс деп көрсеткісі келетін тәрізді. Бірақ Сталиннің ол кітапшасы империалистік соғыстан бұрын жазылды, ол уақытта ұлт мәселесі марксистердің түсінуіне жалпы дүниежүзілік маңызы бар мәселе емес еді, ол кезде марксистердің өзін өзі билеу правосы туралы қойған негізгі талабы пролетариат революциясының бір бөлегі деп танылмай, буржуазиялық-демократиялық революцияның бір бөлегі деп танылатын еді. Онан бері халықаралық жағдайдың негізінен өзгергенін, бір жағынан соғыс, екінші жағынан Россиядағы Октябрь революциясы ұлт мәселесін буржуазиялық-демократиялық революцияның бір бөлегінен пролетарлық-социалистік революцияның бір бөлегіне айналдырғанын көрмеу адам күлерлік нәрсе болған болар еді. 1916 жылы Октябрьде-ақ Ленин өзінің «Өзін өзі билеу туралы айтыстың қортындылары»[42] туралы деген мақаласында ұлт мәселесінің өзін өзі билеу правосы туралы негізгі пункті жалпы демократиялық қозғалыстың бір бөлегі болудан қалып, кәзірдің өзінде жалпы пролетарлық, социалистік революцияның бір бөлегіне айналғанын айтты. Лениннің және орыс коммунизмінің басқа өкілдерінің ұлт мәселесі жөніндегі бұдан былайғы еңбектерін мен сөз қылып та отырғаным жоқ. Бұл айтылғандардан кейін кәзір біз жаңа тарихи жағдайдың арқасында жаңа заманға, пролетариат революциясының заманына кіріп отырған кезде, Сталиннің Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революциялық дәуірде жазылған кітапшасының белгілі жеріне Семичтің сүйенуінің қандай маңызы болуы мүмкін? Мұның тек мынадай

маңызы болуы мүмкін: Семич уақыт пен кеңістіктен тыс, күнделікті тарихи жағдаймен байланыстырмай цитат келтіріп отыр, диалектиканың қойған қалыпты жай шарттарын бұзып және тарихи бір жағдайда дұрыс болған нәрсенің басқа тарихи жағдайда теріс болып шығуы мүмкін екендігімен санаспай отыр. Мен өзімнің югославиялық комиссияда сөйлеген сөзімде орыс большевиктерінің ұлт мәселесін қоюында екі сатыны айырып қарау керек екенін айттым: Октябрьге дейін бір саты болды, бұл кезде әңгіме буржуазиялық-демократиялық революция туралы болды, ал ұлт мәселесі жалпы демократиялық қозғалыстың бір бөлегі ретінде қаралды, сонсоң октябрь сатысы болды, бұл кезде әңгіме пролетариат революциясы туралы болды, ал ұлт мәселесі пролетариат революциясының тұлғалы бір бөлегіне айналды. Бұл айырып қараудың шешуші маңызы бар екенін түсіндіріп жатудың қажеті бола қояр ма екен. Семич ұлт мәселесін қоюдағы екі сатының арасындағы бұл айырманың мәнісі мен маңызын әлі де болса ұқпай жүр ме деп қорқамын.

Міне сондықтан Семичтің ұлт қозғалысын шын мәнісінде шаруа мәселесі деп қарамай, әртүрлі ұлттардың буржуазияларының бәсекесі туралы мәселе деп қарауға тырысуында — «ұлт қозғалысының ішкі күшін жете бағаламаушылық және ұлт қозғалысының халықтық, революциялық өте терең сыйпаты бар екенін түсінбеушілік жатыр ғой деп ойлаймын («Большевиктің» 7-номерін қараңыз)*.

Семичтің екінші қатесінің жайы осындай.

Сондай-ақ Семичтің бұл қатесі туралы Зиновьев

---

* Осы томның 76-бетін қараңыз. *Ред.*

те югославиялық комиссиядағы сөйлеген сөзінде нақ осыны айтты, ол былай деді:

«Семичтің Югославияда шаруа қозғалысын буржуазия бастап отыр-мыс, сондықтан бұл қозғалыс революциялық қозғалыс емес — деуі теріс» («Правданың» 83-номерін қараңыз).

Бұл сөздердің бір жерден шығуы кездейсоқ нәрсе ме? Әрине, кездейсоқ нәрсе емес!

Тағы да сол: отсыз түтін болмайды, деген сияқты.

Ақырында, үшінші мәселе туралы мен былай дедім: Семич «Югославиядағы ұлт мәселесін халықаралық жағдайдан, Европаның болашағынан бөлектеп алып түсіндіруге тырысады»*.

Бұл дұрыс па?

Я, дұрыс. Өйткені Семич өзінің сөзінде, кәзіргі уақытта халықаралық жағдай, әсіресе Югославия жөнінде, ұлт мәселесін шешу ісінің аса маңызды факторы болып табылатындығы туралы керек десе тіпті жанамалап та түк айтқан жоқ. Югославия мемлекетінің өзі империалистік негізгі екі коалицияның қиян-кескі ұрысуының нәтижесінде құрылғандығы, күштердің айналадағы империалистік мемлекеттерде кәзіргі күнде болып жатқан үлкен арпалысуынан Югославияның құтылып шыға алмай отырғандығы — міне осының бәрі Семичтің қарауынан тыс қалып отыр. Семичтің халықаралық жағдайда болған белгілі өзгерістерді әбден ұғамын, бұл өзгерістердің нәтижесінде өзін өзі билеу туралы мәселенің маңызды-практикалық мәселеге айналуы мүмкін деді, — оның бұл айтқаны кәзір, кәзіргі халықаралық жағдайда жеткіліксіз деп танылуға тиіс. Кәзірде істің мәні, бо-

* Осы томның 76-бетін қараңыз. *Ред.*

луы мүмкін болағынмен, алыс жатқан халықаралық жағдайда белгілі өзгерістер болған күнде ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселені маңызды мәселе деп танумен ғана бітпейді, — өйткені мұны кәзір, керек болған жағдайда, алдын ала буржуазиялық демократтар да мойындай алады. Кәзір әңгіме мұнда болып отырған жоқ, кәзір әңгіме Югославияның соғыстар мен зорлық-зомбылықтардың нәтижесінде құрылған кәзіргі шекараларын ұлт мәселесін шешудің бастама пункті мен заңды негізіне айналдырмауда болып отыр. Екінің бірі: не ұлттың өзін өзі билеу туралы мәселе, яғни Югославияның шекараларын негізінен өзгерту туралы мәселе, алыстан бұлдырап көрініп келе жатқан ұлт программасына **қосымша** болады, немесе ол ұлт программасының **негізі** болады. Қалай дегенмен де, ұлттың өзін өзі билеу правосы туралы пункт Югославия коммунист партиясының ұлттық программасына бірден **әрі** қосымша, **әрі** негіз бола алмайтыны анық. Өзін билеу правосын Семич әлі күнге дейін ұлт программасының келешектегі қосымшасы ретінде қарап жүр ғой деп қорқамын.

Міне сондықтан мен былай деп ойлаймын: Семич ұлт мәселесін жалпы халықаралық жағдай туралы мәселеден бөлектеп отыр, сондықтан, оның ойынша өзін өзі билеу туралы мәселе, яғни югославияның шекараларын өзгерту туралы мәселе шынында маңызды мәселе болмай, жалпылама мәселе болып шығып отыр.

Семичтің үшінші қатесінің жайы осындай.

Сондай-ақ Семичтің бұл қатесі туралы Мануилский жолдас та Коминтерннің V конгресінде жасаған өз баяндамасында нақ осыны айтты:

«Семичтің ұлт мәселесінің бүкіл қойылысындағы алған негізгі алғышарты — пролетариат буржуазиялық мемлекетті, **бірсыпыра соғыстар мен зорлық-зомбылықтар құрған шекараларда** ғана алуға тиіс, дейтін пікір»* (Коминтерннің V конгресі стенограммасының 597-бетін қараңыз).

Бұл сөздердің бір жерден шығуын кездейсоқ нәрсе деп санауға бола ма? Әрине, болмайды!

Тағыда сол: отсыз түтін болмайды, деген сияқты.

„Большевик" журналы № 11—12,
30 июнь, 1925 ж.
Қол қойған: И. Сталин

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

ШЫҒЫСТАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ТУРАЛЫ

„Ници-Ницидің" жапон тілшісі Фусе мырзамен өткізілген әңгіме

ФУСЕ МЫРЗАНЫҢ СҰРАҚТАРЫ МЕН И. В. СТАЛИННІҢ ЖАУАПТАРЫ

1-нші сұрақ. Жапон халқы, Шығыс халықтарының ішіндегі ең алдыңғы қатарлысы болғандықтан, Шығыс халықтарының азаттық қозғалысының нәтижелі болуын басқалардың бәрінен де гөрі көбірек көздейді. Бұл ұлы істе — Шығыстың құл болған халықтарын батыс державалардың империализмінің езушілігінен азат ету ісінде ССР Одағымен ол ықыласпен одақтас болар еді. Алайда Жапония әрі капиталистік мемлекет болғандықтан, кейде бұл қозғалысқа қарсы баруына, сөйтіп батыс державалармен бір майдандағы сапта болуына тура келеді. (Мәселен, Англияның Индиядағы көтерілісшілерге қарсы күресінде Жапонияны оған көмектесуге тиісті еткен ағылшын-жапон одағы және Шанхайда болған соңғы оқиғада Жапонияның қытай жұмысшыларына қарсы Англиямен, Америкамен және Франциямен бірлесіп аттануы.)

Бір жағынан, жапон халқының ұлттық талабының, екінші жағынан, Жапон мемлекетінің мемлекеттік және әлеуметтік құрылысының арасындағы қайшылық-

тан туатын бұл қыйын жағдайдан шығатын, Сіздің пікіріңізше, қандай жол бар?

Жауап. Жапон халқының Шығыс халықтары ішіндегі ең алдыңғы қатарлысы екені, езілген халықтардың азаттық қозғалысының нәтижелі болуын көздейтіні рас. Жапон халқының Совет Одағы халықтарымен одақтасуы Шығыс халықтарын азат ету ісінде шешуші қадам болған болар еді. Мұндай одақ отарлы ұлы империалардың құруының басы болар еді, дүниежүзілік империялизмнің құруының басы болар еді. Бұл одақ жеңілмес одақ болар еді.

Бірақ, мұнымен қабат, Жапонияның мемлекеттік және әлеуметтік құрылысының жапон халқын империализм жолына итеріп отырғаны да, сөйтіп оны Шығыс халықтарын азат етудің емес, құл етудің құралы етіп отырғаны да рас.

Сіз: бір жағынан, жапон халқының мүдделерінің, екінші жағынан, Жапонияның мемлекеттік және әлеуметтік құрылысының арасындағы қайшылықтан қалай шығу керек? — деп сұрайсыз.

Шығар жол біреу: Жапонияның мемлекеттік және әлеуметтік құрылысын жапон халқының негізгі мүдделеріне аудырмай сайма-сай келтіріп өзгерту керек.

Россия бір кезде Шығыс халықтарына ажданa болды, азаттық қозғалысы атаулыға жандарм болды. Оның азаттық қозғалысына жандарм болудан қалып, сол қозғалыстың досына, туын көтерушісіне айналғандығын немен түсіндіруге болады? Россияның мемлекеттік және әлеуметтік құрылысы өзгертілгендігімен ғана түсіндіруге болады.

2-нші сұрақ. ССР Одағын мекендейтін шығыс халықтары патша басқаруының озбырлық тәртібінің салдарынан көп ғасырлар бойына артта қалып қойды

және тек революциядан кейін ғана өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, мәдениетті, тағысын тағыларды өздігінен өркендетуге право алды.

ССР Одағының басқа халықтарымен мәдениет дәрежесі бірдей болу үшін ССР Одағының бұл шығыс халықтарына, Сіздің пікіріңізше, шамамен қанша жыл керек?

Жауап. Сіз: Совет Одағының басқа халықтарымен мәдениет дәрежесі бірдей болу үшін Совет Одағының шығыс халықтарына шамамен қанша жыл керек? — деп сұрайсыз.

Айту қиын. Бұл халықтардың мәдениет жағынан даму қарқыны көптеген ішкі және сыртқы жағдайларға байланысты. Жалпы алғанда, мен мынаны айтуға тиістімін: даму қарқыны жайындағы болжаулар ешуақытта да дәл болған емес, әсіресе, жыл саны туралы сөз болғанда дәл болған емес. Бұл елдердің мәдениет жағынан дамуының негізгі жеңілдігі — патша үкіметі, орыс империализмі, шет аймақтарды орталықтың қанау тәртібі сияқты үлкен-үлкен кедергілердің жолдан алынып тасталғандығы. Бұл жағдай Совет Одағының шығыс халықтарының мәдениет жағынан дамуына өте зор итермеші болады. Ал бұл негізгі жеңілдікті қаншалықты толық пайдалану шығыс халықтарының өздеріне байланысты нәрсе, ең алдымен оларды совет революциясының мәдениет жағынан дамудың қандай сатысында ұшыратқанына байланысты нәрсе.

Қайткен күнде де, бір нәрсені қобалжымай айтуға болады: дамудың кәзіргі жағдайларында Совет Одағының шығыс халықтарының ұлт мәдениетін барлық жағынан бірдей тез өркендетуге мол мүмкіндіктері бар, ал ең «ерікті», ең «мәдениетті» капитализмнің

тәртібі тұсында мұндай мүмкіндіктері әлдеқайда кем болған болар еді.

3-нші сұрақ. Шығыстың құл болған халықтарының азаттық-ұлттық қозғалысының Батыстың алдыңғы қатарлы елдерінің пролетарлық қозғалысымен ұштасуы дүниежүзілік революцияның жеңуін қамтамасыз етеді, дейсіз Сіз. Ал бізде, жапон халқында, «Азия азиялықтар үшін» деген ұран бар. Біздердің талабымыз бен Шығыстың отар елдері жөніндегі сіздердің революциялық тактикаңыздың арасында бірдейлік бар деп таппайсыз ба, Сіз?

Жауап. «Азия азиялықтар үшін» деген ұран мен Шығыстың отар елдері жөніндегі большевиктердің революциялық тактикасының арасында бірдейлік жоқ па? — деп сұрайсыз Сіз.

«Азия азиялықтар үшін» деген ұран Батыстың империализміне қарсы революциялық соғысқа шақырғандықтан — тек сондықтан ғана — бұл арада бірдейлік сөзсіз бар.

Бірақ «Азия азиялықтар үшін» деген ұран істің бұл жағын қамтып қана қоймайды. Бұл ұранның большевиктердің тактикасымен мүлдем сыйыспайтын тағы құрамды екі бөлімі бар. Біріншіден, бұл ұран шығыс империализмі батыстікінен тәуір, шығыс империализмімен күреспесе де болады деп есептейтіндей болып, шығыс империализмі туралы мәселеге соқпай өтеді. Екіншіден, бұл ұран Азия жұмысшыларының Европаның жұмысшыларына сенбеушілік сезімін тудырады, Азияның жұмысшыларына Европа жұмысшыларын жатсындырады, олардың арасындағы интернационалдық байланысты үзеді, сөйтіп, азаттық қозғалысының нағыз негіздерін бұзады.

Большевиктердің революциялық тактикасы батыс

империализміне қарсы бағытталып қана қоймайды, жалпы империализм атаулыға, соның ішінде шығыс империализміне де қарсы бағытталады. Бұл тактика Азия жұмысшылары мен Европа және Америка елдерінің жұмысшыларының арасындағы интернационалдық байланыстарды бәсеңсітуге бағытталған емес, қайта бұл байланыстарды кеңейтіп, нығайтуға бағытталған.

Сондықтан, көріп отырсыз, бұл арада «Азия азиялықтар үшін» деген ұран мен Шығыстағы большевиктік тактиканың арасында бірдейліктен басқа тағы негізінен үйлеспеушілік пункттері жатыр.

4-нші сұрақ. «Коммунизмнің нәтиже шығаруына кай жерде мүмкіншілік көбірек — Батыста ма, әлде Шығыста ма» деген менің сұрағыма Владимир Ильич 1920 жылы менімен әңгімелескенінде былай деп жауап берді: «Нағыз коммунизм әзірге тек Батыста ғана нәтиже шығара алады, бірақ Батыс Шығыстың есебінен күн көреді-ғой; Европаның капиталистік державалары, көбінесе, Шығыстағы отарлар есебінен байыды, бірақ мұнымен қабат, олар өздерінің отарларын қаруландырып, қалай соғысу керек екендігіне үйретеді, осынысымен Батыс Шығыста өзіне өзі ор қазады». Қытайда, Индияда, Персияда, Египетте және басқа Шығыс елдерінде жиі-жиі болып жатқан оқыйғалар батыс державалардың Шығыста өздеріне қазған орына өздерін көметін уақыты жақындағандығының белгісі деп санамайсыз ба, Сіз?

Жауап. Қытайда, Индияда, Персияда, Египетте және басқа шығыс елдерінде революциялық қозғалыстың күшеюі батыс державалардың Шығыста өздеріне өздері қазған орға өздерін көметін уақыты жа-

қындағандығының белгісі деп санамайсыз ба? деп сұрайсыз Сіз.

Я, солай деп санаймын. Отар елдер империализмнің негізгі тылы болып табылады. Бұл тылдың революцияшылдануы империализмнің іргесін қопармай тұра алмайды, іргесін қопарғанда империализм тылсыз қалады деген мағнада ғана емес, Шығыстың революцияшылдануы Батыста революциялық дағдарыстың шиеленісуіне шешуші түрткі болуға тиіс деген мағнада да іргесін қопарады. Екі жақтан — тылдан да, майданнан да — шабуылға ұшыраған соң капитализм құрып кетуге қалғанын мойындауға тиісті болады.

„Правда" № 150,
июль, 1925 ж.

ЕРМАҚОВСҚИЙ ЖОЛДАСҚА ХАТ

Ермаковский жолдас!

Жауапты кешігіп қайтарғаным үшін өте ғапу өтінемін. Мен екі ай демалыста болдым, Москваға кеше келдім, сөйтіп Сіздің хатыңызбен танысуға тек бүгін ғана мүмкіндігім болды. Ештеңе етпес, ештен кеш жақсы деген бар ғой.

«Бұл революцияның белгілібір жеке елде болуы мүмкін бе?» — деген сұраққа Энгельстің мүмкін емес деп қайтарған жауабы, — монополиялық капитализмнен бұрынғы заманға, империализмнен бұрынғы заманға сай келетін еді, бұл кезде капиталистік елдердің әркелкі, секірмелі дамуына жағдай әлі болмаған еді, демек, бұл кезде бір елде пролетариат революциясының жеңіп шығуы үшін де жағдай болмаған еді (мұндай революцияның бір елде жеңіп шығу мүмкіншілігі капиталистік елдердің империализм тұсында әркелкі дамуы туралы заңнан шығатындығы жұртқа мәлім). Капиталистік елдердің әркелкі дамуы туралы заңды және сонымен байланысты бір елде пролетариат революциясының жеңу мүмкіншілігі туралы қағыйданы Ленин тек империализм дәуірінде ғана кө-

терген болатын және сол кезде ғана көтеріле алынатын еді. Шынында, ленинизмнің империализм дәуіріндегі марксизм болып табылатын себебі — оның империализмге дейінгі заманда шыққан марксизмді бұдан былай дамыту болып табылатын себебі осыдан. Энгельс қаншалықты данышпан болғанымен, монополиялық капитализмге дейінгі дәуірде әлі болмаған нәрсені, тек кейін келе, монополистік капитализм дәуірінде ғана пайда болған нәрсені өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында, өзінің «Коммунизм принциптері»[43] деген еңбегін жазған кезде көре алмады. Екінші жағынан, Ленин данышпан марксист болғандықтан, Энгельс өлгеннен кейінгі жерде, империализм дәуірінде пайда болған нәрсені көрмей тұра алмады. Ленин мен Энгельстің арасындағы айырма — оларды бірінен бірін бөліп тұрған тарихи екі дәуірдің арасындағы айырма болып табылады.

«Троцкийдің теориясы Энгельстің ғылымымен бірдей» деп сөз қылуға да болмайды. Монополиялық капитализмге дейінгі дәуірде, өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында, капиталистік елдердің әркелкі даму заңы туралы сөз қылуға да болмайтын кезде Энгельстің 19-ншы сұраққа (оның «Коммунизм принциптерін» қараңыз) болмайды деп жауап қайтаруына дәлелі бар еді. Ал Троцкийдің, мұның керісінше, Энгельстің өтіп кеткен заманнан алып жазған ескі жауабын XX ғасырда қайталауға, сөйтіп оны жаңа, империалистік заманға, әркелкі даму заңы жалпы жұртқа мәлім факт болып отырған заманға, қалай болса солай жапсыра салуға ешқандай да дәлелі жоқ. Энгельс өзінің жауабын өз тұсындағы монополияға дейінгі капитализмге **анализ** жасау негізінде құрады. Ал Троцкий анализ жасаудың орнына, қазіргі заманға

көңіл бөлмей отыр, өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында емес, жыйырмасыншы ғасырда, империализм заманында өмір сүріп отырғанын ұмытып отыр, жәнеде айлакерлік жасап XIX ғасырдың қырқыншы жылдарындағы Иван Ивановичтің мұрнын XX ғасырдың бас кезіндегі Иван Никифоровичтің иегіне әкеп қондырады, ол, сірә, осылай ету арқылы тарихты алдауға болады деп ойлайтын болу керек. «Троцкийдің теориясы Энгельстің ғылымымен бірдей» деп сөз қылу үшін бұл бір біріне қарама-қарсы екі әдіс негіз болады ғой деп ойламаймын.

Коммунистік сәлеммен ***И. Сталин***

5.IX.25 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ҮГІТ-НАСИХАТ БӨЛІМДЕРІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІНЕ ҚАТНАСУШЫЛАРМЕН ӘҢГІМЕ

14 октябрь, 1925 ж.

Сұрақ. Капитализмнің тұрақтауында Коминтерн конгресінен кейінгі уақыттың ішінде белгілібір өзгерістер болды ма?

Жауап. Әдетте біздің партия ішінде екі түрлі тұрақтау жөнінде: капитализм тұрақтауы жөнінде және совет құрылысының тұрақтауы жөнінде сөз болып жүр. Капитализмнің тұрақтауы капитализмнің өз ішінде келісімге келмейтін қыйыншылықтардың өсіп отырған кезінде капитализм дағдарысын уақытша біраз бәсеңдету болып табылады, ал капитализмнің ішкі қайшылықтарының дамуы капитализмнің жаңа, кезекті дағдарысына әкеліп соқтыруға тиіс. Бұл салада қандай өзгерістер болса да жаңа дағдарыс болмай қоймайды. Ал совет құрылысының тұрақтауына келетін болсақ, онда ол елімізде социализмнің күшін нығайтып, капитализм элементтерін тамырынан талқандай отырып, күшті қарқынмен дамытып келеді. Еліміздің социалистік элементтерінің капиталистік элементтерді таяудағы жылдарда толық жеңіп шығатындығында күмән жоқ.

Сұрақ. Батыстағы кәсіпшілер одақтарындағы өсіп келе жатқан солшылдар қозғалысы пролетариаттың кейбір топтарының коммунистік партиялардан қол үзуіне әкеп соқпай ма?

Жауап. Жоқ, оған әкеліп соқпауға тиіс. Қайта, кәсіпшілер одақтарының солшылдануы коммунистік партиялардың ықпалын жұмысшы қозғалысында күшейте түсуге тиіс. Социал-реформистердің жұмысшы қозғалысындағы күші олардың өздерінің қарамағында социал-демократиялық партиялардың болып отырғандығында ғана емес, тіпті керек десе онда да емес, олардың күші ең алдымен, жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарына сүйенетіндігінде болып отыр. Оларды тек осы тірегінен айырса болғаны, олар барлық күшінен айрылады. Кәсіпшілер одақтарының солшылдануы — кәсіпшілер одағына ұйымдасқан жұмысшылардың едәуір бөлегінің бұрынғы, реформашыл көсемдерден кете бастап, жаңа, солшыл көсемдерді іздегендігі болып табылады. Коммунистік партиялардың қателігі мынау: олар мұндай игілікті істің процесін түсінбейді және социал-демократиядағы солшылданып келе жатқан жұмысшыларға қолын созып, олардың батпақтан шығуына көмектесудің орнына, оларға сатқынсыңдар деп ұрсып, өздерінен аулақтатып алады.

Батыстағы кәсіпшілер одақтарының жағдайы біздегі кәсіпшілер одақтарының жағдайындай емес екендігін есте сақтау керек. Бізде кәсіпшілер одақтары партия жарық дүниеге шыққаннан кейінгі жерде, партия нығайып болып, жұмысшылар арасында үлкен беделді болғаннан кейінгі жерде жарық дүниеге шықты. Бізде кәсіпшілер одақтары партияның күшімен, партияның басшылығымен, партияның көмегімен ор-

натылып, ұйымдастырылды. Бізде партияның беделінің жұмысшылар арасында кәсіпшілер одақтары беделінен анағұрлым артық болып отырған фактысын бір есептен осы арқылы түсіндіруге болады. Батыстағы жағдай мүлде басқаша болып отыр. Онда кәсіпшілер одақтары жұмысшы табының саяси партиясынан жарық дүниеге анағұрлым бұрын шықты. Батыстағы кәсіпшілер одақтары жұмысшыларды ерәуіл жасауға бастап, оларды ұйымдастырған кезде және капиталистерге қарсы күресте олардың өз мүдделерін қорғауына көмектескен кезде партия онда болмаған болатын. Ол ол ма, онда партия кәсіпшілер одақтарының ішінен шықты. Батыстағы кәсіпшілер одақтарының партияға қарағанда бұқара арасында беделінің анағұрлым артық болып отырған фактысын да бір есептен осы арқылы түсіндіруге болады. Ондағы кәсіпшілер одақтары және олардың басшылары жаман болсын, жақсы болсын әйтеуір жұмысшылардың кәсіпшілер одақтарын капиталистерге қарсы өздерінің қамалы деп есептейтіндігі анық нәрсе. Кәсіпшілер одақтарының реформистік көсемдерін әшкерелеуде осы айтылған ерекшеліктердің бәрін есепке алу қажет. Реформистік көсемдерді бәлағаттап, қатты сөздер айту арқылы бұл арада іске көмектесе алмайсыз, — қайта, мұндай бәлағаттау мен қатты сөздер жұмысшылар арасында: істің жайы жарамсыз көсемдерді кетіруде болмай, кәсіпшілер одақтарын талқандауда болып отыр, деген пікір туғызуы ғана мүмкін.

Сұрақ. «Әсіресолшылдардың» қуылуына байланысты Германия коммунистік партиясының жағдайы қандай?

Жауап. Сөз жоқ, «әсіресолшылдардың» қуылуы

Германия коммунистік партиясының жағдайын жақсартты. «Әсіресолшылдар» — бұлар жұмысшы табына жат адамдар. Рут Фишер мен Масловтың[44] Германия жұмысшы табына қандай қатысы бар? «Әсіресолшылдардың» қуылуы жұмысшылардың арасынан коммунистік партияның жаңа көсемдерінің шығуына жеткізді. Бұл — Германия жұмысшы қозғалысы үшін үлкен табыс.

Сұрақ. Германиямен жасалған пактыға байланысты ССР Одағында жаңа бағыт белгілене ме?

Жауап. Жоқ. Бізде бір бағыт болған және ол сол күйінде қалады: біз ССР Одағына және оның еліміздің ішінде де, сыртында да ойдағыдай көркеюіне сүйенеміз. Бізге бұдан басқа ешқандай бағыттың қажеті жоқ. Қандай пактылар жасалса да олар бұл іс жөнінде ешнәрсені де өзгерте алмайды.

Сұрақ. Біздің партияның қалың бұқара арасындағы жұмысының негізгі әдісі қандай?

Жауап. Партия жұмысындағы соғыс коммунизмінің қалдықтарын жойып, ұғындыру әдісіне көшу болып табылады. Еліміздің қанаушы элементтері жөнінде бізде ескі, сыналған әдіс, — күштеу әдісі. Еліміздің еңбекшілеріне, жұмысшыларға, шаруаларға, т. т. келетін болсақ, онда біз бұларға ұғындыру әдісін қолдануға тиіспіз. Мәселе партияның нұсқаулары мен директиваларының дұрыс болып отырғандығында емес. Бұл, әрине, жақсы, бірақ бұл жеткіліксіз. Ендігі мәселе осы директивалар мен нұсқаулардың дұрыс екендігіне еңбекшілердің қалың бұқарасының көздерін жеткізуде болып отыр. Мәселе, партияның директивалары мен нұсқауларының дұрыс екендігіне бұқараның өздері нақ өз тәжрибелері арқылы көздерін жеткізуінде болып отыр. Мұның өзі партияның әрі үлкен, әрі

күрделі, әрі икемді, әрі жалықпай жұмыс істеуін талап етеді. Бірақ еңбекші бұқара белсенділігінің кәзіргі өсіп отырған жағдайында жұмыстың мұндай әдісі бірден-бір дұрыс әдіс болып табылады.

Сұрақ. Алдағы болатын партия съезіне байланысты үгіт-насихат бөлімдері қандай мәселелерге көңіл бөлуге тиіс?

Жауап. Біріншіден, елімізді индустрияландыру жөніндегі мәселеге, ал екіншіден, шаруа мәселесіне көңіл бөлуге тиіс. Бірінші мәселе бойынша — индустрияландыру еліміздің экономикалық тәуелсіздігін сақтаудың негізгі құралы болып табылатындығын, индустрияландыру ісін жүргізбесе, еліміздің дүниежүзілік капиталистік системаның шылауына айналып кету қаупі бар екендігін баса көрсету керек. Екінші мәселе бойынша жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы, индустрия мен шаруа шаруашылығы арасындағы ұштасуды нығайту жөніндегі проблема төңірегінде жұмыс жүргізу керек, өйткені мұндай ұштастырусыз біздің елімізде социализмді орнату мүмкін емес.

Сұрақ. Партияның өсуіне және оны ретке салудың қажет екендігіне байланысты қандай проблемалар туады?

Жауап. Соңғы кезде партия сан жағынан өте тез өсіп келеді. Бұл, әрине, жақсы, өйткені партияның тез өсуі дегеніміз партияға жұмысшы табының сенімі өсті дегендік болады. Алайда, мұның недәуір тиімсіз жақтары да бар. Бұл тиімсіз жақтары мынау: партияның жылдам өсуі партия қатарының саналылық дәрежесінің біраз төмендеуіне және партия сапасының біраз нашарлауына әкеп соғады. Ал партияның сапасының маңызы біз үшін оның санының маңызынан артық болмаса, кем болмауға тиіс. Бұл тиімсіз жакта-

рын жою үшін біздің кейбір жолдастардың партияның сан жағынан өсуіне шектен тыс әуестенуіне тыйым салу керек, партияға беталды ала беруді тоқтату керек, сөйтіп бұдан былай партияға жаңа мүшелерді барынша таңдап алуды ереже етіп ұстау керек. Бұл бір. Ал екіншіден, партияның жаңа мүшелерінің арасында, олардың саяси саналылығын қажетті дәрежеге көтеру үшін саяси оқуды ойдағыдай ұйымдастыру керек.

Сұрақ. Партияда жоқ шаруалар бұқарасымен байланысты қәзірде бізге көбірек қамтамасыз ете алатын: шаруаларды партияға тарту ісі ме әлде партия төңірегінде партияда жоқтар активін жасау ісі ме?

Жауап. Бізге мұның екеуі де керек. Деревняда партияға ұйымдасқан шаруалардың белгілібір минимумы болмайынша, шаруалардың партияда жоқ қалың активін партиямыздың төңірегіне ұйымдастыру өте қыйын. Шаруалардың партияда жоқ қалың активінің көпшілігі болмайынша, деревняда елеулі партия ұйымдарын құру бұдан да гөрі қыйынырақ болады, өйткені партия ұйымы әдетте осындай активтердің есебінен құрылады. Дегенмен шаруалардың партияда жоқ қалың активін құру ісі өте маңызды іс болып табылады.

Бұқарамен байланыстылығы жағынан қарағанда партияның күштілігі неде? Партияның күштілігі — оның өз төңірегінде тілектестердің партияда жоқ қалың активінің болып отырғандығында. Егер партия өз төңірегінде тілектестердің мұндай қалың активін ұстамаған болса, онда партия жұмысшы табының миллиондаған бұқарасын күреске бастай алмаған болар еді. Мұндай активтің көмегінсіз партия халықтың миллиондаған бұқарасына басшылық ету ісін жүзеге

асыра алмаған болар еді. Бұл — басқару ісіндегі негізгі заңның бірі болып табылады.

Ленин күнінің құрметіне бірнеше күннің ішінде партияға 200 мың жаңа мүшенің, жұмысшы табының таңдаулы ұлдарының кіргендігі естеріңізде шығар? Бұл 200 мың адам қайдан келді? Бұлар біздің партиямызға тілектес болып отырған партияда жоқ жұмысшылардың қалың активтерінің қатарынан келді.

Олай болса, партияда жоқ актив дегеніміз — партияның өмір сүруі мен дамуына нәр болып отыратын орта болып табылады. Бұл тек жұмысшы табы жөнінде ғана дұрыс болып қоймайды. Бұл сонымен қатар еңбекші шаруалар жөнінде де дұрыс болып табылады.

Сұрақ. Өнеркәсіпті концессия арқылы ұлғайту жөнінде қандай нақтылы мүмкіншіліктер бар?

Жауап. Ленин біздегі концессиялардан ешнәрсе шықпады деген болатын. Лениннің бұл айтқан сөздерін қолымызда бар жаңа мәліметтер арқылы дәлелдеуге кәзірде біздің толық мүмкіндігіміз бар. Біздің елімізде концессияның болашағы жоқ деп біз кәзірде толық сеніммен айта аламыз. Мұның өзі фактыға айналып отыр, өйткені концессиялық өнеркәсіптің біздің өнеркәсіптік өндірісіміздің жалпы системасындағы үлес салмағы болмашы ғана, оның бержағында мұның өзі де жоққа айналып кетуге бет алып келеді.

Бірінші рет басылып отыр

ҚОМСОМОЛДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

„Комсомольская Правда“ редакциясының берген сұрақтарына жауап

I

Совет Одағының кәзіргі халықаралық және ішкі жайы комсомолға негізінде нендей міндеттер жүктейді?

Сұрақ тым жалпы түрде қойылған, сондықтан жауап та тек жалпы болуы мүмкін. Совет Одағының кәзіргі халықаралық және ішкі жайы негізінде комсомолға барлық елдердегі езілген таптардың революциялық қозғалысын және Совет Одағындағы пролетариаттың социализм құру жолындағы, пролетарлық мемлекеттің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресін сөзбен де, іспен де қолдау міндетін жүктейді. Ал бұдан шығатын қортынды: комсомол өзінің бұл жалпы міндетін Коммунистік Интернационал мен Россиялық коммунист партиясының жетекші нұсқауларын өзінің барлық жұмысында қолданған күнде ғана орындай алады.

II

Жойымпаздық (социалистік құрылыстың болашағынан үміт үзу) қаупіне, ұлтшылдық (ха-

лықаралық революцияның болашағынан үміт үзу) қаупіне, партия басшылығын кеміту қаупіне байланысты, яғни «Сұрақтар мен жауаптар» деген кітапшада көрсетілген қауіптерге байланысты, комсомол алдында қандай міндеттер тұр?

Қысқаша айтқанда, комсомолдың бұл жөндегі міндеті — жұмысшы-шаруа жастарымызды ленинизм рухында тәрбиелеу. Ал жастарды ленинизм рухында тәрбиелеу дегеніміз не? Бұл, біріншіден, біздің елімізде социалистік құрылыстың жеңуі мүмкін екенін және жеңуі қажет екенін жастардың санасына құю деген сөз. Бұл, екіншіден, біздің жұмысшы мемлекетіміз халықаралық пролетариаттың белбаласы екеніне, біздің мемлекетіміз барлық елдерде революцияны өрістетудің базасы екеніне, біздің революцияның түпкілікті жеңіп шығуы халықаралық пролетариаттың ісі екеніне жастардың сенімін күшейту деген сөз. Бұл, үшіншіден, жастарды Россиялық коммунист партиясының басшылығына кәміл сену рухында тәрбиелеу деген сөз. Комсомол ішінде жастарды нақ осы бағытта тәрбиелей алатын кадрлар мен белсенділерді дайындап шығару керек.

Комсомолецтер құрылыстың барлық салаларында: өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, кооперацияда, Советтерде, мәдени-ағарту ұйымдарында, т. т. жұмыс істеп жүр. Әрбір белсенді комсомолец құрылыстың барлық салаларындағы өзінің күнделікті жұмысын социалистік қоғам орнату болашағымен байланыстырып отыратын болуы керек. Ол өзінің күнделікті жұмысын осы болашақты жүзеге асыру рухы мен бағытында жүргізе білетін болуы керек.

Комсомолецтер нағыз әртүрлі ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының арасында жұмыс істейді.

Комсомолдың өзі өзіншебір Интернационал сықылды. Бұл арада комсомолдың ұлттық құрамы ғана орын алып отырған жоқ, сонымен қатар комсомолдың бүкіл дүниежүзілік пролетарлық Интернационалдың ең басты отрядтарының бірі болып табылатын РК(б)П-ға тікелей жақын тұру фактысы да орын алып отыр. Интернационализм — комсомол жұмысына сіңетін негізгі идея. Комсомолдың күші осында. Оның қуаты осында. Интернационализм рухы комсомолдың бойына әрдайым сіңуі керек. Комсомолецтердің санасында еліміздің пролетариатының күресіндегі табыстар мен сәтсіздіктер халықаралық революциялық қозғалыстың табыстары мен сәтсіздіктеріне байланыстырылатын болуы керек. Комсомолецтер біздің революцияны құр мақсат деп білмей, барлық елдердегі пролетарлық революцияның жеңіп шығуының құралы және тірегі деп білетін болуы керек.

Комсомол формалық жағынан партия емес ұйым. Бірақ ол сонымен бірге коммунистік ұйым. Бұл — комсомол, формалық жағынан жұмысшылар мен шаруалардың партия емес ұйымы бола отырып, сонымен бірге біздің партияның басшылығымен жұмыс істеуге тиіс деген сөз. Біздің партияға жастардың сенімін молайту керек, комсомол ішінде біздің партияның басшылығын қамтамасыз ету керек, — міне міндет осы. Партия басшылығын қамтамасыз ету комсомолдың барлық жұмысындағы ең басты, ең маңызды нәрсе екенін комсомолец естен шығармауға тиіс. Осындай басшылықсыз комсомол өзінің негізгі міндетін — жұмысшы-шаруа жастарын пролетариат диктатурасы мен коммунизм рухында тәрбиелеу міндетін орындай алмайтынын комсомолец естен шығармауға тиіс.

III

Қазіргі уақытта комсомолдың өсуі туралы мәселе қалай қойылуға тиіс: негізінде бұдан былай да комсомол қатарына жұмысшы, батрак, кедей жастарының бәрін және орташа жастарының тәуірлерін тарта беру керек пе, әлде көңілдің денін Одаққа бұрыннан тартылған жастар бұқарасын орнықтырып, тәрбиелеуге аудару жөн бе?

Ананы ма, мынаны ма, деуге болмайды. Ананы да, мынаны да істеу керек. Комсомолға, мүмкін болғанынша, жұмысшы жастарының бәрін және деревня кедейлері мен орташаларының тәуір элементтерін тарту керек. Бірақ сонымен бірге көңілдің денін комсомолдың жаңа мүшелерін комсомол активінің тәрбиелеп, шынықтыруына аудару керек. Пролетар ұйтқысын күшейту — комсомолдың кезектегі аса маңызды міндеті. Комсомолдың дұрыс жолмен жүретін болуына кепілдік осы міндетті жүзеге асыруда. Бірақ комсомол жұмысшы жастарының ғана ұйымы емес. Комсомол — жұмысшы-шаруа жастарының ұйымы. Сондықтан, пролетар ұйтқысын күшейтумен қатар, шаруа жастарының тәуір элементтерін тарту, комсомолдың пролетар ұйтқысы мен Шаруа бөлімдерінің арасында берік одақ жасау жөнінде жұмыс жүргізілуге тиіс. Бұлай болмаса, комсомолда пролетар ұйтқысының шаруа жастарына басшылық етуі мүмкін емес.

IV

РЛКЖО-ның кейбір губкомдары, әйелдердің делегаттық жыйналыстарынан үлгі алып, партияда жоқ шаруа жастарының берік құрамды делегаттық жый-

налыстарын ұйымдастыруға кірісті. Бұл жыйналыстардың атқаратын ролі — комсомолдың басшылығымен шаруа жастарының, көбінесе орташа жастарының, активін біріктіру. Мұндай позиция дұрыс па, және бұлай болғанда осы делегаттық жыйналыстар партияда жоқ шаруа жастарының өзінше бір одақтарына айналып, өздерін біздің жастар одағына қарсы қою қаупі жоқ па?

Мұндай позиция, меніңше, дұрыс емес. Себебі не? Себебі мынау.

Біріншіден, бұл арада орташадан біртүрлі қорқушылық, орташа жастарын өзімізден қашықтатуға тырысушылық, олардан аулақ болу ниеті бар. Бұл ниет дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Біз орташа жастарын өзімізден қашықтатпауымыз керек, қайта оларды өзімізге жақындатуымыз керек, комсомолға жақындатуымыз керек. Тек осы жолмен ғана орташа жастарын жұмысшыларға сену, комсомолдың пролетар ұйтқысына сену, біздің партияға сену рухында тәрбиелеуге болады.

Екіншіден, кәзіргі шаруалардың барлық топтарының жанданған жағдайларында орташа жастарының комсомол жанындағы ерекше делегаттық жыйналыстары орташа жастарының ерекше одағына айналмай қоймайтындығы күмәнсіз. Жәнеде бұл ерекше одақ өзін, амалсыздан, осы күнгі жастар одағына және оның басшысы — РК(б)П-ға қарсы қояды, комсомолдағы шаруа жастарын өзіне тартады, сөйтіп жұмысшы жастарының одағы мен шаруа жастарының одағы болып комсомолдың екіге бөліну қаупін туғызады. Біз

мұндай қауіппен санаспай тұра аламыз ба? Әрине, санаспай тұра алмаймыз. Бізге әсіресе кәзіргі жағдайда, әсіресе дамуымыздың кәзіргі жағдайларында мұндай бөліну керек пе? Әрине, керегі жоқ. Қайта, бізге кәзірде шаруа жастарының комсомолдың пролетар ұйтқысынан бөлінуі емес, бұған жақындасуы керек, олардың ажырасуы емес, берік одақ жасасуы керек.

Үшіншіден, жұмысшы және шаруа әйелдердің делегаттық жыйналыстары бар екен деп, орташа жастарының делегаттық жыйналыстарын құруды ақтауға болмайды. Комсомолдай өзінің ерекше ұйымы бар жұмысшы-шаруа жастарын өзінің ерекше ұйымы жоқ жұмысшы, шаруа әйелдермен қатар қоюға болмайды, сондай-ақ шаруалардың орташа жастарын жұмысшы табының бір бөлегі болып табылатын жұмысшы әйелдермен шатастыруға болмайды. Орташа жастарының делегаттық жыйналыстарының болуы жастар одағына қауіп туғызады; ал жұмысшы және шаруа әйелдердің делегаттық жыйналыстарының болуы ешкімге ешбір қауіп туғызбайды, өйткені кәзіргі уақытта жұмысшы және шаруа әйелдердің жастар одағы сыяқты өз алдына ерекше тұрақты ұйымы жоқ.

Міне сондықтан, менің ойымша, комсомол жанынан орташа жастарының дербес делегаттық жыйналыстарын құру артық нәрсе.

Менің ойымша, комсомолдың VI съезі[45] деревняда комсомол маңынан өз бетімен білім алу үйірмелері, ауыл шаруашылығын үйренетін үйірмелер, т. т. сыяқты көмекші ұйымдар құруды ұсынумен қанағаттанып, дұрыс істеді.

V

Біздің кәзіргі жағдайларымызда комсомол активінің практикалық жұмыстарын марксизм мен ленинизмді терең зерттеумен сәйкестіруі мүмкін бе және комсомол ұйымдары мен жеке комсомолецтер бұл жөнде не істеуге тиіс?

Біріншіден, марксизм мен ленинизм жөнінде біраз ескерту. Мәселені бұлай тұжырымдағанда, марксизм — бір басқа да, ленинизм — бір басқа, марксист болмай-ақ леншіл болу мүмкін, деп ойлауға болады. Бірақ мұндай ұғымды дұрыс деп тануға болмайды. Ленинизм дегеніміз — марксизмнен **тыс** лениндік ғылым емес. Ленинизм дегеніміз — империализмнің және пролетарлық революциялардың заманындағы марксизм. Басқаша айтқанда, ленинизм Маркстің тапқанының бәрін қамтыйды, оған қосымша марксизм қазнасына Лениннің енгізген жаңалығын, жаңалық болғанда Маркстің тапқанының бәрінен сөзсіз шығатын жаңалықты (пролетариат диктатурасы туралы ғылым, шаруа мәселесі, ұлт мәселесі, партия, реформизмнің әлеуметтік тамырлары туралы мәселе, коммунизмдегі негізгі уклондар туралы мәселе, т. т.) қамтыйды. Сондықтан мәселені тұжырымдағанда, әңгіме марксизм **мен** ленинизм туралы болмай, не марксизм туралы, не ленинизм туралы (негізінде екеуі де бір) болғаны тәуір болар еді.

Екіншіден, комсомол активінің практикалық жұмыстарын олардың теориялық даярлығымен («ленинизмді үйрену») **сәйкестірмейінше** комсомолда ешбір азды-көпті ойланып істелген коммунистік жұмыстың болуы мүмкін емес екендігіне ешқандай күмән келтіруге болмайды. Ленинизм дегеніміз — барлық елдер-

дің жұмысшыларының революциялық қозғалысының тәжрибесінің қортындысы. Бұл тәжрибе — практиктердің күнделікті жұмысына жол сілтейтін, оларға бағыт беретін жарық жұлдыз. Практиктер осы тәжрибеге аздап болса да жетілмесе, олардың өз жұмысына сенуі де, бұл жұмысты дұрыс деп тануы да мүмкін емес. Практик қызметкерлер ленинизмді үйренгісі келмесе, ленинизмге жетілуге тырыспаса, өздерінің практикалық жұмыстарын қажетті теориялық дайындықпен сәйкестіргісі келмесе, олардың көресісі қараңғыда қармалау болады. Сондықтан ленинизмді үйрену, Ленин ғылымын үйрену — кәзіргі комсомол активін нағыз лениншіл активке, әлденеше миллиондаған комсомолец жастарды пролетариат диктатурасы мен коммунизмнің рухында тәрбиелей алатын активке айналдырудың ең қажетті шарты.

Ал кәзіргі, комсомол активінің жұмысбастылық жағдайларында, теория мен практиканы мұндай сәйкестіру мүмкін бе? Я, мүмкін. Бұл қыйын іс, оны айтпасақ та болады. Бірақ, бұл іс өте керек болған соң, мұнсыз комсомолда нағыз лениншіл актив құруға болмайтын болған соң, бұл істі орындау әбден мүмкін. Біз қыйыншылықтардан қашатын, жеңіл жұмысты іздейтін әлсіз адамдарға теңеле алмаймыз. Қыйыншылықтың өзі сол қыйыншылықпен күресіп, жеңу үшін болады. Большевиктер, қыйыншылықтарды жеңуге үйренбеген болса, капитализмге қарсы күресінде сөзсіз құрыған болар еді. Комсомол, қыйыншылықтардан қорықса, комсомол болмас еді. Комсомол активі ұлы міндетті мойнына жүктеді. Сондықтан комсомол мақсатқа жету жолында кездесетін түрлі қыйыншылықтардың бәрін жеңуге өз ішінен күш табуға тиіс.

Сабырлылықпен, жігерлілікпен Ленин ғылымын үйрену керек, — комсомол активі, миллиондаған жастар бұқарасын пролетарлық революцияның рухында шынымен тәрбиелегісі келсе, міне осы жолды өтуге тиіс.

„Комсомольская Правда" № 133,
29 октябрь, 1925 ж.

Қол қойған: ***И. Сталин***

М. В. ФРУНЗЕНІ ЖЕРЛЕРДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

3 ноябрь, 1925 ж.

Жолдастар! Мен ұзақ сөйлей алатын емеспін, өйткені күйінішті жағдайда тұрмын. Өз заманымыздағы ең таза, ең адал және ең ержүрек революционерлеріміздің бірі Фрунзе сынды жолдастан айрылғандығымызды ғана айтамын.

Партия өзінің ең адал, ең тәртіпті басшыларының бірі Фрунзе сынды жолдастан айрылды.

Совет өкіметі еліміз бен мемлекетіміздің ең батыл, ең ақылды құрушыларының бірі Фрунзе сынды жолдастан айрылды.

Армия ең сүйікті, ең қадірлі басшылары мен жасаушыларының бірі Фрунзе сынды жолдастан айрылды.

Партияның Фрунзе жолдастан айрылғандығына осынша қайғырып отырған себебі осы.

Жолдастар! Бұл жыл біз үшін қасіретті жыл болды. Бұл жыл біздің қатарымыздан бірқатар басшы жолдастарымызды алып кетті. Бірақ мұның өзі де аз болыпты, оған тағыда бір қаза керек болыпты. Мүмкін, мұның дәл осылай болуы керек те шығар, ескі

жолдастардың оп-оңай және жәй ғана қабірге түсуі табиғи нәрсе шығар. Амал не, ескі жолдастардың орнына біздің жас жолдастарымыздың көтерілуі оншалықты оп-оңай және жәйдан-жәй нәрсе емес.

Партия мен жұмысшы табы ескі кадрлардың орнына жаңа кадрларды шындап шығару ісін жеңілдетуде барлық шараларды қолданады деп үміттеніп, сенеміз.

Россиялық коммунистік партияның Орталық Комитеті маған Фрунзе жолдастың қайтыс болуына байланысты бүкіл партияның қайғырып отырғандығын айтуды тапсырды.

Менің осы сөйлеген қысқа сөзім бұл шексіз ауыр және көп сөйлеуді қажет етпейтін қайғыны хабарлайтын сөз болсын.

„Правда“ № 253,
5 ноябрь, 1925 ж.

ОҚТЯБРЬ, ЛЕНИН ЖӘНЕ БІЗДІҢ ДАМУЫМЫЗДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Менің ойымша, бұдан сегіз жыл бұрын болған Октябрьді дайындау дәуірі мен Октябрьден сегіз жыл өткеннен кейінгі қазіргі дәуірдің арасында, олардың бір бірінен қаншама орасан зор айырмасы бар екендігіне қарамастан, қалай да ортақ бір сыйпаты бар. Бұл ортақ сыйпат мынау: бұл екі дәуірдің екеуі де революциямыздың дамуындағы өзгеріс кезеңді көрсетеді. Ол кезде, 1917 жылы, әңгіме буржуазия өкіметінен пролетариат өкіметіне өту жайында болған еді. Енді, 1925 жылы, әңгіме қазіргі экономикадан, тұтасымен алғанда социалистік экономика деп атауға болмайтын экономикадан, социалистік экономикаға, социалистік қоғамның материалдық негізі болуға тиісті экономикаға өту жайында болып отыр.

Октябрь дәуірінде, партиямыздың Орталық Комитеті Лениннің басшылығымен 1917 жылы 10 октябрьде қарулы көтеріліс ұйымдастыру туралы қарар қабылдаған кезде жағдай қандай болды?

Біріншіден, бұл — европалық екі коалицияның арасында соғыс болып жатқан кезі еді, бүкіл Европада социалистік революция элементтерінің өршіп келе

жатқан кезі еді және Россиядағы революцияны тұншықтыру мақсатында Германиямен сепараттық бітім жасау қаупінің төнген кезі еді. Сыртқы жағдай осындай болатын. Екіншіден, бұл — біздің партияның Советтерде көпшілікті өзіне қаратқан кезі еді, бүкіл елімізде шаруалар көтерілісі болып жатқан кезі еді, майдандарда революциялық қозғалыстың өрлеу кезі еді, Керенскийдің буржуазиялық үкіметін шеттету кезі еді және екінші корниловшылдықтың болу қаупі төнген кезі еді. Ішкі жағдай осындай болатын.

Бұл, көбінше, саяси күрестің майданы еді.

Ол кезде өзгеріс кезеңі жұмысшылар мен шаруалардың жеңісті көтерілісімен және пролетариат диктатурасының орнатылуымен шешілген еді.

Қәзіргі уақытта, буржуазиялық өкімет талқандалғаннан соң сегіз жыл өткеннен кейін істің жағдайы қандай болып отыр?

Біріншіден, дүниеде екі лагерь бар: отар және тәуелді елдерде (Қытай, Марокко, Сирия, т. т.) революциялық қозғалыс көрнеу өршіп отырған кезде, уақытша тұрақтанып отырған капитализм лагері және өзінің экономикалық дамуында өсіп келе жатқан, алдыңғы қатарлы елдердің жұмысшыларын да, отар және тәуелді елдердің езілген халықтарын да өз төңірегіне топтастырып отырған социализм лагері Совет Одағы бар, — міне бұл жағдай қысқа мерзімді «тыныстауды» тұтас бір «тыныстау» дәуіріне айналдыруға мүмкіндік береді. Сыртқы жағдай осындай болатын. Екіншіден, еліміздің өнеркәсіптік және кооперативтік дамуының өсуі, жұмысшылар мен шаруалардың материалдық хал-жайының артуы, пролетариат пен шаруалардың өзара қарым-қатнастарының сөзсіз жақсаруы және жұмысшылар мен шаруалар арасында

партия беделінің нығаюы, — міне бұл жағдай шаруалармен бірге, пролетариаттың және оның партиясының басшылығымен социалистік құрылысты алға бастыруға мүмкіндік береді. Ішкі жағдай осындай болатын.

Бұл, көбінше, шаруашылық құрылыстың майданы еді.

Қазіргі өзгеріс дәуірі пролетариаттың жеңісімен аяқтала ма деген мәселеге келсек, бұл, ең алдымен, біздің құрылыс ісіміздің табыстарына, Батыс пен Шығыстағы революциялық қозғалыстың табыстарына, капиталистік дүниені жегідей жеп отырған қайшылықтардың дамуына байланысты мәселе.

Бұдан сегіз жыл бұрын алдымызда мынадай міндет тұрған еді: пролетариатты кедей шаруалармен біріктіру, шаруалардың орта жіктерін битарап қалдыру, империалистік екі коалицияның кескілескен күресін пайдаланып, пролетариат диктатурасын ұйымдастыру үшін, империалистік соғыстан шығу үшін, барлық елдердің пролетарларымен байланысты нығайтып, барлық елде пролетариат революциясының ісін алға бастыру үшін Россиядағы буржуазиялық үкіметті құлату міндеті тұрған еді.

Қазірде, сегіз жыл өткеннен кейін, міндет мынадай болып отыр: біріншіден, пролетариат пен кедей шаруаларды орташа шаруалармен біріктіру, олардың арасында берік одақ жасау, бұл одақтың ішінде пролетариаттың басшылығын қамтамасыз ету, өнеркәсібіміздің дамуын және оның қайта жабдықталуын күшейту, шаруалардың миллиондаған бұқарасын кооперацияға тарту, сөйтіп шаруашылығымыздың социалистік ұйтқысының капитализм элементтерін жеңіп шығуын қамтамасыз ету, және, екінші жағынан, — оның

капитализмді жеңіп шығу жолындағы күресінде революцияшыл пролетариатқа көмек көрсету үшін барлық елдердің пролетарларымен де және езілген елдердің отар халықтарымен де одақ жасау ісін жөнге қою болып табылады.

Орташа шаруаларды битарап қалдыру кәзірде жеткіліксіз болып отыр. Ендігі міндет — пролетариатпен шаруалардың арасында дұрыс қарым-қатнас жасау үшін орта шаруалармен берік одақ жасау болып отыр. Өйткені, егер Лениннің: **«шаруалармен 10—20 жылдай дұрыс қарым-қатнас орнатсақ, жержүзілік көлемде жеңуіміз қамтамасыз етіледі»**[46]* деген қағыйдасы дұрыс болса, онда Лениннің: **«...ендігі жерде басы байтақ, күші мығым қалың бұқарамен, нақ шаруалармен бірге ілгері басу керек»**[47]* деген қағыйдасы да соншалықты дұрыс.

Мемлекеттік өнеркәсіптің жәй ғана дамый беруі кәзірде жеткіліксіз болып отыр. Ал оның соғысқа дейінгі даму дәрежесі тіпті де жеткіліксіз болып отыр. Ендігі міндет — мемлекеттік өнеркәсібімізді **қайта жабдықтау** ісін алға бастыру және оны **жаңа техникалық негізде** бұдан былайғы жерде де дамыта беру болып отыр. Өйткені біздің мемлекеттік өнеркәсібіміз өзінің типі жағынан социалистік өнеркәсіп болып табылады. Өйткені ол біздің елімізде пролетариат диктатурасының негізгі базасы болып табылады. Өйткені мұндай база болмайынша біздің елімізді индустриялы елге, ал нэптік Россияны социалистік Россияға айналдыру туралы сөз етуге де болмайды.

Деревняда кооперацияның жәй ғана дамый беруі кәзірде жеткіліксіз болып отыр. Ендігі міндет — мил-

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

лиондаған шаруалар бұқарасын кооперацияға тарту және деревняда кооперативтік қоғам орнату болып отыр. Өйткені пролетариат диктатурасы кезінде және өзінің типі жағынан социалистік өнеркәсіп болып отырғанда кооперация дегеніміз шаруаларды социалистік құрылыс системасына тарту үшін негізгі ілгішек болып табылады.

Жалпы алғанда, елімізде социалистік құрылыстың жеңуі үшін керекті жағдайлар осындай.

Бұдан сегіз жыл бұрын партияның буржуазия өкіметін жеңіп шыққан себебі — адам айтқысыз қыйыншылыққа қарамастан, өзінің кейбір отрядтарындағы қобалжуға қарамастан, партия пролетариаттың міндеттерін жүзеге асыруда лениндік табандылықты көрсете білді.

Қазірде, сегіз жыл өткеннен кейін, егер партия өзінің алдындағы міндеттерді жүзеге асыруда, жолында кездесетін толып жатқан қыйыншылықтарға қарамастан, өзінің кейбір отрядтарының қобалжу мүмкіндігіне қарамастан, бұрынғы, лениндік табандылықты көрсете алса, онда біздің халық шаруашылығындағы капиталистік элементтерді жеңіп шығуды қамтамасыз етуге партияның барлық мүмкіншіліктері бар.

Пролетариаттың кезектегі міндеттерін жүзеге асыруда лениндік табандылық көрсете білу ісі де — социалистік құрылыстың жеңуіндегі қажетті жағдайлардың бірі болып табылады.

„Правда" № 255,
7 ноябрь, 1925 ж.
Қол қойған: ***И. Сталин***

ЛЕНИНГРАД ГУБЕРНИЯЛЫҚ XXII ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДИУМЫНА ХАТ[48]

Қымбатты жолдастар!

РК(б)П Орталық Комитетінің Секретариатына мынадай хабар келіп жетті: сіздің конференцияның кейбір мүшелерінің пікірінше, Москвада болған XIV партия конференциясының Орталық Комитеттің есепті баяндамасы[49] жайындағы қарары Ленинград ұйымына қарсы бағытталған сияқты көрінеді, мұнымен бірге сол жолдастар Ленинград делегациясын партия съезінде ашық күреске шығуға шақыратын сияқты көрінеді. Егер бұл хабарлар шын болатын болса, онда мен сіздерге мына төмендегілерді айтуды өзімнің борышым деп есептеймін.

Москва конференциясында принциптік мәселелер бойынша принциптік қарар қабылданды. Москва конференциясында, жәнеде аудандық конференцияларда сөйленген сөздердің стенограммасынан, сонымен қатар жоғарыда айтылған қарардан Ленинград ұйымының беделін түсіруді Москвада ешкімнің де ойламағандығына, ешкімнің де оған қарсы күреске шақырмағандығына көз жеткізу қыйын емес. Осылай бол-

ғандықтан Саркистың, Сафаровтың және басқалардың әуелі аудандық конференциядан басталған, содан келіп сіздердің губерниялық конференцияларыңызда тағыда айтылған сөздері меніңше қауіпті сөздер сияқты. Ал әсіресе кейбір жолдастардың соңғы күндері сіздердің конференцияларыңызда алдағы партия съезінде ашық күреске шығуға шақырып сөйлеген сөздері меніңше өте қауіпті сияқты. Қәзіргі жағдайларда лениншілдердің бірауызды болуы, — тіпті егер олардың арасында кейбір жеке мәселелер жайында келіспеушіліктер болғанның өзінде де, — басқа уақыттағыдан да кәзір өте қажет болып отыр. Сіздер шындап ықылас қойсаңыздар, лениншілдердің бірлігі тек сақталып қана қоймай, сонымен бірге нығая түсуі де мүмкін. Ленинград ұйымы партиямыздың өте негізгі тірегінің бірі болып келді және солай болып қалуға тиіс.

Сіздердің конференцияларыңыздың президиум мүшесі болғандықтан осылардың бәрін сізге хабарлауды өзімнің борышым деп есептеймін.

Ленинград ұйымы конференциясының
президиум мүшесі

И. Сталин

8 декабрь, 1925 ж.

„Красная Летопись“
журналы № 1 (58), 1934 ж.

БК(б)П XIV СЪЕЗІ[50]

18 — 31 декабрь, 1925 ж.

„Правда" № 291, 292 және 296; 20, 22 және 29 декабрь, 1925 ж.

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ ЕСЕБІ

18 декабрь

Жолдастар! Сіздер соңғы екі аптаның ішінде Орталық Комитеттің XIII съезден XIV съезге дейінгі жұмысы туралы Орталық Комитет пен Саяси Бюроның бірсыпыра мүшелері жасаған баяндамаларды, көлемді, негізінде сөзсіз дұрыс баяндамаларды тыңдауға мүмкіндік алдыңыздар. Мен бұл баяндамаларды қайталап жатудың қажеті бола қоймас деп ойлаймын. Менің ойымша, бұл жағдай менің кәзіргі кездегі жұмысымды жеңілдетеді, сондықтан мен, осыны ескере отырып, партиямыздың Орталық Комитетінің XIII съезден XIV съезге дейінгі жұмысы туралы бірқатар мәселелерді алға қоюмен тынуды лайықты деп санар едім.

Әдетте Орталық Комитеттің есебі сыртқы жағдайдан басталады. Мен бұл әдетті бұзбаймын. Мен де сыртқы жағдайдан бастаймын.

I

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Сыртқы қатнастар саласындағы негізгі және жаңа нәрсе, бұл дәуірдегі барлық оқыйғалардың түйінін

шешетін және өзегі болатын нәрсе — социализм орнатып жатқан біздің ел мен капиталистік дүние елдерінің арасында күштердің кейбір уақытша тепе-теңдігі орнады, — бұл тепе-теңдіктің өзі Советтер Елі мен капитализм елдерінің арасындағы «тату тұрудың» кәзіргі кезеңдегі белгісіне айналды. Бір кездері біздің соғыстан кейінгі қысқаша тыныс деп есептегеніміз тұтас тыныс дәуіріне айналды. Осыдан келіп буржуазия дүниесі мен пролетариат дүниесінің арасында күштердің кейбір тепе-теңдігі және «тату тұрудың» кейбір дәуірі орнап отыр.

Осының бәріне негіз болып отырған нәрсе, бір жағынан, дүниежүзлік капитализмнің ішкі әлсіздігі, әлсіздігі мен дәрменсіздігі және, екінші жағынан, жалпы алғанда жұмысшылардың революциялық қозғалысының өсуі, әсіресе біздегі, Советтер Еліндегі күштердің өсуі.

Капиталистік дүниенің осы әлсіздігіне негіз болып отырған нәрсе не?

Бұл әлсіздікке негіз болып отырған нәрселер — капитализм үшін жойылмас қайшылықтар, бүкіл халықаралық жағдайды өз шеңберінде қалыптастыратын қайшылықтар, — капиталистік елдердің өздері жоя алмайтын, тек Батыста пролетарлық революцияның дамуы нәтижесінде ғана жойыла алатын қайшылықтар.

Бұл қайшылықтар қандай? Бұларды бес топқа бөлуге болады.

Қайшылықтардың бірінші тобы, бұл — капиталистік елдердегі пролетариат пен буржуазияның арасындағы қайшылықтар.

Қайшылықтардың екінші тобы бұл — империализм

мен отарлардың және тәуелді елдердің азаттық қозғалысы арасындағы қайшылықтар.

Қайшылықтардың үшінші тобы, бұл — империалистік соғыста жеңіп шыққан мемлекеттер мен жеңілген мемлекеттердің арасында дамып отырған және дамымай коймайтын қайшылықтар.

Қайшылықтардың төртінші тобы, бұл — жеңіп шыққан мемлекеттердің өздерінің арасында дамып отырған және дамымай қоймайтын қайшылықтар.

Және қайшылықтардың бесінші тобы, бұл — Советтер Елі мен тұтас капитализм елдерінің арасында дамып отырған қайшылықтар.

Қайшылықтардың негізгі бес тобы осылар; біздің халықаралық жағдайымыздың дамуы осылардың шеңберінде болып отыр.

Жолдастар, осы қайшылықтардың жаратылысы мен өсуін қысқаша шолып өтпейінше, біз еліміздің кәзіргі халықаралық жағдайын түсіне алмаймыз. Сондықтан осы қайшылықтарды қысқаша шолудың өзі менің есебімнің сөзсіз бір бөлегі болуға тиіс.

1. Капитализмнің тұрақтауы

Сонымен, бірінші реттегі қайшылықтардан, — капитализм елдеріндегі пролетариат пен буржуазияның арасындағы қайшылықтардан бастайық. Бұл жөніндегі негізгі фактылар мыналар деуге болады.

Біріншіден. Капитализм соғыстан кейін пайда болып, оның өзін душар еткен былықтан, өндірістегі, саудадағы және финанс саласындағы былықтан шыға бастады немесе шығып болды. Мұны партия капитализмнің шінара немесе уақытша тұрақтауы деп атаған болатын. **Мұның мәнісі не?** Мұның мәнісі — капи-

талистік елдердің бір кездері соғыстан кейінгі дағдарыс дәуірінде (менің айтып отырғаным 1919—1920 жылдар) сұмдық құлдырап кеткен өндірісі мен саудасы ілгерілей бастады, ал буржуазияның саяси өкіметі азды-көпті нығая бастады деген сөз. Мұның мәнісі — капитализм соғыстан кейін өзі душар болған былықтан уақытша сытылып шықты деген сөз.

Егер Европаны алсақ, цифрлар мынадай.

Европаның барлық алдыңғы қатарлы елдерінде өндіріс 1919 жылмен салыстырғанда не ілгерілеп, өсуде, мұның өзі кей жерлерде соғыстан бұрынғы мөлшердің 80—90%-іне жетіп отыр, не өндіріс бір мөлшерде тұр. Тек Англияда ғана өндірістің кейбір салалары әлі түзелген жоқ. Негізінде, егер Европаны тұтас алсақ, өндіріс пен сауда ілгерілеп барады, дегенмен, соғыстан бұрынғы мөлшерге әлі жеткен жоқ. Егер астық өндірісін алсақ, біз мұның өзі Англияда соғыстан бұрынғы мөлшердің 80—85% екенін, Францияда — 83%, Германияда — 68% екенін көреміз. Германияда астық өндірісі өте шабан көтеріліп келеді. Францияда ол көтерілмей отыр, Англияда төмендеп барады. Мұның бәрі Америкадан әкелінетін астықтың есебінен өтеліп отыр. 1925 жылы Англияда көмір өнімі соғыстан бұрынғы мөлшердің 90%, Францияда соғыстан бұрынғы мөлшердің 107%, Германияда — 93% болып отыр. Болат өнімі Англияда соғыстан бұрынғы мөлшердің 98%, Францияда — 102%, Германияда — 78% болып отыр. Мақта тұтыну дәрежесі Англияда соғыстан бұрынғы мөлшердің 82%-іне, Францияда — 83%-ке, Германияда — 81%-ке тең. Англия сыртқы саудасының пассивтік сальдосы бар және мұның өзі соғыстан бұрынғыға қарағанда 94%-ке жетеді, Германияда 1919 жылмен салыстырғанда аздап көтеріліп келеді

және мұның да пассивтік сальдосы бар, Францияда сыртқы сауда кәзір соғыстан бұрынғы мөлшерден жоғары — 102%. Тұтас европалық сауданың дәрежесі, егер 1921 жылды алсақ, соғыстан бұрынғы мөлшердің 63%-і еді, ал енді, 1925 жылы, сауда нақ сол мөлшердің 82%-іне жетіп отыр. Бұл мемлекеттердің бюджеттері қайткенмен де балансталады, бірақ мұның өзі халыққа сұмдық ауыр салық салудың есебінен балансталады. Валютаның ауытқуы жеке елдерде бар, бірақ жалпы алғанда бұрынғы былық байқалмайды.

Жалпы алғанда жағдай мынадай: Европаның соғыстан кейінгі шаруашылық дағдарысы жойылып келеді, өндіріс пен сауда соғыстан бұрынғы мөлшерге беталып келеді. Европалық елдердің бірі — Франция — сауда мен өндіріс саласында кәзірдің өзінде-ақ соғыстан бұрынғы мөлшерден асып кетті, ал Европаның екінші бір елі — мен Англияны айтып тұрмын — соғыстан бұрынғы дәрежеге жетпестен, әлі де бір дәрежеде тұр немесе сол бір дәрежеде дерлік.

Екіншіден. Соғыстан кейінгі дағдарыс жылдарында біз байқаған революциялық толқындардың тасу дәуірінің орнына біз енді Европада қайту дәуірін байқап отырмыз. Мұның мәнісі — өкіметті алу туралы, пролетариаттың бүгін, ертеңнен қалдырмай өкіметті басып алуы туралы мәселе кәзір Европада күн тәртібінде тұрған жоқ деген сөз. Революциялық толқындардың өрлеу дәуірі, қозғалыс ілгері ұмтылып, жоғары өрлейтін, ал партия қозғалысқа ілесіп, өз ұрандарын ұсынып үлгіре алмайтын дәуір, мәселен, 1905 немесе 1917 жылы бізде болған сияқты дәуір, — өрлеудің бұл дәуірі әлі алда. Бірақ кәзірде бұл жоқ, тек уақытша қайту дәуірі, пролетариаттың күш жыйнау дәуірі бар; мұның өзі қозғалыстың жаңа формаларын

белгілеу мағнасында, кәсіпшілер қозғалысының бірлігі жолындағы күрес ұранымен жүргізілетін бұқаралық қозғалыстың болуы және өсуі мағнасында, Батыстағы жұмысшы қозғалысын Совет Одағындағы жұмысшы қозғалысымен байланыстырып, бұл байланысты нығайту мағнасында, жұмысшы қозғалысының, мәселен, ағылшын жұмысшы қозғалысының солшылдануы мағнасында, Амстердамның ыдырауы, оның қатты шытынауы, т. т. және т. с. мағнасында көп нәтижелер береді. Қайыра айтамын, біз күш жыйнау дәуірін бастан кешіріп отырмыз; болашақ революциялық аттаныстар үшін мұның зор маңызы бар. Мұның өзі — пролетариаттың бұқаралық ұйымдарын (кәсіпшілер одақтары, т. б.) меңгеру ісі және социал-демократиялық басшыларды «орындарынан алу» ісі, 1911—1912 жылдарда бізде болғаны сияқты, коммунистік қозғалыстың ұраны болатын дәуір.

Үшіншіден. Капиталистік дүниедегі финанс қуатының орталығы, бүкіл дүние жүзін финанстық қанаудың орталығы Европадан Америкаға ауысты. Бұрын әдетте дүние жүзін финанстық қанаудың орталығы Франция, Германия және Англия болушы еді. Енді айрықша ескертулер жасамайынша бұлай деуге бола коймайды. Енді дүние жүзін финанстық қанаудың орталығы, көбінесе, Солтүстік Американың Құрама Штаттары болып табылады. Бұл мемлекет барлық жағынан өсуде: өндіріс мағнасында да, сауда мағнасында да, қор жыйнау мағнасында да өсуде. Бірнеше цифрлар келтірейін. Солтүстік Америкадағы астық өнімі соғыстан бұрынғы дәрежеден асып түсті. Мұның өзі сол дәрежемен салыстырғанда кәзір 104% болып отыр. Көмір өнімі соғыстан бұрынғы мөлшердің 90%-іне жетті, ал жетпегені мұнай өнімінің

орасан көбеюі арқылы өтеліп отыр. Айта кету керек, Американдағы мұнай өнімі дүниежүзілік өнімнің 70%-іне тең. Болат өндірісі 147%-ке дейін өсті — соғыстан бұрынғы мөлшерден 47% артық. Халықтық табыс соғыстан бұрынғы табыстың 130%-іне тең — соғыстан бұрынғы дәрежеден 30% астам. Сыртқы саудасы соғыстан бұрынғы мөлшердің 143%-іне жетті, сонымен бірге Европа елдерінің есебінен активтік сальдосы орасан өсті. Бүкіл дүниежүзілік алтын қоры 9 миллиард болса, соның 5 миллиарды Америкада. Солтүстік Америка Құрама Штаттарының валютасы — барлық басқа валюталардың ішіндегі ең тұрақты валюта. Капиталдарды шетке шығару жағын алсақ, Америка қазіргі уақытта — капиталды шетке барған сайын көп мөлшерде шығарып отырған бірден-бір ел деуге болады. Франция мен Германия тым аз шығарады, Англия да өз капиталдарын шетке шығаруды едәуір азайтты.

Төртіншіден. Жоғарыда мен айтқан, европалық капитализмнің уақытша тұрақтауы көбінесе американ капиталының көмегі арқасында және Батыс Европаның Америкаға финанс жағынан бағынуы нәтижесінде іске асырылды. Мұны дәлелдеу үшін Европаның Америкаға бересі мемлекеттік борышы жөнінде цифр келтірудің өзі-ақ жеткілікті. Бұл цифр кем дегенде 26 миллиард сом болады. Америкаға тиісті жеке борыш туралы, яғни Европа үшін бірнеше миллиард сома болатын, Американың Европа кәсіпорындарына жұмсаған қаражаты туралы мен енді айтып та отырғаным жоқ. Бұл нені көрсетеді? — Бұл мынаны көрсетеді: Европа Америкадан (шінара Англиядан) капиталдардың ағылуы есебінен азды-көпті аяғынан тік

тұра бастады. Ненің нәтижесінде? — Европаның Америкаға финанс жағынан бағынуы нәтижесінде.

Бесіншіден. Осының нәтижесінде Европа, проценттер мен борыштарды төлеу үшін, халыққа салынатын салық ауыртпалығын арттыруға, жұмысшылардың халжайын нашарлатуға мәжбүр болып отыр. Европа елдерінде кәзір нақ осылай болып отыр. Кәзірдің өзінде, борыштар мен проценттерді төлеу ісі әлі де мықтап қолға алынбаған кезде, кәзірдің өзінде Англияда, мәселен, салық ауыртпалығының өсуі бүкіл халықтық табысқа процент есебімен алғанда 11%-тен (1913 жыл) 1924 жылы 23%-ке жетті, Францияда — ұлттық табыстың 13%-інен 21%-іне жетті, Италияда — 13%-тен 19%-ке жетті. Таяу уақыттың ішінде салық ауыртпалығы әлі де көп өсе беретіндігін айтып жатудың қажеті де жоқ. Осының нәтижесінде Европа еңбекшілерінің, ең алдымен бүкіл жұмысшы табының халжайы сөзсіз нашарлай бермек, ал жұмысшы табы — сөзсіз революцияшылдана бермек. Осы революцияшылдануның белгілері кәзірдің өзінде Англияда да, сондай-ақ Европаның басқа елдерінде де бар. Мен Европа жұмысшы табының анық солшылдануын айтып тұрмын.

Европаның қолы жеткен, капитализмнің уақытша тұрақтауы — шірік негізде өскен шірік тұрақтау екендігін көрсететін негізгі фактылар осындай.

Европадағы өндіріс пен сауданың соғыстан бұрынғы мөлшерге жетуі әбден мүмкін нәрсе, — мен мұны болмайтын нәрсе деп есептемеймін. Бірақ бұдан капитализм осы арқылы соғыстан бұрынғыдай тұрақтылыққа жетеді деген мағна әлі де туа қоймайды. Ол мұндай тұрақтылыққа тегінде енді ешқашан да жете алмайды. Неге? Неге десеңіз, біріншіден, Европа өзінің

уақытша тұрақтауын Америкаға финанс жағынан бағыну құнымен сатып алды; бұл бағынудың өзі салық ауыртпалығын орасан өсіреді, жұмысшылардың халжайын сөзсіз нашарлатады және европалық елдерді революцияшылдандырады; екіншіден, неге десеңіз, кәзіргі тұрақтауды тыянақсыз, тұрлаусыз ететін басқа да бірсыпыра себептер бар, олар туралы мен төменде айтамын.

Егер бірінші реттегі қайшылықтардың анализі жөнінде менің кәзір айтқанымның бәрін қорытсақ, жалпы қортынды мынада: дүние жүзін қанаушы басты мемлекеттердің тобы соғыстан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда мейлінше азайды. Бұрын басты қанаушылар Англия, Франция, Германия, шінара Америка еді, ал енді бұл топ мейлінше азайып отыр. Енді дүние жүзін қанаушылар, демек, оның негізгі кредиторлары Солтүстік Америка және шінара оның көмекшісі — Англия болып табылады.

Бұдан әлі де Европа отардың халіне көшті деген ұғым туа қоймайды. Европалық елдер, өз отарларын бұрынғыша қанай отырып, кәзір Америкаға финанс жағынан өздері бағынышты болып қалып отыр, сондықтан олардың өздерін Америка қанап отыр, қанай бермек те. Осы мағнада алғанда, дүние жүзін финанс жағынан қанаушы басты мемлекеттердің тобы мейлінше азайды, ал қаналушы елдердің тобы көбейіп отыр.

Қапитализмнің кәзіргі тұрақтауының тұрлаусыз болуының, ішкі әлсіздігінің бір себебі осы.

2. Империализм, отарлар және жартылай отарлар

Екінші реттегі қайшылықтарға — империалистік елдер мен отар елдердің арасындағы қайшылықтарға көшейік.

Бұл жөніндегі негізгі фактылар мыналар: отарларда, әсіресе соғыс кезінде және одан кейін, өнеркәсіппен пролетариат дамып, өсті; бұл елдердің жалпы алғанда мәдениеттілігі, жеке алғанда ұлт интеллигенциясы өсті; отарларда ұлттық-революциялық қозғалыс өрістеп, жалпы империализмнің дүниежүзілік үстемдігі дағдарысқа ұшырап отыр; ағылшын империализміне қарсы Индия мен Египет азаттық күресін жүргізуде; Сирия мен Марокко француз империализміне қарсы азаттық соғысын жүргізуде; ағылшын-жапон-американ империализміне, т. б. қарсы Қытай азаттық күресін жүргізуде; Индияда, Қытайда жұмысшы қозғалысы өсіп, ұлттық-азаттық қозғалыста бұл елдердегі жұмысшы табының ролі артып отыр.

Бұдан шығатын қортынды: ұлы державалар өздерінің негізгі тылынан, яғни отарларынан айрылып қалу қаупіне ұшырап отыр. Капитализмнің тұрақтауы мұнда екі аяғынан бірдей ақсауда, өйткені езілген елдердің революциялық қозғалысы, бірден бірге өрістей отырып, кей жерлерде империализмге қарсы тікелей соғыс формасына еніп отыр (Марокко, Сирия, Қытай), ал империализм «өз» отарларын ауыздықтау міндетін көрер көзге орындай алмай отыр.

Кейбіреулер, — әсіресе буржуазиялық жазушылар, — отарларда дағдарыстың өріс алуына большевиктер айыпты деседі. Мен бұл жөнінде бізді айыптаушылар бізге тым көп аброй әперіп отыр деуге тиіспін. Бірақ, амал не, азаттық алуы жолында барлық отар елдерге тікелей көмек көрсету үшін біз әлі онша күшті емеспіз. Дағдарыстың себебін тереңнен іздеу керек. Басқасын айтпағанда, оның бір себебі мынада: Европа мемлекеттері, Америкаға процент төлеуге міндетті болғандықтан, отарлар мен тәуелді ел-

дерде езушілік пен қанауды күшейтуге мәжбүр болып отыр, ал мұның өзі бұл елдердегі дағдарыс пен революциялық қозғалысты күшейтпей қоймайды.

Осының бәрі дүниежүзілік империализмнің бұл саладағы ісінің жайы өте-мөте нашар екенін көрсетеді. Егер онда, бірінші реттегі қайшылықтар саласында, Европа капитализмі шінара тұрақтап, пролетариаттың өкіметті бүгін, ертеңнен қалдырмай басып алуы туралы мәселе әзірше алға қойылып отырмаған болса, ал отарларда дағдарыс ең жоғарғы шегіне жетіп, бірсыпыра отарлардан империалистерді қуып жіберу туралы мәселе кезектегі мәселе болып отыр.

3. Жеңгендер мен жеңілгендер

Жеңген елдер мен жеңілген елдер арасында болып отырған үшінші реттегі қайшылықтарға көшейін.

Бұл саладағы негізгі фактылар мынада. Біріншіден, Версаль бітімінен кейін Европа екі лагерьге — жеңілгендер лагеріне (Германия, Австрия және басқа елдер) және жеңгендер лагеріне (Антанта жәнеде Америка) — қақ бөлінген болып шықты. Екіншіден, көрсете кетерлік жағдай, бұрын жеңілген елдерді оккупация жолымен тұншықтыруға әрекеттенген жеңушілер (мен Рурды естеріңізге саламын), енді бұл жолдан бастартып, екінші әдісіне, бірінші кезекте Германияны, екінші кезекте Австрияны финанс жағынан қанау әдісіне көшті. Осы жаңа әдістің көрінісі Дауэстің жоспары болып табылады; бұл жоспардың теріс нәтижелері енді-енді ғана көрініп келеді. Үшіншіден, Локарнодағы конференция[51], жеңгендер мен жеңілгендер арасындағы қайшылықтардың бәрін жойған сияқты болып көрінсе де, іс жүзінде, бұл мәсе-

ленің төңірегінде айқай-шу көтерілгеніне қарамастан, ешнәрсені, ешқандай қайшылықтарды факт жүзінде жойған жоқ, тек бұл қайшылықтарды шиеленістіріп жіберді.

Дауэс жоспарының мәнісі мынада: Германия Антантаға түрлі мерзімдерде, артық-кемі жоқ, 130 миллиардтай алтын марка төлеуге тиісті. Дауэс жоспарының нәтижелері Германияның экономикалық халжайын нашарлату мағнасында, кәсіпорындардың тұтас бір тобының бірқыдыру күйреуі мағнасында, жұмыссыздықтың өріс алуы, т. б. мағнасында кәзірдің өзінде-ақ көрініп отыр. Америкада жасалған Дауэс жоспары мынадай: репарациялар төлеуге міндетті болып отырған Германияның есебінен Европа Америкаға борыштарын төлейді, бірақ Германия бұл соманы қара жерден өндіре алмайды, сондықтан Германия басқа капиталистік елдер әлі де иемдене қоймаған бірқатар бос рыноктерді алуға тиіс; сөйтіп Германия репарациялық төлемдерді төлеу үшін бұл рыноктерден жаңа күш пен жаңа қан сығып алып отырмақ. Бірқатар мардымсыз рыноктерден басқа, бұл арада Америка біздің россиялық рыноктерді де есепке алып отыр. Бұл рыноктер, Дауэстің жоспары бойынша Германияның бірер нәрсе сығып алып, Европаға репарациялық төлемдер төлерлік қор жыйнауы үшін берілуге тиіс; ал Европа да, өз ретінше, Америкаға мемлекеттік борыш төлеуге тиіс. Бүкіл бұл жоспар жақсы жасалған, бірақ қожайынсыз жасалған, неге десеңіз, мұның өзі герман халқы үшін екіжақты қысым болып табылады — Германия пролетариаты жөнінде неміс буржуазиясының қысымы және бүкіл герман халқы жөнінде шетелдік капиталдың қысымы болып табылады. Бұл екіжақты қысым герман халқы үшін

тегін кетеді деу — қателескендік болады. Сондықтан менің ойымша, бұл жөнінде Дауэстің жоспары Германияда сөзсіз революция туғызатын жоспар. Бұл жоспар Германияны жуасыту үшін жасалған, бірақ бұл, Дауэстің жоспары, Германияда сөзсіз революцияға апарып соғуға тиіс. Бұл жоспардың екінші бөлімі, Германия россиялық рыноктердің есебінен Европа үшін тиін-тебен өндіріп алуға тиіс дейтін бөлімі, бұл да мәселені қожайынсыз шешкендік болып табылады. Неге? Неге десеңіз, біз қандай да болсын басқа бір ел үшін, оның ішінде Германия үшін де аграрлық елге айналуды әсте қаламаймыз. Машиналарды және өндірістің басқа да құрал-жабдықтарын біз өзіміз жасап шығарамыз. Сондықтан Отанымызды Германия үшін аграрлық елге айналдыруға бізді көнеді деп есептеу, — қожайынсыз есеп жасағандық болады. Бұл жағынан Дауэстің жоспары балшықтан жасалған қуыршаққа ұқсас нәрсе.

Ал Локарноны алсақ, ол тек Версальдың жалғасы болып табылады, сондықтан оның мақсаты, дипломатиялық тілде айтқанда, «статус кво» сақтау ғана, яғни Германия — жеңілген ел, ал Антанта — жеңуші жақ деп белгілеген қазіргі тәртіпті сақтау ғана болмақ. Локарнодағы конференция Германияның жаңа шекараларын Польшаның пайдасына шешті, Францияның пайдасына шешті, Германия отарларынан айрылады, сонымен бірге оның өзі, прокруст аясына бүктеліп, орналастырылған күйінде, 130 миллиард алтын марка өндіріп алу үшін барлық шараларды қолдануға тиіс деген мағнада бұл тәртіпті заң ретінде бекітіп отыр. Өсіп, ілгерілеп келе жатқан Германия бұл жағдайға көніп қояды деп ойлау — кереметке сенгендік болады. Егер бұрын, француз-пруссак соғысы-

нан кейін, Эльзас-Лотарингия туралы мәселе, сол кездегі қайшылықтар түйінінің бірі, империалистік соғыстың аса елеулі себептерінің бірі болған болса, онда Германияның Силезиядан, Данциг коридорынан және Данцигтен айырылуын, Украинаның Галициядан және Батыс Волыньнен айырылуын, Белоруссияның өз батыс бөлегінен айырылуын, Литваның Вильнодан айырылуын, т. б. заң етіп, заң ретінде ардақтайтын Версаль бітімі және жалғасы — Локарно, — бірсыпыра мемлекеттерді қыйдалап, қайшлықтардың бірсыпыра түйіндерін жасаған осы договор, — француз-пруссак соғысынан кейін Эльзас-Лотарингияны Франциядан бөліп алған бұрынғы француз-пруссак договорының аяғын құшпайды деуге кепілдік қайсы?

Ондай кепілдік жоқ және болуы да мүмкін емес.

Егер Дауэстің жоспары Германияда революция туғызатын жоспар болса, онда Локарно Европада жаңа соғыс туғызатын нәрсе.

Ағылшын консерваторлары Германияға қарсы «статус кво» сақтамақ та, Германияны Совет Одағына қарсы пайдаланбақ та болады. Олардың көздеп отырғаны тым көп емес пе?

Пацифизм туралы, европалық мемлекеттердің арасындағы бейбітшілік туралы әңгіме етушілік бар. Бриан мен Чемберлен ауыз жаласуда, Штреземан Англияны қошеметтеп сөйлеуде. Мұның бәрі түкке тұрмайтын нәрселер. Европа тарихынан біздің білетініміз мынадай: жаңа соғысқа арнап күш іріктеу туралы договорлар жасалған сайын олар, осы договорлар, бейбітшілік договорлары деп аталатын. Болашақ соғыстың элементтерін белгілейтін договорлар жасалатын, ал осындай договорлардың жасалуымен бірге бейбітшілік жөнінде әрдайым айқай-шу көтерілетін.

Мұндай реттерде бейбітшіліктің жалған жыршылары әрдайым табыла қоюшы еді. Француз-пруссак соғысынан кейінгі тарихтың фактыларын, Германия жеңіп шығып, Франция жеңіліп қалған кездегі, Бисмарк «статус квоны», яғни Германияның Францияға қарсы соғысы жеңіспен біткеннен кейін орнатылған тәртіпті сақтауға барынша тырысып баққан кездегі фактыларды еске түсірейін. Ол кезде Бисмарк бейбітшілікті жақтады, неге десеңіз бұл бейбітшілік оған Францияға қарағанда көп артықшылықтар беретін еді. Франция да бейбітшілікті жақтады, ең болмағанда, алғашқы уақытта, сәтсіз соғыстан есін жыйғанша бейбітшілікті жақтады. Міне осы дәуірде, жұрттың бәрі бейбітшілік туралы сөз етіп, ал жалған жыршылар Бисмарктың бейбітшілдік ниеттерін мадақтап жүрген кезде, Германия мен Австрия келісім жасасты, мүлде бейбітшілдік және мүлде пацифистік келісім жасасты, бұл келісім кейін болашақ империалистік соғыс негіздерінің бірі болды. Мен Австрия мен Германия арасында 1879 жылы жасалған келісімді айтып тұрмын. Бұл келісім кімге қарсы бағытталды? Россия мен Францияға қарсы бағытталды. Бұл келісімде не туралы айтылды? Тыңдаңыздар:

«Германия мен Австрияның берік ынтымағы ешкімге қауіп туғызбайтын болғандықтан және Берлин трактаты белгілеген негіздер бойынша Европада бейбітшілікті нығайту ісі көзделетіндіктен ұлы мәртебелі ағзамдар, яғни екі патша одақтық бітім мен өзара келісім жасауға ұйғарды».

Естіттіңіздер ме: **Европада бейбітшілік сақтау үшін** Германия мен Австрияның берік ынтымағы болған. Бұл келісім «бейбітшілік одағы» деп дәріптеліп жүрді, ал оның бержағында барлық тарихшылар бұл ке-

лісім 1914 жылғы империалистік соғысқа тікелей әзірлік болды деген пікірге қосылады. Европада бейбітшілік орнату туралы, ал іс жүзінде Европада соғыс ашу туралы осы келісімнің салдарынан екінші келісім туды, 1891—1893 жылдары Россия мен Францияның келісімі жасалды, — бұ да бейбітшілік туралы, — басқаша емес! Мұнда не туралы айтылады? Мұнда айтылатын нәрсе мынау:

«Бейбітшілік сақтау мақсатын бірдей көздеп отырған Франция мен Россия мынадай келісімге келді».

Қандай келісімге десеңіз — бұл жағы ол кезде ашық айтылған жоқ. Ал келісімнің құпыя текстінде былай делінген: соғыс бола қалған күнде Россия Германияға қарсы 700 мын әскер, ал Франция (жаңылмасам) 1 300 мың әскер шығаруға тиіс.

Бұл келісімдердің екеуі де ресми түрде бүкіл Европадағы бейбітшіліктің, достықтың және тыныштықтың келісімдері деп аталды.

Осының бәрінің қортындысы ретінде 6 жылдан кейін, 1899 жылы Гаага бейбітшілік конференциясы жыйналады, онда қару-жарақты ықшамдау туралы мәселе қойылады. Соғыс бола қалған күнде әскерлерді жылжытудың жоспарларын жасау үшін, Франция мен Россияның келісіміне сәйкес бас штабтан француз офицерлері Россияға келген кезде, ал Германияға қарсы болашақ соғыс әрекеттерінің жоспарларын жасау үшін бас штабтан орыс офицерлері Францияға барған кезде осылай болады. Германия мен Австрияның бас штабтары жоспар жасап, Австрия мен Германияның Батыс пен Шығыстағы өз көршілеріне өзара шабуыл жасауының шарттарын белгілеген кезде осылай болады. Нақ осы кезеңде (әрине, мұның бәрі астыртын, қалтарыста істеледі), 1899 жылы Гаага

конференциясы жыйналады, онда бейбітшілік жарияланады, онда қару-жарақты ықшамдау туралы жалған шу көтеріледі.

Жаңа соғысқа әзірлену ісін бейбітшілік туралы айқай-шумен, әуенмен бүркеуге тырысатын буржуазиялық дипломатияның шексіз сұрқиялығының үлгісі міне осындай.

Осыдан кейін Ұлттар лигасы мен Локарно туралы әуендерге сенуге біздің дәлеліміз бар ма? Әрине, жоқ. Міне сондықтан да біз ауыз жаласып отырған Чемберлен мен Брианға да, қошемет сөздер сөйлеп отырған Штреземанға да сене алмаймыз. Міне сондықтан да біз Локарно — бейбітшілік үшін емес, жаңа соғыс үшін күш іріктеудің жоспары деп ойлаймыз.

Бұл мәселеде II Интернационалдың ролі қызғылықты. Елден ерекше асыр салып, шарқ ұрып жүрген II Интернационалдың көсемдері ғой, олар: Локарно — бейбітшілік құралы, ал Ұлттар лигасы — бейбітшілік кемесі, большевиктердің Ұлттар лигасына кірмей жүрген себебі, олар бейбітшілікке қарсы деп, т. б. айтып жұмысшыларды сендірмек болады. Егер жоғарыда айтылғандарды еске алсақ, жәнеде француз-пруссак соғысынан кейін жасалған, бейбітшілік келісімдері деп аталған, ал іс жүзінде соғыс туралы келісімдер болып шыққан бірсыпыра келісімдер жөнінде мен келтірген тарихи анықтаманы еске алсақ, II Интернационал тарапынан көтерілген бүкіл осы айқай-шудың мәнісі неде? II Интернационалдың Локарно жөніндегі кәзіргі позициясы нені көрсетеді? Ол мынаны көрсетеді: II Интернационал жұмысшы табын буржуазиялық жолмен аздырушы ұйым ғана емес, сонымен қатар ол Версаль бітімінің барлық әділетсіздіктерін моральдық жағынан ақтаушы ұйым болып табылады. Ол мынаны

көрсетеді: II Интернационал Антантаға көмекші ұйым болып табылады, Локарно мен Ұлттар лигасы жолындағы өз қызметімен де, өз айқайымен де Версаль — Локарно режимі тудырған барлық әділетсіздіктерді және бүкіл қысымды моральдық жағынан ақтауға тиісті ұйым болып табылады.

4. Жеңген елдердің арасындағы қайшылықтар

Төртінші реттегі қайшылықтарға, жеңген елдердің арасындағы қайшылықтарға көшейін. Мұндағы негізгі фактылар мынада: Америка мен Англия арасындағы әлденендей одаққа қарамастан, одақтық борыштарды жоюға қарсы Америка мен Англияның келісімі негізінде жасалған одаққа қарамастан, осы одаққа қарамастан деймін, Англия мен Америка арасындағы мүдделер күресі әлсіреген жоқ, қайта, керісінше, күшейіп барады. Дүниежүзілік державалар үшін негізгі мәселелердің бірі қазір мұнай туралы мәселе болып табылады. Егер, мәселен, Американы алсақ, ол бүкіл дүниежүзілік өнімнің 70% шамасында өндіріп, бүкіл дүниежүзілік тұтыну мөлшерінің 60%-тен астамын тұтынады. Дүниежүзілік державалардың бүкіл шаруашылық және соғыс әрекетінің негізгі жүйкетамыры болып табылатын нақ осы салада Америка әр жерде және әрдайым Англияның қарсылығына кездесіп келеді. Егер біз біріншісі Американың, ал екіншісі Англияның өкілі болып табылатын дүниежүзілік екі мұнай компаниясын — «Стандарт Ойль» және «Конинклайк Шелл» компанияларын алсақ, осы компаниялардың арасындағы күрес дүниенің барлық атраптарында, әйтеуір мұнайы бар жерлердің бәрінде жүргізіліп отыр. Мұның өзі Америка мен Англияның күресі бо-

лып табылады. Өйткені мұнай туралы мәселе — өмірлік мәселе, өйткені болашақ соғыста кімнің билейтіні мұнайдың кімде көп болатындығына байланысты. Дүниежүзілік өнеркәсіп пен сауданы кімнің билейтіні мұнайдың кімде көп болатындығына байланысты. Алдыңғы қатарлы елдердің флоты моторлы двигательге көше бастағаннан кейінгі жерде мұнай бейбітшілік кезінде де, соғыс кезінде де басым болу жолындағы дүниежүзілік мемлекеттер күресінің өмірлік жүйкетамыры болып табылады. Сондықтан дәл осы салада Англияның мұнай компаниялары мен Американың мұнай компанияларының арасында ажалды күрес жүргізіліп отыр, рас, мұның өзі ылғый ашық түрде бола бермейтін, біракта әрдайым жүргізіліп, өршіп отырған күрес, мұның осылай екендігі келіссөздер тарихынан және Англия мен Америка арасында осы негізде туған қақтығыстар тарихынан мәлім. Америкада сыртқы істер министрі болып тұрған кезінде Юздың мұнай туралы мәселе жөнінде Англияға қарсы бірсыпыра ноталар тапсырғанын айтсам да жетіп жатыр. Күрес Оңтүстік Америкада, Персияда, Европада, Румыния мен Галицияның мұнайлы аудандарында, дүниенің барлық атраптарында біресе астыртын формада, біресе ашық формада жүргізіліп отыр. Англия мен Америка мүдделерінің Қытайдағы күресі сияқты, маңызы жағынан кем соқпайтын факт туралы мен енді айтып та отырғаным жоқ. Бәлкім, өздеріңіз білетін шығарсыздар, мұндағы күрес астыртын жүргізіледі, оның бержағында, неғұрлым икемді әрекет ететін, жәнеде ағылшын лордтарының бойынан әлі де арылмаған тұрпайы отарлық әдістерден сау Америка Англияны ығыстырып, өзіне Қытайға жол салу үшін, Қытайда Англия-

ны ойсырата қанқақсатып кетіп жүр. Әлбетте, Англия бұған жайбарақат қарап отыра алмайды.

Европа континентінде үстемдік ету жолындағы күреске байланысты Франция мен Англия арасындағы мүдделер қайшылығы туралы мен тәптіштеп айтып жатпаймын. Бұл жалпыға белгілі факт. Тағыда бір айқын нәрсе, Англия мен Франция арасындағы мүдделер күресі континенттегі гегемония туралы мәселе жөнінде ғана емес, отарларда да жүргізіліп отыр. Баспасөзде Сирия мен Мароккода Франция империализміне қарсы жүргізіліп жатқан күрес Англияның қатысуынсыз ұйымдастырылған жоқ деген мәліметтер басылды. Менде документтер жоқ, бірақ бұл мәліметтер қыйсынсыз емес қой деп ойлаймын.

Онан кейін мен Америка мен Жапония арасындағы мүдделер қайшылығы туралы да айтып жатпаймын, — бұл да белгілі нәрсе. Тек не үшін істеліп жатқанын еске түсіру үшін американ флотының Ұлы мұхитта таяуда өткізілген маневрлерін және жапон флотының маневрлерін еске түсірсе болғаны.

Ақырында, мен барша жұртты таңдандыратын фактыны, жеңген елдерде қару-жарақтың орасан өскендігі жөніндегі фактыны көрсетіп өтуге тиіспін. Мен жеңушілер туралы, жеңген мемлекеттер арасындағы қайшылықтар туралы айтып тұрмын. Бұл жеңушілер одақтастар деп аталады. Рас, Америка Антантаға кірмейді, бірақ ол Антантамен одақтасып Германияға қарсы соғысты. Міне осы одақтастар кәзір мейлінше қаруланып жатыр. Кімге қарсы қаруланып жатыр? Бұрын, Антанта елдері қаруланғанда, әдетте Германияны сылтау ететін, Германия бақайшағына дейін қаруланған және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік үшін қауіп туғызып отыр, сондықтан қорғану үшін

қарулану қажет десетін. Ал енді ше? Енді, қарулы күш ретінде, Германия жоқ: ол қарусыздандырылды. Солай бола тұрса да кәзір жеңген елдерде қару-жарақтың өсуі бұрынғы кездердегіден ерекше болып отыр. Мәселен, Францияда авиацияның сұмдық өсуінің себебі не? Англияда қару-жарақтың, әсіресе теңіз флотының сұмдық өсуінің себебі не? Америка мен Жапонияда теңіз флотының сұмдық өсуінің себебі не? Германияны бірлесіп жеңіп, оны қарусыздандырған «одақтас» мырзалар неден, кімнен қорқады? Олар неден қорқады және неге қаруланады? Ал бейбітшілік туралы даурығатын және өздерін ресми түрде достар деп атаған «одақтастардың» «дерексіз» жауға қарсы жанталасып қаруланып жатқанын көрмейтін — көрмегенситін — II Интернационалдың пацифизмі қайда? Қару-жарақтың жанталасып өсуін тоқтату үшін Ұлттар лигасы мен II Интернационал не істеді? Қару-жарақ өскен кезде «зеңбіректердің өздері ата бастайтыны» әлде оларға мәлім емес пе? Ұлттар лигасы мен II Интернационалдан жауап күтпеңіздер. Мұнда әңгіме былай: жеңген елдер арасындағы мүдделер күресі өсіп, күшеюде, олардың өзара қақтығысуы күмәнсіз нәрсе болып отыр, сондықтан олар, жаңа соғысты күнілгері меңзеп, бар күшін, бар қаражатын жұмсап қаруланууда. Егер мен бұл мағнада біздің көріп отырғанымыз жеңген елдер арасындағы достық бейбітшілік емес, қарулы бейбітшілік, соғыс туғызатын қарулы бейбітшілік халі десем, мұным асыра айтқандық болмайды. Жеңген елдердегі кәзіргі әрекет 1914 жылғы соғыс алдындағы жағдайға — қарулы бейбітшілік халіне өте ұқсас.

Европаның билеушілері кәзір осы фактыны пацифизм туралы даурықпалы айқаймен бүркеуге тырысып

отыр. Бірақ мен бұл пацифизмнің құны не екенін және бұған қандай баға қойылуы керек екенін жоғарыда айттым. Большевиктер дәл Генуя кезінен бастап-ақ қарусыздануды талап етіп келеді[52]. II Интернационал және пацифизмнің басқа да мылжыңдары біздің ұсынысымызды неге қолдамайды?

Бұл жағдай Европаның өзінің құлдыққа түсуі нәтижесінде жеткен тұрақтауы, уақытша, шінара тұрақтауы баянды емес екенін тағыда көрсетіп отыр, өйткені жеңген елдер мен жеңілген елдер арасындағы қайшылықтар туралы айтпағанның өзінде, жеңген елдер ішіндегі қайшылықтар өсіп, күшейіп отыр.

5. Капиталистік дүние және Совет Одағы

Бесінші реттегі қайшылықтарға — Совет Одағы мен капиталистік дүниенің арасындағы қайшылықтарға көшейін.

Бұл саладағы негізгі жағдай мынадай: бүкіл дүние жүзінде бәрін қамтыйтын капитализм енді жоқ. Совет Елі дүниеге келгеннен кейін, ескі Россия Совет Одағына айналғаннан кейін, — осыдан кейін — бүкіл дүние жүзінде бәрін қамтыйтын капитализм болмай қалды. Дүние жүзі екі лагерьге: империализм лагеріне және империализмге қарсы күрес лагеріне бөлінді. Атап көрсетерлік бірінші жағдай осы.

Бұл саладағы атап көрсетерлік екінші жағдай мынау: капитализм елдерін негізгі екі ел — Англия мен Америка, ағылшын-американ одағы ретінде, — бастап отыр. Наразыларды және империализмге қарсы жан аямай күресушілерді біздің ел — Совет Одағы бастап отыр.

Үшінші жағдай — негізгі екі орталық, бірақ қара-

ма-қарсы тартымды екі орталық құрылып, осыған сәйкес бүкіл дүние жүзінде бұл орталықтарға бетбұратын екі бағыт белгіленіп отыр: буржуазиялық үкіметтер үшін — Англия-Америка, ал Батыс жұмысшылары мен Шығыс революционерлері үшін — Совет Одағы. Англия-Америка өзінің байлығы арқылы тартады, олардан кредиттер алуға болады. Совет Одағы өзінің революциялық тәжрибесі арқылы, жұмысшыларды капитализмнен және езілген халықтарды империализмнен азат ету жолындағы күрес тәжрибесі арқылы тартады. Мен Европа жұмысшылары мен Шығыс революционерлерінің біздің елге бет бұруы туралы айтып тұрмын. Европалық жұмысшы үшін немесе езілген елдердің революционері үшін біздің елде болып қайтудың қандай маңызы бар екенін, олардың бізге қалай саяқат етіп келетінін, оның үстіне бүкіл дүние жүзіндегі барлық адал және революцияшыл адамдардың біздің елге қалай бет бұратынын өздеріңіз білесіздер.

Екі лагерь, тартымды екі орталық.

Төртінші жағдай — ана лагерьде, капитализм лагерінде мүдделер мен ынтымақ бірлігі жоқ, онда мүдделер күресі, ыдыраушылық өріс алған, жеңгендер мен жеңілгендер арасында, жеңгендердің өздерінің арасында, отарлар үшін, пайда табу үшін барлық империалистік елдердің арасында күрес жүргізілуде, осының бәрінің салдарынан ол лагерьдегі тұрақтау берік бола алмайды. Ал біздің елдегі тұрақтау дұрыс қалыпта жүріп, нығайып келеді, біздің шаруашылығымыз өсіп келеді, социалистік құрылысымыз өсіп келеді, бүкіл біздің лагерьде Батыстың да, Шығыстың да барлық наразы элементтері мен топтарын еліміздің пролетариатының төңірегіне топтау ісі, оларды Совет

Одағының төңірегіне топтау ісі бірте-бірте, үздіксіз жүргізіліп отыр.

Онда, капитализм лагерінде, — ыдыраушылық пен ірушілік байқалып отыр. Мұнда, социализм лагерінде, — ұйымшылдық және ортақ жауға қарсы — империализмге қарсы — өсе түскен мүдделер бірлігі байқалып отыр.

Бесінші реттегі қайшылықтар саласынан, — капитализм дүниесі мен Советтер дүниесінің арасындағы қайшылықтар саласынан, — менің көрсетіп өткім келген негізгі фактылар міне осылар.

Мен бүкіл дүние жүзіндегі революцияшыл және социалистік элементтердің біздің елдің пролетариатына бет бұруы деп атаған фактыға айрықша тоқталып өткім келеді. Мен біздің елге келіп отыратын жұмысшы делегациялары туралы, тек қыйрату ғана емес, сонымен бірге жаңаны орнату да біздің қолымыздан келетінін көріп-білу үшін құрылысымыздың әрбір түкпірін құнттап қарап шығатын делегациялар туралы айтып тұрмын. Жұмысшы делегацияларының, — біздің елге жұмысшылардың осылай саяқат жасауының, — кәзір Батыстағы жұмысшы қозғалысының дамуындағы тұтас бір дәуірді көрсететін делегациялардың мәнісі неде? Сіздер ағылшын жұмысшы делегациясын, неміс жұмысшы делегациясын Совет мемлекетінің басшылары қалай қарсы алғанын естіттіңіздер. Біздің жолдастар, басқарудың әралуан салаларындағы басшылар жұмысшы делегацияларының өкілдеріне түсінік беріп қана коймай, олардың алдында тікелей есеп бергенін байқадыңыздар ма? Ол кезде мен Москвада жоқ едім, мен жол жүріп кеткен болатынмын, бірақ мен газеттерді оқығанмын, сонда мен Халық шаруашылығы жоғарғы советінің басшысы Дзержинский жолдастың

неміс жұмысшы делегациясына жәй ғана түсінік беріп қоймай, оның алдында есеп бергенін оқыдым. Бұл — біздің өміріміздегі жаңалықты және өзгеше нәрсе, бұған айрықша назар аудару керек. Мен мұнай өнеркәсібіміздің басшылары — Грозныйда Косиордың және Бакуде Серебровскийдің — жұмысшы делегаттарға дағдыда саяқатшыларға түсінік беретіндей жәй ғана түсінік беріп қоймай, жұмысшы делегацияларының алдында, жоғарғы бақылаушы өкіметтің алдындағыдай, есеп бергенін оқыдым. Мен жоғарғы мекемелеріміздің бәрі де, Халық Комиссарлары Советі мен Орталық Атқару Комитетінен бастап жер-жерлердегі атқару комитеттеріне дейін, жұмысшы делегацияларын Батыстағы жұмысшы табының біздің құрылысымызды және біздің жұмысшы мемлекетін достықпен, туысқандықпен бақылайтын көзі деп біліп, олардың алдында есеп беруге дайын екендігін оқыдым.

Осы фактылардың бәрі нені көрсетеді? Бұл фактылар екі нәрсені көрсетеді. Біріншіден, бұл фактылардың көрсететіні — Европа жұмысшы табы, ең болмағанда Европа жұмысшы табының революцияшыл бөлегі біздің мемлекетімізді өзінің белбаласы деп есептейді, жұмысшы табы біздің елге өз делегацияларын жібергенде әуесқойлық үшін емес, бізде істің жайы қалай екенін және не істеліп жатқанын көріп келу үшін жібереді, өйткені олар, тәрізі, осында біз орнатып жатқанның бәріне өздерін моральдық жағынан жауапты деп есептейтін болса керек. Екіншіден, бұл фактылардың көрсететіні — Европа пролетариатының революцияшыл бөлегі, біздің мемлекетімізді өзінің ұлы ете отырып және оны өзінің белбаласы деп санай отырып, қажет болған күнде оны қорғау ісін

және ол үшін күресу ісін қолға алады. Өзін басқа елдердің жұмысшы делегацияларының туысқандық бақылауына беруге батылы баратын, ең барып тұрған демократияшыл мемлекет деп, басқа бір мемлекетті маған атап көрсетіңіздерші! Сіздер ондай мемлекетті атап көрсете алмайсыздар, өйткені дүние жүзінде ондай мемлекет жоқ. Тек біздің мемлекет қана, жұмысшылар мен шаруалардың мемлекеті ғана, осындай қадам жасауға жарайды. Ал жұмысшы делегацияларына барынша сенім көрсете отырып, біздің ел осы арқылы Европа жұмысшы табының да сенімін барынша арттырады. Ал бізге деген бұл сенім біз үшін барлық заем атаулылардың қандайынан болса да бағалы, өйткені бұл, жұмысшылардың біздің мемлекетіміз жөніндегі осы сенімі, империализмге қарсы және оның интервенцияшылдық айла-шарғыларына қарсы негізгі құрал болып табылады.

Біздің мемлекетіміз бен Батыс пролетариатының өзара қатнастарындағы өзгерістің, жұмысшылардың біздің елге саяқат жасауы нәтижесінде қалыптасқан немесе қалыптасып келе жатқан өзгерістің негізі міне осында. Біргалай адамдар аңдамай жүрген жаңалық міне осы, ал мұның өзі кәзір шешуші нәрсе болып табылады. Өйткені егер біз Европа жұмысшы табының бір бөлегі, оның белбаласы болып саналатын болсақ, егер, осыған сүйене отырып, Европа жұмысшы табы өзіне моральдық жауапкерлікті алатын болса, біздің мемлекетімізді, айталық, капитализмнің интервенциясы бола қалған күнде, одан қорғау міндетін, біздің мүдделерімізді империализмнен қорғау міндетін өз мойнына алатын болса, онда бұл нені көрсетеді? — Біздің күшіміз өсіп келе жатқанын және күн санап емес, сағат санап өсе беретінін көрсетеді. Капитали-

змнің әлсіздігі күн санап емес, сағат санап өсе беретінін көрсетеді. Өйткені кәзір жұмысшылардың көмегінсіз соғысуға болмайды. Егер жұмысшылардың біздің Республикаға қарсы соғысқылары келмесе, егер олар біздің Республиканың тағдырын өздеріне жақын көріп, оны өзінің белбаласы деп есептейтін болса, онда біздің елге қарсы соғыс мүмкін емес нәрсе болмақ. Біздің елге жасалатын саяқаттың сыры, оның тамыры, оның мағнасы міне осында; мұндай саяқат бізде болды және әлі де бола бермек, ал біз мұны, ынтымақтылықтың кепілі ретінде және біздің елдің жұмысшылары мен Батыс елдерінің жұмысшылары арасындағы достық дәнекерлерін нығайтудың кепілі ретінде, барынша қолдап отыруға міндеттіміз.

Біздің елге келіп кеткен делегациялардың саны туралы бір-екі ауыз сөз айтсам, бәлкім, артық болмас. Мен таяуда бір жолдас Москва конференциясында: «Бұл делегациялар бізге тым қымбатқа түспей ме?» деп Рыковқа сұрақ беріпті деп естіттім. Жолдастар, мұндай сөздерді айтуға болмайды. Бізге келетін жұмысшы делегациялары туралы ешқашан да бұлай деуге болмайды. Бұлай деу ұят. Батыс жұмысшы табының бізге өз делегаттарын жіберуіне көмектесу үшін, өкіметті қолға алған жұмысшы табының капитализмді қыйратуға ғана емес, сонымен қатар социализмді орнатуға да қабілетті екенін олардың көріп-білуіне көмектесу үшін біз ешқандай шығыннан, ешқандай құрбандықтан тартынып қала алмаймыз, тартынуға тиіс те емеспіз. Олар, Батыстың жұмысшылары, ең болмағанда олардың бірталайы, жұмысшы табы буржуазиясыз күн көре алмайды дегенге әлі де болса сеніп келеді. Жұмысшы табына социал-демократтар сіңдіріп отырған бұл соқыр сенім Батыстағы

жұмысшы табының негізгі ауруы болып табылады. Жұмысшы табы өкіметті алғаннан кейін, ескіні қыйратуға ғана емес, сонымен қатар социализм орнатуға да қабілетті екенін Батыс жұмысшы табының өз делегаттары арқылы көріп-білуіне мүмкіндік беру үшін біз ешқандай құрбандықтан тартынбаймыз. Біздің ел — дүние жүзіндегі бірден-бір жұмысшы мемлекеті екенін Батыс жұмысшы табының көріп-білуіне, Батыста олардың осы ел үшін күресіп, мұны өз капитализмінен қорғауы игілікті іс екенін ұғынуына мүмкіндік беру үшін біз ешқандай құрбандықтан тартынбаймыз. (Қол шапалақтау).

Бізде үш түрлі делегациялар болды: интеллигенттік делегациялар, мұғалімдер, т. б., ересек жұмысшылардың делегациялары, бұлар, шамада, долбармен есептесек, 10-ға жуық, және жұмысшы жастардың делегациялары болды. Біздің елге небәрі 550 делегат пен серуенші келді. Кәсіпшілер Одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советі тіркеген, тағыда 16 делегация келмек. Біздің елдегі жұмысшы табының Батыс жұмысшы табымен байланысын нығайту үшін және осы арқылы интервенция мүмкіндіктерінің қандайына болса да қарсы бөгет орнату үшін біз бұл істі бұдан былай да алға бастыра береміз.

Капитализмді жегідей жеп отырған негізгі қайшылықтардың өзгешелік сыйпаттары міне осындай.

Барлық осы қайшылықтардан не туады? Бұлар нені көрсетеді? Бұлардың көрсететіні — бірсыпыра ішкі қайшылықтар капиталистік дүниені жегідей жеп отыр, бұл қайшылықтар капитализмді әлсіретіп отыр, екінші жағынан, біздің дүние, социализм дүниесі, барған сайын өркендеп, нығайып келеді, сондықтан күштердің уақытша тепе-теңдігі нақ осы негізде туды, ал

мұның өзі бізге қарсы соғысқа тыйым салды, мұның өзі советтік мемлекет пен капиталистік мемлекеттер арасындағы «тату тұру» кезеңінің бастамасы болды.

Мен тағыда екі факт туралы, бізде соғыс дәуірінің орнына «тату тұру» кезеңінің орнауына әсерін тигізген фактылар туралы айтып өтуге тиіспін.

Бірінші факт — қазіргі кезеңде Америка Европада соғысты қаламайды. Европаға ол былай дегендей: мен саған миллиардтарды қарызға бердім, егер бұдан былай да ақша алып отырам десең, сен сумаңдама, егер өз валютаңның аяғы аспаннан келсін демесең, отырып, жұмыс істе, ақша тап және борыштарың бойынша процент төле. Американың бұл кеңесі, тіпті Европа үшін мұның шешуші маңызы жоқ деген күнде де, қалай дегенмен әсерін тигізбей қала алмайтынын дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас.

Екінші факт — біздің елде пролетарлық революция жеңген кезден бастап капитализмнің дүниежүзілік системасынан товар өткізетін орасан зор рыноктері бар, орасан зор шикізат қорлары бар орасан зор тұтас бір ел бөлініп шықты, сондықтан мұның өзі Европаның шаруашылық жағдайына, әрине, әсерін тигізбей қойған жоқ. Дүниенің алтыдан бір бөлегінен айрылу, біздің елдегі рыноктер мен шикізат қорларынан айрылу дегеннің мәнісі капиталистік елдердің өз өндірісін ықшамдау, оны бүтіндей әлсірету деген сөз. Міне сондықтан европалық капиталдың біздің елден, біздегі рыноктер мен шикізат қорларынан осылайша шеттеп қалуына тыйым салу үшін, сөйтіп біздің рыноктер мен шикізат қорларына өтіп алу үшін бізбен біршама «бейбіт тұру» кезеңіне бару қажет болды, — бақсақ, басқаша жолмен Европадағы шаруа-

шылықты әйтеуір бір дәрежеде тұрақты етуге мүмкіндік жоқ көрінеді.

6. ССРО сыртқы жағдайы

Социализм лагері мен бүкіл дүние жүзіндегі капитализм лагері арасында күштердің біршама тепетеңдігін белгілеген, соғыс кезеңінің орнына тыныс кезеңін орнатқан, қысқаша тынысты ұзақ тыныс дәуіріне айналдырған және, Ильич айтқандай, капиталистік дүниемен біршама «ынтымақ» орнатуға бізге мүмкіндік берген барлық фактылар міне осылар.

Совет Одағын «танулар» кезеңі, басталып отырған және бұдан былай да жүргізіле беретін кезең, осыдан келіп шығады.

Бізді қай елдердің «танығанын» мен санап жатпаймын. Сірә, бізді танымаған ірі елдерден жалғыз Америка қалған сияқты. Бізде, мәселен, Германиямен және Италиямен сауда договорлары жасалғандығы туралы да айтып жатпаймын. Біздің сыртқы саудамыздың едәуір өскендігі, бұл сауданы бізге мақта экспортын жасаушы ел ретінде Американың өтемөте көздеп отырғандығы және біздің астығымыз бен ауылшаруашылық өнімдерімізді импорт жасаушы елдер ретінде Англия мен Германияның көздеп отырғандығы туралы да ұзақ әңгіме етіп жатпаймын. Бір ғана айта кетерлік нәрсе, быйылғы жыл, «бірлесіп тұру» кезеңі орнағаннан кейінгі жерде, біз біршама кең көлемде сауда-саттық жөнінде капиталистік дүниемен байланысымызды арттырып, ұлғайта бастаған бірінші жыл болды.

Әрине, бұдан біз енді, былайша айтқанда, барлық мүдірістерді және, былайша айтқанда, біздің мем-

лекет пен Батыс мемлекеттерінің арасында болып келген және әлі де болып отырған барлық талаптар мен қарсы талаптарды жойдық деген мағна тумайды. Бізден борыш төлеуді талап етіп жүргенін біз білеміз. Европа мұны әлі ұмытқан жоқ және, бәлкім, ұмытпас, қалай дегенмен тез арада ұмыта қоймайды. Бізге соғыстан бұрынғы борыштарың 6 миллиардқа тең, соғыс кезіндегі борыштарың 7 миллиардтан астам сом, сөйтіп, небәрі — 13 миллиард десіп жүр. Егер валютаның төмендеуін еске алып, бұл сомадан лимитрофтардың үлесін шығарып тастасақ, онда біз батысевропалық мемлекеттерге кем дегенде 7 миллиард борышты болып шығамыз. Өздеріңізге мәлім, азамат соғысы кезіндегі Англияның, Францияның, Американың интервенциясына байланысты біздің қарсы талаптарымыз (егер Ларинның есептерін қабылдасақ), шамада, 50 миллиард сом мөлшерінде болады. Ендеше олар бізден гөрі бес есе артық бересілі болып шығады. (Ларин орнынан: «Біз мұны аламыз».) Ларин жолдас мұның бәрін уақытында аламыз дейді. (Күлкі.) Ал егер, Финанс Халық Комиссариаты сияқты, сараңдау есептесек, кем дегенде 20 миллиард болып шығады. Қалай дегенмен ұтыс бізде. (Күлкі.) Алайда, капиталистік елдердің бұған көңгісі келмей отыр, сондықтан біз әлі де олардың тізімдерінде борышқорлар ретінде көрсетіліп жүрміз.

Капиталистермен келіссөздердің барысында біз кездесіп жүрген тосқауылдар мен бөгеттер міне нақ осы негізде туып отыр. Англия жайында осылай болды, Франция жайында да, бәлкім, осылай болар.

Партиямыздың Орталық Комитетінің бұл мәселе жөніндегі позициясы қандай?

Бұл позиция Макдональдпен договор[53] жасасқанда қандай болса, нақ сол күйінде қалды.

Біз еліміздің 1918 жылы шығарылған белгілі заңын — патшалық борыштарды жою туралы заңды[54] — бұза алмаймыз. Біз осы заңның негізінде қаламыз. Біз жарияланып қойылған және экспроприаторларды экспроприациялау ісін заң еткен декреттерді жоя алмаймыз. Біз осы заңдардың негізіндеміз және болашақта да осы негізде тұра бермекпіз. Бірақ біз, практикалық келіссөздер жүргізілгенде, бұрынғы патшалық борыштар жөнінде Англия үшін де, Франция үшін де біраз кеңшіліктер жасауға, сөйтіп, оның азынаулағын төлеуге және сол үшін бірер нәрсе алуға қарсы емеспіз. Біз бұрынғы жеке меншіктілерді концессиялар беру арқылы қанағаттандыруға қарсы емеспіз, бірақ бұл ретте де концессиялардың шарттары кіріптарлық шарттар болмауға тиіс. Біз осы негізде Макдональдпен келісімге келген едік. Бұл келіссөздердің астары соғыс борыштарын факт жүзінде жою идеясы еді. Дәл сондықтан да бұл договор бұзылды. Бұзған кім! Күмән жоқ, Америка, Америка Раковскийдің Макдональдпен жүргізген келіссөздеріне қатыспағанымен, Макдональд пен Раковский келісімнің белгілі жобасына келгенімен, бұл жоба екі жақтың екеуіне де жол ашатын болғанымен, және бұл жоба екі жақтың да мүдделерін қанағаттандыратын жоба болғанымен, солай бола тұрса да договор іс жүзіне аспады, өйткені бұл жоба соғыс борыштарын жою идеясына сүйенген еді, ал Америка мұндай жағдайды жасағысы келмеді, өйткені ол онда Европадан аласы миллиардтарынан айрылған болар еді, сондықтан ол, яғни Америка, «кеңес берді», сөйтіп договор жоқ болды.

Солай бола тұрса да, біз қәзірде де осы аталған жобаның негізіндеміз.

Сыртқы саясатымыздың мәселелерінен, есеп беріліп отырған дәуірде туған мәселелерден, біздің үкіметтің батысевропалық елдердегі үкіметтермен өзара қатнастарына жататын, өте-мөте түйінді және айбынды мәселелерден мен екі мәселені көрсетіп өткім келеді: біріншіден, ағылшын консерваторлары әлденеше рет қозғаған және әлі де қозғай беретін мәселе, бұл — насихат туралы мәселе, ал, екіншіден, Коммунистік Интернационал туралы мәселе.

Бізді Европада да, отарлар мен тәуелді елдерде де империализмге қарсы дербес насихат жүргізеді деп айыптайды. Ағылшын консерваторларының айтуынша, орыс коммунистері — бұлар Британ империясының қуатын қыйратқалы жүрген адамдар. Менің бұл арада айта кететінім, мұның бәрі — нағыз бос сөздер. Бізге жұмысшы делегацияларының өздері келіп, кетіп жүргеннен кейінгі жерде, біздегі тәртіптер туралы біліп алып, Батыстың барлық елдеріне біздегі тәртіптер туралы хабар таратып жүргеннен кейінгі жерде бізге ешқандай дербес насихат жүргізудің керегі жоқ. Бұдан басқа ешқандай насихат бізге керек емес. Мұның өзі Советтер құрылысы үшін, капитализм құрылысына қарсы ең жақсы, ең күшті және ең нәтижелі насихат. (Қол шапалақтау.)

Бізге Шығыста насихат жүргізесіңдер деседі. Мен бұл да — нағыз бос сөздер деп кесіп айтамын. Біздің бүкіл мемлекеттік құрылысымыз еліміздегі әралуан ұлттардың халықтарының татулығына және туысқандық ынтымағына негізделетінін біз өзіміз білетін болғаннан кейін Шығыста ешқандай дербес насихат жүргізудің бізге керегі жоқ. Біздің елге келіп, мұнда

лап жүреді деген лақаптар таратып жүр. Оның бержағында, Болгариядағы Софияда болған қопарылыс коммунистерге таңылып отыр. Мен мынаны айтуға тиіспін: жеке террор жөніндегі теория мен практикаға коммунистердің ешқандай қатысы болмағанын, қатысы жоқ екенін және қатысы бола да алмайтынын, жеке кісілерге қарсы заговорлар теориясына коммунистердің ешқандай қатысы болмағанын, қатысы жоқ екенін және қатысы бола да алмайтынын әрбір мәдениетті адам, — егер ол барып тұрған надан болмаса, егер ол сатылған қаныпезер болмаса, — білетін болуы керек. Коминтерннің теориясы мен практикасы капитализмге қарсы бұқаралық революциялық қозғалыс ұйымдастыруда. Бұл рас. Бұл — коммунистердің міндеті. Тек надандар мен есуастар ғана заговорлар мен жеке террорды Коминтерннің бұқаралық революциялық қозғалыстағы саясатымен шатастыруы мүмкін.

Жапония туралы бір-екі сөз. Батыста біздің жауларымыздың кейбіреулері қолдарын уқалап мәз болуда: әне, көрдіңіздер ме, Қытайда революциялық қозғалыс басталды, — әрине, қытай халқын сатып алғандар әлгі большевиктер ғой, — 400 миллиондық халықты сатып алған олар болмағанда кім болушы еді? — ал мұның өзі, білсеңіздер, «орыстардың» жапондармен төбелесуіне апарып соқтырады деседі. Жолдастар, мұның бәрі бос сөз. Қытайдағы революциялық қозғалыстың күштері ұшан-теңіз. Бұл күштер әлі де мықтап өрістеген жоқ. Бұл күштер болашақта әлі де өрістемек. Бұл күштерді көрмей отырған және бұлармен тиісінше санаспай отырған, Шығыс пен Батыстың билеушілері мұның зардабын шегеді. Біз, мемлекет ретінде, бұл күшпен санаспай отыра алмай-

жарты жыл болған әрбір қытай, әрбір египтян, әрбір индус біздің ел езілген халықтардың жан жүйесін ұғынатын және бұрынғы үстем ұлттың пролетарларының бұрынғы езілген ұлттардың пролетарларымен ынтымағын орната білетін бірден-бір ел екеніне көздерін жеткізе алады. Қытайдан, Индиядан, Египеттен келетін делегациялар, бізде жұмыс істеп, бәрін көзімен көргеннен кейін, біздегі тәртіптер туралы бүкіл дүние жүзіне хабар таратулары керек, бұдан басқа ешқандай насихаттың, ешқандай үгіттің бізге керегі жоқ. Бұл ең жақсы насихат және насихаттың барлық формаларының, барлық түрлерінің ішіндегі ең нәтижелісі.

Бірақ Британ империясын қыйрата алатын және сөзсіз қыйрататын бір күш бар. Бұл — ағылшын консерваторлары. Бұл — Британ империясын сөзсіз, күмәнсіз құрып бітуге жеткізетін күш. Консерваторлардың өкімет басына келген кездегі саясатын еске түсірудің өзі-ақ жетіп жатыр[55]. Олар неден бастады? Олар Египетті ауыздықтаудан, Индияға қысымды күшейтуден, Қытайды интервенциялаудан, т. т. бастады. Консерваторлардың саясаты міне осы. Егер ағылшын лордтары бұдан басқа саясатқа қабілетсіз болса, бұған кім айыпты және кімді айыптау керек? Осындай жолмен жүре отырып, консерваторлардың Британ империясын сөзсіз құрып бітуге жеткізетіндігі, екі жерде екі — төрт болатыны сияқты, айқын нәрсе екенін түсіну қыйын ба?

Коминтерн туралы бірнеше сөз. Батыста империалистердің жалдамшылары және жалған хаттардың авторлары Коминтерн заговоршылар мен террористердің ұйымы, коммунистер Европа билеушілеріне қарсы заговорлар ұйымдастыру үшін Батыстағы елдерді ара-

мыз. Біз Солтүстік Америка бір мемлекет болып бірігер кезде оның алдында қандай мәселе тұрған болса, Германия бір мемлекет болып құралып, бірігер кезде оның алдында қандай мәселе тұрған болса, Италия бірігіп, сыртқы жаулардан азат болар кезде оның алдында қандай мәселе тұрған болса, Қытай алдына да нақ сондай мәселе қойылып отыр деп есептейміз. Мұнда шындық пен әділдік бүтіндей қытай революциясының жағында. Міне сондықтан да біз қытай халқын империалистердің езгісінен азат ету жолында және Қытайды бір мемлекет етіп біріктіру жолында күресіп отырған қытай революциясына тілектеспіз және тілектес бола бермекпіз. Кімде-кім осы күшпен санаспай отырған болса және санаспайтын болса, ол сөзсіз ұтылады. Мен ілгерілеп бара жатқан және жолындағы кедергілердің бәрін аластап отырған Қытайдағы ұлттық қозғалыстың осы өсе түскен күшімен Жапонияның өзі де санасуға тиіс екенін Жапония түсінер деп ойлаймын. Чжан Цзо-линнің құрып бара жатқан нақтылы бір себебі — ол мұны түсінбеді. Ал оның құрып бара жатқан себептерінің бірі — ол өзінің бүкіл саясатын ССРО мен Жапония арасындағы егестерге, екі арадағы қатнастардың нашарлауына негіздеп құрды. Өзінің саясатын біздің ел мен Жапония арасындағы егестерге, біздің ел мен Жапония арасындағы қатнастардың нашарлауына негіздеп құратын Манчжурияның әрбір генералы, әрбір билеушісі сөзсіз құрыйды. Олардың өзінің саясатын тек Жапониямен біздің қатнастарымыздың жақсаруына және Жапониямен біздің жақындасуымызға негіздеп құргандары ғана аяғын тік басып тұрады, тек осындай генерал мен осындай билеуші ғана Манчжурияда берік

орнығып отыра алады, өйткені бізде Жапониямен біздің қатнастарымызды шиеленістіретін мүдделер жоқ. Біздің мүдделеріміз біздің елдің Жапониямен жақындасуы бағытында болып отыр.

7. Партияның міндеттері

Партиямыздың сыртқы жағдайға байланысты міндеттері туралы мәселеге көшейін.

Менің ойымша, бұл ретте партияның міндеттері, оның жұмыс істеуі мағнасында, екі салада: **халықаралық** революциялық қозғалыс саласында және одан кейін Совет Одағының **сыртқы саясаты** саласында болып белгіленуі тиіс.

Халықаралық революциялық қозғалыс саласындағы міндеттер қандай?

Ол міндеттер мынадай: біріншіден, Батыстағы коммунистік партияларды нығайту бағытында, олардың жұмысшы бұқараларының көпшілігін өздеріне қаратып алуы бағытында жұмыс жүргізу керек. Екіншіден — Батыс жұмысшыларының кәсіпшілер одағының бірлігі жолындағы күресін, біздің Одақтың пролетариаты мен капиталистік елдердің пролетариаты арасындағы достықты нығайту жолындағы күресін күшейту бағытында жұмыс жүргізу керек. Мен жоғарыда әңгіме етіп, маңызын суреттеп өткен саяқаттар кезеңі де осыған кіреді. Үшіншіден — біздің елдің пролетариаты мен езілген елдердің азаттық қозғалысы арасындағы байланысты нығайту бағытында жұмыс жүргізу керек, өйткені олар — империализмге қарсы күресте біздің одақтастарымыз болып табылады. Және төртіншіден — еліміздің социалистік эле-

менттерін нығайту бағытында, осы элементтердің капиталистік элементтерді жеңуі бағытында, барлық елдердің жұмысшыларын революцияшылдандыру үшін шешуші маңызы бар осындай жеңіске жету бағытында жұмыс жүргізу керек. Әдетте, жолдастар, партиямыздың халықаралық революциялық қозғалыс саласындағы міндеттерін сөз қылғанда, алғашқы үш міндетпен ғана тынып, төртінші міндетті — мына жағдайды ұмытып кетіп жүр: біздің елдегі біздің күресіміз, еліміздегі социалистік элементтердің капиталистік элементтерді жеңіп шығуы жолындағы күрес, біздің құрылыстық күресіміз өзінің маңызы жағынан бұл да халықаралық, интернационалдық күрес болып табылады, өйткені біздің ел — халықаралық революцияның базасы, өйткені біздің ел — халықаралық революциялық қозғалысты үдетудің негізгі тұтқасы; ал егер біздің мұндай құрылысымыз тиісті қарқынмен жүріп отырған болса, онда мұның мәнісі — біз халықаралық революциялық қозғалыс жөніндегі өз жұмысымызды барлық басқа тарауларда партияның бізге қойып отырған талабы қандай болса, нақ солай істеп отырмыз деген сөз.

Партияның халықаралық революциялық қозғалыс саласындағы міндеттері міне осындай.

Енді — партияның біздің Одақтың сыртқы саясаты саласындағы міндеттеріне келейік.

Біріншіден — жаңа соғыстарға қарсы күресу бағытында, сонсын бейбітшілік сақтау және капиталистік елдермен қалыпты қатнас дейтінді қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүргізу керек. Үкіметіміздің саясатының, сыртқы саясатының негізі бейбітшілік идеясы болып табылады. Бейбітшілік үшін күресу, жаңа со-

ғыстарға қарсы күресу, жаңа соғысты әзірлеу жөнінде істеліп жүрген әрекеттердің бәрін де әшкерелеу, іс жүзінде соғысқа әзірленушілікті пацифизм жалауымен бүркейтін әрекеттерді әшкерелеу — біздің міндетіміз болып табылады. Дәл сондықтан да біз Ұлттар лигасына енгіміз келмейді, өйткені Ұлттар лигасы жаңа соғысқа әзірлік жұмысын бүркеуші ұйым болып табылады, өйткені Ұлттар лигасына ену үшін, Литвинов жолдастың дұрыс айтқанындай, балға мен төстің бірін таңдау керек. Ал біз әлсіз халықтар үшін балға болғымыз да келмейді, күштілер үшін төс болғымыз да келмейді, біз біріншісін де, екіншісін де қаламаймыз, біз — бейбітшілікті жақтаймыз, біз — қандай пацифистік жалаулармен бүркелген болса да, соғысқа бастайтын әрекеттердің бәрін де әшкелереу керек дейміз. Мұның өзі Ұлттар лигасы бола ма немесе Локарно бола ма — бәрібір, бізді жалаумен алдай алмайсың, бізді айқай-шумен қорқыта алмайсың.

Екіншіден — сыртқы сауда монополиясы негізінде сыртқы дүниемен біздің товар айналысымызды ұлғайту бағытында жұмыс жүргізу керек.

Үшіншіден — империалистік соғыста жеңілген елдермен, барлық капиталистік елдердің ішінде көбірек жәбірленіп, көбірек есесі кеткен, сондықтан да ұлы державалардың үстемдік етуші одағына оппозицияда тұрған елдермен жақындасу бағытында жұмыс жүргізу керек.

Төртіншіден — тәуелді елдермен және отар елдермен байланыс жасау бағытында жұмыс жүргізу керек.

Қәзіргі кезеңде халықаралық қатнастар мен халықаралық жұмысшы қозғалысының саласында партия алдында тұрған міндеттер осындай.

II

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ ІШКІ ЖАҒДАЙЫ

Мен Орталық Комитеттің есебі жөніндегі баяндаманың екінші бөліміне көшемін. Баяндаманың бұл бөлімінде мемлекетіміздің ішкі жағдайы және Орталық Комитеттің ішкі жағдайға қатысы бар мәселелер жөніндегі саясаты туралы әңгіме болады. Менің бірнеше цифрларды келтіріп өткім келеді. Баспасөзде соңғы кезде басылған цифрлар аз болмаса да, алайда, амал не, бірнеше цифрларды келтіріп өтпеске болмайды.

1. Бүкіл халық шаруашылығы

Бірақ цифрларға көшпестен бұрын, социалистік шаруашылықты құру жөніндегі жұмысымызды белгілейтін бірнеше жалпы қағыйдаларды баяндап өтуге рұхсат етіңіздер (мен шаруашылықтан бастамақпын).

Бірінші қағыйда. Біз капиталистік қоршау жағдайында жұмыс істеп, құрылыс ісін жүргізіп отырмыз. Мұның мәнісі — біздің шаруашылығымыз бен біздің құрылысымыз біздің шаруашылық системасы мен капиталистік шаруашылық системасының арасындағы қайшылық жағдайында, қақтығыстар жағдайында дамыйды деген сөз. Бұл қайшылықтан біз қайтсек те қашып құтыла алмаймыз. Мұның өзі көлемінде екі системаның, социалистік система мен капиталистік системаның, күресі жүргізілетін шеңбер болып табылады. Онан соң, мұның мәнісі — біздің шаруашылық тек сыртқы капиталистік шаруашылыққа қарама-қарсы қойылуы жағдайында ғана емес, сонымен қатар еліміздің ішіндегі әралуан элементтерге қарама-қарсы қойылуы, социалистік элементтердің капиталистік эле-

менттерге қарама-қарсы қойылуы жағдайында құрылуға тиіс деген сөз.

Бұдан шығатын қортынды: біз өз шаруашылығымызды ұйымдастырғанда, еліміз дүниежүзілік капиталистік системаның шылауына айналмайтындай етіп, еліміз капиталистік дамудың жалпы системасына оның көмекші кәсіпорны ретінде енгізілмейтіндей етіп, біздің шаруашылығымыз дүниежүзілік капитализмнің көмекші кәсіпорны ретінде емес, көбінесе, ішкі рынокке сүйенетін, біздің индустриямыздың еліміздегі шаруа шаруашылығымен байланыс жасауына сүйенетін дербес экономикалық тұлға ретінде дамыйтындай етіп ұйымдастыруға тиіспіз.

Екі сара жол бар: мұның бірі біздің еліміз әлі де ұзақ уақыт аграрлық ел болып қалуға тиіс, ауылшаруашылық өнімдерін шетке шығарып, құрал-жабдықтарды шеттен әкелуге тиіс, осы жолды ұстап, бұдан былай да осы жолмен даму керек деген пікірге сүйенеді. Бұл жол асылында біздің индустрияны тежеуді талап етеді. Бұл жол таяуда Шаниннің тезистерінде көрсетілді (бұл тезистерді «Экономическая Жизнь» газетінен, бәлкім, кейбіреулеріңіз оқыған боларсыздар[56]). Бұл жол біздің еліміз ешқашан да, немесе ешқашан да дерлік, шындап индустриялана алмайтын, біздің ел ішкі рынокке сүйенетін экономикалық дербес тұлғадан объективті түрде жалпы капиталистік системаның шылауына айналуға тиісті болатын жағдайға әкеліп соғады. Бұл жол біздің құрылысымыздың міндеттерінен бастартқандық болады.

Бұл жол біздің жолымыз емес.

Елімізді экономика жағынан дербес, тәуелсіз елге, ішкі рынокке сүйенетін елге айналдыру үшін, біртебірте капитализмнен ажырап, социалистік шаруашы-

лықтың арнасына қосылатын барлық басқа елдерді өзіне тартушы орда бола алатын елге айналдыру үшін біз барлық күшімізді жұмсауға тиіспіз деген пікірге сүйенетін екінші сара жол бар. Бұл жол біздің өнеркәсібімізді барынша өркендетуді, бірақ өзімізде бар қорлардың шамасына қарай және соған сәйкес өркендетуді талап етеді. Бұл жол біздің елімізді капитализмнің дүниежүзілік системасының шылауына айналдыру саясатын мүлде керек етпейді. Бұл — біздің құрылысымыздың жолы, партия осы жолды ұстап отыр және бұдан былай да осы жолды ұстамақ. Капиталистік қоршау болып отырған уақытта бұл жол міндетті жол болып табылады.

Германияда немесе Францияда, немесе бұл екі елдің екеуінде де революция жеңген кезде, бұл елдерде неғұрлым жоғары техникалық негізде социалистік құрылыс басталған кезде, әңгіме басқаша болады. Онда біз елімізді тәуелсіз экономикалық тұлғаға айналдыру саясатынан елімізді социалистік дамудың жалпы арнасына енгізу саясатына көшеміз. Бірақ әзір мұндай өзгеріс болған жоқ, сондықтан халық шаруашылығымыз үшін тәуелсіздіктің белгілі минимумы болуы бізге өте қажет, мұнсыз елімізді дүниежүзілік капитализмнің системасына шаруашылық жағынан бағынудан сақтап қалу мүмкін емес.

Бірінші қағыйда міне осындай.

Екінші қағыйда, құрылысымызда біз, бірінші қағыйда сияқты, нұсқау етіп қолдануымызға тиісті қағыйда, — шаруашылыққа біздің басшылығымыздың капиталистік елдердегі басшылықтан өзгеше екендігін әрдайым ескеріп отыру керек. Онда, капиталистік елдерде, жеке меншікті капитал үстем болып отыр, онда жеке капиталистік трестердің, синдикаттардың, капи-

талистердің белгілібір топтарының қателерін рынок стихиясы түзетеді. Товар тым көп өндірілсе, — дағдарыс болады, бірақ онан соң, дағдарыстан кейін, шаруашылық қалпына келеді. Шеттен товар әкелуге тым қатты елігіп, сауданың пассивтік балансы болса, — вексельдің құны кемиді, инфляция болады, импорт азаяды, экспорт көбейеді. Мұның бәрі дағдарыс ретінде болып отырады. Әрбір азды-көпті ірі қате және әрбір азды-көпті ірі мөлшердегі қалыптан тыс өндірушілік немесе өндірістің бүкіл керексіну мөлшерінен елеулі түрде алшақ кетуі капиталистік елдерде былай еткізбей қоймайды: бұл ағаттықтар, қателер және алшақтықтар белгілібір дағдарыс арқылы түзетіліп отырады. Капитализм елдеріндегі тіршілік осылай. Ал біз бұлай тіршілік ете алмаймыз. Онда біз капиталистердің жеке топтарын шарпыйтын шаруашылық, сауда, финанс дағдарыстары бар екенін көріп отырмыз. Бізде — істің жайы басқаша. Саудадағы, өндірістегі әрбір елеулі кідіріс, шаруашылығымыздағы әрбір елеулі жаңылыс белгілібір жеке дағдарыспен тынбайды, бүкіл халық шаруашылығына зардабын тигізеді. Әрбір дағдарыс — сауда, финанс, өнеркәсіп дағдарысы да — бізде бүкіл мемлекетімізге зардабын тигізетін жалпы дағдарысқа айналып кетуі мүмкін. Сондықтан құрылыс жұмысын жүргізгенде біздің ерекше сақ, ерекше қырағы болуымыз керек. Сондықтан жаңылыс аз болуы үшін, біздің шаруашылыққа ететін басшылығымыз мейлінше қырағы, мейлінше сақ, мейлінше қатесіз болуы үшін біз шаруашылыққа жоспарлы түрде басшылық етуге тиіспіз. Бірақ амал не, жолдастар, бізде ерекше қырағылық та, ерекше сақтық та, шаруашылықты қатесіз басқару жөнінде ерекше қабілеттілік те кем, біз құрылыс ісін жаңа-жаңа үйреніп

келе жатырмыз, сондықтан бізде қателер болып отыр және келешекте де болады. Сондықтан біз құрылыс ісін резервтер жыйнай отырып жүргізуге тиіспіз, бізге олқылықтарымыздың орнын толтыратын резервтер қажет. Соңғы екі жылда істеген бүкіл жұмысымыз біздің кездейсоқ нәрселерден де, қателерден де қауіпсіз емес екендігімізді көрсетеді. Ауыл шаруашылығы саласында бізде өте көптеген жағдайлар біздің шаруашылық жүргізуімізге ғана емес, сонымен қатар табиғи күштерге де байланысты (қуаңшылық, т. б.). Өнеркәсіп саласында өте көптеген жағдайлар біздің шаруашылық жүргізуімізге ғана емес, сонымен қатар ішкі рынокке де байланысты, ал мұны біз әлі меңгеріп алған жоқпыз. Сыртқы сауда саласында өте көптеген жағдайлар бізге ғана емес, сонымен қатар батысевропалық капиталистердің әрекетіне де байланысты, оның бержағында біздің экспортымыз бен импортымыз неғұрлым көбірек өссе, біз капиталистік Батысқа соғұрлым көбірек тәуелді боламыз, жаулардың соққы беруіне соғұрлым көбірек ыңғайлы боламыз. Осы кездейсоқ жағдайлар мен болмай қоймайтын қателердің бәрінен өзімізді қауіпсіз ету үшін біз резервтер жыйнау қажеттігін ұғынуымыз керек.

Біз ауыл шаруашылығы саласында қуаңшылық болуынан қауіпсіз емеспіз. Сондықтан резерв керек. Біз өнеркәсібімізді дамыту жолында ішкі рыноктің кездейсоқ қыяпаттарынан қауіпсіз емеспіз. Біз жыйналып жатқан өз қаражатымызбен тіршілік етіп отырғанда, жыйналған қаражатты жұмсау ісінде өте сараң және өте ұқыпты болуға тиіс екендігіміз туралы, әрбір тиінді орнымен жұмсауға, яғни әрбір белгілі кезенде дамуы сөзсіз қажет болып отырған іске жұмсауға тиіс екендігіміз туралы мен енді айтып та отырғаным жоқ.

Өнеркәсіп үшін резервтердің қажеттігі міне осыдан келіп шығады. Біз сыртқы сауда ісінде кездейсоқ қыяпаттардан (бүркемелі бойкот, бүркемелі блокада, т. б.) қауіпсіз емеспіз. Резервтердің қажеттігі міне осыдан келіп шығады.

Ауылшаруашылық кредитке берілетін соманы екі есе арттыруға болар еді, бірақ онда өнеркәсіпті қаржыландыру үшін қажетті резерв қалмас еді, өнеркәсіптің дамуы ауыл шаруашылығынан көп кейін қалып қояр еді, фабрикаттардың өнімі азаяр еді, фабрикаттардың бағасы тым өсіп кетер еді де, мұның салдарынан біртала зыян келер еді.

Өнеркәсіпті өркендетуге берілетін қаражатты екі есе арттыруға болар еді, бірақ мұның өзі өнеркәсіпті аса жедел қарқынмен дамытар еді де, басы артық капиталдың өте тапшылығынан біз бұл қарқынға төтеп бере алмас едік, сөйтіп біз осы негізде, ауыл шаруашылығына кредит беру үшін резервтің жетпей қалатынын айтпағанның өзінде, сөзсіз сәтсіздікке ұшыраған болар едік.

Өнеркәсіптің дамуын жедел қарқынмен ілгерілету үшін импортымыздың, көбінесе құрал-жабдық импортының дамуын кәзіргіден екі есе жедел ілгерілетуге болар еді, бірақ мұның өзі шеттен әкелінетін заттардың шетке шығарылатын заттардан асып түсуіне себеп болар еді де, пассивтік сауда балансы туар еді, сөйтіп валютамыздың шырқы бұзылар еді, яғни өнеркәсіпті жоспарлап, дамыту ісіне бірден-бір мүмкіндік беретін негіздің шырқы бұзылар еді.

Ешнәрсеге қарамастан, ішкі рыноктың халіне назар аудармастан, экспортты барынша ілгерілетуге болар еді, бірақ мұның өзі қалаларда ауылшаруашылық өнімдер бағасын тез көтеру мағнасында, демек,

жалақыға зардабын тигізу мағнасында және кейбір жасанды түрде ұйымдастырылған ашаршылық мағнасында зор қыйыншылықтар туғызар еді, мұның нәтижесінде бірталай зыян келер еді.

Жұмысшылардың жалақысын соғысқа дейінгі дәрежеге ғана емес, онан да жоғары етіп, барынша көтеруге болар еді, бірақ бұл жағдай өнеркәсібіміздің даму қарқынын төмендетуге себеп болар еді, өйткені біздің жағдайымызда, сырттан қарыз алуға болмай отырған жағдайда, кредит, т. б. болмай отырған жағдайда өнеркәсіпті өркендету ісі өнеркәсіпті қаржыландырып, қоректендіру үшін қажетті біраз пайда жыйнау арқасында ғана мүмкін болады, алайда, егер жалақыны арттыру қарқынын тым жеделдеткен болсақ, істің сәті түспес еді, яғни азды-көпті мөлшерде қор жыйнаудың сәті түспес еді.

Т. т. және т. с.

Еліміздің құрылысы жөніндегі біздің жұмысымызда шам-шырақ, маяк болуға тиісті, нұсқау ретіндегі негізгі екі қағыйда міне осындай.

Енді цифрларға көшуге рұхсат етіңіздер.

Айтпақшы, тағы да бір жағдайды ескерте кетейін. Бізде шаруашылығымыздың системасында кейбір алақұлалық — тұтас бес уклад бар. Шаруашылықтың өзіндік дерлік уклады бар: бұл — өнімінің товарлылығы өте аз шаруа шаруашылықтары. Шаруашылықтың екінші уклады, товарлы өндіріс уклады бар, мұнда шаруа шаруашылығындағы товарлылық шешуші роль атқарады. Шаруашылықтың үшінші укладыы — жеке меншікті капитализм бар, бұл әлі өлтірілген жоқ, бұл жанданып отыр және бізде нэп болып тұрғанда белгілі дәрежеге дейін жандана бермек. Шаруашылықтың төртінші уклады, бұл — мемлекеттік капитализм, яғни

біз жол берген және пролетарлық мемлекеттің қалауынша бақылап, тежеп отыруға мүмкіндігіміз бар капитализм. Ақырында, бесінші уклад — социалистік өнеркәсіп, яғни біздің мемлекеттік өнеркәсібіміз, — мұндағы өндірісте бір-біріне қас екі тап — пролетариат пен буржуазия — жоқ, мұнда тек бір тап — пролетариат бар.

Осы бес уклад туралы менің бір-екі сөз айтып өткім келеді, өйткені бұл бір-екі сөзсіз мен жариялағалы отырған цифрларды және өнеркәсібіміздің дамуында байқалып отырған беталысты түсіну қиын болады, бұлай етудің аса қажет болатын себебі — құрылысымыздың системасындағы осы бес уклад туралы Ленин кезінде әбден толық айтқан болатын[57], біздің құрылыс жұмысымызда осы укладтардың арасындағы күресті ескере білудің керектігін бізге үйреткен болатын.

Мен мемлекеттік капитализм туралы және типі жағынан социалистік өнеркәсіп болып табылатын мемлекеттік өнеркәсіп туралы, осы мәселе жөнінде партия ішінде орын алған түсінбеушілік пен шатасушылықты жою үшін бір-екі сөз айтпақшымын.

Біздің мемлекеттік өнеркәсібімізді мемлекеттік капитализм өнеркәсібі деп атауға бола ма? Болмайды. Неге? Неге десеңіз, пролетариат диктатурасы жағдайларында мемлекеттік капитализм дегеніміз өндірістің мынадай ұйымдастырылуы болып табылады; мұнда екі тап — өндіріс құрал-жабдықтарын иемденетін қанаушы тап және өндіріс құрал-жабдықтарын иемденбейтін қаналушы тап болады. Мемлекеттік капитализмнің қандай ерекше формасы болса да, ол өзінің мазмұны жағынан қалай да капиталистік болуға тиіс. Мемлекеттік капитализмді талдағанда, Ильич ең ал-

дымен концессияларды айтқан болатын. Концессияларды алып, мұнда екі тап бар ма екен, соны көрейік. Я, бар. Қанаушы және өндіріс құрал-жабдықтарын уақытша иемденуші капиталистер, яғни концессионерлер табы бар, жәнеде концессионерлер қанап отырған пролетарлар табы бар. Мұнда социализм элементтері жоқ екендігі тіпті мынадан-ақ айқын көрінеді: концессиялық кәсіпорынға еңбек өнімділігін арттыру туралы науқан жүргізу үшін ешкімнің де батылы бармайды, өйткені концессиялық кәсіпорын социалистік кәсіпорын емес, социализмге жат кәсіпорын екендігін жұрттың бәрі біледі.

Кәсіпорындардың екінші типін — мемлекеттік кәсіпорындарды алайық. Бұлар мемлекеттік капитализмнің кәсіпорындары болып табыла ма? Жоқ, олай болып табылмайды. Неге? Неге десеңіз, бұл кәсіпорындарда екі тап емес, бір тап бар, жұмысшылар табы бар; бұл тап өз мемлекеті арқылы өндіріс құралдары мен өндіріс жабдықтарын иемденеді және мұны ешкім қанамайды, өйткені кәсіпорында жалақыдан тысқары алынатын қаражаттың ең көбі өнеркәсіпті онан әрі өркендету ісіне, яғни бүкіл жұмысшы табының хал-жайын жақсарту ісіне жұмсалады.

Егер кәсіпорындарымыздың басқарушы органдарында қалып қойған бюрократизмнің сарқыншақтарын еске алатын болсақ, бұл қайткенмен де толық социализм емес деушілер болар. Бұл дұрыс. Бірақ бұл жағдай мемлекеттік өнеркәсіп өзінің типі жағынан социалистік өндіріс болып табылады деген пікірге қайшы келмейді. Өндірістің екі типі бар: капиталистік тип, оның ішінде мемлекеттік капиталистік тип, онда екі тап бар, онда өндіріс капиталиске пайда келтіру үшін жұмыс істейді, және өндірістің екінші, социалис-

тік типі бар, мұнда қанау жоқ, мұнда өндіріс құрал-жабдықтары жұмысшы табының қолында, ал кәсіпорындары жат тапқа пайда келтіру үшін емес, өнеркәсіпті барлық жұмысшылардың игілігін көздеп ұлғайту үшін жұмыс істейді. Ленин біздің мемлекеттік кәсіпорындарымыз типі жағынан дәйекті социалистік кәсіпорындары болып табылады деп дәл айтқан болатын.

Бұл арада біздің мемлекетіміз жөнінде аналогия жасауға болады. Біздің мемлекетіміз де буржуалық мемлекет деп аталмайды, өйткені мұның өзі Лениннің айтуынша мемлекеттің жаңа типі, **пролетарлық** мемлекеттің типі. Неге? Неге десеңіз, біздің мемлекеттік аппаратымыз жұмысшы табын езу үшін жұмыс істемейді, ал буржуазиялық мемлекеттердің бәрі түгелінен жұмысшы табын езіп-жаншып отырады; біздің мемлекеттік аппаратымыз жұмысшы табын буржуазияның езгісінен азат ету үшін жұмыс істейді. Міне сондықтан, бұл мемлекеттің аппаратында ескіліктің қоқыстары мен сарқыншақтары мейлінше көп болғанымен, біздің мемлекетіміз өзінің типі жағынан пролетарлық мемлекет болып табылады. Біздің советтік құрылысымызды мемлекеттің пролетарлық типі деп жарыялаған Лениннен басқа ешкім де бұл мемлекетті бюрократтық сарқыншақтары үшін ондай қатты сөккен емес. Солай бола тұрса да, Ленин біздің мемлекетіміз пролетарлық мемлекеттің жаңа типі деп үнемі айтып келді. Мемлекеттің типін мемлекеттің системасы мен аппаратында әлі де қалып қойған мұра мен сарқыншақтардан айыра білу керек. Дәл сол сыякты, мемлекеттік кәсіпорындардағы бюрократтық сарқыншақтарды бізде социалистік тип деп аталатын өнеркәсіптік құрылыс типінен сөзсіз айыра білу керек. Шаруашылық органдарында немесе трестерде қателер,

бюрократизм, т. с. әлі де бар болғандықтан біздің мемлекеттік өнеркәсібіміз социалистік өнеркәсіп емес деп айтуға болмайды. Бұлай деуге болмайды. Онда өзінің типі жағынан пролетарлық мемлекет болып отырған біздің мемлекетіміз де пролетарлық мемлекет болмас еді. Мен біздің пролетарлық мемлекеттің аппаратынан гөрі жұмысты жақсырақ және үнемдірек істейтін бірсыпыра буржуазиялық аппараттарды атай аламын. Бірақ бұдан біздің мемлекеттік аппаратымыз пролетарлық аппарат емес, біздің мемлекеттік аппаратымыз өзінің типі жағынан буржуазиялық аппараттан жоғары емес деген ұғым тумайды. Неге? Неге десеңіз, бұл буржуазиялық аппарат жұмысты жақсырақ істегенімен, ол капиталист үшін жұмыс істейді, ал біздің пролетарлық мемлекет аппараты, тіпті кейде ақсап басқанымен, ол қалайда пролетариат үшін буржуазияға қарсы жұмыс істейді.

Осы принциптік айырманы ұмытуға болмайды.

Мемлекеттік өнеркәсіп туралы да дәл осыны айту керек. Біздің мемлекеттік кәсіпорындарымыздың басқарушы органдарында болып отырған және әлі де болатын шалағайлықтар мен бюрократизмнің қалдықтарына қарап, осы қалдықтар мен кемшіліктерге қарап, біздің кәсіпорындарымыз өзінің мазмұны жағынан социалистік кәсіпорындар екендігін ұмытуға болмайды. Мәселен, Фордтың жұмысты жақсы істейтін кәсіпорындарында ұрлық, бәлкім, аз да болар, бірақ сонда да бұл кәсіпорындар сол Форд үшін, капиталист үшін жұмыс істейді, ал біздің кәсіпорындарымызда кейде ұрлық болса да, іс кейде ойдағыдай жүргізілмесе де олар сонда да пролетариат үшін жұмыс істейді.

Міне осы принциптік айырманы ұмытуға болмайды.

Енді біздің бүкіл халық шаруашылығымыз туралы цифрға көшейік.

Ауыл шаруашылығы. Оның 1924/25 жылғы жалпы өнімі, егер оның дәрежесін соғысқа дейінгі дәрежемен, 1913 жылғы дәрежемен салыстыратын болсақ, 71%-ке дейін көтерілді. Басқаша айтқанда, 1913 жылы соғыстан бұрынғы бағамен 12 миллиард сомнан аса өнім өндірілген еді, ал 1924/25 жылы өндірілген өнім 9 миллиард сомнан артық болды. Келесі 1925/26 жылы, біздің жоспарлаушы органдарымыздағы мәліметтерге қарағанда, өнім бұдан да арттырылып, 11 миллиард сомға, яғни соғыстан бұрынғы дәреженің 91%-іне жеткізілгелі отыр. Ауыл шаруашылығы өсіп келеді, — табиғи түрде осындай қортынды туады.

Өнеркәсіп. Егер бүкіл өнеркәсіпті, мемлекеттік өнеркәсіпті де, концессиялық өнеркәсіпті де, жеке меншікті өнеркәсіпті де алатын болсақ, 1913 жылы бүкіл өнеркәсіп 7 миллиард сомдық жалпы өнім берген еді, ал 1924/25 жылы 5 миллиард сомдық өнім берді. Бұл — соғыстан бұрынғы мөлшердің 71%-і. Біздің жоспарлаушы органдарымыз келесі жылы өндірілетін өнім 6½ миллиардқа жетеді деп ұйғарып отыр, яғни мұның өзі соғыстан бұрынғы мөлшердің 93%-і шамасында болады. Өнеркәсіп өрлеп келеді. Быйылғы жылы ол ауыл шаруашылығынан да тез өрледі.

Электрлендіру туралы мәселені ерекше атап өту керек. 1921 жылы ГОЭЛРО жоспары бойынша 10—15 жылдың ішінде қуаты 1 500 мың киловаттық және құны алтын есебімен 800 миллион сомдық 30 электр станциясын салу ісі белгіленген болатын. Октябрь революциясына дейін электр станцияларының қуаты 402 мың киловатт еді. Біз бұл уақытқа дейін қуаты 152,35 мың киловаттық электр станцияларын салдық

және 1926 жылы 326 мың киловаттық станциялар салынбақ. Егер осындай қарқынмен дамыйтын болса, онда 10 жыл ішінде, яғни 1932 жылдың қарсаңында (минималды түрде белгіленген мерзім) ССРО-ның электрлендіру жоспары жүзеге асырылады. Электр құрылысының өсуімен қатар электр өнеркәсібі өсіп отыр, 1925/26 жылға арналған программасы соғыстан бұрынғы дәреженің 165—170%-іне жетуді көздейді. Алайда, мынаны атап көрсету қажет: ірі гидроэлектр станцияларын салу ісі белгіленген жоспарлармен салыстырғанда қаражатты анағұрлым артық жұмсаттырып отыр. Мәселен, Волхов құрылысының бастапқы сметасы 24 300 мың «жобалы» сом болып жасалған еді, ал 1925 жылғы сентябрьде бұл смета 95 200 мың червон сомға жетіп өсті; бұл бірінші кезектегі станциялардың құрылысына жұмсалған қаражаттың 59%-і болады, ал Волхов құрылысының қуаты осы станциялар қуатының 30%-і болады. Земо-Авчаль станциясының бастапқы сметасы 2 600 мың алтын сом болып белгіленген еді, ал соңғы кезде керек болып отырғаны 16 миллион червон сом шамасында, мұның 12 миллиондайы қазірдің өзінде-ақ жұмсалып қойды.

Егер белгілібір ретпен біріккен мемлекеттік өнеркәсіп пен кооперативтік өнеркәсіптің өнімін алып, оны жеке меншікті өнеркәсіптің өнімімен салыстырсақ, онда бізде былай болып шығады: 1923/24 жылы мемлекеттік өнеркәсіп пен кооперативтік өнеркәсіп бір жыл ішінде бүкіл өндіріс сомасының 76%-ін, жеке меншікті өнеркәсіп — 23,7%-ін өндірген еді, ал 1924/25 жылы мемлекеттік өнеркәсіп пен кооперативтік өнеркәсіптің үлесі 79,3% болды, ал жеке меншікті өнеркәсіптің үлесі енді 23,7% емес, 20,7% болды.

Бұл дәуірдің ішінде жеке меншікті өнеркәсіптің

үлес салмағы кеміді. Келесі жылы мемлекеттік өнеркәсіп пен кооперативтік өнеркәсіптің үлесі 80% шамасында болады, ал жеке меншікті өнеркәсіптің үлесі 20%-ке түсіп кемиді деп ұйғарылып отыр. Абсолюттік түрде алғанда жеке меншікті өнеркәсіп өсіп отыр, бірақ мемлекеттік өнеркәсіп пен кооперативтік өнеркәсіп одан тезірек өсіп отыр, сондықтан жеке меншікті өнеркәсіптің үлес салмағы прогрестік түрде кеміп барады.

Санаспауға болмайтын және социалистік өнеркәсіптің жеке меншікті өнеркәсіптен басымдығы даусыз екендігін көрсететін факт мынау.

Егер мемлекеттің қолындағы мүлік пен жеке меншікті шаруашылық жүргізуші адамдардың қолындағы мүлікті алып қарасақ, бұл жөнінде де, — менің айтып тұрғаным Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының бақылау цифрлары, — басым жақ пролетарлық мемлекет болып шығады, өйткені мемлекеттің қолындағы күрделі қордың сомасы кем дегенде 11,7 миллиард (червон сом есебімен) болады, ал жеке меншік иелерінің, көбінесе шаруа шаруашылыктарының қолындағы қордың сомасы 7 жарым миллиардтан аспайды.

Бұл — ортақтастырылған қордың үлесі аса мол екендігін және бұл үлес ортақтастырылмаған сектордың мүлік үлесімен салыстырғанда өсіп келе жатқандығын көрсететін факт.

Сонда да біздің құрылысымызды тұтас алғанда мұны әлі де капиталистік құрылыс деп те, социалистік құрылыс деп те атауға болмайды. Біздің құрылысымыз тұтас алғанда капитализмнен социализмге беталған өткелді құрылыс болып табылады; — мұнда, өнімнің көлемі жағынан алғанда, жеке меншікті шаруа өндірісі әлі де басым жатыр, бірақ мұнда социа-

листік өнеркәсіптің үлесі үздіксіз өсіп келеді. Социалистік өнеркәсіп үлесінің өсуі мынадай: бұл өнеркәсіп өзінің шоғырланғандығымен пайдаланып, өзінің ұйымшылдығымен пайдаланып, бізде пролетариат диктатурасының бар екендігімен пайдаланып, транспорттың мемлекет қолында екендігімен пайдаланып, кредит системасы өзіміздікі, банктер де өзіміздікі екендігімен пайдаланып, осылардың бәрімен пайдаланып, халық өндірісінің бүкіл көлеміндегі үлесі бірден бірге өсіп келе жатқан біздің социалистік өнеркәсібіміз, осы өнеркәсіп, ілгерілей отырып, жеке меншікті өнеркәсіпті өзіне бағындыра бастап отыр, шаруашылықтың барлық өзге укладтарын өзіне бейімдеп, оларды өзінің соңынан ерте бастап отыр. Деревняның тағдыры осындай ғой, — ол қаланың соңынан, ірі өнеркәсіптің соңынан еруге тиіс.

Егер құрылысымыздың сыйпаты туралы, бұл құрылыстағы социалистік өнеркәсіптің үлесі туралы, жеке меншікті капиталистік өнеркәсіптің үлесі туралы, ақырында, ұсақ товарлы өндірістің, көбінесе шаруа өндірісінің жалпы халық шаруашылығындағы үлесі туралы мәселені қозғайтын болсақ, міне осындай негізгі қортынды шығады.

Мемлекеттік бюджет туралы бір-екі сөз. Мемлекеттік бюджет бізде 4 миллиард сомға жетіп өскендігін өздеріңіз білетін боларсыздар. Егер соғыстан бұрынғы бағамен есептейтін болсақ, онда біздің мемлекеттік бюджетіміз, соғыстан бұрынғы кездегі мемлекеттік бюджетпен салыстырғанда, кемінде 71% болады. Сонан соң, егер жалпымемлекеттік бюджеттің сомасына, жергілікті бюджеттерді есепке алу мүмкіндігіне қарай, осы жергілікті бюджеттердің сомасын қоссақ, онда біздің мемлекеттік бюджетіміз 1913 жылмен са-

лыстырғанда кемінде 74,6% болады. Бір айта кетерлік нәрсе, біздің мемлекеттік бюджетіміздің системасында салықтан тысқарғы табыстардың үлес салмағы салықтан түскен табыстардың үлес салмағынан анағұрлым жоғары. Мұның бәрі де біздің шаруашылығымыздың өсіп, ілгерілеп келе жатқандығын көрсетеді.

Мемлекеттік кәсіпорындарымыз бен кооперативтік кәсіпорындарынан былтырғы жылы түскен пайда туралы мәселенің аса зор маңызы бар, өйткені біз — капиталға кедей елміз, сырттан ірі заемдар алып отырмайтын елміз. Өнеркәсібімізді бұдан былай да өркендете беруге керекті қаражатымыз қаншалық болатынын білу үшін, біз өзіміздің өнеркәсіпке, сауда кәсіпорындарына, банктерге және кооперацияға қырағы көз салып отыруға тиіспіз. 1923/24 жылы одақтық маңызы бар мемлекеттік өнеркәсіп пен Главметалл, байқауымша, 142 миллион червон сом шамасында пайда келтірді. Мұның 71 миллионы қазнаға өткізілді. 1924/25 жылы бізге түскен пайда енді 315 миллион болды. Жоспар бойынша мұның 173 миллионы қазнаға өткізілмек.

Одақтық маңызы бар мемлекеттік сауда 1923/24 жылы 37 миллиондай пайда келтірді, мұның 14 миллионы қазна табысына қосылды. Бағаны арзандату саясаты жүргізілгендіктен біздің 1925 жылғы пайдамыз кемірек — 22 миллион болды. Бұл соманың 10 миллиондайы қазнаның табысына қосылады.

Сыртқы саудадан біз 1923/24 жылы 26 миллион сомнан астам пайда таптық, мұның 17 миллиондайы қазнаның табысына қосылды. 1925 жылы сыртқы сауда 44 миллион сом пайда келтіреді немесе, дұрысын

айтқанда, кәзірдің өзінде-ақ сонша пайда келтірді. Мұның 29 миллионы қазнаның табысына қосылады.

Финанс халық комиссариатының есебі бойынша, банктер 1923/24 жылы 46 миллион пайда келтірді, мұның 18 миллионы қазнаның табысына қосылды, 1924/25 жылы — 97 миллионнан астам пайда келтірді, мұның 51 миллионы қазнаның табысына қосылды.

Тұтыну кооперациясы 1923/24 жылы 57 миллион сом, ауылшаруашылық кооперациясы 4 миллион сом пайда келтірді.

Мен кәзір ғана келтірген цифрлар бірсыпыра азайтылып көрсетілген. Оның себебін өздеріңіз білесіздер. Біздің шаруашылық органдарымыз істі ұлғайтуға қаржыны өзінде көбірек қалдыру үшін қалай есеп жасайтынын білесіздер. Егер бұл цифрлар сіздерге аз болып көрінсе, ал бұл цифрлар шынында да аз, онда бұл цифрлар аздап азайтылып көрсетілген деп біліңіздер.

Сыртқы саудамыздың айналымы туралы бірнеше сөз.

Егер 1913 жылғы бүкіл сауда айналымын 100 деп алсақ, онда 1923/24 жылы біз өзіміздің сыртқы саудамызда соғыстан бұрынғы дәреженің 21%-іне, 1924/25 жылы соғыстан бұрынғы дәреженің 26%-іне жеткен болып шығамыз. 1923/24 жылғы экспорт — 522 миллион сом; импорт — 439 миллион сом; жалпы айналым — 962 миллион сом; активтік сальдо — 83 миллион сом еді. 1923/24 жылы бізде активтік сауда балансы болды. 1924/25 жылы экспорт — 374 миллион; импорт — 708 миллион; жалпы айналым 1 272 миллион сом болды; сальдо — 144 миллион сом кем. Сыртқы сауда жөнінде біз жыл аяғына 144 миллион сомдық пассивтік баланспен келдік.

Менің осыған біраз тоқтап өтуіме рұхсат етіңіздер.

Былтырғы шаруашылық жылында болған осы пассивтік сальдоны көбінесе жұрт быйылғы жылы, қуаңшылықтың салдарынан, сырттан көп астық әкелінді, мұның себебі сол деп түсіндіргісі келеді. Бірақ біз 83 миллион сомдық астық әкелдік, ал мұнда кемі 144 миллион сом болып отыр. Бұл кемдік неге әкеліп соғады? Ол мынаған әкеліп соғады: сатып алатынымыз сататынымыздан көп болса, әкелетініміз шығаратын нәрсемізден көп болса, біз осы арқылы өзіміздің есеп балансымызды, демек, валютамызды да екіталай халге түсіреміз. Партияның XIII съезі партия қалай да болса сауданың активтік балансына жетуге тиіс деп бізге директива берген болатын[58]. Біздің барлығымыз да, совет органдары да, Орталық Комитет те, бізге берілген директиваны орындамай, бұл арада өрескел қате істегенімізді мойындауға тиіспін. Мұны орындау қыйын еді, бірақ сонда да, белгілі қысым жасағанымызда, ең болмаса, біраз активтік сальдо жасауға болатын еді. Біз осындай өрескел қате жібердік, ал съезд мұны түзетуге тиіс. Айтпақшы, быйылғы жылы ноябрьде Орталық Комитеттің өзі арнаулы мәжілісте бұл қатені түзетуге тырысты, ол мәжілісте біздің шеттен әкелетін және шетке шығаратын затымыздың цифрларын қарап өтіп, келесі жылы сыртқы сауда ең кем болғанда 100 миллион сомдық активтік сальдо беретін болуға тиіс деп қарар шығарды; ал бұл қарарда біз өзіміздің келесі жылғы сыртқы сауда айналымының негізгі элементтерін белгілеген болатынбыз. Бұл қажет нәрсе. Бұл, біздің еліміз сыяқты, капиталы аз, шет елден капитал әкелінбейтін немесе өте аз мөлшерде әкелінетін елге өте қажет, сондықтан червондық валютамыздың бұлжымауы үшін және, валюта-

мызды берік сақтай отырып, өнеркәсібіміз бен ауыл шаруашылығымызды бұдан былай да өркендету мүмкіндігін сақтап қалу үшін есеп балансы, оның тепетеңдігі сауда балансының есебінен қамтамасыз етіліп отыруға тиіс. Тұрақсыз валютаның қандай нәрсе екенін бәріңіз де бастан кешірдіңіздер. Біз осы қырсықты пунктке қайта айналып соқпауға тиіспіз, сондықтан келешекте валютамызды тұрақсыз ететін жағдайларға ұшыратарлық фактылардың бәрін де бүтіндей жою үшін барлық шараларды қолдану керек.

Тұтас алғанда бүкіл халық шаруашылығы жөніндегі, жеке алғанда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жөніндегі, шаруашылықтың өзге түрлерімен салыстырғанда социалистік өнеркәсіптің үлес салмағы жөніндегі және социализм құрылысындағы жетекші идеялар, мен айтып өткен және партиямыздың Орталық Комитеті қолданып отырған жетекші идеялар жөніндегі цифрлар мен пікірлер міне осындай.

2. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы

Егер онан соң өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының кәзіргі кездегі және таяу уақыттағы өзара қатнасына тікелей қатысы бар мәселелерді алатын болсақ, бұл мәселелерді мынадай пункттермен сыйпаттауға болады.

Біріншіден. Біз әлде болса аграрлық елміз: ауыл шаруашылығының өнімі өнеркәсіптің өнімінен басым. Өнеркәсіптегі негізгі бір нәрсе: кәзірдің өзінде-ақ өнеркәсіп соғыстан бұрынғы мөлшердің шегіне жетті, ал өнеркәсіпте бұдан былай ілгері қадам жасау дегеннің мәнісі — оны жаңа техникалық негізде өркендету, жаңа құрал-жабдықты пайдалана отырып, жаңа

заводтар салу ісін үдете отырып өркендету деген сөз. Бұл өте қыйын жұмыс. Бұл табалдырықтан аттап өту ісі, өнеркәсібімізде болған нәрселердің бәрін барынша пайдалану саясатынан жаңа техникалық негізде жаңа заводтар салу негізінде жаңа өнеркәсіп құру саясатына көшу ісі, осы табалдырықтан аттап өту ісі көп капитал керек етеді. Бірақ бізде капиталдың жетімсіздігі едәуір болғандықтан өнеркәсібіміздің бұдан былайғы дамуы, істің сыңайына қарағанда, осы күнге дейінгі сыяқты жедел қарқынмен жүргізіле қоймайды.

Ауыл шаруашылығындағы істің жайы олай емес. Ауыл шаруашылығындағы бүркеулі жатқан мүмкіндіктердің бәрі де, оның техникалық негізіне сәйкес, кәзірдің өзінде сарқа пайдаланылды деуге болмайды. Ауыл шаруашылығының өнеркәсіптен айырмасы — ол осы күнгі техникалық негізде тұрып-ақ белгілі уақыт ішінде жедел қарқынмен ілгері баса алады. Тіпті шаруаның мәдениетін, сауатын жәй ғана көтерудің өзі-ақ, тіпті тұқым тазарту сыяқты жәй ғана істің өзі-ақ ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 10—15% арттырар еді. Бүкіл еліміз үшін мұның қандай маңызы бар екенін есептеп көріңіздерші. Егіншілікте әлі де бүркеулі жатқан міне осындай мүмкіндіктер бар. Міне сондықтан да егіншілікті бұдан былай да дамыту ісі өнеркәсібімізге кездесіп отырған техникалық қыйыншылықтарға әзірше кездеспейді. Сондықтан өнеркәсіп балансының ауыл шаруашылығының балансына үйлеспеушілігі келешекте таяудағы бірнеше жыл ішінде әлі де өсе бермекші, өйткені ауыл шаруашылығында әлі де жеткілікті түрде пайдаланылмаған және таяудағы жылдарда пайдаланылуға тиісті бірсыпыра ішкі потенциялық мүмкіндіктер бар.

Осы жағдайға байланысты біздің міндеттеріміз қандай?

Біздің міндетіміз, ең алдымен мынау: алдымызда тұрған қыйыншылықтарды жеңе отырып, мемлекеттік ірі өнеркәсібімізді қалай да ілгері дамыту керек. Онан соңғы міндет — жергілікті типтегі совет өнеркәсібін дамыту керек. Жолдастар, біз одақтық өнеркәсіпті дамытуға ғана назар аударып қоя алмаймыз, өйткені одақтық өнеркәсіп, орталыққа бағынған трестеріміз бен синдикаттарымыз 140 миллион халықтың сан алуан тілектері мен талаптарын орындай алмайды. Осы талаптарды орындай алатын болу үшін әрбір ауданда, әрбір округте, әрбір губернияда, облыста, ұлт республикасында өмір тіршілігі, өнеркәсіп тіршілігі қайнап жататын халге жету керек. Жер-жерде бүркеулі жатқан күштерді шаруашылық құрылысы жөнімен өршітпейінше, аудандар мен округтерден бастап, жергілікті өнеркәсіпке барынша көмек көрсетпейінше, осы күштердің бәрін өршітпейінше, біз еліміздегі шаруашылық құрылысының Ленин айтқан жаппай өрлеуіне жете алмаймыз. Бұлай етпейінше, орталықтың мақсат-мүдделерін жергілікті орындардың мақсат-мүдделерімен ұштастырмайынша, біз құрылыс жөніндегі ынта-жігерді өршіту проблемаларын, елімізде шаруашылықты жаппай өрлету проблемаларын, елімізді аса жедел индустрияландыру проблемаларын шеше алмаймыз.

Екіншіден. Бұрын отын жөнінде оның асыра өндірілгендігі туралы мәселе көтеріліп келген еді. Енді біз отын дағдарысы туралы мәселеге таянып келеміз, өйткені өнеркәсібіміз отыннан гөрі тезірек өсіп отыр. Біз еліміздің буржуазиялық құрылыс тұсындағы дәрежесіне, отын жетімсіз болып, біз оны ылажсыз шет-

тен әкеліп отырған кездегі дәрежеге жақындап келеміз. Басқаша айтқанда, отын балансы өнеркәсіптің балансына, оның мұқтаждықтарына үйлеспей отыр. Сондықтан отынның дамуы өнеркәсіптің дамуын қуып жететін, қуып жете алатын біздің отын шаруашылығын мықтап дамыту міндеті, оның техникасын жақсарту міндеті туып отыр.

Үшіншіден. Металл балансының бүкіл халық шаруашылығының балансына кейбір үйлеспеушілігі бар. Егер бізге керек металдың минимумдық мөлшерін және металл шығарудың максимумдық мүмкіндіктерін есептейтін болсақ, онда бізге ондаған миллион сомдық металл жетпейді. Біздің шаруашылығымыз, әсіресе біздің өнеркәсібіміз ендігі жерде бұлай алға баса алмайды. Сондықтан бұл жағдайға ерекше көңіл бөлу керек. Металл біздің өнеркәсібіміздің ең мықты негізі болып табылады, сондықтан оның балансы өнеркәсіп пен транспорттың балансына үйлесуге тиіс.

Төртіншіден. Біздің маман жұмысшы күшіміздің балансының өнеркәсібіміздің балансына үйлеспеушілігі. Бірсыпыра цифрлар баспасөзде жарияланды, сондықтан мен оларды қайталап жатпаймын, тек бір айта кететінім, 1925/26 жылы бүкіл өнеркәсіпке қосымша керек болып отырған маман жұмысшы күші 433 мың адам болып есептеледі, ал біз мұның төрттен бірін ғана бере аламыз.

Бесіншіден. Мен тағы да бір кемістік пен үйлесімсіздікті көрсетіп өтпекшімін; бұл үйлесімсіздік — темір жолдардағы жылжымалы құрасынды пайдалану мөлшері барлық шектерден асып түсіп отыр. Жылжымалы құрасынның жұмысын керексіну дәрежесінің орасан зор екендігі сонша, келесі жылы біз паравоздар мен вагондарды мүмкіндігіне ылайық 100% емес,

120—130% пайдалануға мәжбүр боламыз. Сонымен, Жол Қатнас Халық Комиссариатының негізгі капиталы шектен тыс тозатын болады, сондықтан, егер үзілді-кесілді шаралар қолданбасақ, таяудағы уақыттың ішінде біз үлкен қыйыншылыққа ұшырауымыз мүмкін.

Жалпы алғанда біздің халық шаруашылығымыздың ішіндегі, жекелеп алғанда өнеркәсібіміздің ішіндегі барлық кемістіктер мен үйлесімсіздіктер міне осылар, ал біз бұлардың бәрін де жоюға тиіспіз.

3. Сауда мәселелері

Енді сауда мәселелеріне көшуге рұхсат етіңіздер. Цифрлар бұл салада да, өнеркәсіп саласындағы сыяқты, мемлекеттік негіздің үлес салмағы жеке меншікті капиталистік негізге қарағанда өсіп, ілгерілеп отырғандығын көрсетеді. Егер ішкі сауданың жалпы айналымы товарлы сом есебімен соғыстан бұрын 20 миллиард сом болды деп есептесек, онда бұл айналым 1923/24 жылы 10 миллиард, яғни соғыстан бұрынғы мөлшердің 50%, 1924/25 жылы 14 миллиард, яғни — 70% болған болып шығады. Ішкі айналымның жалпы өскендігі даусыз. Егер мемлекеттің бұл айналымдағы үлесі туралы айтсақ, онда былай болып шығады: мемлекеттің бүкіл ішкі сауда айналымында 1923/24 жылғы үлесі 45%, кооперацияның үлесі 19%, жеке меншікті капиталдың үлесі 35% болды. Ал келесі жылы, яғни 1924/25 жылы, мемлекеттің үлесі 50%, кооперацияның үлесі 19% орнына 24,7%, жеке меншікті капиталдың үлесі 35% орнына 24,9% болды. Жалпы айналымда жеке капиталдың үлесі кеміп барады, мемлекет пен кооперацияның үлестері өсіп отыр. Егер айналымды екіге, топтылы сауда мен бөлшекті саудаға бөлсек, мұнда да нақ әлгі беталысты көреміз. Топты-

лысы бойынша 1923/24 жылы мемлекеттік сауданың үлесі бүкіл айналымның 62 процентінен асты, 1924/25 жылы 68,9% болды. Артқандығы айқын. Кооперация бойынша өсуі 15%-тен 19% ке жетіп отыр. Жеке меншікті сауданың үлесі 21% еді, енді — 11% болып отыр. Бөлшекті сауда бойынша 1923/24 жылы мемлекеттің үлесі 16%, 1924/25 жылы — 23% шамасында болды. Кооперацияның бөлшекті саудадағы үлесі былтыр 25,9% еді, 1924/25 жылы 32,9% болып отыр. Өскендігі күмәнсіз. Ал бөлшекті саудада жеке меншікті капиталдың үлесі 1923/24 жылы 57% еді, енді — 44,3% болып отыр. Біз бөлшекті сауда саласында табалдырықтан анық аттап өттік. Былтыр бөлшекті саудада жеке меншікті капитал басым еді, быйыл мемлекет пен кооперация басым болып отыр.

Шикізат пен астық дайындау ісінде мемлекет пен кооперацияның маңызы былайша өсті: май-тұқым жөнінде 1924/25 жылы 65%, зығыр жөнінде — 94%, мақта жөнінде — 100% дерлік, астық жөнінде 1923/24 жылы — 75%, 1924/25 жылы — 70% болды. Бұл арада біраз кемігендік бар. Жалпы алғанда мемлекеттік негіз бен кооперативтік негіздің ішкі сауда саласында топтылы сауда жөнінде де, бөлшекті сауда жөнінде де өскендігі күмәнсіз.

Егер астық дайындау жөнінде мемлекеттік үлестің проценті басым болғанымен, былтырғыға қарағанда, қалай да аз өсіп отырған болса, бұл жағдай астық дайындау ісінде болған қателерді көрсетеді. Әңгіме мынада: дайындау ісіндегі жаңылыс тек совет органдарының жаңылысы ғана емес, сонымен қатар Орталық Комитеттің де жаңылысы болып табылады, өйткені Орталық Комитет совет органдарын бақылап отыруға тиіс, сондықтан совет органдарында істеліп

жатқан істердің бәріне ол жауапты болады. Бұл жаңылыстың мәнісі — біз жоспарлау ісін жүргізгенде рыноктің жайы, дайындау жағдайлары быйыл былтырғыға және онан арғы жылғыға қарағанда жаңаша, ерекше екенін ескермедік. Быйылғы жыл біз астық рыногінде қысым жөніндегі әкімшілік шараларын қолданбаған, біз салықтың ауыртпалығын, салық қысымын минимумға жеткізген, сөйтіп шаруа мен үкімет агенттері рынокте терезесі тең адамдар ретінде бетпе-бет кездескен бірінші жыл болды. Бір жыл ішінде дайындалатын бүкіл астықтың 70%-ін 1926 жылғы 1 январьға дейін дайындамақшы болған біздің жоспарлаушы органдарымыз міне осы жағдайларды ескермеді. Біз мужиктің де маневр жасай білетінін, мужик бағаның бұдан былай да көтерілуін күтіп, өзінің валюталық товарын — бидайын — кейінге қалдыратынын, сөйтіп рынокке бағасы кемдеу, басқа астықтарды шығаруды тәуір көретінін ескермедік. Біз осыны ескермедік. Осыған байланысты дайындау жоспары қайта жасалды және астық экспортының жоспары қысқартылды, бұған сәйкес импорт жоспары да қысқартылып отыр. Экспорт-импорт жоспары қайта қаралып жатыр; бұл жоспар бойынша ең кемі жүз миллион сом активтік сальдо болуға тиіс, бірақ бұл жоспар әлі түпкілікті жасалып біткен жоқ.

4. Таптар, олардың белсенділігі, олардың арасалмағы

Елімізде халық шаруашылығының дамуы ең алдымен бүкіл жұмысшы табының материалдық халжайын жақсартты. Жұмысшы табының тозғындауы әлдеқашан тыйылды. Жұмысшы табының қалпына келіп, өсуі жедел қарқынмен жүріп отыр. Цифрлар мы-

надай: 1924 жылғы 1 апрельде, егер өнеркәсіптің барлық тарауларындағы жұмысшыларды, бұған ұсақ өнеркәсіптегі жұмысшыларды да, маусымдық жұмысшыларды да, ауылшаруашылық жұмысшыларын да қоса есептейтін болсақ, Еңбек Халық Комиссариатының мәліметтері бойынша, бізде 5 500 мың жұмысшы бар еді, мұның 1 миллионы батрактар және 760 мыңы жұмыссыздар. 1925 жылғы 1 октябрьде 7 миллионнан астам жұмысшы болды, мұның 1 200 мыңы батрактар және 715 мыңы жұмыссыздар. Жұмысшы табының өскендігі күмәнсіз.

Жұмысшылардың орташа айлық жалақысы червон сом есебімен бүкіл өнеркәсіпте бір жұмысшыға 1925 жылғы апрельде 35 сомнан келді, яғни соғыстан бұрынғы жалақының 62%-і. 1925 жылғы сентябрьде — 50 сомнан келді, яғни соғыстан бұрынғы жалақының 88,5%-і. Соғыстан бұрынғы дәрежеден асып кеткен жеке өнеркәсіп тараулары да бар. Орташа күндік реалды жалақы товарлық сом есебімен әрбір жұмысшыға 1925 жылы апрельде — 0,88 сомнан еді, 1925 жылғы сентябрьде — 1 сом 21 тиын болды. Әрбір істелген жұмыс күніне келетін орташа табыс соғыстан бұрынғы сом есебімен бүкіл өнеркәсіп бойынша 1924 жылғы апрельде 4,18 сом, ал 1925 жылы 6,14 болды, яғни соғыстан бұрынғы табыстың 85%-і. Егер жалақы мен еңбек өнімділігінің арасалмағын айма-ай алатын болсақ, бұлар қаз-қатар келеді: жалақы өссе, еңбек өнімділігі де өсіп отырады. Бірақ июнь мен июльде жалақы артады, ал еңбек өнімділігі жалақыға қарағанда кемірек артады. Мұның өзі демалыс берілуінен және фабрикалар мен заводтарға жұмысшылардың жаңа топтарының — жартылай шаруалардың келуінен болып отыр.

Енді жалақының қоры туралы. Жалақының қоры, Еңбек Халық Комиссариатының мәліметтері бойынша (мен басқа тарауларды қоспай, өнеркәсіпті ғана айтып тұрмын), 1923/24 жылы 808 миллион сом болды, 1924/25 жылы — 1 200 миллион сомнан асты, 1925/26 жылы 1 700 миллион сом болмақшы.

Жолдастар, мен әлеуметтік қамсыздандыру қорының қандай қажеттіктерге жұмсалатынын айтып жатпаймын, өйткені бұл бәрлеріңізге мәлім. Пролетарлық мемлекеттің жұмысшыларды қамсыздандыру ісіне қанша қаражат жұмсайтындығы туралы мәселені пайымдауға мүмкіндік беру үшін жалпы бір цифр келтіруге рұхсат етіңіздер. Қамсыздандырылғандардың жалпы саны 1924/25 жылы 6 700 мың еді, 1925/26 жылы 7 миллион болмақшы. Жалақыдан көшірілген сома орта есеппен 1924/25 жылы 14,6% еді, 1925/26 жылы жалақыдан 13,84% көшірілмекші. Егер жалпы сома мөлшерінде көрсететін болсақ, 1924/25 жылы бұл іске 422 миллион сом берілген еді, ал 1925/26 жылы 588 миллион сом берілмекші. Былтырғы жылы белгіленген қордан әлеуметтік қамсыздандыру кассаларында біраз соманың, 71 миллиондық соманың сақталып қалғандығын айтсам, артық болмас деймін.

Шаруалар жөнінде айтсақ, ауыл шаруашылығы өнімінің артуы шаруалар халқының материалдық халжайының жақсаруына, әлбетте, әсерін тигізбей қойған жоқ. Жоспарлаушы органдарымыздың мәліметтеріне қарағанда, шаруалар халқының адамдық тұтынуы, бұл тұтынудың өсу проценті қала халқының тұтынуының өсу процентінен жоғары болып шығады. Мужик жақсы тамақтанатын болды, сондықтан ол былтырғыға қарағанда өнімнің анағұрлым көбірегін өз

өндірісінде, өзінің жеке тұтынуына арнап қалдырып отыр.

Кедей шаруаларға, қуаңшылықтан күйзелгендерге пролетарлық мемлекеттің тарапынан қандай жәрдем берілді? Финанс Халық Комиссариатының белгілеуінше, 1924/25 жылы кедейлерге берілген жәрдем, онша дәл емес, долбарлы цифрмен алғанда, 100—105 миллион сом болады, мұның ішінде салық жеңілдіктері мен қамсыздандыру жеңілдіктері 60 миллион сом шамасында, онан соң қуаңшылықтың зардабымен күресу қорынан 24 миллион сом, кредит жолымен — 12 миллион сом берілді. 1924 жылғы қуаңшылықтан күйзелгендерге берілген жәрдем 7 миллионнан астам халқы бар ауданды қамтыды. Бұл жолмен небәрі 108—110 миллион сом жұмсалды, мұның ішінде мемлекеттік бюджеттен жұмсалғаны 71 миллион сом және 38 миллионы қоғамдық ұйымдар мен банк мекемелерінің қаражатынан берілді. Оның үстіне, құрғақшылықпен күресу ісіне арналып 77 миллион сомдық қор құрылды. Шаруалардың әлсіз топтарына пролетарлық мемлекет міне осындай жәрдем берді, бұл жәрдем, әрине, жеткіліксіз, бірақ сонда да бір-екі сөз айтуға тұрарлық жәрдем.

Жұмысшы табы мен шаруалардың материалдық хал-жайының жақсаруы — негізгі алғышарттар болып табылады, бұлар болмайынша біздің құрылысымызда ілгері басу мүмкін емес. Бізде бұл алғышарттар қазірдің өзінде нақтылы бар екендігін көріп отырмыз.

Бұқара белсенділігінің артқандығы туралы бірнеше сөз. Біздің ішкі жағдайымыздағы негізгі нәрсе, көзге бадырайып көрініп тұрған және өзінен бұлтарып кетуге ешбір болмайтын нәрсе мынау: жұмысшылар мен шаруалардың материалдық хал-жайының

жақсаруына байланысты олардың саяси белсенділігі артты, олар біздің кемшіліктерімізге неғұрлым сын көзімен қарайтын болды, біздің практикамыздағы кемістіктер туралы неғұрлым қатты айтатын болды. Біз барлық таптардың және барлық әлеуметтік топтардың жанданған кезеңіне кірдік. Жұмысшы табы жанданды, өзінің барлық топтарымен қоса шаруалар жанданды, жаңа буржуазия да жанданды, оның деревнядағы агенттері (кулактар), оның интеллигенция ішіндегі өкілдері жанданды. Бұл факт партияның XIV конференциясының қарарларында көрсетілген, біздің саясатымыздағы бетбұрысқа негіз болды. Советтерді жандандыру саясаты, кооперацияны, кәсіпшілер одақтарын жандандыру саясаты, аренда мен жалдамалы еңбек туралы мәселелерді анықтау мағнасында шаруаларға кеңшіліктер жасау, кедейлерге материалдық жәрдем беру, орташамен берік одақтасу саясаты, соғыс коммунизмінің қалдықтарын жою саясаты, — партияның деревнядағы жаңа беталысы, көбінесе, міне осыларда болды. Біздің деревняда былтырғы жылдың аяғында және быйылғы жылдың басында қандай нәрселер болғанын бәрлеріңіз де жақсы білесіздер. Шаруалар арасындағы жалпы наразылық өсіп отырды, ал кейбір жерлерде тіпті көтеріліс жасауға да әрекеттенушілік болды. Партияның деревнядағы жаңа беталысын белгілеген жағдайлар міне осылар.

Бұқараның белсенділігі артқан дәуірдегі және оның ұйымы жанданған дәуірдегі шаруалар жөнінде жүргізілген партиялық саясаттың, деревнядағы қатнастарды жөнге салуды, деревняда пролетариат пен оның партиясының беделін көтеруді, пролетариат пен кедейлердің орта шаруалармен берік одақ жасауын

қамтамасыз етуді көздеген саясаттың негіздері міне осындай.

Өздеріңіз білесіздер, бұл саясат өзін толық ақтады.

5. Лениннің шаруа мәселесі жөніндегі үш ұраны

Біздің орташаға бет бұрғандығымыз дұрыс па? Жаңа беталыстың принциптік жағы жөніндегі істің жайы қандай? Бұл жөнінде Лениннің бізге берген белгілібір нұсқаулары жоқ па?

Коминтерннің II конгресінде шаруа мәселесі жөнінде қарар қабылданған, онда өкіметті алу жолындағы күрес заманында пролетариаттың одақтасы тек кедейлер ғана бола алады, ал орташаны тек қана битарап қалдыру керек делінген деседі. Бұл дұрыс па? Дұрыс. Ленин бұл қарарды[59] өкіметті алуға бет алған партияларды ескере отырып жазған болатын. Ал біз — қазірде өкімет басына келген партиямыз. Айырмашылық міне осында. Шаруалар туралы мәселе жөнінде, жұмысшылардың шаруалармен немесе шаруалардың жеке топтарымен одақтасуы туралы мәселе жөнінде ленинизмнің революцияның үш дәуіріне сәйкес келетін негізгі үш ұраны бар. Мәселенің түйіні бір ұраннан екінші ұранға, екінші ұраннан үшінші ұранға көшу кезеңін дұрыс аңғара білуде.

Бұрын, біз буржуалық революцияға қарай қадам басқан кезде, біз, большевиктер, шаруалар жөніндегі өз тактикамызды бірінші рет белгілеген кезде, Ленин: кадеттік буржуазияны битарап қалдыра отырып, патша мен помещиктерге қарсы **барлық** шаруалармен одақтасу керек деген болатын. Ол кезде біз осы ұранмен буржуалық революцияға қарай қадам бастық,

сөйтіп біз жеңіп шықтық. Бұл біздің революцияның бірінші кезеңі еді.

Онан соң, біз революцияның екінші кезеңіне, Октябрьге жақындаған кезде, Ленин жаңа жағдайға сәйкес келетін жаңа ұран ұсынды: орта шаруаларды битарап қалдыра отырып, барлық буржуаларға қарсы пролетариаттың деревня кедейлерімен одағын жасау керек деді. Бұл — өкіметті алуға бет алған коммунистік партиялар үшін қажетті ұран. Олар тіпті өкіметті жеңіп алып, бірақ өкіметті әлі нығайта алмаған кезде де, орташамен одақ жасауға болады деп есептей алмайды. Орташа — аңысын аңдаушы адам. Ол — кім жеңер екен деп қарап, күтіп отырады, тек помещиктер мен буржуаларды қуып жіберіп, үстем болған кезінде ғана, ол сенімен одақ жасауға барады. Әйтпесе ол орташа бола ма. Демек, революциямыздың екінші кезеңінде біз енді жұмысщылардың барлық шаруалармен одағын жасау ұранымен емес, пролетариаттың ең кедей шаруалармен одағын жасау ұранымен қадам бастық.

Ал онан кейінгі жерде ше? Онан кейінгі жерде, біз империалистердің шабуылдарын тойтарып, өкіметті жеткілікті түрде нығайтқан кезде, сөйтіп кең социалистік құрылыс дәуіріне кірген кезімізде, Ленин үшінші ұранды — пролетариат пен кедейлердің орта шаруалармен берік одақ жасау ұранын ұсынды. Бұл ұран революциямыздың жаңа дәуіріне, кең құрылыс дәуіріне сәйкес келетін, бірден-бір дұрыс ұран болып табылады. Мұның дұрыс болатын себебі — енді одаққа сүйенуге болатындығынан ғана емес, сонымен бірге, мұның себебі — социализм орнатарда, біз деревняның милиондаған адамдарын ғана емес, он миллиондаған адамдарын да жұмылдыруға тиіспіз. Олай ет-

пейінше социализм орнатуға болмайды. Социализм қаланы ғана қамтымайды. Социализм дегеніміз шаруашылықты өндіріс жабдықтары мен өндіріс құралдарын ортақтастыру негіздерінде өнеркәсіп пен егіншілікті біріктіретін етіп, шаруашылықты ұйымдастыру болып табылады. Шаруашылықтың осы екі тарауын біріктірмейінше социализм орнату мүмкін емес.

Ленинизмнің шаруалармен одақтасу туралы ұрандарының жайы міне осылай.

Коминтерннің II конгресінде Лениннің айтқаны өте дұрыс, өйткені өкіметті алуға бара жатқан кезінде немесе қолға алған өкіметті әлі нығайтып үлгірмеген кезінде, орташаны битарап қалдыра отырып, кедейлермен жасалған одаққа ғана сүйенуге болады. Ал сен нығайып, өкіметті қолға алып, құрылыс ісін жүргізе бастаған кезінде және енді миллиондаған адамдарды іске жұмылдыруға тиісті болатын кезінде, пролетариат пен кедейлердің орташалармен одақтасуы бірден-бір дұрыс ұран болып табылады.

«Пролетариаттың кедейлермен одақтасуы» жөніндегі ескі ұраннан, орта шаруаларды битарап қалдыру жөніндегі ескі ұраннан орташамен берік одақ жасау жөніндегі ұранға осылайша көшу ісі партиямыздың VIII съезінде-ақ қолға алынған болатын. Осы съезді ашарда Ильичтің сөйлеген сөзінің бір жерін келтіруіме рұхсат етіңіздер. Ол мынау:

«Социализмнің ескі уақыттағы маңдайалды өкілдері, — олар әлі де революцияға сеніп, оған теория жүзінде де, идея жүзінде де қызмет етіп жүрген кезде, — **шаруаларды битарап қалдыру туралы** әңгіме қылды, яғни орта шаруаларды пролетариат революциясына белсене көмек беретін қоғамдық топ етпегенмен, ең болмағанда, біздің жұмысымызға бөгет жасамайтын, жауларымыздың жағына шығып кетпейтін, битарап қоғамдық

топ ету керек екендігі туралы әңгіме қылды. Міндеттің осылайша жалпы түрде, теория жүзінде қойылуы бізге әбден түсінікті. **Бірақ ол жеткіліксіз.** Біз нақтылы, тыңғылықты, деревнядағы жұмыс тәжрибесі бойынша тексерілген, негізгі ережелер мен нұсқауларды белгілеу **керек болатын сатыға, социалистік құрылыстың сатысына** аяқ бастық; **орта шаруа жөнінде берік одақ негізінде болу үшін** біз осы ережелер мен нұсқауларды қолдануға тиіспіз»*[60].

Қәзіргі тарихи кезеңде орташамен берік одақ жасауды көздеген партиямыздың саясатының теориялық негізі міне осындай.

Кімде-кім Коминтерн II конгресінің Ленин жазған қарары арқылы Лениннің осы сөздерін теріске шығарам деп ойласа, — онысын тура айтсын.

Мәселе теория жүзінде осылай қойылып отыр. Біз Лениннің ғылымын жеке бөлімі бойынша емес, тұтас аламыз. Лениннің шаруалар жөнінде үш ұраны болды: бірі — буржуазиялық революция кезіндегі, екіншісі — Октябрь революциясы кезіндегі және үшіншісі — Совет өкіметі нығайғаннан кейінгі ұран. Кімде-кім бұл үш ұранның орнына қандай да болса жалпы бір ұран қолданам десе, ондай адам өрескел қате жібереді.

Мәселе теория жүзінде осылай қойылып отыр. Ал практика жүзінде бұл мәселе былай қойылады: біз Октябрь революциясын жасағаннан кейін, помещиктерді қуып, жерді шаруаларға бөліп бергеннен кейін, біз Россияны, Ленин айтқандай, азды-көпті орташаландырғанымыз айқын, сондықтан жіктелу процесіне қарамастан, кәзір орташа деревняда көпшілік болып отыр.

---

* Барлық жерде де курсив менікі. **И. Ст.**

Жіктелу, әрине, жүріп жатыр. Нэп тұсында, кәзіргі кезеңде, басқаша болуы мүмкін де емес. Бірақ жіктелу баяу жүріп отыр. Мен жуырда, жаңылмасам Орталық Комитеттің үгіт-насихат бөлімі басып шығарған бір нұсқауды және, қателеспесем, Ленинград ұйымының үгіт-насихат бөлімі басып шығарған екінші нұсқауды оқыдым. Егер осы нұсқауларға сенетін болсақ, онда былай болып шығады: патша тұсында кедейлер 60 проценттей ғана болыпты да, кәзір бізде 75% екен; патша тұсында кулактар 5 проценттей ғана болыпты да, кәзір бізде 8 немесе 12% екен; патша тұсында орташалар пәлендей болыпты да, кәзір онан аз екен. Менің қатты сөздер айтқым келмейді, бірақ мына цифрлардың контрреволюциядан да жаман екендігін айту керек. Марксистерше ойлайтын адамның мұндай сорақы нәрсені істеуге, оның үстіне басып шығаруға, онда да нұсқау етіп басуға қалай батылы барады? Адам айтқысыз осы өрескелдікке, Орталық Комитеттің мүшесі ретінде әрине, мен де жауаптымын. Егер патша тұсында кулакты өсіру саясаты жүргізілген болса, жерге жеке меншік болған болса, жерді мобилизациялау ісі жүргізілген болса (ал мұның өзі жіктелушілікті өте-мөте шиеленістіретін нәрсе), егер ол кездегі үкімет жіктелуді мейлінше шапшаңдатып отырған болса, сонда да кедейлер 60%-тен аспаған болса, онда біздің үкіметтің, Совет үкіметінің тұсында, жерге жеке меншік жоқ болып отырған кезде, яғни жер алыс-беріс айналысынан алынған кезде, демек, жіктелуге қарсы осындай кедергі болып отырған кезде, біз екі жыл бойы кулактарды конфискациялау ісін жүргізгеннен кейінгі жерде, біз кулактарды конфискациялаудың барлық әдістерінен әлі күнге дейін арылмай отырған кезде, біз

жіктелуге қолайсыз тиетін айрықша кредиттік және кооперативтік саясат жүргізіп отырған кезде, — осындай кедергілер болып отырғанда бізде жіктелудің патша түсындағыдан анағұрлым көп сыякты болып шығуы, кулактар мен кедейлер бұрынғыдан анағұрлым көп сыякты болып шығуы қалай? Өздерін марксистер деп атайтын адамдардың осындай асқан былшылды айтуға аузы қалай барады? Мұның өзі нағыз күлкі, нағыз сор, нағыз қасірет қой. (Күлкі.)

Орталық санақ басқармасының июньдегі астықмал азығы жөніндегі қырсықты балансы туралы да осыны айтуға болады; бұл баланс бойынша былай болып шыққан: ауқаттылардың товарлы артық астығы 61% болыпты-мыс, кедейлерде — түк жоқ, қалған процентгер — орташаларда екен. Мұндағы кісі күлерлік бір нәрсе мынау: бірнеше айдан кейін Орталық санақ басқармасы екінші цифрмен келді: енді 61% емес, 52%. Ал жуырда Орталық санақ басқармасы 52% емес, 42% деген цифр берді. Айтыңыздаршы, осылай санақ жүргізуге бола ма? Біз Орталық санақ басқармасы ғылымның қамалы екендігіне сенеміз. Біз Орталық санақ басқармасының цифрлары болмайынша басқарушы органның бірде-бірі есеп жасап, жоспарлай алмайды деп білеміз. Біз Орталық санақ басқармасы жорамал пікір атаулының қандайынан болса да аулақ, объективтік мәліметтер беруге тиіс деп білеміз, өйткені цифрды белгілібір жорамал пікірге лайықтап жасауға әрекеттенушілік қылмысты іс түріндегі қылмыс болып табылады. Ал осыдан кейін, өз цифрларына Орталық санақ басқармасының өзі де сенуден қалып отырғанда, оның цифрларына қалай сенуге болады?

Қысқасы, аграрлық революцияның нәтижесінде біз

деревняны орташаландырдық, жіктелу процесіне қарамастан орташа деревняда көпшілік болып отыр, ал біздің құрылыс жұмысымыз бен Лениннің кооперативтік жоспары бұл іске шаруалардың негізгі бұқарасын тартуды талап етіп отыр, сондықтан орташамен одақтасу саясаты нэп жағдайларында бірден-бір дұрыс саясат болып табылады.

Мәселенің практикалық жағы міне осындай.

Жаңа экономикалық саясатты дәлелдегенде Лениннің біздің міндеттерімізді қалай тұжырымдап көрсеткеніне зер салыңыздар. Менің көз алдымда Ленин жазған, «Азық-түлік салығы туралы» деген кітапшаның жобасы жатыр, бұл кітапшада Ленин негізгі нұсқаулардың желісін анық және дәл сызып көрсетеді.

«Енді істің **тетігі, тыянағы** өнімді арттыру ісі бола бастады (болды)... Демек: егіншілікте орташаға «сүйену» керек. Ыждаһатты шаруа — біздің шаруашылығымызды өрлетудің «көрнекті тұлғасы» (қараңыз: XXVI том, 312 — 313-беттер).

Сонымен, егіншілікте орташаға сүйену керек, ыждаһатты шаруа — біздің шаруашылығымызды өрлетудің көрнекті тұлғасы. Ленин жолдас 1921 жылы міне осылай деп жазды.

Жолдастар, нақ осы идея партиямыздың XIV апрель конференциясында біз қабылдаған қарарларға және шаруаларға кеңшіліктер жасау ісіне негіз болды.

XIV конференцияның қарарларын бірауыздан қабылдағаны сияқты, Орталық Комитет октябрьде бірауыздан қабылдаған, кедейлер арасындағы жұмыс туралы қарар[61] мен партияның XIV апрель конференциясы қарарларының арасында қандай байланыс бар? Орталық Комитеттің октябрь пленумында біздің алдымызда тұрған негізгі міндет — біздің апрель кон-

ференциясында белгілеген саясатымызды, орташамен берік одақ жасау саясатын бұзуға жол бермеу еді, осы саясатты бұзуға жол бермеу еді, өйткені біздің партия ішінде орташамен берік одақ жасау саясаты дұрыс емес немесе қолайлы емес деп есептейтін пікірлер бар екендігі білінді. Сонымен қатар, орташамен берік одақ жасау саясатының мәнісі кедейлерді ұмытқандық болып табылады, біреулер кедейлерден аттап өтіп, орташамен берік одақ жасағалы жүр деген пікірлер де білінді. Бұл ақымақтық, жолдастар, бірақ бұл факт, өйткені мұндай пікірлердің болғаны рас. Біз октябрь пленумына жыйналғанда кедейлер туралы мәселе біз үшін әлдененндей бір жаңалық нәрсе ме еді? Әрине, олай емес. Кедейлер барда біз кедейлермен одақтасуға тиіспіз. Бұл жағдай 1903 жылдан бастап-ақ, Лениннің «Деревня кедейлеріне»[62] деген кітапшасы бірінші рет жарыққа шыққан кезден бастапақ бізге мәлім. Біз марксистерміз, біз коммунистерміз, сондықтан да біз деревняда кедейлерге сүйенуге міндеттіміз. Олардан басқа кімге сүйенбекпіз? Бұл мәселе жаңалық емес, апрельде де, октябрьде де, конференцияда да, Орталық Комитеттің пленумында да бұл мәселе біз үшін ешбір жаңалық болған емес және жаңалық бола алмайды да. Егер сонда да кедейлер туралы мәселе көтерілген болса, бұл мәселе Советтерді қайта сайлау науқаны кезінде бізде жыйналған тәжрибеге байланысты көтеріліп отыр. Қандай нәтиже шықты? Советтерді жандандырдық. Советтік демократияны жүргізе бастадық. Бірақ бұл не үшін? Советтік демократия дегеніміз жұмысшы табының басшылық етуі деген сөз ғой. Егер пролетариат пен оның партиясының басшылығы болмаса, ешқандай советтік демократия нағыз советтік, нағыз проле-

тарлық демократия деп атала алмайды ғой. Ал пролетариат басшылық ететін советтік демократияның мәнісі не? Оның мәнісі — пролетариаттың деревняда өз агенттері болуға тиіс деген сөз. Бұл агенттер кімдерден құралуға тиіс? Кедейлердің өкілдерінен. Ал біз Советтерді жандандырған кезде, кедейлер қандай халде болып шықты? Кедейлер нағыз бөлшектенген, нағыз бытыраңқы халде болып шықты. Кедейлердің кейбір элементтеріне ғана емес, сонымен бірге кейбір коммунистерге де кулактарды конфискациялаудан және әкімшілік қысым көрсетуден бастартушылық кедейлерден бастартқандық, олардың мүдделерін ұмытқандық болып көрінді. Сондықтан жұрт, кулактарға қарсы ұйымдасқан күрес жүргізудің орнына, лайығы жоқ жылампаздыққа салынды.

Осындай пікірлерді жою үшін не істеу керек болды? Біріншіден, партиямыздың алдына партияның XIV конференциясы қойған міндетті орындау керек болды, яғни кедейлерге материалдық жәрдем берудің шарттарын, әдістері мен шараларын белгілеу керек болды. Екіншіден, орташаны өз жағымызға тарту жолында, Советтердің, кооперацияның, т. т. сайлауы кезінде кулакты шеттету бағытында ашық саяси күрес жүргізу үшін кедейлердің ерекше топтарын немесе фракцияларын ұйымдастыру ұранын көтеру керек болды.

Молотов жолдас Орталық Комитеттің деревнялық комиссиясында үш ай жұмыс істеуінің нәтижесінде кедейлер арасындағы жұмыс туралы жазған тезистерінде дәл осыны істеп отыр; бұл тезистерді Орталық Комитеттің октябрь пленумы бірауыздан мақұлдады.

Көріп отырсыздар, Орталық Комитеттің октябрь

пленумының қарары XIV конференция қарарларының тікелей жалғасы болып табылады.

Біріншіден, кедейлердің материалдық тұрмыс күйін көтеру үшін материалдық жәрдем туралы мәселені нақтылы түрде қою керек болды, және, екіншіден, кедейлерді ұйымдастыру туралы ұран ұсыну керек болды. Бүтіндей Молотов жолдас енгізген жаңалық міне осы; кедейлердің топтарын ұйымдастыру ұраны — Молотов жолдастың идеясы.

Кедейлер топтарын ұйымдастыру ұраны не үшін керек болды? Бұл ұран кедейлердің бытыраңқылығын жою үшін және кулактарға қарсы күресте, орта шаруаларды тарту жолындағы күресте пролетариаттың деревнядағы ұйымшыл тірегі боларлық дәрежеде кедейлердің коммунистер жәрдемі арқасында дербес саяси күш болып ұйымдасуына мүмкіндік беру үшін керек болды. Басқаға сүйенушілік психология кедейлердің бойында әлі де бар, ол ГПУ-ге, бастықтарға, басқа адам атаулының бәріне арқа сүйейді, тек өзіне, өз күшіне арқа сүйемейді. Міне осы енжарлық пен басқаға сүйенушілік психологияны кедейлердің санасынан аластау керек. Кедейлердің ендігі жерде өз аяғын нық басып тұруы үшін, коммунистік партияның жәрдемі арқасында және мемлекеттің жәрдемі арқасында кедейлердің топ болып ұйымдасуы үшін, Советтер майданында, кооперация майданында, шаруа комитеттерінің майданында, деревня жұртшылығының барлық майдандарында кулактарға қарсы күресу ісін үйренуі үшін, күрескенде ГПУ-ге арыз айту жолымен емес, саяси күрес жолымен, ұйымдасқан күрес жолымен үйренуі үшін кедейлерге ұран ұсыну керек. Тек осылай еткенде ғана кедейлерді шыныктыруға болады, тек осылай еткенде ғана кедейлерді ұйым-

дастыруға болады және тек осылай еткенде ғана деревня кедейлерінен басқаға сүйенушілік топтың орнына пролетариаттың деревнядағы тірегін жасауға болады.

Октябрьде кедейлер туралы мәселенің қойылған себебі міне осыдан.

6. Шаруа мәселесі жөніндегі екі қауіп пен екі уклон

Шаруа туралы мәселеге байланысты біздің партияда екі уклон біліпіп отыр. Кулактың қаупін кішірейту жағына ауытқыған уклон және кулактың қаупін асыра көрсету жағына, орташаның ролін кемітіп, оны жете бағаламау жағына ауытқыған уклон. Мен бұл уклондар бізді мерт ететін нәрселер демеймін. Уклонның аты уклон, уклон дегеніміз әлі қалыптасып болмаған нәрсе. Уклон дегеніміз қатенің бастамасы болады. Не біз бұл қатенің ұлғаюына жол береміз, — онда іс жаманға айналады, не біз бұл қатенің тамырын қыямыз, — онда қауіп жойылады. Уклон дегеніміз қате нәрсе, егер уклонды дер кезінде тоқтатпасаң, соңынан зиянды нәтижелер береді.

Кулактың қаупін жете бағаламаушылық туралы бір-екі сөз. Кулактық уклон бар деседі. Бұл, әрине, ақымақтық. Партия ішінде кулактық уклонның болуы мүмкін емес. Әңгіме кулактық уклон туралы емес, кулактың қаупін жете бағаламау жағына ауытқыған уклон туралы болып отыр. Егер осы уклонның құрбаны болып кеткен, осы уклон бағытында тұрған адамдар болмаса да, мұндай адамдар бәрібір шығар еді, өйткені даму ісі бізде капитализмді аздап жандандыру жолымен жүріп отыр, ал капитализмнің жандануы

партиямыздың айналасында әбігерлік туғызбай қоймайды. Екінші жағынан, бізде социалистік өнеркәсіп өркендеп келеді және социалистік өнеркәсіп пен жеке меншікті капитал арасында күрес жүріп отыр. Қайсысы қайсысын басып озады? Қәзір социалистік элементтер басым болып отыр. Біз кулакты да, қаладағы жеке меншікті капиталисті де өзімізге бағындырамыз. Бірақ кулактың өсіп келе жатқандығы, ал біздің оған экономика жағынан әлі де соққы бермегендігіміз жөніндегі факт әзірше факт болып қалып отыр. Кулактың күш жыйнап отырғандығы даусыз, сондықтан кімде-кім мұны байқамаса, кімде-кім бұл бос нәрсе, кулак — жәй құбыжық десе, ол адам партияның қырағылығын жою қаупін туғызады және кулакқа қарсы күресте, капитализмге қарсы күресте партияны қарусыз қалдыру қаупін туғызады, өйткені кулак дегеніміз капитализмнің деревнядағы агенті.

Жұрт Богушевский туралы әңгіме етеді. Әрине, оның уклоны кулактық уклон емес. Оның уклоны кулак қаупін жете бағаламау жағына ауытқыған уклон. Егер оның уклоны кулактық уклон болса, Богушевскийді партиядан шығару керек болар еді. Бірақ, шамада, менің білуімше, ешкім күні бүгінге дейін оны партиядан қуып шығаруды талап еткен емес. Бұл уклон — деревнядағы кулак қаупін жете бағаламау жағына ауытқыған уклон, — партияны әрдайым күреске дайын тұру жағдайында ұстауға кедергі жасайтын, партияның капиталистік элементтерге қарсы күресінде оны қарусыздандыратын уклон, осы уклон, өздеріңізге мәлім, партия Орталық Комитетінің қарарында қатты сөгілген болатын.

Бірақ екінші уклон бар — кулактың қаупін асыра бағалау жағына, кулактың қаупінен қорқып сасу жа-

ғына, «кулак келе жатыр, қарауыл!» — деп үрейлену жағына ауытқыған уклон бар. Ғажап нәрсе! Жұрт нэп дегеніміз капитализмді жандандыру болатынын, кулактың сөзсіз бас көтеретінін біле тұрып, нэпті енгізді. Ал енді кулактың көрінуі-ақ мұң екен, жұрт «қарауыл» деп айқай салып, есінен адасты. Ал жұрттың қорқып сасқандығы сонша, олар орташаны ұмытып кетті. Ал оның бержағында деревнядағы кәзіргі негізгі міндет орташаны өзімізге тарту үшін күрес жүргізуде, орташаны кулактан ажыратып алу үшін күрес жүргізуде, орташамен берік одақ жасау арқылы кулакты шеттету үшін күрес жүргізуде болып отыр. Кулактың қаупінен үрейі ұшқан жолдастар осыны ұмытып жүр.

Менің ойымша, егер осы екі уклонның тамырын іздейтін болсақ, мұны мынадай негізгі пункттермен сыйпаттауға болады.

Бірінші уклонның мәнісі кулактың ролін және деревнядағы жалпы капиталистік элементтердің ролін кемітуде, кулактың қаупін бүркеуде болып отыр. Бұл уклон нэптің дамуы деревняда капиталистік элементтердің жандануына әкеліп соқпайды, бізде кулак пен жалпы капиталистік элементтер тарихтан ғана орын алатын болып құрып барады немесе құрып бітті, деревняда жіктелу болып отырған жоқ, кулак — ескіліктің жаңғырығы, тек жәй ғана құбыжық деген теріс жорамалға сүйенеді.

Бұл уклон неге әкеліп соғады?

Іс жүзінде бұл уклон деревняда тап күресін мойындамауға әкеліп соғады.

Екінші уклонның мәнісі кулактың ролін және деревнядағы жалпы капиталистік элементтердің ролін асыра көрсетуде, бұл элементтерден үрейленуде, про-

летариат пен кедейлердің орташамен одақтасуы әрі мүмкін, әрі қажетті екендігін мойындамауда болып отыр.

Бұл уклон мынадай пікірге сүйенеді: біздің деревняда капитализмді тікелей қайта орнату ісі жүргізіліп отыр, капитализмді қайта орнату жөніндегі осы процесс біздің кооперациямызды да бүтіндей немесе аса көп мөлшерде қамтыйтын, бәрін де қамтыйтын процесс болып табылады, осындай дамудың нәтижесінде шаруалардың жіктелуі зор көлемде үздіксіз өсіп отыруға тиіс, әсіре топтар, яғни кулактар мен кедейлер, жылдан жылға өсіп, ұлғайып отыруға тиіс, орта топтар, яғни орташалар, жылдан жылға әлсіреп, азайып отыруға тиіс деген пікірге сүйенеді.

Іс жүзінде бұл уклон деревняда тап күресін өршітуге, кулактарды конфискациялау жөніндегі кедейлер комитеттерінің саясатына қайта оралуға, демек, елімізде азамат соғысын жарыялауға әкеліп соғады, сонымен, біздің бүкіл құрылыс жұмысымызды бүлдіруге, сөйтіп — миллиондаған шаруа шаруашылықтарын социалистік құрылыстың системасына енгізу жөніндегі Лениннің кооперативтік жоспарын мойындамауға әкеліп соғады.

Сіздер: қай уклон жаман деп сұрарсыздар? Мәселені бұлай қоюға болмайды. Бұлардың екеуі де, бірінші уклон да, екінші уклон да жаман. Ал егер бұл уклондар ұлғайып кетсе, бұлар партияны аздырып, құртып жібере алады. Біздің бақытымызға, біздің партияда бірінші уклонды да, екінші уклонды да қырқып тастай алатын күш бар. (Қол шапалақтау.) Екі уклон да жаман болғанымен, бұлардың қайсысы қауіптірек деп мәселе қою ақымақтық болғанымен, екінші бір тұрғы бар, бұл екі уклонға осы

тұрғыдан қарау керек. Партия қай уклонмен күресуге көбірек дайын — бірінші уклонмен күресуге ме әлде екінші уклонмен күресуге ме? — практика жүзінде мәселені міне осылай қою керек. Екі уклон да қауіпті, екеуі де жаман, сондықтан бұлардың қайсысы қауіптірек деуге болмайды, бірақ партиямыз қай уклонмен күресуге көбірек дайын деп сөз етуге болады, сөз ету керек те. Егер коммунистерге — партия қандай іске көбірек дайын, — кулакты жалаңаштауға ма, әлде, мұны істеместен, орташамен одақ жасауға ма, — деп сұрақ қойса, менің ойымша, 100 коммунистің 99-ы партия — кулакты соқ, — деген ұранға көбірек дайын дер еді. Ырық беріп көрші, — кулакты ілезде жалаңаштайды. Ал енді, кулакты конфискацияламайақ, орташамен одақтасу арқылы кулакты шеттету жөніндегі аса күрделі саясатты жүргізу ісін алатын болсақ, бұл іс онша оңай ұғынылмай жүр. Міне сондықтан, менің ойымша, екі уклонға қарсы күрескенде партия қалай дегенмен екінші уклонға қарсы күресті үдете жүргізуге тиіс. (Қол шапалақтау.) Кулактың қауіпті екендігін ешқандай марксизммен, ешқандай ленинизммен бүркеуге болмайды. Кулактың аты кулак. Богушевский жәй құбыжық деп қаншама қақсаса да, кулак қауіпті. Бұл ұғымды ешқандай цитаталар арқылы коммунистің санасынан кетіре алмайсын. Ал орташамен берік одақ жасау керек деген қағыйданы, — Ильич II конгрестің қарарында орташаны битарап қалдыру туралы жазған дегенді сылтау етіп, — бұл қағыйданы әрқашан бүркеуге, ленинизм туралы, марксизм туралы сылдыр сөздермен көмескілеуге болады. Мұнда цитаталар келтіруге толып жатқан мүмкіндіктер бар, мұнда партияны шатастырғысы келетін, партиядан шындықты жасырғысы келе-

тін, шаруалар жөнінде Лениннің бір ұраны емес, үш ұраны болғандығы туралы шындықты жасырғысы келетін әрбір адам үшін толып жатқан мүмкіндіктер бар. Бұл арада марксизм жөнінде әралуан айла жасауға болады. Дәл сондықтан да екінші уклонға қарсы күресті үдете жүргізу керек.

Одақтың ішкі жағдайы туралы, оның шаруашылығы туралы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы туралы, таптар туралы, таптардың белсенділігі туралы, Советтердің жандануы туралы, шаруалар туралы және басқалар туралы мәселенің жайы осылай.

Мен мемлекеттік аппаратқа қатысы бар кейбір мәселелерге тоқталмай отырмын; мемлекеттік аппарат өсіп келеді және партияның басшылығынан шығып кетуге тырысып отыр, бірақ бұдан ол әрине, ешнәрсе шығара алмайды.

Мен мемлекеттік аппаратымыздың бюрократизмі жөнінде де айтпай тұрмын, айтпайтын себебім, менің есепті баяндамам тым ұзаққа созылып кетті. Мұны айтпай тұрған себебім, бұл мәселе партия үшін оншалықты жаңалық нәрсе емес.

7. Партияның міндеттері

Партияның ішкі саясат саласындағы міндеттеріне көшейін.

Бүкіл халық шаруашылығын дамыту саласында біз мына бағыттарда жұмыс жүргізуге тиіспіз:

а) халық шаруашылығының өнімін бұдан былай да арттыра беру бағытында;

б) елімізді аграрлық елден индустриялы елге айналдыру бағытында;

в) халық шаруашылығында социалистік элемент-

тердің капиталистік элементтерден үзілді-кесілді басым болуын қамтамасыз ету бағытында;

г) капиталистік қоршау жағдайында Совет Одағы халық шаруашылығының қажетті тәуелсіздігін қамтамасыз ету бағытында;

д) мемлекеттік бюджеттің жалпы системасында салықтан тыс табыстың үлес салмағын арттыру бағытында жұмыс жүргізу керек.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы саласында мына бағыттарда жұмыс жүргізу керек:

а) жоғарылатылған техникалық дәреже негізінде, еңбек өнімділігін арттыру негізінде, өнімнің түсер бағасын төмендету негізінде, капитал айналымының шапшаңдығын арттыру негізінде өнеркәсібімізді өркендету бағытында;

б) отынның, металдың, сонымен қатар теміржол транспортының негізгі капиталының балансын еліміздің өсе түскен мұқтаждықтарымен сәйкестіру бағытында;

в) жергілікті маңызы бар советтік өнеркәсіпті үдете дамыту бағытында;

г) егіннің шығымдылығын арттыру, егіншіліктің техникалық дәрежесін көтеру, техникалық егістерді дамыту, ауыл шаруашылығын индустрияландыру бағытында;

д) жаппай кооперативтендіру арқылы және шаруалардың мәдени дәрежесін көтеру арқылы бытыраңқы шаруа шаруашылықтарын социалистік құрылысқа тарту бағытында жұмыс жүргізу керек.

Сауда саласында мына бағыттарда жұмыс жүргізу керек:

а) товар өткізетін орындарды (кооперацияның

барлық түрлерін, мемлекеттік сауда) бұдан былай да ұлғайтып, сапасын жақсарту бағытында;

б) товар айналымының шапшаңдығын мейлінше арттыру бағытында;

в) бөлшектеп сатылатын заттың бағасын арзандату және советтік-кооперативтік сауданың жеке меншікті саудадан басым болуын бұдан былай да арттыру бағытында;

г) барлық дайындаушы органдардың арасында біртұтас майдан орнату және қатаң дайындау тәртібін қолдану бағытында;

д) сауданың активтік балансын қамтамасыз етуді, демек, тұрақты валютаны сақтаудың аса қажетті шарты және инфляциядан қауіпсіз болудың қажетті кепілдігі болып табылатын активтік есеп балансын да қамтамасыз етуді көздей отырып, сыртқы дүниемен сауда айналымын күшейту бағытында жұмыс жүргізу керек.

Жоспарлау саласында қажетті резервтердің болуын сөзсіз қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүргізу керек.

Айтпақшы, резерв қорларының бірі болып табылатын арақ туралы бір-екі сөз. Социализмді ақ қолғап киіп жүріп орнатуға болады деп ойлайтын адамдар бар. Бұл — өте өрескел қате, жолдастар. Егер бізде заемдар жоқ болса, егер біз капиталға кедей болсақ, және егер, оның үстіне, біз батыс европалық капиталистерге кіріптар бола алмайтын болсақ, олар бізге ұсынып отырған, ал біз қабылдамай тастаған кіріптарлық шарттарға көне алмайтын болсақ, — онда бір ғана жол қалады: қорды басқа салалардан іздеу керек. Бұл қалай да кіріптарлыққа түсуден гөрі тәуірлеу. Бұл арада кіріптарлық пен арақтың бірін таңдау

керек, ал социализмді ақ қолғап киіп жүріп орнатуға болады деп ойлайтын адамдар қатты қателеседі.

Таптардың арасалмағы саласында мына бағытта жұмыс жүргізу керек:

а) пролетариат пен деревня кедейлерінің орта шаруалармен одағын қамтамасыз ету бағытында,

б) бұл одақта пролетариаттың басшылығын қамтамасыз ету бағытында,

в) кулак пен қалалық капиталисті саясат жүзінде шеттету және шаруашылық жағынан ығыстыру бағытында жұмыс жүргізу керек.

Совет құрылысы саласында бюрократизмге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу бағытында, бұл күреске жұмысшы табының қалың бұқарасын қатыстыру бағытында жұмыс жүргізу керек.

Мен жаңа буржуазия туралы және оның идеологтері — сменовеховшылдар туралы бір-екі сөз айтпақшы едім. Сменовехшылдық дегеніміз өсіп келе жатқан және аз-аздап кулакпен, ескілікті интеллигенциямен ұштасып отырған жаңа буржуазияның идеологиясы. Жаңа буржуазия өз идеологиясын, сменовехшылдық идеологиясын шығарды, бұл идеологияның мәні мынадай: оның ойынша коммунистік партия азғындауға тиіс, ал жаңа буржуазия нығаюға тиіс, оның болжағында біз, большевиктер, өзіміз де сезбестен, баксақ, демократиялық республиканың табалдырығына таянуға тиіс болады екенбіз, онан соң бұл табалдырықтан аттап өтіп, әскерилердің арасынан ба, азаматтық чиндердің арасынан ба шығатын бір «цезарьдың» жәрдемімен біз кәдімгі буржуазиялық республиканың күйіне түсуге тиіс болады екенбіз.

Біздің ескілікті интеллигенцияның және оның ғана емес, бізге жақын кейбір топтардың да басын шыр-

мауға тырысатын жаңа идеология міне осындай. Мен біздің партия азғындайды деген пікірді теріске шығарып жатпаймын. Ақымақтықты теріске шығарып жатудың қажеті жоқ. Біздің партия азғындап отырған жоқ және азғындамайды да. Оның азғындамайтын себебі — ол берік материалдан жасалған, оны ұлы адам шыңдаған. (Қол шапалақтау.) Біздің кадрларымыз, жастары да, қарттары да, идеялық жағынан өсіп келеді. Ленин шығармаларын бірнеше дүркін басып шығара алғандығымыз — біздің бақытымыз. Қазір жұрт оқып, үйреніп, түсініп келеді. Басшылар ғана емес, партия ішіндегі орташалар да түсініп келеді, сондықтан оларды енді алдап кете алмайсың. Партия азғындап барады деген айқаймен енді ешкімді қорқыта алмайсың. Жұрттың өзі-ақ пайымдайды. Олар қалағанынша айқайлай берсін, олар қалағанынша цитаталармен қорқыта берсін, ал орташа партияшы адам тыңдап болып, өзі-ақ пайымдайды, өйткені оның қолында қазір Лениннің еңбектері бар. (Қол шапалақтау.) Бұл факт партиямыздың ленинизм жолынан таймайтындығының негізгі кепілдіктерінің бірі болып табылады. (Ду қол шапалақтау.)

Егер мен сонда да сменовехшылдар туралы әңгіме еткен болсам, біздің партияны және біздің Орталық Комитетті азғындайды деп дәмеленетін адамдардың бәріне екі ауыз сөзбен жауап беру үшін әңгіме еттім. Устрялов — осы идеологияның авторы. Ол біздің транспортта қызмет етеді. Ол жақсы қызмет істеп жүр деседі. Менің ойымша, егер ол жақсы қызмет істеп жүрген болса, біздің партияның азғындауы туралы қиял ете берсін. Бізде қиял етуге тыйым салынбаған. Игілігіне қиял ете берсін. Бірақ ол мынаны біліп қой-

сын: азғындау туралы қыял ете жүріп, ол сонымен бірге біздің большевиктік диірменімізге су тасуға тиіс. Әйтпесе оған жаман болады. (Қол шапалақтау.)

III

ПАРТИЯ

Партия туралы мәселеге көшейін. Партияны есепті баяндамамның соңынан айтып отырған себебім — партия өзінің салмағы жағынан дамуымыздың барлық факторларының қатарындағы ең соңғы фактор болғандықтан емес. Жоқ, олай болғандықтан емес. Оның себебі — партия біздегі бүкіл істі басқарып отырады.

Мен пролетариат диктатурасының сыртқы саясат пен ішкі саясат саласындағы, сыртта, капиталистік қоршау жағдайында, маневр жасау саласындағы және еліміздің ішіндегі социалистік құрылыс саласындағы табыстар туралы айттым. Бірақ, егер партиямыз өз міндеттерінің дәрежесінде тұрмаған болса, егер ол өсіп, нығайып отырмаған болса, бұл табыстарға жету мүмкін болмас еді. Жетекші күш ретінде партияның бұл жөніндегі маңызы өлшеусіз зор. Пролетариат диктатурасы өз бетімен жүзеге асырылмайды, ең алдымен, партияның күштері арқылы, соның басшылығы арқасында жүзеге асырылады. Партияның басшылығы болмайынша, капиталистік қоршаудың қазіргі жағдайларында, пролетариат диктатурасы мүмкін болмас еді. Партияны қобалжытып, әлсіретсе болғаны, пролетариат диктатурасы ілезде қобалжып, әлсіреп қалады. Міне сондықтан да барлық елдердің барлық буржуалары біздің партия туралы жанталаса сөз көтеріп жүр.

Осы арқылы мен біздің партия мемлекетпен бірдей деп тіпті де айтқалы тұрған жоқпын. Әсте олай емес. Партия — біздің мемлекеттегі жетекші күш. Осыған сүйеніп, кейбір жолдастардың айтып жүргеніндей, Саяси Бюро — мемлекеттегі жоғарғы орган болып табылады деу ақымақтық болар еді. Бұлай деу дұрыс емес. Мұның өзі біздің жауларымыздың диірменіне су құятын сандырақ. Саяси Бюро дегеніміз мемлекеттің емес, партияның жоғарғы органы, ал партия дегеніміз мемлекеттің жоғарғы жетекші күші. Орталық Комитет пен Саяси Бюро — партияның органдары болып табылады. Мен мемлекеттік мекемелерді партиямен бірдей демекші емеспін. Менің тек қана айтайын дегенім, ішкі саясатымыз бен сыртқы саясатымыздағы барлық негізгі мәселелерде жетекшілік роль партияның қолында болды. Тек сондықтан ғана біз ішкі саясатымыз бен сыртқы саясатымызда табыстарға жеттік. Сондықтан партияның құрамы туралы, оның идеялық дәрежесі туралы, партияның кадрлары туралы, оның шаруашылық және совет құрылысы мәселелерінің қойылысына басшылық ете білуі туралы, оның жұмысшы табының ішіндегі және шаруалар арасындағы үлес салмағы туралы, ақырында, оның жалпы ішкі халі туралы мәселе — саясатымыздың негізгі мәселесі болып табылады.

Ең алдымен партияның құрамы туралы. Партияның жалпы саны 1924 жылғы 1 апрельде Ленин күнінің құрметіне алынғандарды қоспағанда партия мүшелері мен кандидаттары 446 мың еді. Бұлардың ішінде жұмысшылары 196 мың, яғни 44%, шаруалары 128 мың, яғни 28,8%, қызметшілер және басқалар 121 мың, яғни 27,2% болды. 1925 жылғы 1 июльде партия қатарында бұрынғы 446 мыңның орнына енді 911

мың мүше, кандидат болып отыр, бұлардың ішінде: жұмысшылар — 532 мың, яғни 58,6%, шаруалар — 216 мың, яғни 23,8%, қызметшілер және басқалар — 160 мың, яғни 17,6%. 1925 жылғы 1 ноябрьде бізде 1 025 мың коммунист болып отыр.

Біздің партияға жұмысшы табының (егер бүкіл жұмысшы табын алатын болсақ) қанша проценті ұйымдасқан? Мен XIII съезде ұйымдастыру жұмысы жөніндегі өз есебімде біздің елдегі барлық жұмысшылардың саны 4 миллион 100 мың екенін (бұған ауылшаруашылық жұмысшылары да кіреді) айтқан болатынмын. Мен ол кезде ұсақ өнеркәсіптегі жұмысшыларды есепке алмаған едім, өйткені бұларды есепке алуға мүмкіндік болмады, өйткені әлеуметтік қамсыздандыру ісі бұларды қамтымаған еді, ал санақ орындары бұл жұмыспен шұғылданбайтын еді. Ол кезде менің бергенім 1924 жылғы январьдағы цифрлар еді. Кейіннен, ұсақ өнеркәсіпте жұмыс істейтін жұмысшыларды есепке алу мүмкіндігі туған кезде, 1924 жылғы 1 июльде барлық жұмысшылардың саны, ауылшаруашылық жұмысшыларын да қоса есептегенде, 5 500 мың болып шықты. Бұлардың ішінде партияда барлары 390 мың, яғни бүкіл жұмысшы табының 7% еді. 1925 жылғы 1 июльде 6 500 мың жұмысшы болды, бұлардың ішінде партияда барлары 534 мың, яғни бүкіл жұмысшы табы құрамының 8% еді. 1925 жылы 1 октябрьде бізде, ауылшаруашылық жұмысшылары мен өнеркәсіп жұмысшыларын, ұсақ, орта және ірі өнеркәсіптегі жұмысшыларды түгел алғанда, 7 миллион жұмысшы болды. Бұлардың ішінде партияда барлары 570 мың, яғни 8%.

Мен осының бәрін айтқанда, бір-екі жыл ішінде еліміздегі бүкіл жұмысшы табы құрамының партияға

ұйымдасқандарын 90%-ке жеткізу керек деп сөз етудің өзі қаншалық ақылға сыйымсыз нәрсе екенін көрсету үшін айтып тұрмын.

Енді РК(б)П жұмысшы бөлегінің цензалық өнеркәсіп жұмысшылары жөніндегі үлес салмағын алып қарайық. Ірі цензалық өнеркәсіптегі маусымдық жұмысшылардың емес, түпкілікті жұмысшылардың санын, мемлекеттік өнеркәсіпті де, мемлекеттік емес өнеркәсіпті де, бұған қоса соғыс өнеркәсібін, басты темір-жол мастерскойларын және негізгі деполарды алғанда, — барлық осы тараулардағы жұмысшылардың саны 1924 жылғы 1 январьда 1 605 мың еді. Ол кезде біздің партияда 196 мың жұмысшы болатын. Бұл ірі өнеркәсіптегі бүкіл жұмысшы табының құрамы жөнінде 12% болады. Ал егер партияға мүше станок жұмысшыларын алып, ірі өнеркәсіптегі бүкіл жұмысшы табының құрамына олардың проценттік қатнасын анықтасақ, біз мынаны көреміз. 1 январьда партияда станоктан 83 мың жұмысшы болған және бұлар ірі өнеркәсіптегі бүкіл жұмысшылар құрамының 5%-і еді. 1924 жылғы 1 январьда небәрі осы еді. 1924 жылғы 1 июньде ірі өнеркәсіпте 1 780 мың жұмысшы болды; ол кезде партияда 389 мың жұмысшы болды, яғни бұл ірі өнеркәсіптегі бүкіл жұмысшылар құрамының 21,8% еді. Партияда станоктан 267 мың жұмысшы болды, яғни ірі өнеркәсіптегі бүкіл жұмысшылар құрамының 15%. 1925 жылғы 1 январьда ірі цензалық өнеркәсіпте 1 845 мың жұмысшы бар еді; жалпы алғанда біздің партиядағы жұмысшылардың санын, станоктағыларын да, станокта еместерін де қоса алғанда, 429 мың болатын, яғни ірі өнеркәсіптегі бүкіл жұмысшы табы құрамының 23,2% еді; ол кезде

партияда станоктан 302 мың жұмысшы бар еді, яғни ірі өнеркәсіптегі бүкіл жұмысшы табы құрамының 16,3% еді. 1925 жылғы 1 июльде ірі өнеркәсіпте 2 094 мың жұмысшы болды; партиядағы жұмысшылар саны — 534 мың, яғни 25,5% станок жұмысшыларының саны — 383 мың, яғни ірі өнеркәсіптегі бүкіл жұмысшы табы құрамының 18,2% еді.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, егер онда, бүкіл жұмысшы табы жөнінде, бүкіл жұмысшы табының құрамымен салыстырып алғанда партияға ұйымдасқан жұмысшылардың өсуі жұмысшы табының өзінің өсуінен гөрі баяу жүріп отырған болса, ал мұнда, ірі өнеркәсіпте, — керісінше: партиядағы жұмысшылар процентінің өсуі ірі өнеркәсіптің өзіндегі жұмысшы табының өсуінен гөрі шапшаң жүріп отыр. Мұны біз партияның жұмысшы ұйтқысы туралы айтқанда партиямыздың бейнесі қандай екенін ескерту үшін атап көрсетуіміз керек: бұлар — көбінесе ірі өнеркәсіптің жұмысшылары.

Біз кәзір, осының бәріне қарап, бір жылдың ішінде партияға алынатын станок жұмысшыларының санын 90%-ке жеткізу керек деп айта аламыз ба? Жоқ, айта алмаймыз, неге десеңіз, біздің қыялға салынғымыз келмейді. Неге десеңіз, егер партияда станоктан 380 мың жұмысшы болып отырған болса, онда басқаларының бәрі — демек, станоктан емес 700 мыңдай адам — 10% болуы үшін, партия мүшелерінің санын бір жыл ішінде 7 миллионға жеткізу керек болады. Сондықтан жолдастар аңдамастан 90% цифр жөнінде ыңғайсыз халде қалып отыр.

Партияның жұмысшы табындағы үлес салмағы өсіп отыр ма? Осы өзінен өзі айқын ақыйқатты дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Өздеріңіз біле-

сіздер, біздің партия, шын мәнісінде, жұмысшы табынан сайланған партия болып табылады. Біз бұл жөнінде дүние жүзіндегі бірде-бір партия әлі де жетпеген дәрежеге жетіп отырмыз. Осы бір фактының өзі-ақ партиямыздың жұмысшы табының қатарындағы үлес салмағы өлшеусіз зор екенін және біздің партия жұмысшы табының ішінде монополиялы партия екенін көрсетеді.

Партиямыздың деревнядағы үлес салмағын алатын болсақ, онда бұл арада істің жайы тым көрнексіз болып отыр. XIII съездің қарсаңында еліміздегі 18 жастан 60 жасқа дейінгі село халқы 53 миллион еді, XIV съездің қарсаңында — 54 миллионнан астам болды. Деревнялық ұялардағы коммунистер саны XIII съездің қарсаңында 136 мың еді, яғни бүкіл ересек село халқының 0,26% еді, ал XIV съездің қарсаңында партиядағы шаруалар 202 мың, яғни 0,37% болды. Деревняда біздің партияның өсуі адам айтқысыз шабан жүріп отыр. Мен біздің партия қарыштап өсуге тиісті демекші емеспін, бірақ партиямыздағы шаруалардың бұл проценті өте мардымсыз болып табылады. Біздің партия — жұмысшы партиясы. Онда әрқашан да жұмысшылар басым болып отырмақ. Мұның өзі бізде пролетариат диктатурасы бар екендігінің айқын белгісі болып табылады. Тағыда бір айқын нәрсе: шаруалармен одақ жасалмайынша, пролетариат диктатурасы мүмкін емес, партиямыздың құрамында шаруалардан алынған таңдаулы адамдардың белгілі процентінің болуы деревняда партия үшін қажетті тірек болып табылады. Бұл жағынан алып қарағанда әзірінше істің жайы онша мәз емес.

Сонсын мен партиямыздың идеялық дәрежесінің жаппай өскендігін атап көрсетуге тиіспін. Жұмыстың

ұйымдастыру жағы туралы сіздерге Молотов жолдас баяндайды, сондықтан мен бұл мәселеге тоқталмаймын, бірақ бір нәрсе жөнінде, атап айтқанда: барлық мәліметтер бойынша басшы кадрларымыздың, жастарының да, қарттарының да, идеялық дәрежесі едәуір өскендігі жөнінде айтпай тұра алмаймын. Мысалға былтыр біз троцкизммен жүргізген айтысты алуға болады. Өздеріңізге мәлім, әңгіме ленинизмге ревизия жасау туралы, партия басшылығын, былайша айтқанда, жол-жөнекей өзгерту туралы болды. Осы антипартиялық толқынға партияның қандай ауызбірлікпен тойтарыс бергендігі барша жұртқа мәлім. Бұл нені көрсетеді? Мұның өзі партияның өскендігін көрсетеді. Оның кадрлары нығайды, оған айтыс дегеніңіз қорқынышты емес. Қәзір біз, амал не, жаңа айтыстың кезеңіне аяқ басып отырмыз. Мен партия бұл айтысты да арылтады және өзгеше ешнәрсе бола қоймайды деп сенемін. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ о л ш а п а л а қ т а у.) Оқыйғаларды күнілгері болжамас үшін және жұртты ашындырмас үшін мен ленинградтық жолдастардың өз конференциясында қандай ниет көрсеткені жайында және москвалық жолдастардың мұны қалай бағалағаны жайында қәзір айтып жатпаймын. Менің ойымша, мұны съезд мүшелерінің өздеріақ айтады, ал мен қортынды сөзімде қортынды жасаймын.

Мен баяндамамды аяқтаймын.

Мен біздің сыртқы саясатымыз туралы, капиталистік дүниені жегідей жеп отырған қайшылықтар туралы айттым. Мен бұл қайшылықтарды тек Батыстағы жұмысшы революциясы ғана жоя алады дегенді айттым.

Мен сонсын капиталистік мемлекеттермен біздің

қатнастарымызды, Совет Одағының қатнастарын өз шеңберінде жүргізіп отырған қайшылықтар туралы айттым. Мен олар, бұл мемлекеттер, біздің елімізді капиталистік системаның шылауына айналдыруға тырысып бағады, олар бізді интервенциялауға тырысып бағады, ал біз тойтарыс беріп отырамыз, оның бержағында біз, әсіресе Батыстың жұмысшылары бізге келуді, бізбен бауырласуды жиілетіп отырғаннан кейінгі жерде, Батыс жұмысшы табының мейлінше қолғабыс көрсетуіне арқа сүйейміз дегенді айттым. Онсоң біз бұл бауырласудың өзі капиталистер үшін тегін кетпейді деп сенеміз. Біз бұл қайшылықтарды да арылтып келеміз. Бірақ сайып келгенде капитализм дүниесі мен социализм дүниесінің арасындағы сыртқы қайшылықтарды біз тек өз күшімізбен арылта алмаймыз, бұл үшін бірқатар елдердегі пролетарлық жеңімпаз революцияның көмегі керек.

Мен сонсын еліміздің ішіндегі, капиталистік элементтер мен социалистік элементтердің арасындағы қайшылықтар туралы айттым. Мен бұл қайшылықтарды өз күшімізбен арылта аламыз дедім. Кімде-кім бұл іске сенбесе — ондай адам жойымпаз болып шығады, ондай адам социалистік құрылысқа сенбейді. Бұл қайшылықтарды біз арылтамыз, біз бұларды кәзірдің өзінде арылтып келеміз. Әрине, Батыс жақтан көмек неғұрлым тез келсе, соғұрлым жақсы болады, біз бұл қайшылықтарды соғұрлым тез арылтамыз, сөйтіп жеке меншікті капиталды біржолата құртамыз және бізде социализмнің толық жеңіп шығуын, толық социалистік қоғам орнату ісін қамтамасыз етеміз. Бірақ біз шеттен көмек болмаса да жасымаймыз, аттан салып айқайламаймыз, өз жұмысымызды тастамаймыз (қол шапалақтау) және қыйыншылықтар-

дан қорықпаймыз. Кімде-кім шаршаған болса, кімде-кім қыйыншылықтардан қорқатын болса, кімде-кім ақылынан адасатын болса, — ондайлар ерлік пен табандылық сақтаған адамдарға жол берсін. (Қол шапалақтау.) Біз қыйыншылықтардан қорқатын адамдар емеспіз. Біз большевиктерміз, біз лениндік жолмен шыныққандармыз, сондықтан да біз қыйыншылықтардан қашпаймыз, қайта қыйыншылықтарға қарсы жүріп, оларды жеңіп отырамыз. (Дауыстар: «Дұрыс!». Қол шапалақтау.)

Жолдастар, мен, онан соң, партиямыздың табыстары туралы да, қателері туралы да айттым. Бұл қателер аз болған жоқ. Сыртқы товар айналымы жөнінде де, дайындау ісі жөнінде де, жұмысымыздың кейбір басқа салаларында бізде қателер аз болған жоқ. Ильич бізді дандайсымауға үйреткен болатын. Біз дандайсымаймыз. Қателер аз болған жоқ. Бірақ табыстарымыз да бар. Қалай дегенмен де, біз бір нәтижеге жеттік, бізден әсте тартып алуға болмайтын нәтижеге жеттік. Бұл нәтиже сол — біз өзіміздің көлемді құрылыс жұмысымыз арқылы, шаруашылық майданындағы өзіміздің большевиктік тегеурініміз арқылы, бұл арада қолымыз жеткен табыстарымыз арқылы өкіметті қолға алған жұмысшылар капитализмге соққы беруді ғана емес, қыйратуды ғана емес, сонымен бірге жаңа қоғам орнату, социализм орнату ісін де білетінін бүкіл дүние жүзіне көрсетіп бердік. Бұл жеңісті, біздің осы ақыйқатты айқын ақыйқат еткендігімізді, — бізден ешкім де тартып ала алмайды. Бұл — осы күнге дейін біздің қолымыз жеткен жеңістердің ішіндегі ең үлкен, ең қыйын жеңіс. Өйткені біз Батыстың жұмысшы табына және Шығыстың езілген халықтарына тарихтың ұзына бойында тек қана мыр-

залар үшін жұмыс істеп келген, сол мырзалар билептөстеп келген жұмысшылардың, осы жұмысшылардың, өкіметті алғаннан кейін, ұлы елді басқаруға, аса қыйын жағдайларда социализм орнатуға қабілетті болып шыққанын көрсетіп бердік.

Батыста пролетарлардың жеңуі үшін не істеу керек? Ең алдымен өз күшіңе сену керек, жұмысшы табы буржуазиясыз-ақ күн көре алатынын, жұмысшы табы тек ескіні қыйратуға ғана емес, сонымен бірге жаңаны орнатуға да, социализм орнатуға да қабілетті екенін ұғыну керек. Социал-демократияның бүкіл жұмысы жұмысшыларды саруайымға салуда, өз күштеріне сенбестік туғызуда, буржуазияны күшпен жеңіп шығу мүмкіндігіне сенбестік туғызуда болып отыр. Біздің бүкіл жұмысымыздың, бүкіл құрылысымыздың мазмұны сол — бұл жұмыс пен бұл құрылыс жұмысшы табының буржуазиясыз-ақ күн көруге және өз күштерімен жаңа қоғам орнатуға қабілетті екендігіне капиталистік елдердегі жұмысшы табының көзін жеткізіп отыр.

Жұмысшылардың біздің елге саяқат жасауы, біздің елге келген жұмысшы делегацияларының құрылысымыздың әрбір мүйісін көзімен көріп, құрылысымыздың табыстарын анықтап білуге тырысуы, — осының бәрі капиталистік елдердегі жұмысшы табының, социал-демократияға қарамастан, өз күштеріне сене бастағанын және жұмысшы табының ескіліктің қыйраған жұртында жаңа қоғам орнатуға қабілетті екендігіне сене бастағанын көрсетеді.

Мен есеп беріп отырған жылдың ішінде көп табыстарға қолымыз жетті демеймін, бірақ қалай дегенмен бір шындықты мойындау керек: бұл шындық мынау — социалистік құрылысымыздың табыстары арқы-

лы жұмысшы табы буржуазияны құлатып, өкіметті өз қолына алғаннан кейін капиталистік қоғамды социализм негіздерінде қайта құруға қабілетті екенін біз көрсетіп, дәлелдеп бердік. Осы табысқа біздің қолымыз жетті және бұл табысты ешкім де, қалай етсе де, бізден тартып ала алмайды. Және мұның өзі баға жетпес табыс. Өйткені бұл табысқа жету дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі капиталистік елдердегі жұмысшылардың өз күштеріне сенімін туғызу, өздерінің жеңіп шығатындығына сенімін туғызу деген сөз. Мұның мәнісі — олардың қолдарына буржуазияға қарсы жаңа қару беру деген сөз. Ал олардың бұл қаруды қолға алатындығы және мұны пайдалануға дайын екендігі, — бұл жағдай мынадан-ақ көрінеді: жұмысшылардың біздің елге саяқат жасауы тыйылған жоқ, қайта күшейіп отыр. Ал капиталистік елдердегі жұмысшылардың өз күштеріне сенімі артқан кезде, сенімдеріңіз кәміл болсын, мұның өзі капитализмнің ақыр-аяғының бастамасы және пролетарлық революция жеңісінің аса айқын белгісі болады.

Міне сондықтан, менің ойымша, социализм орнатқанда, біз текке жұмыс істеп отырған жоқпыз. Міне сондықтан, менің ойымша, бұл жұмыста біз халықаралық көлемде жеңіп шығуға тиіспіз. (*Ұзақ, ду қол шапалақтау. Бүкіл съезд овация жасайды.*)

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ ЕСЕБІ БОЙЫНША ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

23 декабрь

Жолдастар! Мен жеке мәселелер жөніндегі жеке сұрақ хаттарға жауап беріп жатпаймын, неге десеңіз, менің бүкіл қортынды сөзім шындығында осы сұрақ хаттарға жауап болады.

Онан соң, кісінің жеке басына тиісушілікке және кісінің жеке басына тікелей қатысы бар әралуан қылықтарға мен жауап бермекші емеспін, өйткені осы тиісушіліктің дәлелдері мен астарын тексеру үшін съездің жеткілікті материалдары бар деп білемін.

«Үңгірлік адамдар» жайында да, — Кисловодскінің түбіндегі бір жерде бас қосып, Орталық Комитеттің органдары жөнінде әрқыйлы комбинациялар ойластырған адамдар жайында, — айтып жатпаймын. Мейлі, бұл олардың жұмысы, комбинацияларын жасай берсін. Тек қана баса көрсеткім келетін бір жағдай мынау: осында комбинаторлық саясатқа қарсы қоқаштана сөйлеген Лашевичтің өзі комбинаторлардың ішінде болып шықты, онсоң Кисловодскінің түбіндегі «үңгірлік адамдардың» кеңесінде ол, бақсақ, онша

маңызсыз роль атқармапты. Мейлі, құдайы жар болсын. (Күлкі.)

Енді іске көшейін.

1. СОКОЛЬНИКОВ ЖӘНЕ БІЗДІҢ ЕЛДІ ДАУЭСТЕНДІРУ

Ең әуелі кейбір қарсы пікірлер айтайын. Бірінші қарсы пікір — Сокольниковқа арналады. Ол өз сөзінде былай деді: «Сталин екі сара жолды, шаруашылығымыздың құрылысындағы екі жолды белгілеймін деп, ол бізді адастырып отыр, өйткені ол бұл екі жолды басқаша тұжырымдауға тиіс еді, шеттен жабдық әкелу туралы емес, дайын товарлар әкелу туралы сөз қылуға тиіс еді». Мен Сокольниковтың бұл сөзі оны Шаниннің тезистерін жақтаушы адам ретінде бүтіндей әйгілеп беріп отыр деп кесіп айтамын. Мен Сокольников бұл арада шын мәнісінде еліміздің дауэстендіруді жақтап отыр дегім келеді. Мен баяндамада не туралы айттым? Мен экспорт-импорт жоспары туралы айттым ба? Әрине, жоқ. Шеттен жабдық әкелуге біздің **кәзір мұқтаж** болып отырғанымызды әркім-ақ біледі. Бірақ Сокольников бұл мұқтаждықты принципке, теорияға, дамудың перспективасына айналдырып отыр. Мен баяндамамда біздің халық шаруашылығымызды ұйымдастыру жөніндегі негізгі, жетекші, сара екі жол туралы айттым. Мен мұны капиталистік қоршау жағдайында еліміздегі шаруашылықтың дербес дамуын қамтамасыз ету жолдары туралы мәселені анықтау үшін айттым. Мен баяндамамда елімізді аграрлық елден индустриялы елге айналдыру мағнасында біздің сара жолымыз туралы, біздің перспективамыз туралы айттым. Аграрлық ел дегеніміз не? Аграрлық ел дегеніміз — ауылшаруашылық өнімдерін

шетке шығаратын және жабдықты шеттен әкелетін ел, бірақ оның өзі бұл жабдықты (машиналарды т. б.) өз күшімен жасап шығармайтын немесе жасап шығармайтын дерлік ел. Егер біз жабдық пен машиналарды өз күшімізбен жасап шығармай, оларды шеттен әкелуімізге тура келетін даму сатысында тоқырап қалатын болсақ, онда біз еліміздің капиталистік системаның шылауына айналып кетуінен қауіпсіз бола алмаймыз. Дәл сондықтан да біз өзімізде өндіріс құралдарын өндіру ісін дамытуға бет алуымыз керек. Сокольников осы жәй ғана нәрсеге шынымен түсіне алмай отыр ма? Мен баяндамамда нақ осы туралы айттым ғой.

Дауэстің жоспары нені талап етеді? Оның өзі рыноктердің есебінен, көбінесе біздің, советтік рыноктердің есебінен Германияның репарациялық төлемдер төлеу үшін ақша өндіруін талап етеді. Бұдан қандай қортынды шығады? Бұдан шығатын қортынды — Германия бізге жабдық беріп отырады, біз оны әкеліп отырамыз, ал шетке ауылшаруашылық өнімдерін шығарамыз. Біз, яғни біздің өнеркәсіп, сөйтіп, Европаның байлауында боламыз. Дауэс жоспарының негізі міне нақ осы. Бұл жөнінде мен Дауэстің жоспары, біздің елдің мүддесіне қол сұғатын болғандықтан, тыяақсыз нәрсе деген болатынмын. Неге? «Неге десеңіз, — дедім мен, — біз қандай да болсын басқа бір ел үшін, оның ішінде Германия үшін де аграрлық елге айналуды әсте қаламаймыз», өйткені «машиналарды және өндірістің басқа да құрал жабдықтарын біз өзіміз жасап шығарамыз». Елімізді аграрлық елден индустриялы елге, қажетті жабдықтарды өз күштерімен

жасап шығара алатын елге айналдыру керек, — біздің сара жолымыздың мазмұны, негізі міне осында. Біз жұмысымызды шаруашылық қызметкерлерінің ой-әрекеттері нақ осы жаққа, елімізді шеттен жабдық әкелуші елден бұл жабдықты жасап шығарушы елге айналдыру жағына жұмсалатындай етіп ұйымдастыруға тиіспіз. Өйткені еліміздің шаруашылық жағынан дербес болуының негізгі кепілі міне осында. Өйткені еліміздің капиталистік елдердің шылауына айналмайтындығының кепілі міне осында. Осы оп-оңай, айқын шындықты Сокольниковтың түсінгісі келмейді. Олар, Дауэс жоспарының авторлары, бізді, айталық, шыт тоқып шығарумен ғана тежеп қоймақшы болады, бірақ бізге бұл жеткіліксіз, өйткені біз тек шыт шығарумен ғана тынбай, шыт шығаруға қажетті машиналарды да жасап шығарғымыз келеді. Олар бізді, айталық, автомобильдер жасап шығарумен ғана тежеп қоймақшы болады, бірақ бізге бұл жеткіліксіз, өйткені біз тек автомобильдер шығарумен ғана тынбай, автомобильдер шығаратын машиналарды да жасап шығарғымыз келеді. Олар бізді, айталық, башмактар жасап шығарумен ғана тежемекші болып отыр, бірақ бізге бұл жеткіліксіз, өйткені біз тек башмактар шығарумен ғана тынбай, башмактар шығаратын машиналарды да жасап шығарғымыз келеді. Т. т. және т. с.

Екі сара жолдың айырмасы міне осы, ал Сокольниковтың міне осыны түсінгісі келмейді.

Біздің жолымыздан бастарту дегеннің мәнісі — социалистік құрылыс міндеттерінен ауа жайылып кеткендік болады, оның мәнісі — елімізді дауэстендіру тұрғысына түсіргендік болады.

2. ҚАМЕНЕВ ЖӘНЕ БІЗДІҢ ШАРУАЛАРҒА ЖАСАҒАН КЕҢШІЛІКТЕРІМІЗ

Екінші қарсы пікір — Қаменевке арналады. Ол былай деді: партияның XIV конференциясында шаруашылық жөнінде, Советтерді жандандыру жөнінде, соғыс коммунизмінің сарқыншақтарын жою жөнінде, аренда мен жалдамалы еңбек туралы мәселені анықтау жөнінде белгілі қарарларды қабылдап, біз осы арқылы шаруаларға емес, кулакқа кеңшілік жасадық, мұның өзі шаруаларға емес, капиталистік элементтерге жасалған кеңшілік болып табылады деді. Мұнысы дұрыс па? Мұнысы дұрыс емес, мұнысы партияға жала жапқандық деп мен кесіп айтамын. Марксист мәселеге бұлайша қарай алмайды, тек либерал ғана мәселеге осылай қарайды.

XIV партконференцияда біз жасаған кеңшіліктер қандай? Бұл кеңшіліктер нэптің шеңберіне сыя ма, жоқ па? Сөз жоқ, сыяды. Бәлкім, біз апрель конференциясында нэпті ұлғайтқан шығармыз? Оппозиция жауап берсінші: біз апрельде нэпті ұлғайттық па, жоқ па? Егер біз оны ұлғайтқан болсақ, олар XIV конференцияның қарарлары үшін неге дауыс берді? Онсоң, бәріміздің де нэпті ұлғайтуға қарсы екендігіміз белгілі емес пе? Онда әңгіме неде? Әңгіме мынада: Қаменев шатасып қалды, өйткені нэптің ішінде саудаға, капитализмге, жалдамалы еңбекке жол берушілік те бар, ал XIV конференцияның қарарлары Лениннің барында енгізілген нэптің көрінісі болып табылады. Ленин нэпті алғашқы кездерде ең алдымен капиталистердің, купецтердің, кулактардың пайдаланатынын білген бе еді? Әрине, білген. Бірақ Ленин, біз нэпті енгізгенде, шаруаларға емес, жалдаптар мен ка-

питалистік элементтерге кеңшіліктер жасаймыз деп айтып па еді? Жоқ, айтқан жоқ, және бұлай деп айта алмас та еді. Керісінше, ол әрқашан да былай дейтін: сауда мен капитализмге жол бере отырып және нэп бағытында саясатымызды өзгерте отырып, біз шаруалармен байланысымызды сақтап, нығайту үшін шаруаларға кеңшілік жасап отырмыз, өйткені шаруалар қазіргі жағдайларда товар айналымы болмайынша, капитализмнің біраз жандануына жол берілмейінше күн көре алмайды, өйткені біз қазір сауда арқылы болмаса, басқа жолмен байланыс ісін жөнге сала алмаймыз, өйткені біз тек осылай еткенде ғана байланысты нығайтып, социалистік экономиканың іргетасын қалай аламыз. Ленин кеңшіліктер туралы мәселеге міне осылай қараған болатын. 1925 жылғы апрельдегі кеңшіліктер туралы мәселеге міне осылай қарау керек.

Лениннің осы мәселе жөнінде айтқан пікірін сіздерге оқып беруіме рұхсат етіңіздер. Москва губерниясындағы ұялардың секретарьларының кеңесінде «Азық-түлік салығы туралы» жасаған баяндамасында партияның жаңа саясатқа, нэп саясатына көшуін ол былай деп сыйпаттайды:

«Мен коммунизмнің тұрғысынан қарағанда бұл саясаттың қаншалық үйлесімді екендігі жөніндегі және коммунистік Совет өкіметінің еркін сауданың дамуына ырық беруі қалай болып шығатындығы жөніндегі мәселеге тоқталып өтпекшімін. Мұның өзі коммунизмнің тұрғысынан қарағанда жақсы ма? Бұл сұраққа жауап беру үшін шаруа шаруашылығында болған өзгерістерге байыптап көз салу керек. Ең әуелі болған жағдай — біз барлық шаруалардың помещиктер өкіметіне қарсы тегеуірін жасағанын көрдік. Кедейлер де, кулактар да помещиктерге бірдей қарсы шықты, дегенмен, әрине, көздеген ниеттері әртүрлі болды: кулактар помещиктің жерін тартып алып, ол жерде өз

шаруашылығын дамыту үшін қарсы шықты. Міне сонда кулактар мен кедейлердің арасындағы мүдделер мен ниеттердің әртүрлі екендігі көрінді. Украинада осы мүдделер айырмашылығы кәзірде де біздегіден гөрі анағұрлым айқын көрініп отыр. Помещиктерден көшкен осы жерді кедейлердің тікелей пайдаланғаны өте аз болды, өйткені олардың қолында бұл үшін материалдар да, құрал-сайман да болған жоқ. Міне енді біз тартып алынған жерлерді кулактардың иемденіп кетуіне жол бермеу үшін кедейлердің ұйымдасып жатқанын көріп отырмыз. Совет өкіметі бізде құрылған кедейлер комитеттеріне және Украинада құрылған «комнезамождарға» жәрдем көрсетіп отыр. Мұның нәтижесінде не болып шықты? **Мұның нәтижесінде деревнядағы басым элемент орташалар болып шықты...** Кулактар жағына ауытқушылық азайды, қайыршылық жағына ауытқушылық азайды, сөйтіп халықтың көпшілігі орташаның дәрежесіне жақындай бастады. Егер біздің шаруа шаруашылығының өнімділігін арттыруымыз керек болса, онда біз, ең алдымен, орташамен санасуға тиіспіз. **Коммунистік партияның өз саясатын нақ осыған сәйкес белгілеуіне тура келді... Демек, шаруалар жөніндегі** саясаттың өзгерген себебі шаруалардың **өздерінің хал-жайы өзгерді. Деревня неғұрлым орташалық деревня болып отыр, сондықтан өндіргіш күштерді арттыру үшін біз осы жағдаймен санасуға тиіспіз**»* (қараңыз: XXVI том, 304—305-беттер).

Онан әрі, нақ сол томда, 247-бетте Ленин жалпы қортынды жасайды:

«Біз **өзіміздің мемлекеттік экономикамызды орташаның экономикасына лайықтап құруға тиіспіз***, ал бұл экономиканы біз үш жыл ішінде қайта жасай алмадық және әлі он жыл ішінде де қайта жасай алмаймыз».

Басқаша айтқанда, өндіргіш күштердің өсуін арттыру үшін, елімізде өнімдердің мөлшерін молайту үшін, шаруалармен байланысымызды нығайту үшін біз еркін сауданы енгіздік, біз капитализмнің жандануына жол бердік, біз нэпті енгіздік. Шаруалармен

* Барлық жерде де курсив менікі. **И. Ст.**

байланыс жасау, байланыс мүдделері нэп бағытында біздің жасаған кеңшіліктеріміздің негізі болып табылады, — мәселеге Ленин міне осылай қарайды.

Ол кезде Ленин нэпті, шаруаларға жасалған кеңшіліктерді жалдаптардың, капиталистердің, кулактардың пайдаланатынын білген бе еді? Әрине, білген. Бұдан бұл кеңшіліктер, шын мәнісінде, жалдап пен кулакқа жасалған кеңшіліктер болды деген ұғым туа ма? Жоқ, тумайды. Өйткені жалпы алғанда нэпті және жеке алғанда сауданы тек капиталистер мен кулактар ғана пайдаланбайды, сонымен қатар мемлекеттік органдар мен кооперативтік органдар да пайдаланады, өйткені тек капиталистер мен кулактар ғана сауда жасамайды, сонымен қатар мемлекеттік органдар мен кооперация да сауда жасайды, оның бержағында мемлекеттік органдар мен кооперация, бұлар сауда жасауды үйренген кезде, біздің индустриямызды шаруа шаруашылығымен байланыстыра отырып, жеке меншіктілерден үстем болып шығады (кәзірдің өзінде-ақ үстем бола бастап отыр!).

Ал бұдан қандай қортынды шығады? Бұдан шығатын қортынды — біздің кеңшіліктеріміз негізінде шаруалармен байланысымызды нығайту бағытында және осы байланысты көздеп жүргізіліп отыр.

Кімде-кім мұны түсінбесе, ондай адам мәселеге лениншіл адамша емес, либералша қарайды.

3. ЖАҢЫЛЫСҚАН КІМ?

Үшінші қарсы пікір — Сокольниковқа арналады. Ол былай дейді: «Күзден бастап шаруашылық майданында біз ұшыраған бірталай шығындар нақ өз күштерімізді асыра бағалағандықтан, социалистік

жолмен есейгендігімізді асыра бағалағандықтан, кәзірдің өзінде-ақ бүкіл халық шаруашылығына басшылық ету жөніндегі өзіміздегі, мемлекеттік шаруашылықтағы мүмкіндіктерді асыра бағалағандықтан болып отыр».

Бақсақ, дайындау ісі мен сыртқы сауда жөніндегі жаңылыстар, — мен 1924/25 жылғы пассивтік сальдоны айтып тұрмын, — осы жаңылыстар тәртіптеуші органдарымыздың қателескендігінен емес, шаруашылығымыздың социалистік жолмен есейгендігін асыра бағалағандықтан болған көрінеді. Ал бұл жөнінде, бақсақ, Бухарин айыпты екен, оның «мектебі» шаруашылығымыздың социалистік жолмен есейгендігіне елігу ісін әдейі өрістетіп отырады екен.

Әрине, сөйлеген сөздерде, Сокольниковтың жиі көкіп кететіні сияқты, қалағаныңша көкуге «болады». Бірақ дегенмен оның да шегі болуы керек қой. Съездің алдында осындай қыйсынсыз нәрсені және нағыз жалған сөзді айтуға бола ма? Ноябрьдің бас кезінде Саяси Бюроның арнаулы мәжілісі болғандығы, онда дайындау ісі мен сыртқы сауда туралы мәселе талқыланғандығы, онда Орталық Комитет, біздің социалистік мүмкіндіктерімізді асыра бағалады деп кінә тағылған Орталық Комитеттің көпшілігі тәртіптеуші органдардың қателерін түзеткендігі Сокольниковқа белгілі емес пе? Съезде осындай бос сөз сөйлеуге аузы қалай барады? Жәнеде бұл арада Бухарин «мектебінің» немесе Бухариннің өзінің не қатысы бар? Ауру бастың сақыйнасын сау басқа телу деген не әдет! Жаңылыстар туралы мәселе жөнінде Орталық Комитеттің мәжілісінде сөйленген сөздердің стенограммасы барлық губкомдарға жіберілгендігін Сокольников білмей ме? Ап-айқын фактыларға қарсы сөйлеуге аузы қалай

барады? Сөйлеген сөздерде көкуге «болады», бірақ оның да шегі болуы керек қой.

4. СОКОЛЬНИКОВ КЕДЕЙЛЕРДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙДЫ

Төртінші қарсы пікір — бұл да Сокольниковқа қарсы. Оның осында айтқан сөзіне қарағанда, білсеңіздер, ол, финанс халық комиссары ретінде, біздің ауылшаруашылық салығымыздың табысқа қарай салынуын қамтамасыз етуге барынша тырысып бағады екен, бірақ жұрт оған бөгет жасап жүр екен, бөгет жасайтын себебі — оның кедейлерді қорғап, кулакты ауыздықтауына ырық бермей жүр екен. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Мұның өзі партияға жала жапқандық. Ауылшаруашылық салығын табысқа қарай формалды жағынан өзгерту туралы мәселе, — менің формалды жағынан дейтін себебім оның өзі факт жүзінде табыс салығы болып табылады, — міне осы мәселе биылғы жылы октябрьде Орталық Комитеттің пленумында қойылған болатын, бірақ бұл мәселенің съезге қойылуын Сокольниковтан басқа ешкім де қуаттаған жоқ-ты, өйткені мәселе съезге қоюға әлі әзірленбеген еді. Ол кезде Сокольников өз ұсынысын өткізуді талап еткен жоқ болатын. Ал енді, бақсақ, Сокольников осы мәселені Орталық Комитетке қарсы пайдаланбақшы, әрине, кедейлердің мүдделері үшін емес, оппозицияның мүдделері үшін пайдаланбақшы. Міне сонымен, егер Сокольников осында кедейлер туралы әңгіме етіп отырған болса, онда Сокольниковтың, кедейлерді қорғағансып жүрген осы айтулы қорғаушысымақтың, шын позициясын ашып көрсететін бір фактыны сіздерге мәлімдеуіме рұхсат етіңіздер. Жуырда РСФСР финанс халық комиссары Милютин жолдас

кедей шаруа шаруашылықтарын бір сомнан төменгі салықтан босату туралы, қарар қабылдады. Милютин жолдастың Орталық Комитетке жазған баяндама хатынан көрініп отырған жағдай — бір сомнан төменгі осы салықтың, шаруаларды сәл ренжітетін салықтың бүкіл сомасы бүкіл РСФСР бойынша 300—400 мың сом шамасында көрінеді, ал бұл салықты өндіріп алуға жұмсалатын бір ғана шығынның өзі осы салықтың сомасынан сәл ғана кем көрінеді. Ал Сокольников, кедейлердің осы қорғаушысы не істейді десеңізші! Ол алады да, Милютин жолдастың осы қарарын бұзады. Орталық Комитет осы жөнінде 15 губкомнан наразылық білдірген хаттар алады. Сокольников қарысып көнбейді. Бір сомнан төменгі салықты алмау туралы РСФСР Финанс халық комиссариатының мүлде дұрыс қарарын бұзудан Сокольниковтың бастартуы үшін Орталық Комитеттің қысым жасауы керек болды. Сокольников мұны кедейлердің мүдделерін «қорғау» деп атайды. Сөйтіп, мойнында осындай жүгі бар, осындай адамдар — былайша, сыпайылап айтқанда, — Орталық Комитетке қарсы шығуға батылы барып отыр. Ғажап, жолдастар, ғажап.

5. ИДЕЯЛЫҚ КҮРЕС ПЕ ӘЛДЕ ЖАЛА МА?

Ақырында, тағыда бір қарсы пікір. Менің айтып тұрғаным «Талас мәселелер жөніндегі материалдар жыйнағының» авторларына арналатын қарсы пікір. Кеше осында құпия түрде, тек съезд мүшелері үшін ғана, жаңа басылып шыққан «Талас мәселелер жөніндегі материалдар жыйнағы» үлестірілді. Бұл жыйнақта, басқаларын былай қойғанда, мені быйылғы жылы ап-

рельде селолық тілшілер делегациясын қабылдады, сонда жерге жеке меншіктілікті қайта орнату идеясына тілектестік білдірді делінген. Бақсақ, «Беднотада»[63] селолық тілшілердің бірінің маған белгісіз, мен қарап шықпаған, нақ осындай «алған әсерлері» басылыпты. Мен мұны быйылғы жылы октябрьде білдім. Бұдан да бұрын, апрельде, Рига агенттігі, басқа агенттік атаулының бәрінен өзгешелігі — біздер жөнінде барлық жалған лақаптарды қыйыстырып шығарып отыратын осы агенттік, шетелдік баспасөзге нақ осындай хабар таратыпты, бұл туралы біздің адамдар Парижден Сыртқы істер халық комиссариатының атына берілген телеграмма арқылы бізге мәлімдеп, мұны теріске шығаруды талап етті. Мен сол кездің өзінде-ақ өз жәрдемшім арқылы Чичерин жолдасқа жауап қайырып: «Егер Чичерин жолдас қайдағыбір ақмақтық пен өсекті теріске шығару керек деп есептесе, теріске шығара берсін» дедім (Орталық Комитеттің архивін қараңыз).

Осының бәрі әлгі мүбәрәк «жыйнақтың» авторларына белгілі ме? Әрине, белгілі. Ендеше олар қайдағыбір былшыл мен өтірікті неге тынымсыз таратып келеді? Рига агенттігінің әдістерін қолдануға олардың, оппозицияның қалайша батылы барып отыр? Олардың шынымен-ақ осы күйге түскені ме? (Д а у ы с: «Масқара!».)

Сонсын, «үңгірлік адамдардың» мінез-құлқын білетіндігімнен, олар Рига агенттігінің әдістерін қайталаудан тайынбайтынын білетіндігімнен мен «Беднотаның» редакциясына жауап жазып жібердім. Мұндай ақмақтықты теріске шығарып жатудың өзі кісі күлерлік нәрсе, бірақ олардың сырын білетіндігімнен,

мен сонда да жауап жазып жібердім. Ол жауап мынау:

««Беднота» редакциясына хат.

Редактор жолдас! Мен таяуда жолдастардан білдім: 1925 ж. 5 апрельде «Беднотада» селолық тілшілер делегациясының менімен әңгімелескендігі туралы селолық тілшілердің бірінің алған әсерлерінің желісі басылыпты; оны кезінде оқып шығуымның орайы келмеді, сол хабарда мен жөнінде жер иемденушілікті 40 жылға және одан да ұзақ уақытқа бекітіп беру идеясына, жерге жеке меншік болсын деген идеяға және т. с. тілектестік көзбен қарады деген сөздер айтылыпты. Бұл қияли хабардың өзі көрер көзге сорақы болғандықтан теріске шығарып жатуды керек етпейді, солай бола тұрса да, бұл хабардың мейлінше өрескел қате екенін, жәнеде мұның өзі түгелінен оның авторының қиялынан туған нәрсе екенін «Беднотада» мәлімдеуіме рұхсат етуіңізді сізден өтініп сұрасам, бәлкім, артық болмас.

„И. Сталин“.

Бұл хат «жыйнақтың» авторлары жолдастарға белгілі ме? Күмән жоқ, белгілі. Ендеше олар өсек, өтірік таратуларын неге қоймайды? Мұның өзі күрестің қай әдісі? Мұның өзі идеялық күрес деседі. Жоқ, жолдастар, мұның өзі идеялық күрес емес. Біздің орыс тілінде мұның өзі тек қана **жала** деп аталады.

Енді негізгі принциптік мәселелерге көшуге рұхсат етіңіздер.

6. НЭП ТУРАЛЫ

Нэп туралы мәселе. Мен Крупская жолдас жайында және нэп туралы мәселе жөнінде оның сөйлеген сөзі жайында айтқалы тұрмын. Ол былай дейді: «Нэп дегеніміз шындығында белгілі шарттармен жол берілетін капитализм болып табылады, пролетарлық

мемлекет бұғауда ұстайтын капитализм болып табылады»... Мұнысы дұрыс па? Дұрыс та, дұрыс емес те. Капитализмді біз бұғауда ұстаймыз және капитализм өмір сүріп отырған кезде оны бұғауда ұстай береміз, бұл — факт, бұл — дұрыс. Ал нэпті капитализм болып табылады деу, — бұл бос сөз, барып тұрған бос сөз. Нэп дегеніміз пролетарлық мемлекеттің айрықша саясаты, билеу тізгіндерін пролетарлық мемлекет қолында ұстай отырып, капитализмге жол беруді көздейтін, капиталистік элементтер мен социалистік элементтердің күресін көздейтін, капиталистік элементтердің есесінен социалистік элементтер ролінің күшеюін көздейтін, социалистік элементтердің капиталистік элементтерді жеңіп шығуын көздейтін, таптардың жойылуын, социалистік экономиканың іргесін қалауды көздейтін саясаты. Кімде-кім нэптің осы өткінші, екіжақты сыйпатын түсінбесе, ондай адам ленинизмнен тайып кетеді. Егер нэп капитализм болған болса, онда Ленин айтқан нэптік Россия капиталистік Россия болған болар еді. Бірақ кәзіргі Россияны капитализмнен социализмге өтуші Россия емес, капиталистік Россия деуге бола ма? Онда Ленин жәй ғана: «капиталистік Россия социалистік Россия болады» демес пе еді, ал оның орнына: «нэптік Россиядан социалистік Россия жасалады» деп, басқа формула беруді мақұл көрді ғой? Оппозиция Крупская жолдастың нэп дегеніміз капитализм болып табылады деген пікіріне қосыла ма, қосылмай ма? Менің ойымша, Крупская жолдастың формуласына қосылатын бірде-бір съезд мүшесі табыла қоймас. Крупская жолдас (қатты айтсам кешірер) нэп туралы барып тұрған бос сөз айтты. Бұл жерде Ленинді жақтап, Буха-

рингe қарсы сөйлегенде мұндай бос сөз айтуға болмайды.

7. МЕМЛЕКЕТТІК ҚАПИТАЛИЗМ ТУРАЛЫ

Бухариннің қатесі осы мәселеге байланысты. Оның қатесі неде еді? Ленин Бухаринмен қай мәселелер жөнінде айтысқан еді? Ленин мемлекеттік капитализмнің категориясы пролетариат диктатурасының системасымен үйлесе алады деген болатын. Бухарин мұны мойындаған жоқ еді. Ол — онымен бірге «солшыл» коммунистер де, ал бұлардың ішінде Сафаров та бар, — былай деп есептеді: мемлекеттік капитализмнің категориясын пролетариат диктатурасының системасымен үйлестіруге болмайды десті. Әрине, Лениннің пікірі дұрыс еді. Бухариндікі теріс еді. Ол өзінің осы қатесін мойындады. Бухариннің қатесі міне осында. Бірақ бұл өткен кезде болған нәрсе. Егер ол кәзір, 1925 жылы, майда, мемлекеттік капитализм туралы мәселе жөнінде Ленинмен келіспеушілігім бар деп қайталап отырған болса, онда менің ойымша, мұның өзі жәй ұғынбаушылық. Не ол өзінің осы сөзінен тіке бастартуға тиіс, не мұның өзі ұғынбаушылық болады, неге десеңіз, кәзір мемлекеттік өнеркәсіптің сыйпаты туралы мәселе жөнінде оның қорғап отырған жолы Лениннің жолы болып табылады. Ленин Бухариннің пікіріне келген жоқ, қайта керісінше, Бухарин Лениннің пікіріне келді. Дәл сондықтан да біз Бухаринді жақтаймыз. (Қол шапалақтау.)

Каменев пен Зиновьевтің негізгі қатесі мынада: олар мемлекеттік капитализм туралы мәселені диалектикалық жолмен емес, схоластикалық жолмен алып қарайды, тарихи жағдаймен байланыссыз алып

қарайды. Мәселеге бұлайша қарау ленинизмнің бүкіл рухына қайшы келеді. Ленин мәселені қалай қойды? 1921 жылы Ленин, өнеркәсібіміздің жеткіліксіз дамығанын, ал шаруалардың товарға мұқтаж екенін біле отырып, оны (өнеркәсіпті) бірден көтеруге болмайтынын, жұмысшылардың, белгілі жағдайға байланысты, көбінесе өнеркәсіппен емес, оттық дайындаумен шұғылданып жүргенін біле отырып, — Ленин осы жағдайда барлық мүмкіндіктердің ішіндегі ең жақсы мүмкіндік — шетелдік капиталды тарту, соның жәрдемімен өнеркәсіпті жөнге салу, сөйтіп мемлекеттік капитализмді енгізу және осы арқылы Совет өкіметінің деревнямен байланысын орнату деп есептеді. Мұндай жол ол кезде сөзсіз дұрыс еді, өйткені ол кезде бізде шаруаларды қанағаттандырудың бұдан басқа мүмкіндіктері болған жоқ еді, өйткені біздегі өнеркәсіп ақсаулы еді, транспорт тоқтап тұр еді немесе тоқтап тұр дерлік еді, отын жоқ еді, жетімсіз еді. Ленин ол кезде мемлекеттік капитализмді шаруашылығымыздың басым формасы ретінде болуы қолайлы нәрсе деп есептеді ме? Я, есептеді. Бірақ мұның өзі сол кезде, 1921 жылы болған еді. Ал енді ше? Енді бізде өнеркәсіп жоқ, транспорт тоқтап тұр, отын жоқ, т. т. жоқ деп айтуға бола ма? Жоқ, болмайды. Біздің өнеркәсібіміз бен саудамыз кәзірдің өзінде индустрияның (біздің индустрияның) шаруа шаруашылығымен тікелей, өз күштері арқылы байланысын орнатып отырғанын бекер деуге бола ма? Жоқ, болмайды. Өнеркәсіп саласында «мемлекеттік капитализм» мен «социализм» кәзірдің өзінде роль ауыстырғанын, өйткені социалистік өнеркәсіптің үстем болғанын, ал концессиялар мен аренданың үлес салмағы (біріншісінде 50 мың, екіншісінде 35 мың жұмысшы бар) өте кем екенін бекер

деуге бола ма? Жоқ, болмайды. Ленин 1922 жылдың өзінде-ақ бізде концессиялар мен арендадан нәтиже шықпады деген болатын.

Ал бұдан қандай қортынды шығады? Бұдан шығатын қортынды — 1921 жылдан бергі жерде біздегі жағдай елеулі түрде өзгерді, бұл уақыттың ішінде біздің социалистік өнеркәсібіміз бен советтік-кооперативтік сауда кәзірде басым күш болып үлгірді, қала мен деревня арасындағы байланысты кәзірде өз күшімізбен орнатуды үйрендік, мемлекеттік капитализмнің ең көрнекті формалары — концессиялар мен аренда — бұл уақыттың ішінде айта қаларлықтай дамый алмады, сондықтан енді, 1925 жылы, мемлекеттік капитализмді шаруашылығымыздың басым формасы деп әңгіме ету — мемлекеттік өнеркәсібіміздің социалистік сыйпатын бұрмалағандық болады, өткен кездегі жағдай мен кәзіргі кездегі жағдайдың бүкіл айырмасын түсінбегендік болады, мемлекеттік капитализм туралы мәселеге диалектикалық жолмен емес, схоластикалық, метафизикалық жолмен қарағандық болады.

Сокольниковты тыңдап көрсеңіздер болмас па екен? Ол өзінің сөзінде былай дейді:

> «Біздің сыртқы саудамыз мемлекеттік-капиталистік кәсіпорын ретінде жүргізіледі... Біздің ішкі сауда қоғамдарымыз — бұлар да мемлекеттік-капиталистік кәсіпорындар. Жәнеде, жолдастар, мен Мемлекеттік банк те дәл сондай мемлекеттік-капиталистік кәсіпорын деуге тиіспін. Біздегі ақша системасы ше? Біздегі ақша системасы мынаған негізделген: совет шаруашылығында, орнатылып жатқан социализм жағдайларында капиталистік экономиканың принциптері бойынша жүргізілетін ақша системасы алынып отыр».

Сокольников осылай дейді.

Ұзамай ол Финанс халық комиссариатын да мемлекеттік капитализм деп атауға дейін барады. Осы

күнге дейін мен де, осы күнге дейін біздің бәріміз де Мемлекеттік банк мемлекеттік аппараттың бір бөлегі болып табылады деп ойлаушы едік. Осы күнге дейін мен де, біздің бәріміз де біздің Сыртқы саудамыз, егер оның айналасындағы мемлекеттік-капиталистік мекемелерді есепке алмасақ, мемлекеттік аппараттың бір бөлегі болып табылады, ал біздің мемлекеттік аппаратымыз пролетарлық типтегі мемлекет болып табылады деп ойлаушы едік. Біздің бәріміз де осы күнге дейін осылай ойлаушы едік, өйткені пролетарлық өкімет осы институттардың **бірден-бір** қожайыны болып табылады ғой. Ал енді Сокольниковтың пікірінше, біздің мемлекеттік аппараттарымыздың бір бөлегі болып табылатын осы институттар мемлекеттік-капиталистік институттар болып шығып отыр. Бәлкім, біздің советтік аппаратымыз, Ленин айтқандай, мемлекеттің пролетарлық типі емес, бұл да мемлекеттік капитализм болып табылатын шығар? Олай болмайтын несі бар? Біздің советтік аппаратымыз «капиталистік экономиканың принциптері бойынша жүргізілетін ақша системасын» пайдаланып отырған жоқ па? Кейбір адам міне осындай бос сөз айтуға дейін барып отыр.

Ең алдымен Мемлекеттік банктың сыйпаты мен маңызы туралы мәселе жөнінде Лениннің айтқан пікірін келтіруіме рұхсат етіңіздер. Жолдастар, мен Лениннің 1917 жылы жазған кітабының бір жерін мысалға алмақшымын. Менің айтып тұрғаным «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген кітапша; бұл кітапшада Ленин әлі де өнеркәсіпті бақылау тұрғысында (национализациялау тұрғысында емес) болатын және, бұған қарамастан, пролетарлық мемлекеттің қолындағы Мемлекеттік банктың 9/10 бө-

легі социалистік аппарат деп есептеді. Мемлекеттік банк туралы ол былай деп жазды:

«Ірі банктер социализмді жүзеге асыру үшін бізге керекті және біз капитализмнен **даяр күйінде алатын** «мемлекеттік аппарат» **болып табылады,** онсоң біздің бұл жөніндегі міндетіміз тек қана мынау: осы тамаша аппаратты **капиталистік жолмен бұзатын** нәрсені **қырқып тастау,** бұл аппаратты **неғұрлым ірі,** неғұрлым демократиялық, неғұрлым құшағы кең аппарат ету. Сан сапаға айналады. Аса ірілердің ішіндегі ең ірі біртұтас мемлекеттік банк, әрбір болыста, әрбір фабриканың жанында бөлімшелері болатын банк — мұның өзі енді оннан тоғызы **социалистік** аппарат. Мұның өзі — жалпымемлекеттік **есеп-қисап,** өндірістің және өнім бөлудің жалпымемлекеттік **есебі,** мұның өзі, былайша айтқанда, социалистік қоғамның **қаңқасы** сияқты нәрсе» (қараңыз: XXI том, 260-бет).

Лениннің сөздерін Сокольниковтың сөзімен салыстырыңызшы — сонда Сокольниковтың қайда лағып бара жатқанын түсінесіз. Егер ол Финанс халық комиссариатын мемлекеттік капитализм деп жарияласа, мен бұған таңданбаймын.

Мұндағы әңгіме неде? Сокольниковтың мұндай қателері қайдан туып отыр?

Әңгіме мынада: Сокольников капиталистік элементтерге қарсы социалистік элементтер күресінің кәзіргі жағдайларындағы нэптің екіжақты сыйпатын, сауданың екіжақты сыйпатын түсінбейді, ол пролетариат диктатурасы жағдайындағы, өткелді дәуір жағдайындағы даму диалектикасын түсінбейді, бұл ретте социалистік элементтер капиталистік элементтерді жеңіп, жою үшін буржуазияның әдістері мен құралын пайдаланатынын түсінбейді. Әңгіме эсте сауда мен ақша системасының «капиталистік экономика» әдістері болып табылатындығында емес. Әңгіме мынада: шаруашылығымыздың социалистік элементтері, капи-

талистік элементтермен күресе отырып, капиталистік элементтерді жеңу үшін буржуазияның осы әдістері мен құралын меңгереді, социалистік элементтер бұларды капитализмге қарсы ойдағыдай пайдаланады, бұларды экономикамыздың социалистік іргетасын қалау үшін ойдағыдай пайдаланады. Демек, әңгіме мынада: дамуымыздың диалектикасы арқасында буржуазияның бұл құралдарының міндеттері мен атқаратын қызметі принцип жүзінде бүтіндей өзгереді, социализмнің пайдасына, капитализмнің зиянына өзгереді. Сокольниковтың қатесі — ол біздің экономикада болып жатқан процестердің мейлінше күрделі және қымқыйғаш екенін түсінбеді.

Енді мемлекеттік капитализмнің тарихи сыйпаты туралы мәселе жөнінде Лениннен мысал алуыма, оның мемлекеттік капитализмді, басты форма ретінде, қашан және неліктен ұсынғандығы туралы мәселе жөнінде, оның бұлай етуге не себепті мәжбүр болғандығы жөнінде, оның үстіне мұны дәл қандай нақтылы жағдайларда ұсынғандығы жөнінде цитата келтіруіме рұхсат етіңіздер. (Д а у ы с: «Өтінеміз!».)

«Біз өзіміз жиі бақылап жүрген көріністерді — мемлекеттің қолындағы фабрикаларда істейтін жұмысшылардың социалистік көзқарастарын, отынды, шикізатты және өнімдерді мұндағы жұмысшылардың өздері жыйнайтынын, немесе жұмысшылардың өнеркәсіп өнімдерін шаруалар арасында дұрыс бөлуге тырысатынын, бұл өнімдерді транспорт құралдары арқылы тасып жеткізетінін — ешбір ұмыта алмаймыз. Социализм дегеніміз осы. Бірақ мұнымен қатар ұсақ шаруашылық өмір сүріп отыр, оның өзі ылғый социализмнен тәуелсіз өмір сүруде. Оның социализмнен тәуелсіз өмір сүре алатын себебі не? Оның себебі — ірі өнеркәсіп қалпына келтірілген жоқ, оның себебі — социалистік фабрикалар өздері алуға тиісті нәрселердің, бәлкім, тек оннан бір үлесін ғана алуы мүмкін; сөйтіп, бұлар алмайтын болған-

дықтан, ұсақ шаруашылық социалистік фабрикалардан тәуелсіз болып қалады. Еліміздің адам айтқысыз күйзеліске ұшырауы, отынның, шикізаттың және транспорттың жетімсіздігі ұсақ өндірістің социализмнен бөлек өмір сүруіне әкеліп соғады. Сондықтан мен былай деймін: мұндай жағдайларда мемлекеттік капитализм дегеніміз немене? — Мұның өзі ұсақ өндірістің біріккпесі болады. Капитал ұсақ өндірісті біріктіреді, капитал ұсақ өндірістен өсіп шығады. Бұл жөнінде көз жұмудың қажеті жоқ. Әрине, **сауда бостандығы капитализмнің өсуі болып табылады;** бұдан бұлтарып кетуге ешбір болмайды, сондықтан, кімде-кім бұдан бұлтарып, құтылып кетем дейтін болса, ондай адам өзін тек құрғақ сөзбен жұбатқан болып шығады. Егер ұсақ шаруашылық бар болса, егер айырбас бостандығы бар болса — капитализм пайда болады. Бірақ, **егер фабрикалар, заводтар, транспорт пен шетелдік сауда өзіміздің қолымызда болып отырған болса,** бұл капитализм бізге **қорқынышты** ма? Бұл капитализмнің бізге қорқынышты емес екендігі даусыз нәрсе деп мен сол кезде-ақ айтқанмын, қазірде де осыны қайталап айтамын, осылай деп есептеймін де. Концессиялар осындай капитализм болып табылады»* (қараңыз: XXVI том, 306-бет).

Мемлекеттік капитализм туралы мәселеге Ленин міне осылай қараған болатын.

1921 жылы, біздің өз өнеркәсібіміз болмады дерлік кезде, шикізат жетімсіз болып, транспорт тоқтап тұрған кезде, Ленин, шаруа шаруашылығын индустриямен байланыстыруды көздеп осының амалы ретінде мемлекеттік капитализмді ұсынды. Бұлай етуі дұрыс та еді. Бірақ бұдан Ленин бұл жолды жағдай атаулының бәрінде де қолайлы жол деп есептеді деген ұғым туа ма? Әрине, тумайды. Оның мемлекеттік капитализм арқылы байланыс орнатуды көздеген себебі — бізде дамыған социалистік өнеркәсіп жоқ еді. Ал енді ше? Бізде енді дамыған мемлекеттік өнеркә-

---

* Барлық жерде де курсив менікі. **И. Ст.**

сіп жоқ деуге бола ма? Әрине, бұлай деуге болмайды. Даму ісі басқа арнамен алға басты, концессиялар жөнді өріс алған жоқ, мемлекеттік өнеркәсіп өсті, мемлекеттік сауда өсті, кооперация өсті, сондықтан қала мен деревня арасындағы байланыс социалистік өнеркәсіп арқылы орнатыла бастады. Біз өзіміз ойлағаннан гөрі жақсы жағдайда болып шықтық. Осыдан кейін, мемлекеттік капитализм біздің шаруашылық жұмысымыздың басты формасы болып табылады деудің қыйсыны бар ма?

Оппозицияның қырсығы — ол осы жәй ғана нәрселерді түсінгісі келмейді.

8. ЗИНОВЬЕВ ЖӘНЕ ШАРУАЛАР

Шаруалар туралы мәселе. Зиновьевте орташаны жете бағаламау жағына ауытқыған уклон бар екенін, оның өзі анықтан, таяуда ғана, орта шаруаны битарап қалдыру тұрғысында болғанын, тек енді ғана, партия ішінде күрес жүргізілгеннен кейін ғана оның басқа тұрғыға, орташамен берік одақ жасау тұрғысына көшіп, орнығуға әрекеттеніп жүргенін мен өз баяндамамда айттым, осында сөйлеген шешендер де айтты. Осының бәрі рас па? Қейбір документтерді мысалға алуыма рұхсат етіңіздер.

«Большевиктендіру туралы» деген мақаласында Зиновьев быйылғы жылы былай деп жазды:

«Коминтерннің барлық партияларына **мүлде ортақ,** бірқатар міндеттер бар. Мәселен... шаруалар жөніндегі дұрыс көзқарас осындай. Бүкіл дүние жүзінің егінші халықтарының үш тобы бар, бұларды біз өз жағымызға қаратып алуға тиіспіз және бұлар пролетариаттың одақтастары болуға тиіс (ауылшаруашылық пролетариаты, **жартылай пролетарлар** — парцелді — шаруа-

лар және өзгенің жұмысшы күшін жалдамайтын ұсақ шаруалар). Шаруалардың басқа бір тобы бар (орташалар), бұларды, ең болмағанда, біз битарап етуге тиіспіз»* («Правда», 18 январь, 1925 ж.).

Партияның VIII съезінен соң, онда Ленин орташаны битарап қалдыру жөніндегі ұранды керексіз етіп тастап, оның орнына орташамен берік одақ жасау ұранын ұсынған соң алты ай өткеннен кейін Зиновьев орташа туралы осылай деп жазып отыр. Бакаев: мұнда қорқынышты не бар? — деп сұрайды. Ал мен сізден Зиновьевтің мақаласын Лениннің орташаға сүйену туралы тезисімен салыстыруды және Зиновьев Лениннің тезисінен ауа жайылып кетті ме, жоқ па деген сұрауға жауап беруіңізді сұраймын... (Орыннан дауыс: «Россиядан бөлек, басқа елдер жөнінде айтылып отыр». Айқай-шу.) Олай деудің жөні жоқ, жолдас, өйткені Зиновьевтің мақаласында «Коминтерннің **барлық** партияларына **мүлде** ортақ міндеттер» туралы айтылып отыр. Біздің партия да Коминтерннің бір бөлегі екенін сіз шынымен бекерге шығармақсыз ба? Мұнда: «**барлық** партияларына» деп тіке айтылған. (Ленинград делегациясының тарапынан дауыс: «Белгілі кезеңдерде», Жаппай күлкі).

Зиновьевтің **битарап қалдыру туралы** мақаласынан алынған осы цитатаны бізге орташамен **берік одақ** жасау керек екені туралы партияның VIII съезінде Лениннің сөйлеген сөзінен келтірілген цитатамен салыстырыңызшы, сонда сіз бұлардың арасында ешқандай ұқсастық жоқ екенін түсінесіз.

Бір айта кетерлік нәрсе, Зиновьевтің осы сөздерін

---

* Барлық жерде де курсив менікі. **И. Ст.**

оқығаннан кейін, Ларин жолдас, деревнядағы «екінші революцияның» осы жақтасы, оған дереу қосыла қойды. Менің ойымша, Ларин жолдас таяуда Каменев пен Зиновьевке қарсы пікір айтқанымен, жәнеде бұл пікірі едәуір орынды болғанымен, бұл жағдай оны мен біздің арамызда алауыздықтар бар екенін жоққа шығармайды, сондықтан біз бұл арада одан іргені аулақ салуға тиіспіз. Ларин жолдас Зиновьевтің осы мақаласы туралы мынадай пікір айтады:

«Коминтерннің **барлық*** партияларының ортақ міндеттері тұрғысынан алып қарағанда оның председателі Зиновьев «шаруалар жөніндегі дұрыс көзқарасты» әбден дұрыс тұжырымдап көрсетті» (Ларин. «Советтік деревня», 80-бет).

Байқауымша, Ларин жолдас бұған наразылық білдіріп: Зиновьев орташаны битарап қалдыру ұранын Россияға да таратып отырғандықтан, Зиновьевке қосылмайтындығым туралы өз кітабымда ескерту жасағанмын дегенді айтады. Рас, ол өз кітабында бұл туралы ескертіп өтеді де, біз үшін битарап қалдыру ұраны жеткіліксіз, біз «кулакқа қарсы орташамен келісім жасау» жағына «бір адым ілгері» басуға тиіспіз дейді. Бірақ, амал не, бұл араға Ларин жолдас кулактың озбырлығына қарсы жасалатын «екінші революция» жөніндегі өз схемасын әкеп тіркейді, ал біз мұны жақтамаймыз, бұл жағдай оны Зиновьевпен жақындастырады, сондықтан мұның өзі мені одан іргені біраз аулақ салуға мәжбүр етіп отыр.

Көріп отырсыздар, Зиновьев мен келтірген документте орта шаруаларды битарап қалдыру ұранын тікелей, ашықтан-ашық жақтайды, сөйтіп битарап қал-

* Курсив менікі **И. Ст.**

дырудың жеткіліксіз екенін және орташамен берік одақ жасау қажет екенін жарыялаған Ленинге қарсы шығады.

Одан кейінгі документ. Зиновьев «Ленинизм» деген өз кітабында Лениннің 1918 жылы жазылған: «Буржуазиялық-демократиялық революцияның ақырына дейін шаруалармен бірге болу керек, — шаруалардың ең кедей, пролетарлық және жартылай пролетарлық бөлегімен бірге социалистік революцияға қарай алға басу керек!» деген сөздерін цитата етіп алады да, бұдан мынадай қортынды жасайды:

«Қәзір... біздің көңілімізді аударып отырған, негізгі... проблема Лениннің жоғарыда келтірілген қағыйдаларында толық және ақырына дейін көрсетілген. **Бұған әшнәрсе қоса алмайсың, бір сөзін де алып тастай алмайсың***. Мұндағы пікірдің бәрі де Ильичке тән ұқыптылықпен, ұғымды түрде қысқаша және айқын айтылғандығы сондай, мұны хрестоматияға енгізгің келіп тұрады» («Ленинизм», 60-бет).

Зиновьевтің пікірінше ленинизмнің шаруа мәселесі жөніндегі **ақтық** сыйпаты осындай. Патша мен помещиктерге қарсы жалпы шаруалармен бірге аттану, бұл — буржуазиялық революция. Буржуазияға қарсы кедейлермен бірге аттану, бұл — Октябрь революциясы. Мұның бәрі жақсы-ақ. Лениннің екі ұраны берілген. Ал Лениннің үшінші ұранын — кулакқа қарсы социализм құрылысы үшін орташамен бірге аттану керек деген ұранын қалай ету керек? Лениннің осы үшінші ұраны қайда кетті? Бұл ұран Зиновьевте жоқ. Бұл ұран жоғалған. Зиновьев «бұған ешнәрсе қоса алмайсың» деп кесіп айтып отырғанымен, алайда, егер бұл арада пролетариат пен кедейлердің орташамен

* Курсив менікі **И. Ст.**

берік одақ жасауы туралы Лениннің үшінші ұранын қоспасақ, онда, Лениннің пікірін Зиновьевтің бұрмалап отырғаны сияқты, біз де оны бұрмалауға айналамыз. Лениннің кәзір біз үшін аса маңызды ұран болып отырған үшінші ұранының Зиновьевте ғайып болғанын, жоғалып кеткенін кездейсоқ нәрсе деп есептеуге бола ма? Жоқ, кездейсоқ нәрсе деп есептеуге болмайды, өйткені оның өзі орташаны битарап қалдыру тұрғысында қалып отыр. Бірінші документ пен екінші документтің арасындағы айырмашылық тек қана мынада: ол бірінші документте орташамен берік одақ жасау ұранына қарсы шықты, ал екінші документте бұл ұранды ауызға алмады.

Үшінші документ — Зиновьевтің «Замана философиясы» деген мақаласы. Мен бұл мақаланың бастапқы редакциясын, кейін Орталық Комитет мүшелері енгізген өзгерістер мен қосымшалардан бұрынғы редакциясын айтып тұрмын. Бұл мақаланың өзгешелік сыйпаты мынада: екінші документ сияқты, бұл мақала да орташа туралы мәселені мүлде ауызға алмайды және, осы аса маңызды мәселеден аттап өтіп, әлдененедей белгісіз халықшылдық теңбе-теңдік туралы әңгіме етеді, бұл теңбе-теңдіктің таптық сырын көрсетпейді. Мұнда деревня кедейлері бар, кулак бар, капиталист бар, Бухаринге тиісушілік бар, эсерлік теңбе-теңдік бар, Устрялов бар, бірақ, мақала «Замана философиясы» деп аталып отырса да, мұнда орташа жоқ және Лениннің кооперативтік жоспары жоқ. Молотов жолдас маған осы мақаланы жібергенде (мен ол кезде жол жүріп кеткен болатынмын), мен тіке және қатал сынмен жауап қайырдым. Я, жолдастар, мен турашыл, тік мінез адаммын, бұл рас, мен мұны бекер демеймін. (Күлкі.) Мен қатал сынмен

жауап қайырдым, өйткені ленинизмнің шаруа мәселесіндегі аса айрықша сыйпаттарын, шаруалардың негізгі бұқарасымен одақтасу туралы партиямыздың кезекті ұранын Зиновьевтің үнемі ауызға алмауына немесе бұрмалай беруіне төзіп отыруға болмайды. Сонда мен Молотов жолдасқа міне былай жауап қайырдым:

«Зиновьевтің «Замана философиясы» деген мақаласы партия жолын Ларииннің рухында бұрмалағандық болып табылады. Бұл мақала XIV конференция туралы әңгіме етеді, бірақ бұл конференцияның басты тақырыбы — орта шаруалар мен кооперация — ескерусіз қалған. Орта шаруалар мен Лениннің кооперативтік жоспары ғайып болған. Бұл кездейсоқ нәрсе емес. Осыдан кейін XIV конференцияның қарарларын «түсіндіру жолындағы күрес» туралы әңгіме ету — бұл қарарларды бұзуға беталғандық болады. Зиновьевтің істеп отырғаны сыяқты, Бухаринді Столыпинмен шатастырушылық — Бухаринге жала жапқандық болады. Бүйте берсе, «сауда жасаңдар және сауда жасап үйреніңдер» деген Ленинді де Столыпинмен шатастырып жіберуі мүмкін. Қазіргі кезеңде теңбе-теңдік туралы ұран ұсыну эсерлік демагогия болып табылады. Таптар барда және мамандық еңбек пен мамандықсыз еңбек барда, ешқандай теңбе-теңдіктің болуы мүмкін емес (Лениннің «Мемлекет және революция» деген еңбегін қараңыз). Белгісіз бір теңбе-теңдік туралы емес, таптарды жою туралы, социализм туралы әңгіме ету керек. Біздің революцияны «өрнексіз» революция деп атау — меньшевизмге қарай ауып кеткендік болады. Меніңше, мақаланы бүтіндей қайта құру керек, қайта құрғанда, мұның өзі XIV съезд жөніндегі платформа сыйпатында болмайтын болсын.

12 сентябрь, 1925 ж.

И. Сталин".

Қазірде де осының бәрін қорғауға әзірмін. Әрбір сөзін, әрбір сөйлемін қорғауға әзірмін.

Қандай теңбе-теңдік туралы — шаруалардың жұмысшы табымен теңбе-теңдігі туралы ма, шаруалар-

дың ішіндегі теңбе-теңдік туралы ма, жұмысшы табының ішіндегі, мамандық еңбек пен мамандықсыз еңбектің арасындағы теңбе-теңдік туралы ма, әлде таптарды жою мағнасындағы теңбе-теңдік туралы ма, — қандай теңбе-теңдік туралы сөз болып отырғанын әбден анықтап айтпай тұрып, негізгі жетекші мақалада теңбе-теңдік туралы әңгіме етуге болмайды. Жетекші мақалада партияның деревнядағы жұмысы туралы кезекті ұрандарын ауызға алмай кетуге болмайды. Теңбе-теңдік туралы жел сөз айтып ойнауға болмайды, өйткені мұның өзі отпен ойнағандық болады, дәл сол сияқты, ленинизм туралы жел сөз айтып ойнауға болмайды, ленинизмнің шаруалар туралы мәселедегі кезекті ұранын ауызға алмай кетуге болмайды.

Үш документ осындай: Зиновьевтің орташаны битарап қалдыруды жақтаған мақаласы (январь, 1925 ж.), Лениннің орташа туралы үшінші ұранын ауызға алмай отырған Зиновьевтің «Ленинизм» деген кітабы (сентябрь, 1925 ж.), орташаны және Лениннің кооперативтік жоспарын ауызға алмай отырған Зиновьевтің «Замана философиясы» деген жаңа мақаласы (сентябрь, 1925 ж.) осындай.

Шаруа мәселесінде Зиновьевтің осылайша үнемі бұлталақтап жүруі кездейсоқ нәрсе ме?

Көріп отырсыздар, бұл кездейсоқ нәрсе емес.

Таяуда Орталық Комитеттің есебі жөнінде Ленинградта жасаған баяндамасында Зиновьев, ақырында, орташамен берік одақ жасау ұранын жақтап сөйлеуге бел байлады. Орталық Комитетте болған күрестен кейін, егестерден кейін, қақтығыстардан кейін осылай етіп отыр. Мұнысы өте жақсы. Бірақ мен кейін, ол бұдан тағыда айнып кетпейді деп сенбеймін. Өйткені,

фактылардың көрсетуіне қарағанда, шаруа мәселесінде бізге керекті берік бағыт Зиновьевтің бойында ешқашан да болған емес. (Қол шапалақтау.)

Шаруа мәселесінде Зиновьевтің ауытқып отырғанын көрсететін кейбір фактылар мынадай. 1924 жылы Зиновьев Орталық Комитеттің пленумында орталықта және жергілікті жерлерде, апта сайын шығып тұратын газеті бар, бипартиялық шаруа фракцияларын ұйымдастыру жөніндегі «шаруалық» саясатты жақтады. Орталық Комитетте қарсылық пікірлер болғандықтан бұл ұсыныс қабылданбады. Бұдан сәл бұрынырақ Зиновьев тіпті өзінде «шаруалық уклон» бар екенін айтып қоқыйланатын. Мәселен, партияның XII съезінде ол былай деген еді: «жұрт маған: сізде «уклон» бар, сіз шаруалар жағына ауытқып отырсыз десе, — мен былай жауап беремін: я, біз шаруалар жағына және олардың шаруашылық тілектері жағына «ауытқып» қоюға ғана тиісті емеспіз, сонымен қатар біздің пролетариатқа еріп жүрген шаруаның шаруашылық тілектері алдында бас июге тиіспіз, егер керек болса, **тізе бүгуге** тиіспіз». Еситтіңіздер ме: «ауытқу», «бас ию», «тізе бүгу» дейді. (Күлкі, қол шапалақтау.) Онан соң, шаруалардың жайы тәуірлене бастаған кезде, біздің деревнядағы жағдайымыз жақсарған кезде, Зиновьев елігушіліктен «бетбұрыс» жасап, орташаға күдіктене қарайтын болды, сөйтіп бітарап қалдыру ұранын жарыялады. Арада бірнеше уақыт өткеннен кейін ол жаңадан «бетбұрыс» жасады, шындығында XIV конференцияның қарарларын қайта қарауды талап етті («Замана философиясы») және, Орталық Комитетті түгел дерлік шаруалық уклон жөнінде айыптап, өзі орташаға қарсы неғұрлым үзілді-

кесілді «ауытқый» бастады. Ақырында, партияның XIV съезі қарсаңында ол тағыда бір «бетбұрыс» жасап отыр, енді ол орташамен одақтасу жағына «бет бұрды», сөйтіп, бәлкім, шаруалар алдында қайтадан «тізе бүгуге» дайын екенін айтып, тағыда мақтана бастайтын шығар.

Зиновьев тағыда бір рет ауытқымайды деуге кепілдік бар ма?

Бірақ, жолдастар, мұның өзі саясат емес, сандалу ғой. (Күлкі, қол шапалақтау.) Мұның өзі саясат емес, ұрыншақтық қой. (Дауыстар: «Дұрыс!».)

Екінші уклонға қарсы күреске айрықша назар аударудың керегі жоқ деседі. Бұлай деу дұрыс емес. Егер бізде екі уклон — Богушевскийдің уклоны мен Зиновьевтің уклоны — бар десек, онда Богушевскийдің Зиновьевпен салыстыруға ешбір келмейтінін сіздер түсінуге тиіссіздер. Богушевскийдің саудасы біткен адам. (Күлкі.) Богушевскийдің өз баспасөз органы жоқ. Ал орташаны битарап қалдыру жағына ауытқыған уклонның, орташамен берік одақ жасауға қарсы уклонның, зиновьевтік уклонның өз органы бар және бұл орган әлі күнге дейін Орталық Комитетпен күресіп келеді. Бұл орган «Ленинградская Правда»[64] деп аталады. Өйткені таяуда Ленинградта қыйыстырылған, «Ленинградская Правда» аузы көпіршіп айтып отырған «орташалық большевизм» деген термин шаруа мәселесінде бұл газеттің ленинизмнен тайып кеткендігін сыйпаттайтын көрсеткіш болмағанда не болмақшы? Бірінші уклонмен, Богушевскийдің уклонымен күресуден гөрі екінші уклонмен күресудің қыйынырақ екендігі бір ғана осы жағдайдың өзінен-ақ айқын көрініп отырған жоқ па? Міне сондықтан, қарсы ал-

дымызда екінші уклонның «Ленинградская Правда» сыяқты өкілі тұрғанда, немесе екінші уклонның осындай қорғаушысы және қамқоры тұрғанда, біз партияның осы уклонмен күресуге өте-мөте әзір болуы үшін барлық шараларды қолдануға тиіспіз, өйткені бұл уклон күшті уклон, күрделі уклон және күрестің салмағын осы уклонға қарсы жұмсау керек. Міне сондықтан да осы екінші уклон партиямыздың айрықша назар аударатын нәрсесі болуға тиіс. (Дауыстар: «Дұрыс!». Қол шапалақтау.)

9. АЛАУЫЗДЫҚТАРДЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ

Енді Орталық Комитет көпшілігінің ішіндегі ішкі күресіміздің тарихына көшуге рұхсат етіңіздер. Біздің келіспеушілігіміз неден басталды? Бұл келіспеушілік «Троцкийді қайтеміз» деген мәселеден басталды. Мұның өзі 1924 жылдың аяғында болған еді. Ленинградтықтардың тобы алғашқы кезде Троцкийді партиядан шығаруды ұсынды. Менің мұнда айтып тұрғаным 1924 жылғы айтыс дәуірі. Ленинград губкомы Троцкийді партиядан шығару туралы қаулы алды. Біз, яғни Орталық Комитеттің көпшілігі, бұған қосылмадық (дауыстар: «Дұрыс!»), ленинградтықтармен біраз күрес жүргізіп, оларды өз қарарынан партиядан шығару туралы пунктті алып тастауға көндірдік. Осыдан соң біраз уақыт өткеннен кейін, бізде Орталық Комитеттің пленумы жыйналған кезде, ленинградтықтар Каменевпен бірлесіп Троцкийді дереу Саяси Бюродан шығаруды талап еткен кезде, біз оппозицияның бұл ұсынысына да қосылмадық, біз Орталық Комитетте көпшілік дауысқа ие болып, Троцкийді соғыс халық комиссарлығы қызметінен алу-

мен ғана тындық. Зиновьев пен Каменевке біздің қосылмаған себебіміз — қырқып тастау саясаты партия үшін зор қауіптер туғызатын нәрсе екенін білдік, өйткені қырқып тастау әдісі, қан жіберу әдісі — ал олар қан жіберуді талап етті — қауіпті, жұқпалы нәрсе: бүгін біреуді, ертең екіншіні, бүрсікүні үшіншіні қырқып тастап отырсақ, — онда біздің партияда не қалмақшы? (Қол шапалақтау.)

Орталық Комитет көпшілігінің ішінде болған осы бірінші қақтығыстан партияның ұйымдастыру саясаты жөніндегі мәселелерде біздің арамыздағы негізгі айырмашылық көрінді.

Бізде алауыздықтар туғызған екінші мәселе, бұл — Саркистің Бухаринге қарсы шығуына байланысты мәселе. Бұл 1925 жылғы январьда XXI Ленинград конференциясында болды. Сонда Саркис Бухаринді синдикализм жөнінде айыптап сөз сөйледі. Оның сөзі мынау:

«Біз Москва «Правдасынан» Бухариннің жұмысшы тілшілер мен селолық тілшілер туралы мақаласын оқыдық. Бухариннің дамытып отырған пікірлері сияқты пікірлерді біздің ұйымда жақтайтын адамдар жоқ. Бірақ өзінше бір, **большевиктік емес, синдикалистік,** антипартиялық пікірлер деуге болатын мұндай пікірлер тіпті бірқатар жауапты жолдастарда да бар (қайыра айтамын, Ленинград ұйымында емес, басқа ұйымдарда бар). Бұл пікірлер әртүрлі бұқаралық жұмысшы-шаруа қоғам ұйымдарының коммунистік партиядан тәуелсіз және аулақ болуы туралы баяндайды» (XXI Ленинград конференциясының стенографиялық есебі).

Бұл сөз, біріншіден, Саркистің принциптік қатесі болды, өйткені жұмысшы-селолық тілшілер қозғалысы туралы мәселе жөнінде Бухариннің пікірі әбден дұрыс еді, екіншіден, бұл арада Ленинград ұйымы басшыларының көтермелеуі арқасында, мәселені жолдастық

ретпен талқылаудың кәдімгі ережелерін сорақы түрде бұзушылыққа жол берілді. Бұл жағдай Орталық Комитет ішіндегі қатнастарды нашарлатпай қоймағанын айтып жатудың қажеті жоқ. Істің ақыры Саркистің өз қатесін баспасөз жүзінде ашық мойындауымен тынды.

Бұл оқыйға өз қатесін ашық мойындау ашық айтыстан құтылудың және алауыздықты ішкі тәртіппен жоюдың ең тәуір әдісі екендігін көрсетті.

Үшінші мәселе — Ленинград комсомолы туралы мәселе. Осында губкомдардың мүшелері отыр; жастар одағы Орталық Комитетінің рұхсатынсыз және рыйзалығынсыз Ленинградта комсомолдың бүкілроссиялық конференциясы дерлік конференция шақыруға әрекеттенген Ленинград губкомолы жөнінде Саяси Бюроның тиісті қарар алғандығы, сірә, бұлардың естерінде болар. РК(б)П Орталық Комитетінің қарарымен сіздер таныссыздар. Комсомолдың Орталық Комитетімен қатар, мұнымен бәсекелесіп отыратын және өзін осы орталыққа қарсы қоятын екінші бір орталықтың өмір сүруіне біз жол берген жоқпыз. Біз — большевиктерміз, сондықтан қос орталықтың болуына жол берген жоқпыз. Міне сондықтан Орталық Комитет осы сепаратизмге жол берген жастар Орталық Комитетін жаңарту жөнінде және Сафаровты Ленинград губкомолының басшылық қызметінен алу жөнінде шаралар қолдануды керек деп тапты.

Бұл оқыйға ленинградтық жолдастар өзінің ленинградтық ұйымын Орталық Комитетке қарсы күрес орталығына айналдыруға бағыт алғандығын көрсетті.

Төртінші мәселе — Ленинградта «Большевик» атты арнаулы журнал ұйымдастыру туралы, мұның редакция құрамына Зиновьевті, Сафаровты, Вардинді,

Саркисті және Тарханоbты енгізу туралы Зиновьевтің қойған мәселесі. Біз бұған қосылмадық, москвалық «Большевикпен» қатар шығып тұратын мұндай журнал белгілібір топтың органына, оппозицияның фракциялық органына сөзсіз айналып кетеді, мұндай әрекет қауіпті нәрсе және партияның бірлігін бұзады дедік. Басқаша айтқанда, біз журналдың шығуына тыйым салдық. Енді бізді «тыйым салу» деген сөзбен қорқытпақ болады. Бірақ бұл бос сөз, жолдастар. Біз либералдар емеспіз. Біз үшін партияның мүдделері формалды демократизмнен анағұрлым жоғары. Я, біз фракциялық органның шығуына тыйым салдық және бұл сияқты нәрселерге бұдан былай да тыйым сала береміз. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс! Орынды». Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Бұл оқыйға ленинградтық шонжарлардың ерекше жік болып өмір сүруді көздейтіндігін көрсетті.

Онан соң, Бухарин туралы мәселе. Менің айтқалы тұрғаным «байыңдар» деген ұран. Менің айтқалы тұрғаным Бухариннің «байыңдар» деген сөзді айтып салған апрельде сөйлеген сөзі. Екі күннен кейін партиямыздың апрель конференциясы ашылды. Басқа ешкім де емес, нақ мен, конференцияның президиумында отырып, Сокольниковтың, Зиновьевтің, Каменевтің және Қалининнің көзінше, «байыңдар» деген ұран біздің ұран емес деген болатынмын. Бухариннің бұл наразылыққа қарсы болғаны есімде жоқ. Конференцияда Ларин жолдас, шамада, Бухаринге қарсы сөйлеу үшін сөз сұраған кезде, басқа ешкім де емес, нақ Зиновьевтің өзі Бухаринге қарсы сөз сөйлеуге жол бермеуді талап еткен болатын. Алайда, осыдан кейін Крупская жолдас Бухаринге қарсы мақала жазып, оның басылуын талап етеді. Бухарин де, әрине, қарап қалмай-

ды, ол да Крупская жолдасқа қарсы мақала жазады. Орталық Комитеттің көпшілігі айтыс мақалалардың бірде-бірін баспауға, айтыс ашпауға және «байыңдар» деген ұранның қате екендігі туралы баспасөз жүзінде мәлімдеме жасау жөнінде Бухаринге ұсыныс етуге ұйғарады, Бухарин бұған рыйзалығын білдіріп, демалыстан қайтқаннан кейін Устряловқа қарсы жазған мақаласында мұны орындайды. Енді Қаменев пен Зиновьев «тыйым салу» деген құбыжықпен әлде-кімді қорқытпақ болады, бізді Крупская жолдастың мақаласын бастыруға тыйым салды деп либералдарша күйінеді. Сіздер мұнымен ешкімді қорқыта алмайсыздар. Біріншіден, біз тек Крупская жолдастың мақаласын ғана емес, Бухариннің де мақаласын баспадық. Екіншіден, егер партия бірлігінің мүдделері бізден осыны талап етіп отырған болса, Крупская жолдастың мақаласын басуға тыйым салмайтын не бар? Ал, шынында, Крупская жолдастың басқа әрбір жауапты жолдастан қандай айырмасы бар? Сіздер жеке жолдастардың мүдделері партияның және оның бірлігінің мүдделерінен жоғары қойылуға тиіс деп ойлап жүрген жоқсыздар ма? Біз үшін, большевиктер үшін, формалды демократизм дегеніңіз — түк емес екені, ал бар керегі — партияның шын мүдделерін көздеу екені оппозициядағы жолдастарға белгілі емес пе? (Қол шапалақтау.)

Партияның Орталық Органында, «Правдада», «байыңдар» деген ұранды тікелей немесе жанамалап жақтайтын ең болмағанда бір мақала басылған болса, жолдастар көрсетсінші. Олар көрсете алмайды, өйткені мұндай мақалалар жаратылыста жоқ. Бір жағдай, тек қана бір жағдай болды: «Комсомольская Правда» газетіне Стецкий мақала жазып, ол онда

«байыңдар» деген ұранды биязылап қана, білінер-білінбес түрде ақтауға тырысты. Сонда ше? Нақ соның ертеңінде Молотовтың, Андреевтің және Сталиннің қолдары қойылып жазылған арнаулы хатында бұл Орталық Комитеттің Секретариаты газеттің редакциясын тәртіпке шақырады. Бұл 1925 жылы 2 июньде болған еді. Ал содан бірнеше күн өткен соң Орталық Комитеттің Ұйымдастыру Бюросы, Бухариннің толық рыйзалығы бойынша, бұл газеттің редакторын орнынан алу мәселесін шешу туралы қаулы алды. Бұл хаттың үзіндісі мынау:

«Москва қаласы. 2 июнь, 1925 ж. «Комсомольская Правда» редакциясының барлық мүшелеріне.

Стецкийдің «Жаңа экономикалық саясаттың жаңа кезеңі» деген мақалаларының кейбір жерлері күмән туғызады деп санаймыз. Бұл мақалаларда, расында, жұмсартылып айтылып, «байыңдар» деген ұран қолданылып отыр. Бұл ұран біздікі емес, бұл теріс ұран, бұл ұран толып жатқан күдіктер мен ұғыныспаушылықтар туғызады, сондықтан «Комсомольская Правданың» жетекші мақаласында оған орын болмауға тиіс. Біздің ұран — социалистік қор жыйнау ұраны. Деревняның әл-ауқатын көтеру жолында тұрған әкімшілік кедергілерді біз алып тастаймыз. Бұл операция қор жыйнаудың қандайын болса да, жеке капиталистік қор жыйнауды да, социалистік қор жыйнауды да сөзсіз жеңілдетеді. Бірақ жекеше қорлануды өз ұранымыз етіп қоямыз деп партия әлі ешуақытта да айтқан емес»...

Осы фактылардың бәрі оппозицияға белгілі ме? Әрине, белгілі. Ендеше, олай болатын болса, олар Бухаринді жамандауын неге тоқтатпайды? Олар Бухариннің қатесі туралы қашанға дейін айқайлай бермек?

Мен кейбір жолдастардың қателерін, мәселен, 1917 жылғы октябрьде болған қателерін білемін, бұлармен салыстырғанда Бухариннің қатесі көңіл бөлуге де тұрмайды. Бұл жолдастар ол кезде қателесіп

қана қойған жоқ, Орталық Комитеттің Лениннің басшылығы арқасында және Лениннің қатысуымен қабылданған өте маңызды қаулысын екі рет бұзуға бұлардың «батылы» барды. Солай бола тұрса да, бұл жолдастар өздерінің қателерін мойындағаннан кейін, партия бұл қателерді ұмытқан-ды. Ал Бухарин бұл жолдастармен салыстырғанда болмашы ғана қате жіберді. Оның үстіне Бухарин Орталық Комитеттің бірде-бір қаулысын бұзған жоқ. Бұған қарамастан, Бухаринді жүгенсіздікпен жамандаушылықтың әлі де тыйылмай келе жатқан себебі не? Бұлар, тегінде, Бухариннен не талап етеді екен?

Бухариннің қатесі туралы мәселенің жайы осындай.

Бұдан кейінгі мәселе Зиновьевтің «Замана философиясы» деген мақаласы туралы және быйылғы жылдың күзінде, жаздың аяғында Москва пленумының жыйналысында Каменевтің жасаған баяндамасы туралы мәселе; — бұл мәселе де біздің партия ішіндегі қатнастарымызды шиеленістіріп жіберді. Бұл туралы мен өзімнің сөйлеген сөзімде айтқан болатынмын, сондықтан қайталап жатпаймын. Ол кезде «Замана философиясы» туралы, бұл мақаланың қателері туралы, бұл қателерді біздің қалай түзеткеніміз туралы Орталық Санақ Басқармасының астық-мал азығы балансына байланысты Каменевтің қателері туралы, шаруалардың жоғарғы топтарының қолында басы артық 61% товарлы астық бар деген Орталық Санақ Басқармасының цифрларын Каменевтің шынға балағаны туралы және одан соң, біздің жолдастардың қысымы бойынша Каменев осы артық астықтың жартысынан көбі орташалардың қолында деп Еңбек және Қорғаныс Советінде жасаған, газеттерде жарыяланған ерек-

ше мәлімдемесінде өз қатесін түзетуге мәжбүр болғандығы туралы әңгіме болды. Күмән жоқ, осының бәрі біздің қатнастарымызды шиеленістіріп жіберді.

Онан кейінгі жерде октябрь пленумына байланысты мәселелер көтерілді, — шиеленіскен жаңа жағдайлар туды, мұнда оппозиция ашық айтысты талап етті, мұнда Залуцкийдің «термидоры» дейтін нәрсе туралы мәселе қозғалды, ал осының бәрінің ақыр аяғында — Ленинград конференциясы болды; бұл конференция өзінің ашылған күнінен бастап-ақ Орталық Комитетке қарсы оқ атуға кірісті. Менің айтып тұрғаным Сафаровтың, Саркистің, Шелавиннің және басқалардың сөйлеген сөздері. Менің айтып тұрғаным Зиновьевтің сөйлеген сөзі, конференцияны жабарда сөйлеген соңғы сөздерінің бірі; ол өзінің сөзінде конференцияны москвалықтарға қарсы соғысқа шақырды, Орталық Комитетке қарсы күресуге дайын адамдардан делегация сайлауды ұсынды. Істің жайы осылай болды. Дәл сондықтан да большевик жұмысшылар Комаров пен Лобов Ленинград делегациясына енбей қалды (олар Орталық Комитетке қарсы күрес платформасын қабылдамаған еді). Олардың орнына делегацияға Гордон мен Тарханов енді. Таразының бір табағына Гордон мен Тархановты, екінші табағына — Комаров пен Лобовты салып қараңыздаршы, сонда алғашқылардың екіншілермен ешбір тең келмейтінін әрбір әділ адам айтады. (Қол шапалақтау.) Ал Лобов пен Комаровтың кінәсі неде? Комаров пен Лобовтың бар кінәсі — олардың Орталық Комитетке қарсы шыққысы келмегенінде. Олардың бар кінәсі осында. Осыдан бір ай ғана бұрын ленинградтықтар Комаровты өз ұйымының бірінші секретарьлығына

ұсынған еді ғой. Істің жайы осылай болып еді ғой. Солай ма, жоқ па? (Ленинград делегациясынан дауыстар: «Солай, солай».) Ендеше бір айдың ішінде Комаровқа не бола қойды екен? (Бухарин: «Бір айдың ішінде ол азғындаған болар».) Орталық Комитеттің мүшесі Комаровты, өздеріңіз өз ұйымдарыңыздың бірінші секретарьлығына ұсынған Комаровты Ленинград комитетінің секретариатынан қуып шығатындай және оны съезге баратын делегаттардың бірі етіп сайлауға болмайтындай, бір айдың ішінде не бола қалыпты? (Ленинградтықтар тарапынан дауыс: «Ол конференцияға тіл тигізді». Дауыс: «Наумов, бұл өтірік!». Айқай-шу.)

10. ОППОЗИЦИЯНЫҢ ПЛАТФОРМАСЫ

Ал енді Зиновьев пен Каменевтің, Сокольников пен Лашевичтің платформасына көшейік. Оппозицияның платформасы туралы да әңгіме ететін уақыт жетті. Олардың платформасы бірқыдыру өзгеше. Бізде оппозицияның тарапынан түрлі-түрлі көп сөздер сөйленді. Каменев бір нәрсені айтып, бір жаққа қарай тартты, Зиновьев екінші нәрсені айтып, екінші жаққа қарай тартты, Лашевич — үшінші нәрсені, Сокольников — төртінші нәрсені айтты. Бірақ, сөздерінің түрлі-түрлі болғанына қарамастан, олардың бәрі бір жерге келіп тоғысып отырды. Олардың тоғысқан жері қайсы? Олардың платформасы неде? Олардың платформасы — Орталық Комитеттің Секретариатына реформа жасауда. Оларды толық біріктіретін бірден-бір ортақ нәрсе — Секретариат туралы мәселе. Мұның өзі әрі ғажап, әрі кісі күлерлік нәрсе, бірақ бұл факт.

Бұл мәселенің өз тарихы бар. 1923 жылы, XII

съезден кейін, «үңгірде» бас қосқан адамдар (күлкі) Саяси Бюроны жою туралы, Секретариатты саясаттандыру туралы, яғни Секретариатты саяси және ұйымдастыру жұмысын басқаратын жетекші органға айналдырып, оның құрамына Зиновьевті, Троцкийді және Сталинді енгізу туралы платформа жасаған еді. Бұл платформаның мағнасы қандай? Мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — партияға Калининсіз, Молотовсыз басшылық ету деген сөз. Бұл платформадан ешнәрсе шықпады, ешнәрсе шықпаған себебі — ол кезде мұның принципсіз платформа болғандығынан ғана емес, сонымен бірге оның себебі — мен атаған жолдастарсыз қазіргі кезенде партияға басшылық ету мүмкін емес. Кисловодскінің қойнауларынан маған жазба түрде берілген сұраққа мен мақұлдамай жауап беріп, егер жолдастар талап етулерін қоймайтын болса, мен айқай-шу көтермей-ақ, айтыссыз-ақ, айтыстың ашығын да, жабығын да жүргізбей-ақ және азшылықтың праволарына кепілдік берілуін талап етпей-ақ өз орнымды босатуға әзірмін дегенді айттым. (Күлкі.)

Мұның өзі, былайша айтқанда, бірінші кезең еді.

Ал енді бізде, бақсақ, бірінші кезеңге қарама-қарсы екінші кезең туыпты. Енді Секретариатты саясаттандыруды емес, техникаландыруды, Саяси Бюроны жоюды емес, оның күші толық болуын талап етіп отыр.

Несі бар, егер Секретариатты жәй ғана техникалық аппаратқа айналдырудың өзі Каменев үшін нағыз ыңғайлы нәрсе болатын болса, бәлкім, бұған қосылуға да болар еді. Тек бұған партия қосылмайды ғой деп қорқамын. (Дауыс: «Дұрыс!».) Техникалық Секретариат Ұйымдастыру Бюросы үшін де, Саяси Бюро үшін де әзірлеуге тиісті мәселелерді әзірлей ала

ма, әзірлеу оның қолынан келе ме, бұған менің күмәнім бар.

Ал күші толық Саяси Бюро туралы әңгіме етуші платформаны алатын болсақ, мұндай платформаны тауықтардың тәлкегіне беруге болады. Саяси Бюроның күші толық емес пе? Секретариат пен Ұйымдастыру Бюросы Саяси Бюроға бағынбай ма? Ал Орталық Комитеттің пленумы ше? Біздің оппозиция Орталық Комитеттің пленумы туралы неге айтпайды? Әлде оның өзі Саяси Бюроны пленумнан да күші толық еткелі жүр ме екен?

Жоқ, Секретариат туралы платформа немесе платформалар ұсынып жүрген оппозицияның ісі әсте оңға басар емес.

11. ОЛАРДЫҢ «БІТІМШІЛДІГІ»

Бұдан әрі не болмақ, туып отырған жағдайдан құтылу үшін не істеу керек деп сұрарсыздар сіздер? Бұл мәселені біз әрқашан да, съезд кезінде де, съездің алдында да қарастырып келдік. Бізге партия қатарының бірлігі керек — ендігі мәселе міне осында. Оппозиция қыйыншылықтар туралы әңгіме етуді жақсы көреді. Бірақ бір қыйыншылық бар, мұның өзі барлық қыйыншылықтардың ішіндегі ең қауіпті қыйыншылық және мұны бізде оппозицияның өзі туғызып отыр; бұл — партияның ыдырап, кері кету қаупі. (Қол шапалақтау.) Ең алдымен, осы қыйыншылықты жою керек. Съезден екі күн бұрын ықтыймал бітімді көздейтін, келісімнің мәмлелік шарттарын ұсынып оппозицияға үндеу жазғанда, біз осыны ескерген едік. Сол үндеудің тексті мынау:

«Орталық Комитеттің төменде қол қойған мүшелері Ленинград ұйымындағы бірқатар басшы жолдастар партия съезіне дайындық ісін партия Орталық Комитетінің жолына қарсы және Ленинградта осы жолды қолдаушыларға қарсы жүргізді деп біледі. Орталық Комитеттің төменде қол қойған мүшелері Москва конференциясының қарарын маңызы жағынан да, формасы жағынан да өте дұрыс қарар деп есептейді және Орталық Комитет партияның жолына қайшы келетін және партияны кері кетіретін бағыттардың қандайына болса да тойтарыс беріп отыруға міндетті деп біледі.

Алайда, партияның бірлігін көздеп, партия ішінде бітім болуын көздеп, РКП-ның ең жақсы ұйымдарының бірі Ленинград ұйымының партия Орталық Комитетінен ықтыймал шеттеп кету қаупін болдырмау мақсатын көздеп, төменде қол қоюшылар — съезд Орталық Комитеттің нақтылы және айқын саяси жолын қуаттаған күнде — бірқатар кеңшіліктер жасауға болады деп есептейді. Сондықтан біз мынадай ұсыныстар енгіземіз:

1. Орталық Комитеттің есебі бойынша қарар жазғанда Москва конференциясының қарары негізге алынып, оның кейбір тұжырымдары жұмсартылатын болсын.

2. Ленинград конференциясының хатын және Москва Комитетінің бұл хатқа қайырған жауабын, газеттерде болсын, бюллетеньдерде болсын, басып шығару ісі бірлік мүдделері үшін тиімсіз деп танылсын.

3. Саяси Бюроның мүшелері... съезде бір-біріне қарсы шығып сөйлемейтін болсын.

4. Съезде сөйлеушілер Саркистен (партияның құрамын тәртіпке келтіру) және Сафаровтан (мемлекеттік капитализм) іргені аулақ салатын болсын.

5. Комаров, Лобов және Москвин жөніндегі қате ұйымдастыру жолымен түзетілсін.

6. Орталық Комитеттің Секретариатына ленинградтықты енгізу туралы Орталық Комитеттің қарары съезден кейін дереу жүзеге асырылсын.

7. Орталық Органмен байланысты күшейту үшін Орталық Органның редакциялық коллегиясына Ленинградтан бір қызметкер енгізілсін.

8. «Ленинградская Правда» редакторының (Гладнев) нашарлығы себепті оның орнына, Орталық Комитетпен келісе оты-

рып, неғұрлым күшті жолдасты тағайындау қажет деп табылсын.

Калинин, Сталин, Молотов, Дзержинский
және басқалар

15/XII 1925 ж.»

Жолдастар, біз міне осындай мәмле ұсынған едік. Бірақ оппозиция келісімге келмеді. Ол бітімнен гөрі съезде ашық және қатал күрес жүргізуді артық көрді. Оппозицияның «бітімшілдігі» міне осындай.

12. ПАРТИЯ БІРЛІККЕ ЖЕТЕДІ

Негізінде біз кәзірде де осы документтің тұрғысында қаламыз. Өздеріңіз білесіздер, біз өзіміз ұсынған қарардың жобасында партияда бітім болуын көздеп кейбір тұжырымдарды кәзірдің өзінде-ақ жұмсарттық.

Біз қырқып тастауға қарсымыз. Біз қырқып тастау саясатына қарсымыз. Бұдан көсемдердің тым орынсыз пәлденуіне және партияның төбесіне шығуына ырық беріледі деген ұғым тумайды. Жоқ, ғапу етіңіздер. Көсемдерге тәжім етушілік болмайды. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ о л ш а п а л а қ т а у.) Біз бірлікті жақтаймыз, біз қырқып тастауға қарсымыз. Қырқып тастау саясаты бізге жеркеніштті нәрсе. Партия бірлікті көздейді, егер Каменев пен Зиновьев осыны қаласа, партия олармен **бірге** бірлікке жетеді, ал егер олар мұны қаламаса, партия **оларсыз да** бірлікке жетеді. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Ал бірлік дегеніміз нені талап етеді? Оның өзі азшылықтың көпшілікке бағынуын талап етеді. Онсыз партияда ешқандай бірлік болмайды және бола алмайды да.

Біз арнаулы айтыс листогіне қарсымыз. «Большевикте» айтыс бөлімі бар. Осының өзі-ақ әбден жеткілікті. Айтысқа әуестенуге болмайды. Біз — елді басқарып отырған партиямыз, — мұны ұмытпаңыздар. Жоғарыда болған әрбір келіспеушілік біздің кемшілігіміз ретінде елге әсер ететіндігін ұмытпаңыздар. Мен шетел туралы енді айтып та отырғаным жоқ.

Орталық Комитеттің органдары қазір қандай түрде болса, сол күйінде қалуға тиісті. Партия бұларды бұзуға көне қоймас. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ о л ш а п а л а қ т а у.) Саяси Бюроның күші онсыз да толық, оның өзі Орталық Комитеттің пленумынан басқа органдарының бәрінен де жоғары. Ал ең жоғарғы орган — пленум, мұны кейде ұмытып кететіндер бар. Бізде барлық мәселені пленум шешеді, сондықтан егер өз басшылары теңселе бастайтын болса, оларды пленум тәртіпке шақырып отырады. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ ү л к і. Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Бізде бірлік болуға тиіс, егер партия, егер съезд беріктігін көрсетсе және қорқытқанға берілмейтін болса, бұл бірлік болады да. (Д а у ы с т а р: «Берілмейміз, мұндағы адамдар сынақтан өткендер».) Егер кейбіреуіміз асқақтап кететін болсақ, онда бізді тәртіпке шақырып отырады, — бұл қажет нәрсе, бұл керек нәрсе. Партияға коллегиядан тыс басшылық етуге болмайды. Ильичтен кейін бұл туралы қыялдау ақмақтық болады (қ о л ш а п а л а қ т а у), бұл туралы әңгіме ету ақмақтық болады.

Коллегиялы жұмыс, коллегиялы басшылық, партиядағы бірлік, азшылықтың көпшілікке бағынуы негізінде болатын Орталық Комитет органдарындағы бірлік, — бізге керегі міне осы.

Ал енді ленинградтық коммунист жұмысшыларды

алатын болсақ, олардың әрқашанда партиямыздың алдыңғы қатарында болатындығына мен күмәндан-баймын. Біз олармен бірлесе отырып партияны құрдық, біз олармен бірлесе отырып партияны жарыққа шығардық, біз олармен бірлесе отырып 1917 жылғы октябрьде көтеріліс туын көтердік, біз олармен бірлесе отырып буржуазияны жеңдік, біз олармен бірлесе отырып құрылысымыздың жолдарында кездесетін қыйыншылықтармен күрестік және бұдан былай да күресе бермекпіз. Партияның болаттай берік лениндік бірлігі жолындағы күресте ленинградтық коммунист жұмысшылардың басқа өнеркәсіп орталықтарындағы өз достарынан қалыспайтындығына мен күмәндамбаймын. (Ду қол шапалақтау. «Интернационал».)

ЕСКЕРТУЛЕР

1 Бүкілодақтық мұғалімдер съезі 1925 жылы 12—17 январьда Москвада болып өтті. Съезге Совет Одағының 49 ұлтының атынан 1660 делегат қатнасты. Съезд делегаттарының төрттен үш бөлегі село мұғалімдері болды. Съезд мынандай баяндамаларды тыңдап, талқылады: совет құрылысының кезекті міндеттері, мұғалімдер және пролетарлық революция, совет құрылысы системасында ағарту ісінің міндеттері, совет мектебі, ұлт мәселесі мен мектеп, мұғалімдер мен комсомол, СССР-ның халықаралық жайы, т. б. Съезд декларация қабылдады, бұл декларацияда: мұғалімдердің өз міндеттерін коммунистік партияның міндеттерінен, социализм орнату жолындағы оның күресінен бөлмейтіндігін мәлімдеді. — *3*.

2 **«Красная Молодежь»** — ай сайын шығып тұрған студенттік журнал; мұны 1924 жылғы май айынан бастап 1925 жылғы ноябрь айына дейін пролетарлық студенттердің Орталық және Москвалық бюросы шығарып тұрды. «Красная Молодежь» журналының жауапты редакторы В. М. Молотов болды. 1925 жылы ноябрьде бұл журнал «Красная Студенчество» деп аталды. — *5*.

3 РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы 1925 жылы 17—20 январьда болып өтті. 17 январь күні РК(б)П Орталық Ко-

митеті мен Орталық Бақылау Комиссиясы пленумдарының біріккен мәжілісі болды. Пленумдар бұл мәжілісте, Троцкийдің сөз көтеруі жөнінде жергілікті ұйымдардың алған қарарлары туралы И. В. Сталиннің жасаған мәлімдемесін тыңдап, қарар қабылдады, бұл қарарда Троцкийдің сөз көтеруін большевизмге ревизия жасағандық, ленинизмді троцкизммен алмастыруға әрекеттенгендік деп тапты. 19 январь күні И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында М. В. Фрунзенің «ССРО соғыс, теңіз істерінің Халық комиссариатына қаржы бөлу туралы» жасаған баяндамасы бойынша сөз сөйледі (қараңыз: осы том, 12—16-беттер). — *7.*

4 Бұл арада 1924 жылдың күзінде 150 мың қол испан армиясының жеңіліс тапқаны айтылып отыр, бұл армияны Испанияның фашист диктаторы Примо де Ривера Марокконың Испанияға қарасты саласындағы — Рифф облысындағы ұлт-азаттық қозғалысын жаныштау үшін жіберген болатын. Марокколықтардың жеңіп шығуының нәтижесінде, испан армиясы оккупациялап алған территорияның үштен екі бөлегі азат етілген еді. — *13.*

5 1924 жылдың жазында болған революциялық-прогрессивтік қозғалыстың нәтижесінде Албанияда Ахмед-Зогудың реакцияшыл үкіметі құлатылған болатын. Өкімет басына келген Фан-Нолидің үкіметі ССРО-ның Албаниямен дипломатиялық және достық қатнастарын орнатуы жөнінде Совет Үкіметімен келіссөз жүргізе бастады. Совет Одағы мен Албания бір-біріне дипломатиялық өкілдер жіберісті. Англия, Италия және Югославия үкіметтері Албанияның ССРО-мен дипломатиялық қарым-қатнастарын үзісуін талап етті. 1924 жылдың декабрінде Югославияның фашистік үкіметінің қарулы күштері қолдаған Ахмед-Зогудың бандалары Албанияға басып кіріп, Фан-Нолидің үкіметін құлатты. Албанияда өкіметке қайтадан Ахмед-Зогу бас болды. — *14*

6 «Рабочая Газета» — күнделікті бұқаралық газет. БК(б)П Орталық Комитетінің органы; 1922 жылғы март айынан 1932 жылғы январь айына дейін Москвада шығарылып тұр-

ды, алғашында «Рабочий» деген атпен, ал 1922 жылғы июль айынан «Рабочая Газета» деген атпен шығарылып тұрды — *17*.

7 Әңгіме И. В. Сталиннің «Октябрь және Троцкийдің «перманенттік» революциясы» деген мақаласы туралы болып отыр, бұл мақала «Правданың» 290-номерінде, 1924 жылы 20 декабрьде басылған. Бұл мақала «Октябрь жолында» деген кітапқа арналған алғысөздің бір бөлегі болатын, бұл алғысөзді И. В. Сталин 1924 жылдың декабрь айында жазып, ол тек осы кітапта ғана толық жарияланған болатын. Алғысөздің көбі, «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы» деген жалпы атпен, түрліше жыйнақтарда басылып шыққан, жеке кітапшалар болып басылып шыққан, сонымен қатар И. В. Сталиннің «Ленинизм мәселелері» деген кітабының барлық басылуларында да басылған және И. В. Сталиннің Шығармаларының қазақша 6-томына енгізілген, 402—449-беттері. — *18*

8 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXVII том, 391—397-беттер. — *19*.

9 «Ағымға қарсы» деген жыйнақ 1918 жылы Петербургте шыққан. Жыйнаққа В. И. Лениннің 1914—1917 жылдары жазған: «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы», «Юниустің кітапшасы туралы», «Великоростардың ұлттық намысы туралы», «Революцияның екі бағыты туралы», «II Интернационалдың күйреуі» деген және басқа мақалалары енді, бұл мақалалар кейіннен В. И. Ленин Шығармаларының үшінші басылуының XVIII және XIX томдарына енгізілді. — *20*.

10 В. И. Ленин. «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, XXIII том, 331—412-беттер). — *20*.

11 В. И. Ленин. «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, XXV том, 165—250-беттер) — *20*.

[12] И. В. Сталин Дымовка селосындағы (Николаев Округі, Одесса губерниясы) оқыйғалар туралы мәселенің талқылануына байланысты РК(б)П Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мәжілісінде сөз сөйледі. 1924 жылы 28 март күні Дымовкада кулактардың ықпалында болған қылмысты элементтер шайкасы село тілшісі Григорий Малиновскийді өлтіріп кеткен еді. Село тілшісі Малиновскийдің өлтірілуіне байланысты Дымовкадағы оқыйғалар туралы РК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының қаулысы «Правданың» 30-номерінде, 1925 жылы 6 февральда жарыяланды. — *21*.

[13] Бұл арада 1919—1921 жылдары Тамбов губерниясында болған кулактар көтерілісі мен 1921 жылдың март айында болған контрреволюциялық Кронштадт бүлігі айтылып отыр; бұларды ақгвардияшылар, эсерлер, меньшевиктер және шетел мемлекеттерінің агенттері ұйымдастырған еді. — *25*.

[14] Бұл арада әңгіме 1924 жылы 28 августа Грузияда болған контрреволюциялық көтеріліс туралы болып отыр; бұл көтерілісті, талқандалынған буржуазиялық-ұлтшыл партиялардың қалдықтары мен Жорданийдің эмиграниттық меньшевиктік «үкіметі» империалистік мемлекеттердің II Интернационал басшыларының нұсқауы бойынша, қаржы жағынан көмектесуі арқылы ұйымдастырған еді. Көтеріліс грузин жұмысшылары мен еңбекші шаруаларының белсенді көмегінің арқасында 29 август күні жойылған болатын. — *25*.

[15] РК(б)П Москва ұйымының губерниялық XIII конференциясы 1925 жылы 24—28 январьда болып өтті. Конференцияға партияның 64 078 мүшесі мен 30 770 кандидатының атынан 1150 делегат қатнасты. Конференция РК(б)П Орталық Комитетінің баяндамасын, РК(б)П Москва Комитетінің берген есебін және Россиялық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы Москва Комитетінің қосымша баяндамасын, Комсомолдың Москва Комитетінің жұмысы туралы баяндаманы, Москва губерниясының бюджеті мен шаруашылық күйін, деревнядағы жұмыс туралы мәселені талқылады және басшы органдарды сайлады. И. В. Сталин де-

ревнядағы жұмыс туралы мәселе жөнінде конференцияда шығып сөз сөйледі. — *27.*

16 Дауэстің жоспары — Германияның репарация төлеуі туралы мәселе жөніндегі баяндама осы атпен жұртқа мәлім, мұны американ финансисі генерал Дауэстің басқаруымен эксперттердің халықаралық комитеті әзірлеп, 1924 жылы 16 августа одақтас мемлекеттердің Лондондағы конференциясы бекіткен болатын. (Дауэстің жоспары туралы осы томнан қараңыз: 289—291-беттер.). — *37.*

17 Брандлер мен Тальгеймер — герман компартиясындағы оңшыл оппортунистік топтың басшылары, бұлар 1922 — 1923 жылдары Германия Коммунист Партиясының басшылығында болды. Брандлер мен Тальгеймердің сатқыншылық саясаты 1923 жылғы революциялық оқыйғалардың кезінде Германияның жұмысшы табын жеңіліске ұшыратты. 1924 жылы апрель айында Германия Коммунист Партиясының Франкфуртта болған съезінде Брандлер мен Тальгеймер герман компартиясының басшылығынан қуылған болатын. Коминтерннің V конгресі (1924 ж.) Брандлер — Тальгеймер тобының капитулянттық жолын қатты мінеді. Фракцияшыл антипартиялық әрекеттері үшін 1929 жылы Брандлер мен Тальгеймер коммунистік партияның қатарынан шығарылған болатын. — *45.*

18 Бұл арада «Ағайынды Barмattардың концерні» жөніндегі іс бойынша 1925 жылдың бас кезінде болған сот процесі айтылып отыр. Процесте Германияның социал-демократиялық партиясының концерннен көп пара алған, Вельс бастатқан көрнекті көсемдері әшкереленген болатын, сонымен қатар 1924 жылы декабрьде рейхстаг сайлауының кезінде Германияның компартиясына қарсы күрес жүргізу үшін олардың концерн қаражаттары мен концернге байланысты банктердің қаражаттарын пайдаланғандығы да ашылған болатын. — *46.*

19 Гоминдан — Қытайдың саяси партиясы; мұны республика жолында және елдің ұлттық тәуелсіздік алуы жолында кү-

рес жүргізу үшін 1912 жылы Сун Ят-сен негіздеген болатын. Сун Ят-сен 1925 жылы 12 мартта қайтыс болды. Өлер алдында айтқан өсиетінде Сун Ят-сен Гоминданды Қытай компартиясымен одақты, Совет Одағымен достықты берік сақтауға, Қытайдың жұмысшылары мен шаруаларының ұлт-азаттық қозғалысын кеңейте беруге шақырды. 1925 — 1927 жылдары Қытайда революцияның өрістеген дәуірінде Гоминданның Чан Кай-ши бастаған оңшыл қанаты Сун Ятсеннің өсиеттерін сатып кетті. Шетел мемлекеттерінің империалистерімен одақтасып алып Гоминданның оңшыл қанаты Қытайдың коммунистік партия бастаған демократиялық күштеріне қарсы күрес жүргізді. — *53.*

20 Амстердам бірлестігі (Кәсіпшілер одағының Амстердам Интернационалы) 1919 жылы июль айында Амстердамдағы халықаралық конгресте құрылды. Ол бірлестік Батыс Европаның бірсыпыра елдері мен АҚШ-тың реформистік кәсіпшілер одағын қамтыды. Бірлестік мүшелерінің саны 1919 жылы 24 миллионға дейін жетті, ал 1923 жылдың ақырында азайып, 16 миллионға түсті. Содан кейінгі жылдарда Амстердам бірлестігінің ықпалы мен оның мүшелерінің саны үнемі кеми берді. Амстердам бірлестігі іс жүзінде өзінің әрекетін екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тоқтатты. Кәсіпшілер одағының Жержүзілік федерациясының құрылуына байланысты Амстердам бірлестігі 1945 жылдың декабрінде жойылған болатын. — *57.*

21 Чехословакиялық комиссия Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген V пленумында құрылған болатын; бұл пленум 1925 жылы 21 март — 6 апрельде Москвада болып өткен. Пленум мына мәселелерді қарады: коммунистік партиялардың халықаралық перспективалары және оларды большевиктендіру, дүниежүзілік кәсіпшілер одағы қозғалысының бірлігі жолындағы күрес, шаруа мәселесі, РК(б)П ішіндегі айтыстар, жеке секциялардың мәселелері, т. б. Пленумда: саяси, чехословакиялық, югославиялық және басқа комиссиялар құрылды. И. В. Сталин саяси және чехословакиялық комиссияның құрамына сайланған болатын. 30 март күні И. В. Сталин Югославиядағы

ұлт мәселесі жөнінде югославиялық комиссияда шығып сөз сөйледі (қараңыз: осы том, 73—80-беттер). —*62*,

22 Қараңыз: И. В. Сталин. «Марксизм және ұлт мәселесі» (Шығармалар, 2-том қазақшасының 327—408-беттері.) — *74*

23 Қараңыз: В. И. Ленин. «Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы» (Шығармалар, 3-ші басылуы, XVII том, 425—474-беттері). — *78*.

24 Пролетарлық студенттердің Бүкілодақтық бірінші конференциясы 1925 жылы 13 — 17 апрельде Москвада болды. Конференцияға жоғарғы оқу орындарының, техникумдардың және жұмысшы факультеттерінің 250 мың студентінің атынан 300-ге жуық делегат қатнасты. Конференция мына мәселелерді талқылады: ССРО-ның халықаралық және ішкі халі туралы, кәсіпшілер одағы мен студенттер, пролетарлық студенттердің Орталық бюросының жұмысы туралы есеп, РСФСР мен УССР-дың кәсіптік білім беру Жоғарғы басқармаларының жұмысы туралы, жоғарғы оқу орындарының өндіріспен байланысы туралы мәселелерді талқылады. И. В. Сталин 13 апрель күні конференцияның делегациясымен әңгімелесті, ал 15 апрель күні конференцияға осы томда жарияланып отырған үндеу хатты жіберді. — *90*.

25 РК(б)П XIV конференциясы 1925 жылы 27 — 29 апрельде Москвада болып өтті. Конференция мына мәселелерді талқылады: партия құрылысы туралы, кооперация туралы, бірыңғай ауылшаруашылық салығы туралы, металл өнеркәсібі туралы, революциялық заңдылық туралы, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумына байланысты Коминтерн мен РК(б)П-ның міндеттері туралы мәселелерді талқылады. (Конференцияның қарарларын мынадан қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 4 — 31-беттер). — *95*.

26 В. И. Ленин. «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, XIX том, 67 — 175-беттер). — *100*.

27 Барып тұрған монархист және герман империализмі мен соғысқұмарлардың тілегін білдіруші фельдмаршал Гинденбург Германия президенті қызметіне 1925 жылы 26 апрельде сайланды. — *104*.

28 1925 жылы 16 апрельде Софиядағы «Святая Неделя» соборында қопарылыс болды; дәл сол кезде мұнда Болгарияның Цанков бастатқан фашистік үкіметінің мүшелері болған еді. Цанков АҚШ-қа жалақорлық мәлімдеме жіберді, бұл мәлімдемеде Совет үкіметін қопарылысқа арандатушы деп кінәлады. Реакцияшыл шетел баспасөзі ССРО-ға қарсы науқан ашып, Совет Одағы жөніндегі қатнастарды қайта қарауды өз үкіметтерінен талап етті. 1925 жылы май айында болған ССР Одағы Советтерінің III съезі болгар халқының таңдаулы өкілдерін Цанков үкіметінің айуандықпен жазалауы жөнінде бүкіл жер жүзі еңбекшілеріне арнаған өзінің үндеуінде Совет Одағына жабылған жалаларды теріске шығарды. — *106*.

29 Бұл арада Коммунистік Интернационал партияларын большевиктендіру туралы тезистер айтылып отыр; бұл тезистерді Коминтерн Атқару Комитетінің 1925 жылы 21 март — 6 апрельде Москвада болған кеңейтілген V пленумы қабылдаған болатын. — *108*.

30 Әңгіме Орта Азия совет республикаларының (Түркмен, Бухар және Хорезм) 1924 жылы жүргізілген ұлттық-мемлекеттік межеленуі туралы болып отыр. Ұлттық межеленудің нәтижесінде Түркмен ССР-ы, Өзбек ССР-ы, Өзбек ССР-ның құрамына кірген Тәжік АССР-ы, РСФСР құрамына кірген Қара-Қырғыз автономиялы облысы (кейіннен Қырғыз ССР-ы) және Киргиз АССР-ның (кейіннен Қазақ ССР-ы) құрамына кірген Қара-Қалпақ автономиялы облысы құрылған болатын. ССРО Советтерінің III съезі 1925 жылы май айында ССРО құрамына Өзбек және Түркмен Советтік Социалистік Республикаларын қабылдап, осымен байланысты ССР Одағы Конституциясына тиісті өзгерістер енгізді. Орта Азия совет республикаларының ұлттық-мемлекеттік ме-

желенуі И. В. Сталиннің тікелей басшылық етуі бойынша жүргізілген болатын. — *146.*

31 В. И. Лениннің «Ұлт мәселесі жөніндегі сын мақалалар» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар, 3-ші басылуы, XVII том, 129—159-беттер). — *147.*

32 Бұл арада әңгіме жұмысшылардың 1924 жылы 1 декабрьде Ревельде (Таллин) жасаған қарулы көтерілісі туралы болып отыр. Көтеріліс жасауға 149 адам саяси тұтқындағылардың ісі бойынша 1924 жылы ноябрьдің аяғында эстон сотының шығарған үкімі себеп болды; бұлар коммунистік насихат жүргізді деп айыпталынған еді. Бұл үкім бойынша айыпталғандардың көпшілігі ұзақ жылдық каторгаға, 39 адам өмірлік каторгаға кесілген еді, ал эстон жұмысшыларының көсемі Томп атылып жіберілген болатын. Көтерілісті Эстонияның реакцияшыл үкіметі аяусыз басып-жаныштады. — *159.*

33 «Комсомольская Правда» — күнделік газет, Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының Орталық және Москвалық комитеттерінің органы; РК(б)П XIII съезі мен Россиялық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы VI съезінің қарарлары бойынша 1925 жылғы май айынан бері қарай шығып келеді. — *162.*

34 «Последние Новости» ақэмигрант-кадеттердің күнделік газеті; 1920 жылғы апрельден бастап Парижда шығып тұрды. Газеттің редакторы кадеттердің басшысы П. Н. Милюков болатын. — *177.*

35 ССРО Советтерінің III съезі 1925 жылы 13 — 20 майда Москвада болды. Съезд мына мәселелерді талқылады: Түркмен және Өзбек Советтік Социалистік Республикаларының ССРО құрамына кіруі туралы, ССР Одағы үкіметінің есепті баяндамасы, ССР Одағы өнеркәсібінің жайы, совет құрылысының мәселелері, шаруа шаруашылығын көтеру және нығайту жөніндегі шаралар, Қызыл Армия туралы, тағы басқа мәселелерді талқылады. Совет құрылысының

мәселелері жөнінде съезде М. И. Калинин баяндама жасады. — *197.*

36 Бұл арада әңгіме Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген V пленумы туралы болып отыр, Пленум 1925 жылы 21 март — 6 апрельде Москвада болды. Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген V пленумының чехословакиялық комиссиясының мәжілісінде (И. В. Сталиннің Чехословакия компартиясы туралы сөйлеген сөзін осы томнан қараңыз: 62—72-беттер). — *200.*

37 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXVI том, 317—352-беттер. — *216.*

38 Бұл арада Мароккодағы риффтердің 1925 жылдың көктемінде француз империализміне қарсы бастаған ұлт-азаттық соғысы айтылып отыр. 1924 жылдың күзінде Испанияның Мароккодағы оккупациялық армиясы жеңіліп қалғаннан кейін, Франция Марокконың Испанияға қарасты аймағын, Рифф облысын, басып алмақ болып, сөйтіп соғыстың басталуына жел берді. 1925 жылдың көктемі мен жазында риффтер французидарды талай-талай елеулі жеңілістерге ұшыратты. Франция мен Испанияның арасында соғыс одағы жасалғаннан кейін ғана олардың әскерлері 1926 жылы май айында риффтерді талқандай алды. — *220.*

39 Бұл арада әңгіме 1924 жылдың екінші жартысында ағылшын-американ және жапон империализмінің Қытайдың ішкі істеріне қол сұққандығы туралы болып отыр. Қытайдың оңтүстігінде ағылшындар өздерінің соғыс-теңіз күштері арқылы Кантонның контрреволюциялық купецтерінің Сун Ят-сен бастаған революцияшыл Кантон үкіметіне қарсы көтерген бүлігін қолдады. Солтүстікте ағылшын-американ және жапон империалистері өздерінің қойып қойған адамдары, Қытай генералдары арасында, бір жағынан, У Пей-фу мен, екінші жағынан, Чжан Цзо-линнің арасында Қытайды бөлісу үшін соғыс өртін қоздырды. Интервенция Қытайдағы ұлт-азаттық күресін мейлінше өрлетті, бұл күрес 1925—1927 жылдардағы революцияға бастап әкелді. — *220.*

40 «Большевик» — БК(б)П Орталық Комитетінің екі аптада бір шығып тұратын теориялық және саяси журналы; 1924 жылғы апрель айынан бастап шығып келеді. — *231*.

41 Коминтерннің V конгресі 1924 жылы 17 июнь — 8 июльде Москвада болды. Д. З. Мануильский 30 июньде конгресте ұлт мәселесі жөнінде баяндама жасады. — *234*.

42 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XIX том, 239 — 272-беттер. — *237*.

43 Қараңыз: Қ. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік Партияның Манифесі». 1939, 75 — 97-беттер. Қосымшалар. — *249*.

44 Рут Фишер мен Маслов — герман коммунистік партиясындағы троцкистік топтың басшылары. 1924 жылы апрельде Германия Коммунист Партиясының Франкфурттағы съезінде, банкрот болған оңшыл оппортунистік Брандлер — Тальсеймер тобы ГКП-ның басшылығынан қуылғаннан кейін, Рут Фишер — Масловтың тобы жаңадан сайланған ГКП Орталық Комитетінің басшылығын қолдарына түсіріп алды. 1925 жылдың күзінде Рут Фишер мен Маслов өздерін жақтайтындармен бірге ГКП-ның басшы қызметтерінен алынып, тап жауының агенттері болғандықтан 1926 жылы партиядан шығарылды. ГКП-ның басшылығына Э. Тельман отырды. — *254*.

45 Россиялық лениндік коммунистік жастар одағының VI съезі 1924 жылы 12—18 июльде Москвада болды. Съезд мына мәселелерді талқылады: РКЖО-ны РЛКЖО деп атау туралы, саяси жағдай және жастардың міндеттері туралы, Жастар Коммунистік Интернационалы Атқару Комитетіндегі РЛКЖО делегациясының есебі, РЛКЖО Орталық Комитетінің есебі, жастар еңбегінің перспективалары және РЛКЖО-ның экономикалық жұмысының міндеттері, РЛКЖО-ның деревнядағы жұмысы туралы, РЛКЖО-ның Қызыл Армия мен Флоттағы жұмысы туралы, тағы басқа мәселелерді талқылады. РЛКЖО-ның VI съезі РК(б)П XIII съезінің қарарларына толық қосылып, антипартиялық уклондарға қарсы күресте комсомол битараптық ұстайды

деген оппортунистік теорияны теріс деп мінеді. (РЛКЖО VI съезінің қарарларын мынадан қараңыз: «РЛКЖО Бүкілодақтық VI съезінің қарарлары мен қаулылары», М., 1924.). — *263*.

46 В. И. Ленин. ««Азық-түлік салығы туралы» кітапшаның жоспары мен конспектілері» (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, XXVI том, 313-бет). — *272*.

47 В. И. Ленин РК(б)П XI съезін жабарда, 1922 жылы 2 апрельде сөйленген сөз (қараңыз: Шығармалар, 3-ші басылуы, XXVII том, 272-бет). — *272*.

48 РК(б)П Ленинград ұйымының губерниялық XXII конференциясы 1925 жылы 1 — 10 декабрьде, партияның XIV съезінің қарсаңында болды. И. В. Сталиннің осы басылып отырған хаты 1925 жылы 8 декабрьде конференцияның жабық мәжілісінде оқылып берілген болатын. — *274*.

49 Москва губерниялық XIV партия конференциясы 1925 жылы 5 — 13 декабрьде, партияның XIV съезінің қарсаңында болды. РК(б)П Орталық Комитетінің баяндамасы бойынша алынған қарарда конференция РК(б)П Орталық Комитетінің саяси және ұйымдастыру жұмысын дұрыс деп тапты. — *274*.

50 БК(б)П XIV съезі 1925 жылы 18 — 31 декабрьде Москвада болып өтті. Съезд Орталық Комитеттің саяси және ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі есептерін, тексеру комиссиясының, Орталық Бақылау Комиссиясының Коминтерн Атқару Комитетіндегі РК(б)П өкілдігінің есептерін талқылады және: кәсіпшілер одағының жұмысы туралы, комсомол жұмысы туралы, партия уставын өзгерту туралы, тағы басқа баяндамаларды талқылады, Съезд Орталық Комитеттің саяси және ұйымдастыру бағытын толығынан дұрыс деп тапты, социализмнің жеңуі жолында бұдан былайда күресе берудің жолын белгіледі, партияның елімізді социалистік индустриализациялауға сілтейтін басты бағытын бекітті, оппозиционерлердің капитулянттық жоспарларын қабылдамай тастады, Орталық Комитетке партия бірлігін мұ-

қалту әрекеттерінің қандайымен болса да батыл күрес жүргізіп отыруын тапсырды. БК(б)П XIV съезі партияның тарихына индустриализациялау съезі болып енді. Ол съезд ССРО-да социализм орнату мүмкіндігін теріске шығарған «жаңа оппозицияға» қарсы күрес ашу ұранымен өтті. Партия XIV съездің қарары бойынша Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) Партиясы — БК(б)П — деп аталатын болды. (БК(б)П-ның XIV съезі туралы мынадан қараңыз: «БК(б)П тарихы, Қысқаша курс», 263—266-беттер.). — *277.*

51 Локарнодағы (Швейцария) конференция 1925 жылы 5—16 октябрьде болды. Ол конференцияға Великобритания, Франция, Италия, Бельгия, Польша, Чехословакия және Германия өкілдері қатнасқан болатын. (Локарнодағы конференция туралы осы томнан қараңыз: 291—292-беттер.). — *289.*

52 1922 жылы 10 апрель — 19 майда Генуяда (Италия) халықаралық экономикалық конференция болды; бұл конференцияға, бір жағынан, Англия, Франция, Италия, Бельгия, Жапония және басқа капиталистік мемлекеттер қатнасты, екінші жағынан Советтік Россия қатнасты. Генуядағы конференция капиталистік дүние мен Советтік Россияның арасындағы қатнастарды анықтау үшін шақырылған болатын. Конференция ашылған кезде совет делегациясы Европаны қалпына келтірудің кең программасын баяндап, жаппай қарусызданудың жобасын ұсынды. Конференция совет делегациясының ұсыныстарын қабылдамай қойған еді.

1922 жылы 2 декабрьде Совет үкіметі Москвада көршілес батыс мемлекеттердің (Эстонияның, Финляндияның, Латвияның, Польшаның және Литваның) өкілдерінің конференциясын шақырды, мұнда қару-жарақтарды теңбе-тең ықшамдау жоспарын талқыға салды. 1922 жылы 27 декабрьде Советтердің Бүкілроссиялық X съезі «Жер жүзінің барлық халықтарына» арнаған үндеуінде Совет үкіметінің бейбітшілдік саясат бағытын ұстайтындығын нығытып, жер жүзінің барлық еңбекшілерін осы бағытты қолдауға ша-

қырды. 1924 жылы февраль айында Римде болған Теңіз жөніндегі конференцияға совет өкілі теңіз қару-жарақтарын ықшамдау жөнінде нақтылы ұсыныс жасап сөз сөйледі. — *300*

53 Бұл арада Великобритания мен ССРО арасында жасалған негізгі (жалпы) және сауда договорлары айтылып отыр, бұл договорларға 1924 жылы 8 августа Лондонда Совет үкіметі мен Макдональдтың лейбористік үкіметінің өкілдері қол қойған болатын. 1924 жылы ноябрь айында өкімет басына келген ағылшынның консервативтік үкіметі бұл договорларды бекітуден бас тартты. — *310.*

54 Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің патша үкіметінің мемлекеттік қарыздарын жою туралы декреті 1918 жылы 21 январьда қабылданған болатын. — *310.*

55 Бұл арада әңгіме Макдональдтың лейбористік өкіметінің орнына 1924 жылы ноябрьде өкімет басына келген Болдуинның — Остин Чемберленнің консерваторлық үкіметі туралы болып отыр. — *312.*

56 «Экономическая Жизнь» — күнделік газет, РСФСР мен ССРО-ның экономикалық және финанстық халық комиссариаттары мен мекемелерінің (Халық шаруашылығы Жоғарғы Советінің, Еңбек және Қорғаныс Советінің, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының, Мемлекеттік банктің, Финанс халық комиссариатының және басқа мекемелердің) органы; 1918 жылғы ноябрь айынан 1937 жылғы ноябрь айына дейін шығып келді. — *319.*

57 В. И. Лениннің мына еңбектерін қараңыз: ««Солшылдардың» балалығы туралы және ұсақбуржуазияшылдық туралы» (Шығармалар, 3-ші басылуы, XXII том, 503—528-беттер), «Москва қаласы мен Москва губерниясындағы РК(б)П ұяларының секретарьлары мен жауапты өкілдерінің жыйналысында 1921 жылы 9 апрельде азық-түлік салығы туралы сөйленген сөз», «Азық-түлік салығы туралы» (XXVI том, 297 — 308, 317 — 352-беттер), «Россиялық революцияның бес жылы және дүниежүзілік революцияның

перспективалары (Коминтерннің IV конгресінде 1922 жылы 13 ноябрьде жасалған баяндама)» (XXVII том, 342 — 355-беттер). — *325.*

58 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 566-бет. — *335.*

59 Қараңыз: **В. И. Ленин.** «Аграрлық мәселе жөніндегі тезистердің алғашқы желісі (Коммунистік Интернационалдын екінші съезі үшін)» (Шығармалар, 3-ші басылуы, XXV том, 266 — 278-беттер). — *347.*

60 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, XXIV том, 114-бет. — *350.*

61 Бұл арада В. М. Молотовтың «Партияның деревня кедейлері арасындағы жұмысы туралы» жасаған баяндамасы бойынша РК(б)П Орталық Комитеті пленумының (3 — 10 октябрь, 1925 ж.) қабылдаған қарары айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім 1941, 38 — 41-беттер). — *353.*

62 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-ші басылуы, V том, 261 — 317-беттер және 4-ші басылуы, 6-том, 379 — 459-беттер. — *354.*

63 **«Беднота»** («Кедейлер») — күнделік газет, БК(б)П Орталық Комитетінің органы; 1918 жылғы март айынан 1931 жылғы январь айына дейін шығарылып келді. — *389.*

64 **«Ленинградская Правда»** — күнделік газет, БК(б)П Ленинград облыстық және қалалық комитеттерінің, еңбекшілер депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің органы; «Петроградская Правда» деген атпен 1918 жылдан бастап шыға бастады. 1924 жылы газетке «Ленинградская Правда» деген ат берілді. 1925 жылдың ақырында «Ленинградская Правданы» — РК(б)П Орталық Комитетінің Солтүстік-Ба-

тыс Облыстық Бюросының, Ленинград губерниялық партия комитетінің, кәсіпшілер одағының губерниялық советінің және облыстық экономикалық кеңестің органын — «жаңа оппозиция» өзінің фракциялық антипартиялық мақсаттары үшін пайдаланған еді. — *407*.

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

1925

Январьдың басы.	И. В. Сталин журналдың міндеттері туралы «Красная Молодежь» журналы редакциясының мүшелерімен әңгімелеседі. Әңгіме «Красная Молодежь» журналында жарияланды, № 1 (5), январь, 1925 ж.
5 январь.	И. В. Сталин Сталино (Юзовка) қаласының партия мектебінің Москваға серуендеп келген оқушыларымен әңгімелеседі.
	И. В. Сталин «Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер, Ильичтің өсиеттерін есте ұстаңдар, орындаңдар!» деген үндеуді жазды. Үндеу «Работница» журналында жарияланды, № 1, январь, 1925 ж.
6 январь.	И. В. Сталин Бүкілодақтық мұғалімдер съезіне хат жазады. Хат «Учительская Газетада» жарыяланды, № 2, 10 январь, 1925 ж.
9 январь.	И. В. Сталин деревняға жұмысқа жіберілетін коммунистердің бір тобымен әңгімелеседі.

10 январь.	И. В. Сталин пролетарлық жазушылардың конференциясын шақыру жөнінде пролетарлық жазушылардың Бүкілодақтық ассоциациясының басшыларына хат жазады.
17—20 январь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.
17 январь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясы пленумдарының біріккен мәжілісінде Троцкийдің сөз көтеруі жөнінде жергілікті ұйымдардың алған қарарлары туралы мәлімдеп сөз сөйлейді.
19 январь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында М. В. Фрунзенің «ССРО соғыс, теңіз істерінің Халық комиссариатына қаржы бөлу туралы» баяндамасы бойынша сөз сөйлейді.
21 январь.	В. И. Лениннің қайтыс болғанына бір жыл толған күні И. В. Сталиннің «Рабочая Газетаға» жазған хаты «Рабочая Газетада» жарияланды, № 17.
25 январь.	И. В. Сталин социализмнің бір елде жеңіп шығуы туралы мәселе жөнінде Д—ов жолдастың хатына жауап жазады.
26 январь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті Ұйымдастыру Бюросының мәжілісінде ««Дымовка» туралы» сөз сөйлейді.
27 январь.	И. В. Сталин РК(б)П Москва ұйымының губерниялық XIII конференциясында «Пролетариат пен шаруалар туралы мәселе жөнінде» сөз сөйлейді.

28 январь. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті (КИАК) мен оның Президиумының мәжілістеріне қатысады.

30 январь. И. В. Сталин Өзбекстан мен Түркменстан компартияларының бірінші съездеріне жіберген телеграммаларында Орта Азияда жүргізілген ұлттық межелеуден кейін бұл республикалардың компартияларының алдында тұрған міндеттерін белгілейді. Телеграммалар мына газеттерде жарияланды: «Правда Востока» № 29, 6 февраль және «Туркменская Искра» № 34, 14 февраль, 1925 ж.

31 январь. И. В. Сталин РК(б)П Ленинград ұйымының губерниялық XXI партия конференциясында Ленинград губерниялық партия комитетінің құрамына сайланады.

2 февраль. И. В. Сталин пролетарлық әдебиет мәселелері жөнінде пролетарлық жазушылардың Бүкілодақтық ассоциациясының делегациясымен әңгімелеседі.

3 февраль. И. В. Сталиннің «Германия Коммунист Партиясының перспективалары туралы және большевиктендіру туралы» Герцогпен өткізген әңгімесі «Правда» газетінде жарияланды, № 27.

6 февраль. И. В. Сталин комсомол жұмысының мәселелері жөнінде Россиялық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитеті мен Москвалық Комитетінің басшы қызметкерлерімен әңгімелеседі.

7 февраль. И. В. Сталин «Пролеткульттің» келешектегі жұмысының мәселелері жөнінде «Про-

	леткульт» пленумының делегаттарымен әңгімелеседі.
9 февраль.	И. В. Сталин комсомол жұмысының мәселелері жөнінде Россиялық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитетінің басшы қызметкерлерімен әңгімеледі.
15 февраль.	И. В. Сталин Советтердің Царицын губерниялық VII съезіне құттықтау жібереді.
18 февраль.	И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті Президиумының мәжілісіне қатысады.
20 февраль.	И. В. Сталин кооперация және пәтер-үй құрылысы жұмысының мәселелері жөнінде Тула губерниясының партия, совет органдарының өкілдерімен әңгімеледі.
26 февраль.	И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті Президиумының мәжілісіне қатысады.
28 февраль.	И. В. Сталин Германия компартиясындағы жағдай туралы мәселе жөнінде Ме—рт жолдасқа хат жазады.
6 март.	И. В. Сталин Тәжік АССР-нің құрылуына байланысты Тәжікстан еңбекшілеріне құттықтау жібереді. Құттықтау «Правда Востока» газетінде жарияланды, № 58, 12 март, 1925 ж.
8 март.	И. В. Сталиннің «Халықаралық әйелдер күніне» деген мақаласы «Правда» газетінде жарияланды, № 56.

9 март. И. В. Сталин Бүкілодақтық партия конференциясын шақыру туралы және конференцияның күн тәртібі туралы «РК(б)П-ның барлық ұйымдарына» арналған хабарға қол қойды.

10 март. И. В. Сталин өзінің құрметті курсант болып сайланғанына байланысты Сталин атындағы Нижегород жаяу әскер мектебінің курсанттарына, командирлеріне, саяси қызметкерлеріне және оқытушыларына хат жазады. Хат «Нижегородская Коммуна» газетінде жарияланды, №45, 23 февраль, 1930 ж.

И. В. Сталин ауылшаруашылық кооперациясы уәкілдерінің Царицын губерниялық съезіне құттықтау жазып, еңбекші шаруаларды социалистік құрылысқа тарту ісінде табысқа жетулерін тілейтіндігін білдіреді.

13 март. И. В. Сталин Сун Ят-сеннің қайтыс болғандығы жөнінде Гоминданның Орталық Атқару Комитетіне РК(б)П Орталық Атқару Комитетінің үндеуін жазды. Үндеу «Правда» газетінде жарияланды, № 60, 14 март, 1925 ж.

14 және 16 март. И. В. Сталин село тілшілерінің Бүкілодақтық бірінші съезінің делегациясымен әңгімелеседі.

15 март. И. В. Сталин Қара-Қырғыз автономиялы облысының бірінші партия конференциясына құттықтау жібереді, бұл құттықтауда Қара-Қырғызстан коммунистерінің алдында тұрған міндеттерін белгілейді. Құттықтау

«Правда Востока» газетінде жарияланды, № 67, 26 март, 1925 жыл.

17 март. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген V пленумына келген Чехословакия компартиясының делегациясымен әңгімелеседі.

21 март — 6 апрель. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген V пленумының жұмысына қатысады.

21 март. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген V пленумының саяси және Чехословакиялық комиссияларының мүшесі болып сайланады.

22 март. И. В. Сталиннің «Халықаралық жағдай және компартиялардың міндеттері жөнінде» деген мақаласы «Правда» газетінде жарияланды, № 66.

25 март. И. В. Сталин Владимир Ильич атындағы завод пен «Динамо» заводының жұмысшыларынан келген делегациямен әңгімелеседі, бұлар И. В. Сталинді жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттарының Москвалық және аудандық Советтерін сайлау жөнінде өткізілетін жыйналыстарға шақыра келген еді.

И. В. Сталин Қызыл Балтық флотының миноносец «Сталин» экипажының делегациясымен әңгімелеседі.

И. В. Сталин Институттың жұмысы туралы В. И. Ленин Институтының басшы қызметкерлерімен әңгімелеседі.

27 март. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген V пленумына келген француз компартиясының делегациясымен әңгімелеседі.

И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумының чехословакиялық комиссиясының мәжілісінде «Чехословакия компартиясы туралы» сөз сөйлейді.

28 март. Солтүстік темір жолының тяга қызметі 1-ші участогінің жұмысшылары жыйналысында И. В. Сталин жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттарының Москвалық Советінің депутаты болып сайланады.

30 март. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген V пленумындағы чехословакиялық көмекші комиссияның мәжілісінде Чехословакия компартиясындағы жағдай туралы сөздер сөйледі.

И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумының югославиялық комиссиясының мәжілісінде «Югославиядағы ұлт мәселесі жөнінде» сөз сөйлейді.

И. В. Сталин Қырғызстандағы жағдай туралы Қырғыз республикасының делегаттарымен әңгімелеседі.

И. В. Сталин газеттің шаруалар бөлімі жұмысының мәселелері жөнінде «Беднота» газеті редакциясының өкілдерімен әңгімеледі.

1 апрель. И. В. Сталин Солтүстік темір жолының тяга қызметі 1-ші участогі жұмысшылары-

ның И. В. Сталинге Москва Советінің депутаттығы мандатын тапсырған делегациясымен әңгімелеседі.

3 апрель. И. В. Сталин Азербайжан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары С. М. Кировқа берген телеграммасында Азербайжан коммунистік партиясының бесжылдық мерекесіне байланысты оны құттықтайды. Телеграмма «Бакинский Рабочий» газетінде жарияланды, № 75, 5 апрель, 1925 ж.

6 апрель. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мәжілісінде «Деревнядағы комсомол активы туралы» сөз сөйлейді.

7 апрель. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады.

13 апрель. И. В. Сталин пролетарлық студенттердің Бүкілодақтық бірінші конференциясының делегациясымен әңгімелеседі.

15 апрель. И. В. Сталин «Пролетарлық студенттердің Бүкілодақтық бірінші конференциясына» үндеу жазады. Үндеу «Правда» газетінде жарияланды, № 87, 16 апрель, 1925 ж.

23—30 апрель. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.

27—29 апрель. И. В. Сталин РК(б)П XIV конференциясының жұмысын басқарады.

1 май. И. В. Сталин Москвадағы Қызыл алаңда болған әскерлердің бірінші май парады

мен еңбекшілердің демонстрациясына қатысады.

2 май. И. В. Сталин баспасөз күніне арнап «Правда Востока» (Ташкент) газетінің редакциясына құттықтау жібереді. Құттықтау «Правда Востока» газетінде жарияланды, шұғыл номері, 6 май, 1925 ж.

5 май. И. В. Сталин Октябрь темір жолы жұмысшыларының делегациясымен әңгімелеседі.

6 май. И. В. Сталин «Под Знаменем Ильича» («Ильич Туы астында») газетіне (Шығыс еңбекшілері Коммунистік университетінің органы) құттықтау жібереді, мұнда газеттің алдында тұрған міндеттерді белгілейді.

7—11, 16 май. И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық XII съезінің жұмыстарына қатысады.

9 май. И. В. Сталин РК(б)П Москва ұйымы активінің жыйналысында «РК(б)П XIV конференциясы жұмыстарының қортындылары жөнінде» баяндама жасайды.

11 май. Советтердің Бүкілроссиялық XII съезі И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі етіп сайлайды.

XII рет сайланған Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясы И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі етіп сайлайды.

13—20 май. И. В. Сталин ССР Одағы Советтері III съезінің жұмыстарына қатысады.

18 май.	И. В. Сталин Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университеті студенттерінің жыйналысында «Шығыс халықтары Университетінің саяси міндеттері туралы» сөз сөйлейді.
20 май.	ССР Одағы Советтерінің III съезі И. В. Сталинді ССРО Орталық Атқару Комитеті Одақ Советінің мүшесі етіп сайлайды.
21 май.	ССРО Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясы И. В. Сталинді ССРО Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі етіп сайлайды.
22 май.	И. В. Сталин ССРО Советтері III съезінің Түркмен, Өзбек республикаларынан келген делегаттарымен әңгімелеседі.
23 май.	И. В. Сталин Оңтүстік-Осетин және Солтүстік-Осетин автономиялы облыстарының партия, совет органдарының басшы қызметкерлерімен әңгімелеседі.
25 май.	И. В. Сталин ССРО Советтері III съезінің Түркмен ССР-ынан, Тәжік және Қазақ АССР-ынан келген делегаттарымен сол республикалардың жағдайы туралы әңгімелеседі.
29 май.	И. В. Сталин ССРО Орталық Атқару Комитеті Президиумының мәжілісіне қатысады.
1 июнь.	И. В. Сталин Өзбек ССР-ның, Дагестан және Тәжік АССР-ның басшы қызметкерлерімен әңгімелеседі.

2 июнь. И. В. Сталин, В. М. Молотов және А. А. Андреев «Комсомольская Правда» газеті редакциясының мүшелеріне хат жібереді.

3 июнь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті жанындағы уездік партия қызметкерлері курсының оқушыларымен әңгімелеседі.

5 июнь. И. В. Сталин ССРО Орталық Атқару Комитеті Президиумының мәжілісіне қатысады.

9 июнь. И. В. Сталин Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік Университетте Университет оқушыларының қойған сұрақтарына жауап беріп сөз сөйлейді.

13 июнь. И. В. Сталиннің «Я. М. Свердлов атындағы университетке (Негізгі және профессиялық курстердің екінші кезегінің бітіріп шығуы күніне)» арнаған құттықтауы «Правда» газетінде жарияланды, № 132.

27 июнь. И. В. Сталин қара топырақты өңірдің халық шаруашылығын қалпына келтіру шаралары туралы Тамбов, Орел, Воронеж және Курск губернияларының губерниялық атқару комитеттерінің председательдерімен әңгімелеседі.

30 июнь. И. В. Сталиннің «Тағы да ұлт мәселесі жөнінде (Семичтің мақаласы жайында)» деген мақаласы «Большевик» журналында жарияланды, № 11—12.

3 июль. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті Президиумының мәжілісінде поляк мәселесі жөніндегі комиссияның составына сайланады.

4 июль. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің польшалық комиссиясының мәжілісінде Польша компартиясының жағдайы туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

И. В. Сталиннің «Шығыстағы революциялық қозғалыс туралы» «Ници-Ници» газетінің жапон тілшісі Фусе мырзамен өткізген әңгімесі «Правда» газетінде жарияланды, № 150.

29 июль. И. В. Сталинді Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің Президиумы неміс мәселесі жөніндегі комиссияның құрамына сайлайды.

18 август. И. В. Сталин Горячеводская станицасының жүз жылға толған мерекесі күні станица казактарының оны станицаның құрметті казагі етіп сайлағаны жөнінде грамота тапсыруына жауап ретінде Горячеводская станицасының казактарына хат жазады. Хат «Терек» газетінде жарияланды, № 189, 22 август, 1925 ж.

12 сентябрь. И. В. Сталин Зиновьевтің «Замана философиясы» деген статьясының антибольшевиктік сыйпаты жөнінде В. М. Молотовқа хат жазады.

15 сентябрь. И. В. Сталин Ермаковский жолдастың хатына жауап жазады.

19 сентябрь. И. В. Сталиннің Уч-Дера санаторийінде дем алып жатқандарға жіберген құттықтауы «Советский Юг» газетінде жарияланды № 215.

24 сентябрь. РК(б)П Орталық Комитетінің Орта Азиялық бюросының Орта Азияда жер-су реформасын жүргізу мәселесі жөніндегі ұсыныстарын қарау үшін РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы И. В. Сталинді комиссия құрамына сайлайды.

28 сентябрь. И. В. Сталин республиканың ұлттық және мемлекеттік құрылысының мәселелері жөнінде Қазақ АССР-ның өкілдерімен әңгімелеседі.

3—10 октябрь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.

10 октябрь. И. В. Сталин герман компартиясындағы іетің жайы туралы Клара Цеткинге хат жазады.

12 октябрь. И. В. Сталин Тифлис және Нижегород партия комитеттерінің үгіт-насихат бөлімдерінің қызметкерлерімен — үгіт-насихат бөлімдері бастықтарының РК(б)П Орталық Комитеті жанында өткізілген кеңесіне қатнасушылармен әңгімеледеді.

14 октябрь. И. В. Сталин үгіт-насихат бөлімдері қызметкерлерінің РК(б)П Орталық Комитеті шақырған кеңесіне қатнасушылармен әңгімелеседі.

15 октябрь. РК(б)П XIV съезінің шақырылуы туралы И. В. Сталин қол қойған хабар «Правда» газетінде жарияланды, № 236.

19 октябрь. И. В. Сталин Оңтүстік және Солтүстік Осетинаны біріктіру мәселесі жөнінде Оңтүстік-Осетин және Солтүстік-Осетин авто-

номиялы облыстарының өкілдерімен әңгімелеседі.

И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мәжілісінде татар партия ұйымының жұмысы туралы сөз сөйлейді.

И. В. Сталин деревнядағы жұмыстың мәселелері жөнінде Курск губерниялық атқару комитетінің председателімен және Курск губерниялық партия комитетінің секретарымен әңгімелеседі.

И. В. Сталин завод жұмысының мәселелері жөнінде Тула қару-жарақ заводының меңгерушісімен әңгімелеседі.

23 октябрь. И. В. Сталин «Товарищ Сталин» атты, ағаш тасығыш бірінші совет кемесінің суда жүзе бастағанына арнап Балтық кеме жасау заводының жұмысшыларына құттықтау жолдады. Құттықтау «Известия» газетінде жарияланды, № 246, 27 октябрь, 1925 ж.

29 октябрь. «Комсомольская Правданың» 133-номерінде комсомолдың міндеттері туралы редакцияның қойған сұрақтарына И. В. Сталиннің берген жауаптары жарияланды.

И. В. Сталин Боткинская (Солдатёнковская) ауруханасында науқастанып жатқан М. В. Фрунзенің көңілін сұрап шығады.

31 октябрь. И. В. Сталин Боткина ауруханасына барып шығады, мұнда марқұм М. В. Фрунзенің денесі болған еді.

2 ноябрь.	И. В. Сталин М. В. Фрунзені еске түсіруге арналған Үлкен театрдағы қаралы мәжіліске қатысады.
3 ноябрь.	И. В. Сталин Қызыл алаңда М. В. Фрунзені жерлерде сөз сөйлейді.
7 ноябрь.	И. В. Сталиннің «Октябрь, Ленин және біздің дамуымыздың перспективалары» деген мақаласы «Правда» газетінде жарияланды, № 255.
9 ноябрь.	И. В. Сталин комсомол жұмысының мәселелері жөнінде Россиялық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының Орталық Комитеті мен Москвалық Комитетінің басшы қызметкерлерімен әңгімелеседі.
15 ноябрьден бұрын.	Октябрь темір жолының Сталинск мастерскойлары жұмысшыларының партия жиналысы И. В. Сталинді Москва қаласы Сокольничий ауданының V партия конференциясына делегат етіп сайлайды.
16 ноябрь.	И. В. Сталин металшылар мен тау-кен жұмысшылары кәсіпшілер одағының азербайжандық бөлімдерінің басшыларымен жұмысшылардың тұрмыс-күйі туралы әңгімелеседі.
18 ноябрь.	И. В. Сталин ССРО Орталық Атқару Комитеті Президиумының мәжілісіне қатысады.
	И. В. Сталин Москва қаласы Сокольничий ауданының V партия конференциясына құттықтау жолдайды. Құттықтау «Гудок» газетінде жарияланды. № 265, 20 ноябрь, 1925 ж.

29 ноябрь.	И. В. Сталин РК(б)П Ленинград ұйымының губерниялық XXII конференциясын дайындау жөнінде Ленинградқа Ярославский жолдасқа телеграмма жібереді.
1 декабрь.	И. В. Сталин РК(б)П Ленинград ұйымының губерниялық XXII конференциясында конференция президиумының құрметті мүшесі болып сайланады.
5 декабрь.	И. В. Сталин РК(б)П Москва ұйымының губерниялық XIV конференциясы президиумының құрметті мүшесі болып сайланады.
	И. В. Сталиннің «Беднота» газетінің редакциясына жазған хаты «Беднотада» жарияланды, № 2278.
8 декабрь.	И. В. Сталин РК(б)П Ленинград ұйымының губерниялық XXII конференциясы президиумына хат жазады. Хат «Красная Летопись» журналында жарияланды, № 1 (58), 1934 ж.
9 декабрь.	РК(б)П Ленинград ұйымының губерниялық XXII конференциясы И. В. Сталинді Ленинград губерниялық партия комитетінің құрамына сайлайды.
13 декабрь.	РК(б)П Москва ұйымының губерниялық XIV конференциясы И. В. Сталинді РК(б)П XIV съезіне делегат етіп сайлайды.
18 декабрь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті мүшелерінің партия бірлігін сақтау туралы мәселе жөнінде «жаңа оппозицияға» арнаған үндеуіне қол қойды.
	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады және

	РК(б)П-ны Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) Партиясы — БК(б)П — деп атау жөнінде сөз сөйлейді.
18—31 декабрь.	И. В. Сталин БК(б)П XIV съезінің жұмысын басқарады.
18 декабрь.	И. В. Сталин БК(б)П XIV съезінде Орталық Комитеттің саяси есебін жасайды.
23 декабрь.	И. В. Сталин БК(б)П XIV съезінде Орталық Комитеттің саяси есебі бойынша қортынды сөз сөйлейді.
	И. В. Сталин БК(б)П XIV съезінде Орталық Комитеттің берген есебі бойынша алынатын қарардың жобасы жөнінде мәлімдеме жасап сөз сөйлейді. Мәлімдеме «Правда» газетінде жарияланды, № 298, 31 декабрь, 1925 ж.
28 декабрь.	И. В. Сталин Орталық Комитеттің шұғыл пленумының жұмысын басқарады; «жаңа оппозиция» өздерінің фракциялық-антипартиялық мақсаттарына «Ленинградская Правда» газетін пайдалануына байланысты пленумда «Ленинградская Правда» газеті жөнінде сөз сөйлейді.
31 декабрь.	И. В. Сталин БК(б)П XIV съезінің мәжілісінде БК(б)П Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланады.

МАЗМҰНЫ

Тираж 38 тыс. экз.
Сдано в набор 5/II 1949 г.
Подписано к печати
6/IV — 12/VII 1949 г.
Объем 29,375 печ. л.
Заказ № 245.
Цена 6 руб.

*

Гостипография № 2
Управления по делам полиграфической промышленности,
издательств и книжной торговли
при Совете Министров Казахской ССР
АЛМА-АТА